Том 39

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

39 ТОМ

Июнь — декабрь 1919

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ · 1980

ББК 11.5
Л 40

0101020000 Л $\frac{10102-199}{401(07)-80}$ 2—80

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының отыз тоғызыншы томына 1919 жылғы 28 июньнен 15 декабрьге дейін жазылған шығармалар кіріп отыр. Мұның өзі Совет мемлекеті үшін ең ауыр кезеңдердің бірі еді, бұл кезеңде ішкі және сыртқы жауларға қарсы күрес өтемөте шиеленіскен сипат алған-ды.

1919 жылдың жазында Америка Құрама Штаттарының, Англияның, Францияның және басқа да Антанта державаларының билеуші топтары Советтік Россияға қарсы жаңа соғыс жорығын жасады. Енді империалистер негізінен Деникиннің армиясына үміт артты. Мұнымен бірге Колчактың талқандалып бітпеген әскерлері, Миллердің армиясы, буржуазиялық-помещиктік Польшаның және Юденичтің әскерлері аттануға тиіс болды. Империалистік үкіметтер Советтік Россияға қарсы күреске онымен шекаралас шағын буржуазиялық мемлекеттерді де тартуға әрекеттенді. Алайда бұл елдер, В. И. Ленин атап көрсеткендей, «біз жөнінде достық бейтараптықты жүзеге асырып, бүкіл дүние жүзіліккуатты Антантаға қарсы шықты, өйткені Антанта оларды таптап тастағысы келген жыртқыш еді» (осы том, 428-бет).

Америка Құрама Штаттарының, Англияның, Францияның көмегіне сүйенген Деникин қысқа мерзім ішінде қыруар армияны жасақтап, қаруландырды, сөйтіп бүкіл Оңтүстік майдан бойынша шабуыл бастады. Ақ гвардияшылар мен интервенттерді Дон және Кубань

казактарының ауқатты топтары, кулактар қолдады. Сонымен қатар Деникин кадеттерге, меньшевиктерге, эсерлерге, буржуазиялық ұлтшылдарға — Совет өкіметіне қарсы шыққандардың бәріне сүйенді. Деникиннің армиясы елдің ішіне тез ілгерілей берді. Октябрьдің бірінші жартысында ол Украина территориясының едәуір бөлегін басып алды, Курск және Орел қалаларын алды, сөйтіп Тулаға және Совет мемлекетінің астанасы — Москваға тікелей қауіп төндірді. Сонымен бірге Юденичтің армиясы Петроградқа қауіп туғыза бастады. Советтік Россия үшін аса қатерлі жағдай туды.

Жаудың тегеурінін совет халқының аса зор экономикалық қиыншылық жағдайда тойтаруына тура келді. Негізгі шикізат және азық-түлік базалары орталық Россиядан бөлініп қалған болатын, елді транспорт бүлiншілігі мен отын тапшылығы жайлады, азық-түлік жетіспеді, індет аурулары асқынып кетті.

Отыз тоғызыншы томға енгізілген шығармалар В. И. Лениннің еліміздің қорғанысын ұйымдастыру, партия мен Совет мемлекетіне басшылық ету жөніндегі жан-жақты қызметін бейнелейді. Бұлар жаңа тарихи жағдайларда марксизмді одан әрі дамыту болып табылады.

Томға РКП(б) Орталық Комитетінің «Бар күшті Деникинге қарсы күреске жұмсайық!» деген партия ұйымдарына арналып, Ленин жазған хаты еніп отыр, бұл хат империалистердің жаңа жорығын талқандау үшін күш-қаражатты жұмылдыру программасы болды. Орталық Комитет барлық еңбекшілерден соғыстың тікелей мұқтаждарына күш-көмекті барынша аямай жұмсауды талап етті, қорғаныс ісімен айналыспайтын мекемелердің штаттарын қысқартып, оларды уақытша жауып тастау, неғұрлым тәжірибелі, таңдаулы партия, совет қызметкерлерін Қызыл Армияға жіберу қажеттігін атап көрсетті. Партияның Орталық Комитеті бұқара арасында саяси-ағарту жұмысын жүргізу, Колчак пен Деникин жөніндегі шындықты түсіндіру қажеттігін баса көрсетті. Хатта жауды жеңіп шығудың аса маңызды шарттарының бірі ретінде берік тыл жасау, жұмысты револю-

циялық жолмен ұйымдастыру міндетіне үлкен мән берілді.

Лениннің баяндамалары мен сөйлеген сөздері, оның еңбекшілердің қалың бұқарасына арнаған үндеулері мен хаттары томда едәуір орын алады. Бұларда Ленин жұмысшылар мен шаруаларды табандылық, жанқиярлық, ерлік көрсетуге шақырды. Ол түбегейлі жеңіс совет халқының жағында сөзсіз болатынын асқан сеніммен дәлелдеді. «Революциялық соғыс,— деді ол,— езілген еңбекшілер бұқарасын шын мәнінде өзіне тартып, еліктіре білсе, өздерінің қанаушыларға қарсы күресіп жатқандығын олардың санасына жеткізе білсе, мұндай революциялық соғыс кереметтер жасарлық ынта-жігер мен қабілет туғыза алады» (348-бет). Совет құрылысы, деп көрсетті Ленин, барлық экономикалық және моральдық ресурстарды жұмылдыруда бұрын-соңды болып көрмеген мүмкіндіктер туғызды. Кімнің резервтері, күш-қуат қайнарлары, қалың халқының ұстамдылығы мықты болса, деді ол, соғыста сол жеңіп шығады.

Лениннің сөйлеген сөздері бұқараның зердесіне елдің алдында тұрған міндеттерді түсіну, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің саясатын түсіну сезімін ұялатты. «Біздің жеңістеріміздің себебі,— деп жазды Ленин,— біздің партиямыз бен Совет өкіметінің еңбекші бұқараға тікелей жүгініп, қандай болса да кезектегі қиыншылықты және кезектегі міндетті көрсетуі; белгілі бір кезеңде совет жұмысының бірде бір жағына, енді бірде екінші жағына неліктен барынша күш жұмсау керек екендігін бұқараға түсіндіре білушілік; кезектегі аса маңызды міндетке революциялық жолмен барлық күшті жинақтай отырып, бұқараның жігерін, ерлігін, ынтасын арттыра білушілік» (331-бет). «Колчакты жеңгендігіміз жөнінде жұмысшылар мен шаруаларға хатта» Ленин Совет республикасының қорғаныс қабілетін нығайту ісіндегі, Колчакқа қарсы жеңімпаздық күрес тәжірибесінен туып отырған негізгі міндеттерді тұжырымдайды. Қызыл Армияны нығайту, оны астықпен, қару-жарақпен, құрал-жабдықпен жабдықтауды ұйымдастыру, ең қатаң революциялық тәртіпті сақтау қажет, саяси партияларды олардың сөздеріне қарап

емес, олардың істеріне қарап бағалауды үйрену, жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағын нығайту қажет — колчакшылдық алапаттарының қайталануынан өздерін қауіпсіз ету үшін, деп көрсетті Ленин, жұмысшылар мен шаруалардың алар сабағы осылар.

Осынау қаһарлы күндерде еңбекшілер бұқарасы Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтаса түсті. Жұмысшылар мен шаруалардың партия қатарына жаппай кіруі олардың партияға деген сенімінің айқын көрінісі болды. Еңбекшілер бұқарасының партияға бой ұруын ескере отырып, РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы 1919 жылғы 26 сентябрьде партиялық апта өткізу туралы шешім қабылдады. Партия өз қатарына шақырғанда, мемлекеттік құрылыстың қиын жұмысына, жауға қарсы күреске, жанқиярлық еңбекке шақыратынын ашық айтты. Партиялық апта кезінде партия қатарына 200 мыңнан астам адам алынды. Партияда пролетариатқа жататындар тобы едәуір көбейді, партияның жауынгерлік қабілеті артты, оның қалың бұқарамен байланысы ұлғайып, нығайды. Ленин партиялық аптаның нәтижелерін Коммунистік партия мен Совет өкіметінің тамаша табысы деп сипаттады.

Деникинге қарсы күрес кезінде жаңа пролетарлық күштердің Қызыл Армияға ағылып келуінің үлкен маңызы болды. Коммунистік партия азамат соғысының майдандарына жұмысшылардың көптеген отрядтарын жіберді, бұлардың едәуір бөлегі коммунистер мен комсомолецтерден құрылған-ды. Мұның өзі Қызыл Армияны нығайтқан және оны жеңістерге жеткізген басты себептердің бірі болды. Ленин былай деп атап көрсетті: басым көпшілігі шаруалардан құралған Қызыл Армия бөлімдеріне келіп қосылған алдыңғы қатарлы жұмысшылар мықты партиялық және пролетарлық ұйтқы жасайды, кең көлемді саяси-тәрбие жұмысын өрістетуге көмектеседі.

Еңбекшілер бұқарасы майданда да, тылда да социалистік революция жеңістерін сақтап қалу жолындағы күресте батырлық пен жанқиярлықтың керемет үлгілерін көрсетіп отырды. Елде бұқараның еңбекке деген ынта-жігері ұлғая берді, мұның өзі коммунистік сенбі-

ліктерден айқын көрінді. Ленин еңбектегі ерліктің маңызы майдандағы ерліктен кем емес деп атап көрсетті.

Томға Лениннің «Ұлы бастама» деген аса көрнекті еңбегі еніп отыр, мұнда коммунистік сенбіліктердің маңызына жан-жақты талдау жасалған, социализм орната бастаған бұқараның тәжірибесі қорытылған. Сенбіліктердің орасан зор маңызын бағалай келіп, Ленин: бұлар адамдардың санасында түбегейлі төңкерістің, буржуазияны құлатудан гөрі неғұрлым қиын, неғұрлым мәнді, неғұрлым шешуші төңкерістің басталғанын паш етеді, «өйткені бұл — әркімнің өз басындағы бойкүйездікті, ауа жайылушылықты, ұсақ буржуазиялық өзімшілдікті, қарғыс атқан капитализм жұмысшы мен шаруаға мұра етіп қалдырған осы әдеттерді жеңу» (5-бет) деп атап көрсетті.

Ленин сенбіліктердің тарихи маңызы жұмысшылардың еңбекке коммунистік көзқарасында, олардың жаңа тәртіпке көшуінде деп білді. Ленин былай деп көрсетті: қоғамдық еңбекті ұйымдастырудың крепостниктік тәсілі таяқ тәртібіне сүйенді. Капиталистік тәсілі аштық тәртібіне сүйенеді. Коммунистік тәсілі помещиктердің де, капиталистердің де езгісін құлатқан еңбекшілердің өздерінің ерікті де саналы тәртібіне сүйенеді — ілгері басқан сайын соғұрлым көбірек сүйенетін болады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы еңбекке саналылықпен қарау үшін, еңбекшілердің еңбектегі белсенділігін өрістету үшін экономикалық және саяси алғы шарттар жасады. Коммунистік сенбіліктер капитализм бұғауларынан азат етілген бұқараның еңбектегі энтузиазмының көрінісі, ұлы творчестволық бастамасы болды. Ленин сенбіліктерді коммунизмнің іс жүзінде басталуы деп сипаттады. «Еңбек өнімділігін арттыру үшін,— деп жазды ол,— жұмыс істеушілердің бас пайдасына емес, олардың «жақындарының» пайдасына да емес, олардың «алыстарының» пайдасына түсетін, яғни тұтас алғанда бүкіл қоғамның... пайдасына түсетін *әрбір пұт астықты, көмірді, темірді* және басқа өнімдерді сақтау үшін *қатардағы жұмысшылардың* ауыр еңбекті жеңіп шығатын жанқиярлық қамқорлығы туған жерде коммунизм басталады» (23-бет).

Ленин сенбіліктердің айрықша маңызы бұларға жұмысшылардың қатысып, еңбек өнімділігін едәуір арттыруында деп білді. «Ұлы бастама» деген еңбегінде Ленин жаңа қоғамдық құрылыстың жеңіп шығуы үшін ең басты, ең негізгі шарт ретіндегі еңбек өнімділігін өсірудің аса зор өзгертушілік ролін корсетеді. Әрбір қоғамдық-экономикалық формация өзінен бұрынғы формацияға қарағанда неғұрлым жоғары дәрежедегі өндіргіш күштерді, еңбек өнімділігін жасайды. Ленин былай деп жазды: «Капитализм крепостниктік тәртіптің тұсында болып көрмеген еңбек өнімділігін туғызды. Социализм жаңа, анағұрлым жоғары еңбек өнімділігін туғызады; осының арқасында капитализм түпкілікті жеңілуі мүмкін, түпкілікті жеңіледі де» (23-бет).

Ленин ашаршылықпен, бүліншілікпен күресу үшін, майданға көмектесу үшін, жұмысшы табының шаруалармен байланысын күшейту үшін, партияның бірлігін нығайтып, қатарын тазарту үшін сенбіліктердің зор маңызы бар екенін атап көрсетті. Ол былай деп жазды: Коммунистік партияның беделін мейлінше көтеруге, партияда жоқ жұмысшылар мен коммунистердің оған деген қадір-құрметін мейлінше арттыруға сенбіліктердей көмектескен нәрсе жоқ, өйткені сенбіліктер жекедара құбылыс болудан қалды, өйткені Коммунистік партияның мүшелері партияда жоқтармен салыстырғанда неғұрлым жоғары міндеттер атқарып жүргенін, ал коммунистер партияға жаңа мүшелерді қабылдағанда бұлар билеуші партияның жағдайына байланысты пайда көрсін деп қабылдамайтынын партияда жоқ жұмысшылар іс жүзінде көріп-білді.

Ленин сенбіліктерді ұйымдастырып, кеңінен таратуға үлкен маңыз беріп отырды, ол ұлы бастаманың одан әрі дами беретінін, бұқараның еңбектегі белсенділігінің барған сайын жаңа формалары пайда болатынын болжап білді. Коммунизмнің алғашқы өркендеріне байыптылықпен қарауды талап ете отырып, бұл өркендерді аялап күту — барша жұрттың ең бірінші, ортақ міндеті, деп жазды ол.

Совет елінің басына түскен осынау қиын-қыстау кезеңде Ленин, әрқашандағысындай, теория мәселелері-

мен көп шұғылданады, тап күресі туралы, мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы туралы маркстік ілімді дамытады. Ленин былай деп көрсетеді: жұмысшы табы саяси өкіметті жеңіп алып, пролетариат диктатурасын орнатқаннан кейін де тап күресі тоқтамайды, қайта басқа формалар алады. Тап күресі міндеттерінің, формалары мен сипатының өзгеруі ең алдымен мынаған байланысты: социалистік революция жеңіп шыққаннан кейін пролетариат үстем тапқа айналады. Капитализм тұсында жұмысшы табы өзінің экономикалық және саяси азаттығы үшін, социалистік революция жеңгеннен кейін жеңіп алынған өкімет билігін сақтап қалу, буржуазияның қарсылығын күйрету, социализмнің жеңіп шығуын қамтамасыз ету үшін күрес жүргізеді. Бұл — тап күресінің айрықша міндеттері, пролетариат бұрын алға қойып көрмеген және алға қоя да алмаған міндеттер.

«Пролетариат диктатурасы туралы» деген еңбегінде Ленин пролетариаттың таптық күресінің мынадай бес жаңа негізгі формасын атап көрсетеді: қанаушылардың қарсылығын басып-жаныштау; азамат соғысы; ұсақ буржуазияны, әсіресе шаруаларды «бейтарап қалдыру», пролетариаттың жетекшілік ролін қамтамасыз ете отырып, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын орнату; буржуазияны «пайдалану», буржуазиялық мамандарды жаңа қоғам орнатуға тарту; жаңа тәртіпті қалыптастыру.

Пролетариат диктатурасы орнатылғаннан кейін жұмысшы табына құлатылған таптардың қарсылығын күйретуге тура келеді. Буржуазия заговорлар, саботаж жасау, ұсақ буржуазияға ықпал жүргізу арқылы, азамат соғысын тұтандыру арқылы капитализмді қайта орнатуға ұмтылады. Қанаушылардың қарсыласу амалдары мен формалары барлық жерде және әрқашан бірдей бола бермейді. Бұлар таптық күштердің ел ішіндегі және халықаралық майдандағы арақатынасына байланысты. Социализмге тұңғыш рет жол салған Россияда, халықаралық көлемде буржуазия пролетариаттан күштірек болып тұрған жағдайда, қанаушылардың қарсылығы өте-мөте қатты болды. «Россия,— деп жазды

Ленин,— тарих социалистік революцияны бастаушының ролін берген бірінші ел, нақ сондықтан да біздің үлесімізге көптеген күрес пен қасірет тиіп отыр» (149-бет). Буржуазиялық елдердің империалистері Россияда орыс буржуазиясына ғана соққы беріліп қоймай, сонымен қатар бүкіл дүние жүзілік капитализмге де соққы жасалып отырғанын түсінді. Сондықтан олар қантөгіс азамат соғысы арқылы Совет өкіметін құлатуға әрекеттенген орыс буржуазиясын қолдауға барлық күшін жұмсады. Буржуазияның қарулы қарсылығына жауап ретінде пролетариат тиісті қарсы шаралар қолдануға мәжбүр болды.

Ленин былай деп көрсетті: 1917 жылғы 7 ноябрьден кейін Совет үкіметі тіпті буржуазиялық газеттерді де жапқан жоқ, Керенскийдің министрлерін ғана босатып қоймай, Советтік Россияға қарсы соғысқан Красновты да босатып жіберді, тек «капиталистер өз қарсылығын үдете бастағаннан кейінгі жерде ғана біз бұл қарсылықты ұдайы басып-жаныштап отыруға кірістік, террор қолдануға дейін бардық» (124-бет). Россияда тап күресінің шиеленісуі жұмысшы табының күштеуге ұмтылуына емес, қайта буржуазияның өршелене қарсылық көрсетуіне байланысты болды.

Жұмысшы табының жаулары, капитализмнің қорғаушылары мен маркстік ілімді ревизиялаушы әр түрлі ревизионистер пролетариат диктатурасының мәнін бұрмалап, оны тек күштеуге әкеліп саяды. Ленин пролетарлық диктатураның мәні бір ғана күштеуде емес, әсте де онда емес деп талай рет көрсеткен болатын. Жұмысшы табының диктатурасындағы басты нәрсе — оның жасампаздық міндеттері мен қызметтері, «пролетариат капитализммен салыстырғанда еңбекті қоғамдық жолмен ұйымдастырудың анағұрлым жоғары типін жасап, оны жүзеге асырады. Істің мәні осында. Күшіміздің қайнар бұлағы және коммунизмнің сөзсіз толық жеңуінің кепілі осында» (14-бет). Жеңіп шығу үшін пролетариат мынадай екі міндетті шешуге тиіс, деп атап көрсетті Ленин, біріншіден, өзінің ерлігімен барлық еңбекшілер мен езілгендер бұқарасын буржуазияны құлатуға және оның тарапынан жасалатын қандай да болсын қарсылықты

басып-жаныштауға құлшындыруға тиіс; екіншіден, еңбекшілерді жаңа шаруашылық құру, социалистік экономика мен жаңа қоғамдық қатынастар жасау жолымен алға бастауға тиіс. «Бұл екінші міндет,— деп атап көрсетті Ленин,— бірінші міндеттен қиынырақ, өйткені ол әсте жеке серпін ерлігімен шешілмекші емес, қайта ол бұқаралық және *күнделікті* жұмыста ең ұзақ, ең қажырлы, ең қиын ерлік жасалуын талап етеді. Бірақ бірінші міндетке қарағанда бұл неғұрлым елеулі де міндет, өйткені сайып келгенде қоғамдық өндірістің жаңа, анағұрлым жоғары әдісі ғана, капиталистік және ұсақ буржуазиялық өндірісті ірі социалистік өндіріспен ауыстыру ғана буржуазияны жеңіп шығудың ең терең қайнар бұлағы және бұл жеңістің беріктігі мен баяндылығының бірден-бір кепілі болмақ» (18—19-беттер).

Бұл кезеңде Ленин революциялық жолмен капитализмнен социализмге өту мәселелеріне, оның негізгі заңдылықтарын талдауға зор көңіл бөледі. Томға Совет өкіметінің екі жылдық мерекесіне орай жазылған «Пролетариат диктатурасы заманындағы экономика мен саясат» деген еңбек еніп отыр. Мұның негізгі қағидаларының социализм орнату теориясы мен практикасы үшін аса зор маңызы бар. Мұнда Ленин дүние жүзіндегі тұңғыш Совет мемлекетінің тәжірибесін қорытады, пролетариат диктатурасы жеңісінің тарихи маңызын көрсетеді, жұмысшы табының социализм орнату ісіндегі саясатын белгілеп, нақтылай түседі.

Өтпелі кезеңдегі қоғамның экономикасы мен таптық құрылымын талдай келіп, Ленин өтпелі кезеңдегі қоғамдық шаруашылықтың негізгі формалары социализм, ұсақ товарлы өндіріс пен капитализм болады деп көрсетеді. Негізгі экономикалық укладтарға белгілі таптық күштер: пролетариат, ұсақ буржуазия және буржуазия сәйкес келеді. Ленин осы негізгі үш уклад пен таптың болуы капиталистік өндірісі азды-көпті дамыған барлық елдердегі өтпелі кезең үшін сөзсіз шарт деп есептеді. Ленин былай деп атап көрсетті: социализмге өтуші әрбір ел социалистік өзгеріс міндеттерін шешуге өзгешелік енгізеді, бірақ бұл ерекшеліктер ең бастысын қамтымауы да мүмкін. Біздің еліміздің көп артта қалған-

дығы және ұсақ буржуазиялылығы себепті, деп жазды ол, Россияда пролетариат диктатурасының үздік дамыған елдермен салыстырғанда сөзсіз кейбір ерекшеліктері болуға тиіс. Бірақ мұнда негізгі күштер және қоғамдық шаруашылықтың негізгі формалары кез келген капиталистік елдегідей еді. Советтік Россияның өтпелі экономикасын талдау негізінде Ленин жасаған бұл қорытындыларды социалистік достық одақ елдерінің тарихи тәжірибесі толық растады. Совет елінің өтпелі экономикасында капитализмнің де, социализмнің де элементтері болды. Экономикалық өмірдің барлық саласында жаңа туған, бірақ бастапқы кезде әлсіз болған социализм мен жеңілген, бірақ әлі де жойылып бітпеген капитализмнің арасында күрес өріс алды. Пролетариат диктатурасының негізгі міндеті көп укладты экономиканы социалистік экономика етіп қайта құруда еді.

Ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру үшін жүргізілген күрес осы міндеттің шешілуіне байланысты болды. Ұсақ товарлы өндіріс түрінде қалып қойған ауыл шаруашылығы күн сайын, сағат сайын капитализмді туғызып отыратын база еді. Ұсақ меншікшілер табы ретінде шаруалар пролетариат пен буржуазияның аралығында болып, екеуінің ортасында ауытқып жүрді. Еңбекші шаруаларды буржуазиядан толық және біржолата айырып алып, социалистік құрылыс жағына тарту қажет еді. Жұмысшы табы, деп жазды Ленин, еңбекші шаруаны меншікші шаруадан, қызметкер шаруаны саудагер шаруадан, еңбеккер шаруаны жалдап шаруадан бөліп, шек қоя білуге тиіс. Пролетариаттың міндеті — шаруаларға басшылық ету, оларға ықпал жүргізу үшін күресу. Ауытқып жүргендерді, тұрлаусыздарды соңынан ертуі керек — жұмысшы табы міне осылай етуге тиіс. Бұл да «күрес, бірақ айрықша түрдегі күрес, белгілі, рас, мүлде өзгеше қарсылықты жою, онда да мүлде өзгеше түрде жою» (490—491-беттер),— деп көрсетті Ленин. Мұндағы басты амалдар тәрбиелеу, иландыру, өнеге арқылы үйрету еді.

Ленин жұмысшы табы шаруаларды социализм орнату жолымен, ірі коллективтік шаруашылық құру жолымен соңына ертуге тиіс деп баса көрсетті. Бұл ретте Ленин

ірі шаруашылықтың ұсақ шаруашылықтан артықшылығын іс жүзінде көрсеткенде ғана жұмыс нәтижелі болмақ деп атап айтты. Ол сол кезде болған коммуналар мен артельдердің әрқайсысы «шаруалар арасында коммунистік идеялар мен түсініктерді таратушы нағыз көшет болатын..., оларға өзінің, әлі әлсіз, кішкене өркен болса да, дегенмен жасанды, парникте өсірілген өркен емес, жаңа социалистік құрылыстың нағыз өркені екенін көрсетуші практикалық үлгі болатын» ету керек деп талап етті (410-бет).

Томға енген бірқатар еңбегінде Ленин мемлекет туралы маркстік ілім мәселелерін талдап жасап, оның таптық мәнін көрсетеді, советтік демократия мен буржуазиялық демократияның арасындағы қарама-қарсылықты ашады. «Мемлекет туралы» лекциясында Ленин қанаушы таптардың идеологтары, буржуазиялық философияның, социологияның, юриспруденцияның өкілдері мемлекет туралы мәселедей қатты шатастырған басқа мәселе табыла қоймас деп атап айтады. Мұның бұлай болатын себебі, бұл мәселе тікелей қанаушы таптардың түбегейлі мүдделеріне барып тиеді. Өз үстемдігін мәңгілік етуге тырысушы буржуазия мемлекеттің таптық жаратылысын бүркемелеп, оны қоғамнан жоғары тұрған, таптан тысқары нәрсе деп суреттейді. Ленин капиталистік мемлекеттің тарихи өткінші сипатын, оның пролетарлық мемлекетпен сөзсіз ауыстырылатынын атап көрсетті. Құл иеленушілік, феодалдық, буржуазиялық мемлекетті салыстыра келіп, Ленин мемлекеттің бір типінен екінші типіне өтудің заңдылықтарын айтады, бұл өтудің себебі қоғамның өндіріс әдісінің, таптық құрылымының өзгеруінде деп білу керек екенін баса көрсетеді.

Ленин капиталистік мемлекеттің мәнін ашады, мұның өзі буржуазияның диктатурасы екенін көрсетеді. Ол буржуазиялық демократияны әшкерелейтін сипаттама береді, капитализм феодализммен салыстырғанда қанау формасын ғана өзгертті, осыған өте-мөте қолайлы бүркеніш жасады, бірақ оның мәнін өзгерткен жоқ және өзгерте де алмады деп атап айтады. Буржуазияның идеологтары мен оңшыл социалистер буржуазиялық де-

мократияны «таптан тысқары», «таза» демократия деп суреттеп келді және суреттеп те отыр. Ленин буржуазиялық бостандықтардың формальды сипатын көрсетіп берді. Жалпыға бірдей сайлау правосы, парламент, деді ол, істің мәнін әсте өзгертпейтін форма ғана. Ал істің мәні өкімет билігінің капиталистердің қолында қала беретіндігінде. Осыған байланысты Ленин былай деп жазды: «капитал өктемдігі, ат төбеліндей аз ғана миллиардерлер өктемдігі ешбір жерде... Америкадағыдай соншалықты өрескел, соншалықты ашық сатып алушылық жолымен жүргізіліп көрген емес» (88-бет).

Ленин қоғамда жеке меншік, адамды адамның қанауы болып отырғанда ешқандай теңдік жөнінде әңгіме болуы мүмкін де емес деп атап көрсетті. Пролетариаттың тұрғысынан, деп жазды ол, мәселе тек қана былайша қойылмақ: «қандай таптың езгісінен бостандық алу керек? қандай тап қандай таппен тең болуы керек? демократия жеке меншік негізінде болу керек пе, әлде жеке меншікті жою жолындағы күрес негізінде болу керек пе?» (305—306-беттер). Пролетариат диктатурасынсыз-ақ, «жалпы демократия» арқылы социализмге өтуді уағыздаған II Интернационал лидерлерін Ленин қатты сынады. Ленин пролетариат диктатурасының нақты міндеттерін бостандық, теңдік, демократия жөніндегі жалпылама сөздер арқылы шешу буржуазияның теориялық позициясына өткендік болады деп көрсетті.

Демократияны жаппай социалистік демократия дәрежесіне жеткізе ұлғайтуды тек пролетариат диктатурасы негізінде ғана жүзеге асыруға болады, өйткені ол тап күресін таптарды жойғанға дейін жүргізе береді. Өзінің дүниеге келген кезінен бастап, өз өмірінің алғашқы күндерінен бастап пролетариат диктатурасы жаппай социалистік демократияның белгілерін, бүкіл халықтың мемлекетіне айналу мүмкіндігін өз бойында ұстайды. Совет елінде бұл мүмкіндік өмір шындығына айналды, партияның XXII съезі қабылдаған КПСС Программасында көрсетілгендей, пролетариат диктатурасы социализмнің толық және біржола жеңіп шығуын, қоғамның кең өрістеген коммунизм құрылысына өтуін қамтамасыз еткеннен кейін «өзінің тарихи міндетін орындап шықты, сөй-

тіп ол ішкі даму міндеттерінің тұрғысынан қарағанда СССР-де қажет болудан қалды. Пролетариат диктатурасының мемлекеті ретінде пайда болған мемлекет осы заманғы, жаңа кезеңде жалпы халықтық мемлекетке, бүкіл халықтың мүдделері мен еркін білдіретін органға айналды». Программада бұл мемлекеттің сипаты мен міндеттері туралы, оның коммунизм тұсындағы тағдыры туралы аса маңызды қағидалар тұжырымдалған. Жалпы халықтық мемлекет социалистік мемлекеттіктің коммунистік қоғамның өзін өзі басқаруына ұласуы жолындағы жаңа кезең, аса маңызды дәуір болып табылады.

Бұқараны социалистік құрылысқа, мемлекет пен халық шаруашылығын басқаруға қатыстыруға Лениннің қаншалық зор маңыз бергенін 39-томға енген еңбектер айқын көрсетеді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы халықтың қалың бұқарасы қызметінің жаңа мазмұнын анықтап берді. Революция жеңгеннен кейін еліміздің еңбекшілері саналы түрде коммунистік қоғам орнатушы күшке айналды. Еңбекшілердің жаңа өмір орнатуға кеңінен белсене қатысуы қоғамдық даму қарқынын тездетуге, коммунизмге қарай жедел алға басуға бұрын болып көрмеген мүмкіндіктер туғызады. Егер капитализм халықтың инициативасын, бұқараның әрбір батыл бастамасын тұншықтырып келген болса, еңбекшілерді буржуазияның еркін үнсіз орындаушыларға айналдыруды көздеп келген болса, Октябрь социалистік революциясы адамның жеке басын бұғаудан азат етіп, еңбекшілердің қабілеттері мен таланттарын өсіру үшін шексіз мүмкіндіктер туғызды, халықтың сарқылмас творчестволық күштеріне кең жол ашып берді. Ленин халық бұқарасының ұлы жасампаздық мүмкіндіктеріне, олардың революциялық күш-жігеріне кәміл сенді. Еңбекшілер арасында, деп жазды ол, ұйымдастырушылық және әкімшілік таланттар толып жатыр; бұларға капитализм жол бермей келді, бұлардың көтерілуіне және социализм орнату жұмысын қолға алуына барынша көмектесіп отыру керек. Коммунистік партия, деп көрсетті Ленин, бүркеулі жатқан осынау жаңа таланттарды табуға тиіс, помещиктер мен капиталистер ғасырлар бойы басып-жан-

шып, қорқытып келген қатардағы жұмысшылар мен шаруаларды мемлекеттік жұмысқа тартуға тиіс.

«Жұмысшы табынан, еңбекші шаруалардан,— деп жазды В. И. Ленин,— жаңа күштерді молырақ алып отыру үшін біздің нақ осы қиын жұмысты жүргізуіміз керек, міндетті түрде жүргізуіміз керек... Социализм орнату жұмысына барған сайын көп көлемде қатардағы жұмысшылар мен еңбеккер-шаруалар басшылық ете алады және басшылық етуге тиіс» (246-бет). Советтердің Бүкіл россиялық VII съезінде сайланатын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамы туралы айта келіп, Ленин оған жұмысшылар мен еңбекші шаруаларды көп енгізуді ұсынды. Ленин мемлекеттік аппаратты жақсартып, оңайлату, оны бұқараның мұқтаждығына жақындата түсу қажет деп көрсетті. Ол еңбекшілердің творчествосын бөгейтін, былық пен қағазбастылықты туғызатын әр алуан бюрократтық бұрмалаушылықты жоюды талап етті. «Қағазбастылықтың,— деп жазды ол,— титтей де болса көрінісі аяусыз жазаланып отыруға тиіс» (335-бет). 39-томға Халық Комиссарлары Советінің секретариатына азық-түлік посылкалары туралы нұсқауды бекітудің кешеуілдеп жатқаны жөнінде 1919 жылғы 19 июльдегі жарлық кіріп отыр, бұл — жарлықтың Шығармаларға тұңғыш рет енгізілуі. Бұл жарлықта Ленин, біріншіден, жауапкершілікті белгілеу үшін, екіншіден, мұндай қылық қайталанбайтындай етіп шаралар қолдану үшін қағазбастылық жөніндегі айыптыларды тауып, мұның себептерін анықтау қажет деп көрсетті.

Басшылықтың негізгі принципі — коллективтілікті жақтай отырып, Ленин сонымен бірге жауапсыздық туғызатын бұл жөніндегі бұрмалаушылыққа қарсы шықты. Коллегиялы мекемелерді қысыр сөздің ордасына айналдырудың қандайы болса да, деп жазды ол, аса зор қырсық, сондықтан бұл қырсықты қайткен күнде де, неғұрлым тезірек құрту керек. Коллективтілікпен қатар ол қатаң әрі дәл белгіленген жұмыс үшін әрбір адамның жауапкершілігін анықтауды талап етіп отырды.

Томға енген бір топ шығармалар Коммунистік партия мен Совет үкіметінің ұлт саясаты мәселелеріне

арналған. «Түркістандағы коммунист жолдастарға», «Украинадағы Совет өкіметі туралы РКП(б) Орталық Комитетінің қарары» деген және басқа еңбектер ұлыдержавалық шовинизм мен буржуазиялық ұлтшылдыққа қарсы күресте зор роль атқарып, ұлт республикалары мен облыстарында Совет өкіметін нығайтуда практикалық көмек көрсетті. Ленин былай деп жазды: «Советтік жұмысшы-шаруа республикасының осы күнге дейін езіліп келген әлсіз халықтарға көзқарасының бүкіл Азия үшін және дүние жүзінің барлық отарлары үшін, мыңдаған және миллиондаған адамдар үшін практикалық маңызы болады» (329-бет). Бүкіл россиялық VIII партия конференциясында қабылданған «Украинадағы Совет өкіметі туралы РКП(б) Орталық Комитетінің қарарында» УССР дербестігінің танылатындығы қуатталды, УССР-дің РСФСР-мен жасайтын одағының формаларын анықтау мәселесін украин жұмысшылары мен еңбекші шаруаларының өздері шешуге тиіс деп көрсетілді. Жер саясатын жүргізгенде кедей және орта шаруалардың мүдделеріне айрықша көңіл бөлу ұсынылды. РКП(б) Орталық Комитеті деревняның кедей және орташа бұқарасын мемлекеттік құрылысқа кеңінен тартуды, украин тілі мен мәдениетін еркін дамытуда кездесетін барлық кедергіні жойып отыруды талап етті.

Ленин Шығыс халықтарының оянуына зор маңыз берді. Сол кезде әлі де құдіреті күшті болып тұрған империализмнің отарлық системасы ұлт-азаттық қозғалысының соққысымен қаусайтынын күн ілгері білген Ленин тарихи перспектива тұрғысынан қарағанда Шығыс халықтарының азат етілуі практикалық жағынан әбден жүзеге асатын іс деп жазды. Шығыстағы халық бұқарасының тарихи процеске дербес қатысушылар ретінде, жаңа өмірді жасаушылар ретінде бас көтеретіндігіне ол кәміл сенім білдірді.

Лениннің осы томға енгізіліп отырған және Шығыс халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы мәселелеріне арналған шығармаларында отаршылдық қаһарлы күшпен толық әшкереленген және оның сөзсіз құритындығына кәміл сенім білдірілген. «Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Бүкіл россиялық II съезінде

жасалған баяндаманың» зор маңызы бар, мұнда Ленин Октябрь революциясы отар және тәуелді елдерге аса зор революцияландырғыш ықпал жасайтындығын баса көрсетті. Ол Шығыс коммунистерін жалпы коммунистік теория мен практикаға сүйенуге шақырды және «европалық елдерде жоқ өзіндік ерекше жағдайларға бейімделе отырып, осы теория мен практиканы негізгі бұқара шаруалар болып табылатын, капиталға қарсы емес, қайта орта ғасырлық қалдықтарға қарсы күресу міндетін шешу қажет болатын жағдайларға сәйкес қолдана білулеріңіз керек» (357-бет) деп көрсетті. Бұл күресте, деді Ленин, барлық елдердің жұмысшылары Шығыстағы барлық еңбекші және езілген халықтардың сенімді одақтасы болмақ. Ленин ұлт-азаттық қозғалысы мәселелерін шешудің кілтін Советтік Россия бастаған ортақ күрестен іздеуге шақырды.

Бірқатар шығармалар — «Американ жұмысшыларына», «Американ газеті «The Chicago Daily News» тілшісінің сұрақтарына жауап» және басқалары халықаралық жағдайды талдауға және Совет мемлекетінің сыртқы саясатының негіздерін белгілеуге арналған. Ленин былай деп атап көрсетті: советтік сыртқы саясаттың негізгі принциптері бүкіл тарихи дәуірдің өн бойында, «социалистік және капиталистік мемлекеттер қатар өмір сүретін дәуір ішінде» (216-бет) қоғамдық құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі, басқа халықтардың ұлттық және мемлекеттік суверенитетін қадірлеу, халықтардың бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресін қолдау болмақ. Ленин бейбітшілік саясатын қажымай-талмай жақтады, Совет елінің бейбітшіл саясаты оның мемлекеттік және қоғамдық құрылысы негіздерінен келіп шығады деп көрсетті. Ленин Совет үкіметі шетел мемлекеттерінің ішкі істеріне қол сұқпауға кепілдік беруге әзір, Совет мемлекеті басқа елдермен достасып, ынтымақтасуға ұмтылады деп атап көрсетті.

Совет үкіметі капиталистік елдердің үкіметтеріне талай рет сөз салып, соғысты тоқтату мақсатымен келіс сөз бастауды ұсынған болатын. Томға «Халықаралық саясат туралы мәселе жөніндегі қарардың жобасы» еніп

отыр, мұнда Совет үкіметі өзінің бейбітшілікке ұмтылатынын қайтадан растап, Англияға, Францияға, Америка Құрама Штаттарына, Италияға, Жапонияға бітім туралы келіс сөз бастау жөнінде тағы да ұсыныс жасады. «Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасы,— делінген жобада,— советтік құрылыс негізінде өндірісті, транспортты және қоғамдық басқару ісін жолға қою үшін, барлық халықтармен тату тұрып, өзінің барлық күшін ішкі құрылысқа жұмсауды тілейді» (394-бет). Ленин екі системаның бейбіт қатар өмір сүру, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық принципін жақтап отырды. «Біз,— деп жазды ол,— Америкамен,— барлық елдермен, бірақ *әсіресе* Америкамен экономикалық келісушілікті батыл жақтаймыз» (229-бет).

39-томға халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалыстың мәселелерін баяндайтын мынадай еңбектер де еніп отыр: «III Интернационалдың міндеттері туралы (Рамсей Макдональд III Интернационал туралы)», «Буржуазия ренегаттарды қалай пайдаланады», «Сильвия Панкхерстке хат», «Итальян, француз және неміс коммунистеріне сәлем», «Германия Коммунистік партиясының Орталық комитетіне жіктеліс жөнінде хат», «Біртұтас «Германия Коммунистік партиясында» болған және қазір жаңа партия құрған коммунист жолдастарға», «Серрати жолдасқа және жалпы итальян коммунистеріне» және басқалар. Бұл еңбектерінде Ленин II Интернационалдың лидерлерін әшкереледі, оларды социализм ісіне опасыздық жасаушылар деп масқаралады, олармен күреспейінше, олардан ажыраспайынша ешқандай шынайы социализм туралы әңгіме болуы мүмкін де емес деп атап көрсетті. Сонымен бірге Ленин жеке елдердегі коммунистік қозғалыста пайда болған догматтық, сектанттық тенденцияларды сынады. «Социализм сатқындарына — шейдеманшылдар мен каутскийшілдерге қарсы күрес,— деп жазды ол,— аяусыз күрес болуға тиіс, бірақ ол буржуазиялық парламенттерге, реакциялық кәсіптік одақтарға, т. с. қатысуды жақтау немесе қатысуға қарсы болу бағытында жүргізілмеуге тиіс. Мұның өзі сөзсіз қате болар еді, ал марксизм идеяларынан және оның практикалық бағы-

тынан (бір орталыққа бағындырылған, берік саяси партия) синдикализмнің идеялары мен практикасына қарай шегіну одан да үлкен қате болар еді. Мынаған ұмтылу керек: партия буржуазиялық парламенттерге де, реакциялық кәсіптік одақтарға да, шейдемандарша күзеліп, шұнтитылған «заводтық Советтерге» де қатысатын болсын, жұмысшылары бар... жердің бәріне қатысатын болсын» (242-бет). Лениннің бұл қағидалары оның «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде одан әрі дамытылып, негізделді.

* *
*

Томда В. И. Ленин Шығармаларына бірінші рет енгізілген 30 документ басылып отыр. Бұлардың ішінде 29 документ бұрынырақ Лениннің жинақтарында, сондай-ақ советтік және партиялық мерзімді баспасөзде жарияланған болатын. «ВЦСПС жанындағы РКП(б) фракциясының бюросы туралы Ереженің жобасына ескертпелер» (қолжазба бойынша басылып отыр) бірінші рет жарияланып отыр.

Шығармаларға бірінші рет енгізілген документтердің едәуір бөлегі — партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі шешімдерінің, директиваларының жобалары. Бұларға жататындар: «Мамонтовқа қарсы күресу шаралары туралы Орталық Комитеттің Саяси бюросы шешімдерінің жобалары», «Центротекстильде коллегиялық орнына дара басқаруды енгізу туралы» Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасы, «Кооперация туралы мәселе жөніндегі тілектер», «РКП(б) Орталық Комитеті пленумы қаулысының жобасы», «Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамы туралы РКП(б) Орталық Комитеті пленумы қаулысының жобасы жөнінде», «Темір жол транспортын басқаруды жақсарту туралы» Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасы, «Азық-түлік органдары аппаратының жұмысы туралы» қарардың жобасы.

Жаңа документтердің ішінде «Халық Комиссарлары Советінің секретариатына жарлық», «Ауғанның төтенше елшісі Мухаммед Вали-ханмен әңгіме», «Иваново-

Вознесенскінің майданға бара жатқан коммунист жұмысшылары алдында сөйленген сөз», «Мектептен тыс білім беру жөніндегі курстардың майданға бара жатқан тыңдаушыларының алдында сөйленген сөз» және басқалары аса назар аударарлық документтер.

«Дайындық материалдар» бөлімінде мақалалардың, сөйленген сөздердің, жеке пікірлердің жоспарлары, «Пролетариат диктатурасы туралы кітапшаның алғашқы нобайлары мен жоспары», «Нұсқауды өзгерту туралы Егіншілік халық комиссариатына директивалар», «Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Бүкілроссиялық II съезі делегаттарының кеңесіндегі жазбалар», «ВЦСПС жанындағы РКП(б) фракциясының бюросы туралы Ереженің жобасына ескертпелер» басылып отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

В. И. ЛЕНИН

1919

ҰЛЫ БАСТАМА

(ТЫЛДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ. «КОММУНИСТІК СЕНБІЛІКТЕР» ЖӨНІНДЕ)

1919 ж. июльде Москвада Мемлекеттік баспа жеке кітапша етіп басып шығарған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

1

Великій почин.

(О героизме рабочих в тылу.)
(По поводу „коммунистических субботников").

Печать сообщает много примеров героизма красноармейцев. Рабочіе и крестьяне в борьбе с колчаковцами, деникинцами и другими войсками помещиков и капиталистов, проявляют нередко чудеса храбрости и выносливости, отстаивая завоеванія социалистической революціи. Медленно и трудно идет изживаніе партизанщины, преодоленіе усталости и распущенности, но оно идет вперед несмотря ни на что. Героизм трудящихся масс, сознательно приносящих жертвы для победы социализма, вот что является основой новой товарищеской дисциплины в Красной Арміи, ее возрожденія, укрепленія, роста.

Не меньшего вниманія заслуживает героизм рабочих в тылу. Прямо-таки гигантское значеніе в этом отношеніи имеет устройство рабочими, по их собственному почину, коммунистических субботников. Видимо, это только еще начало, но это начало необыкновенно большой важности. Это — начало переворота, более трудного, более существенного, более коренного, более решающего, чем сверженіе буржуазіи, ибо

В. И. Лениннің «Ұлы бастама» деген қолжазбасының бірінші беті.— 28 июнь, 1919 ж.
Кішірейтілген

Баспасөз қызыл әскерлер ерлігінің көптеген үлгілерін хабарлап отыр. Жұмысшылар мен шаруалар социалистік революцияның жеңістерін қорғап, колчакшылдарға, деникиншілдерге және капиталистер мен помещиктердің басқа да әскерлеріне қарсы күресте екінің бірінде таңғажайып батырлық пен төзімділік көрсетуде. Партизаншылдықты құрту, шарпіан-шалдығушылық пен ауа жайылушылықты жеңу баяу, қиындықпен жүріп жатыр, бірақ бұл іс ештеңеге қарамастан ілгері басып келеді. Социализмнің жеңуі ісіне саналы түрде құрбандыққа барып отырған еңбекші бұқараның ерлігі — Қызыл Армиядағы жаңа, жолдастық тәртіптің, оның қайта тууының, нығайып, өсуінің негізі, міне, осы.

Тылдағы жұмысшылардың ерлігі де осындай көңіл бөлуге тұрарлық. Бұл жөнінде жұмысшылардың өздері бастап *коммунистік сенбіліктер* өткізуінің тұп-тура орасан зор маңызы бар. Бұл, сірә, әлі тек бастау ғана болар, бірақ бұл бастаудың маңызы өте-мөте үлкен. Бұл — буржуазияны құлатудан гөрі неғұрлым қиын, неғұрлым мәнді, неғұрлым түбегейлі, неғұрлым шешуші төңкерістің бастауы, өйткені бұл — әркімнің өз басындағы бойкүйездікті, ауа жайылушылықты, ұсақ буржуазиялық өзімшілдікті, қарғыс атқан капитализм жұмысшы мен шаруаға мұра етіп қалдырған осы әдеттерді жеңу. *Осы* жеңіс баянды етілгенде, сонда, тек сонда ғана жаңа қоғамдық тәртіп, социалистік тәртіп жасалмақ, сонда, тек сонда ғана кейінге, капитализмге қайта оралу мүмкін

болмайды, коммунизм шындығында жеңілмейтін болады.

«Правда» 17 майда А. Ж. жолдастың «Революциялық жолмен жұмыс істеу (Коммунистік сенбі)» деген мақаласын басты. Бұл мақаланың маңыздылығы соншалық, біз мұны толық келтіріп отырмыз:

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

(КОММУНИСТІК СЕНБІ)

РКП Орталық Комитетінің *революциялық жолмен* жұмыс істеу туралы хаты коммунистік ұйымдар мен коммунистерге күшті түрткі болды. Жалпы өрлеу теміржолшы коммунистердің көбін майданға аттандырды, бірақ бұлардың көпшілігіне жауапты орындарын тастап, революциялық жолмен жұмыс істеудің жаңа әдістерін іздеуіне болмайтын еді. Жергілікті жерлерден мобилизация жөніндегі жұмыстың баяу жүргізілуі және кеңседегі қағазбастылық туралы түскен мәліметтер Москва-Қазан темір жолы кіші ауданын темір жол шаруашылығының механизміне көңіл бөлуге мәжбүр етті. Жұмыс күшінің жеткіліксіздігінен және еңбек интенсивтілігінің нашарлығынан тығыз заказдар мен паровоздарды жедел жөндеу ісі бөгеліп жатқан болып шықты. 7 майда Москва-Қазан жолы кіші ауданындағы коммунистер мен тілектестердің жалпы жиналысында Колчакты жеңуге көмектесу туралы сөзден іске көшу мәселесі қойылды. Енгізілген ұсыныста былай делінген:

«Ішкі және сыртқы жағдайдың ауыр болуы себепті, тап жауын еңсеру үшін коммунистер мен тілектестер жаңадан белді бекем байлап, өздерінің демалыс уақытынан тағы да бір сағатты алып, яғни өзінің жұмыс күнін бір сағат ұзартып, оны жинақтап,— тездетіп нақты зат жасау үшін,— сенбі күні бірден 6 сағат дене еңбегін жұмсап жұмыс істеуге тиіс. Революцияның жеңуі жолында коммунистер өзінің денсаулығын, өмірін аямауға тиіс деп санап, жұмыс ақысыз істелсін. Колчакты толық жеңіп шыққанша бүкіл кіші аудан бойынша *коммунистік сенбі* енгізілсін».

Біраз қобалжудан кейін бұл ұсыныс біраузыдан қабылданды.

10 майда, сенбі күні, кешкі сағат 6-да коммунистер мен тілектестер жұмысқа келіп, солдаттарша сапқа тұрғаннан кейін, мастерлер оларды у-шусыз жұмыс істейтін орындарға таратты.

Революциялық жолмен жұмыс істеудің нәтижесі *айқын*. Төмендегі ақпар кәсіпорындарды және жұмыс сипатын көрсетеді [7-беттегі кестені қараңыз].

Істелген жұмыстың жалпы құны қалыпты ақы бойынша 5000 мың сом, мерзімнен тыс жұмыс бойынша бұдан $1^1/_2$ есе артық.

Жұмыс орны	Жұмыс аты	Жұмысшы саны	Сағат саны		Істелген жұмыс
			Уақыт мөлшері	Жиынтығы	
Москва. Паровоздар жөндейтін бас шеберханалар.	Жолға керекті материалдарды, паровоздар мен вагон бөлшектерін жөндеуге керекті жабдықтарды тиеп, Перовоға — Муромға — Алатырьға және Сызраньға жіберу.	48 21 5	5 3 4	240 63 20	7 500 пұт тиелді, 1 800 пұт түсірілді.
Москва. Жолаушылар таситын паровоздар депосы.	Паровоздарды ағымдағы күрделі жөндеу.	26	5	130	Жалпы алғанда $1^1/_2$ паровоз жөнделді.
Москва. Сортировочная.	Паровоздарды ағымдағы жөндеу.	24	6	144	2 паровоз жөнделді және 4 паровоздың жөнделетін бөлшектері ағытылып алынды.
Москва. Вагон бөлімі.	Класты вагондарды ағымдағы жөндеу.	12	6	72	3-класты 2 вагон.
«Перово» Вагондар жөндейтін бас шеберханалар.	Вагондар жөнделді, кішігірім жөндеу жүргізілді сенбіде, жексенбіде.	46 23	5 5	230 115	12 жабық товар вагоны және 2 платформа.
	Жиынтығы . .	205	—	1 014	Жалпы алғанда 4 паровоз, 16 вагон жөнделді және 9 300 пұт жүк түсіріліп, тиелді.

2*

Жүк тиеу жұмысында еңбек интенсивтілігі жайшылықтағы жұмысшылардікінен 270% жоғары. Басқа жұмыстардың да интенсивтілігі осы шамалас.

Жұмыс күшінің жеткіліксіздігінен және қағазбастылық салдарынан заказдардың (тығыз) жеті күннен үш айға дейін орындалмай жатуы жойылды.

Жұмыс (оңай түзеуге болатын) ақауы бар құрал-жабдықпен жүргізілді, ал мұның өзі кейбір топтарды 30 минуттан 40 минутқа дейін бөгеді.

Коммунистік сенбіде санасыз, салақ жұмысшылардың бір аптада істейтін жұмысы істелді деп қарт мастер, бәлкім, аздап асырыңқырап айтқан болар, дегенмен жұмысқа басшылық етуге қалдырылған әкімшілік жаңа жұмысты әрең әзірлеп үлгеріп отырды.

Жұмысқа Совет өкіметін адал ниетпен жақтаушы қарапайым адамдар да қатысқандығын және келесі сенбіде мұндайлардың қаптап кететін түрі бар екендігін, сондай-ақ басқа аудандардың да Москва-Қазан жолындағы теміржолшы коммунистерден үлгі алғысы келіп отырғандығын ескеріп, мен жергілікті орындардың хабарына сүйеніп, мәселенің ұйымдастыру жағына толығырақ тоқталмақпын.

Жұмысқа шыққандардың 10 проценті сол жерлерде тұрақты істейтін коммунистер болды. Қалғандары жауапты орындағылар, сайланып қойылғандар, жол комиссарынан бастап жеке кәсіпорындардың комиссарына дейін, сондай-ақ кәсіптік одақта, басқармада, Қатынас жолдары комиссариатында істейтіндер еді.

Жұмыстағы ынта-жігер мен ұйымшылдық аса күшті болды. Жұмысшылар, конторшылар, басқарма қызметкерлері ұрыс-керіссіз, дау-жанжалсыз, жолаушылар таситын паровоз дөңгелегінің қырық пұттық бандажын жабыла ұстап, еңбек сүйгіш құмырсқаларша, жұмыс істейтін жерге домалатып апарғанда, коллективтік еңбектен жүректе қуаныштың ыстық сезімі туды және жұмысшы табының сөзсіз жеңіп шығатынына сенім нығайды. Дүние жүзінің жыртқыштары жеңімпаз жұмысшыларды тұншықтыра алмайды, ішкі саботаж Колчакты келтіре алмайды.

Жұмысқа қатысқандар жұмыс аяқталғаннан кейін бұрын көрмеген көріністің куәсы болды: шаршаған, бірақ көздерінде қуаныш оты жайнаған жүздеген коммунистер жұмыстың табысты болғанын Интернационалдың салтанатты үнімен құттықтады — жеңіс гимнінің бұл жеңіс толқындары жұмысшы Москвасының қабырғасынан әрі асып, суға лақтырған тас тудырған толқындай, бүкіл жұмысшы Россиясына тарап, шаршап-шалдыққандар мен енжарларды серпілтіп жіберетіндей көрінді.

А. Ж.

Осы аса тамаша, «еліктеуге тұрарлық үлгіге» баға бере келіп, «Правда» 20 майда Н. Р. жолдастың осылай аталған мақаласында былай деп жазды:

«Коммунистердің бұл сияқты жұмыстары сирек кездесетін іс емес. Мен электр станциясы мен түрлі темір жолдардағы осындай жұмыстарды білемін. Николай темір жолында айналмада құлаған паровозды көтеріп шығаруда коммунистер мерзімнен тыс бірнеше түн жұмыс істеді; Солтүстік темір жолда қыстыгүні барлық коммунистер мен тілектестер бірнеше жексенбі бойы жұмыс істеп, жолдың қарын тазартты, көп жерде товар станцияларының ұялары, жүктің ұрлапуына қарсы күресу үшін, түнде станцияларды шолып жүреді,— бірақ бұл жұмыс жүйелі түрде емес, оқта-текте ғана істеліп отырды. Қазандық жолдастар бұл жұмысты жүйелі түрде, ұдайы жүргізілетін жұмыс етіп, жаңалық енгізіп отыр. Қазандық жолдастар «Колчакты толық жеңіп шыққанша» істейміз деп қаулы алды; олардың жұмысының мейлінше маңыздылығы, міне, осында. Олар соғыс жағдайының барлық уақытында коммунистер мен тілектестердің жұмыс күнін бір сағаттан ұзартып отыр; сонымен бірге олар өнімді жұмыстың үлгісін көрсетуде.

Бұл үлгі жұртты еліктетіп отыр және бұдан былай да еліктетуге *тиіс*. Александр темір жолындағы коммунистер мен тілектестердің жалпы жиналысы соғыс жағдайын және қазандық жолдастардың қаулысын талқылап, мынадай қаулы алды: 1) Александр темір жолындағы коммунистер мен тілектестер үшін «сенбіліктер» енгізілсін. Бірінші сенбілік 17 майға белгіленеді. 2) Коммунистер мен тілектестерден үлгілі, өнегелі бригадалар ұйымдастырылсын; олар жұмысты қалай істеу керек екенін және қолдағы бар материалдармен, саймандармен және азықпен шынында қалай істеуге болатынын жұмысшыларға көрсетуге тиісті болсын.

Қазандық жолдастардың сөзіне қарағанда, олардың үлгісі үлкен әсер еткен, сондықтан келесі сенбіде олар жұмысқа *партияда жоқ* жұмысшылар көбірек келеді деп күтіп отыр. Бұл сөздер жазылып жатқан уақытта Александр темір жолының шеберханаларында коммунистердің мерзімнен тыс істейтін жұмысы әлі басталған жоқ еді, тек ұйғарылған жұмыс туралы ғана сыбыс тараған болатын, сол сәтте-ақ партияда жоқ бұқара ду көтеріліп, сөзге араласты. «Біз кеше білмей қалдық, әйтпесе біз де дайындалып, жұмыс істейтін едік», «алдымыздағы сенбіде жұмысқа сөзсіз келем»,— деген дауыстар жан-жақтан шыға бастады. Бұл сияқты жұмыстар тудыратын әсер өте зор.

Қазандық жолдастардан тылдағы барлық коммунистік ұялар үлгі алуға тиіс. Тек Москва торабындағы коммунистік ұялар ғана емес, Россиядағы бүкіл партия ұйымы да бұдан үлгі алуға тиіс. Деревняларда да коммунистік ұялар алдымен қызыл әскерлердің егістігін өңдеуді қолға алып, олардың семьяларына жәрдемдесуге тиіс.

Қазандық жолдастар бірінші коммунистік сенбіде өздерінің жұмысын Интернационалды шырқаумен аяқтады. Егер бүкіл Россияның коммунистік ұйымы осыдан үлгі алып, оны мүлтіксіз жүзеге асырса,— жуырдағы ауыр айлардан Россия Совет

республикасы Интернационалды республиканың барлық еңбекшілерінің жер жаңғырта шырқауымен өтетін болады...
Жұмысқа кірісейік, коммунист жолдастар!».

«Правда» 1919 ж. 23 майда былай деп хабарлады:

«17 майда Александр темір жолында бірінші коммунистік «сенбілік» болды. 98 адам, коммунистер мен тілектестер, жалпы жиналыстың қаулысы бойынша, мерзімнен тыс 5 сағат тегін жұмыс істеді, бұларға тек қана ақшаға екінші рет тамақ ішуге рұқсат берілді, және де бұларға, дене еңбегіндегі жұмысшылар қатарында, түстік тамаққа өз ақшаларына жарты қадақтан нан берілді».

Жұмыстың нашар әзірленгеніне және нашар ұйымдастырылғанына қарамастан, қалайда *еңбек өнімділігі әдеттегіден 2—3 есе жоғары болды.*

Мысалдар мынау:

5 токарь 4 сағатта 80 валик істеді. Өнімділік әдеттегімен салыстырғанда 213%.

20 қара жұмысшы 4 сағатта 600 пұттық ескі материалдарды және вагонның әрқайсысы $3^{1}/_{2}$ пұттан келетін 70 рессорын, барлығы 850 пұттық затты жинады. Өнімділік әдеттегімен салыстырғанда 300%.

«Мұны жолдастар былай деп түсіндіреді: әдеттегі уақытта жұмыс жалықтырады, іш пыстырады, ал мұнда бар ықыласымен, ынта-жігерімен жұмыс істейді. Алайда енді әдеттегі уақытта да коммунистік сенбіліктегіден кем істеу ұят болады».

«Қазір партияда жоқ көптеген жұмысшылар өздерінің сенбіліктерге қатысқысы келетіндігін айтып отыр. Паровоз бригадалары сенбілікте бір паровозды «шұқырдан» шығарып алып, жөндеп, жүргізіп жіберуге құлшынып отыр.

Осындай сенбіліктер Вязьма жолының бойында да ұйымдастырылып жатыр деген мәліметтер алынды».

7 июньде «Правдада» А. Дьяченко жолдас бұл коммунистік сенбіліктерде жұмыстың қалай жүріп жатқандығы туралы жазды. Оның сол «Сенбілік заметкалары» деген мақаласының негізгі жерлерін келтірейік:

«Темір жол кіші ауданындағы партия ұйымының шешімі бойынша мен жолдасыммен бірге үлкен қуанышпен сенбілік «стажды» өтеуге аттандым және уақытша, бірнеше сағат басыма тыныс беріп, бұлшық етімді жұмысқа қоспақ болдым... Бізге

жолдың ағаш өңдеу заводында жұмыс істеуге тура келді. Келдік, өз адамдарымызды көрдік, амандасып, әзілдестік, күшімізді санасақ — не бары 30 екенбіз... Ал біздің алдымызда «дәу» — өте салмақты, 600—700 пұттай бу қазаны жатыр, дәл осыны $1/4$ немесе $1/3$ шақырымдай жерде тұрған платформаға «алып барып қою», яғни домалатып жеткізу керек. Ойымызда күдік туа бастады... Міне біз іске кіріскелі тұрмыз: жолдастар қазан астына ағаш ысырғыштарды қойып, екі арқанмен байлады, сөйтіп жұмыс басталды... Қазан әрең қозғалды, дегенмен жылжи бастады. Біз қуандық, өйткені біздің санымыз аз еді... осы қазанды бізден саны үш есе көп коммунист емес жұмысшылар екі апта бойы дерлік сүйреп көрсе де, ол орнынан қозғалмай, біз келгенше жата берген болатын... Закоперщик жолдастың «бір, екі, үш» деп команда берген сазды үнімен қызу, ынтымақты жұмыс істегенімізге бір сағат болды, қазан сырғып барады, сырғып барады. Күтпеген жерден не болды? Кенеттен, бірсыпыра жолдастар кісі күлерліктей домалап барады, сөйтсек, біздің қолымыздағы арқан «опасыздық» жасапты... Минуттық бөгеліс: оның орнына жуан арқанмен байладық... Кеш, ымырт үйіріле бастады, бірақ бізге әлі де болса бір кішкене дөңестен асу керек, сонда жұмыс тез бітпек. Қол сықырлап, алақан дуылдап, бой қызды, бар дәрменмен қимылдап жатырмыз,— іс те өнімді. Табысты іске қайран қалып «әкімшілік» тұр, ол да шыдай алмай арқанға келіп жабысты: жәрдемдес! әлдеқашан солай ету керек еді! Міне біздің жұмысымызға қызыл әскер де көзін салды. Оның қолында гармонь. Ол не ойлап тұр? Бұл не деген адамдар? Жұрттың бәрі үйлерінде отырғанда, сенбі күні буларға не бар еді? Мен оның жұмбағын шешіп, былай дедім: «Жолдас! Бізге көңілді бір нәрсе тартып жібер, біз анау-мынау қызметшілер емеспіз, нағыз коммунистерміз,— біздің қолымызда жұмыстың қызып жатқанын және ерінбей, қатты қимылдап жатқанымызды көріп тұрсың ғой». Қызыл әскер гармонын ақырын ғана жерге қойып, жалма-жан арқанға ұмтылды...

— «Англичанин мудрец!» — деп, жіңішке дауыспен шырқай бастады У. жолдас. Біз оған қосыла кеттік, сонда жұмысшы әнінің мына сөздері айналаны күңірентіп жіберді: «Эй, дубинушка, ухнем, подернем, подернем...».

Дағдыланбағандықтан бұлшық еттер шаршап, иық, арқа сынып барады, бірақ... алда бос күн бар — демалысымыз бар, ұйқы қандырып үлгіреміз. Нысана жақын, біраз тербелгеннен кейін, біздің «дәу» платформаға жетіп қалды: тақтай төсеңдер, платформаға салыңдар, енді бұл қазан көптен бері одан күтіп тұрған жұмысты орындайтын болсын. Біз плакаттар ілінген, винтовкалар тізілген, жарығы мол бөлмеге, жергілікті ұяның «клубына» тобымызбен келіп кірдік, «Интернационалды» жақсылап шырқағаннан кейін «роммен» тәтті шай іштік, тіпті нан да табылып қалды. Жергілікті жолдастардың мұндай сыйы, ауыр жұмыстан кейін, бізге тіпті жақсы болды. Жолдастармен туысқанша қоштасып, қатар-қатар сапқа тұрдық. Революцияның әндері түнгі тыныштықта ұйқы басқан көшені жаңғырықтырды,

біркелкі аяқ дыбыстары әнге үн қосады. «Жолдастар, батыл бас аяқты». «Тұрыңдар, қарғыспен қарылған» деп салған біздің Интернационал мен еңбек әніміз шырқалды.

Бір апта өтті. Біздің қолымыз бен иығымыз тыныс алды, біз енді 9 шақырым жерге «сенбілікке», вагон жөндеуге барамыз. Бұл — Перовода. Жолдастар «американецтің» төбесіне шығып алып, тамылжыған дауыспен шырқап «Интернационалды» айтты. Поездағы жұрт құлақ тікті, тегі, қайран қалса керек. Доңғалақтар біркелкі дүрс-дүрс етеді, ал біз төбеге шығуға үлгірмей, «американецтің» басқыштарына «өлермен» жолаушыларша жабысып келеміз. Ұйғарылған жерге келіп тоқтадық, ұзын ауладан өттік те, қуанышпен қарсы алған комиссар Г. жолдасқа кездестік.

— Жұмыс бар, бірақ адам аз! Барлығы 30-ақ, ал 6 сағатта орта жөндеуден талай вагонды шығару керек! Мынау белгі соғылып қойылған қос доңғалақтар, тек қана бос вагондар емес, тағы да толы цистерна бар... бірақ ештеңе емес, «ретін келтіреміз», жолдастар!

Жұмыс қызу. Мен бес жолдаспен бірге көтермемен, яғни рычагтармен жұмыс істеп жатырмын. Бұл 60 және 70 пұттық пар доңғалақтар, екі көтермемен көтерген біздің иығымыздың күшімен, «закоперщик» жолдастың сілтеуімен бір жолдан екінші жолға дікілдеп тез секіріп түсіп отырды. Бір пар алынып тасталып, оның орнына екіншісі қойылды. Бұлардың бәріне де орын бар, біз бұл тозған ескі-құсқыны рельс үстімен сарайға жедел «тоғытып» жатырмыз... Бір, екі, үш дегенде — оларды айналмалы темір көтерме ауаға көтеріп ала жөнеледі де, олар рельс үстінен ғайып болады. Ана жақта, қараңғыда, балғаның тақ-тұқ еткен даусы естіледі, онда жолдастар аралар сияқты жылдам қимылдап, өздерінің «сырқат» вагондарын жөндеп жатыр. Біреу ағаш шауып, біреу бояп, біреу төбесін жауып жатыр,— жұмыстың қызу жүріп жатқаны бізді де, комиссар жолдасты да қуантты. Онда темір ұсталарына да біздің күшіміз қажет болып қалды. Жылжымалы көрікте қызған «правило», яғни вагонның оқыс қимылдан иілген ілгешекті стержені жатыр. Ол ағарып, ұшқынданып келіп шойын плитаның үстіне түсті, тәжірибелі жолдастың көз мөлшері бойынша, дәлдеп соққанымызда, ол өзінің кәдімгі қалпына келеді. Ол әлі ақшыл-қызыл, ал оны біз иығымызға салып көтеріп, өзінің бұрынғы орнына тез-тез апарып, ұшқыны басылмай темір тесікке кигізіп жатырмыз — бірнеше соққанда, ол өз орнына қабыса қалды. Вагон астына кірдік. Мұнда бұл тіркеуіштер мен правилолардың құрылымы, жұрт ойлағандай, оп-оңай нәрсе емес, мұның өзі заклепкалары мен серіппелі пружинасы бар біртұтас система...

Жұмыс қызып жатыр, түн бола бастады, факельдер жарқырап жанып тұр. Жұмыс бітуге жақындады. Жолдастардың бірсыпырасы үюлі дөңгелектердің қасында «үймелеп», ыстық шайды «сіміріп» жатыр. Майдың салқын түні, аспанда орақша иілген әдемі, жаңа туған ай. Әзіл, күлкі, орынды сықақ.

— Г. жолдас, жұмысты таста, 13 вагон істегенің де жетеді ғой!

Бірақ Г. жолдасқа бұл аз.

Шай ішіп болдық, өзіміздің жеңіс әндерімізді шырқап, шығып келеміз...».

«Коммунистік сенбіліктер» жасау жолындағы қозғалыс тек Москвамен ғана шектеліп отырған жоқ. «Правда» 6 июньде былай деп хабарлады:

«31 майда Тверьде бірінші коммунистік сенбілік болды. Темір жолда 128 коммунист жұмыс істеді. $3^{1}/_{2}$ сағатта 14 вагон жүк тиеліп, түсірілді, 3 паровоз жөнделіп шықты, 10 сажень отын кесілді және басқа да жұмыстар істелді. Ысылған жұмысшы-коммунистер жұмысының интенсивтілігі әдеттегі өнімділігінен 13 есе асып түсті».

Одан кейін 8 июньдегі «Правдадан» мынаны оқимыз:

КОММУНИСТІК СЕНБІЛІКТЕР

«Саратов, 5 июнь. Теміржолшы-коммунистер москвалық жолдастардың шақыруына үн қосып, жалпы партия жиналысында мынадай қаулы алды: халық шаруашылығына көмектесу үшін сенбі сайын, мерзімнен тыс, 5 сағаттан тегін жұмыс істелсін».

* *
*

Мен коммунистік сенбіліктер туралы мәліметтерді мейлінше тәптіштеп, толық келтірдім, өйткені біз мұнда, күмән жоқ, коммунистік құрылыстың өте маңызды жақтарының бірін көріп отырмыз; біздің баспасөз бұған жеткілікті көңіл бөлмей келеді және біздің бәріміз де мұны әлі жеткілікті бағаламай отырмыз.

Саяси сылдыр сөз аз болсын, коммунистік құрылыстың ең қарапайым, бірақ өмірден алынған, өмір тексерген жанды фактілеріне көбірек көңіл бөлінсін — бұл ұранды біздің бәріміз, біздің жазушыларымыз, үгітшілеріміз, насихатшыларымыз, ұйымдастырушыларымыз, тағы басқаларымыз қажымастан қайталап отыруымыз керек.

Пролетарлық революциядан соң алғашқы кезде көбі-

несе басты және негізгі міндетпен — буржуазияның қарсылығын тойтару, қанаушыларды жеңу, олардың заговорын (Питерді беру туралы «құл иеленушілердің заговоры» сияқты заговор, бұл заговорға каражүздіктер мен кадеттерден бастап, меньшевиктер мен эсерлерге дейін бәрі де қатысқан[1]) басып-жаныштау міндетімен шұғылдануымыз табиғи және сөзсіз нәрсе. Ал бұл міндетпен қатар игілікті коммунистік құрылыс жөнінде, экономикалық жаңа қатынастар, жаңа қоғам жасау жөнінде бұдан да маңызды міндет — ілгері басқан сайын көбірек дәрежеде — нақ сол сияқты сөзсіз алға қойылып отыр.

Пролетариат диктатурасы,— мұны менің әлденеше рет атап көрсетуіме тура келді, оның бер жағында Петроград Совдепінің мәжілісінде 12 мартта сөйлеген сөзімде де айтқанмын,— қанаушыларға қолданылатын күштеу ғана емес, тіпті ол көбінесе күштеу емес. Бұл революциялық күштеудің экономикалық негізі, оның өміршеңдігі мен табыстылығының кепілі сол — пролетариат капитализммен салыстырғанда еңбекті қоғамдық жолмен ұйымдастырудың анағұрлым жоғары типін жасап, оны жүзеге асырады. Істің мәні осында. Күшіміздің қайнар бұлағы және коммунизмнің сөзсіз толық жеңуінің кепілі осында.

Қоғамдық еңбектің крепостниктік ұйымдастырылуы таяқ тәртібіне сүйенді, онда еңбекшілер мейлінше қараңғылықта және езгіде болды, бұларды ат төбеліндей помещиктер тонап, жәбірлеп отырды. Қоғамдық еңбектің капиталистік ұйымдастырылуы аштшылық тәртібіне сүйенді, ал еңбекшілердің орасан зор бұқарасы, буржуазиялық мәдениет пен буржуазиялық демократияның бүкіл прогресіне қарамастан, нағыз алдыңғы қатарлы, цивилизациялы және демократиялы республикаларда да жалдама құлдардың немесе жаншылған шаруалардың қараңғы, езілген бұқарасы болып қала берді, бұларды ат төбеліндей капиталистер тонап, жәбірлеп отырды. Қоғамдық еңбектің коммунистік ұйымдастырылуы, ал мұның бірінші адымы — социализм, помещиктердің де, капиталистердің де тепкісін жойған еңбекшілердің өздерінің ерікті және саналы тәртібіне сүйенеді

және неғұрлым ілгерілеген сайын, соғұрлым соған сүйене бермек.

Бұл жаңа тәртіп аспаннан түспейді, игі тілектерден де тумайды, мұның өзі капиталистік ірі өндірістің материалдық жағдайларынан, тек осылардан ғана өсіп шығады. Мұнсыз ол тәртіп мүмкін емес. Ал бұл материалдық жағдайларды жасаушы немесе жүргізуші — ірі капитализм туғызған, ұйымдастырған, топтастырған, үйреткен, сауаттандырған, шынықтырған белгілі бір тарихи тап. Ол тап — пролетариат.

Пролетариат диктатурасының мәнісі, егер бұл ғылыми, тарихи-философиялық латын сөзін неғұрлым қарапайым тілге аударсақ, мынаны білдіреді:

капиталдың тепкісін құлату жолындағы күресте, сол құлату барысында, жеңісті баянды етіп, нығайту жолындағы күресте, жаңа, социалистік, қоғамдық құрылыс жасау ісінде, таптарды толық жою жолындағы бүкіл күресте еңбекшілер мен езілгендердің бүкіл бұқарасына басшылық ету тек белгілі бір таптың ғана, атап айтқанда қаладағы, жалпы алғанда фабрика-заводтардағы өнеркәсіп жұмысшыларының ғана қолынан келеді. (Жақша ішінде ескерте кетейік: социализм мен коммунизм арасындағы ғылыми айырмашылық тек сол — бірінші сөз капитализмнен өсіп шығатын жаңа қоғамның бірінші сатысын, екінші сөз оның неғұрлым жоғары, одан арғы сатысын көрсетеді.)

«Берндік», сатқын, Интернационалдың қатесі мынада: оның көсемдері тап күресін және пролетариаттың басшылық ролін тек сөз жүзінде ғана мойындап, оны ақырына дейін ойлаудан қорқады, нақ буржуазия үшін өте-мөте қорқынышты және оған мүлде қолайсыз, сөзсіз болатын қорытындыдан қорқады. Олар пролетариат диктатурасы *да* тап күресінің дәуірі екенін, таптар жойылмай тұрғанда бұл күрестің сөзсіз болатынын, бұл күрестің формасы өзгеріп тұратынын, капиталды құлатқаннан кейін алғашқы кезде оның өте қатаң, өте өзгеше формада болатынын мойындаудан қорқады. Пролетариат саяси өкіметті жеңіп алғаннан кейін тап күресін тоқтатпайды, қайта оны одан әрі таптар жойылғанға дейін жүргізе береді,— бірақ, әлбетте, басқаша жағдай-

да, басқаша формада, басқаша құралдармен жүргізеді.

Ал «таптарды жою» деген не? Өздерін социалистерміз деп атайтындардың бәрі де социализмнің осы түпкі мақсатын мойындайды, бірақ оның маңызы жөнінде бәрі бірдей жете ойлана бермейді. Таптар деп адамдардың үлкен топтары, қоғамдық өндірістің тарихи белгілі бір системасында олардың алатын орнына қарай, өндіріс құрал-жабдықтарына олардың (көбінесе заңмен бекітіліп, қалыптасқап) қатынасына қарай, еңбекті қоғамдық жолмен ұйымдастырудағы олардың роліне қарай, ал олай болса, қоғамдық байлықтан олардың алып отырған үлесінің мөлшеріне және ол үлесті алу әдістеріне қарай айрылатын топтары аталады. Таптар дегеніміз адамдардың мынадай топтары: қоғамдық шаруашылықтың белгілі бір укладында олардың алатын орындарында айырмашылық болуының нәтижесінде олардың бір тобы екіншісінің еңбегін иемденіп кете алады.

Таптарды толық жою үшін қанаушыларды, помещиктер мен капиталистерді құлатып қана қоймай, *олардың* меншігін құртып қана қоймай, оның үстіне өндіріс құрал-жабдықтарын жеке меншіктенудің *қандайын болса* да құрту керек, қала мен деревняның арасындағы айырмашылықты да, дене еңбегі адамдары мен ой еңбегі адамдарының арасындағы айырмашылықты да жою керек екендігі айқын. Бұл — тым ұзаққа созылатын іс. Мұны істеу үшін өндіргіш күштерді дамытуда орасан алға басу керек, ұсақ өндірістің толып жатқан қалдықтарының қарсылығын (көбінесе ерекше қасарысқан, жеңу ерекше қиын соғатын енжар қарсылығын) жеңу керек, осы қалдықтармен байланысты әдет-ғұрып пен кертартпалықтың орасан зор күшін жеңу керек.

«Еңбекшілердің» бәрі бірдей осы жұмысқа қабілетті деп ойлау атам заманғы, Маркске дейінгі, социалистің барып тұрған бос сөзі немесе жалған үміті болып шығар еді. Өйткені бұл қабілеттілік өзінен-өзі тумайды, қайта тарихи жолмен өсіп шығады және *тек қана* капиталистік ірі өндірістің материалдық жағдайларынан өсіп шығады. Бұл қабілеттілік, капитализмнен социализмге өту жолының бас кезінде, *тек* пролетариатта *ғана* болады. Пролетариат өзіне жүктелген орасан зор міндетті жү-

зеге асыра алады, мұның себебі, біріншіден, ол — цивилизациялы қоғамдардың ең күшті, ең алдыңғы қатарлы табы; мұның себебі, екіншіден, ол неғұрлым дамыған елдерде халықтың көпшілігі болып отыр; мұның себебі, үшіншіден, Россия сияқты, артта қалған капиталистік елдерде халықтың көпшілігі жартылай пролетарларға жатады, яғни жылдың бір бөлегін әрдайым пролетарша өткізетін, өздерінің қоректерінің белгілі бір бөлегін капиталистік кәсіпорындарда жалданып жұмыс істеумен табатын адамдарға жатады.

Кімде-кім капитализмнен социализмге өту міндетін жалпы алғанда бостандық, теңдік, демократия, еңбек демократиясының теңдігі, т. т. жөніндегі жалпы құрғақ сөздерге сүйеніп шешуге тырысса (Каутский, Мартов және берндік, сатқын, Интернационалдың тағы басқа сабаздары нақ осылай етуде), олар осы арқылы идея жағынан буржуазияның соңынан құлша еріп жүрген өздерінің ұсақ буржуалық, филистерлік, мещандық жаратылысын ғана танытады. Саяси өкіметті жеңіп алған айрықша таптың, атап айтқанда пролетариаттың және еңбекші халықтың пролетарлық емес, сондай-ақ жартылай пролетарлық бұқарасының арасындағы айрықша қатынастарды нақты зерттеп түсінгенде ғана бұл міндетті дұрыс шешуге болады, оның бер жағында бұл қатынастар қиялдағыдай үйлесімді, «мінсіз» жағдайда емес, буржуазия тарапынан жасалатын жанталасқан, сан алуан нақты қарсылық жағдайында қалыптасады.

Капиталистік елдің қай-қайсысында болсын, оның ішінде Россияда да, халықтың орасан көпшілігі,— ал екібастан еңбекші халықтың көпшілігі,— капиталдың езуін, оның тонауын, алуан түрлі қорлауын өзінің де, өз жақындарының да басынан мың сан рет кешіріп келді. Империалистік соғыс,— яғни бүкіл дүние жүзін тонауда бірінші орынды ағылшын капиталы ала ма әлде герман капиталы ала ма деген мәселені шешу үшін он миллиондаған адамды қыру,— бұл азапты мейлінше асқындырып, кеңейтті, тереңдетті, мұны ұғынуға мәжбүр етті. Халықтың орасан көпшілігінің, әсіресе еңбекшілер бұқарасының пролетариатқа сөзсіз тілектес екендігі міне осыдан, өйткені пролетариат ер жүректілік-

пен, революциялық қаталдықпен капиталдың тепкісін құлатады, қанаушыларды құлатады, олардың қарсылығын басып-жаныштайды, өзінің жанын қиып, қанаушыларға орын болмайтын жаңа қоғамды құруға жол ашады.

Еңбекші халықтың пролетар емес және жартылай пролетар бұқарасының тарапынан буржуазиялық «тәртіпке» қарай, буржуазияның «қанатының» астында болуға қарай кейін сүйрейтін ұсақ буржуазиялық солқылдақтық, ауытқушылық қаншама зор, қаншама сөзсіз болғанмен, олар пролетариаттың моральдық-саяси беделін қалай дегенмен де мойындамай тұра алмайды; пролетариат тек қанаушыларды құлатып, олардың қарсылығын басып қана қоймайды, сонымен қатар неғұрлым жоғары, жаңа қоғамдық байланыс, қоғамдық тәртіп құрады: өздерінің бірлескен өкіметінен басқа, өздерінің неғұрлым саналы, батыл, топтасқан, революцияшыл, ұстамды авангардынан басқа ешбір өктемдікті, ешбір өкіметті білмейтін саналы және бірлескен қызметкерлердің тәртібін құрады.

Жеңу үшін, социализмді құрып, нығайту үшін пролетариат екі жақты міндетті немесе екі жақты тұтас бір міндетті шешуге тиіс: біріншіден, капиталға қарсы революциялық күрестегі өзінің жанқиярлық ерлігімен еңбекшілердің және езілгендердің барлық бұқарасын еліктіріп әкетуге, буржуазияны құлату үшін және буржуазияның тарапынан жасалатын қарсылық атаулыны толық басу үшін сол бұқараны еліктіріп әкетуге, оларды ұйымдастырып, оларға басшылық етуге тиіс; екіншіден, жаңа шаруашылық құрылыс жолында, жаңа қоғамдық байланыс, жаңа еңбек тәртібін орнату жолында, ғылымның және капиталистік техниканың соңғы жаңалықтарын социалистік ірі өндірісті құрушы саналы қызметкерлердің бұқаралық бірлестігімен ұштастыратын етіп еңбекті жаңадан ұйымдастыру жолында барлық еңбекшілер мен езілгендер бұқарасын, сондай-ақ барлық ұсақ буржуазиялық топтарды өзінің соңынан ертуге тиіс.

Бұл екінші міндет бірінші міндеттен қиынырақ, өйткені ол әсте жеке серпін ерлігімен шешілмекші емес, қайта ол бұқаралық және *күнделікті* жұмыста ең ұзақ,

өң қажырлы, ең қиын ерлік жасалуын талап етеді. Бірақ бірінші міндетке қарағанда бұл неғұрлым елеулі де міндет, өйткені сайып келгенде қоғамдық өндірістің жаңа, анағұрлым жоғары әдісі ғана, капиталистік және ұсақ буржуазиялық өндірісті ірі социалистік өндіріспен ауыстыру ғана буржуазияны жеңіп шығудың ең терең қайнар бұлағы және бұл жеңістің беріктігі мен баяндылығының бірден-бір кепілі болмақ.

* *
*

«Коммунистік сенбіліктердің» нақ мына себептен зор тарихи маңызы бар: олар бізге еңбек өнімділігін дамытудағы, жаңа еңбек тәртібіне көшудегі, шаруашылық пен өмірдің социалистік жағдайларын жасаудағы жұмысшылардың саналы және ерікті бастамасын көрсетіп береді.

Германиядағы аз кездесетін, тіпті дұрысырақ айтқанда: өте сирек кездесетін буржуазиялық демократтардың бірі, 1870—1871 жылдардың сабақтарынан кейін шовинизмге де, национал-либерализмге де қосылмай, социализм жағына шыққан демократтардың бірі И. Якоби: бір жұмысшы одағын ұйымдастырудың тарихи маңызы Садовая түбіндегі айқастың[2] маңызынан да зор деген болатын. Бұл әділ айтылған сөз. Садовая түбіндегі шайқас Германияда ұлттық капиталистік мемлекет құру ісінде буржуазиялық екі монархияның, Австрия монархиясы мен Пруссия монархиясының, қайсысы үстем болады деген мәселені шешті. Бір жұмысшы одағын құру пролетариаттың буржуазияны бүкіл дүние жүзінде жеңіп шығуына қарай кішкене бір қадам ілгері басқандық болды. Ендеше Москва-Қазан темір жолындағы темір жол жұмысшыларының 1919 жылғы 10 майда Москвада жасаған бірінші коммунистік сенбілігінің тарихи маңызы 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыстағы Гинденбургтің немесе Фоштың және ағылшындардың қандай жеңісінің маңызынан да зор деп біз де айта аламыз. Империалистердің жеңуі — ағылшын-американ және француз миллиардерлерінің пайдасына бола миллиондаған жұмысшыларды қырғынға ұшыра-

ту, тірілей шіріп, өліп бара жатқан, жалмауыз капитализмнің айуандығы. Москва-Қазан жолындағы темір жол жұмысшыларының коммунистік сенбілігі — жер жүзіндегі барлық халықтарды капиталдың тепкісінен және соғыстардан құтқаратын жаңа, социалистік, қоғамның ұяларының бірі.

Өздерін «қоғамдық пікірдің» өкілдеріміз деп санауға дағдыланған буржуа мырзалар мен олардың құйыршықтары, соның ішінде меньшевиктер мен эсерлер, әлбетте, коммунистердің үміттеріп сықақ қылып қорлайды, бұл үміттерді «резеда гүлі өсірілетін құмыраға баобаб ағашын отырғызу» деп атайды, жаппай талан-таражға салумен, қол қусырып отырумен, өнімділіктің төмендеуімен, шикі материалдардың бұзылуымен, өнімдердің бұзылуымен, т. т. салыстырғанда сенбіліктер санының мардымсыздығын күлкі етеді. Бұл мырзаларға біздің беретін жауабымыз: егер буржуазиялық интеллигенция капиталистердің өкіметін қайта орнату мақсаты үшін орыс капиталистері мен шетелдік капиталистерге қызмет істемей, өз білімдерін еңбекшілерге жәрдемдесуге жұмсаса, онда төңкеріс жылдамырақ және неғұрлым бейбіт жүргізілер еді. Бірақ бұл утопия, өйткені мәселе таптардың күресімен шешіледі, ал интеллигенцияның көпшілігі буржуазияға іш тартады. Пролетариат интеллигенцияның көмегінсіз-ақ, олардың қарсы әрекет жасауына (қалайда көбінесе солай болады) қарамастан-ақ, буржуазиялық интеллигенттердің түзелмейтіндерін аластай отырып, солқылдақтарын қайта жөнге келтіріп, қайта тәрбиелеп, өзіне бағындыра отырып, олардың көпшілік бөлегін бірте-бірте өз жағына қарата отырып, жеңіп шығады. Төңкерістің қиыншылықтары мен сәтсіздіктерін табалау, үрей туғызу, кері шегінуді насихаттау — осының бәрі буржуазиялық интеллигенцияның таптық күресінің құралдары мен тәсілдері. Пролетариат бұл алдауға берілмейді.

Ал егер мәселенің мәніне келсек, тарихта жаңа өндіріс әдісі ұзаққа созылған бірқатар сәтсіздіксіз, қатесіз, қайталаусыз бірден қалыптасып кеткен кезі болып па еді? Крепостниктік право құлағаннан соң да жарты ғасыр бойы орыс деревнясында крепостниктік тәртіптің

бірталай сарқыншақтары қалып келді. Америкада негрлерді құлдықта ұстауды жойғаннан кейін де жарты ғасыр бойы ондағы негрлердің жағдайы екінің бірінде жартылай құлдық қалыпта болып келді. Буржуазиялық интеллигенция, оның ішінде меньшевиктер мен эсерлер де, капиталға қызмет істеуде және шылғи өтірік дәлелдерге сүйенуде өз жолдарына берік: пролетариат революциясына дейін олар бізді утопизм жөнінде кінәлап келген еді, ал революциядан кейін олар бізден ескіліктің іздерін өмірде болмайтын тездікпен жойып жіберуді талап етеді!

Бірақ біз утопистер емеспіз және буржуазиялық «дәлелдердің» шын бағасын білеміз, сондай-ақ төңкерістен кейін ескіліктің әдет-ғұрыптағы іздері белгілі бір уақытқа дейін жаңалықтың өркендерінен сөзсіз басым болатынын да білеміз. Жаңалық жаңа ғана туған кезде, ескілік бірсыпыра уақыт бойы жаңалықтан гөрі күштірек болады, мұның өзі табиғатта да, қоғамдық өмірде де әрдайым осылай болмақ. Жаңалық өркендерінің әлсіздігін қорлау, интеллигенттік арзан скептицизм, тағы сондайлар, мұның бәрі, шындығында, буржуазияның пролетариатқа қарсы таптық күресінің тәсілдері, социализмге қарсы капитализмді қорғағандығы. Біз жаңалықтың өркендерін мұқият зерттеп, оларға өте-мөте көңіл бөліп, олардың өсуіне барынша жәрдемдесіп, осы балауса өркендерді «аялап күтуге» тиіспіз. Бұлардың кейбіреулерінің құрып кетуі сөзсіз. Тек «коммунистік сенбіліктер» ғана ерекше маңызды роль атқарады деп кепілдік беруге болмайды. Әңгіме мұнда емес. Әңгіме қандай болса да жаңалық өркендерінің бәрін қолдауда; өмір олардың ең өміршеңдерін іріктеп алып қалады. Егер жапон ғалымы мерез ауруын жұрттың жеңіп шығуына жәрдемдесу үшін 605 препаратты байқап көріп, ақырында белгілі талапқа сай келетін 606-препаратты тауып алғанша шыдамдылық етсе, онда мұнан ауырырақ міндетті шешкісі келетін, капитализмді жеңгісі келетін адамдар күрестің жүздеген, мыңдаған жаңа тәсілдерін, әдістерін, құралдарын байқап көріп, солардың ішінен ең қолайлысын тауып алғанша табандылық көрсетуге тиіс.

«Коммунистік сенбіліктердің» сондай маңызды болатын себебі, бұларды бастап отырған — әсте ерекше жақсы жағдайға қойылған жұмысшылар емес, әр түрлі мамандықтағы жұмысшылар, оның ішінде мамандықсыз жұмысшылар, *кәдімгі* жағдайға, яғни *нағыз ауыр* жағдайға қойылған қара жұмысшылар. Жалғыз Россияда ғана емес, бүкіл әлемде еңбек өнімділігінің төмендеп отырған негізгі жағдайын біз бәріміз де жақсы білеміз: империалистік соғыстың салдарынан туған күйзеліс пен қайыршылық, ызалапушылық пен шаршағандық, аурулар мен аш құрсақтық. Маңыздылығы жағынан аш құрсақтық бірінші орын алады. Ашаршылық — себеп осы. Ал ашаршылықты жою үшін егіншілікте де, транспортта да, өнеркәсіпте де еңбек өнімділігін арттыру керек. Демек, бір қырсықты айналма болып шығады: еңбек өнімділігін көтеру үшін ашаршылықтан құтылу керек, ал ашаршылықтан құтылу үшін еңбек өнімділігін көтеру керек.

Мұндай қайшылықтар практика жүзінде осы қырсықты айналманы бұзумен, бұқараның пиғылында өзгеріс жасаумен, жеке топтардың қаһармандық инициативасымен шешілетіні белгілі; мұндай инициатива осы сияқты өзгерістің тұсында екінің бірінде шешуші роль атқарады. Москваның қара жұмысшылары және Москваның теміржолшылары (әрине, ат төбеліндей жалдаптарды, басқармадағыларды, т. с. ақ гвардияшыларды емес, көпшілікті айтқанда) — еңбекшілер, бұлар өте ауыр жағдайда тұрады. Ұдайы аш құрсақтық, ал қазір, жаңа егінді жинар алдында, азық-түлік жайы жаппай нашарлап кеткен кезде, нағыз ашаршылық болып отыр. Ал буржуазияның, меньшевиктер мен эсерлердің қаскүнемдік контрреволюциялық үгітінің қоршауындағы осы аш жұмысшылар «коммунистік сенбіліктер» жасауда, мерзімнен тыс *ешбір ақысыз* жұмыс істеп, өздерінің шаршағандығына, шалдыққандығына, аштықтан жүдегендігіне қарамастан, *еңбек өнімділігін ересен арттыруда.* Бұл асқан зор қаһармандық емес пе? Бұл бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар бетбұрыстың басы емес пе?

Еңбек өнімділігі дегеніміз, сайып келгенде, жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін ең маңызды, ең бас-

ты шарт. Капитализм крепостниктік тәртіптің тұсында болып көрмеген еңбек өнімділігін туғызды. Социализм жаңа, анағұрлым жоғары еңбек өнімділігін туғызады; осының арқасында капитализм түпкілікті жеңілуі мүмкін, түпкілікті жеңіледі де. Бұл — өте қиын, өте ұзаққа созылатын іс, бірақ *бұл іс басталып отыр,* ең маңыздысы, міне, осында. Егер аштық жайлаған Москвада 1919 жылдың жазында, империалистік соғыстың ауыр төрт жылын, бұдан кейін одан да ауыр азамат соғысының бір жарым жылын басынан кешірген аш жұмысшылар осы ұлы істі бастай алған болса, онда бұдан былай, біз азамат соғысында жеңіп шығып, бейбітшілікке қолымыз жеткен кездегі даму қандай болмақ?

Коммунизм дегеніміз озық техниканы пайдаланатын, ерікті, саналы, бірлескен жұмысшылардың, капиталистік еңбек өнімділігіне қарағанда, жоғары еңбек өнімділігі. Коммунистік сенбіліктер *коммунизмнің іс жүзінде* басталуы ретінде аса бағалы, ал бұл өте сирек нәрсе, өйткені біз «капитализмнен коммунизмге өту жолында тек *алғашқы қадамдар* ғана жасалып жатқан» (біздің партиялық программада әбден әділ айтылғанындай[3]) сатыда отырмыз.

Еңбек өнімділігін арттыру үшін, жұмыс істеушілердің бас пайдасына емес, олардың «жақындарының» пайдасына да емес, олардың «алыстарының» пайдасына түсетін, яғни тұтас алғанда бүкіл қоғамның, әуелі бір социалистік мемлекетке, одан соң Советтік республикалар Одағына біріккен ондаған және жүздеген миллион адамдардың пайдасына түсетін *әрбір пұт астықты, көмірді, темірді* және басқа өнімдерді сақтау үшін *қатардағы жұмысшылардың* ауыр еңбекті жеңіп шығатын жанқиярлық қамқорлығы туған жерде коммунизм басталады.

Карл Маркс «Капиталда» адамның еріктілігі мен праволары жөніндегі буржуазиялық-демократиялық ұлы хартияның көпірме де лепірме сөздерін, осы күнгі сұмпайы берндік Интернационалдың сұмпайы сабаздарына дейін барлық елдердегі мещандар мен филистерлерді мәз-мейрам етіп отырған *жалпы* бостандық, теңдік, туысқандық жөніндегі бұл сөзуарлықтың бәрін

мазақтаған болатын. Маркс праволар жөніндегі осы көпірме декларацияларға пролетариаттың мәселені қарапайым, сыпайы, іскер, дағдылы қалыпта алға ұсынғанын қарсы қояды: мемлекет тарапынан жұмыс күнін қысқарту — мәселені осылай қоюдың дағдылы үлгілерінің бірі міне осы[4]. Пролетарлық революцияның мазмұны неғұрлым кеңейген сайын, Маркстің бұл ескертпесінің бүкіл дәлдігі мен бүкіл тереңдігі біздің көз алдымызда соғұрлым ашық, соғұрлым айқын көріне түседі. Нағыз коммунизм «формулаларынан» Каутскийлердің, меньшевиктер мен эсерлердің және олардың Берндегі сүйкімді «ағайындарының» көпірме, жәдігөйлік, салтанатты сөзуарлығының айырмашылығы нақ мынада: бұлар бәрін *еңбек жағдайларына* әкеп тірейді. «Еңбек демократиясы» туралы, «бостандық, теңдік, туысқандық» туралы, «халық өкіметі», тағы сондайлар туралы көп мылжыңдаудың керегі жоқ: кейбір көпті көрген тәжірибелі адамның «кісімсінген кісіні» тым «жылтыраған» жүзі мен сыртқы келбетіне қарап: «Мынау бір алаяқ болар» деп бірден және жазбай танитыны сияқты, біздің заманымыздағы саналы жұмысшы мен шаруа да бұл көпірме сөздерден буржуазиялық интеллигенттің қулық-сұмдығын оп-оңай біле қояды.

Лепірме сөздер аз болсын, *күнделікті*, қарапайым істер көп болсын, әрбір пұт астыққа, әрбір пұт көмірге көңіл көбірек бөлінсін! Аш жұмысшы мен алба-жұлба, жалаңаш шаруаға қажетті осы әрбір пұт астық пен әрбір пұт көмір бұлардың қолына *саудагерлік* айламен *емес*, капиталистік жолмен емес, Москва-Қазан темір жолындағы қара жұмысшылар мен теміржолшылар сияқты қарапайым еңбеккерлердің саналы, ерікті, жанқиярлық-ерлік жұмысымен түсуіне көңіл көбірек бөлінсін.

Революция мәселелеріне буржуазиялық-интеллигенттік, сөзуарлық тұрғыдан қараушылықтың іздері қадам басқан сайын барлық жерде, оның ішінде біздің қатарымызда да көрініп отырғандығын біздің бәріміз де мойындауға тиіспіз. Мәселен, біздің баспасөз буржуазиялық-демократиялық шіріген ескіліктің осы шірік қалдықтарына қарсы аз күресіп отыр, шынайы комму-

низмнің, қарапайым, сыпайы, күнделікті, бірақ өсіп келе жатқан өркендерін аз қолдап отыр.

Әйелдердің жағдайын алып қараңыздар. Бұл жөнінде өкіметіміздің бірінші жылында-ақ біздің істеген жұмысымыздың жүзден бірін де дүние жүзіндегі демократиялық партиялардың бірде-біреуі ең алдыңғы қатарлы буржуазиялық республикалардың бірде-біреуінде ондаған жылдар бойында істеген емес. Біз, сөздің нағыз шын мағынасында, әйелдердің тең праволы болмауы туралы, айрылысудан қымсыну туралы, оны шырмап алған жексұрын рәсімдер туралы, некесіз туған балаларды мойындамау туралы, олардың әкелерін іздестіру, т. с. туралы жексұрын заңдардың тамтығын қалдырмай талқандадық,— бұл заңдардың қалдықтары, буржуазия мен капитализмді масқаралайтын қалдықтары, цивилизациялы елдердің бәрінде де толып жатыр. Бұл салада істеген ісімізге мақтануға біздің мың мәрте хақымыз бар. Бірақ біз буржуазиялық ескі заңдар мен мекемелердің сілімтіктерінен топырақты негұрлым *жете* тазартқан сайын, бұл әлі құрылыстың өзі емес, тек құрылысты салатын жерді ғана тазарту екендігі бізге соғұрлым айқын көріне бастады.

Барлық азат ету заңдарына қарамастан, әйелдер әлі де болса *үй ішінің күңі* болып қалып отыр, өйткені *ұсақ-түйек үй* шаруашылығы оларды жаншып, тұншықтырып, топастандырып, еңсесін көтертпей отыр, ас пісірумен, бала күтумен олардың қолын байлап, діңкеге тиетін, топастандыратын, мұқалтатын, өте өнімсіз, ұсақ-түйек жұмыстармен олардың еңбектерін рәсуа етіп отыр. Осы ұсақ-түйек үй шаруашылығына қарсы бұқаралық күрес (мемлекеттік өкіметке ие болып отырған пролетариаттың басшылығымен) басталған жерде және сол уақытта ғана, немесе, дұрысырақ айтқанда, осы ұсақ-түйек шаруашылықты ірі социалистік шаруашылыққа айналдыратын *бұқаралық қайта құрылыс* жұмысы басталған жерде және сол уақытта ғана шынайы *әйелдер азаттығы,* шынайы коммунизм басталады.

Теория жағынан әрбір коммунист үшін даусыз осы мәселеге іс жүзінде біз жеткілікті көңіл бөліп отырмыз ба? Әрине, жоқ. Қазірдің өзінде бұл салада болып отыр-

ған коммунизм *өркендеріне* жеткілікті дәрежеде қамқорлық жасап отырмыз ба? Тағы да, жоқ, жоқ. Қоғамдық асханалар, яслилер, балалар бақшалары — бұл өркендердің үлгілері, міне, осылар, *әйелдерді іс жүзінде азат ете алатын*, қоғамдық өндіріс пен қоғамдық өмірдегі ролі жағынан әйелдердің еркектермен теңсіздігін іс жүзінде азайтып, жоя алатын, ешбір көпірмелі, лепірмелі, салтанатты нәрсені керек қылмайтын, қарапайым, күнделікті құралдар, міне, осылар. Бұл құралдар жаңа емес, бұларды (социализмнің жалпы алғанда барлық материалдық алғы шарттары сияқты) ірі капитализм жасаған, бірақ бұлар капитализм тұсында, біріншіден, тіпті сирек кездесіп келді, екіншіден,— бұл өте маңызды жағы,— бұлар не жалдаптықтың, құлқынқұмарлықтың, алдаудың, арамдық істеудің барлық жаман жақтарын қолдаған *саудагерлік* орындар болып келді, не «буржуазиялық қайырымдылықтың кәсіпқойлығы» болып келді, ал мұны таңдаулы жұмысшылардың ұнатпай, жек көруі де әділ еді.

Күмән жоқ, бізде бұл мекемелер анағұрлым көбейді және олар өздерінің сипатын өзгерте *бастады.* Күмән жоқ, жұмысшы және шаруа әйелдердің арасында біз білетіндерден әлденеше есе көп *ұйымдастырушы таланттар* бар, толып жатқан қызметкерлерді, одан да көп тұтынушыларды қатыстыра отырып, практикалық істі жөнге сала алатын адамдар көп, олардың арасында ұдайы өздерін тым артық санайтын «интеллигенцияның» немесе шалағай «коммунистердің» бойындағы «ауру»— жоспарлар, системалар, т. с. туралы көп сөзділік, әбігерлік, ұрыс-керіс, мылжыңдық жоқ. Бірақ біз жаңалықтың осы өркендерін *аялап күтпей отырмыз.*

Буржуазияға қараңыздаршы. Ол *өзіне* керек нәрсені қандай тамаша дәріптей біледі десеңізші! Капиталистердің ойынша «үлгілі» саналатын кәсіпорындар *олардың* миллиондаған дана газеттерінде қалай мадақталып жүр, «үлгілі» буржуазиялық мекемелерден ұлттық мақтаныш дүниелігі қалай жасалып жүр десеңізші! Біздің баспасөз ең жақсы асханаларды немесе яслилерді суреттеп жазу туралы, күн сайын қадағалай отырып, бұлардың кейбіреулерін үлгілі етіп шығару туралы, бұларды

дәріптеп көтеру туралы, *үлгілі коммунистік жұмыс арқылы* адам еңбегі қаншалық үнемделетіндігін, тұтынушылар үшін қандай қолайлы жағдай жасалатындығын, өнім қаншалық сақталатындығын, әйелдердің үй күңі болудан қаншалық азат етілетіндігін, санитарлық жағдайды жақсартуға қалай қол жететіндігін, осыған қалай жетуге болатындығын, осыларды бүкіл қоғамға, барлық еңбекшілерге қалай таратуға болатындығын толық суреттеп жазу туралы мүлде немесе мүлдем дерлік ойластырып отырған жоқ.

Үлгілі өндіріс, үлгілі коммунистік сенбіліктер, әрбір пұт астықты өндіргендегі және оны бөлгендегі үлгілі қамқорлық пен адалдық, үлгілі асханалар, пәлендей жұмысшы үйіндегі, пәлендей кварталдағы үлгілі тазалық,— міне, осылардың бәрі біздің баспасөздің де, *әрбір* жұмысшы және шаруа ұйымының да қазіргіден он есе артық көңіл бөлетін, қамқорлық жасайтын нәрселері болуға тиіс. Мұның бәрі — коммунизмнің өркендері, бұл өркендерді аялап күту — біздің ортақ және ең бірінші міндетіміз. Біздің азық-түлік пен өндіріс жөніндегі жағдайымыз қаншама қиын болғанмен де, большевиктік өкіметтің бір жарым жылы ішінде дегенмен де *барлық майданда* ілгері басып отырғанымыз күмәнсыз: астық дайындау 30 миллион пұттан (1917 жылғы 1 августан 1918 жылғы 1 августқа дейін) 100 миллион пұтқа дейін (1918 жылғы 1 августан 1919 жылғы 1 майға дейін) артты; огород шаруашылығы ұлғайды, егінді кем егу азайды, отын жөніндегі зор қиыншылыққа қарамастан, темір жол транспорты жақсара бастады, тағысын-тағылар. Жалпы жағдай осылай болып отырғанда және пролетарлық мемлекеттік өкіметтің қолдауы арқасында коммунизмнің өркендері солып қалмақ емес, қайта өсіп, жетіле келе толық коммунизмге айналмақ.

* *
*

Бұл ұлы бастамадан шығатын зор маңызды практикалық сабақтардың бәрін игеріп алу үшін «коммунистік сенбіліктердің» мәнін жақсылап ойластыру керек.

Бұл бастаманы жан-жақты қолдау — бірінші және

басты сабақ. «Коммуна» деген сөз бізде тым жеңіл қолданылып жүр. Коммунистер құрған немесе олардың қатысуымен құрылып отырған кәсіпорындардың бәрі бірден-ақ екінің бірінде «коммуна» деп жарияланады,— бұл жерде *мұндай құрметті атақты* ұзақ және табанды еңбекпен *жеңіп алу керек* екендігі, нағыз коммунистік құрылыста *практика жүзінде* дәлелденген табыстармен жеңіп алу керек екендігі көбінесе ұмытылып кетеді.

Сондықтан Халық Комиссарлары Советінің «тұтыну коммуналарының» *аты жөніндегі* декретін *бұзу* туралы Орталық Атқару Комитеті көпшілігінің мақұлдаған шешімі, меніңше, әбден дұрыс[5]. Мейлі, қарапайым атпенақ атала берсін,— айтпақшы, жаңа ұйымдастыру жұмысының *бірінші* сатыларындағы олқылықтар мен кемшіліктер «коммуналарға» артыла салынбай, *нашар* коммунистерге аударылатын болады (әділін айтқанда осылай болуы керек те). «Коммуна» деген сөзді *бетал-ды* қолдану қойғызылса, кім көрінгеннің бұл сөзге жармаса кетуіне тыйым салынса немесе *бұл атақ т е к қ а - н а* істі коммунистік жолмен жүргізе алатындығын іс жүзінде шынымен дәлелдеген (және бүкіл маңайдағы халықтың бірауыздан тануы арқылы растаған) нағыз коммуналарға *берілетін болса,* өте пайдалы болар еді. Әуелі қоғамның мүдделері үшін, барлық еңбекшілердің мүдделері үшін тегін жұмыс істей алатыныңды көрсет, «революциялық жолмен жұмыс істей» алатыныңды, еңбек өнімділігін арттырып, істі үлгілі етіп жолға қоя алатыныңды көрсет, тек содан кейін ғана «коммуна» деген құрметті атаққа қолыңды соз!

Бұл жөнінде «коммунистік сенбіліктер»— ең бағалы ерекше нәрсе. Өйткені мұнда Москва-Қазан темір жолындағы қара жұмысшылар мен теміржолшылар *әуелі* өздерінің *коммунистерше* жұмыс істей алатынын *іс жүзінде* көрсетті, ал содан кейін өздерінің бастамасына «коммунистік сенбіліктер» деп ат қойды. Бұдан былай да істің осылайша болуына тырысып, осыған ұмтылуымыз керек, ал ауыр еңбекпен, *ұзақ еңбектің* практикалық *табыстарымен,* істің үлгілі түрде және нағыз коммунистік тұрғыдан жолға қойылғандығымен *дәлелдемей тұрып,* өзінің кәсіпорнын, мекемесін немесе ісін комму-

на деп атайтындардың бәрі және әрқайсысы шарлатан немесе кок мылжың ретінде аяусыз мазақ етіліп, масқаралануға тиіс.

«Коммунистік сенбіліктердің» ұлы бастамасын басқа жағынан да, атап айтқанда: партияны *тазалау* үшін де пайдалану керек. Төңкерістен кейінгі алғашқы уақытта, толып жатқан «адал» және тоғышарлық ниеттегі адамдар өте-мөте үрке қарап жүрген кезде, буржуазиялық интеллигенция, мұның ішінде, әлбетте, меньшевиктер мен эсерлер де, буржуазияға жарамсақтанып, түгелімен саботаж жасаған кезде, билеуші партияға авантюристердің және басқа аса зиянды элементтердің бұқпантайлап кіріп кеткендігі әбден сөзсіз, бұл әбден солай. Мұнсыз бірде-бір революция болған емес, болуы мүмкін де емес. Барлық мәселе мынада: сергек және күшті озық тапқа сүйеніп отырған билеуші партия өз қатарын тазарта білуі керек.

Бұл жөнінде біз жұмысты әлдеқашан бастадық. Бұл жұмысты ұдайы және қажымай-талмай жүргізе беру керек. Коммунистерді соғысқа мобилизациялау бізге көмектесті: қорқақтар мен жексұрындар партиядан қаша жөнелді. Алдарынан жарылқасын! Партия мүшелері санының *бұлайша* кемуі — оның күші мен салмағының *орасан артқаны*. «Коммунистік сенбіліктердің» бастамасын пайдалана отырып, тазалауды жүргізе беру керек: партияға, мәселен, «революциялық жолмен жұмыс істеудің» жарты жылдық «сынын» немесе «стажын» өткеннен кейін ғана алынатын болсын. Партияға 1917 жылғы 25 октябрьден кейін кірген және өзінің сөзсіз сенімділігін, адалдығын, коммунист бола алатындығын айрықша еңбегімен немесе қызметімен көрсетпеген партия мүшелерінің *бәріне де* осындай тексеруді қолдану керек.

Нағыз коммунистік жұмыс жөнінде *партия талабының* ұдайы *күшейе түсуімен* байланысты партияны тазалау мемлекеттік өкімет *аппаратын* жақсартады және шаруалардың революцияшыл пролетариат жағына *біржолата шығуын* мейлінше жақындатады.

Айта кетейік, «коммунистік сенбіліктер» пролетариат диктатурасы тұсындағы мемлекеттік өкімет аппараты-

ның таптық сипатын таңғажайып айқын көрсетіп берді. Партияның Орталық Комитеті «революциялық жолмен жұмыс істеу» туралы хат жазып отыр*. Ой салып отырған — 100—200 мың мүшесі бар (елеулі тазалаудан кейін осынша қалар деп ойлаймын, өйткені қазір бұдан көп) партияның Орталық Комитеті.

Бұл ойды кәсібі жағынан ұйымдасқан жұмысшылар іліп әкетті. Бұлардың саны бізде, Россия мен Украинада 4 миллиондай адам. Бұлардың орасан көпшілігі пролетарлық мемлекеттік өкіметті, пролетариат диктатурасын жақтайды. 200 000 және 4 000 000 — міне, бұлай деп айтуға болса, «тісті доңғалақтардың» арақатынасы осындай. Бұдан кейін *он миллиондаған* шаруалар бар; бұлар басты-басты үш топқа бөлінеді: сан жағынан ең көбі және пролетариатқа ең жақыны — жартылай пролетарлар немесе кедейлер; одан кейін орта шаруалар; ақырында, сан жағынан өте азы — кулактар немесе деревня буржуазиясы.

Астық саудасын жүргізуге және ашаршылықты пайдаланып жалдаптық жасауға әзірше мүмкіндік болып тұрған кезде, шаруа жартылай еңбеккер, жартылай жалдап күйінде қала бермек (ал пролетариат диктатурасы тұсында белгілі мерзім ішінде бұлай болуы сөзсіз). Жалдап ретінде, ол бізге дұшпан, пролетарлық мемлекетке дұшпан, ол буржуазиямен және оның меньшевик Шерге немесе эсер Б. Черненковқа дейінгі сенімді малайларымен — астық саудасы еркін болуын жақтайтындармен келісім жасасуға бейім. Бірақ *еңбеккер ретінде,* шаруа — пролетарлық мемлекеттің досы, помещикке қарсы, капиталиске қарсы күресте жұмысшының ең сенімді одақтасы. Еңбекші ретінде, шаруаның орасан көп, сан миллиондаған бұқарасы бір-екі жүз мыңдаған коммунистік пролетарлық авангард бастап отырған және ұйымдасқан миллиондаған пролетарлардан құралған мемлекет «машинасын» қолдайды.

Сөздің шын мағынасында алғанда, бұдан гөрі демократиялық мемлекет, еңбекші және езілген бұқарамен

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 38-том, 299—302-беттер. *Ред.*

бұдан гөрі тығыз байланысқан мемлекет *әлемде әлі болып көрген емес.*

«Коммунистік сенбіліктер» арқылы бейнеленіп, жүзеге асырылып отырған нақ осындай пролетарлық жұмыс шаруалардың тарапынан пролетарлық мемлекетке деген құрмет пен сүйіспеншілікті біржолата нығайтады. Осындай жұмыс — тек осындай жұмыс қана — біздің ісіміздің әділдігіне, коммунизмнің әділдігіне шаруаның біржолата көзін жеткізеді, шаруаны жан-тәнімен бізді жақтайтын етіп шығарады, ал мұның мәнісі: азық-түлік қиыншылықтарын толық жеңуге жеткізеді, астықты өндіру мен бөлу туралы мәселеде коммунизмнің капитализмді толық жеңуіне жеткізеді, коммунизмнің сөзсіз нығаюына жеткізеді.

28 июнь, 1919 ж.

СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ТАЯУДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ДЕПУТАТТАРЫ МОСКВА СОВЕТІНІҢ, КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ МОСКВА ФАБРИКА-ЗАВОД КОМИТЕТТЕРІ ӨКІЛДЕРІНІҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ 1919 ж. 4 ИЮЛЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[6]

Жолдастар, қазір біздің алдымызға жалпы жағдайымызды бағалау жөнінде міндет қойылып отырған кезде, ең алдымен 1919 жылғы июльді 1918 жылғы июльмен салыстырса деген ой басыңа еріксіз оралады. Менің ойымша, табиғи келіп шығатын осындай салыстырудың өзі бұл арада қазір мықтап орын тепкен, жағдайды ауырлата түскен және біздің жаңадан күш салуымызды талап ететін жаңа қиыншылықтар туралы, белгілі дәрежеде бұрынғыдай ескі қиыншылықтар туралы да бізге дұрыс түсінікті бәрінен оңай береді, сондай-ақ, екінші жағынан, бұл салыстырудың өзі осы жыл ішінде дүние жүзілік революцияның қандай орасан зор қадам жасағанын, бұл революцияның іске тіпті мейлінше сергек, мейлінше сенбестікпен қарағанның өзінде де, біздің толық және түпкілікті жеңіске қарай беттеп келе жатқандығымыз жөнінде бізге бұрынғыдай кәміл сенім тудыратын себебі не екенін, осының себебі не екенін көрсетіп береді.

Жолдастар, бұдан бір жыл бұрынғы жағдайды еске түсіріңіздерші. Нақ сол 1918 жылғы июльде Совет республикасының төңірегіне мейлінше қатерлі көрінген қара түнек бұлттар мен мүлде арылмастай көрінген апаттар төніп еді. Қазіргі сияқты, сол кезде де нақ жаңа егін орағының алдында, астық қорлары таусыла бастайтын нақ бұрынғы азық-түлік жылының аяғында азық-түлік жағдайы нашарлап кеткен еді. Былтырғы жағдай өлшеусіз ауыр болды. Қазіргі сияқты, өткен

жаздағы азық-түлік қиыншылықтарына ішкі және сыртқы жақтан одан да көп саяси қиыншылықтар мен соғыс қиыншылықтары қосылды. Былтырғы жазда Советтер съезі[7] жиналған кезде, оның өзі солшыл эсерлердің Москвада жасаған көтерілісімен[8] тұспа-тұс келді, оның өзі сол кезде армияның қолбасшысы болған, біздің майданымызды ашып берген дерлік солшыл эсер Муравьевтің опасыздығымен[9] тұспа-тұс келді. 1918 жылдың жазы Ярославльде жасалған орасан зор заговормен[10] тұспа-тұс келді; бұл заговорды француз елшісі Нуланстың туғызғандығы қазір дәлелденіп отыр, мұны заговорға қатысқандар мойындап та отыр; ол осы заговорды ұйымдастыруға Савинковты көндірген, Архангельскіге түсіріліп жатқан француз әскерлері Ярославльге көмекке келеді, Ярославльдің жағдайы мейлінше қиындағанның өзінде ол алдағы күнде Архангельскімен қосылады, одақтастармен қосылады, демек, Москва таяуда құлайды деп кепілдік берген. Сол кезде жау шығыс жақтап Самараны, Қазанды, Симбирскіні, Сызраньды, Саратовты басып алды. Оңтүстіктен герман империализмі күш берген,— осылай екені дәлме-дәл анықталды да,— герман империализмі күш берген казак әскерлері ақша мен қару-жарақ алып отырды. Жаулар бізге бас салып, бізді екі жақтан қоршап алды, олар бізді қорлады. Немістің империалистік топтарындағылар: «Егер сендер чехословактарды жеңе алмайтын болсаңдар, онда бізді жеңіп көріңдер»,— десті. Неміс империалистері, міне, осындай арсыз әуен көрсетуге дейін барды.

Сол кезде, азық-түлік жағдайы адам айтқысыз қиындағанда, біздің армиямыз енді-енді құрыла бастаған кезде, Совет республикасының мүлде лажсыз қоршауға түсуі міне осындай еді. Армияда ұйым жоқ еді, онда тәжірибе де жоқ еді, біз асығыс, жедел түрде отряд үстіне отряд құруға тиісті болдық,— сындарлы жүйемен жұмыс істеу туралы ойлауға да ешбір болмайтын еді. Ал егер біз сол жылды бастан кешірген болсақ, егер, сол тәжірибеге сүйене отырып, мұны өзіміздің есімізде мықтап сақтай отырып, қазіргі жағдайға көз салатын болсақ, онда былай деуге біздің толық правомыз бар: иә, жағдай қиын, бірақ былтырғы бастан кешіргенімізді

қазіргі жағдайдың қандай екендігімен салыстырсақ,— мұның өзі көңіл күйіне берілмей, мұқият зерттеп, бақылағысы келетін әрбір адамға күмәнсыз нәрсе,— осылай салыстыру тіпті күштердің қарапайым ішкі арақатынасы жағынан алғанда, тіпті уақытша қиындықтарға қатысы бар фактілерді салғастыру жағынан алғанда, біздің қазіргі жағдайымыздың өлшеусіз берік екенін, сондықтан үрейленуге салыну мың есе қылмыс болатынын көрсетеді. Егер бұдан бір жыл бұрын жағдай өлшеусіз ауыр болса, сонда да қиыншылықтарды жеңіп шыққан болсақ, онда біз, күштерімізді ешбір асыра бағаламайақ және қиыншылықтарды ешбір кемітпей-ақ, бұларды ендігі жерде де жеңіп шығамыз деп кәміл сеніммен айта аламыз. Мен басты-басты салыстырмалы деректерді ғана көрсетіп өтуге тиіспін, өйткені келесі шешендер бұл мәселеге неғұрлым толық тоқталады.

Былтыр, жазға салым азық-түлік жағдайы шиеленіскен кезде, біздегі істің жайы мынаған дейін барды: июль мен августа біздегі азық-түлік ісін басқаратын ұйымның, Азық-түлік комиссариатының қоймаларында қалалардың және егіншілікпен айналыспайтын жерлердің мейлінше шаршаған, мейлінше қажыған, мейлінше ашыққан халқына бере қоярлық мүлде еш нәрсе жоқ еді. Биылғы жылы біздің аппарат ілгері қарай орасан зор қадам жасады. 1917 ж. 1 августан 1918 ж. 1 авгусқа дейінгі бір жыл ішінде біз тек 30 миллион пұт дайындай алған едік, ал 1918 ж. 1 августан 1919 ж. 1 майға дейін 100 миллион пұт дайындалып та қойды. Бізге керек мөлшермен салыстырғанда бұл өте аз, бірақ мұның өзі азық-түлік дайындау ісінде миллиондаған ұйымдастыру қиыншылықтарын жеңу керек болатынын дәлелдейді, ал артық астығы бар, еркін рынокта бұрынғы астық саудасын жүргізіп дағдыланған, еркін бағамен астық сатуды өзінің қасиетті правосы деп санайтын әрбір шаруа бізге осы қиыншылықтарды қарсы қояды,— бұл шаруа еліміз орыс капиталына да, бүкіл дүние жүзілік капиталға да қарсы күресіп отырған кезде, осындай уақытта астықпен сауда жасау асқан зор мемлекеттік қылмыс екенін әлі де түсіне алмайды. Мұның өзі кедей мен аш адамды қорлағандық, мұның өзі капита-

лист пен жалдапқа істеліп отырған ең жақсы қызмет болып шығады. Еңбегімен, маңдай терімен, қанымен және жанын сала тіршілік етіп жүрген әрбір шаруа капитализмнің не екенін біледі, біз мұны білеміз. Көмескі, инстинктілік түрде болса да, ол пролетарға тілектес, өйткені пролетариат өзінің бүкіл өмірін капиталды құлатуға бағыштап, бар қанын беретінін ол көріп отыр. Бірақ бұдан социалистік мемлекеттің мүдделерін қорғай білуге дейінгі, бұл мүдделерді қазіргі кезде, астығын аштарға құлақ естіп, көз көрмеген бағамен сата алатын кезінде пайда түсіріп қалғысы келетін саудагердің мүдделерінен жоғары қоя білуге дейінгі — оған дейінгі жол ұзақ әрі алыс жатыр. Қазір біз бұл жолды өлшей бастадық. Біз бұл жолдың біразынан өттік, сондықтан бұл жол қаншама ауыр, қаншама қиын болса да, бұл қиыншылықтарды жеңе алатынымызды біз анық білеміз. Біз содан бері былтырғы жылмен салыстырғанда орасан зор қадаммен ілгері бастық, бірақ біз әлі де қиыншылықтарды түгел шеше қойған жоқпыз. Біз жақсару дереу болады деп уәде ете алмаймыз, бірақ біздің білетініміз — дегенмен жағдай анағұрлым көбірек үміттендіреді, біздің білетініміз — дегенмен біздің ресурстарымыз қазір, былтырғы жылы оңтүстік-шығыстан казак бандаларының, оңтүстік-батыстан неміс империализмінің, астықты шығыстан чехословактардың кесіп тастағанындай, онша кесіп тасталып отырған жоқ. Істің жайы анағұрлым жақсы, сондықтан да жаңа шығындар мен ауыртпалықтар әкелетіні күмәнсыз ең таяудағы апталарды бастан кешіріп, жеңіп шыға аламыз, өйткені біз былтыр да бір рет осылай еткенімізді білеміз, қазір жағдайымыздың тәуірлеу екенін білеміз, мұның өзі социалистік төңкеріс атаулының басты қиыншылықтарының ішіндегі басты қиыншылық екенін, мұның өзі практикада өзіміз бастан кешірген астық қиыншылығы екенін білеміз. Сөйтіп біз, шынында да, жорамалдар мен үміттерге сүйенбей, өзіміздің практикалық тәжірибемізге сүйене отырып, бұл қиыншылықтарды жеңуді үйрендік және ақырына дейін жеңуді үйренеміз деп кесіп айтамыз.

Егер қазіргі, одақтастар Одессаны, Севастопольді қолдарында ұстап, немістерден кейін Украинаны басып алған кездегі, олар сәтсіздікке ұшыраған кездегі соғыс жағдайын алсаңыздар,— ұсақ буржуазия бұқарасына және үрейленген тоғышарға шама келместей көрінген қатердің бос нәрсе болып шыққанын көріп отырмыз,— бұл қатердің, бұл дәудің дәрменсіз екенін көріп отырмыз. Ақ гвардияшыларға, помещиктер мен капиталистерге қару-жарақ пен әбзел-жабдықтар беріп көмектесу үшін олар қолдан келгеннің бәрін істеді. Ағылшын газеттері,— сонымен қатар ағылшын министрлері де,— өздерінің Деникинге қосымша күшпен жәрдем бергеніне ашықтан-ашық мақтанған болатын. Біз олардың 250 мың адамға арнап әбзел-жабдық жібергендігі жөнінде, бүкіл қару-жарақты бергендігі жөнінде мәліметтер алдық. Олардың ондаған танктер жібергендігі жөнінде де бізде анықталған мәліметтер болды. Мұның өзі сол кезде, жау бізді шығыс жақтан тықсырып жатқан кезде, бізге Деникиннің тарапынан мейлінше ауыр соққылардың жасалуына көмектесті. Өткен июльде қандай ауыр кезді бастан кешіргенімізді біз білеміз. Біз қауіп біткенді ешбір кемітіп көрсетпейміз және қалың бұқара ішіне ашықтан-ашық барып, оларға жағдайды айтып беруге, оларға бүкіл шындықты түсіндіруге, олардың көздерін ашуға тиісті екендігімізге титтей де именбейміз, өйткені жұмысшылар, әсіресе шаруалар,— шаруаларға шындықты ұғындыру өте қиын,— бұл шындықты неғұрлым көп білсе, олар соғұрлым батыл, берік, саналы түрде біздің жағымызға шығатын болады. (*Қол шапалақтау.*)

Жолдастар, кеше біз Орталық Комитетте соғыс жағдайы туралы бұл жерде баяндаманы Троцкий жолдас жасайды деп ұйғарған болатынбыз. Амал не, бүгін докторлар оның баяндама жасауына қатал тыйым салыпты. Сондықтан мен бірнеше сөзбен жағдайды айта кетейін, бірақ бұл іс жайында баяндамашының ролін атқарудан ешбір дәмелене алмаймын, солай бола тұрса да, жолдастар, Оңтүстік майданды аралап қайтқан Троцкий жолдастан кеше өзіміздің естігенімізді сіздерге мейлінше қысқаша айтып бере аламын.

Ондағы жағдай шынында да қиын, бізге мейлінше ауыр соққылар жасалған, біздің шығындарымыз да орасан көп. Біздің барлық сәтсіздіктеріміздің екі жақты себебі бар. Нақ екі себебі бар: бірінші себеп — Колчак бізге соққылар жасап жатқан кезде, шығысқа қосымша күш жіберу үшін әскерлеріміздің едәуір бөлегін әкетуімізге тура келді. Дәл сол мезгілде Деникин жаппай мобилизация жасауға көшті. Рас, Оңтүстік майданның Революциялық советінің сонда көптен бері жұмыс істейтін мүшелерінің бірі бізге: нақ осы жаппай мобилизация, Колчактың түбіне жеткені сияқты, Деникиннің де түбіне жетеді деп хабарлады. Оның армиясы таптық армия болып тұрған кезінде, оның армиясы социализмді жек көретін еріктілерден құралған армия болып тұрған кезінде, бұл армия мықты және берік армия еді. Ал ол армиясына жаппай ала бастаған кезде, ол, әрине, армияны тез құрастыра алды, бірақ бұл армия неғұрлым көбейген сайып, оның таптық жағы соғұрлым кем болмақ, ол соғұрлым әлсіз болмақ. Деникиннің армиясына алынған шаруалар бұл армияда Колчактың армиясындағы сибирьлік шаруалардың істегенін істейді,— олар Колчак армиясының толық азғындауына себепкер болған.

Екінші себеп, Деникиннің армиясының орасан күшейгенін былай қойғанда,— Оңтүстік майданда партизаншылдықтың өріс алуы. Троцкий жолдас кеше мұны да бізге толық баяндады. Григорьевтің махношылдықтан туған авантюрасының салдарынан біздің армияларымыздың қандай халге ұшырағанын және украин шаруалары мен бүкіл украин пролетариатының гетманшылдық кезінде қандай халге ұшырағанын бәріңіз де білесіздер. Украинада пролетарлық сананың тым жеткіліксіз болуынан, әлсіздік пен ұйымдаспағандықтың салдарынан, Петлюраның іріткі салуы мен неміс империализмінің қысымынан,— міне осы негізден ол жерде бас араздық пен партизаншылдық стихиялық түрде өсіп шықты. Әрбір отрядта шаруалар қолға қару алып, жергілікті жерде өкімет орнату үшін өз атаманын немесе өз «батькосын» сайлады. Олар орталық өкіметпен мүлде санаспады, ал әрбір батько өзін сол жердегі атаман деп білді, орталықта белгіленіп отырған шаралармен ешбір

санаспастан, өзін барлық украин мәселелерін шеше алатын адам деп ойлады. Қазіргі жағдайда бір ғана энтузиазммен, бір ғана қызу жігермен шаруаларды қаратып алуға болмайтыны енді біз үшін әбден айқын болып отыр,— мұндай әдіс баянсыз. Мәселе миллиондаған халық бұқарасының қозғалысына келіп тіреліп отырғанда, мұнда сөзден келетін пайда аз, қайта олардың өздерінің өмірлік тәжірибесі керек, нұсқауларды адамдардың өздері тексеріп, өз тәжірибесіне олардың өздері сенетін болуы керек деп украин жолдастарға біз мың мәрте ескерткенбіз. Бұл тәжірибе украин шаруаларына өте қиынға түсті. Неміс оккупациясы кезінде олар адам айтқысыз апаттарды, адам айтқысыз құрбандықтарды бастан кешірді, біздің шеккен қасіретімізден әлденеше есе көп қасірет шекті, бірақ сонда да олар өз ұйымшылдығына, өз тәуелсіздігі мен мемлекеттік дербестігіне қалай жету керек екенін әлі де білмейді. Алғашқы кезде, герман империализмінен азат етілгеннен кейін, Деникин бандалары күшейе бастады, біздің әскерлер оларға әрдайым тиісті тойтарыс беріп отырмады, ал өзендердің көктемгі тасқынынан кейін біздің әскерлер тоқтап қалды, өйткені онан әрі бару мүмкін емес еді, ал бұл жақтан қосымша күш барып жетпеді,— сонда қатерлі кезең туды, мұның өзі бүкіл украин шаруаларын және Украина мен Донға жапсарлас өңірдің шаруаларын бірінші соққыға ұшыратты, бірақ мұның өзі, бақытымызға қарай, оларды партизаншылдық пен берекесіздіктің осы кемшіліктерінен арылтады. Украин шаруаларының күші Деникиннің күштерін құлататындығын біз өте жақсы білеміз, оларға жасалған соққылардың тым ауыр екенін де біз білеміз, бірақ бұл соққылар олардың жаңа сапасын оятып, жаңа күштерін өршітеді. Ол жақтағы адам айтқысыз шығындарды өз көзімен көріп келген Троцкий жолдас: бұл тәжірибе украин шаруалары үшін тегін кетпек емес, мұның өзі украин шаруаларының бүкіл психологиясын өзгертпей қоймайды деп анық мәлімдеп отыр, ал біз осыны бастан кешірдік те ғой. Былтырғы жылы өз жағдайымыздың тәуір болмағанын біз білеміз. Бірсыпыра елдердің бізге, орыстың жас республикасына жирене қарағанын біз білеміз, ал енді

көптеген елдерде нақ осылай бола бастап отыр, нақ осындай құбылыстар байқалып отыр.

Украина бізден гөрі қиынырақ айығуда, бірақ ол айығып келеді. Украина ыдыраушылықтың, партизаншылдықтың сабақтарын ұғынды. Мұның өзі бүкіл украин революциясындағы бетбұрыс дәуірі болады, мұның өзі Украинаның бүкіл дамуына әсер етеді. Мұның өзі біз де бастан кешірген бетбұрыс, партизаншылдықтан және: біз бәрін де істейміз! — деген революциялық көпірме сөзден безіп, ұзақ, баянды, қажырлы, ауыр ұйымдастыру жұмысының қажеттігін ұғынуға қарай жасалған бетбұрыс. Мұның өзі біз Октябрьден соң көп айлар өткеннен кейін барып түскен жол және бұл жолда біз едәуір табысқа жеттік. Біз болашаққа барлық қиыншылықтарды жеңеміз деген зор сеніммен қараймыз.

Троцкий жолдас атап көрсеткен жағдайлардың ішіндегі осы бетбұрысты айқын сипаттайтын бір жағдай — оның дезертирлер жөнінде байқаған нәрсесі. Ол бірталай губернияларды аралаған, біз ол жерлерге дезертирлікке қарсы күресетін жолдастарды жіберсек те, табысқа жетпеген едік. Оның өзі митингілерде сөз сөйлеп жүріп, біздегі он мыңдаған дезертирлердің не үрейге берілген, не буржуазияның соңына тым оңай еріп кететін адамдар екенін көрген. Ал біз түңілумен барабар қорытындылар жасауға әзірміз. Курск арқылы және Рязань арқылы сапар шеккен Троцкий бірнеше қалаларда осы жағдайды көріп-білгеннен кейін, бұл жөнінде болған айтып жеткізгісіз бетбұрыс туралы баяндады. Кейбір комиссарлар: біз енді дезертирлердің Қызыл Армияға ағылуынан тыным таппай отырмыз деген. Қызыл Армияға барып жатқан дезертирлердің көп екені соншалық, қайтып жатқан бұрынғы дезертирлермен жеткілікті қамтамасыз етілуімізге қарай біз өзіміздің мобилизация жасауымызды тоқтата аламыз.

Казактар мен Деникин жорықтарының мәнісі не екенін шаруалар көріп-білді, ал іске екі есе саналылықпен қарай бастаған, бірден бейбітшілікке жетуді тілеген шаруалар бұқарасы, міне, бұлар азамат соғысының бізге күшпен таңылғанын түсіне алмайды. Шаруалар әскерге алынудан құтылу үшін орманға жасырынып,

жасыл бандаларға қосылу жөнінде бар амалын істеп бақты, одан әрі күл болмаса, бұл болсын десті. Украинада бүлінушілікке ұласып кеткен жағдай осы, дезертирлер санының бізде көптеген мыңға жетуіне себеп болған жағдай осы. Троцкий біз бұл іске неғұрлым батыл қарап, дезертирлерге мәулет берген кезде туған бетбұрыс туралы айтып отыр. Рязань губерниясына жұмыс істеу үшін жүздеген жолдастар барған, содан кейін бетбұрыс туған. Олар митингіде болған, содан кейін дезертирлер Қызыл Армияға ағылған. Жергілікті комиссарлар дезертирлерді қызылдар қатарына қосып үлгіре алмағандықтарын айтыпты. Курск мен Воронежге баратын позицияларды нығайтудың бастауы болған, Лиски станциясын қайырып алуымызға байланысты жағдай, міне, осы. Бұл жағдай Троцкийдің оңтүстіктегі жағдай нашар, сондықтан біз бар күшімізді салуға тиіспіз деуіне мүмкіндік берді. Ал мен: *бұл жағдай апатты жағдай емес* деп кесіп айтамын. Кеше біздің шығарған қорытындымыз, міне, осы. (Қол шапалақтау.)

Бірақ бұл қорытынды ешқандай күмән туғызбайды, сондықтан біз бар күшімізді салу үшін қолдан келгеннің бәрін істейміз, сондықтан біз еңбекшілер бұқарасының саналылығы жеңіп шығады деп сенеміз, өйткені тәжірибе Украинада мынаны дәлелдеді: Деникин неғұрлым жақындай түскен сайын, Деникиннің, капиталистер мен помещиктердің не әкелетіні неғұрлым айқын болған сайын, дезертирлікке қарсы күресу біз үшін соғұрлым оңайлап отыр, дезертирлердің қайтуы үшін белгіленген апталық мерзімді соғұрлым батыл ұзартып отырмыз. Үшінші күні біз Қорғаныс Советінде[11] дезертирлердің бұл қайтып оралу мерзімін тағы да бір аптаға ұзарттық, өйткені Деникин туғызатын саналылық олар үшін тегін кетпейді деген толық сенім бізге пайда болды, ал егер біз ең таяудағы айлардың ішінде бар күшімізді соғыс жұмысына жұмсауға тиісті екендігімізді есте сақтайтын болсақ, Қызыл Армия өсе бермек. Сөйтіп біз: шығысқа қалай жәрдем берген болсақ, қазірде де оңтүстікке солай жәрдем беріп, онда жеңіп шығу үшін күш саламыз деуге тиіспіз. Жолдастар, көңілкүйіне, ең үрейшілдік ниеттерге бой ұрған адам бұл

арада мәселені: егер біз оңтүстікке күш салсақ, онда біз шығыста жеңіп алғанымыздан айрыламыз деп қоюы мүмкін. Бұл жөнінде біз: әскерлеріміздің шығыста ие болған жеңістері, барлық деректерге қарағанда, Сибирь революциясымен ұштасқалы отыр деп айта аламыз. (Қол шапалақтау.)

Кеше Москвада бір меньшевик баяндама жасаған. Азамат Голосовтың осы баяндамасы туралы сіздер «Известия» газетінен оқыған боларсыздар[12], оның айтуынша, меньшевиктер Сибирьде бір таптың қайдағы бір диктатурасы, узурпация, зорлық-зомбылық жоқ,— олар Совет өкіметін осылай атайды,— онда Құрылтай жиналысы мен халық өкіметі де, жалпыға бірдей сайлау правосының үстемдігі де, халықтың еркі де бар деп санап, сол жаққа барған. Сегіз ай бойы Керенскиймен шүйіркелесіп, бәрін де Корниловқа берген, еш нәрсе де үйренбей, Колчакқа барған осы адамдардың тәжірибесі,— міне, осылардың тәжірибесі қазір мынаны көрсетіп отыр: қайдағы бір большевиктер емес, большевиктердің дұшпандары, өзінің бар қызметін большевизмге қарсы дүшпандық күреске жұмсаған адамдар жүздеген шақырым жерді жаяу шарлап, тиісті қорытындылар шығарды, меньшевиктердің есептерінен біз осыны естідік, жұртшылық осыны білді,— бұл қорытындыларға қарағанда, олар тек жұмысшыларды ғана емес, шаруаларды да, тек шаруаларды ғана емес, кулактарды да өздерінен жеріткен. Тіпті кулактар да Колчакқа қарсы көтеріліс жасап отыр! (Қол шапалақтау.) Колчакшылдыққа қарсы көтерілістер туралы жасалған суреттемелер осындай, бұлардың бәрі де ешбір асыра көрсетілген нәрселер емес. Тек жұмысшылар мен шаруаларды ғана емес, кезінде жаппай саботаж жасаған, патриоттық ниеттегі интеллигенцияны да, Антантамен одақтас болған интеллигенцияның нақ өзін де,— соны да Колчак жерітті. Қазір бізге Уралда көтеріліс болып жатыр деседі, біз нағыз жұмысшы көтерілісінің кезеңін кездестіріп отырмыз және тағы да айтамыз: Уралдағы жеңіс Сибирьдегі бүкіл халық бұқарасының колчакшылдықты толық жеңуіне қарай жасалған бетбұрыс болады деп ең

таяу айлардың ішінде күтуге барлық мүмкіндіктеріміз бен барлық дәлелдеріміз бар.

Жолдастар! Сіздер кеше газеттерден Мотовилиханың алынғанын көрдіңіздер,— Уралдағы завод ауданы осыдан басталады. Бірнеше полктері біздің жаққа өткен Пермьнің алынуы жайындағы егжей-тегжейлер осыны растап отыр және біз күн сайын телеграммадан соң телеграмма алудамыз, бұлар Уралда шешуші бетбұрыс туғанып көрсетеді. Мен бүгін Уфадан 2 июльде салынған телеграмма алдым, бұл да осыны дәлелдейді. Шешуші бетбұрыс туды және Уралда біз жеціп шығамыз деуге толық мүмкіндік беретін біздің неғұрлым егжей-тегжейлі мәліметтеріміз бар. Пермьнің, онан соң Мотовилиханың,— осы аса ірі заводтар орталықтарының алынуы арқылы біз көп табысқа жеттік; ондағы жұмысшылар ұйымдасқан түрде жүз-жүздеп біздің жағымызға өтіп жатыр, жаудың тылындағы темір жолдарды кесіп тастап жатыр. Сіздердің араларыңызда колчакшылдарды — сол жақтан шығып келген жұмысшылар мен шаруаларды көргендер, сірә, аз болар, ал біз Москвадағы жұрттың сол жақтан келген адамдарды көбірек көргенін тілер едік. Бұдан бір жыл бұрын Урал маңындағы шаруалар мен Сибирь шаруалары большевиктерден сырт айналып кетуге әзір еді ғой. Большевиктер ауыр соғыста көмек берулерін талап еткен кезде, большевиктер: «Помещиктер мен капиталистерді жеңу тегінге түспейді, сондықтан егер капиталистер мен помещиктер соғыс ашып отырған болса, сіздер революцияның жеңістерін қорғап қалу үшін барлық құрбандықтарды көтеруге тиіссіздер. Революция тегін жасалмайды, ал егер сіздер осы құрбандықтарға шыдамай бүгілетін болсаңыздар, егер осы құрбандықтарды көтеруге төзімдеріңіз жетпейтін болса, сіздер революцияны күйретесіздер» деген кезде олар ашынып, ызаланған болатын. Шаруалар мұндай сөзді тыңдағысы келмеді, мұның өзі оларға тек революциялық ұран сияқты болып көрінді. Сондықтан, ана жақтағылар бейбітшілік орнатып, Антантадан көмек әперуге уәде еткен кезде, олар сол жаққа шығып кетті. Өздеріңіз білесіздер ғой, Сибирьдің шаруалары — крепостниктік правоны көрмеген шаруалар. Олар — Рос-

сиядан жер ауып барғандарды қанап дағдыланған ең тоқ шаруалар, олар революциядан жақсылық көрмеген шаруалар, міне сол шаруалар бүкіл орыс буржуазиясынан, барлық меньшевиктер мен эсерлерден көсемдер алып отырды, — мұндайлар ол жерде жүздеп, мыңдап саналатын. Мәселен, Омскіде қазір біреулердің есебі бойынша 900 мың, ал екінші біреулердің есебі бойынша 500 мың буржуазия бар. Бүкіл буржуазия түгелдей сол жерге барып тоғысты, білімділігі мен мәдениеттілігі жағынан және басқару дағдысы жағынан халыққа басшылық етуден дәмеленетіндердің бәрі, меньшевиктерден бастап эсерлерге дейінгі партиялардың бәрі сол жерге барып тоғысты. Олар қарны тоқ, мықты және социализмге бүйрегі бұра бермейтін шаруаларды тапты, Антантаның барлық мемлекеттерінен, бүкіл дүние жүзінде өкіметті өз қолдарында ұстап отырған, құдіреті күшті мемлекеттерден көмек алды. Олар теңізге емінеркін жеткізетін темір жолдарға не болды, ал мұның өзі толық үстемдік ету деген сөз, өйткені дүние жүзінде одақтастар флотына қарсы келетін ешқандай жау жоқ және бүкіл жер шарында үстемдік етіп отыр. Бұдан артық тағы не керек еді? Большевиктерге қарсы жинауға болатындардың бәрін: мықты және күшті шаруалардың өлкесін де, Антантаның көмегін де жинаған осы адамдардың екі жылдық тәжірибеден кейін сондай сәтсіздікке ұшырауының — «халық өкіметінің» орнына помещиктер мен капиталистер ұрпағының сорақы үстемдігі ғана қалып, колчакияның толық күйреуінің себебі не; біздің қызыл әскерлеріміз азат етушілер ретінде Уралға жақындаған кезде біз осы күйреушілікті айқын көріп отырмыз. Ал бұдан бір жыл бұрын шаруалар: «Большевиктер жойылсын, өйткені олар ауыртпалықты шаруаларға жүктеп отыр» деген еді, сөйтіп помещиктер мен капиталистердің жағына шығып кеткен еді. Ол кезде олар біздің айтқанымызға сенбеген еді; қазір олар мұны өз бастарынан кешірді, большевиктер бір атын алса, колчакшылдардың бәрін — аттарын да, қалғандарының бәрін де — түгел сыпырып алып, патшалық тәртіп орнатқанын көрді. Ал енді шаруалар, өткен кездегі тәжірибені көргеннен кейін, Қызыл Армияны өзінің

құтқарушысы ретінде қарсы алып, большевиктермен бірге Сибирьде толық, баянды бостандық орнатылады деп отыр. (Қол шапалақтау.)

Колчакияның бұл тәжірибесі — біз үшін аса бағалы тәжірибе, мұның өзі бізге дүние жүзінде не болып жатқанын кішігірім көлемде көрсетіп береді, мұның өзі бізге большевиктердің күштілігі неде екенін, оның нағыз негіздерін,— жеңілмес негіздерін, арылмас негіздерін,— көрсетіп береді. Сибирь біздің жауларымыздың қолында болған кезде, біз әлсіз болып көріндік. Қазір осы орасан күштің бәрі күйреп қалды. Неге? Неге десеңіз, империалистік соғысқа және оның зардаптарына біздің берген бағамыз дұрыс болып шықты, бұл соғыстан адамзат ескіше құтылмайды, жұрттың шеккен қасіреті, көрген азабы, капитализмге ашынғаны сонша, жұмысшы табының үстемдігі туып, социализм орнайды дегеніміз дұрыс болып шықты. Осында «аралық жол» туралы айтылды, ал мен оңшыл эсерлер мен меньшевиктер осы аралық жолды арман ететінін, бұл аралық партиялардың ішіндегі таңдаулы адамдар осы аралық жолды мүлде шын ниетімен арман ететінін мен өте жақсы білемін, бірақ мұның өзі барып тұрған бос арман екенін біз тұтас елдердің тәжірибесінен, халықтардың тәжірибесінен білеміз, өйткені Құрылтай жиналысының бұл патшалығында, Черновтар мен Майскийлердің тағы да министрлік мансаптарын бастаған жерінде және толық күйреген жерінде аралық жол деген жоқ. Бұлардың күйреуі кездейсоқ нәрсе ме, әлде большевиктер дуалап қойғандықтан болып отыр ма? Бірақ бұған ешкім де нанбайды ғой! Егер олар Құрылтай жиналысына деген осындай сенімнен бастап, осылай қаусап тынған болса, мұның өзі большевиктердің: не жұмысшы табының диктатурасы, барлық еңбекшілердің диктатурасы орнап, капитализм жеңіледі, не буржуазияның нағыз жиркеніштi, қанқұйлы үстемдігі, Колчактың Сибирьде орнатқаны сияқты монархияға дейін жететін үстемдігі орнайды деп айтқаны дұрыс екенін тағы да растайды. Ал енді мен Сибирь жөніндегі сабақтар мен қорытындыларды айтып өткеннен кейін, халықаралық жағдайға азырақ тоқталып, сөзімді аяқтамақшымын.

Жолдастар, қазір біз ішкі жағдайда орасан зор қадаммен ілгері бастық, бұдан бір жыл бұрын тәңірдің дүниесіне мүлде санасыз қараған, Құрылтай жиналысы туралы ділмарлана сөйлейтін әр адамның сөзіне нанған, большевизмнің ауыртпалықтарынан үнжырғасы түскен, күреске шақыратын алғашқы ұранды естігенде-ақ ат-тонын ала қашқан миллиондаған орыс шаруалары,— осы шаруалар содан бері оңтүстікте немістердің үстемдігінің адам айтқысыз ауыр қанды тәжірибесін бастан кешірді, олар осы тәжірибеден көп нәрсе үйренді. Біз шексіз күшейдік, оның себебі — миллиондаған адамдар Колчак дегеннің не екенін түсіне білетін болды; Сибирьдің миллиондаған шаруалары большевизмге келді,— ондағылар түгелдей большевиктерді күтіп отыр,— бұл ретте олар біздің уағыздарымыз бен ілімдерімізге емес, өздерінің тәжірибесіне сүйенді, өйткені олар социалист-революционерлерді шақырып, басқаруға отырғызған еді, ал эсерлер мен меньшевиктерді осылайша өкімет басына отырғызудан орыстың ескі монархиясы, ескі держиморда келіп шықты, мұның өзі «демократия» кейпінде ел басына адам айтқысыз зорлық-зомбылық әкелді. Бірақ халықтың осылай айығуы көп нәрсеге татиды. (Қол шапалақтау.)

Халықаралық жағдайға қараңыздар. Бұл жөнінде біз бастан кешкен бір жыл ішінде, бұдан бір жыл бұрын болған нәрселерден кейінгі жерде адам естіп-білмеген қадамдармен ілгері басқан жоқпыз ба? Сол кезде тіпті революцияға берілген адамдар да бізден сырт айналып кетпеді ме, олар: большевиктер Россияны неміс жыртқыштарына қолдан берді, Брест бітімі[13] түзетілмес қате жасалғанын дәлелдеді демеді ме, олар демократиялық Франциямен және Англиямен одақ қана Россияны құтқарады деп есептемеді ме? Ақыры не болды? Былтырғы дағдарыстан соң бірнеше айлар өткеннен кейін Брест бітімі қақырап түсті. Германияның қиратылған кезі — 1918 жылғы 9 ноябрьден кейінгі жерде жарты жыл өтті, ал француз және ағылшын империалистері жарты жыл әрекеттеніп жүріп бітім жасасты[14]. Ал ол бітім не берді? Оның бергені сол — осы күнге дейін француз және ағылшын империалистерін қорғаушылардың, соғысты

ақырына дейін жүргізуді уағыздаушылардың жағында болып келген барлық жұмысшылар,— жұмысшылардың бәрі күн сайын емес, сағат сайын біздің жағымызға шығып, өздеріне былай деп отыр: «Бізді төрт жыл бойы алдап, соғысқа айдады. Бостандық үшін Германияның жеңілуі керек, бостандық, теңдік жеңеді, демократия жеңеді деп бізге уәде берген еді, оның орнына бізге Версаль бітімін ұсынды,— тонаушылық және пайдакүнемдік мақсаттармен жасалған лайықсыз зорлық бітімін ұсынды». Осы жыл ішінде біздің жағдайымыз халықаралық революцияның жеңіп шығуы үшін жүргізілген ауыр күрестің жағдайы болды. Сөйтіп біздің жағдайымыз, егер оны жаулардың жағдайымен салыстырсақ, мынадай болды: бүкіл дүние жүзінен бізге одақтастардың саны біз қадам басқан сайын неғұрлым көбейе берді. Ал қазір біз мынаны көріп отырмыз: өзінің империалистік көзқарасы тұрғысынан немістердің жеңіліс деп есептеп отырғаны да, французадар мен ағылшындардың толық жеңіс деп есептеп отырғаны да ағылшын және француз империалистерінің құрып-бітуінің басы. Жұмысшы қозғалысы қазір күн сайын емес, сағат сайын өсіп отыр. Жұмысшылар шетелдік әскерлерді Россиядан аластауды және Версаль бітімін жоюды талап етуде. Брест бітімінің алдында біз жалғыз болдық, ол бітім қақырап түсті, енді оның орнына Версаль бітімі пайда болды, ол Германияны тұншықтырып отыр.

Бастан кешкен осы жылды бағалай келіп, барлық қиыншылықтарды ашық мойындай отырып, біз сіздерге сабырлылықпен, сеніммен, батылдықпен былай деп айта аламыз: жолдастар, біз сіздерге жалпы жағдайды баяндау үшін, өзімізге жаңадан кездескен қиыншылықтарды Москваның алдыңғы қатарлы жұмысшыларына айтып беру үшін тағы да, тағы да келіп отырмыз, сөйтіп осы ауыр жылдың ішінде қандай сабақтар алып шыққанымызды ойлаңдар деп шақырмақпыз, сөйтіп осындай ой мен есептің негізінде, осы тәжірибенің негізінде, бізбен бірлесе отырып: біз жеңіп шығамыз, орыс көлемінде ғана емес, халықаралық көлемде де жеңеміз деген мызғымас, берік сенімге келіңдер демекпіз. Оңтүстікте өзіміз ұшыраған жеңілістерге қарсы біз бар-

лық күшімізді үсті-үстіне жұмсаймыз. Біз ұйымшылдықтың, тәртіптілік пен адалдықтың сыннан өткен құралдарын қолданамыз, сонда Колчак қалай күйреген болса, қазір француз және ағылшын империалистері қалай күйрен жатқан болса, Деникин де нақ солай қиратылады, нақ солай жанышталады, нақ солай күйретіледі деп біз сенеміз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Газет есептері 1919 ж.
5 июльде «Правданың»
145-номерінде және
«Известия ВЦИК» газетінің
145-номерінде басылған

Бірінші рет 1932 ж. В. И. Ленин
Шығармаларының
2—3-басылуларында
толық басылған, XXIV том

Газеттердің текстерімен
салыстырылған стенограмма
бойынша басылып отыр

БАР КҮШТІ ДЕНИКИНГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСКЕ ЖҰМСАЙЫҚ!

(РКП (БОЛЬШЕВИКТЕР) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНА ХАТЫ)[15]

Жолдастар! Социалистік революцияның ең қиын-қыстау кезеңдерінің бірі, бәлкім, ең қиын-қыстау кезеңі туып отыр. Қанаушылардың, помещиктер мен капиталистердің қорғаушылары — орыстар мен шетелдіктер (ең алдымен ағылшындар мен французлар) Россияда халық еңбегін тонаушылардың, помещиктер мен қанаушылардың өкіметін қайта орнату үшін, бүкіл дүние жүзінде олардың құлағалы тұрған өкіметін нығайту үшін жанталаса әрекет істеп отыр. Ағылшын және француз капиталистерінің өз әскерлерінің күшімен Украинаны жаулап алмақ болған жоспары іске аспай қалды; олардың Сибирьде Колчакты қолдамақ болған әрекеті де іске аспай қалды; Қызыл Армия жаппай көтеріліс жасаған Урал жұмысшыларының көмегімен Уралда ерлікпен ілгері баса отырып, Сибирьді сол жердегі әміршілердің, капиталистердің адам айтқысыз тепкісінен, айуандығынан азат ету үшін Сибирьге жақындап келеді. Ақырында, ағылшын және француз империалистерінің контрреволюциялық заговор арқылы Петроградты басып алмақ болған жоспары да іске аспай қалды; бұл заговорға орыс монархистері, кадеттер, меньшевиктер мен эсерлер, оның ішінде солшыл эсерлер де қатысқан еді.

Қазір шетелдік капиталистер Деникиннің шапқыншылығы арқылы капиталдың тепкісін қайта орнату жөнінде жанталаса әрекет істеп отыр, олар бір кезде Колчакқа көмек бергені сияқты, Деникинге де офицерлерімен,

жабдықтарымен, снарядтарымен, танктерімен, т. т. және т. с. көмек беріп отыр.

Қызыл Армияның Урал мен Сибирьге жасап отырған жеңімпаз шабуылын тоқтатпастан, Деникиннің шапқыншылығын тойтарып, оны жеңу үшін жұмысшылар мен шаруалардың барлық күштері, Совет республикасының барлық күштері жұмсалуға тиіс. Бұл —

КЕЗЕҢНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ

Ең алдымен және көбінесе барлық коммунистер, оларға тілектес барлық адамдар, барлық адал ниетті жұмысшылар мен шаруалар, барлық совет қызметкерлері *өз жұмысын,* өз күштері мен әрекеттерін *соғыстың тікелей міндеттеріне,* Деникиннің шапқыншылығын тез тойтаруға *барынша* жұмсай отырып, өздерінің басқа қызметінің бәрін осы міндетке сәйкес ықшамдап, қайта құра отырып, *соғыстағыша жинақы болуға* тиіс.

Совет республикасы жаудың қоршауында отыр. Совет республикасы сөз жүзінде емес, іс жүзінде *біртұтас әскери лагерь* болуға тиіс.

Барлық мекемелердің бүкіл жұмысын соғысқа бейімдеп, соғыстағыша қайта құру керек!

Жұмысшылар мен шаруалар мемлекетінің істерін шешу үшін коллегиялық қажет. Бірақ коллегиялықты қоздырудың қандайы болса да, оны қағазбастылыққа, жауапсыздыққа апарып соғатындай етіп бұрмалаудың қандайы болса да, коллегиялық мекемелерді қысыр сөз ордасына айналдырудың қандайы болса да барып тұрған қырсық болып табылады, сондықтан, еш нәрседен де тайынбай, қайткен күнде де бұл қырсықты мүмкіндігінше тезірек жою керек.

Коллегиялар мүшелерінің саны жөнінде де, жұмысты іскерлікпен жүргізу, «сөздерге» тыйым салу, пікір алысудың мейлінше шапшаң болуы, оны хабарландыру түрінде және дәл практикалық ұсыныстар түрінде жүргізу жөнінде де коллегиялық жұмыс мүлде қажетті минимумнан әрі аспауға тиіс.

Тіпті кіші-гірім мүмкіндік болған жағдайдың бәрінде де коллегиялық мейлінше шағын коллегияда ең маңыз-

ды мәселелерді ғана өте қысқаша талқылаумен тынуға тиіс, ал мекемені, кәсіпорынды, істі, міндетті *практикалық жағынан басқару* өзінің табандылығы, алғырлығы, батылдығы, практикалық істі жүргізе білетіндігі жағынан мәлім, зор сенімге ие болған *бір жолдасқа* тапсырылуға тиіс. Қайткен күнде де және қандай жағдай болғанның бәрінде де коллегиялық *дәл* белгіленген іске *әрбір* адамның жеке басы жауапты болуымен қатар жүріп отыруға тиіс. Коллегиялық сылтауларымен бүркемеленіп отыратын жауапсыздық — ең қауіпті қырсық, мұның өзі тыңғылықты коллегиялық жұмыста онша көп тәжірибесі жоқ адамдардың бәріне де қауіпті, ал соғыс ісінде екінің бірінде сөзсіз апатқа, берекесіздікке, үрейшілдікке, көп өкіметтілікке, жеңіліске ұшыратып отырады.

Бұдан кем соқпайтын тағы бір қауіпті қырсық — ұйымдастыру жұмысындағы әбігерлік немесе ұйымдастыру ісіндегі жобақұмарлық. Соғыс үшін қажеттіктен жұмысты қайта құру ешбір жағдайда да мекемелерді қайта құруға, әсіресе ат үсті жаңа мекемелер құруға әкеліп соқпауға тиіс. Бұлай ету мүлде орынсыз, мұның өзі тек берекесіздікке апарып соғады. Жұмысты қайта құру — онша қажет емес мекемелерді уақытша тоқтату немесе оларды белгілі бір мөлшерге дейін қысқарту керек деген сөз. Ал соғысқа көмектесу жөніндегі бүкіл жұмыс *түгелінен және тек қана қазіргі бар* әскери мекемелер *арқылы,* оларды жөнге салу, нығайту, ұлғайту, қолдау жолымен жүргізілуге тиіс. Ерекше «қорғаныс комитеттерін» немесе «ревкомдарды» (революциялық немесе әскери-революциялық комитеттерді) тек ерекше жағдайда ғана құруға жол беріледі, бұл — бір; екіншіден, оларды тиісті әскери өкімет орны немесе жоғары Совет өкімет орны сөзсіз бекітетін болуы керек; үшіншіден, көрсетілген шарттың міндетті түрде орындалуы керек.

КОЛЧАК ПЕН ДЕНИКИН ТУРАЛЫ ШЫНДЫҚТЫ ХАЛЫҚҚА ТҮСІНДІРУ

Колчак пен Деникин — Совет республикасының ең басты және бірден-бір мықты жаулары. Антантаның (Англия, Франция, Америка) тарапынан оларға көмек берілмегеп болса, олар әлдеқашан күйреген болар еді. Тек Антантаның көмегі ғана оларға күш беріп отыр. Бірақ сонда да олар халықты алдап, ауық-ауық: біз «демократияны», «Құрылтай жиналысын», «халық өкіметін», т. с. жақтаймыз деп көлгірсуге мәжбүр болып отыр. Меньшевиктер мен эсерлер бұған еркімен алданып та жүр.

Қазір Колчак туралы шындық (ал Деникин — оның сыңары) толық әйгіленді. *Он мыңдаған* жұмысшы атылған. Тіпті меньшевиктер мен эсерлер де атылған. Тұтас уездердің шаруаларына дүре соғылған. Жұрт көзінше әйелдерге де дүре соғылған. Офицерлердің, помещик ұрпақтарының өктемдігі әбден асқынған. Тонау дегеннің ұшы-қиыры жоқ. Колчак пен Деникин туралы шындық, міне, осындай. Тіпті өздері жұмысшыларды сатып кеткен, Колчак пен Деникиннің жағына шығып кеткен меньшевиктер мен эсерлердің арасынан да осы шындықты лажсыз мойындайтын адамдар барған сайын көбейіп келеді.

Осыны халыққа мәлімдеу бүкіл үгіт пен насихаттың негізі етіп қойылуға тиіс. Жұртқа мынаны түсіндіру керек: не Колчак пен Деникин болмақ, не Совет өкіметі, жұмысшылар өкіметі (диктатурасы) болмақ; аралық жол жоқ; аралық жолдың болуы мүмкін де емес. Әсіресе большевик еместердің: Колчакта немесе Деникинде *болып қайтқан* меньшевиктердің, эсерлердің, партияда жоқтардың куә ретіндегі жауаптарын пайдалану керек. Әрбір жұмысшы мен шаруа күрестің не үшін жүріп жатқанын, Колчак пен Деникин жеңе қалған жағдайда өзінің қандай күйге ұшырайтынын білетін болсын.

МОБИЛИЗАЦИЯЛАНАТЫНДАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫС

Қазіргі көңіл бөлетін басты жұмыстардың бірі — мобилизацияға көмек беру үшін мобилизацияланатындардың арасындағы, мобилизацияланғандар арасындағы жұмыс болуға тиіс. Коммунистер және оларға тілектестер мобилизацияланғандар жиналған жерлердің бәрінде де немесе гарнизондары, әсіресе қосалқы батальондары, т. с. бар жерлердің бәрінде де жаппай сақадай сайланып қойылуға тиіс. Олардың бәрі түгел бірігіп, мобилизацияға көмек беру жөнінде және мобилизацияланғандар арасында, жергілікті гарнизон солдаттарының арасында кейбіреулері күн сайын, басқалары аптасына, айталық, 4 немесе 8 сағаттан жұмыс істеуге тиіс; әлбетте, мұны мейлінше ұйымдасқан түрде жүргізу керек, жергілікті партия ұйымы мен әскери өкімет орны әрбір адамды белгілі бір жұмысқа тағайындап қоюы керек.

Партияда жоқтар немесе коммунистік емес партияның қатарындағылар Деникинге немесе Колчакқа қарсы, әрине, идеялық жұмыс жүргізе алмайды. Бірақ оларды осындай дәлелмен жұмыс біткеннің бәрінен босатуға болмайды. Бүкіл халықты түгелдей (қалада да, деревняда да ең алдымен *неғұрлым дәулеттілерін)* мобилизацияға немесе мобилизацияланғандарға көмек ретінде белгілі бір түрде өз үлесін қосуға жаппай міндетті ету үшін барлық амалды қарастыру керек.

Мобилизацияланғандарды мейлінше тез, мейлінше жақсылап үйретуге жәрдемдесу ісі көмек шараларының айрықша категориясы болуға тиіс. Совет өкіметі барлық бұрынғы офицерлерді, унтер-офицерлерді, т. т. шақырып отыр. Коммунистік партия, онан кейін барлық тілектестер мен барлық жұмысшылар жұмысшы-шаруа мемлекетіне көмек беруге тиіс: біріншіден, келуден жалтарып жүрген бұрынғы офицерлерді, унтер-офицерлерді, т. т. ұстап алуға барынша жәрдемдесулері керек, екіншіден, партия ұйымының бақылауымен немесе соның жанынан теориялық жағынан немесе практикалық жағынан (мәселен, империалистік соғысқа қатысуы арқылы) әскери іске үйренген және өз әлінше пайда келтіре алатын адамдардың тобын ұйымдастырулары керек.

ДЕЗЕРТИРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫС

Соңғы кезде дезертирлікке қарсы күресте айқын өзгеріс туып отыр. Бірқатар губернияларда дезертирлер армияға лек-легімен қайта бастады, дезертирлер, асыра айтпағанның өзінде, Қызыл Армияға ағылып кетті. Бұған, біріншіден, партиялық жолдастардың неғұрлым шебер, неғұрлым үздіксіз жұмыс жүргізгендігі себеп болды; екіншіден, шаруалар санасының өскендігі, Колчак пен Деникин патшалық тәртіптерден де жаман тәртіптерді қайта орнатқалы отыр, жұмысшылар мен шаруалардың *құлдығын* қайта орнатқалы отыр, офицерлер мен дворянсымақтар дүрелеуді, тонауды, қорлауды қайта орнатқалы отыр деп ұғынғандығы себеп болды.

Сондықтан дезертирлер арасындағы жұмысқа, дезертирлерді армияға қайтару жұмысына әр жерде де, *барынша күш салу* керек. Бұл — ең бірінші, ең шұғыл жұмыстардың бірі.

Айтпақшы. Дезертирлерге иландыру арқылы әсер ету мүмкіндігі және осылай әсер етудің *табысты* болуы шаруаларға помещиктік және капиталистік мемлекеттен өзгеше, жұмысшы мемлекетінің тарапынан мүлде *айрықша* көзқарастың болуын көрсетеді. Таяқ езгісі немесе аштықтың езгісі — мемлекеттің помещиктік және капиталистік екі түрінде қолданылатын тәртіптің бірден бір негізі, міне, осы. Жұмысшы мемлекеті үшін немесе пролетариат диктатурасы үшін тәртіптің *басқаша* негізі бар: ол — жұмысшылардың шаруаларды иландыруы, олардың жолдастық одағы. Көзімен көргендердің: әлендей губернияда (мәселен, Рязань губерниясында) мың-мыңдаған дезертирлер өз еркімен қайтып жатыр, митингілерде «дезертир жолдастарға» арналған сөздердің өтімділігін кейде айтып жеткізу қиын деген әңгімелерін тыңдаған кезінде, жұмысшылар мен шаруалардың осы жолдастық одағында әлі де біз пайдаланбай отырған ұшан-теңіз *күш* бар екендігін аңғара бастайсың. Шаруаның бойында оны капиталистің, эсердің, «сауда бостандығының» соңына ертетін *соқыр сенім* бар, сонымен қатар шаруаның бойында оны жұмысшымен одақтасуға көбірек бой ұрғызатын *ақыл-ой* да бар.

АРМИЯҒА ТІКЕЛЕЙ КӨМЕК

Біздің армия көбінесе *жабдыққа:* киімге, аяқ киімге, қару-жараққа, снарядтарға мұқтаж болып отыр. Күйзелген елде армияның осы қажетін өтеу үшін орасан күш жұмсауға тура келіп отыр, ал қарақшылардың — Англия, Франция, Америка капиталистерінің Колчак пен Деникинге үйіп-төгіп беріп отырған көмегі ғана оларды жабдықтаудың жеткіліксіздігінен болатын сөзсіз күйреуден құтқарып келеді.

Россия қаншама күйзелсе де, онда дегенмен әлі де талай-талай ресурстар бар, ал біз бұларды әлі пайдаланған жоқпыз, көбіне пайдалана да *білмедік.* Табылмаған немесе тексерілмеген әскери мүлік қоймалары әлі де толып жатыр, ішінара чиновниктердің қасақана саботаж жасауы салдарынан, ішінара қағазбастылықтың, кеңсешілдіктің, берекесіздіктің, икемсіздіктің салдарынан қағыс қалып отырған өндірістік мүмкіндіктер де толып жатыр,— бұлардың бәрі «ескіліктің күнәлары», бұлар жаңа қоғамдық құрылысқа «секірмек» болған революцияның қандайына болса да соншалық сөзсіз және соншалық мейірімсіздікпен зардабын тигізіп отырады.

Бұл жөнінде армияға тікелей көмек беру өте-мөте маңызды. Осы жағын басқаратын мекемелер «тыңайтуды», шеттен жәрдем көрсетуді, *жер-жердегі* жұмысшылар мен шаруалардың ерікті, жігерлі, ерлік *бастамасын* өте-мөте керек етіп отыр.

Осындай бастамаға барлық саналы жұмысшылар мен шаруаларды, барлық совет қайраткерлерін пеғұрлым кеңінен шақыру керек, әр түрлі жерлерде және әр түрлі жұмыс салаларында бұл жөнінде армияға көмек берудің *түрліше* формаларын қолданып көру керек. Басқа салалардағыдан гөрі мұнда «революциялық жұмыс» анағұрлым аз жүргізіліп отыр, ал «революциялық жұмысқа» мұқтаждық мұнда *анағұрлым күшті.*

Халықтан қару жинау — бұл жұмыстың құрамдас бөліктерінің бірі. Империалистік соғыстың төрт жылын, онан соң екі халықтық революцияны бастан кешірген елде шаруалар мен буржуазияда жасырулы жатқан қа-

ру көп, бұл — табиғи нәрсе, бұл — сөзсіз туып отырған нәрсе. Ал қазір, Дениканнің қатерлі шапқыншылығы кезінде, мұнымен *барынша күш салып* күресу керек. Кімде-кім қаруды жасырса немесе жасыруға көмектессе, ондай адам жұмысшылар мен шаруаларға қарсы зор қылмыс істеген болып шығады, ондай адам атылуға лайық, өйткені ол адам — майдандарда көбінесе қарудың жеткіліксіздігінен ғана мерт болып жатқан мыңмыңдаған таңдаулы қызыл әскерлердің өліміне айыпты адам.

Питерлік жолдастар — асқан ұйымшылдықпен — жаппай тінту жүргізгенде, мың-мыңдаған винтовкаларды таба білді. Россияның басқа жерлерінің бәрі де Питерден қалыспай, оны қайткен күнде де қуып жетіп, басып озуы керек.

Екінші жағынан, винтовкаларды әсіресе шаруалардың жасырып отырғандығы, көбіне ешбір қастық ниетсіз-ақ, тек «мемлекеттік» біткеннің бәріне, т. с. сүйекке сіңген сенбестік көзбен қарайтындықтан ғана жасырып отырғандығы күмәнсыз. Егер біз *иландыру арқылы*, қонымды үгіт арқылы, іске дұрыс көзқарасымыз арқылы дезертирлерді Қызыл Армияға өз еріктерімен қайтару жөнінде талай талай көп жұмыстар істей білген болсақ (ең таңдаулы губернияларда), жұрттың қару-жарақты өз еркімен қайтаруы жөнінде де сол сияқты бірталай, тіпті одан да көп жұмыс істеуге болатындығы және істеу керек екендігі күмәнсыз.

Жұмысшылар мен шаруалар! Жасырулы винтовкаларды іздеп тауып, оларды армияға жеткізіңдер! Осы арқылы сендер өздеріңді Колчак пен Дениканнің соққысынан, атуынан, жаппай дүре соғуы мен тонауынан құтқарасыңдар!

СОҒЫСТАН ТЫСҚАРЫ ЖҰМЫСТЫ ҚЫСҚАРТУ

Жоғарыда белгіленген жұмыстардың тіпті бір бөлегін орындау үшін-ақ жаңа қызметкерлер көп керек, онда да ең сенімді, шын берілген, жігерлі коммунистерден іріктеліп алынған қызметкерлер керек. Осындай қызметкерлердің жеткіліксіздігі жөнінде, олардың қажы-

ғандығы жөнінде жаппай шағымдар айтылып отырған кезде оларды қайдан алмақпыз?

Күмән жоқ, бұл шағымдар — көбінесе орынды шағымдар. Егер әлдебіреу соңғы 20 айдың ішінде, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының қолдауына, тілектестігіне сүйеніп, Россияны басқарып келген озат жұмысшылар мен коммунистер тобының қаншалық шағын екендігін дәл есептеп көрген болса, онда мұның өзі тіпті адам илапғысыз болып көрінер еді. Ал біз социализм құра отырып, адам айтқысыз қиыншылықтарды жеңе отырып, тұс-тұстан бас көтерген жауларды, буржуазиямен тікелей немесе жанама байланысы бар жауларды жеңе отырып, орасан табыспен ел басқарып келдік. Біз бір жаудан басқа: Антантадан басқа, Англияның, Францияның, Американың бүкіл дүние жүзілік-құдіретті империалистік буржуазиясынан басқа жаулардың бәрін жеңіп шықтық, оның бер жағында біз бұл жаудың да бір қолын — Колчакты күйреттік; енді бізге мұның тек екінші қолы — Деникин қауіп туғызып отыр.

Мемлекетті басқару үшін, пролетариат диктатурасының міндеттерін жүзеге асыру үшін жаңа жұмыс күштері — жұмысшы, шаруа жастары тез жетіліп келеді, бұлар өте-мөте шын ықыласпен, қызу жігермен, жан аямай үйренуде, жаңа құрылыстан алған әсерлерін бойларына сіңіруде, ескі, капиталистік және буржуазиялық-демократиялық соқыр сенімдердің қауызын өз бойларынан аластауда, өздерін коммунистердің қарт ұрпағынан гөрі неғұрлым берік коммунистер етіп шыңдауда.

Бірақ бұл жаңа топ қаншама тез жетілгенімен, азамат соғысының от-жалынында және буржуазияның құтырынған қарсылығы жағдайында қаншама тез үйреніп, есейгенімен, бұл топ дегенмен ең таяу айлардың ішінде бізге мемлекетті басқарарлық *даяр* қызметкерлер бере алмайды. Ал әңгіме нақ осы таяу айлар туралы, 1919 жылдың жазы мен күзі туралы болып отыр, өйткені Деникинге қарсы күрес тағдырын *шешу* керек және *дереу* шешу керек.

Әскери жұмысты күшейтуге көптеген даяр қызметкерлер алу үшін соғыстан тысқары немесе, дұрысырақ

айтқанда, соғысқа тікелей қатысы жоқ, совет жұмысын жүргізетін бірсыпыра салалар мен мекемелерді *қысқарту* керек, *сөзсіз қажеттігі жоқ* барлық мекемелер мен кәсіпорындарды осы бағытта (яғни қысқарту бағытында) *қайта құру* керек.

Мысалға Халық шаруашылығы жоғары советінің ғылыми-техникалық бөлімін алайық. Бұл — социализмді толық орнату үшін, барлық ғылыми-техникалық күштерді дұрыс есептеп, бөлу үшін қажетті, аса пайдалы мекеме. Бірақ мұндай мекеме сөзсіз қажет пе? Әрине, жоқ. *Армияда* және *тікелей* армия үшін жүргізілетін аса маңызды, мейлінше қажетті коммунистік жұмысқа пайдалануға болатын және дереу пайдаланылуға тиісті адамдарды бұл мекемеге беріп қоюдың өзі қазіргі кезеңде тұп-тура қылмыс болар еді.

Мұндай мекемелер мен мекеме бөлімдері бізде, орталықта да, жергілікті жерлерде де, тіпті аз емес. Социализмді толық жүзеге асыруға ұмтыла отырып, біз мұндай мекемелерді құруға бірден кірісней отыра алмадық. Ал егер біз Деникиннің қатерлі шапқыншылығының алдында сөзсіз қажеттігі жоқ нәрсенің *бәрін тоқтатып, қысқартарлықтай* дәрежеде *қатарымызды қайта құра* білмесек, онда біз ақымақтар немесе қылмыстылар болып шығамыз.

Үрейге берілмейік десек, ұйымдастыру әбігерлігіне салынбайық десек, біз ешқандай мекемелерді қайта құруға да, мүлде жауып тастауға да — әсіресе қарбалас жұмыстың кезіндегі бір зиянды нәрсе — жаңа мекемелер құра бастауға да тиісті емеспіз. Біз орталықта және жергілікті жерлерде сөзсіз қажеттігі жоқ мекемелердің және мекеме бөлімдерінің *бәрін* үш, төрт, бес айға *тоқтатуға* тиіспіз немесе егер оларды мүлде тоқтатуға болмаса, оларды соншалық уақытқа (шамамен алғанда) қысқартуға, мейлінше мүмкін болған мөлшерде қысқартуға тиіспіз, яғни сөзсіз қажеттігі бар жұмыс минимумын ғана қалдыруға тиіспіз.

Біздің басты мақсатымыз — әскери жұмыс үшін даяр, тәжірибелі, адал, сыннан өткен коммунистерді немесе социализмге тілектестерді іріктеп алу; сондықтан біз мынадай тәуекелге бара аламыз: мықтап қысқартыла-

тын мекемелердің (немесе мекеме бөлімдерінің) көбін уақытша *бірде-бір коммуниссіз* қалдыра аламыз, бұл мекемелерді кілең буржуазиялық қызметкерлердің қолына тапсырып қоя аламыз. Бұл тәуекел онша зор емес, өйткені әңгіме сөзсіз қажеттігі жоқ мекемелер туралы ғана болып отыр, ал олардың (жартылай тоқтатылған) жұмысын әлсіретуден келетін зиян болады, бірақ ол онша зор болмайды, ол бізді ешбір жағдайда да мерт ете алмайды. Ал әскери жұмысты күшейту жөніндегі, дереу және едәуір күшейту жөніндегі жігердің жеткіліксіздігі бізді мерт ете алады. Мұны айқын түсініп, бұдан барлық қорытындыларды жасау керек.

Егер губерниядағы, уездегі, т. т. ведомствоның немесе ведомство бөлімінің әрбір басшысы, коммунистердің әрбір ұясы бірде-бір минутты босқа кетірместен, өздерінің алдына: пәлендей мекеме сөзсіз қажет пе? Пәлендей бөлім керек пе? Егер оны тоқтатып қойсақ немесе оның жұмысын $^{9}/_{10}$ бөлігі мөлшерінде қысқартып, оны мүлде коммуниссіз қалдырсақ, бұдан біз мерт боламыз ба, деп сұрақ қойса ше?— Егер осындай сұрақ қойғаннан кейін жұмыс аумағы дереу, үзілді-кесілді қысқартылатын болса және коммунистер (олардың тілектестерден немесе партияда жоқтардан тағайындалған сөзсіз сенімді көмекшілерімен қоса) алынатын болса, онда біз армияның саяси бөлімдерінде, комиссарлық қызметтерде және басқаларында жұмыс істеу үшін жүз-жүздеген адамдарды ең қысқа мерзімнің ішінде таба аламыз. Сонда біздің анағұрлым күштірек Колчакты жеңіп шыққанымыз сияқты, Деникинді де жеңіп шығарлықтай елеулі мүмкіндіктеріміз болады.

МАЙДАН ӨҢІРІНДЕГІ ЖҰМЫС

Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасындағы майдан өңірі соңғы апталар ішінде сұмдық ұлғайып, адам айтқысыз шапшаң өзгеріп кетті. Бұл — соғыстың шешуші кезеңінің, оның түйіні шешілер кезі жақындағандығының белгісі немесе серігі.

Бір жағынан, Урал маңындағы және Уралдағы орасан зор майдан өңірі Қызыл Армияның жеңуі және Кол-

чактың ыдырауы арқасында, колчакияда революцияның өсуі арқасында бізге қарасты майдан өңіріне айналды. Екінші жағынан, *бұдан да үлкен* майдан өңірі біздің шығындарымыз салдарынан, жаудың Питерге мейлінше жақындап, оңтүстіктен Украинаға және Россия орталығына жасалған шапқыншылығы салдарынан Питер түбіндегі және оңтүстіктегі майдан өңіріне айналды.

Майдан өңіріндегі жұмыс ерекше маңыз алып отыр.

Урал маңында, Қызыл Армия шапшаң ілгері басып бара жатқан жерде, армия қызметкерлері, комиссарлар, саяси бөлім мүшелері, т. т., онан кейін жергілікті жұмысшылар мен шаруалар жаңадан жеңіп алынған жерлерде творчестволық совет жұмысын жүргізуге тұрақтау керек деген табиғи тілек білдіріп отыр, мұның өзі соғыстан неғұрлым қатты қажыған сайын, Колчактың жасаған бүліншілігінің көрінісі неғұрлым ауыр болған сайын, соғұрлым табиғи түрде туатын тілек. Бірақ бұл тілекті орындаудан қауіптілігі асып түсетін еш нәрсе жоқ. Мұның өзі шабуылды әлсірету, оны кідірту, Колчактың әлі де оңалу мүмкіндіктерін көбейту қаупін туғызады. Мұның өзі революция алдында біздің тарапымыздан тікелей қылмыс жасағандық болар еді.

Ешбір жағдайда да шығыстағы армиядан жергілікті жұмыс үшін бірде-бір басы артық қызметкер алынбасын!*. Ешбір жағдайда да шабуыл әлсіретілмесін! Толық жеңіп шығудың бірден-бір мүмкіндігі — Урал маңындағы және Уралдағы халықтың, Колчак «демократиясының» сұмдықтарын бастан кешірген халықтың жаппай қатысуында, Сибирьге шабуылды Сибирьде революция *толық жеңгенге* дейін жүргізе беруде.

Урал маңындағы және Уралдағы құрылыс жұмысы кешеуілдесе де, кілең жергілікті, жас, тәжірибесіз, әлсіз күштері болғандықтан ол баяу жүргізілсе де мейлі. Бұдан біз мерт болмаймыз. Ал Урал мен Сибирьге шабуыл жасауды *әлсіретуден біз мерт боламыз,* біз бұл шабуылды Уралда көтеріліс жасаған жұмысшылардың күштерімен, меньшевик Майский мен эсер Черновтың

---

* Аса қажет болмайынша, оларды өсте алмау керек, тек орталық губерниялардан ауыстыру керек!

«құрылтайлық» құрғақ уәделерінің мәнісі не екенін, бұл құрғақ уәделердің шын мазмұнының, *яғни Колчактың* қандай екенін енді өз басынан кешірген Урал маңындағы шаруалардың күштерімен *күшейтуге* тиіспіз.

Урал мен Сибирьге шабуыл жасауды әлсірету революцияға опасыздық жасағандық болар еді, жұмысшылар мен шаруаларды Колчактың езгісінен азат ету ісіне опасыздық жасағандық болар еді.

Жаңадан азат етілген майдан өңірінде жұмыс жүргізгенде мынаны есте ұстау керек: ондағы негізгі міндет — Совет өкіметіне тек жұмысшылардың ғана емес, сонымен қатар шаруалардың да сенім көрсетуіне жету, оларға жұмысшылар мен шаруалардың өкіметі ретіндегі Совет өкіметінің мәнін іс жүзінде түсіндіру, жиырма айлық жұмысты есепке алу негізінде партия қабылдаған дұрыс бағытқа бірден көшу. Кейде Великороссияда орын алған және өзіміз тез арылып келе жатқан қателерді біз Уралда қайталамауға тиіспіз.

Питер түбіндегі майдан өңірінде және Украина мен оңтүстікте сондай шапшаң, сондай қатерлі түрде ұлғайып кеткен орасан зор майдан өңірінде барлық істі соғыс жағдайына көшіру керек, бүкіл жұмысты, бүкіл күш-жігерді, бүкіл ой-ниетті соғысқа, тек қана соғысқа түгелдей бағындыру керек. Олай етпейінше, Деникиннің шапқыншылығына тойтарыс беруге болмайды. Бұл айқын. Сондықтан мұны айқып ұғынып, түгелдей жүзеге асыру керек.

Бір ескеретін нәрсе. Деникин армиясының бір ерекшелігі — онда офицерлер мен казактар көп-ақ. Бұлар, соңынан ерген бұқаралық күш жоқ болса да, үрей туғызу мақсатымен, тек бүлік салу үшін ғана бүлдіру мақсатымен тұтқиылдан шабуылдар жасауға, авантюраларға, жанталасқан әрекеттерге мейлінше дайын элементтер.

Мұндай жауға қарсы күресте ең жоғарғы шегіне жеткізілген әскери тәртіп пен әскери қырағылық қажет. Қапы қалу немесе сасқалақтау — бәрінен де айрылу деген сөз. Әрбір жауапты партия қызметкері немесе совет қызметкері мұны ескеруге тиіс.

Соғыс ісінде де, қандай істе де әскери тәртіп болсын!

Барлық сақтық шараларын қолданарда әскери қырағылық пен қаталдық, табандылық болсын!

ӘСКЕРИ МАМАНДАРҒА («ВОЕНСПЕЦТЕРГЕ») КӨЗҚАРАС

Красная Горкада бұрқ еткен және Петроградты беруді мақсат еткен орасан зор заговор әскери мамандар туралы және тылдағы контрреволюцияға қарсы күресу туралы мәселені ерекше қатаң түрде тағы да алға қойып отыр. Күмән жоқ, азық-түлік және соғыс жағдайының шиеленісуі контрреволюционерлердің әрекеттерін сөзсіз күшейтіп отыр және алдағы таяу уақыттың ішінде сөзсіз күшейте де түспекші (Питердегі заговорға «Қайта жаңғырту одағы»[16], кадеттер де, меньшевиктер де, оңшыл эсерлер де қатысқан; солшыл эсерлер де бұған жеке-дара қатысқан, дегенмен қатысқан). Тағы бір күмәнсыз нәрсе: кулактар, буржуазиялық интеллигенттер, меньшевиктер, эсерлер сияқты, әскери мамандар да таяу уақыттың ішінде опасыздар процентін арттырады.

Бірақ осыған бола біздің әскери саясатымыздың негіздерін өзгерту туралы мәселе қозғау түзетілмес қате, кешірілмес тұрлаусыздық болар еді. Бізге жүз-жүздеген әскери мамандар опасыздық істеп отыр, опасыздық істей де береді, біз оларды ұстап алып, ата береміз, бірақ бізде үдайы және ұзақ уақыт істеп келе жатқан мыңдаған, он мыңдаған әскери мамандар бар, бұлар болмайынша, аты өшкір партизаншылдықтан туып-өскен және шығыста тамаша жеңістерге жете білген Қызыл Армия құрыла алмаған болар еді. Тәжірибелі және біздің әскери ведомствоны басқарып отырған адамдар былай деп дұрыс көрсетеді: әскери мамандар жөнінде және партизаншылдықты жою жөнінде партия саясаты мейлінше қатаң жүргізілген жерде, тәртіп мейлінше күшті жерде, әскер ішіндегі саяси жұмыс пен комиссарлардың жұмысы мейлінше ұқыпты жүргізіліп отырған жерде,— осындай жерде, жалпы және тұтас алғанда, әскери мамандардың арасынан опасыздық істеуге құштарлар өте-мөте аз, онда мұндай құштарлардың өз ниетін жүзеге асыруы үшін мүмкіндік өте-мөте аз, онда армияда

берекесіздік жоқ, онда армияның құрылысы мен рухы жақсы, онда жеңістер де көп. Партизаншылдық, оның зардаптары, оның қалдықтары, оның сарқыншақтары біздің армияға да, Украина армиясына да әскери мамандардың барлық опасыздықтарына қарағанда өлшеусіз көп қырсық келтірді, іріткі салды, жеңілістерге, апаттарға, адам шығыны мен әскери мүлік шығынына ұшыратты.

Біздің партиялық программа буржуазиялық мамандар туралы жалпы мәселе жөнінде де, олардың бір түрі — әскери мамандар туралы жеке мәселе жөнінде де коммунистік партияның саясатын мейлінше дәл белгілеп берді. Біздің партия «буржуазиялық мамандардан үйренбей-ақ, оларды пайдаланбай-ақ, олармен қатар отырып жұмыс істеудің *ұзақ мектебінен* өтпей-ақ, еңбекшілер капитализмді және буржуазиялық құрылысты жеңе алады дейтін жалған радикалдық, ал іс жүзінде надан пікірге қарсы да аяусыз»[17] күресіп отыр және күресе береді.

Әлбетте, мұнымен қатар партия «осы буржуазиялық топқа титтей де саяси кеңшілік бермейді», партия «оның контрреволюциялық ниетінің бәрін де аяусыз» басып-жаныштап келеді және жаныштай береді. Әрине, мұндай «ниет» туған кезде немесе азды-көпті ықтимал дәрежеде көріне бастаған кезде оны «аяусыз басып-жаныштау» міндеті оқушының баяулық, сақтық пиғылынан гөрі, «ұзақ мектеп» керек ететін және жұртқа тәрбие ретінде беретін осындай қасиеттерден гөрі басқаша қасиеттерді керек етеді. Әскери мамандармен «қатар жұмыс істеудің ұзақ мектебінде» жүрген адамдардың пиғылы мен әскери мамандардың «контрреволюциялық ниетін аяусыз басып-жаныштау» жөніндегі тікелей міндетке еліккен адамдардың пиғылының арасындағы қайшылық егестер мен жанжалдарды оп-оңай туғыза алады және туғызып та отыр. Қажетті жеке ауыстырулар жөнінде, кейде контрреволюциялық «ниеттердің», әсіресе үлкен заговорлардың белгілі бір оқиғалары салдарынан көптеген әскери мамандарды ауыстыруға тура келетіндігі жөнінде де осыны айту керек.

Бұл егестер мен жанжалдарды біз партиялық жолмен шешіп келеміз және осылай шеше бермекпіз, сонымен қатар барлық партия ұйымдарынан осыны талап етеміз және практикалық жұмысқа титтей де нұқсан келмесін, қажетті шараларды қолдануда титтей де бөгеу болмасын, біздің әскери саясатымыздың белгіленген негіздерін жүзеге асырғанда қобалжудың жұрнағы да болмасын дейміз.

Егер кейбір партиялық органдар әскери мамандар жөнінде (таяуда Петроградта болғандай) теріс сарынға басатын болса немесе егер жеке жағдайларда әскери мамандарды «сынау» оларды пайдалану жөніндегі үздіксіз және табанды жұмысқа тікелей бөгетке айналып кетсе, партия бұл қателерді дереу түзетіп келеді және түзете де береді.

Бұл қателерді түзетудің басты, негізгі амалы — армиядағы және мобилизацияланатындар арасындағы саяси жұмысты күшейту, армиядағы комиссарлардың жұмысын ширату, олардың құрамын жақсартын, олардың дәрежесін арттыру, партиялық программаның қойған талабын және тым көп реттерде тіпті жеткіліксіз орындалып келе жатқан талабын, атап айтқанда: «командирлер құрамын (армиядағы) *жан-жақты* бақылау жұмысшы табының қолында болсын» деген талабын олардың *іс жүзінде* орындауы. Әскери мамандарды сырттай сынау, істің жайын «омыраулаумен» түзетуге әрекеттену тым оңай нәрсе, сондықтан да үмітсіз және зиянды нәрсе. Өзінің саяси жауапкершілігін ұғынатындардың бәрі, біздің армияның кемшіліктеріне қынжылатындардың бәрі қызыл әскерлер немесе командирлер ретінде, саяси қызметкерлер немесе комиссарлар ретінде қатарға, сапқа тұрсын, әрқайсысы әскери ұйымның ішінде оны жақсарту үшін жұмыс істейтін болсын — партияның қай мүшесі болса да өз қабілетіне қарай өзіне орын табады.

Совет өкіметі соғыс ісін жұмысшылардың, онан соң шаруалардың, әсіресе коммунистердің мықтап үйренуіне көптен бері-ақ аса зор көңіл бөліп келді. Бұл бірқатар орындарда, мекемелерде, курстарда істеліп келеді, бірақ мұның жүргізілуі әлі де өте-мөте жеткіліксіз. Бұл арада

жеке кісінің инициативасы, жеке кісінің күш-жігері әлі де талай жұмыс атқаруға тиіс. Әсіресе коммунистер пулемет, артиллерия, бронь ісіп, т. с. зер сала үйренуге тиіс, өйткені бұл жөнінде біз едәуір артта қалдық, бұл жөнінде офицерлерінің сапы көп дұшпанның басымдығы едәуір болып отыр, бұл жөнінде сенімсіз әскери маманның мықты зиян келтіруі мүмкін, бұл жөнінде коммунистердің ролі мейлінше зор.

ТЫЛДАҒЫ КОНТРРЕВОЛЮЦИЯҒА ҚАРСЫ КҮРЕС

Былтырғы жылдың июліндегідей, біздің тылдағы, біздің арамыздағы контрреволюция тағы да бас көтеріп отыр.

Контрреволюция жеңілді, бірақ мүлде жойылған жоқ, сондықтан Деникиннің жеңістерін, азық-түлік мұқтаждығының шиеленісуін ол, әрине, пайдаланып бағады. Ал тәтенше және ашық контрреволюцияның соңынан, өзінің капиталы арқылы, Антанта империализмімен тікелей байланыстылығы арқылы, диктатураның сөзсіз қажеттігін түсінуі және оны (колчакша) жүзеге асыруға қабілеттілігі арқылы күшті болып отырған қаражүздіктер мен кадеттердің соңынан, әрқашандағысындай, өз істерін жел сөзбен бүркемелейтін, ауытқушы, тұрлаусыз меньшевиктер, оңшыл эсерлер мен солшыл эсерлер сүйретіліп жүр.

Бұл жөнінде ешқандай жалған үміттер болмасын! Контрреволюциялық әрекеттерді, лаңдарды, заговорларды және басқаларын туғызатын «қоректік ортаны» біз білеміз, өте жақсы білеміз. Бұл орта — буржуазияның, буржуазиялық интеллигенцияның, деревняларда кулактардың, барлық жерлерде — «партияда жоқ» адамдардың, онан соң эсерлер мен меньшевиктердің ортасы. Осы ортаны бақылауды үш есе, он есе арттыру керек. Қырағылықты он есе арттыру керек, өйткені нақ қазіргі кезеңде және алдағы таяу уақытта осы жақтан контрреволюциялық ниеттердің білініп қалуы мүлде күмәнсыз. Осы негізде көпірлерді қирату, стачкалар ұйымдастыру, әр алуан шпиондық жүргізу, т. с. жөніндегі әрекеттердің қайталануы да табиғи нәрсе. Барлық

сақтық шаралары, мейлінше күшейтілген, ұдайы, қайта-қайта, жаппай және тұтқиыл жүргізілетін шаралар орталықтардың түгел бәрінде де, контрреволюционерлердің «қоректік ортасының» «паналауына» тіпті қандай болса да мүмкіндік бар жерлердің бәрінде де қажет.

Меньшевиктер, оңшыл және солшыл эсерлер жөнінде соңғы тәжірибені ескеру керек. Олардың «периферияcы» арасында, оларға бүйрегі бұратын жұртшылықтың арасында, Колчактан және Деникиннен кетіп, Совет өкіметімен жақындасу жағына бет бұрушылар бар екендігі күмәнсыз. Біз осы бетбұрысты ескердік те, оның бірді-екілі болса да нақтылы көрінісін кездестірген сайын, өз тарапымыздан соған орай белгілі бір қадам жасап отырдық. Біз өзіміздің бұл саясатымызды ешбір өзгертпейміз, ал Колчак пен Деникинге бой ұрушы меньшевизм мен эсершілдіктен кетіп, Совет өкіметіне бой ұрушы меньшевизм мен эсершілдік жағына «өтушілердің» саны, жалпы айтқанда, өсе түсетіндігі күмәнсыз.

Бірақ қазіргі кезеңде эсерлер мен меньшевиктер бастаған тұрлаусыз жәпо ауытқушы ұсақ буржуазиялық демократия, әрқашандағысындай, желдің ыңғайына мұрнын тосып, жеңушi Деникиннің жағына ауытқып отыр. Әсіресе солшыл эсерлердің, меньшевиктердің (Мартов пен К° сияқты), оңшыл эсерлердің (Чернов пен К° сияқты) және олардың жалпы «әдеби топтарының» «саяси көсемдері» жөнінде осылай деу дұрыс; ал осы топтардың мүшелері, басқасының бәрін былай қойғанда, өздерінің саяси жағынан толық күйрегеніне қатты ренжулі, сондықтан да Совет өкіметіне *қарсы* авантюралар жасауға олардың «елігуі» тыйылады деуге бола қоймас.

Олардың басшыларының сөздері мен идеологиясына, олардың жеке басының адалдығына немесе жәдігөйлігіне алданып қалмау керек. Бұл олардың әрқайсысының өмірбаяны үшін қажетті нәрсе. Саясат тұрғысынан алғанда, яғни таптар арасындағы қатынастар жағынан, миллиондаған адамдар арасындағы қатынастар жағынан алғанда, бұл маңызды емес. Мартов пен К° «Орталық Комитеттің атынан» өз «белсенділерін» салтанатты түрде жазғырып, оларды партиядан шығармақ болып қор-

қытады (үнемі қорқытады!). Бұдан «белсенділер» меньшевиктердің ішінде бәрінен де күштірек екендігін, солардың тасасына тығылып, өздерінің колчактық-деникиндік жұмысын жүргізіп отырғандығын көрсететін факт ешбір жоғалып кетпейді. Вольский мен К° Авксентьевті, Чернов пен К°-пі жазғыруда, бірақ мұның өзі соңғылардың Вольскийден күштірек болуына ешбір бөгет жасамайды, Черновтың: «Егер большевиктерді біз және қазір құлатпасақ, онда кім және қашан құлатпақшы» деуіне ешбір бөгет жасамайды. Солшыл эсерлер реакциямен, Черновтармен сөз байласудың қандайынан болса да тысқары, «дербес» «жұмыс істей» алады, бірақ іс жүзінде олар, «идеялық» дәлелдермен чехословактарға[18] және Колчакқа майданды ашып берген, бұрынғы бас командашы, солшыл эсер Муравьев марқұм сияқты, Деникиннің одақтастары, *соның* ойынындағы пешкалар.

Мартов, Вольский және К° өздерін күресуші екі жақтың екеуінен де «жоғары» санайды, өздерін «үшінші жақты» құра алатын адамдар деп санайды.

Бұл тілек, тіпті шын болғанның өзінде де, ұсақ буржуазияшыл демократтың жалған үміті болып қала береді, өйткені ол қазірде де, 1848 жылдан бері 70 жыл өтсе де, әліппені әлі үйренген жоқ, атап айтқанда, капиталистік ортада не буржуазия диктатурасының, не пролетариат диктатурасының болуы мүмкін, бірақ ешқандай үшінші нәрсенің өмір сүруі мүмкін емес деген әліппені үйренген жоқ. Мартовтар мен К°, сірә, осындай жалған үмітпен өлетін болар. Бұл олардың өз ісі. Ал біздің ісіміз — мұндай адамдардың бүгін Деникинге қарай, ертең большевиктерге қарай ауытқып отыратындығы практикалық жағынан сөзсіз болатынын ұмытпау. Сөйтіп *бүгінгі* күннің ісін бүгін істеу керек.

Біздің ісіміз — мәселені төтесінен қою. Қалай еткен жақсы? Кадеттердің, партияда жоқтардың, меньшевиктердің, эсерлердің ішіндегі жүздеген опасыздарды, Совет өкіметіне *қарсы, яғни Деникинді жақтап* (біреулері қару алып, біреулері заговор жасап, біреулері меньшевиктер ішіндегі баспаханашылар немесе теміржолшылар, т. с. сияқты мобилизацияға қарсы үгіт жүргізіп) «бой көрсетушілерді» ұстап алып, түрмеге отырғызып,

кейде тіпті атып тастап отыру керек пе? Әлде істі құрдымға кетіріп, Колчак пен Деникиннің он мыңдаған жұмысшылар мен шаруаларды қырып-жойып, атып-асып, өлімші қылып дүрелеуіне жол беру керек пе? Таңдау қиып емес.

Мәселе осылай, тек қана осылай қойылып отыр.

Кімде-кім мұны әлі күнге дейін түсінбесе, кімде-кім мұндай шешімнің «әділетсіздігі» жөнінде қыңқылдай алатын болса, оған қолды бір-ақ сілтеу керек, оны жұрттың мазақтап, масқаралауына беріп қою керек.

ХАЛЫҚТЫ СОҒЫСҚА ЖАППАЙ МОБИЛИЗАЦИЯЛАУ

Совет республикасы — бүкіл дүние жүзілік капитал қоршаған қамал. Біз бұл қамалды Колчактан жан сақтайтын орын ретінде пайдалану правосы, жалпы айтқанда оны мекен ету правосы соғысқа белсене қатысып, бізге барынша көмектесіп отырған адамдарға ғана берілетін право деп тани аламыз. Біреулерді тура мағынасында соғыс жұмысына алып, біреулерді соғыс үшін керекті әр алуан қосалқы қызметке пайдаланып, халықты соғысқа жаппай мобилизациялау жөніндегі біздің правомыз, біздің міндетіміз осыдан келіп шығады.

Мұны толық жүзеге асыру ісі мінсіз ұйымды керек етеді. Ал біздің мемлекеттік ұйымымыз мінсіздіктен тым аулақ жатыр (оның жастығын, жаңалығын және оның дамуындағы ерекше қиыншылықтарды еске алғанда, бұған ешбір таңдануға болмайды), сондықтан бұл салада қайсыбір толық нәрсені немесе ең болмағанда қайсыбір өте ауқымды нәрсені жүзеге асыруға кең көлемде, бірден кірісудің өзі ұйымдастырудағы аса зиянды жоба құмарлық болар еді.

Бірақ бұл жөнінде мұратқа жақындау үшін көптеген жеке-дара нәрселерді істеуге болады, ал біздің партия қайраткерлерінің, біздің совет қызметкерлерінің бұл жөніндегі «бастамасы» өте-мөте жеткіліксіз.

Бұл арада осы мәселені алға қойып, бұған жолдастардың назарын аударудың өзі-ақ жеткілікті. Әлденендей нақтылы нұсқаулар немесе болжамдар берудің қажеті жоқ.

Тек бір айта кететініміз, Совет өкіметіне ең жақын ұсақ буржуазиялық демократтар, өздерін, әдетте, социалистер деп атайтындар, мәселен, «солшыл» меньшевиктердің кейбіреулері, т. с. аманаттар алу жөніндегі, олардың ойынша, «варварлық» тәсілге күйінуді мейлінше ұнатады.

Мейлі күйіне берсін, бірақ бұлай етпейінше соғысты жүргізуге болмайды, ал қауіп күшейген кезде бұл амалды қолдануды, барлық мағынасында алғанда, ұлғайтып та, жиілетіп те отыру қажет. Көп реттерде, мәселен, меньшевиктік немесе сатқын баспашылар, «басқармалықтар» мен жасырын жалдантардың ішіндегі теміржолшылар, кулактар, қала (және село) халқының дәулетті бөлегі және солар сияқты элементтер Колчак пен Деникиннен қорғану ісіне шексіз қылмысты және шексіз арсыздық керенаулықпен қарайды, саботажға ұласып кететін керенаулықпен қарайды. Мұндай топтардың тізімдерін жасау керек (немесе айнала кепілдікпен бұл топтарды олардың өздеріне күштеп жасатқызу керек), сөйтіп оларды, кейде практикада істеліп жүргеніндей, тек окоп жұмыстарына ғана жегіп қоймай, сонымен қатар оларға Қызыл Армияға нағыз сан алуан және жан-жақты материалдық көмек беру жұмысын да жүктеу керек.

Егер біз осы тәсілді неғұрлым кең, неғұрлым жан-жақты және неғұрлым шебер қолданатын болсақ, қызыл әскерлердің егістіктері соғұрлым жақсы өңделеді, қызыл әскерлерді тамақпен, темекімен және басқа қажетті заттармен жабдықтау ісі соғұрлым жақсы жолға қойылады, жеке заговордың, т. с. салдарынан мың-мыңдаған жұмысшылар мен шаруалардың мерт болу қаупі едәуір кемиді.

«РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ»

Жоғарыда айтылғандардың бәрін жинақтай келгенде, біз мынадай қарапайым қорытындыға келеміз: барлық коммунистерден, барлық саналы жұмысшылар мен шаруалардан, Колчак пен Деникиннің жеңуіне жол беруді тілемейтін әрбір адамнан дереу және ең таяудағы айлар-

дың ішінде ерекше тасқын жігермен, «революциялық жолмен жұмыс істеу» талап етіліп отыр.

Егер Москваның шаршап-шалдыққан, аш теміржолшылары, маман жұмысшылары да, қара жұмысшылары да, Колчакты жеңу үшін және соны толық жеңгенге дейін «коммунистік сенбіліктерді» енгізе білген болса, аптасына бірнеше сағаттан тегін жұмыс істеп, сонымен бірге кәдімгіден сан есе асып түсетін, бұрын болып көрмеген еңбек өнімділігін арттыра білген болса, онда мұның өзі әлі де талай-талай нәрселер істеуге болатындығын дәлелдейді.

Біз осы талай нәрселерді істеуге де тиіспіз.

Сонда біз жеңіп шығамыз.

РКП (большевиктер)
Орталық Комитеті

«Известия ЦК РКП(б)»
№ 4, 9 июль, 1919 ж.

В. И. Лениннің түзетулері бар, машинкада басылған данасымен салыстырылған «Известия ЦК РКП(б)-нің» тексті бойынша басылып отыр

МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ

СВЕРДЛОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ 1919 ж. 11 ИЮЛЬДЕ ОҚЫЛҒАН ЛЕКЦИЯ[19]

Жолдастар, сіздерде қабылданған және маған хабарланған жоспар бойынша біздің бүгінгі әңгімеміздің тақырыбы — мемлекет туралы мәселе. Сіздердің бұл мәселемен қаншалықты таныс екендіктеріңізді мен білмеймін. Қателеспесем, сіздердің курстарыңыз жаңада ғана ашылып, сіздер бұл мәселеге алғаш рет жүйелі түрде кіріскелі отырған көрінесіздер. Олай болса, осы қиын мәселе жөніндегі бірінші лекцияда тыңдаушылардың бірталайына баяндауымның барынша айқын және түсінікті бола бермеуі әбден мүмкін. Ал егер осылай болып шығатын болса, онда сіздердің бұған қысылмауларыңызды өтінемін, өйткені мемлекет туралы мәселе ең күрделі, ең қиын мәселелердің, буржуазиялық ғалымдар, жазушылар, философтар өте-мөте көп шатастырып жүрген мәселелердің бірі. Сондықтан қысқаша әңгімеде бұл мәселені бірден толық түсініп алуға болады екен деп еш уақытта да күтуге болмайды. Осы мәселе жөніндегі бірінші әңгімеден кейін, оның анық емес немесе түсініксіз жерлеріне екінші, үшінші және төртінші рет қайта оралып соғу үшін, түсініксіз болып қалған жерлерді кейін әрі оқыған кітаптан, әрі жеке лекциялар мен әңгімелерден толықтырып, анықтап түсіну үшін, ондай анық емес немесе түсініксіз жерлерін белгілеп қою керек. Біз тағы да бас қоса алармыз деп сенемін, міне сонда барлық қосымша сұрақтар бойынша пікір алысуымызға және ең түсініксіз болып қалған жерлерін тексеруімізге болады. Сонымен қатар сіздер тыңдаған әңгімелеріңіз бен лекцияларыңызға қосымша, Маркс пен Энгельстің басты-басты шығармаларының тым болмаса кейбіреулерін оқуға белгілі уақыт бөлерсіздер деп те

сенемін. Өздеріңізде бар кітапханада совет және партия мектебінің оқушылары пайдалана алатын әдебиет көрсеткіштері мен оқу құралдарынан бұл басты шығармаларды сіздердің тауып алатындарыңызға күмән жоқ,— ал енді бұл шығармалардың баяндау желісінің қиындығы кейбіреулеріңізді бірден қорқытуы мүмкін,— бірақ тағы да ескертейін, бұған қысылмау керек, бірінші рет оқығанда түсініксіз болған нәрсе оны қайталап оқыған кезде, немесе кейін мәселеге біраз басқа жағынан кіріскен кезде, түсінікті болады, өйткені тағы да қайталап айтайын, мәселе соншама қиын, оны буржуазиялық ғалымдар мен жазушылар соншама шатастырған, сондықтан бұл мәселені жақсылап ойланғысы келетін, оны өздігінен ұғып алғысы келетін әрбір адам оны бірнеше рет қолға алуы керек, оған қайта-қайта оралуы керек, әбден, анық түсініп алу үшін мәселені түрлі жағынан ойлауы керек. Ал сіздерге бұл мәселеге қайта оралудың оңайлау болатын себебі, мұның өзі бүкіл саясаттың негізгі, түпкі мәселесі, сондықтан қазір біз бастан кешіріп отырған дауылды, революциялық уақытта ғана емес, сонымен қатар ең бейбіт уақытта да, кез келген газетте кез келген экономикалық немесе саяси мәселе жөнінен сіздер күн сайын мемлекет деген не, оның мәні не, оның маңызы неде, біздің партияның, капитализмді құлату жолында күресіп жатқан партияның, коммунистер партиясының мемлекетке көзқарасы қандай деген мәселеге кездесіп отырасыздар,— қандай да болса бір себеппен күн сайын бұл мәселеге қайта оралып отырасыздар. Ал ең бастысы, өздеріңіз оқыған кітаптардың, мемлекет туралы тыңдайтын әңгімелер мен лекциялардың нәтижесінде осы мәселені өз беттеріңізбен байыптай білетін болу, өйткені бұл мәселе сіздерге нағыз әр алуан себептер бойынша, әрбір ұсақ-түйек мәселеде, тіпті күтпеген реттерде, қарсы адамдармен екі арадағы әңгімелер мен таластарда кездесіп отырады. Бұл мәселені өз беттеріңізбен талдап шешуді үйренген кезде ғана,— тек сонда ғана сіздер өз пікірлеріңізге өздеріңізді кәміл сенетін адамдар деп санап, бұл пікірлерді кімнің алдында болса да, қай кезде болса да әбден ойдағыдай қорғай алатын боласыздар.

Мен осы азын-аулақ ескертпелерден кейін, мемлекет дегеніміз не, ол қалай пайда болды және капитализмді толық құлату үшін күресіп жатқан жұмысшы табы партиясының — коммунистер партиясының мемлекетке көзқарасы негізінен алғанда қандай болуға тиіс деген мәселенің өзіне көшемін.

Буржуазиялық ғылымның, философияның, юриспруденцияның, саяси экономияның және публицистиканың өкілдері әдейі немесе білместіктен соншалықты шатастырған осы мемлекет туралы мәселедей басқа мәселе табыла қоймас деп жоғарыда айтып өттім. Күні бүгінге дейін бұл мәселені діни мәселелермен өте жиі шатастырады, діни ілімдердің өкілдері ғана емес (олардан мұны күту әбден табиғи нәрсе ғой), сонымен қатар өздерін діни соқыр сенімдерден аулақпыз деп санайтын адамдар да мемлекет туралы дербес мәселені дін туралы мәселелермен өте жиі шатастырады, сөйтеді де, олар — мемлекет дегеніміз құдайдың қалауымен болған нәрсе, табиғаттан тыс нәрсе, мұның өзі адамзаттың өмір сүруіне негіз болған, адамның өзінен емес, одан тысқары алынатын нәрсені жұртқа беріп отырған немесе бермекші болатын, соны өзімен бірге ала келетін өзгеше бір күш деп,— мұның өзі құдайдың құдіретімен жаралған күш деп,— идеялық философиялық әдіске және дәлелдерге сүйенген күрделі бір ілім жасап шығаруға өте жиі әрекеттенеді. Айта кету керек, бұл ілімнің қанаушы таптардың — помещиктер мен капиталистердің — мүдделерімен тығыз байланыстылығы сонша, солардың мүдделеріне қызмет ететіндігі сонша, буржуазия өкілі мырзалардың барлық әдеттеріне, барлық көзқарастарына, бүкіл ғылымына терең сіңгендігі сонша, мұның қалдықтарына сіздер қадам басқан сайын кездесіп отырасыздар, тіпті бұл қалдықтарға меньшевиктер мен эсерлердің мемлекетке көзқарастарында да кездесесіздер, ал олар өздерінің діни соқыр сенімдерге тәуелді екендігі жөніндегі пікірді ызалана теріске шығарып, мемлекетке сергек қарай аламыз деп сенеді. Бұл мәселенің соншама шатастырылған, соншама қиындатылған себебі, мұның өзі (бұл жөнінде тек экономикалық ғылым негіздерінен ғана кем дәрежеде) басқа мәселелердің

қай-қайсысынан болса да үстем таптардың мүдделерін көбірек қамтиды. Мемлекет туралы ілім қоғамдық нұрсаттылықтардың болуын ақтауға, қанаушылықтың болуын ақтауға, капитализмнің өмір сүруін ақтауға қызмет етіп отырады,— міне сондықтан бұл мәселеде турашылдықты күту, ғылымилықтан дәмелі адамдар бұл арада таза ғылым көзқарасын білдіре алады деп ойлау, бұл мәселеде іске міне осылайша қарау,— мұның өзі асқан зор қате. Сіздер мәселемен танысқан кезде, оның мәнісіне жете қаныққан кезде мемлекет туралы мәселеде, мемлекет туралы ілімде, мемлекет туралы теорияда түрлі таптар арасындағы күресті әрқашан көресіздер, күрес болғанда, мемлекет жөніндегі көзқарастар тартысынан, мемлекеттің ролі мен маңызына баға беруден көрінетін немесе солар арқылы бейнеленетін күресті әрқашан көресіздер.

Бұл мәселеге барынша ғылыми тұрғыдан кірісу үшін мемлекеттің қалай пайда болғанына, оның қалай дамығанына тарихи жағынан аз да болса көз жүгіртіп өту керек. Қоғамдық ғылым мәселесіндегі ең сенімді нәрсе және бұл мәселеге дұрыстап кірісуге шын жаттығып шығу үшін, толып жатқан ұсақ-түйек мәселелерге немесе күресіп жатқан түрлі-түрлі көп пікірлерге килігіп адаспау үшін қажетті нәрсе,— бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан кірісу үшін ең маңызды нәрсе — негізгі тарихи байланысты ұмытпау, әрбір мәселеге: тарихта сол белгілі бір құбылыс қалай пайда болды, бұл құбылыс өзінің дамуында қандай басты-басты кезеңдерден өтті деген тұрғыдан қарау, сөйтіп, оның осы дамуы жағынан қарағанда қазір оның не нәрсеге айналғанын байқау.

Мен мемлекет туралы мәселе жөнінде сіздер Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген шығармасымен танысарсыздар деп сенемін. Бұл — қазіргі социализмнің негізгі шығармаларының бірі, мұның әрбір сөзіне сенуге болады, онда әрбір сөз қалай болса солай айтыла салынған емес, орасан зор тарихи және саяси материалдарға негізделіп жазылған деп сенуге болады. Күмән жоқ, бұл шығармадағы бөлімдердің бәрі бірдей оңай, түсінікті баяндалған емес: оның кейбір бөлімдері бұрыннан белгілі тарихи және эконо-

микалық білімдері бар оқушыларды керек етеді. Бірақ тағы да айтайын: егер бұл шығарма оқып шыққан бойда бірден түсінікті бола қоймаса, оған қысылмау керек. Бірден түсіне қоюшылық ешбір адамда ешбір уақытта дерлік болып көрген емес. Бірақ кейін зауқыңыз түскен кезде оған қайта айналып соқсаңыздар, оның бәрін түгелдей түсінбегенмен де, басым бөлегін түсінетін боласыздар. Бұл кітапты естеріңізге салып отырған себебім, бұл кітап мәселеге осы бағытта кірісуге дұрыс жөн сілтейді. Бұл кітап мемлекеттің қалай пайда болғаны жөніндегі тарихи очерктен басталады.

Бұл мәселеге, сондай-ақ әрбір басқа мәселеге, мысалы, капитализмнің пайда болуы туралы, адамды адам қанауының пайда болуы туралы мәселеге, социализм мәселесіне, социализмнің қалай пайда болғандығы, оны қандай жағдайлардың туғызғандығы туралы мәселеге дұрыстап кірісу үшін,— міне осындай мәселелердің бәріне келелі түрде, сеніммен кіріскенде оның бүкіл жалпы дамуына тарихи жағынан көз жіберіп қана кірісуге болады. Бұл мәселе жөнінде, ең алдымен, мемлекеттің әрқашан да болып келмегендігіне назар аудару керек. Мемлекеттің болмаған кезі де болды. Қай жерде, қай кезде қоғам тап-тапқа бөлінсе, қай кезде қанаушылар мен қаналушылар пайда болса, сол жерде, сол кезде мемлекет пайда болады.

Адамды адам қанауының алғашқы формасы, тап-тапқа бөлінудің алғашқы формасы — құл иеленушілер мен құлдар — шыққан кезге дейін, міне сол кезге дейін патриархтық немесе — кейде оны жұрттың атайтынындай — *кландық* (клан — адамдар ру-ру, ұрпақ-ұрпақ болып тіршілік еткен кездердегі ұрпақ, ру) семья өмір сүрді, ал осы алғашқы қауымдық замандардың ізі көптеген алғашқы қауымдық халықтардың тұрмысында едәуір айқын сақталып қалды, егер сіздер алғашқы қауымдық мәдениет туралы кез келген бір шығарманы алып қарасаңыздар, онда сіздер қоғам құл иеленушілер мен құлдар болып бөліне қоймаған алғашқы қауымдық коммунизмге азды-көпті ұқсастығы бар бір уақыттың болғандығы жөнінде азды-көпті анық суреттемелерге, нұсқауларға және естеліктерге әрқашан кездесіп отыра-

сыздар. Міне сол кезде мемлекет болмаған, үнемі күштеу қолданып отыру үшін, адамдарды күштеуге бағындырып отыру үшін ерекше аппарат болмаған. Ал мұндай аппарат мемлекет деп аталады.

Адамдар өз дамуының ең төменгі сатысында, тағылыққа жақын халде, шағын рулар түрінде тіршілік еткен кездегі алгашқы қауымдық қоғамда, қазіргі цивилизациялы адамзатпен арада бірнеше мың жыл жатқан заманда,— міне сол кезде мемлекеттің болғандығының ешбір белгісі көрінбейді. Біз ол кезде әдет-ғұрып үстемдігі, бедел, құрмет болғандығын, ру ақсақалдары пайдаланған билік болғандығын көреміз, бұл билік кейде әйелдер қолында болғандығын көреміз,— ол кездегі әйелдердің жайы қазіргі кездегі олардың правосыздық, езілушілік жайына ұқсамайды,— бірақ басқаларды басқару үшін және басқару мүдделеріне, басқару мақсаттарына бола белгілі бір зорлау аппаратын, күштеу аппаратын үнемі, әрдайым иелену үшін, жұрттан бөлініп шыққан айрықша *санаттағы* адамдарды біз ешбір жерде көрмейміз, ал, бәріңіз де білесіздер, қазіргі кездегі қарулы әскер отрядтары, түрмелер және өзгенің еркін күштеуге бағындырудың басқа да құралдары міне осындай күштеу аппараты болып табылады,— бұлар мемлекеттің мәні болып табылады.

Егер буржуазиялық ғалымдар қиыстырып жүрген діни ілім дейтіндерді, айла-шарғыларды, философиялық қисындарды, әр түрлі пікірлерді былай қойып, істің шын мәнін іздесек, онда мемлекет дегеніміз адам қоғамынан бөлініп шыққан дәл сондай басқару аппараты екенін көреміз. Тек басқару ісімен ғана шұғылданатын, басқару үшін өзгенің еркін күштеуге бағындыратын айрықша зорлау, бағындыру аппаратын — түрмелерді, адамдардың айрықша отрядтарын, әскерді, тағы сол сияқтыларды керек ететін адамдардың айрықша тобы пайда болған кезде мемлекет те пайда болады.

Бірақ мемлекет болмаған кез болды, жалпы байланыс, қоғамның өзі, тәртіп, еңбек ережесі әдеттің, дәстүрдің күшімен, ру ақсақалдарының немесе ол кезде көбінесе ерлермен тең праволы жағдайда болғаны былай тұрсын, тіпті екінің бірінде олардан да жоғары дәрежеде болып

келген әйелдердің беделі немесе қадір-құрметі арқылы сақталып келген кез және басқару үшін бөлініп шыққан айрықша санаттағы адамдардың — мамандардың болмаған кезі болды. Тарих мынаны көрсетеді: қай жерде, қай кезде қоғам тап-тапқа бөлінген болса,— демек, адамдар жіктеліп, олардың бірсулері екіншілерінің еңбегін үнемі иемдене алатын, бірі екіншісін қанайтын топтарға бөлінген болса, адамдарға зорлық жасаушы айрықша аппарат болып табылатып мемлекет тек сол жерде, сол кезде ғана шыққан.

Ал, тарихта қоғамның осылайша тап-тапқа бөлінуі біздің алдымызда әрдайым негізгі факт ретінде айқын болып тұруға тиіс. Адамзат қоғамдарының бәрінің мыңдаған жылдар бойы дамуы барлық елдердің бәрінде де бізге осы дамудың жалпы заңдылығын, дұрыстығын, дәйектілігін мына тұрғыда көрсетеді: ең әуелі тапсыз қоғам — бастапқы патриархтық қоғам, алғашқы қауымдық қоғам болғанын көреміз, бұл қоғамда аристократтар болмаған; онан кейін — құлдыққа негізделген қоғам, құл иеленушілік қоғам болғанын көреміз. Қазіргі бүкіл цивилизациялы Европа осыны басынан кешірді — бұдан 2 мың жыл бұрын мұнда құлдық тәртіп әбден үстем болды. Әлемнің басқа да бөліктеріндегі халықтардың орасан көпшілігі осыны басынан кешірді. Даму дәрежесі кенжерек халықтарда құлдықтың қалдықтары әлі де сақталып отыр, құлдықтың мекемелерін сіздер, мәселен, Африкадан қазірде де табасыздар. Құл иеленушілер мен құлдар — таптардың алғашқы ірі бөліктері. Бірінші топ барлық өндіріс құрал-жабдықтарына — жерге, ол кезде қаншама нашар, тұрпайы болса да, құрал-саймандарға ие болып қана қойған жоқ, сонымен қатар ол топ адамдарды да иеленді. Бұл топ құл иеленушілер деп аталды, ал еңбек еткендер, еңбегін басқаға арнағандар құлдар деп аталды.

Бұл формадан кейін тарихта басқа форма — крепостниктік право болды. Құлдық дами келе елдердің орасан көпшілігінде крепостниктік правоға айналды. Қоғам негізінен крепостник-помещиктер мен крепостной шаруалар болып бөлінді. Адамдар арасындағы қатынастар формасы өзгерді. Құл иеленушілер құлдарды өздерінің

меншігі деп санады, заң бұл көзқарасты нығайтты және құлдарды бүтіндей құл иеленушінің қарамағындағы зат деп есептеді. Ал крепостной шаруа жөнінде таптық езушілік, тәуелділік сақталып қалды, бірақ крепостник-помещик зат есебіндегі шаруаның иесі болып саналмады, ол тек қана шаруаның еңбегіне және шаруаны белгілі бір міндеткерлікті зорлап өтеткізуге праволы болды. Бәріңіз де білесіздер, практикада крепостниктік правоның, әсіресе ол ең ұзақ сақталған және ең дөрекі форма алған Россияда, құлдықтан ешбір айырмашылығы болмады.

Онан соң,— сауданың дамуына, бүкіл дүние жүзілік рыноктың пайда болуына байланысты, ақша айналысының дамуына байланысты крепостниктік қоғамда жаңа тап — капиталистер табы пайда болды. Товардан, товар айырбасынан, ақша өктемдігінің пайда болуынан капитал өктемдігі пайда болды. XVIII ғасыр бойында, дұрысырақ айтқанда — XVIII ғасырдың аяғынан бастап, XIX ғасыр бойында бүкіл дүние жүзінде революциялар болып өтті. Батыс Европаның барлық елдерінен крепостниктік тәртіп ығыстырылып шығарылды. Бұл бәрінен де гөрі Россияда кешірек болды. 1861 жылы Россияда да төңкеріс болды, мұның нәтижесінде қоғамның бір формасының орнын екінші формасы басты — крепостниктік тәртіптің орнына капитализм келді; капитализм тұсында да тап-тапқа бөлінушілік сақталып қалды, крепостниктік правоның түрлі жұрнақтары мен қалдықтары да сақталып қалды, бірақ тап-тапқа бөлінушілік негізінде басқа форма алды.

Капитал иелері, жер иелері, фабрикалар мен заводтардың иелері барлық капиталистік мемлекеттерде халықтың болмашы ғана азшылығы болды және болып та отыр; бұл азшылық бүкіл халық еңбегін түгел билеп отыр, демек, бүкіл еңбекшілер бұқарасын өз қол астында, езушілігінде, қанауында ұстап отыр; еңбекшілердің көпшілігі — тіршілік етуіне керекті қаржыны өндіріс процесінде өздерінің білек күшін, жұмыс күшін сату арқылы ғана табатын пролетарлар, жалдама жұмысшылар. Крепостниктік тәртіп кезінде-ақ бытырап, езіліп-жанышталған шаруалардың бір бөлегі (көпшілігі)

капитализмге өтуге байланысты пролетарларға айналды, екінші бөлегі (азшылығы) ауқатты шаруаларға айналды, бұлардың өздері жұмысшы жалдады және деревня буржуазиясы болып шықты.

Осы негізгі фактіні — құлдықтың алғашқы қауымдық формаларынан қоғамның крепостниктік тәртіпке, ақырында капитализмге өтуін — сіздер әрқашан да есте ұстауға тиіссіздер, өйткені осы негізгі фактіні еске ала отырып қана, барлық саяси ілімдерді осы негізгі шеңберге салып қарағанда ғана сіздер осы ілімдерді дұрыс бағалай аласыздар және олардың не нәрсеге қатысты екендігін түсіне аласыздар, өйткені адам тарихының осы ірі-ірі дәуірлерінің әрқайсысы — құл иеленушілік, крепостниктік және капиталистік дәуірлер — ондаған, жүздеген ғасырларды қамтып жатады және олар толып жатқан саяси формалар, түрлі-түрлі саяси ілімдер, пікірлер, революциялар дәуірі болып табылады, сондықтан бүкіл осы мейлінше ала-құла, орасан әр түрлі нәрселерді,— әсіресе буржуазиялық ғалымдар мен саясатшылардың саяси, философиялық және басқа ілімдерімен байланысты нәрселерді,— тек қоғамның осылайша тап-тапқа бөлінуін, тап үстемдігі формаларының өзгеруін негізгі жетекші арқау ретінде берік ұстаған жағдайда ғана және барлық қоғамдық мәселелерді — экономикалық, саяси, рухани, діни, т. с. мәселелерді осы тұрғыдан қараған жағдайда ғана ажырата білуге болады.

Егер сіздер мемлекетке осы негізгі бөліну тұрғысынан қарайтын болсаңыздар, сонда қоғамның тап-тапқа бөлінген кезіне дейін, жоғарыда мен айтқандай, мемлекеттің де болмағандығын көресіздер. Бірақ қоғамның тап-тапқа бөлінушілігі пайда болып, нығаюына байланысты, таптық қоғамның пайда болуына байланысты, міне осыған байланысты мемлекет те пайда болып, нығая түседі. Біз адамзат тарихында құлдықты, крепостниктік тәртіпті және капитализмді басынан кешірген және қазірде де басынан кешіріп отырған ондаған, жүздеген елдерді білеміз. Болып өткен орасан зор тарихи өзгерістерге қарамастан, адамзаттың осы дамуымен, құлдықтан крепостниктік тәртіп арқылы капитализмге өтумен жә-

не капитализмге қарсы қазіргі кездегі бүкіл дүние жүзілік күреске көшумен байланысты болған барлық саяси өзгерістер мен барлық революцияларға қарамастан,— сіздер әлгі елдердің әрқайсысында мемлекеттің пайда болғанын әрқашан да көресіздер. Мемлекет әрқашан да тек-қана немесе тек қана дерлік, немесе көбінесе басқару ісімен шұғылданған бір топ адамдардан құралып, қоғамнан бөлініп шыққан белгілі бір аппарат болып келді. Адамдар басқарылатындарға және басқару жөніндегі мамандарға, қоғамнан жоғары көтерілетіндерге, билептөстеушілер деп, мемлекеттің өкілдері деп аталатындарға бөлінеді. Басқаларды басқаратын осы аппарат, осы адамдар тобы өз қолдарына әрқашан белгілі бір зорлау, қара күш аппаратын алып отырады,— басқа адамдарға бұлай күштеу жасау алғашқы қауымдық шоқпар арқылы болсын, немесе құлдық заманындағы одан гөрі жетілдірілген қару-жарақ арқылы болсын, немесе орта ғасырларда шыққан атылатын қару арқылы болсын, немесе, ең ақырында, XX ғасырда техникалық кереметтерге жеткен және түгелдей қазіргі техниканың соңғы жетістіктеріне негізделген осы заманғы қару арқылы болсын мұның бәрібір. Күштеу тәсілдері өзгеріп отырды, бірақ мемлекет болған кездің бәрінде де әрбір қоғамда басқарып, билеп-тостеп, үстемдік жүргізіп отырған бір топ адамдар болды, өкіметті ұстап отыру үшін олардың қолдарында зорлап көндіру аппараты, күштеу аппараты болды, әрбір заманның техникалық дәрежесіне сәйкес қару-жарағы болды. Сөйтіп, осы жалпы құбылыстарға зер сала қарасақ, таптар болмаған кезде, қанаушылар мен қаналушылар болмаған кезде мемлекет неліктен болмаған, ал таптар пайда болған кезде неліктен мемлекет те пайда болған деген сұрақ қойсақ,— міне тек солай еткенде ғана біз мемлекеттің мәні және оның маңызы туралы сұраққа анық жауап таба аламыз.

Мемлекет дегеніміз бір таптың екінші тапқа үстемдік жүргізуін қолдап отыратын машина. Қоғам ішінде таптар болмаған кезде, адамдар өмір сүрудің құлдық заманына дейін алғашқы қауымдағы елеулі тепе-теңдік жағдайларында, еңбек өнімділігінің әлі де ең төмен жағдайларында еңбек еткен кезде, алғашқы қауым ада-

мы өзінің алғашқы қауымдық ең дөрекі тіршілігі үшін қажетті заттарын үлкен қиыншылықпен тауып отырған кезде, ол кезде басқару үшін әдейі бөлініп шыққан және қалған бүкіл қоғамға үстемдік ететін айрықша адамдар тобы пайда болмады және пайда болуы мүмкін де емес еді. Тек қоғамның тап-тапқа бөлінуінің бірінші формасы шыққан кезде, құлдық пайда болған кезде, адамдардың белгілі бір табының егіншілік еңбектің ең дөрекі формаларымен шұғылданып, бірқатар артық өнім өндірулеріне мүмкіндік болған кезде, осы артық өнім құлдың ең қайыршылық күн көрісіне зәру қажеттігі болмай, құл иеленушінің қолына түскен кезде, сөйтіп, осы құл иеленушілер табының өмір сүруі бекіген кезде және оның бекуі үшін мемлекеттің шығуы қажет болды.

Сөйтіп, мемлекет — құл иеленушілік мемлекет — шықты, құл иеленушілердің қолына өкіметті берген, барлық құлдарды басқарып отыруға мүмкіндік берген аппарат шықты. Ол кезде қоғам да, мемлекет те қазіргі кездегіден әлдеқайда ұсақ болды, олардың қолындағы байланыс аппараты да өлшеусіз нашар болды,— ол кезде қазіргідей қатынас құралдары болмады. Таулар, өзендер мен теңіздер қазіргі кездегіден анағұрлым үлкен кедергі болды, сондықтан мемлекет анағұрлым тар географиялық шеңберде ғана құрылып отырды. Техника жағынан әлсіз мемлекеттік аппарат біршама шағын шеңберде өріс алып, тар көлемде іс-қимыл жүргізген мемлекетке қызмет етті. Бірақ ол дегенмен құлдарды құлдықта қалуға зорлап көндіретін, қоғамның бір бөлігін оның екінші бөлігінің зорлаушылығында, езушілігінде ұстайтын аппарат болды. Тұрақты зорлау аппараты болмайынша, қоғамның басым бөлігін оның екінші бөлігі үшін үнемі жұмыс істеуге зорлап көндіру мүмкін де емес. Таптар болмаған кезде — бұл аппарат та болған жоқ. Таптар шыққан кезде, осылай тап-тапқа бөлінушіліктің күшейіп, нығаюымен бірге барлық жерде және барлық уақытта ерекше институт — мемлекет те пайда болып отырды. Мемлекеттің формалары өте әр алуан болды. Құл иеленушілік заманында сол кездегіше ең алдыңғы қатарлы, мәдениетті және цивилизациялы болған елдерде, мәселен, бүтіндей құлдыққа негізделген ежелгі

Греция мен Римде мемлекеттің әр алуан формалары болғанын көреміз. Монархия мен республиканың арасындағы, аристократия мен демократияның арасындағы айырмашылық сол кездің өзінде-ақ пайда болған-ды. Монархия — жалғыз адамның өкіметі, республика — ешқандай сайланып қойылмайтын өкіметтің болмауы; аристократия — біршама шағын азшылықтың өкіметі, демократия — халық өкіметі (грекшеден сөзбе-сөз аударғанда демократия: халық өкіметі деген сөз). Осы айырмашылықтардың бәрі де құлдық заманында пайда болды. Бұл айырмашылықтарға қарамастан, құл иеленушілік заманындағы мемлекет, мейлі ол — монархия болсын немесе аристократиялық, не демократиялық республика болсын — бәрібір, әйтеуір құл иеленушілік мемлекет болды.

Ежелгі заман тарихы курсының қай-қайсысынан да осы пән жөніндегі лекцияны тыңдаған кезде, сіздер монархиялық мемлекет пен республикалық мемлекеттің арасында болған күресті естисіздер, бірақ негізгі нәрсе мынау: құлдар адам деп саналмады; азамат деп саналмағаны былай тұрсын, тіпті адам деп те саналмады. Рим заңы оларды зат деп есептеді. Адамның жеке басын қорғау жөніндегі басқа заңдарды айтпай-ақ, кісі өлтіру жөніндегі заңды алсақ, бұл заң да құлдарды есепке алмады. Бұл заң бірден-бір толық праволы азаматтар болып танылған құл иеленушілерді ғана қорғады. Ал монархия құрылса,— ол құл иеленушілік монархия болды, немесе республика құрылса — ол құл иеленушілік республика болды. Бұларда барлық праволармен құл иеленушілер ғана пайдаланды, ал құлдар заң бойынша зат болды, сондықтан оларға қандай болса да күштеу жасау былай тұрсын, тіпті құлды өлтірудің өзі де қылмыс деп саналмады. Құл иеленушілік республикалар өздерінің ішкі құрылымына қарай әр түрлі болды: аристократиялық және демократиялық республикалар болды. Аристократиялық республикада сайлауға саны аз пұрсаттылығы бар адамдар қатысты, демократиялық республикада бәрі, бірақ бәрі болғанда тағы да сол құлдардан басқалардың бәрі, құл иеленушілердің бәрі қатысты. Осы негізгі жағдайды есте ұстау керек, өйткені мемлекет тура-

лы мәселені басқаның бәрінен гөрі осы жағдай анық ашып береді және мемлекеттің мәнін айқын көрсетеді.

Мемлекет дегеніміз бір таптың екінші тапты езуіне арналған машина, басқа бағынушы таптарды бір таптың әмірінде ұстауға арналған машина. Бұл машинаның формасы әр түрлі болады. Құл иеленушілік мемлекетте біз монархияның, аристократиялық республиканың немесе тіпті демократиялық республиканың болғандығын көреміз. Шынында да басқару формалары өте әр алуан болды, бірақ істің мәні бәз-баяғы бір қалпында қала берді: құлдарда ешбір право болмады, езілген тап болып қала берді, олар адам деп саналмады. Крепостниктік мемлекетте де біз осылай болғанын көреміз.

Қанау формасының өзгеруі құл иеленушілік мемлекетті крепостниктік мемлекетке айналдырды. Мұның орасан зор маңызы болды. Құл иеленушілік қоғамда — құлда ешбір право болмады, ол адам деп танылмады; крепостниктік қоғамда — шаруа жерге матаулы болды. Крепостниктік правоның негізгі белгісі сол — мұнда шаруалар (ол кезде шаруалар көпшілік болған еді, қала халқы өте нашар өскен еді) жерге бекітілген деп есептелді,— крепостниктік право деген ұғымның өзі де осыдан келіп шықты. Шаруа өзіне помещиктің берген учаскесінде бірнеше күн өзі үшін жұмыс істеді; қалған күннің бәрінде крепостной шаруа барин үшін жұмыс істеді. Таптық қоғамның мәні сақталып қалды: қоғам таптық қанауға сүйенді. Толық праволылар помещиктер ғана болып, шаруалар правосыздар деп есептелді. Шаруалар жағдайының құл иеленушілік мемлекеттегі құлдардың жағдайынан айырмашылығы іс жүзінде өте шамалы болды. Бірақ сөйтсе де оларды азат етуге, шаруаларды азат етуге, неғұрлым кең жол ашылды, өйткені крепостной шаруа помещиктің тікелей меншігі болып есептелмеді. Уақытының бір бөлегін ол өз учаскесінде өткізе алды, былайша айтқанда, өз басына өзі белгілі дәрежеде ие бола алды және айырбастың, сауда қатынастарының дамуына неғұрлым кеңірек мүмкіндіктер болған сайын крепостниктік право да соғұрлым ыдыраған үстіне ыдырай берді, сөйтіп шаруаларды азат етудің шеңбері де кеңи түсті. Крепостниктік қоғам әрқашан да

құл иеленушілік қоғамнан күрделірек болып отырды. Ол қоғамда сауда, өнеркәсіп дамуының үлкен элементі болды, мұның өзі сол кезде-ақ капитализмге бастады. Орта ғасырларда крепостниктік право басым болды. Мұнда да мемлекеттің формалары әр алуан болды, біз мұнда монархияның да, анағұрлым нашар көрінгенімен, республиканың да болғанын көреміз, бірақ тек жалғыз крепостник-помещиктер ғана әрқашан да үстемдік етуші деп танылды. Крепостной шаруалар саяси право атаулыдан мүлдем құр алақан болды.

Құлдық кезінде де, крепостниктік право кезінде де адамдардың шамалы ғана азшылығының олардың орасан көпшілігіне үстемдік етуі зорлықсыз жүзеге аспақшы емес. Бүкіл тарих езілген таптардың езушілікті жою үшін жасаған үздіксіз әрекеттеріне толы. Құлдық дәуірінің тарихы құлдықтан азат болу үшін әлденеше ондаған жылдарға созылған соғыстарды біледі. Айта кетелік, «спартакшылдар» деген атты қазір Германия коммунистері — капитализмнің бұғауына қарсы шындап күресіп жатқан осы бірден-бір герман партиясы алып отыр,— олардың осы атты алу себебі — Спартак құлдардың мұнан екі мың жылдай бұрын болған ең ірі көтерілістерінің бірінің ең көрнекті қаһармандарының бірі болды. Түгелдей құлдыққа негізделген, өте құдіретті болып көрінген Рим империясы, Спартактың бастауымен жиналып, қаруланып, үлкен армия құрған құлдардың орасан зор көтерілісінен бірқатар жылдар бойы соққы жеп, іргесі шайқалды. Ақыр-аяғында, құлдар қырғынға ұшырады, қолға түсті, құл иеленушілер тарапынан азапқа салынды. Бұл азамат соғыстары таптық қоғамның өмір сүру тарихының өн бойында болып келеді. Мен әлгінде құл иелену заманында болған осындай азамат соғыстарының ең ірісі жөнінде мысал келтірдім. Бүкіл крепостниктік право заманы да нақ осындай шаруалардың үнемі болып келген көтерілістеріне толы. Мәселен, Германияда орта ғасырларда екі таптың: помещиктер мен крепостнойлардың арасындағы күрес кең өріс алып, шаруалардың помещиктерге қарсы жүргізген азамат соғысына айналды. Шаруалардың Россияда да крепостник-помещиктерге қарсы жасаған осындай толып жат-

қан көтерілістерінің мысалдарын бәріңіз де білесіздер.

Өзінің үстемдігін ұстап тұру үшін, өзінің өкіметін сақтап қалу үшін помещиктің орасан көп адамды бағындыра отырып біріктіретін, оларды белгілі бір заңдарға, ережелерге бағындыратын аппараты болуы керек еді,— және осы заңдардың бәрі де негізінен алғанда бір нәрсеге — крепостной шаруаға помещиктің өктемдік жүргізуін сақтап қалуға келіп саятын еді. Міне осының өзі крепостниктік мемлекет болды; бұл мемлекет, мәселен, Россияда, немесе күні бүгінге дейін крепостниктік тәртіп үстем болып отырған мүлде мешеу азиялық елдерде — форма жағынан ғана айырмашылығы бар — не республикалық, не монархиялық мемлекет болды. Мемлекет монархиялық мемлекет болған кезде — жалғыз адамның өктемдігі мойындалды; мемлекет республикалық мемлекет болған кезде — помещиктік қоғамнан сайланғандардың азды-көпті қатысатындығы мойындалды,— бұл крепостниктік қоғамда болды. Крепостниктік қоғам тап-тапқа былайша бөлінді: орасан көпшілік — крепостной шаруалар — ат төбеліндей азшылыққа — жер иеленуші помещиктерге толық тәуелді болды.

Сауданың дамуы, товар айырбасының дамуы жаңа таптың — капиталистердің бөлініп шығуына әкеп соқты. Капитал орта ғасырлардың аяғында, Америка ашылғаннан кейін дүние жүзілік сауда қарыштап дамыған кезде, асыл металдардың саны көбейген кезде, күміс пен алтын айырбас құралы болған кезде, ақша айналымы жеке адамдардың қолында зор байлықты ұстап отыруға мүмкіндік берген кезде пайда болды. Күміс пен алтын бүкіл дүние жүзінде байлық деп танылды. Помещиктер табының экономикалық күші төмендеп, жаңа таптың — капитал өкілдерінің күші өсті. Қоғамның қайта құрылуы былайша жүрді: азаматтардың бәрі де тең болатын сияқтанды, бұрынғыша құл иелері мен құлдарға бөлінушілік жойылғандай болды, жұрттың бәрі заң алдында тең деп есептелді; кімнің қанша капитал иеленіп отырғандығына қарамастан,— жеке меншіктілік правосы бойынша жер иеленіп отыр ма, әлде білек күшінен басқа түгі жоқ қара табан ба,— жұрттың бәрі заң алдында тең деп есептелді. Заң барлық жұртты бірдей қорғайды,

кімнің меншігі болса, соны қорғайды, ал өздерінің меншігі болмай, екі қолының күшінен басқа еш нәрсесі болмай, барған сайын қайыршыланып, күйзеліп, пролетарларға айналып бара жатқан бұқараның тарапынан сол меншікке қастандық жасалуынан қорғайды. Капиталистік қоғам, міне, осындай.

Мен бұған егжей-тегжейлі тоқтала алмаймын. Партияның программасы туралы әңгімелескен кезде, бұл мәселеге сіздер қайта айналып соғасыздар — сонда сіздер капиталистік қоғамның сипаттамасын естисіздер. Бұл қоғам крепостниктік тәртіпке қарсы, ескі крепостниктік правоға қарсы бостандық ұранын көтеріп шықты. Бірақ бұл бостандық меншігі барларға арналған бостандық болды. Сөйтіп, крепостниктік право қиратылған кезде,— мұның өзі XVIII ғасырдың аяғында — XIX ғасырдың басында болды, Россияда мұның өзі басқа елдердегіден кешірек, 1861 жылы болды,— сол кезде крепостниктік мемлекеттің орнына капиталистік мемлекет орнады; капиталистік мемлекет бүкіл халық бостандығы дегенді өзінің ұраны етіп жариялады, өзінің бүкіл халықтың еркін білдіретіндігін айтты, өзінің таптық мемлекет екенін теріске шығарды, міне, осы арада бүкіл халықтың бостандығы үшін күресіп отырған социалистер мен капиталистік мемлекеттің арасында күрес өрістеді, бұл күрес қазір Советтік социалистік республиканы құруға жеткізді және бұл күрес бүкіл дүние жүзін қамтып отыр.

Бүкіл дүние жүзілік капиталға қарсы басталған күресті түсіну үшін, капиталистік мемлекеттің мәнін түсіну үшін капиталистік мемлекет крепостниктік мемлекетке қарсы шыққанда, шайқасқа бостандық ұранын көтеріп шыққандығын есте ұстау керек. Крепостниктік правоның жойылуы капиталистік мемлекеттің өкілдері үшін бостандық болып табылды және оларға қызмет етті, өйткені крепостниктік право күйреді, ал шаруалар өздерінің төлем ақы төлеу арқылы сатып алған жерлерін немесе бөлшектеп,— оброктан — алған жерлерін өздерінің толық меншігі есебінде иеленуге мүмкіндік алды,— мемлекет бұған назар аудармады: мемлекеттің өзі де жеке меншікке негізделгендіктен, меншік қандай

жолмен шықса да, сол меншікті қорғады. Шаруалар қазіргі цивилизациялы мемлекеттердің бәрінде де жеке меншікшілерге айналды. Мемлекет помещиктің шаруаға жерінің бір бөлегін берген кезде де жеке меншікті қорғады, оған төлем арқылы, ақшаға сату арқылы сый берді. Мемлекет: біз толық жеке меншікті сақтаймыз деп мәлімдегендей болды, сөйтіп жеке меншікке түрлі қолдау жасады, оған болысты. Мемлекет әрбір көпестің, өнеркәсіпшінің, фабриканттың осы меншігін мойындады. Міне, осы қоғам, жеке меншікке, капиталдың өктемдігіне, барлық кедей жұмысшылар мен еңбекші шаруалар бұқарасын толық бағындырып отыруға негізделген қоғам,— осы қоғам өзін бостандық негізінде үстемдік етуші қоғам деп жариялады. Крепостниктік правоға қарсы күресе отырып, ол жеке меншікті азат деп жариялады және, әсіресе, мемлекет таптық мемлекет болудан қалды деп масаттанды.

Ал мемлекет бұрынғысынша ең кедей шаруалар мен жұмысшы табын капиталистердің бағындырып отыруына көмектесетін машина болып қала берді, ол тек сырттай ғана ерікті болды. Мемлекет жалпыға бірдей сайлау правосын жариялады, өзінің қорғаушылары, уағызшылары, ғалымдары және философтары арқылы өзін таптық мемлекет емес деп мәлімдеді. Тіпті қазір, оған қарсы Советтік социалистік республикалардың күресі басталған кезде де, олар бізді бостандықты бұзушылар, зорлыққа, біреулердің екіншілерді жапыштауына негізделген мемлекет құрып отыр деп кінәлайды, ал өздерін бүкіл халықтық, демократиялық мемлекет өкілдері деп есептейді. Міне, осы мәселе — мемлекет туралы мәселе — қазір, бүкіл дүние жүзінде социалистік революция басталып отырған кезде және кейбір елдерде нақ революция жеңіп шыққан кезде, бүкіл дүние жүзілік капиталға қарсы күрес ерекше шиеленісіп отырған кезде,— мемлекет туралы мәселе өте зор маңыз алып отыр және ең көкейтесті мәселе, қазіргі заманның барлық саяси мәселелерінің, барлық саяси таластарының түйіні болып отыр деуге болады.

Россиядағы немесе кез келген неғұрлым цивилизациялы елдегі қай партияны алсақ та,— саяси таластардың,

алауыздықтардың, пікірлердің бәрі дерлік қазір мемлекет туралы ұғымның төңірегінде болып отыр. Мемлекет дегеніміз капиталистік елде, демократиялық республикада,— әсіресе Швейцария немесе Америка сияқты,— ең ерікті демократиялық республикаларда мемлекет дегеніміз халық еркінің көрінісі болып табыла ма, жалпы халық шешімінің жиыны, ұлт еркінің көрінісі, т. т. болып табыла ма,— әлде мемлекет дегеніміз ондағы капиталистер жұмысшы табы мен шаруаларға өз өктемдігін жүргізіп отыру үшін керекті машина болып табыла ма? Бұл — негізгі мәселе; бүкіл дүние жүзіндегі саяси таластар қазір осы мәселенің төңірегінде болып отыр. Большевизм туралы не айтылып жүр? Буржуазиялық баспасөз большевиктерді сөгіп жүр. Большевиктер халық өкіметін бұзушылар деп большевиктерге қарсы көп айтылып жүрген айыптауды қайталамайтын бірде-бір газетті сіздер таба алмайсыздар. Егер біздің меньшевиктер мен социалист-революционерлер өздерінің ақ көңілдігімен (мүмкін, тіпті ақ көңілдігінен де болмас немесе бұл ақ көңілділік кәдімгі жұрт айтатын ұрлықтан да жаман ақ көңілділік болар) большевиктерді бостандық пен халық өкіметін бұзушылар деп айыптауды табушылар, оны ойлап шығарушылар біз боламыз деп ойласа, онда олар тіпті өрескел түрде адасады. Қазіргі кезде өз газеттерін таратуға ондаған миллион ақша жұмсап отырған және оның ондаған миллион данасында буржуазиялық өтірік-өсекті, империалистік саясатты таратып отырған ең бай елдердің ең бай газеттерінің ішінде: Америка, Англия және Швейцария — халық өкіметіне негізделген алдыңғы қатарлы мемлекеттер, ал большевиктік республика — қарақшылардың мемлекеті, ол бостандық дегенді білмейді, большевиктер халық өкіметі идеясын бұзушылар, ол ол ма, олар құрылтайды қуып жіберуге дейін де барып отыр деп, большевизмге қарсы осы негізгі дәлелдер мен айыптауларды қайталамаған бірде-бір газет жоқ. Большевиктерге қарсы осы сұмдық айыптаулар бүкіл дүние жүзінде қайталанып жүр. Осы айыптаулар бізді түгелдей: мемлекет дегеніміз не? деген мәселеге әкеліп отыр. Осы айыптауларды ұғыну үшін, оларды талдау үшін, оларға толық саналылықпен қарау

үшін және оларды сыбыстар бойынша талдамай, тиянақты пікірде болу үшін мемлекет дегеннің не екендігін анық ұғынып алу керек. Бұл жерде біз әр түрлі капиталистік мемлекеттерді және соғыстан бұрын жасалып, сол мемлекеттерді қорғаған ілімдердің бәрін айтып отырмыз. Мәселені дұрыс шеше білу үшін осы ілімдер мен көзқарастардың бәріне сын көзбен қарау керек.

Мен сіздерге көмек ретінде Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген шығармасын атап өттім. Мұнда дәл былай деп айтылады: жер мен өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болып отырған, капитал үстемдік ететін әрбір мемлекет қаншалықты демократиялық мемлекет болса да, ол — капиталистік мемлекет, ол — капиталистердің қолындағы жұмысшы табы мен ең кедей шаруаларды бағындырып ұстауға арналған машина. Ал жалпыға бірдей сайлау правосы, Құрылтай жиналысы, парламент — тек форма ғана, істің мәнін ешбір өзгертпейтін вексель сияқты.

Мемлекеттің үстемдік ету формасы әр түрлі болуы мүмкін: өзінің күшін капитал бір форма тұсында бір түрлі етіп көрсетсе, екінші форма тұсында екінші түрлі етіп көрсетеді, бірақ шын мәнінде өкімет капиталдың қолында қала береді: цензалық право ма немесе басқа право ма, демократиялық республика ма, басқа ма, тіпті ол республика неғұрлым демократиялық болса, капитализмнің осы үстемдігі де соғұрлым өрескел, арсыз болады. Дүние жүзіндегі ең демократиялық республикалардың бірі — Солтүстік-Америка Құрама Штаттары,— ал енді бүкіл қоғамға жүргізілетін капитал өктемдігі, ат төбеліндей аз ғана миллиардерлер өктемдігі ешбір жерде осы елдегідей (кімде-кім 1905 жылдан кейін бұл елде болған болса, ол адамның бұл жөнінде түсінігі болар), ешбір жерде осы Америкадағыдай соншалықты өрескел, соншалықты ашық сатып алушылық жолымен жүргізіліп көрген емес. Капитал өмір сүріп отыр екен, ол бүкіл қоғамға үстемдік жүргізеді, сондықтан ешбір демократиялық республика, ешбір сайлау правосы істің мәнін өзгерте алмайды.

Демократиялық республика және жалпыға бірдей сайлау правосы крепостниктік құрылыспен салыстырғанда

орасан зор прогресс болды: олар пролетариаттың қазір өзінде бар бірлікке, топтасқандыққа жетуіне мүмкіндік берді, олар пролетариаттың сындарлы, тәртіпті қалыпта сап түзеп алуына мүмкіндік берді, бұл саптағылар капиталға қарсы үздіксіз күрес жүргізіп отыр. Мұндай жағдайлар, құлдарды былай қойғанда, крепостной шаруада да тіпті аздап та болып көрген жоқ. Өзімізге мәлім, құлдар көтерілістер жасады, бүлік шығарып отырды, азамат соғыстарын ашты, бірақ еш уақытта да саналы көпшілік жасай алмады, күреске басшылық ететін партиялар құра алмады, қандай мақсатқа беттеп бара жатқандарын анық түсіне алмады, тіпті тарихтың ең революциялық кезеңдерінде де әрқашан үстем таптардың қолында ойыншық болып қала берді. Буржуазиялық республика, парламент, жалпыға бірдей сайлау правосы — осылардың бәрі қоғамныц бүкіл дүние жүзілік дамуы тұрғысынан қарағанда орасан зор прогресс болып табылады. Адамзат капитализмге қарай беттеді, міне осы капитализм ғана, қала мәдениеті арқасында, езілген пролетарлар табына өзінің кім екендігін білуге, бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысын жасауға, бүкіл дүние жүзінде партияларға ұйымдасқан миллиондаған жұмысшыларды, социалистік партияларды ұйымдастыруға мүмкіндік берді; бұл партиялар бұқараның күресіне саналы түрде басшылық етіп отыр. Парламентаризмсіз, сайлауларсыз жұмысшы табының мұндай дамуы мүмкін болмас еді. Міне, сондықтан осының бәрі жұрттың нағыз қалың бұқарасының көз алдында осынша зор маңыз алды. Міне, сондықтан өзгеріс осынша қиын болып көрінеді. Мемлекет ерікті мемлекет және ол барлық жұрттың мүдделерін қорғауға тиісті деген осы буржуазиялық өтірікті саналы екіжүзділер ғана, ғалымдар мен поптар ғана қолдап, жақтап жүрген жоқ, сонымен қатар ескі соқыр сенімдерді шын көңілмен қайталайтын және ескі капиталистік қоғамнан социализмге өтуді түсіне алмайтын толып жатқан адамдар да қолдап, жақтап жүр. Буржуазияға тікелей тәуелді адамдар ғана емес, капиталдың езгісінде жүрген немесе сол капитал сатып алған адамдар ғана емес (толып жатқан түрлі-түрлі ғалымдар, суретшілер, поптар, т. т. капиталға қыз-

мет етіп жүр), сонымен қатар буржуазиялық бостандық деген соқыр сенімдердің ықпалында жүрген адамдар да, осылардың бәрі де бүкіл дүние жүзінде большевизмге өршелене қарсы шықты, өйткені Совет республикасы өзі құрылғаннан кейін осы буржуазиялық өтірікті лақтырып тастады және былай деп ашық айтты: сіздер өз мемлекетіңізді ерікті мемлекет деп атайсыздар, ал шынында, жеке меншік бар болып тұрғанда, сіздің мемлекетіңіз, тіпті ол демократиялық республика болса да, капиталистердің қолындағы жұмысшыларды жаныштауға арналған машинадан басқа еш нәрсе де емес және мемлекет неғұрлым ерікті болса, бұл соғұрлым анығырақ көрінеді. Бұған мысал: Европада — Швейцария, Америкада — Солтүстік-Америка Құрама Штаттары. Бұлар демократиялық республикалар болса да, бұлар қаншама әдеміленіп сырланса да, еңбек демократиясы туралы, барлық азаматтардың теңдігі туралы айтылып жүрген ешбір сөздеріне қарамастан, капитал осы елдердегідей мұнша арсыз, мұнша мейірімсіз еш жерде үстемдік етіп отырған жоқ және бұл нақ осы елдердегідей ешбір елде айқын көрінбейді. Іс жүзінде Швейцария мен Америкада капитал үстемдік жүргізіп отыр, сондықтан жұмысшылардың өз жағдайларын азды-көпті айтарлықтай жақсарту мақсатын көздеген әрекеттерінің бәрі де дереу азамат соғысына ұшырайды. Бұл елдерде солдаттар, тұрақты әскерлер аз,— Швейцарияда милиция бар және әрбір швейцариялықтың үйінде мылтығы бар, Америкада соңғы уақытқа дейін тұрақты әскер болған жоқ,— сондықтан да стачка болған кезде буржуазия қаруланып, солдаттарды жалдап алып, стачканы басып отырады, ал жұмысшы қозғалысын осылай басып-жаныштау ешбір жерде Швейцария мен Америкадағыдай мейірімсіз қатал болып көрген емес және парламенттегі капиталдың ықпалы нақ осы елдердегідей еш жерде де соншалықты күшті болған емес. Барлық тетік — капитал күшінде, барлық тетік — биржада, ал парламент, сайлау дегендер — қолшоқпарлар, қуыршақтар... Бірақ неғұрлым ілгері барған сайын, жұмысшылардың көзі соғұрлым көбірек ашыла түседі және Совет өкіметі идеясы соғұрлым кең тарай береді, әсіресе

өзіміз жаңада ғана басымыздан кешірген қанды қырғыннан кейін кең тарай береді. Капиталистерге қарсы аяусыз күрес жүргізудің қажеттігі жұмысшы табына барған сайын айқын бола түсіп отыр.

Республика қандай формаларды бүркенсе де, мейлі ол тіпті ең демократиялық республика бола қойсын, бірақ егер ол буржуазиялық республика болса, егер онда жерге, заводтар мен фабрикаларға жеке меншік сақталып қалған болса, сөйтіп жеке меншік капитал бүкіл қоғамды жалдама құлдықта ұстап отырған болса, яғни, егер ол республикада біздің партия программасы мен Советтік конституцияның мәлімдегендері орындалмайтын болса, онда ол мемлекет — біреулерді екіншілердің езгіге салуына арналған машина. Біз, міне, осы машинаны капитал өкіметін құлатуға тиісті таптың қолына аламыз. Мемлекет дегеніміз жалпыға бірдей теңдік деп жүрген ескі соқыр сенімдердің бәрін біз лақтырып тастаймыз,— олай деу алдау: қанау бар кезде теңдік болуы мүмкін емес. Помещиктің жұмысшымен, аш адамның тоқ адаммен тең болуы мүмкін емес. Мемлекет деп аталып келген машинаны, жұрт соқыр сеніммен табынып келген машинаны және мұның өзі жалпы халықтық өкімет деген ескі ертегілерге жұрт нанып келген машинаны, міне, осы машинаны пролетариат лақтырып тастайды да: мұның өзі буржуазияның өтірігі дейді. Біз бұл машинаны капиталистерден тартып алып, оны өзіміз иелендік. Біз осы машинамен немесе осы шоқпармен қанау атаулының бәрін тас-талқан етеміз, сөйтіп, қанауға дүние жүзінде мүмкіндік қалмаған кезде, жер иелері, фабрика иелері қалмаған кезде, біреулер шамадан тыс тойынып, екінші біреулер ашығатын жағдай жойылған кезде,— міне осыларға мүмкіндік қалмаған кезде, тек сонда біз бұл машинаны қиратуға береміз. Сол кезде мемлекет те болмайды, қанау да болмайды. Біздің коммунистік партияның көзқарасы, міне, осындай. Біз бұл мәселеге келесі лекцияларда тағы да және талай рет қайта айналып соғармыз деп сенемін.

Бірінші рет 1929 ж. 18 январьда «Правда» газетінің 15-номерінде басылған

Стенограмма бойынша басылып отыр

РЕСПУБЛИКАНЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ РКП(б) МОСКВА КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1919 ж. 12 ИЮЛЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[20]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Біз азық-түлік саясатымыздың системасын қатты қынжыла бұзып отырғанымызды осының алдындағы баяндамашы көрсетіп өтті[21]. Әрине, мұның өзі жаңа көйлек алудың орнына жыртық көйлекті лекерлеп жамағандықтан басқа түк те емес. Бірақ бұлай еткенде біз дұрыс істеп отырмыз. Өткен жылды еске түсірейік; азық-түлік жағдайы анағұрлым нашар болды: бізде тіпті ешқандай азық-түлік ресурстары жоқ еді. Нақ сол кезде өзіміздің азық-түлік саясатымыздан шегінуге тиісті болғандығымыз біздің қатарымызда үлкен абыржу туғызды. Кішкене кеңшіліктерден үлкен кеңшіліктер келіп туады, мұның өзі социалистік саясатқа қайта оралу мүмкіндігінен айырады деп ойлаушылар болған еді. Бірақ бұлай ойлау теріс болып шықты. Жағдай қаншама ауыр болғанмен, біз оған төтеп бердік. Біздің жауларымыздың үміттері ақталмады.

Қазіргі жағдай былтырғыдан едәуір жақсы: қазір біздегі азық-түлік ресурстары сонша, былтыр біз мұны арман ете де алмаған едік. Былтыр жау басып алған территория едәуір үлкен еді. Қазір біз шығыста ірі жеңістерге жеттік; онда ұшан-теңіз егін өнімі алынғалы отыр. Оның үстіне бізде енді тәжірибе де бар. Бұл — ең басты шарт. Осы тәжірибеге сүйене отырып, біз жолымызда тұрған қиыншылықтарды жеңеміз деп үлкен сеніммен айта аламыз. Июль — азық-түлік жағынан ғана емес, контрреволюцияның белсене бас көтеруі мағынасында алғанда да ең нашар ай.

Алайда ел ішіндегі контрреволюциялық толқын да былтыр қазіргіден гөрі күштірек болған еді. Солшыл эсерлердің қимылы ол кезде өзінің ең жоғарғы шегіне жетті. Олардың бізді сөз жүзінде қолдаудан айнып, кенет қарулы күреске көшуі біз үшін күтпеген нәрсе еді. Қиыншылықтар шексіз көп еді. Қолайлы кезең әбден сәтімен пайдаланылды. Эсерлер аштықтан түңілген тобырдың пиғылын пайдалануды көздеген еді. Сонымен қатар Муравьев майданда бізді сатып кетті. Солшыл эсерлердің көтерілісі өте тез жойылды, бірақ дегенмен провинцияда бірнеше күн елеулі қобалжулар болды.

Қазір бір жылдық тәжірибенің арқасында, біз ұсақ буржуазиялық партияларға неғұрлым дұрыс көзқарас белгілеп алдық. Махношылдықтың, григорьевшілдіктің тәжірибесі, меньшевиктер мен эсерлердің қобалжулары олардың жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы арасындағы ықпалы бұлдыр ықпал екенін бізге көрсетіп берді. Шындығында олардың күші — бос мақал. Сондықтан, оңшыл эсерлер партиясының таяуда болып өткен кеңесі[22] жөніндегі хабарды естігенде, Черновтың: «Большевиктерді қазір және біз құлатпасақ, басқа кім құлатпақшы?» дегенін естігенде біз: «Қорқынышты түс, құдайдың өзі жар болсын» дейміз. Өздерінің қателерін қайталаудан олардың қалай жалықпайтындығына біз қазір тек қана қайран қаламыз. Екі жыл ішінде біз олардың «жалпы демократия» жөніндегі барлық armandарының толық күйрегенін көрдік, дегенмен олардың топтарының әрқайсысы осы тәжірибені өзінше жасауды өз борышым деп есептейді. Олардың қателері қайталанып отырғанын, ал бұл қайталау бізге сансыз апаттар туғызып отырғанын революцияның дамуы көрсетіп берді. Шығыста шаруалар эсерлерді де, меньшевиктерді де қолдады, өйткені шаруалар соғысты тілемеген еді, сонымен қатар большевиктердің қатал өкімет екенін, бұл өкімет олардың соғысқа қатысуын талап ететінін сезген де еді. Соның нәтижесінде Колчак пайда болды, оның өзі шаруаларды сансыз апаттарға ұшыратты. Қазір, шегініп бара жатып, ол өз жолындағының бәрін жоюда,— ел мүлде күйзелген, елдің тартқан азабы шексіз, біздің

бастан кешіріп отырғанымыздан анағұрлым көп. Осы фактілерді көре тұрып, большевиктер айуандық істеді деу үшін буржуазиялық әдебиетшілердей мейлінше екіжүзді болу керек.

Колчак оқиғасында эсерлер мен меньшевиктер Керенский оқиғасындағы сияқты тәжірибені жасап көрді, нақ сондай саяси қанды жолдан өтті; мұның өзі оларды бұрынғы негізгі тұрғысына келтірді және коалиция идеясының толық күйрегенін корсетті.

Қазір бұқара олардан безді, біз Сибирьде көтеріліс болғанын көріп отырмыз, оған жұмысшылар мен шаруалар ғана емес, тіпті кулактар мен интеллигенция да қатысып жүр. Біз колчакшылдықтың толық күйрегенін көріп отырмыз. Сірә, олардың әрбір қатесі қайталанып отырмақ, мұның өзі санасыз бұқараның көзін ашады. Коалицияның реакцияға әкеп соғатынын тәжірибеден көріп-білген бұқара шаршап-шалдықса да, тәжірибеден тәлім алып, шыныққан күйінде бізге келіп қосылып жатыр. Барлық империалистер туралы да дәл осыны айтуға болады. Олар соғысты созып, титықтауды күшейтіп отыр, бірақ осы арқылы революцияның қажеттігін ұғынған бұқараның санасын нығайтып отыр. Биылғы жыл қаншама ауыр болғанмен, оның бір пайдалы жері сол, тек жоғарғы топтар ғана емес, сонымен қатар ең меңіреу уездер мен шеткері аймақтардың шаруаларына дейінгі қалың бұқара да тәжірибе алды, бұл тәжірибе оларды да біз келген қорытындыларға келтірді. Мұның өзі бізге қайрат беріп, жеңіске жететіндігімізге сенімімізді күшейтеді. Колчак болмағанда Сибирь шаруасы өзіне біздің өкіметіміздің, жұмысшы өкіметінің керек екенін бір жыл ішінде ұғынбаған болар еді. Тек биылғы жылдың ауыр тәжірибесі ғана оның көзін осыған жеткізді.

Меньшевиктер мен эсерлердің әдеби топтарының біздің революция жөнінде еш нәрсе түсінбеген бойы өлуі де әбден ықтимал, олар: егер Колчак болмаса, большевиктер болмаса, біздің өкімет дүние жүзіндегі ең жақсы өкімет болар еді — азамат соғысынсыз, нағыз социалистік және нағыз демократиялық өкімет болар еді деп тоты құсша қайталаудан әлі көпке дейін танбас, бірақ бұл

маңызды емес; ондай тоңмойын есалаңдар барлық революцияларда болған. Маңыздысы мынау: олардың соңынан ерген бұқара қазір олардан кетіп жатыр. Шаруалар бұқарасы большевиктерге келіп қосылды — бұл факт. Мұны Сибирь бәрінен де жақсы дәлелдеп берді. Колчак өкіметінің қол астында бастан кешіргенін шаруалар ұмытпайды. Сынақ неғұрлым ауыр болса, большевиктердің берген сабақтары соғұрлым жақсы ұғылады.

Шығыс майданда біз қазір ірі жеңістерге жетіп отырмыз, бұл жеңістер шығыста біз Колчакты бірнеше апта ішінде жоямыз деп сенуімізге мүмкіндік береді. Оңтүстікте — майданда өзгеріс туып отыр және — одан да бір маңызды нәрсе — майдан өңіріндегі шаруалардың пиғылы өзгеріп отыр. Ал оның бер жағында, ондағылар — бай шаруалар; ондағы орташалар кулактарға ұқсас. Бірақ олардың пиғылында бізге пайдалы өзгерістің туғаны — факт, дезертирлердің қайта оралып жатуы да, біздің көрсетіп отырған әскери қарсылығымыз да осыны дәлелдейді. Қалаларда, өмірдің қайнаған қалың ортасында жүрген жұмысшылар біздің идеяларымызды алдымен мәжілістерден, сөйленген сөздерден, газеттерден біліп қабылдайды. Ал шаруа олай ете алмайды, оны тек өмір тәжірибесі ғана иландырады. Оңтүстіктегі шаруалар сөз жүзінде большевиктерге қарғыс айтуға әзір еді, бірақ демократия туралы даурығушы Деникин келіп жеткен кезде (өйткені демократия туралы даурығатындар тек меньшевиктер мен эсерлер ғана емес,— бұл сөз Деникин газетінің әрбір жолынан кездеседі), тамаша сөздердің тасасында дүре соғу мен тонаушылық жатқанын тәжірибеден өте тез көрген шаруалар оған қарсы күресе бастады. Оңтүстік майдан өңіріндегі азаптар мен күйзеліс шығыстағы сияқты нәтижелер береді,— бізді неғұрлым баянды жеңістерге жеткізеді. Өзіміз бастан кешіріп отырған қиыншылықтарды, өзіміздің адам айтқысыз күш жұмсап, күш жұмылдыруымыз қажет екенін біз бір минут та ұмытқан емеспіз, бірақ біз: мұның нәтижесі неғұрлым баянды жеңіс болады дейміз. Биылғы жылдың тәжірибесі қазір тек бір ғана өкіметтің: большевиктердің жұмысшы-шаруа өкіметінің болуы мүмкін де, керек те екенін бұқараға көрсетіп берді. Осы ауыр

июль — ең соңғы ауыр июль деуімізге сенім беріп отырған да, міне, осы.

Егер біз халықаралық жағдайға көз жіберсек, мұның өзі біздің жеңіп шығатынымызға сенімімізді тек нығайта түседі.

Бізбен жауласып отырған барлық мемлекеттер де бізге дос күштер өсіп келеді. Кішкене мемлекеттерді — Финляндияны, Латвияны, Польшаны, Румынияны алайық. Оларда бізге қарсы күресу үшін ірі буржуазия мен ұсақ буржуазияның коалициясын құрмақ болған әрекеттердің бәрі де күйреп тынды, сондықтан ол жерлерде біздің өкіметімізден басқа ешқандай өкімет болмақшы емес.

Ірі мемлекеттерде де нақ осылай болып отыр. Германияны алайық. Версаль бітіміне қол қойылғаннан кейін іле-шала онда орасан зор революциялық қозғалыс басталды. Антанта құбыжық болудан қалды, сөйтіп пролетариаттың тартқан барлық құрбандықтарына қарамастан, жұмысшы бас көтеріп отыр. Биылғы жылдың ішінде Германия біз де, Сибирь де бастан кешірген тәжірибені біраз өзгеше түрде бастан кешірді,— бұл тәжірибе коммунистік революцияға жеткізеді. Ал Антанта ше, жеңушілер ше? Олар: жеңіс арқылы өзімізді қауіпсіз еттік дейді, бірақ олар бітімге қол қойып үлгірмей-ақ, бітімге қол қою өз басына шығарған үкімге қол қойғандық екені айқып болып отыр. Оларға қарсы бұқараның қозғалысы күшейіп келеді. Міне сондықтан да біз барлық бастап кешіргепімізді, биылғы жылдың бүкіл тәжірибесін ескере отырып, зор сеніммен былай дейміз: қиыншылықтарды жеңеміз, биылғы июль — ең соңғы ауыр июль болады, келесі июльді біз халықаралық Совет республикасының жеңісімен қарсы аламыз,— ал бұл жеңіс толық және мызғымас жеңіс болады.

«Правда» № 154, 16 июль, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

III ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

(РАМСЕЙ МАКДОНАЛЬД III ИНТЕРНАЦИОНАЛ ТУРАЛЫ)

Француздың социал-шовинистік «L'Humanité» («Адамзат»)[23] газетінің 1919 жылғы 14 апрельдегі 5475-номерінде «Тәуелсіз жұмысшы партиясы»[24] дейтін британ партиясының — іс жүзінде бұл әрқашан да буржуазияға тәуелді болып келген оппортунистік партия — белгілі көсемі Рамсей Макдональдтың бас мақаласы басылған. «Центр» деп аталып кеткен және Коммунистік Интернационалдың Москвада болған I конгресі[25] де осылай атаған *ағымның* позициясына бұл мақаланың дәл келетіндігі сонша, біз мұны «L'Humanité» редакциясының кіріспе сөздерімен бірге *түгелдей* келтіріп отырмыз.

ҮШІНШІ ИНТЕРНАЦИОНАЛ

Біздің досымыз Рамсей Макдональд соғысқа дейін қауымдар палатасында Жұмысшы партиясының әйгілі лидері болды. Кәміл сенген социалист және кәміл сенген адам есебінде ол осы соғысты империалистік соғыс деп айыптауды өзінің міндеті деп білді, сөйтіп бұл соғысты право үшін соғыс деп құттықтаған адамдарға қарсы шықты. Осы себепті ол 4 августан кейін «Жұмысшы партиясының (Labour Party) басшысы ролінен бас тартты және «Independent» («Тәуелсіз жұмысшы партиясы») ішіндегі өз жолдастарымен бірге, біздің бәрімізді сүйсіндірген Кейр Гардимен бірге соғысқа соғыс жариялаудан тайынбады.

Бұған күннен-күнге қайталанып отыратын бірсыпыра ерлік керек болды.

Ерлік дегеніміз, Жорестің сөздерімен айтқанда, «мерейі үстем болған өтіріктің заңына бағынбауда, ақымақтардың қол шапа-

лақтауына және фанатиктердің ысқыруына қошеметші болмауда» екенін Макдональд өз басының өнегесімен көрсетіп берді.

Ноябрьдің аяғында «команда бойынша»* болған сайлауда Макдональдты Ллойд Джордж жеңіп кетті. Біз мазасызданбасақ та болады,— Макдональд қарымта қайтарады және алдағы ең таяу уақыттың ішінде қайтарады.

Социализмнің ұлттық және интернационалдық саясатында сепаратистік тенденциялардың пайда болуы бүкіл социалистік қозғалыс үшін бақытсыздық болды.

Әрине, социализмнің ішінде пікірлердің сарындары мен әдіс айырмашылықтары болуында ешқандай жамандық жоқ. Біздің социализм әлі де эксперименттер сатысында тұр ғой.

Оның негізгі принциптері анықталған, бірақ оларды неғұрлым жақсы қолдану әдісі, революцияның салтанат құруына жеткізетін комбинациялар, социалистік мемлекетті ұйымдастыру — бұлардың бәрі талқылануға тиісті мәселелер және бұлар жөнінде әлі де ақтық сөз айтылған жоқ. Тек осы мәселелердің бәрін терең зерттеу ғана бізді неғұрлым жоғары ақиқатқа жеткізе алады.

Ұшқарылықтардың бірімен бірі қақтығысып отыруы мүмкін, ал мұндай күрес социалистік көзқарастардың нығаюына көмектесе алады, бірақ әркім өзінің қарсыласына сатқын деп қарайтын болса, инабаттан айырылған, сөйтіп партиялық жұмақтың жабулы қақпасы алдында қалып қоятын діндар адам деп қарайтын болса, қырсық кездесе бастайды.

Социалистерді догматизм рухы билейтін болса, бір кездері христиан діні құдай атын мадақтап, шайтанды күйрету үшін азамат соғысын өршіткен догматизм сияқты догматизм рухы билейтін болса, буржуазияның тыныш ұйықтай беруіне болады, өйткені социализмнің қолы жеткен жергілікті және интернационалдық табыстар қаншама зор болғанмен, буржуазияның үстемдік ету дәуірі әлі аяқталған жоқ.

Қазіргі уақытта біздің қозғалысымыз, сорымызға қарай, өз жолында жаңа кедергіге кездесіп отыр. Москвада жаңа Интернационал құрылған.

Менің өз басым бұл фактіге қатты күйінемін,— қазіргі уақытта социалистік Интернационал социалистік пікірдің барлық түрлері үшін жеткілікті ашық қой, сондықтан, онда большевизм туғызған барлық теориялық және практикалық келіспеушіліктерге қарамастан, Интернационалдың сол қанатының орталықтан бөлініп шығып, дербес топ құруға тиісті болатын себебін көре алмай отырмын.

Ең алдымен мынаны ескеру керек: біз әлі де революциялардың дүниеге келетін дәуірін бастан кешіріп отырмыз. Соғыс

---

* Сөзбе-сөз «хаки»: үкімет кандидаттарына дауыс беруге бұйрық алған солдаттар бұл сайлауды осылай атаған («Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының ескертуі. *Ред.*).

туғызған саяси және әлеуметтік бүліншіліктерден өсіп шыққан басқару формалары сынақтан әлі өткен жоқ, сондықтан түпкілікті белгіленген формалар болып есептеле алмайды.

Жаңа сыпыргыш бастапқы кезде таңғажайып жақсы сыпырады, бірақ ақырғы кезде ол қалай жұмыс істейді — бұл туралы күн ілгері кесіп айту қиын.

Россия — Венгрия емес, Венгрия — Франция емес, Франция — Англия емес, сондықтан да әйтеуір бір ұлттың ғана тәжірибесін басшылыққа алып, Интернационалға жік салатын адам өз ақылының масқара саяздығын көрсетеді.

Шынына келгенде Россия тәжірибесінің қаншалықты құны бар? Бұған кім жауап береді? Одақтас үкіметтер бізге толық хабардарлық мүмкіндігін беруден тайсақтап отыр. Бірақ біз білетін екі нәрсе бар.

Ең алдымен біздің білетініміз — революцияны қазіргі орыс үкіметі күн ілгері түзілген жоспар бойынша жасаған жоқ. Революция оқиғалардың барысына байланысты өрістеді. Керенскийге қарсы күресті бастап, Ленин Құрылтай жиналысының шақырылуын талап етті. Оқиғалар оны осы Жиналысты таратып жіберуге әкеп соқтырды. Россияда социалистік революция бұрқ ете түскен кезде, Советтер үкіметтен қазіргі алғанындай орын алады деп ешкім де ойлаған жоқ еді.

Онан кейін, Ленин венгрлерге: Россияның үлгісіне көзсіз еліктемеңдер, қайта венгр революциясының өз рухына сәйкес еркін дамуына мүмкіндік беріңдер деп, өте орынды ақыл айтып отырды.

Біздің көз алдымызда жасалып жатқан тәжірибелердің дамуы мен ауытқулары Интернационал ішінде жік туғызуға ешбір тиісті емес еді.

Барлық социалистік үкіметтер Интернационалдың көмегі мен кеңестеріне мұқтаж болып отыр. Олардың тәжірибелерін Интернационал мұқият, сын көзімен бақылап отыруы керек.

Мен таяуда Ленинді көрген бір досымнан жаңа ғана мынаны естідім: Совет үкіметін Лениннің өзі сынағанындай ешкім де оншалық еркін сынамайды екен.

Егер соғыстан кейінгі тәртіпсіздіктер мен революциялар жікке бөлінуді ақтамайтын болса, онда мұның өзін соғыс кезінде кейбір социалистік фракциялардың ұстаған позициясы арқылы ақтауға болмай ма? Ашығын айтайын, бұл арада анағұрлым ақылға қонымды себеп табуға болар еді. Ал егер Интернационалда жік туғызуға шынында да әйтеуір бір себеп бар болса, онда қайткенмен де бұл мәселе Москва конференциясында мейлінше сәтсіз қойылған.

Мен Берн конференциясында соғысқа жауаптылық туралы мәселе жөнінде жүргізілген жарыс сөздер *тек социалистік емес топтардың қоғамдық пікіріне жасалған кеңшілік болды* деген пікірді жақтаушылардың қатарына қосыламын.

Берн конференциясында бұл мәселе жөнінде әйтеуір бір тарихи құны боларлық шешім шығаруға мүмкін болмағандығы былай тұрсын (дегенмен оның біраз саяси құны болуы мүмкін еді), тіпті мәселенің өзі де тиісінше қойылған жоқ.

Герман көпшілігін жазғыру (осылай жазғыруға герман көпшілігі әбден лайық еді, сондықтан мен бұған шын ықыласыммен қосылдым) соғыстың себептерін баяндау бола алмайтын еді.

Берндегі айтыс-тартыстар кезінде соғысқа көзқарас жөнінде басқа социалистердің ұстаған позициясын ашық талқылау болған жоқ.

Бұл айтыс-тартыстар соғыс кезінде социалистер үшін міндетті болатын ешқандай әрекет формуласын берген жоқ. Интернационалдың сол кезге дейін бар айтқаны мынау болды: соғыс ұлттық қорғаныс сипатында болса, социалистер басқа партиялармен бірігуге тиіс делінген еді.

Мұндай жағдайда біз кімді жазғырмақпыз?

Интернационалдың бұл шешімдерінің маңызы болмағанын және практикалық басшылық ретінде іске жарамсыз болғанын біздің кейбіреулеріміз білетін едік.

Бұл соғыс империализмнің жеңуімен аяқталуға тиіс екенін біз білдік, сондықтан, сөздің кәдімгі мағынасында пацифистер де, антипацифистер де болмай-ақ, біз өз ойымызша интернационализмге бірден-бір сәйкес келетін саясатқа қосылдық. *Бірақ Интернационал* бізге ешқашан да бұлайша әрекет ету бағытын күштеп таңған емес.

Соғыс басталған кезеңде Интернационалдың күйреген себебі, міне, осыдан. Ол өзінің беделінен айрылды және халықаралық съездердің қарарларын адал орындағандарды қазір біздің жазғыруымызға право берерлік бірде-бір қаулы шығарған жоқ.

Осыны ескере отырып, қазіргі уақытта мынадай көзқарасты жақтау керек: өткен кездегі оқиғалар жөніндегі алауыздықтарға бола ажырасудың орнына өзіміз аяқ басып отырған революция мен құрылыс дәуірінде нағыз белсенді және социалистік қозғалысқа көмек беретін Интернационал құратын болайық.

Біздің социалистік принциптерімізді қалпына келтіру қажет. Интернационалдық социалистік іс-әрекеттің берік негіздерін салу қажет.

Ал егер бұл принциптер жөнінде бізде елеулі келіспеушіліктер болып шықса, егер біз бостандық пен демократия туралы мәселе жөнінде келісімге келмейтін болсақ, егер пролетариаттың өкіметті өз қолына алуына мүмкіндік берерлік жағдайлар жөнінде біздің көзқарастарымыз біржолата айырылысып кетсе, егер, ақырында, соғыстың Интернационалдың кейбір секцияларын империализмнің уымен улағаны анықталса,— онда жіктелістің тууы мүмкін.

Бірақ мен мұндай бақытсыздық болар деп ойламаймын.

Сондықтан да Москва манифесі, ең кемінде, мезгілсіз және, әрине, пайдасыз манифест ретінде, мені күйіндірді; ал соңғы қырсыққа толы төрт жыл ішінде бастарына соншалық жала да,

жаманат та жабылған менің француз жолдастарым шыдамсыздықтың жолігіне берілмес және интернационалдық ынтымақтың бұзылуына өз тарапынан жәрдемдеспес деп сенемін.

Олай болмаған күнде, егер пролетариат дүние жүзін әйтеуір бір көздері басқаратындай болса, олардың балаларына бұл ынтымақты қайтадан қалпына келтіруге тура келер еді.

Дж. Рамсей Макдональд

Оқушының көріп отырғанындай, бұл мақаланың авторы жіктелістің қажетсіздігін дәлелдеуге тырысады. Керісінше, пақ сол жіктелістің болмай қоймайтындығы II Интернационалдың осы типтік өкілі, Шейдеман мен Каутскийдің, Вандервельд пен Брантингтің, т. т. және т. с. лайықты серігі Рамсей Макдональдтың *осылай* пайымдауынан-ақ көрінеді.

Рамсей Макдональдтың мақаласы жылтыр, әсем, шаблондық жел сөздердің, сырттай социалистік болып көрінетін жел сөздердің таңдаулы үлгісымағы болып табылады; бұл жел сөздер барлық алдыңғы қатарлы капиталистік елдердө жұмысшы қозғалысының ішіндегі буржуазиялық саясатты бүркеу үшін баяғыдан бері пайдаланылып келеді.

I

Маңызы кемірек, бірақ ерекше сипаты бар нәрседен бастайық. Автор, Каутский сияқты (оның «Пролетариат диктатурасы» деген кітапшасындағыдай), буржуазиялық өтірікті қайталап, Россияда Советтердің ролін күн ілгері ешкім де көре білген жоқ, Ленин мен большевиктер тек Құрылтай жиналысына бола ғана Керенскийге қарсы күрес бастады дейді.

Бұл — буржуазиялық өтірік. Шындығында мен 1917 жылғы 4 апрельде-ақ, өзім Петроградқа келген бірінші күні-ақ *буржуазиялық-парламенттік* республиканы емес, *Советтік* республиканы талап етіп «тезистер» ұсынған болатынмын*. Мен мұны Керенскийдің тұсында баспасөз бен жиналыстарда талай рет қайталап айттым. Большевиктер партиясы өзінің 1917 жылғы 29 ап-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 118—120, 126—127-беттер. *Ред.*

рельдегі конференциясының шешімдерінде салтанатты және ресми түрде осыны мәлімдеді[26]. Мұны білмеу — Россиядағы социалистік революция туралы шындықты білгісі *келмеу* деген сөз. Құрылтай жиналысы бар буржуазиялық-парламенттік республика Құрылтай жиналысы *жоқ* нақ сондай республикаға қарағанда бір қадам ілгері басқандық екенін, ал *Советтік* республика онымен салыстырғанда екі қадам ілгері басқандық екенін түсінгісі келмеу — буржуазия мен пролетариат арасындағы айырмашылыққа көз жұмып қарау деген сөз.

Өзін социалист деп атай отырып, Россияда мәселе қойылғаннан кейін екі жыл өткен кезде, Россияда советтік революция жеңгеннен кейін бір жарым жыл өткен кезде, бұл айырмашылықты көрмеу — «социалистік емес топтардың қоғамдық пікірінің», *яғни* буржуазиялық идеялар мен саясаттың толық шырмауында қарысып қала беру деген сөз.

Мұндай адамдармен жікке бөліну қажет те, сөзсіз де нәрсе, өйткені буржуазия жағына бүйрегі бұратын адамдармен қол ұстаса отырып социалистік революция жасауға болмайды.

Ал егер Рамсей Макдональд немесе Каутский және т. с. сияқты адамдар большевиктердің Совет өкіметіне көзқарасы туралы, 1917 жылғы 25 октябрьден (7 ноябрьден) бұрын және одан кейін бұл мәселенің қалай қойылғаны туралы *документтермен* осы «көсемдердің» танысуынан туатын тіпті мүлде кішкене «қиыншылықты» да жеңгісі келмеген болса, онда социалистік революция жолындағы нағыз күрестің бұдан өлшеусіз зор қиыншылықтарын жеңуге бұл адамдардың әзірлігі мен қабілеті жетеді деп күту ерсі болмас па еді?

Естігісі келмейтін адам кереңнен де жаман.

II

Енді екінші өтірікті алайық (бұл өтірік Рамсей Макдональдтың бүкіл мақаласында бұқып жатқан сансыз өтіріктердің бірі, өйткені бұл мақалада, бәлкім, сөзден гөрі өтірік көп шығар). Бұл — ең бір елеулі дерлік өтірік.

Дж. Р. Макдональдтың айтуынша, Интернационал 1914—1918 жылдардағы соғысқа дейін тек қана былай депті-міс: «соғыс ұлттық қорғаныс сипатында болса, социалистер басқа партиялармен бірігуге тиіс».

Мұның өзі ақиқаттан масқара, сорақы түрде жалтарғандық.

Жұрттың бәріне мәлім, 1912 жылғы Базель манифесін[27] барлық социалистер біраууыздан қабылдаған болатын және Интернационалдың барлық документтерінің ішінде жалғыз осы манифест қана империалистік жыртқыштардың ағылшын тобы мен герман тобы арасындағы соғыс туралы, 1912 жылы барлық жұрттың көзінше әзірленіп жатқан, ал 1914 жылы бұрқ ете түскен нақ сол соғыс туралы жазылған. Нақ сол соғыс туралы Базель манифесі үш нәрсе айтты; қазір бұлар туралы жұмған аузын ашпастан, Макдональд социализмге қарсы асқан зор қылмыс жасап, Макдональд сияқты адамдармен жіктеліс қажет екендігін дәлелдеп отыр, өйткені ондайлар іс жүзінде пролетариатқа емес, буржуазияға қызмет етеді.

Бұл үш нәрсе мыналар:

қатері төнген соғысты ұлт бостандығы мүдделерімен титтей де ақтауға болмайды;

бұл соғыста жұмысшылар тарапынан бір-біріне оқ ату қылмыс болар еді;

соғыс пролетарлық революцияға апарып соғады.

Міне негізгі, түбегейлі үш ақиқат осылар; Макдональд осы ақиқаттарды (соғыстан бұрын бұларға өзі қол қойса да) «ұмытып», *іс жүзінде* пролетариатқа қарсы буржуазияның жағына шығып кетіп отыр, сөйтіп осы арқылы жіктелістің қажет екендігін дәлелдеп отыр.

Коммунистік Интернационал осы ақиқатты мойындағысы келмейтін және осы ақиқатты бұқараның санасына енгізу жөніндегі өзінің батылдығын, әзірлігін, шеберлігін өз *істерімен* дәлелдеуге қабілетсіз партиялармен бірлесуге бармайды.

Германия сияқты, Антантаның да қанқұйлы, жиркенішті империалистік жыртқыш болғанын және солай болып қала бергенін Версаль бітімі тіпті зердесіздер мен соқырларға да, тіпті толып жатқан өресіз адамдарға да

дәлелдеп берді. Мұны не жұмысшы қозғалысында қасақана буржуазиялық саясатты жүргізетін екіжүзділер мен суайттар, буржуазияның тікелей агенттері мен прикасчиктері (американ социалистері айтатындай, labour lieutenants of the capitalist class, капиталистер табына қызмет ететін жұмысшы офицерлер), не буржуазиялық идеялар мен буржуазиялық ықпалға соншалық беріліп кеткен — тек сөз жүзінде ғана социалистер болып, ал іс жүзінде ұсақ буржуа, филистерлер, капиталистерді қошеметтеушілер болып табылатын адамдар көрмеуі мүмкін. Бірінші категория мен екінші категория арасындағы айырмашылық тек жеке адамдар тұрғысынан ғана, яғни барлық елдердің социал-шовинистерінің ішіндегі Иванға немесе Петрге баға беру үшін ғана маңызды. Саясатшы үшін, яғни миллиондаған адамдар арасындағы, таптар арасындағы қатынастар тұрғысынан алғанда, бұл елеулі айырмашылық емес.

1914—1918 жылдардағы соғыс кезінде бұл соғыстың екі жақтан бірдей қылмысты, реакциялық, тонаушылық, империалистік соғыс екенін түсінбеген социалистер — социал-шовинистер, яғни сөз жүзінде социалистер де, іс жүзінде шовинистер; сөз жүзінде жұмысшы табының достары да, іс жүзінде «өзінің» ұлттық буржуазиясының малайлары, *бірінен-бірі* лас, құлқынқұмар, қанқұйлы, қылмысты, реакцияшыл империалист-жыртқыштардың ағылшын тобы мен герман тобы арасындағы соғысты «ұлттық», «азаттық», «қорғаныстық», «әділетті» және т. с. соғыс деп бейнелеп, сол буржуазияның халықты алдауына көмектесетіндер.

Социал-шовинистермен бірігу дегеніміз революцияға сатқындық жасау, пролетариатқа сатқындық жасау, социализмге сатқындық жасау, буржуазияның жағына өтіп кеткендік, өйткені мұның өзі интернационалдық революцияшыл пролетариаттың бірлігіне *қарсы* «өз» елінің *ұлттық буржуазиясымен* «бірігу», пролетариатқа *қарсы буржуазиямен* бірігу.

1914—1918 жылдардағы соғыс мұны біржолата дәлелдеді. Мұны түсінбеген адам социал-сатқындардың берндік сатқын Интернационалында қала берсін.

III

Сөздің елеулі маңызы бар екенін мүлде түсінбестен, *сөздің іске міндеттейтінін* мүлде ойламастан, сөзін далаға кетіретін «салондық» социалиске тән сорақы аңқаулықпен Рамсей Макдональд: Бернде «социалистік емес топтардың қоғамдық пікіріне кеңшілік» жасалды деп мәлімдейді.

Нақ солай! Бүкіл берндік Интернационалды біз сатқын, алдамшы, опасыз Интернационал деп есептейміз, өйткені оның *бүкіл* саясаты буржуазияға *«кеңшілік»* жасау болып табылады.

Біз III Интернационалды құрдық, II Интернационалдан сөзсіз қол үздік, өйткені оның үмітсіз екеніне, оның түзелуден кеткеніне, оның империализмнің малайы ретінде, жұмысшы қозғалысына буржуазиялық ықпалды, буржуазиялық өтірік пен буржуазиялық азғындықты таратушы ретінде роль атқаратындығына көзіміз жетті, мұны Рамсей Макдональд әбден жақсы біледі. Егер Рамсей Макдональд III Интернационал туралы пікір айтқысы келіп, істің мәнінен жалтарып кетіп отырған болса, төңіректеп, айналсоқтап отырған болса, құрғақ сөздер айтып, айтылуға тиісті нәрсені айтпай отырған болса, бұл оның айыбы, оның қылмысы. Өйткені пролетариат шындықты керек етеді, ал оның ісіне әдемі, әсем көрінетін, тоғышарлық өтіріктен зияндырақ ештеңе жоқ.

Империализм туралы және *оның* жұмысшы қозғалысындағы оппортунизммен, жұмысшы көсемдерінің жұмысшы ісіне істеген сатқындығымен *байланысы* туралы мәселе әлдеқашан, тіпті әлдеқашан қойылған.

Маркс пен Энгельс *қырық* жыл бойы, 1852 жылдан 1892 жылға дейін, Англияның экономикалық ерекшеліктерінің (отарлар; бүкіл дүние жүзілік рыноктағы монополия, т. т.) салдарынан ондағы жұмысшы табының жоғарғы топтарының *буржуазиянып отырғанын* үнемі көрсетіп келді[28]. Өткен ғасырдың 70-жылдарында Маркс ағылшын тред-юниондарының көптеген көсемдерін буржуазияға сатылып кеткен немесе *оның* табына жұмысшы қозғалысының *і ш і н е н* істейтін қызметіне

одан ақы алып отыратын адамдар деп әшкерелегендігі үшін сол кездегі «берндік» Интернационал бағытындағы пасық сабаздардың, оппортунистер мен реформистердің тарапынан құрметті өшпенділікке душар болды.

Ағылшын-бур соғысы кезінде ағылшын-саксон баспасөзі капитализмнің ең жаңа *(және соңғы)* сатысы ретіндегі империализм туралы мәселені әбден айқын қойған болатын. Егер жаңылмасам, басқа ешкім де емес, Рамсей Макдональдтың дәл өзі «берндік» Интернационалдың сыңары, оппортунизмнің ұрығы мен үлгісі ретіндегі «Фабий қоғамынан»[29], Энгельс Зоргемен жазысқан хаттарында[30] данышпандық күшпен, айқындылықпен, шыншылдықпен сипаттаған осы қоғамнан сол кезде шыққан болатын. «Фабийшылдық империализм» — сол кезде ағылшын социалистік әдебиетінде көп тараған сөз міне осы еді.

Егер Рамсей Макдональд мұны ұмытқан болса, өз обалы өзіне.

«Фабийшылдық империализм» және «социал-империализм» дегендердің мәнісі бірдей: сөз жүзінде социализм, іс жүзінде империализм, *оппортунизмнің империализмге ұласуы.* Бұл құбылыс қазір, 1914—1918 жылдардағы соғыс кезінде және одан кейін *бүкіл дүние жүзілік* факт болып отыр. Мұны түсінбеу — «берндік» сатқын Интернационалдың асқан зор соқырлығы, оның асқан зор қылмысы. Оппортунизм немесе реформизм бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар *социалистік империализмге* немесе социал-шовинизмге қалай да ұласуға тиісті болды, өйткені империализм бүкіл дүние жүзін тонаушы ат төбеліндей аса бай, алдыңғы қатарлы ұлттарды бөліп шығарды, сөйтіп бұл елдердегі буржуазияға өзінің монополистік үстеме пайдасының есебіне (империализм дегеніміз монополистік капитализм) осы елдердегі *жұмысшы табының жоғарғы топтарын сатып алуға* мүмкіндік берді.

Империализм тұсында бұл фактінің экономикалық жағынан сөзсіз екенін көре білмейтіндер — не барып тұрған надандар, не капитализм туралы *жалпы қағидаларды* қайталай отырып және *социализмдегі тұтас бір ағымның* империалистік буржуазия жағына өтіп кеткен-

дігі туралы күйінішті шындықты осылайша бүркемелей отырып, жұмысшыларды алдайтын екіжүзділер.

Ал осы фактіден мынадай даусыз екі қорытынды туады:

Бірінші қорытынды: «берндік» Интернационал дегеніміз іс жүзінде, өзінің нағыз тарихи және саяси ролі жағынан, оның белгілі бір мүшелерінің адал ниеттілігіне және бейкүнә тілектеріне қарамастан, жұмысшы қозғалысының *ішінде* әрекет істейтін, *оған* буржуазиялық ықпалды, буржуазиялық идеяларды, буржуазиялық өтірік пен буржуазиялық азғындықты таратып отыратын *халықаралық империализм агенттерінің ұйымы.*

Әлдеқашаннан демократиялық-парламенттік мәдениеті бар елдерде буржуазия тек күштеу арқылы ғана емес, сонымен қатар алдау, сатып алу, жарамсақтану арқылы, тіпті осы тәсілдердің ең жымысқы формалары арқылы да әрекет істеуді әбден жақсы үйреніп алды. Ағылшын «жұмысшы көсемдерінің» (яғни буржуазияның жұмысшыларды алдау жөніндегі приказчиктерінің) берген «қонақасыларының» әйгілі болып кетуі тегін емес және бұлар туралы Энгельс те айтқан болатын[31]. Клемансо мырзаның социал-сатқын Мергеймді «жарқын шыраймен» қабылдауы, Антанта министрлерінің берндік Интернационал көсемдерін жылы жүзбен қабылдауы және басқалар, тағы сондайлар нақ осы сияқты факт болып табылады. Ағылшынның бір ақылды капиталист әйелі социал-империалист Гайндман мырзаға: «сіздер оларды үйретіңіздер, ал біз оларды сатып аламыз» депті; сол Гайндман өзінің мемуарларында интеллигент-социалистердің жұмысшылар ішінен социалистік көсемдерді үйретіп шығару жөніндегі «еңбектерін» осы ханымның — «берндік» Интернационалдың көсемдерінің бәрінен, оларды түгел алғанда, анағұрлым ардағыш осы ханымның — қалай бағалағанын айтқан.

Соғыс кезінде, Вандервельдтер, Брантингтер және сатқындардың бүкіл осы бандасы «халықаралық» конференциялар өткізіп жүрген кезде, француздың буржуазиялық газеттері былайша өте зәрлі және өте дұрыс күлкі етті: «Осы Вандервельдтерде тик сияқты бірдеңе бар. Тикке шалдыққан адамдар бет-әлпетін өрескел жы-

бырлатпайынша екі ауыз сөздің басын құрап айта алмайды, сол сияқты Вандервельдтер де: интернационализм, социализм, жұмысшылардың халықаралық ынтымағы, пролетариат революциясы деген және т. с. сөздерді тоты құсша қайталамайынша саяси сөз сөйлей алмайды. Мейлі қалаған қастерлі сөздерін қайталай берсін, тек олар жұмысшыларды алдап соғуда біздерге, капиталистерге, көмектессе болғаны және империалистік соғысты жүргізуге, жұмысшыларды кіріптар етуге қызмет істесе болғаны».

Ағылшын жәпе француз буржуасы кейде өте ақылды келеді де, «берндік» Интернационалдың малайлық ролін тамаша бағалай алады.

Мартов бір жерде: сендер, большевиктер, берндік Интернационалды жамандап жүрсіңдер, бірақ опда «өздеріңнің» достарың Лорио да бар ғой,— деп жазған болатын.

Бұл — алаяқтың дәлелі. Өйткені Лорионың III Интернационал үшін ашықтан-ашық, адал, ерлікпен күресіп жүргендігі жұрттың бәріне мәлім. Жұмысшыларды «полициялық социализм» арқылы ақымақ ету мақсатымен Зубатов 1902 жылы Москвада жұмысшылардың жиналыстарын өткізген кезде, өзім 1894 жылдан бері, менің Питердегі жұмысшы үйірмемде болған кезінен бері білетін, таңдаулы, шын берілген «искрашыл»-жұмысшылардың бірі, революцияшыл пролетариат көсемдерінің бірі, 1906 жылы Сибирьде Ренненкампф атып өлтірген жұмысшы Бабушкин зубатовшылдықпен күресу үшін және оның шеңгелінен жұмысшыларды айырып алу үшін *зубатовтық жиналыстарға барып жүрді.* Сондықтан Лорионың «берншілдігі» қандай аз болса, Бабушкиннің «зубатовшылдығы» да сондай аз еді.

IV

Екінші қорытынды: III, Коммунистік Интернационал нақ «социалистердің» революцияны *сөз жүзінде* танумен тынуына жол бермеу үшін құрылған, ал Рамсей Макдональд өзінің мақаласында сөз жүзінде танудың үлгілерін көрсетіп отыр. Революцияны сөз жүзінде тану,

іс жүзінде бастан-аяқ оппортунистік, реформистік, ұлтшылдық, ұсақ буржуазиялық саясатты бүркемелеп келген тану II Интернационалдың негізгі күнәсы болды, сондықтан біз осы қырсыққа қарсы өліспей беріспейтін күрес жүргізіп отырмыз.

Жұрт: II Интернационал масқара банкрот болып, олді дегенде, мұны түсіне білу керек. Мұның мәнісі: оппортунизм, реформизм, ұсақ буржуазиялық социализм банкрот болып, олді деген соз. Өйткені II Интернационалдың тарихи еңбегі бар, *εἰς ἀεί* (мәңгілік) жеңісі бар, саналы жұмысшы бұл жеңістен ешқашан да безбейді, атап айтқанда: бұқаралық жұмысшы ұйымдары, кооперативтік, кәсіптік және саяси ұйымдар құрылды, буржуазиялық парламентаризм, сондай-ақ жалпы алғанда буржуазиялық демократияның барлық мекемелері пайдаланылды, т. т.

II Интернационалды масқара өлімге ұшыратқан оппортунизмді іс жүзінде жою үшін, жақындағанын *тіпті* Рамсей Макдональдтың өзі де мойындап отырған революцияға іс жүзінде көмектесу үшін мыналарды істеу керек:

біріншіден, бүкіл насихат пен үгітті реформаларға қарама қарсы революция тұрғысынан жүргізу керек, осы қарама қарсылықты бұқараға теориялық жағынан да, практикалық жағынан да, парламенттік, кәсіптік, кооперативтік, т. т. жұмыста қадам басқан сайын үздіксіз түсіндіріп отыру керек. Парламентаризмді және буржуазиялық демократияның барлық «бостандықтарын» пайдаланудан ешбір жағдайда да (ерекшелік ретінде, айрықша жағдайларды есептемегенде) бас тартпау керек, реформалардан бас тартпау керек, бірақ оларды пролетариаттың революциялық таптық күресінің *тек қосымша нәтижесі* деп *қана* қарау керек. «Берндік» Интернационал партияларының бірде-бірі бұл талапқа сай келмейді. Реформалардың революциялардан *айырмашылығын* түсіндіргенде *бүкіл* насихат пен үгітті қалай жүргізу керек екенін, партияны да, бұқараны да *революцияға* қалайша *үздіксіз* тәрбиелеу керек екенін бұл партиялардың бірде-бірі тіпті түсіне де білмейді.

Екіншіден, жария жұмыс пен *құпия* жұмысты ұштас-

тыру керек. Большевиктер әрқашан да және 1914—1918 жылдардағы соғыс кезінде әсіресе табандылықпен осыны үйретіп келді. Пасық оппортунизмнің сабаздары мұны мазақтап, Батыс Европа елдерінің, республикаларының және басқаларының «заңдылығын», «демократиясын», «бостандығын» тоқмейілси дәріптеп отырды. Большевиктердің айтқаны дұрыс болып шыққанын қазір жұмысшыларды құрғақ сөздермен алдап отырған нағыз алаяқтар ғана теріске шығара алады. Дүние жүзінде ең алдыңғы қатарлы және ең «ерікті» буржуазиялық республикалардың ішінде буржуазияның терроры жайлап алмаған, социалистік революция жолындағы үгіт бостандығына, нақ осы бағыттағы насихат жұмысы мен ұйымдастыру жұмысының бостандығына тыйым салынбаған бірде-бір ел жоқ. Буржуазия үстемдігі тұсында мұны осы кезге дейін мойындамаған және, буржуазия мен буржуазиялық парламенттердің заңдарына қарамастан, үздіксіз, жан-жақты *құпия* жұмыс жүргізбей отырған партия — революцияны сөз жүзінде тану арқылы халықты алдайтын опасыздар мен оңбағандардың партиясы. Мұндай партиялардың орны сатқын, «берндік» Интернационалда. Ал Коммунистік Интернационалда олар болмайды.

Үшіншіден, соғыстан бұрын да, әсіресе соғыс кезінде де саясат саласында болсын, өте-мөте кәсіптік одақтар мен кооперативтерде болсын өздерінің сиқын көрсеткен оппортунистік көсемдерді жұмысшы қозғалысынан толық қуып шығу үшін үздіксіз және аяусыз соғыс жүргізу қажет. «Бейтараптық» теориясы — жалған және пасық алдарқату, мұның өзі 1914—1918 жылдарда буржуазияның бұқараны иландырып алуына көмектесті. Сөз жүзінде революцияны жақтайтын, ал іс жүзінде барлық және әр алуан бұқаралық жұмысшы ұйымдарына нақ революциялық, тек қана революциялық партияның ықпалын тарату жолында үздіксіз күрес жүргізбей отырған партиялар — сатқындардың партиялары.

Төртіншіден, сөз жүзінде империализмді жазғыратын, ал іс жүзінде отарларды (және тәуелді ұлттарды) *өзінің* империалистік буржуазиясынан азат ету жолында революциялық күрес жүргізбейтін адамдармен келісуге

болмайды. Мұның өзі екіжүзділік. Мұның өзі жұмысшы қозғалысындағы буржуазия агенттерінің (labour lieutenants of the capitalist class) саясаты. Сөз жүзінде империализмге қас, ал іс жүзінде «өз» буржуазиясын *құлату* жолында «өз» отарларының ішінде революциялық күрес жүргізбейтін, отарларда қазірдің өзінде барлық жерде басталып отырған *революциялық* жұмысқа үздіксіз көмектеспейтін, отарлардағы революциялық партиялар үшін онда қару мен әдебиет апармайтын ағылшын, француз, голланд, Бельгия партиялары және т. с. партиялар — оңбағандар мен сатқындардың партиясы.

Бесіншіден, «берндік» Интернационал партияларына дағдылы мынадай құбылыс асқан екіжүзділік болып табылады: олар сөз жүзінде революцияны таниды және өздерінің революцияны танитындығы жөнінде көпірме сөздер айтып, жұмысшылар алдында күпінеді, ал іс жүзінде революцияның бастамаларына, өркендеріне, өсу көріністеріне, атап айтқанда буржуазиялық заңдарды бұзатын, жариялылықтың қандайының болса да шегінен шығып кететін бұқара қимылдарының қай-қайсысына болса да, мәселен, бұқаралық стачкаларға, көше демонстрацияларына, солдаттардың наразылықтарына, әскердегі митингілерге, казармалар мен лагерьлерде листоктар таратуға, т. с. кілең реформистік тұрғыдан қарайды.

Егер «берндік» Интернационалдың кез келген сабазынан оның партиясының осындай үздіксіз жұмысты жүргізетін-жүргізбейтіндігін сұрасаңыз, ол сізге не осындай жұмыстың жоқтығын: бұған арналған ұйымдары мен аппаратының жоқтығын, өз партиясының мұны жүргізуге қабілетсіздігін бүркемелейтін жалтарма сөздермен жауап береді, не «путшизмге» (шоқ салушылыққа), «анархизмге», т. с. қарсы тақпақпен жауап береді. Ал берндік Интернационалдың жұмысшы табына опасыздық жасауы, оның іс жүзінде буржуазияның лагеріне өтуі, міне, осында.

Барлық оңбағандар — берндік Интернационалдың көсемдері өзеуреп, жалпы алғанда революцияға, жекелеп алғанда орыс революциясына өздерінің «тілектес» екені туралы мәлімдейді. Бірақ Россиядағы революцияның өте-мөте шапшаң табыстарға жетуі революциялық

партияның көрсетілген бағытта ұзақ жылдар бойы жұмыс істеуіне *байланысты* екенін, сөйтіп демонстрациялар мен стачкаларға басшылық ететін, әскерлер арасында жұмыс істейтін жүйелі құпия аппараттың жыл санап құрылып келгенін, жұмыс тәсілдерінің тәптіштеле зерттеліп келгенін, тәжірибе қорытындыларын шығарған және бүкіл партияны революцияның қажеттігі туралы ой-пікірге тәрбиелеген құпия әдебиеттің жасалғанын, осындай жағдайларда жұмыс істейтін бұқара көсемдерінің өсіп жетілгенін, т. т. және т. с., тек екіжүзділер ғана немесе ақымақтар ғана түсіне алмайды.

V

Жоғарыда көрсетілгендердің бәрін жинақтайтын және революцияшыл пролетариаттың «берндік» Интернационалға қарсы ымыраға келмейтін теориялық және практикалық-саяси күрес жүргізуі сөзсіз екендігін көрсететін ең терең, түбегейлі алауыздықтар империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру туралы және пролетариат диктатурасы туралы мәселелерге байланысты.

Берндік Интернационалдың буржуазиялық идеологияның шырмауына түскендігі көбінесе мынадан көрінеді: ол 1914—1918 жылдардағы соғыстың империалистік сипатын түсінбегендіктен (немесе: түсінгісі келмегендіктен, немесе: түсінбегенсіп жүргендіктен) соғыстың барлық алдыңғы қатарлы елдерде пролетариат пен буржуазияның арасындағы азамат соғысына айналуы шүбәсыз екендігін түсінбеді.

Большевиктер 1914 жылдың ноябрінде-ақ осы шүбәсыздықты көрсеткен кезде, барлық елдердің филистерлері топастық мысқылдармен жауап берді, ал берндік Интернационалдың барлық көсемдері сол филистерлердің қатарында болды. Қазір империалистік соғыстың азамат соғысына айналуы бірсыпыра елдерде, тек Россияда ғана емес, сонымен қатар Финляндияда, Венгрияда, Германияда, тіпті бейтарып Швейцарияда да факт болып отыр, ал азамат соғысының өрістеуі барлық алдыңғы қатарлы елдердің бәрінде байқалып, сезіліп, біліпіп отыр.

Қазір бұл мәселені ауызға алмай өте шығу (Рамсей Макдональд істеп отырғандай) немесе болмай қоймайтын азамат соғысынан ымырашылдық жылымшы сөздер арқылы *жалтару* (Каутский мен К° мырзалар істеп отырғандай) пролетариатқа тіке опасыздық жасағанмен бірдей, буржуазияның жағына іс жүзінде өткенмен бірдей. Өйткені буржуазияның нағыз саяси көсемдері азамат соғысының болмай қоймайтынын әлдеқашан түсінін, соған әбден ұқыптылықпен, байыптылықпен, ұдайы әзірлік жүргізіп жатыр, сол үшін өз позицияларын нығайтып жатыр.

Бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы бар күшін салып, орасан зор жігермен, ақылмен, батылдықпен, ешқандай қылмыстардан да тайынбастан, тұтас елдерді ашаршылық пен жаппай қырғынға ұшырата отырып, төніп келе жатқан азамат соғысында пролетариатты басып жаныштауға әзірленіп жатыр. Ал берндік Интернационалдың сабаздары, ақымақтар сияқты немесе екіжүзді поптар сияқты, немесе педант профессорлар сияқты, ескірген, жауыр болған, тозығы жеткен реформистік әуенге басып отыр! Бұдан өткен жексұрын, бұдан өткен жиіркенішті көрініс жоқ!

Каутскийлер мен Макдональдтар өздеріне капиталистерден көңшілік алу үшін, реформистік жолға келісім алу үшін әлі де капиталистерді революциямен *қорқытуда*, буржуазияны азамат соғысымен *үрейлендіруде*. Бүкіл берндік Интернационалдың барлық шатпақтары, барлық философиясы, барлық саясаты осыған келіп саяды. Малайлардың осындай бейшаралық тәсілін біз Россияда 1905 жылы либералдар (кадеттер) тарапынан, 1917—1919 жылдарда меньшевиктер мен «социалист-революционерлер» тарапынан байқағанбыз. Бұқараны азамат соғысында буржуазияны *жеңудің* сөзсіздігі мен қажеттігі ұғымында *тәрбиелеу* туралы, бүкіл саясатты осы мақсат тұрғысынан жүргізу туралы, барлық мәселелерді осы тұрғыдан, тек қана осы тұрғыдан анықтап, алға қойып, шешу туралы,— осылай ету туралы берндік Интернационалдың малай жандары ойламайды да. Сондықтан да біздің мақсатымыз — түзелмейтін реформистерді, яғни берндік Интернационал көсемдерінің оннан

тоғызын буржуазия итаршыларының жуынды құйылатын шұңқырына біржолата құлатып жіберу болмақ.

Буржуазияға жұмысшы табының бір бөлегі сенетін және реформистік жолдың мүмкіндігі туралы әңгімелер арқылы буржуазияны әрлеп, боямалап көрсететін, осындай әңгімелер арқылы халықтың көзін көлегейлейтін, реформистік жолдың әдемiлiктерi мен мүмкіндіктерін мәнерлеу арқылы халықты революциядан *бұрып әкететін* осындай итаршылар *к е р е к.*

Біздің меньшевиктер мен эсерлердің шатпақтары сияқты, Каутскийдің барлық шатпақтары осындай мәнерлеу, революциядан қорқатын сужүрек мещанның қыңқылы болып табылады.

Нақ революциялық жолды және тек қана революциялық жолды сөзсіз қажет еткен, тарихтың күн тәртібіне қойған мәселелерін азамат соғысынан басқа жолмен шешуді мүмкін емес нәрсе еткен негізгі экономикалық себептердің қандай екенін бұл арада егжей-тегжейлі қайталап жатуға біздің мүмкіндігіміз жоқ. Бұл туралы томдар жазылуға тиіс, бұл туралы томдар жазылмақ та. Егер Каутский мырзалар және берндік Интернационалдың басқа да көсемдері мұны түсінбеген болса, онда: надандық шындыққа соқыр сенімпен гөрі бір табан жақынырақ деуге ғана тура келеді.

Өйткені надан, бірақ адал еңбек адамдары және еңбекшілер жағындағылар революцияның, азамат соғысының және пролетариат диктатурасының сөзсіз болатынын қазір, соғыстан кейін, мейлінше оқымыстылық реформистік соқыр сенімдермен кептелген Каутский, Макдональд, Вандервельд, Брантинг, Турати және tutti quanti* мырзалардан гөрі оңайырақ түсініп отыр.

Бұқара ішінде революциялық сананың өсуі жөніндегі, барлық жерлерде байқалып отырған, жаппай құбылысты дәлелдейтін өте-мөте нақты айғақтардың бірі деп Анри Барбюстің: «Le feu» («От») және «Clarté» («Айқындық») атты романдарын айтуға болады. Біріншісі қазірдің өзінде барлық тілдерге аударылып, Францияның өзінде 230 000 данасы таратылған. Идеялар мен

* — солар сияқты. *Ред.*

соқыр сенімдер бүтіндей еңсесін басқан, мүлде надан тоғышар мен бұқарашылдың нақ соғыстың ықпалымен революционерге айналуы мұнда ерекше күшті, таланттылықпен, шыншылдықпен көрсетілген.

Пролетарлар мен жартылай пролетарлар бұқарасы бізді жақтайды және күн сайын емес, сағат сайын біздің жағымызға шығып отыр. Берндік Интернационал — армиясыз штаб; егер бұқараның көз алдында оны ақырына дейін әшкерелесе, ол ойыншық үй сияқты қирап қалады.

Антантаның бүкіл буржуазиялық баспасөзі соғыс кезінде Карл Либкнехттің есімін бұқараны алдау үшін пайдаланды: француз және ағылшын империализмінің қарақшылары мен тонаушыларын осы батырға, олардың өздері айтқандай, осы «бірден-бір адал неміске» тілектес адамдар етіп көрсетпекші болды.

Қазір берндік Интернационалдың сабаздары Карл Либкнехт пен Роза Люксембургтің өлтірілуін ұйымдастырған Шейдемандармен бірге, жұмысшылар ішіндегі жендеттердің, буржуазияға жендеттік қызмет істейтіндердің ролін атқарған Шейдемандармен бірге бір ұйымда отыр. Сөз жүзінде Шейдемандарды «жазғырмақ» болған екіжүзділік әрекеттер істейді (бейне бір «жазғырудан» істің жайы өзгеретін сияқты!). Іс жүзінде кісі өлтіргіштермен бірге бір ұйымда жүреді.

1907 жылы марқұм Гарри Квелчті европалық дипломаттардың мәжілісін «ұрылардың жиыны» деп атағаны үшін герман үкіметі Штутгарттан жер аударып жіберген болатын[32]. Берндік Интернационалдың көсемдері — ұрылардың жиыны ғана емес, олар — кісі өлтіргіш жауыздардың жиыны.

Революцияшыл жұмысшылардың сотынан олар құтыла алмайды.

VI

Рамсей Макдональд пролетариат диктатурасы туралы мәселені бостандық пен демократия туралы айтыс мәселесіне балап, одан бір-екі ауыз сөзбен жалтарып отыр.

Жоқ. Қимылдайтын уақыт жетті. Айтыстар кешігіп қалды.

Берндік Интернационалдың тарапынан туып отырған ең қауіпті нәрсе — пролетариат диктатурасын сөз жүзінде тануы. Бұл адамдар бәрін де танудан, бәріне де қол қоюдан тайынбайды, тек өздері жұмысшы қозғалысын басқарып қала берсе болғаны. Каутский қазірдің өзінде-ақ пролетариат диктатурасына қарсы емеспін деп отыр! Француз социал-шовинистері мен «центристері» пролетариат диктатурасын жақтаған қарарға қол қойып отыр!

Олар титтей де сенім артуға лайық емес.

Сөз жүзінде тану керек емес, қайта реформизм саясатынан, буржуазиялық бостандық пен буржуазиялық демократияның соқыр сенімдерінен *іс жүзінде* толық қол үзу керек, революциялық тап күресі саясатын іс жүзіне асыру керек.

Пролетариат диктатурасын сөз жүзінде тануға әрекет жасайды, сөйтіп оған қоса «көпшіліктің еркін», «жалпыға бірдей дауыс беруді» білдірмей тықпаламақшы болады (Каутский нақ осылай етіп отыр), буржуазиялық парламентаризмді, бүкіл буржуазиялық мемлекеттік аппаратты ақырына дейін толық жоюдан, талқандаудан, қиратудан бас тартуды тықпаламақшы болады. Реформизмнің осы жаңа жалтармаларынан, жаңа айлаларынан бәрінен де көбірек қорқу керек.

Егер халықтың көпшілігі пролетарлар мен жартылай пролетарлар болмаса, пролетариат диктатурасы мүмкін болмас еді. Каутский мен К° осы ақиқаттың оңін айналдыруға әрекеттеніп: пролетариат диктатурасын «дұрыс» деп тану үшін «көпшіліктің дауыс беруі» керек дегенді айтады.

Күлкі келтіретін педанттар! Буржуазиялық парламентаризмнің шеңберінде, мекемелерінде, әдет-ғұрпында дауыс беру дегеніміз буржуазиялық мемлекеттік аппараттың *бір бөлегі* екенін, пролетариат диктатурасын жүзеге асыру *үшін*, буржуазиялық демократиядан пролетарлық демократияға өту үшін бұл аппарат жоғарыдан төменге дейін қиратылып, талқандалуға тиіс екенін олар түсінбеген.

Тарих күн тәртібіне пролетариат диктатурасын қойып отырған кезде, саясаттың *барлық* елеулі мәселелері тегінде дауыс беру арқылы емес, азамат соғысы арқылы шешілетінін олар түсінбеген.

Пролетариат диктатурасы дегеніміз жаңа мемлекеттіктің *бүкіл* аппаратын өз қолына алатын, буржуазияны *жеңіп*, бүкіл ұсақ буржуазияны, шаруаларды, тоғышарларды, интеллигенцияны *бейтарап ететін бір* таптың өкіметі екенін олар түсінбеген.

Каутскийлер мен Макдональдтар пролетариатты азат ету жолындағы күрес тарихының ең шешуші кезеңінде: мемлекеттік өкіметті алған және жартылай пролетариат қолдап отырған пролетариат осы өкіметтің көмегімен тап күресін *таптарды жоюға* дейін жеткенше *жүргізе беретін* кезеңде тап күресін іс жүзінде ұмытып кету үшін оны сөз жүзінде ғана таниды.

Нағыз филистерлер ретінде берндік Интернационалдың көсемдері бостандық пен теңдік туралы, демократия туралы буржуазиялық-демократиялық сөзсымақтарды қайталап отыр, сөйтіп ерікті және тең *товар иесі* туралы идеялардың қиқым сиқымдарын өздерінің қайталап жүргенін көрмей отыр, пролетариатқа мемлекет «бостандық» үшін емес, өз жауын, қанаушыны, капиталисті *жаншып таптау үшін* керек екенін түсінбей отыр.

Капитализмнің өлгені сияқты, *товар иесінің* еріктілігі мен теңдігі де өлді. Оны Каутскийлер мен Макдональдтар тірілте алмайды.

Пролетариатқа таптардың жойылуы керек — пролетарлық демократияның, пролетарлық бостандықтың (капиталистен *тысқары,* товар айырбасынан тысқары бостандықтың), пролетарлық теңдіктің (*таптар* теңдігінің емес — Каутскийлер мен Вандервельдтер және Макдональдтар осындай пасықтыққа бой ұрып отырады,— қайта капитал мен капитализмді *құлататын* еңбекшілер теңдігінің) *нақтылы* мазмұны, міне, осы.

Таптар барда таптардың бостандығы мен теңдігі дегеніміз буржуазиялық алдау. Пролетариат өкіметті алып, *үстем* тапқа айналады, буржуазиялық парламентаризм мен буржуазиялық демократияны қиратып, буржуазияны жаныштайды, капитализмге қайта оралмақшы бол-

ған *барлық* басқа таптардың *барлық* әрекеттерін басып жаныштайды, еңбекшілерге *нағыз* бостандық пен теңдік әпереді (мұны өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікті *жойған* күнде ғана жүзеге асыруға болады), оларға тек «праволар» ғана беріп қоймай, буржуазиядан *тартып алынғанның бәрін нақтылы* пайдалануға мүмкіндік те береді.

Пролетариат диктатурасының (немесе Совет өкіметінің, немесе пролетарлық демократияның десек те бәрібір) *осындай* мазмұнын түсінбеген адам бұл сөзді бекер қолданады.

«Мемлекет және революцияда», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский»* деген кітапшада өзім баяндаған осы пікірлерді бұл арада толық дамыта алмаймын. Осы заметкаларды берндік Интернационалдың 1919 ж. 10 августа болатын Люцерн конгресінің[33] делегаттарына арнап, сөзімді аяқтамақпын.

14 июль, 1919 ж.

1919 ж. августа «Коммунистический Интернационал» журналының 4-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том және 37-том, 253—366-беттер. *Ред.*

ХОДЫНКА ГАРНИЗОНЫ ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ПАРТИЯЛЫҚ ЕМЕС КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ 1919 ж. 15 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(*Ленин жолдас трибунаға келгенде жұрт оны ду қол шапалақтап құттықтады.*) Жолдастар, біз қазір империалистік соғыстың аяқталуының өте бір маңызды кезеңін бастан кешіріп отырмыз. Германияны жеңгеннен кейін, 1918 жылғы ноябрьден бастап, барлық одақтастар бітім шарттарын жасаумен шұғылданды, оның бер жағында: герман империализмі құрып, халықтар азат болды десті. Қарақшылық мақсаттарға бола, олжаға бола 10 миллион адамды қырғынға ұшыратып, 20 миллион адамды мүгедек еткен соғыстан кейін, ұлттық жиналыс бітімді ратификациялады, бітімді бекітті.

Қазір, Версаль бітіміне қол қойылған кезде, большевиктердің айтқаны дұрыс болып шықты: бұл бітім демі біте бастаған герман империализмімен кезінде біз жасасқан Брест бітімінен де жаман. Версаль бітімінің бұл күні ағылшын, американ империализмі мен басқа да империализмнің жеңілісі болатындығы қазір барған сайын айқындала түсіп отыр. Бітім жасасқаннан кейін империалистер дереу отарларды бөлісуге кірісті: Англия Персияны алып қойды, Сирия, Түркия бөліске салынуда,— бұл соғыс жыртқыштардың соғысы болғанын қазір капиталистік елдердің жұмысшылары өз көздерімен көріп отыр. Қаншама оғаш нәрсе болғанмен мынадай мәліметтер алынды: осы күнге дейін «Бүкіл россиялық үкімет» басшысының ролін атқаруға дәмеленуші, қазір Парижде жүрген князь Львов Антантадан Россия үшін Константинополь мен бұғаздарды талап еткен, бұл талабын Россия соларға бола соғысты деп дәлелдеген көрінеді,— бірақ оның осы аңғал талабына, әрине, ондағы-

лар: мұны тек ескі, күшті Россияға ғана берген болар едік деп жауап қайырған.

Француз империалистері халықты алдау үшін Германияны жеңу мейрамын 14 июльге, Бастилияның алынған күніне[34] белгілеген. Бірақ француз жұмысшылары бұл қармаққа түскен жоқ; 14 июльде кафелер мен рестврандардың қызметшілері ереуіл жариялады,— әдетте сол күні барша жұрт көшеде серуендеп, билеп жүретін болса, бұл жолы кафелер мен ресторандар жабық болды, сөйтіп мейрамды болдырмай тастады. 21 июльде Англияның, Францияның және Италияның жұмысшылары жаппай стачка жариялады[35] — сондықтан Германия үшін Брест бітімінің немен тынғаны сияқты, Франция мен Англия үшін Версаль бітімі де капиталистердің жеңілуімен, пролетариаттың жеңуімен тынады деп айтуға болады. Антантаның Россия оңтүстігіне жасаған бірінші жорығының және Сибирьге жасаған екінші жорығының сәтсіздікке ұшырауы да Батыс пролетариатының нақ сол қозғалысына байланысты болып отыр. Бұл сәтсіздіктер Батыс пролетариатының бізді жақтайтынын көрсетті.

Бұрын Колчак пен Деникинді қостаған Сибирь мен Украина шаруаларының өздері де алым-салықтардан кейін, жаппай тонаушылық пен зорлық-зомбылықтан кейін соларға қарсы бас көтерді. Колчактың құрығаны және Деникинді жеңетін кезіміздің жақын екендігі қазір айқын болып отыр; бұл жеңіс Батыстағы пролетариаттың жеңісімен де аяқталады, өйткені Батыста жұмысшылар қозғалысы барлық жерде большевиктік сипат алып отыр, ал егер Россия өзінің Совет өкіметімен қоса бастапқы кезде жалғыз болған болса, кейіннен оған Советтік Венгрия[36] қосылды, Германияда өкімет Советтерге берілгелі отыр, сөйтіп бүкіл Европа біртұтас Совет республикасы болып бірігетін күн алыс емес; бұл республика бүкіл дүние жүзінде капиталистердің үстемдігін жояды. (Ұ з а қ қ о л ш а п а л а қ т а у.)

1919 ж. 17 июльде «Вечерние Известия Московского Совета» газетінің 293-номерінде басылған

Протоколдың жазбасын машинкада басылған данасымен салыстырылған газет тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СЕКРЕТАРИАТЫНА ЖАРЛЫҚ

19. VII. 1919.

Армиядан келетін азық-түлік посылкалары туралы нұсқаудың[37] бекітілуін кешеуілдету — қағазбастылықтың ең бір өрескел және адам төзбес көрінісі.

1-ден, жауапкершілікті анықтау үшін, 2-деп — және бұл ең бастысы — мұндайлардың қайталана алмауы жөнінде *практикалық* шаралар белгілеу үшін айыптыларды анықтап, жалпы алғанда бұл оқиғаны дәл тергеу қажет.

Сондықтан азық-түлік посылкалары туралы заңның барынша тез орындалуына, яғни оның жүзеге асырылуына қамқорлық жасауға тиісті төменде аталған мекемелерге мыналарды ұсынамын:

барлық документтерді жинап алып, іске қатысты барлық адамдардан жауап алып, қағазбастылықтың себептерін дереу мейлінше қатаң және дәлме-дәл тергеу керек,

өз баяндамасын, қағазбастылықты жоюға бағытталған *практикалық* шаралар жөніндегі ұсыныспен қоса, сейсенбі күні *Халық Комиссарлары Советіне тапсыратын болсын.*

Мекемелер мыналар:

Халық Комиссарлары Советі мен Қорғаныс Советінің Секретариаты

Азық-түлік армиясының Орталық Комитеті

Азық-түлік комиссариаты
Әскери халық комиссариаты
Почта-телеграф халық комиссариаты.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АМЕРИКАН ЖУРНАЛИСІНІҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП[38]

Менің жауабымның Солтүстік Америка Құрама Штаттарының саны жүзден астам газеттерінде толық басылатындығы жөнінде маған хат арқылы берілген уәде орындалады деген шартпен өзіме қойылған бес сұраққа жауап бермекпін.

1. Совет үкіметінің реформистік үкіметтік программасы емес, революциялық программасы болды. Реформалар дегеніміз үстем таптың үстемдігі сақталып тұрған кезде содан алынатын кеңшіліктер. Революция дегеніміз үстем тапты құлату. Сондықтан реформистік программалар әдетте көптеген жеке-дара пункттерден құралады. Біздің революциялық программамыз, анығында, жалпы бір пункттен құралған: помещиктер мен капиталистердің езгісін құлату, олардың өкіметін құлату, еңбекшілер бұқарасын сол қанаушылардан азат ету. Біз осы программадан ешқашан да айныған емеспіз. Осы программаны жүзеге асыруға бағытталған жеке-дара шаралар көбінесе өзгертіліп отырды; бұл шаралардың тізімі толық бір том болар еді. Тек бір көрсете кететінім — біздің үкіметтік программамызда тағы да бір жалпы пункт бар, мұның өзі, сірә, жеке шараларды өте көп өзгертуді керек еткен пункт болар деймін. Бұл пункт: қанаушылардың қарсылығын басып-жаныштау. 1917 ж. 25 октябрьдегі (7 ноябрьдегі) революциядан кейін біз тіпті буржуазиялық газеттерді де жапқан жоқпыз, ал террор туралы әңгіме де болған емес. Біз Керенскийдің көптеген министрлерін ғана

емес, тіпті бізге қарсы соғысқан Красновты да босатып жібердік. Тек қанаушылар, яғни капиталистер өз қарсылығын үдете бастағаннан кейінгі жерде ғана біз бұл қарсылықты ұдайы басып-жаныштап отыруға кірістік, террор қолдануға дейін бардық. Мұның өзі буржуазияның әрекеттеріне қарсы, Россияда қанаушылар өкіметін қайта орнату үшін Германияның, Англияның, Жапонияның, Американың, Францияның капиталистерімен бірге жасаған заговоры сияқты, ағылшын-француз ақшаларына чехословактарды, герман және француз ақшаларына Маннергеймді, Деникинді және басқаларды, т. с. сатып алуы сияқты әрекеттеріне қарсы пролетариаттың берген жауабы болды. «Өзгеріс» туғызған,— атап айтқанда Петроградта буржуазияға қарсы террорды күшейтуге себеп болған,— соңғы заговорлардың бірі — буржуазияның Петроградты жауға беру туралы эсерлермен және меньшевиктермен бірлесіп жасаған заговоры, заговоршы офицерлердің Красная Горканы басып алуы, ағылшын және француз капиталистерінің Швейцария елшілігіндегі қызметшілерді, сонымен қатар көптеген орыс қызметшілерін сатып алуы және басқалары болды.

2. Біздің Советтік республиканың Ауғанстандағы, Индиядағы және Россиядан тысқары басқа да мұсылман елдеріндегі жұмысы Россия ішіндегі көптеген мұсылмандар арасында және орыс емес басқа да халықтар арасында біздің жүргізіп отырған жұмысымыз сияқты. Біз, мәселен, башқұрттар бұқарасының Россия ішінде автономиялы республика құруына мүмкіндік бердік, біз әрбір халықтың дербес, еркін дамуына, әрбір ана тілінде жазылған әдебиеттің өсіп, тарауына барынша көмектесіп отырмыз, біздің Советтік конституцияны аударып, насихаттап отырмыз; бұл конституцияның бір тәуір жері — мұның өзі отарлық, тәуелді, езілген, кем праволы халықтарға — жер жүзіндегі миллиардтан астам тұрғындарға буржуазиялық-«демократиялық» мемлекеттердің «батыс европалық» және американ конституциясынан гөрі, жер мен капиталға жеке меншікті жығайтатын, яғни аздаған «цивилизациялы» капиталистердің өз елдеріндегі еңбекшілерді,

Азиядағы, Африкадағы және басқа отарлардың жүз миллиондаған адамдарын езуін ығайтатын конституциядан гөрі көбірек ұнайды.

3. Құрама Штаттар мен Жапония жөнінде біздің ең алдымен көздейтін саяси мақсатымыз — олардың Россияға жасап отырған арсыздық, қылмысты, тонаушылық шапқыншылығына, тек өздерінің капиталистерін байыту үшін жүргізіп отырған шапқыншылығына тойтарыс беру. Осы екі мемлекеттің екеуіне де біз бітім жасасуды талай рет және салтанатты түрде ұсындық, бірақ олар бізге тіпті жауап та қайырған жоқ және бізге қарсы соғысты тоқтатпай отыр, Деникин мен Колчакқа көмектесіп, Мурман мен Архангельскіні тонап отыр, әсіресе Шығыс Сибирьді ойсыратып, күйзелтіп отыр,— ал ол жерде орыс шаруалары Жапония мен Солтүстік Америка Құрама Штаттарының қарақшы капиталистеріне ерлікпен қарсылық көрсетіп жатыр.

Барлық халықтар жөніндегі, оның ішінде Құрама Штаттар мен Жапония жөніндегі біздің бұдан былайғы саяси және шаруашылық мақсатымыз — біреу: түгелімен барлық елдердің жұмысшыларымен және еңбекшілерімен туысқандық одақ жасасу.

4. Колчакпен, Деникинмен және Маннергейммен бітім жасасуға қандай шарттармен көнетінімізді біз әбден дәл, айқын, жазбаша түрде, талай рет баяндағанбыз, мәселен, Құрама Штаттар үкіметінің атынан бізбен (және Москвада менің өзіммен) келіс сөз жүргізген Буллитке[39], Нансенге жазған хатта[40], т. т. баяндағанбыз. Егер Құрама Штаттардың және басқа елдердің үкіметтері халықтан шындықты жасырып, бұл документтерді толық басудан қорқып отырған болса, оған біз кінәлы емеспіз. Біздің негізгі шартымызды ғана естеріңізге салайын: біз Францияға және басқа мемлекеттерге барлық борыштарды төлеуге әзірміз, тек бітімнің сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде бітім болуы керек, яғни Англияның, Францияның, Құрама Штаттардың, Жапонияның, Италияның үкіметтері ресми түрде оған қол қойып, бекітулері керек, өйткені Деникин, Колчак, Маннергейм және басқалар — осы үкіметтердің қолындағы жай пешкалар.

5. Американың қоғамдық пікіріне мен өте-мөте мынаны хабарлағым келеді:

Феодализммен салыстырғанда капитализм «бостандық», «теңдік», «демократия», «цивилизация» жолында алға қарай жасалған бүкіл дүние жүзілік-тарихи қадам болды. Бірақ солай бола тұрса да, капитализм *жалдама құлдықтың*, миллиондаған еңбекшілерді, жұмысшылар мен шаруаларды қазіргі кездегі («moderne») сан жағынан мардымсыз құл иеленушілердің, помещиктер мен капиталистердің құлдықта ұстауының системасы болды және солай болып қалып та отыр. Феодализммен салыстырғанда буржуазиялық демократия осы экономикалық құлдықтың формасын өзгертті, оны бүркемелейтін өте тамаша жамылғы жасады, бірақ оның мәнін өзгерткен жоқ және өзгерте де алмады. Капитализм мен буржуазиялық демократия дегеніміз жалдама құлдық.

Жалпы алғанда техниканың, әсіресе қатынас жолдарының орасан зор прогресі, капитал мен банктердің мықтап өсуі капитализмнің жетіле келіп, асқына пісіп кетуіне жеткізді. Капитализмнің мезгілі өтті. Ол адамзаттың дамуына нағыз реакциялық бөгет болып отыр. Ол ат төбеліндей миллиардерлер мен миллионерлердің — империалистік олжа, отарларды билеп-төстеу, финанстың «ықпал өрістері» немесе «басқару мандаттары», т. с. жыртқыштардың герман тобына берілмек пе, әлде ағылшын-француз тобына берілмек пе деген мәселені шешу үшін халықтарды қырғынға айдап салушылардың құдіретті өктемдігіне келіп тірелді.

1914—1918 жылдардағы соғыс кезінде нақ осыған бола, тек қана осыған бола он миллиондаған адамдар өлтірілді және жарымжан етілді. Осы шындық ұғымы барлық елдердегі еңбекшілер бұқарасына тоқтаусыз күшпен және шапшаңдықпен тарап отыр,— олай болатын себебі, соғыс барлық жерде адам естімеген күйзеліс туғызды, ал соғыс үшін *әр жерде*, оның ішінде «жеңуші» халықтарға да, борыш бойынша проценттер төлеу керек. Ал осы проценттер дегеніміз не? Мұның өзі капиталистердің пайдаларын бөлу туралы мәселені шешу үшін миллионер мырзалардың рақым етіп, он миллион-

даған жұмысшылар мен шаруалардың бірін-бірі өлтіруіне, жарымжан етуіне жол бергендігі үшін сол мырзаларға төленетін миллиардтық алым.

Капитализмнің күйреуі сөзсіз. Бұқараның революциялық сапасы барлық жерде өсіп келеді. Мыңдаған белгілер осыны көрсетіп отыр. Маңызы шамалы, бірақ филистер үшін өте көрнекі белгілердің бірі: Анри Барбюстің романдарында («Le feu» және «Clarté») ол ең бейбітшіл, әдепті, заңға құлақасқыш ұсақ буржуа, филистер, тоғышар қалпында соғысқа барады.

Капиталистер, буржуазия «ең мықтады» дегенде тағы да жүз мыңдаған жұмысшылар мен шаруаларды қыру арқылы белгілі бір жеке елде социализмнің жеңуін кешеуілдетуі мүмкін. Бірақ олар капитализмді аман сақтап қала алмайды. Капитализмнің орнына *Совет республикасы* келіп отыр, мұның өзі өкіметті еңбекшілерге, тек қана еңбекшілерге береді, мұның өзі оларды азат ету жөніндегі басшылықты пролетариатқа тапсырады, мұның өзі жерге, фабрикаларға және басқа да өндіріс құрал жабдықтарына жеке меншікті жояды, өйткені бұл жеке меншік аздаған адамдардың көптеген адамдарды қанауының негізі, бұқара қайыршылығының негізі, халықтар арасындағы тек капиталистерді ғана байытатын тонаушылық соғыстардың негізі.

Халықаралық Совет республикасының жеңуі қамтамасыз етілген.

Қорытындыда кішкене бір мысал келтірейін: американ буржуазиясы өз еліндегі бостандықты, теңдікті, демократияны мақтан етіп, халықты алдап келеді. Бірақ бұл буржуазия да, бұдан өзге буржуазия да, дүние жүзіндегі қай үкімет болса да нағыз бостандық, теңдік, демократия негізінде біздің үкіметпен жарысқа түсе алмайды, жарысқа түсуден қорқады да: айталық, үкімет атынан қай тілде болса да шығарылып отыратын және белгілі бір елдің заңдарының тексті, конституциясының тексті жазылған, оның басқа конституциялардан артықшылығы түсіндірілген кітапшаларды біздің үкіметтің және әрбір басқа үкіметтің ерікті түрде... айырбастап отыруы шарт бойынша қамтамасыз етіледі.

Дүние жүзіндегі буржуазиялық үкіметтердің бірде-бірінің бізбен мұндай бейбіт, цивилизациялы, еркін, тең, демократиялық шарт жасасуға батылы бармайды.

Неге? Неге десеңіз, совет үкіметінен басқа үкіметтердің бәрі бұқараны езу арқылы және алдау арқылы жан сақтап отыр. Бірақ 1914—1918 жылдардағы зор соғыс зор өтірікті қиратты.

Ленин

20 июль, 1919 ж.

«Правда» № 162, 25 июль, 1919 ж.

«Правда» газетінің машинкада басылған көшірмесімен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ФАБЗАВКОМДАРДЫҢ, КӘСІПОДАҚТАР БАСҚАРМАЛАРЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ, МОСКВАНЫҢ ОРТАЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ КООПЕРАТИВІ МЕН «КООПЕРАЦИЯ» ҚОҒАМЫНЫҢ СОВЕТІ УӘКІЛДЕРІНІҢ МОСКВА КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА[41] АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘНЕ СОҒЫС ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ 1919 ж. 30 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Қол шапалақтау.) Жолдастар, біздің азық-түлік және соғыс жағдайымызға келетін болсақ, онда сіздерге арнап азырақ және қысқаша түсінік беруге маған рұқсат етіңіздер. Мен осы мәселелерге қатысты негізгі фактілер сіздердің бәріңізге белгілі деп сенемін, сондықтан менің міндетім, бәлкім, осы фактілердің маңызын біраз айқындай түсу ғана болар.

Сіздерге кооперативтік мәселелерді шешуге нақ тура келген кезде біз, өткен жылдың жазындағы сияқты, әсіресе азық-түлік жөнінен, шиеленіскен кезеңді бастан кешіріп отырмыз. Біздің азық-түлік жұмысымыздың соңғы жыл ішіндегі табысы, өткен жылмен салыстырғанда, өте зор болғанын сіздер білесіздер. Осы табысты совет қызметінің басқа салаларында азық-түлік жұмысындағыдай дәл өлшеу мүмкін бола қоймас. Совет өкіметінің бірінші жылы ішінде, Керенский режимінің ақырының да біразын қамтығанда, мемлекеттің дайындағаны не бары 30 миллион пұт болды. Келесі жылдың ішінде біз 107 миллион пұттан астам дайындадық, мұның өзі соғыс жөнінен және ең астықты территорияларға еркін бару жөнінен біз осы екінші жылы әлдеқайда ауыр жағдайда болғанымызға қарамастан дайындалды, өйткені бізге тек Сибирьге ғана емес, сонымен қатар Украинаға және алыс оңтүстіктің көптеген жеріне бару тіпті мүмкін болмады. Осыған қарамастан, өздеріңіз көріп отырғандай, біздің астық дайындауымыз үш есе артты. Азық-түлік аппаратының

жұмысы тұрғысынан бұл — ірі табыс, бірақ егін екпейтін жерлерді астықпен қамтамасыз ету тұрғысынан бұл — өте аз, өйткені егін екпейтін халықтың және, әсіресе, қалалардағы жұмысшы халқының тамақтану жағдайларына дәл тексерулер жүргізілген кезде былай болып шықты: жұмысшы осы жылдың көктемі мен жазында қалаларда азық-түлік заттарының жартысына жуығын ғана Азық-түлік комиссариатынан алады екен, ал қалғандарын еркін рыноктан, Сухаревкадан және жалдаптардан тауып алуға мәжбүр болады екен, оның бер жағында біріпші жартысы үшін жұмысшы өзінің барлық шығындарының оннан бір бөлігін, ал екінші жартысы үшін оннан тоғызын төлейді екен. Жалдап мырзалар, күткеніміздей-ақ, жұмысшыдан дайындалған астық үшін мемлекет алатын бағадан 9 есе артық сыдырып жатыр. Егер біздің азық-түлік жағдайымыздың осы дәл деректерін алып қарайтын болсақ, онда біз былай деуге тиістіміз: біз жартылай, бір аяғымызбен, ескі капитализмде тұрмыз; бұл батпақтан, жалдаптықтың осы батпағынан жартылап қана тырмысып шықтық және астықты шын мәнісінде социалистік жолмен дайындау жолына шықтық, сөйтіп астық товар болудан қалатын, жалдаптықтың заты болудан, қырқыстың, күрестің, көп адамдарды қайыршыландырудың заты мен сылтауы болудан қалатын жолға шықтық. Көріп отырсыздар, егін екпейтін халық пен жұмысшы халықты қанағаттандыру үшін қажетті нәрселер тұрғысынан қарағанда істелген іс аз, ал егер нағыз астықты территориялардың көп жері біздің қолымызда болмаған кезде, азамат соғысының жағдайындағы қандай қиын халде жұмыс істеуге тура келгенін көз алдымызға елестетіп көрсек,— онда азық-түлік аппаратының тездетіп жолға қойылуы мейлінше зор болды. Бұл жөнінде ұйымдастыру міндеті, шаруалар бұқарасынан астықты капиталистік емес жолмен жинау міндеті шамадан тыс қиын міндет десем, бәріңіз де менімен келісерсіздер деп ойлаймын; бұл міндетті мекемелердің ешбір ауысуы — мен үкіметтің ауысуы туралы айтып та отырған жоқпын — шеше алмайды, өйткені бұл міндет ұйымдық қайта құруды талап ете-

ді, ол ауыл шаруашылық өмірінің мың жылдар болмаса да, ғасырлар бойы қалыптасқан негіздерін қайта құруды талап етеді. Егер, мәселен, толық бейбітшілік жағдайында астықты жалдаптардың қолынан тартып алып, оны мемлекет қолына тұтасымен жинай алатын ұйымдастыру аппаратын құру үшін бізге, айталық, 5 жыл берілді десек, онда біз қоғамдық-шаруашылық қайта құрылыстың мұндай шапшаңдығы көз көріп, құлақ естімеген шапшаңдық деген болар едік. Ал егер біз екі жылдан аз уақыттың ішінде бұл міндетті жартылай шешкен болсақ, онда бұл аса көп нәрсе болып шығады. Бұл — Совет өкіметі азық-түлік мәселесінде, ең қиын және ауыр мәселеде, дұрыс бағыт алып, дұрыс жолда тұр дегеннің даусыз дәлелі. Қалай болғанда да, Совет өкіметі, біз өз айналамыздан көріп отырған қобалжулардан, күдіктер мен сыннан, кейде торығулардан да қымсынбастан, тек осы жолмен ғана ілгері жүруге мейлінше берік бел байлады деп айтуға болады. Ашыққан жерлердің белгілі бір өкілдерінің тарапынан біздің кейде аса ауыр және азапты торығуды көріп отырғанымыз таңданарлық нәрсе емес. Мұның таңданарлық болмауының себебі — мен келтіріп өткен және егін екпейтін жерлер мен қалалардағы жұмысшылардың тамақтануына қатысты жалпы цифрлар жұмысшылардың жалдаптарға, кездейсоқ реттерге, тағы сондайларға жартылай тәуелді болуына тура келіп отырғанын көрсетеді.

Ал бізде осы рынокқа өнімдер апаруға мүмкіндік алғандардың тарапынан жалдаптық жасау нағыз құтырынған күрес пен шектен шыққан тонаушылық сипат алып отырғанын сіздер білесіздер. Жалдаптар мен аштардың арасындағы осы құтырынған күресте жеңіліс тапқандардың тарапынан торығушылық кездестіруіміз таңданарлық нәрсе емес. Әрине, темір жол транспорты нашарлаған жағдайларда, біз анағұрлым астықты жерлерде нақ Украинадағы байқалған нәрселерді көріп отырмыз, ал Украинада ешбір аппаратты құруға мүмкін болмай отыр, онда партизаншылдықтың ескі қалдықтары ұйымдастыру жұмысының қандай мүмкіндігін болса да әлі күнге дейін бұзып отыр, онда

халық партизаншылдықты әлі күнге дейін жеңе алмады,— мұның өзі ол жерде тым оңай жеңістерге жетіп жатқан Деникинге түгелдей тиімді болып отыр және мұның өзі бізді қиыншылықтардан оңай құтқара алатын астық запастары бар ең астықты рыноктарды біздің пайдалануымызды қиындатып отыр. Мен мұндай жағдайда осы астық үшін күресте айрықша ауыр жеңілістерге ұшыраған адамдар тарапынан торығу сезімін өз айналаңнан кездестіру таңқаларлық нәрсе емес деймін. Егер біз совет жұмысының дамуын жалпы және тұтас, жеке жағдайлар тұрғысынан емес, жұмыстың қорытындысы тұрғысынан алып қарасақ, егер біз Совет өкіметінің не бергенін және еркін рыноктың не бергенін салыстыратын болсақ, онда біз былай деуге тиісті боламыз: азық-түлік ісінің жалдаптар қолында отырған жартысы осы кезге дейін де сұмдық езгінің көзі және жалдаптар үшін нағыз жанталасқан, масқара, еш нәрсемен реттелмейтін баюдың көзі болып отыр, оның бер жағында, бір жағынан, аш адамдар бар жағдайда, ал екінші жағынан, кейбіреулер үшін баюдың мүмкіндігі болған жағдайда нағыз барып тұрған азғындаудың көзі болып отыр.

Бұл процесті ұға алмайтын және бас-аяғын байланыстыра алмайтын адамдар капитализмге қарсы күресте осы жаңа міндетті — жұмысшы мемлекетіне сенгендіктен тиянақты баға бойынша астық жинауды ұйымдастыруды — қалай жүзеге асыруды ойлаудың орнына, осыны ойластырудың орнына олардың бәрі түгелдей бізге былай дейтіні де түсінікті: «Қарақыздар, егер жұмысшылар өз шығындарының оннан тоғызын Сухаревкаға жұмсайтын болса, мұның өзі сіздердің қапшықшылар мен жалдаптардың арқасында ғана өмір сүріп отырғандықтарыңызды дәлелдейді. Сондықтан сіздер мұнымен келісуге тиіссіздер». Кейде біз мұны өзін тапқыр және оқиғаларды терең түсінушілерміз деп санайтын адамдардан да естиміз. Шындығында олар — софизмнің өкілдері. Революция тәжірибесі мынаны растап отыр: басқару формаларын өзгерту қиын іс емес, помещиктер мен капиталистердің үстем табын жою — қысқа мерзім ішінде, революцияның сәтті да-

муы жағдайында тіпті бірнеше аптаның ішінде болатын нәрсе, ал экономикалық өмірдің түбегейлі жағдайларын қайта жасау, әрбір ұсақ қожайынға жүздеген жылдар бойы және мыңдаған жылдар бойы сіңіп қалған әдеттермен күресу — қанаушы таптарды толық құлатқан жағдайда ұзақ жылдар бойы табанды ұйымдастыру жұмысын жүргізуді талап ететін іс. Сондықтан бізге кейбіреулер: мінеки, сіздермен қатарласа Сухаревканың құлпырып өркендеп отырғандығын, Совет өкіметінің оған тәуелді болып отырғандығын қарапайымдаршы деген кезде, біз былай дейміз: ал сіздер несіне таңданасыздар? Бұл міндет екі жылдан кем мерзімде және Россиядан ең жақсы егіншілікті аудандар бөлініп қалған жағдайда қалайша шешіле алатын еді? Көбінесе принципті көзқарас тұрғысынан қарсылық білдіретін және кейде социалистік көзқарас тұрғысынан,— бірақ мұндай социализмнен құдай сақтасын!— айтып отырмыз деп те сендіретін адамдар большевиктердің: революциялық жолмен тек монархияны және помещиктік жер иелігін ғана талқандау емес, сонымен қатар шаруалардың қалың бұқарасын соңынан ертуге бір өзі ғана қабілетті жұмысшы өкіметінің үстемдік етуінің ұзақ дәуірімен есептесуге бізді сөзсіз мәжбүр ететін ұйымдық құрылысқа негіз тазарту үшін капиталистер табын және ескі империалистік соғыстың қалдықтарын талқандап, құртуға болады және солай етілуге тиіс те дегені үшін большевиктерді утопизм мен авантюризмге салынды деп кінәлайды. Помещиктер мен капиталистер табын революциялық жолмен талқандау мүмкін деп санағанымыз үшін бізді утопизмге салынды деп кінәлап отырған осы адамдардың өздері бізге утопиялық міндетті таңып отыр: жаңа социалистік құрылысты ұйымдастыру мәселелері және мекемелерді жоюдың қандайымен болсын құртуға болмайтын ескі әдеттермен күресті ұйымдастыру мәселелері, осы мәселелер қазіргідей — біздің қолымыз азамат соғысымен байланып отырған жағдайда — жер бетіндегі ешқандай күшпен шешуге болмайтын мерзімде шешілсін деп отыр.

Иә, социализмнің капитализммен күресі өзінің соңғы

формасында нақ осы арада, тек ескі мекемелерді ғана емес, тек помещиктер мен капиталистерді ғана емес, миллиондаған ұсақ қожайындардың капитализм тәрбиелеген әдеттерінің және шаруашылық жағдайларының бәрін жеңіп шығу керек болып отырған кезде жүріп жатқандығын нақ азық-түлік саясаты ерекше айқын көрсетіп отыр. Ұсақ қожайындардың сапа-сезімі олардың соқыр сенімін жеңіп шығатындай ету керек. Біршама саналы шаруаның қайсысы болсын халық ашығып отырған кезде астықпен еркін сауда жасау және оны еркін рынокта сату — адамдар арасындағы соғыс және жалдаптардың баюы екенін, ал халық бұқарасы үшін аштық екенін түсінеді. Бірақ мұны түсініп қою аз, өйткені шаруаның барлық соқыр сенімдері мен барлық әдеттері астықты мемлекетке бірнеше ондаған қағаз ақшаларға бергенше,— бұл ақшаларға қазір ол товар ала алмайды,— бірнеше жүз сомға жалдапқа сатқан пайдалырақ деп біледі. Біз былай дейміз: егер еліміз күйзелсе, егер отын жоқ болып, фабрикалар тоқтап жатса, сен, шаруа, жұмысшы мемлекетіне көмек көрсетуге тиістісің, несиеге астық беруге тиістісің. Саған астыққа айырбасталып берілген қағаз ақшалар — сенің мемлекетке несие бергендігіңнің куәлігі. Егер сен, шаруа, мемлекетке несиеге астық берсең, онда жұмысшы өнеркәсіпті қалпына келтіре алады. Империалистік соғыстың төрт жылы және азамат соғысының екі жылы күйзелткен еліміздегі өнеркәсіпті қалпына келтірудің басқа амалы — басқа жолы жоқ! Біршама жетілген, алғашқы қауымдық мужиктің қараңғылығынан арылған шаруаның қайсысы болса да басқа жолдың жоқ екендігін түсінеді. Бірақ шаруаға адамша қарайтын болсаңыздар, сіздер иландыра алатын саналы шаруа — бір басқа да, өмір бойы капитализм тұсында тіршілік еткен, астыққа меншіктілікті әділ іс деп санайтын, ал жаңа тәртіпті бастан кешіріп көрмеген және оған сене алмайтын миллиондаған шаруалардың соқыр сенімдері — бір басқа. Міне, сондықтан біз: нақ осы, азық-түлік саласында капитализмнің социализммен нағыз терең күресі сөз жүзінде ғана емес және мемлекеттік құрылыстың жоғарғы топтары сала-

сында емес, іс жүзінде жүріп жатыр дейміз. Осы жоғарғы топтарды қайта қалыптастыру оңай және мұндай қайта қалыптастырудың маңызы онша зор емес. Нақ бұл арада еңбекшілердің және олардың авангардының — жұмысшы табының — санасы шаруалар бұқарасының соқыр сенімдерімен, бытыраңқылығымен және шашырандылығымен шешуші және ең ақырғы зор майданға шығады. Капитализмді жақтаушылар — олар буржуазиялық партиялардың өкілдері деп атала ма, әлде меньшевиктер немесе эсерлер деп атала ма, оның бәрібір,— олар: «Мемлекеттік монополияны жүргізуден, астықты тұрақты баға бойынша күштеу жолымен алудан бас тартыңыздар» деген кезде, біз былай деп жауап береміз: «Сіздер, құрметті меньшевиктер мен эсерлер, сіздер, мүмкін, адал адамдар шығарсыздар, бірақ сіздер капитализмді қорғап отырсыздар, сіздердің ауыздарыңызға сөз салып отырған — еркін саудадан басқа бөтен ештеңе көрмеген, капитализмге қарсы сұрапыл күрестен шет тұрған және оны ымыраластырып, келістіруге болады деп есептейтін ескі ұсақ буржуазиялық демократияның соқыр сенімдерінен басқа ештеңе емес». Бізде жеткілікті тәжірибе бар және біз мынаны білеміз: шын мәнісіндегі еңбекші бұқараның өкілдері, жоғарғы топтарға жатпайтын адамдар, помещиктер мен капиталистер бүкіл өмір бойы қанап келген адамдар,— бұлар бұл арада әңгіме капитализмге қарсы ең ақырғы, шешуші, ешбір ымыраласуға жол бермейтін күрес туралы болып отырғанын біледі. Олар нақ осы жерде, осы салада, ешқандай кеңшіліктер мүмкін еместігін біледі. Егер Совет өкіметі өзінің өткен жазда айтқаны сияқты, уақытша: бір жарым пұтшыларды пәлен аптаға босатайық деп отырған болса,— онда ол осыдан кейін өз аппаратын жұмысқа қосты және ол аппарат бұрынғысынан да көп берді. Қазіргі уақытта да осындай кеңшілік пен осындай үзіліс жасауға тура келгендігін сіздер білесіздер: жұмысшылар демалыс кезінде өздерін астықпен жеке-жеке қамтамасыз ете берсін[42]. Біз жұмысқа қайта кірісу мүмкіндігін өзімізге соғұрлым барынша қамтамасыз етеміз, өзіміздің социалистік жұмысымызды қамтамасыз етеміз. Біз

капитализмге нағыз соққы береміз және капитализм бізді қандай кеңшілік болса да жасауға мәжбүр еткенмен, біз бәрібір капитализмге қарсы және қанауға қарсы күресе береміз дейміз. Бұл арада біз Колчакпен және Деникинмен күресіп отырғанымыз сияқты, барынша аяусыз күресе береміз, өйткені олар өздеріне қуат алып отырған күш — капитализмнің күші, ал ол күш, әрине, аспаннан түсіп жатқан жоқ, ол астықпен және товарлармен еркін сауда жасауға негізделген. Елде астықты еркін сатып жатқан кезде, бұл жағдай капитализмнің басты тірегі екенін, бұл тіректің осы уақытқа дейінгі барлық республикалардың апатқа ұшырауына себеп болғанын біз білеміз. Қазір капитализмге және еркін саудаға қарсы шешуші және ең ақырғы күрес жүріп жатыр, сондықтан біз үшін капитализм мен социализм арасында қазір ең негізгі шайқас болып жатыр. Егер біз осы күресте жеңіп шықсақ, онда капитализмге және бұрынғы өкіметке, бұрын болғандардың бәріне қайтып оралу енді болмайды. Бұл қайтып оралу мүмкін болмайды, ол үшін тек буржуазияға қарсы, жалдаптыққа қарсы, ұсақ шаруашылыққа қарсы соғыс болуы керек, бұрын болып келген принцип: «Әркім өз басының қамын ойлайды, бір құдай тағала баршаның қамын ойлайды» деген принцип сақталмайтын болу керек. Әрбір мужик өз қамын ойлаған, ал Колчак бәрінің қамын ойлаған принципті ұмыту керек. Бізде қазір өзара қатынастардың және құрылыстың жаңа формасы бар. Социализмнің келе жатқандығын білу керек және біз өзіміздің ескі қалдықтарымызды өзімізге қайта таңғанымызбен, олар ескі ойлардың ескі үзінділері ғана болатындығын біз есте ұстауға тиістіміз, өйткені шаруа өзі өндіретін тұтыну затына мүлде басқаша қарауға тиіс; әйтпесе, егер ол жұмысшыға астықты «еркін» бағамен сататын болса, ол, күмән жоқ, буржуй және меншікші болып шығады, ал біз: астық тұрақты мемлекеттік бағамен сатылсын, сонда бұл бізге капитализмнен аулақтауға мүмкіндік береді дейміз. Ал сонымен, өзіміздің ашығуымыздың бүкіл ауыртпалығын бастан кешіруге және өзіміздің қазіргі жағдайымызды өткен жылмен салыс-

тыруға тура келгенде, біз өзіміздің қазіргі жағдайымыз өткен жылғыдан әлдеқайда жақсы деуге тиіспіз. Рас, біздің кейбір кеңшіліктер жасауымызға тура келеді, бірақ біз әрқашан да жауап беріп, бұл кеңшіліктерді түсіндіре аламыз. Солай бола тұрса да, Совет өкіметінің 20 айы ішінде біз көп нәрсе істесек те, қазіргі ауыр жағдайдың барлық қиыншылықтарын біз әлі де шешкеніміз жоқ.

Біз шаруаны меншіктен айырып алғанда және оларды өзіміздің мемлекеттік жұмысымызға қарай бұрғанда біз өз жолымыздың қиын жерінен жүріп өттік деуімізге болады. Бірақ Деникинмен және Колчакпен күресу жолынан таймайтынымыз сияқты, біз бұл жолдан таймаймыз. Өздерін эсерлерміз және меньшевиктерміз деп атайтын адамдардың лагерінен біз мынадай нәрселерді естіп отырмыз: соғыс бітпейді-міс, бұл соғыстан шығудың жолы жоқ, соғыс біту үшін барлық шараларды қолдану керек,— бұл сөздерді сіздер әрдайым естіп жүрсіздер. Мұны істің ақиқат жағдайын түсінбейтін адамдар айтады. Олар азамат соғысы бітпейді, өйткені ол тым ауыр деп есептейді, бірақ олар бізге бұл соғысты Европа империалистері таңып отырғанын, өйткені олардың Советтік Россиядан қорқатынын түсінбей ме екен. Сонымен қатар империалистер өздерінің ордаларында бүгін Савинковты, ертең Маклаковты, онан соң Брешковскаяны ұстап отырады және олармен қайдағы бір сүйкімді сөздерді әңгіме етпейді, осы жаққа, бізге, солдаттарды, зеңбіректерімен және басқа ажалды құралдарымен қоса артиллерияны қалай тиімдірек етіп жіберу туралы, Архангельск майданына қалай көмек көрсету туралы, оған Оңтүстік пен Шығыс және тағы да Петроград майданын қалай қосу туралы әңгімелеседі. Бүкіл Европа және бүкіл европалық буржуазия Советтік Россияға шүйіліп отыр. Ол асқан арсыздықпен Венгрия үкіметіне: «Біз сендерге астық береміз, ал сендер Совет өкіметінен бас тартыңдар» деген ұсыныс жасауға дейін барып отыр. Мұны ұсыныс түрінде Будапешт газеттерінен оқығанда Венгрия үшін қандай үлкен үгіт болар екен деп ойлаймын! Бірақ еркін сауда, т. т. үшін күрес жөніндегі балгерліктің

бәрінен гөрі бұл қалай да жақсы, бұл анағұрлым әділ және ашық жол. Мұнда: сендерге астық керек,— бізге пайдасыз пәлен нәрседен, түгел нәрседен бас тартыңдар, сонда біз сендерге бұл астықты береміз деп айқын айтылып отыр.

Сондықтан, егер абзал капиталистер осы ұсыныспен орыс шаруаларына сөз салса, біз оларға өте риза болар едік. Біз былай дер едік: бізде үгітшілер жеткіліксіз еді,— енді бізге Клемансо, Ллойд Джордж, Вильсон көмекке келді және ең жақсы үгітшілер болып шықты. Енді будан былай Құрылтай жиналысы туралы, жиналыстар бостандығы, т. т. туралы сөз болмайды, бәрі де ашық айтылады. Бірақ біз капиталист мырзалардан былай деп сұраймыз: сіздерде соғыс борыштары сондайлық көп, сіздердің барлық чемодандарыңыз борыш жөніндегі міндеттемелерге лық толы, пәленбай миллиард соғыс борышы бар — сонда сіздер халық осыларды төлейді деп ойлайсыздар ма? Сіздерде соншалық снарядтар, патрондар, қару-жарақтар бар, оларды қайда қоярға жер таппай отырсыздар, сөйтіп сіздер ең жақсысы орыс жұмысшыларын ату деп ұйғардыңыздар ма? сіздер Колчакты сатып алдыңыздар, ал неліктен сіздер оны құтқармадыңыздар? Келісу державаларының халықаралық Ұлттар лигасы Колчакты толық праволы біртұтас орыс үкіметі ретінде таниды деп сіздер таяуда ғана қарар шығарған едіңіздер[43]. Ал одан кейін Колчак тек табанын жалтыратты емес пе. Неліктен осылай болып шықты? (Қол шапалақтау.) Міне эсерлер мен меньшевиктер көсемдерінің уәделері не тұратындығын біз колчакияның тәжірибесінен көріп отырмыз. Колчакшылдықты олар бастады ғой, оларда Самара өкіметі болды ғой. Ал бұл уәделер не тұрады? Егер, әрине, әскери жағынан алғанда біздің күштерімізден әлдеқайда асып түсетін күштер — біз тіпті оларды шамамен де салыстыра алмаймыз — бізге қарсы жиналса, қайтпек керек. Әрине, буржуазияның ірісі де, ұсағы да будан тиісті қорытынды жасайды және қалжырап ашыққан бұқараға былай дейді: «Сіздерді құтылмайтын азамат соғысына киліктірді. Сіздерге, қалжыраған, артта қалған елге Англиямен, Франция-

мен, Америкамен күресу қайда?». Бұл сарындарды біз өз айналамыздан, буржуазиялық интеллигенциядан да әрдайым — күн сайын, сағат сайын — естіп отырмыз. Олар азамат соғысы үмітсіз іс деп дәлелдеуге тырысады. Бірақ тарих бізге жауап беріп отыр. Ол — Сибирьдегі өкіметтің тарихы. Онда крепостниктік правоны білмеген, сондықтан помещиктерден құтқарғаны үшін большевиктерге алғыс айта қоймайтын ауқатты шаруалар тұратынын біз білеміз. Ол жерде үкімет ұйымдастырылғанын және эсер Чернов немесе меньшевик Майский әзірлеген тамаша тулар осының бастауы ретінде сол жерге жіберілгенін біз білеміз; ол туларда: Құрылтай жиналысы, сауда еркіндігі — бос белбеу мужик, не тілесең, бәрін саған жазып береміз, тек большевиктерді құлатуға көмектес! — деген ұрандар болды. Ал бұл өкіметтен не шықты? — Құрылтай жиналысының орнына колчактық диктатура, — нағыз құтырынған, патша диктатурасының қандайынан болсын жаман диктатура шықты. Ал бұл не — кездейсоқтық па? Бұл қателік болды деп жауап береді бізге. Бірақ, мырзалар, жеке адамдар өз өмірінде жасаған белгілі бір әрекетінде қателесе алады, ал бұл арада өздеріңіздің барлық таңдаулы адамдарыңыз, өздеріңіздің партияларыңыздағы тәуір дегеннің бәрі сіздерге көмекке келді ғой. Сіздерге интеллигенция көмекке келген жоқ па еді? Ал егер интеллигенция болмаған болса, — оның болғанын біз білеміз де, — сіздерде барлық алдыңғы қатарлы елдердің — Францияның, Англияның, Американың және Жапонияның интеллигенциясы болды. Сіздерде жер болды, сіздерде флот болды, сіздерде әскер болды, сіздерде ақша болды — ал мұның бәрінің быт-шыт болған себебі не? Қайдағы бір Чернов немесе Майский жасаған қатеден бе? Жоқ! Мұның себебі, бұл жанталасқан соғыста ешқандай аралық жол бола алмайды, сондықтан өмір сүріп тұру үшін буржуазия жұмысшы табындағы творчестволық атаулының бәрін ондап, жүзден атып тастауға тиіс. Мұның өзі Финляндия мысалынан айқын көрініп отыр, мұны қазір Сибирьдің мысалы көрсетіп отыр. Большевиктердің әлсіз екендігін дәлелдеу үшін эсерлер мен меньшевиктер жа-

на өкімет құра бастады, сөйтіп сол өкіметімен тұп-тура Колчак өкіметіне қарай салтанатпен құлап түсті. Жоқ, бұл кездейсоқтық емес, бұл бүкіл дүние жүзінде болып жатыр, сондықтан егер большевиктердің сөздерінің бәрі, олардың басып шығарылған шығармаларының бәрі құрып кетсе де, олардың бәрі қазір әрбір елде қуғындалып отыр, онда большевиктік кітапшаларды бейшара Вильсондар, Клемансолар және Ллойд Джорджлар үшін өлдененден қорқынышты кесапат деп тауып, аулап жатыр, егер осының бәрі құрып кетсе де, біз олардың қолпоқпарлары жуықта ғана әрекет еткен Сибирьді көрсетіп: міне мұның өзі қандай үгіттен болса да жақсы әсер етеді! — дер едік. Мұның өзі буржуазияның диктатурасы мен жұмысшы табының диктатурасы арасында аралық диктатура бола алмайтынын көрсетеді. Бұл дәлел жұмысшы бұқарасының миына ғана сіңіп қоймайды, ол сан санасыз шаруаның миына да сіңеді. Шаруалардың: «Біз большевиктік үкіметті қаламаймыз, біз астықпен еркін сауда жасағымыз келеді» дегенін сіздер білесіздер. Самарада шаруалар, орта шаруалар, буржуазия жағында болғанын сіздер білесіздер. Оны қазір Колчактан бездірген кім? Бақсақ, шаруа жалғыз өзі өз...* құра алмайды екен. Мұны революцияның бүкіл тарихы дәлелдеп отыр, сондықтан осы тарихпен және социалистік қозғалыстың тарихымен таныс адамдардың әрқайсысы саяси партиялардың XIX ғасырдағы бүкіл дамуы осыған әкеп тірейтінін біледі.

Шаруа, әрине, мұны білген жоқ. Ол социализм тарихымен де, революция тарихымен де шұғылданған жоқ, бірақ ол өз басынан кешірген қиыншылықтардың нәтижесінде жасалатын қорытындыларға сеніп, соларды мойындайды. Большевиктік ауыртпалықтар қанаушыларды жеңу үшін болған ауыртпалықтар екенін, колчактық өкімет держимордалардың капитализмін қалпына келтіргенін көрген кезде, ол саналы түрде былай деді: «Мен жұмысшы бұқарасының диктатурасын таңдаймын және пролетариат диктатурасы, халық диктатурасы болу үшін бюрократиялық буржуазияның диктатурасын,—

---

* Стенограммада ажыратуға болмайтын бір сөз бұл жерде қалдырылып кетті. *Ред.*

Колчактың диктатурасын ол осылай атайды,— ақыр-аяғына дейін талқандауға барамын». Колчак жайындағы бұл оқиға мынаны көрсетеді: азамат соғысы қаншалық шексіз болғанмен, қаншалық ауыр болғанмен, бітпейтіндей болып көрінгенмен де, ол тұйыққа тіремейді. Ол большевиктерден өте-мөте қол үзіп қалған халық бұқарасының осы өкімет жағына өту қажеттігіне өз тәжірибесі арқылы көзін жеткізетін болады.

Міне, жолдастар, біздің соғыс жағдайымыз осындай. Енді сіздер біздің орындауымызға тура келіп отырған кооперативтік жұмыс жөнінде айтып, баяндаманы аяқтауыма рұқсат етіңіздер. Менен гөрі әлдеқайда хабардар көптеген жолдастар сіздердің алдарыңызда тұрған практикалық міндеттерге баға беруде өз пікірлерін сіздердің алдарыңызда айтып өтті. Мен сіздерге жүктелген міндеттің — еңбекшілер бұқарасын қамтитын кооперативтік тұтыну қоғамын құру сияқты аса маңызды істің — ойдағыдай орындалуына тілек білдірмекпін. Капиталистік қоғам жағдайындағы кооперативтер өздеріне басшылық ететін жоғарғы топтарды сөзсіз бөліп шығарып отырды және бұл топтар түгелдей ақгвардияшылар болды. Мұның өзі тек бізде ғана болған жоқ, мұны Колчакпен шарт жасасып отырған жоғарғы топтар да дәлелдеді. Мұның өзі Англия мен Германияда капиталистік елдерде болды. Соғыс басталған кезде кооперативтердің капиталдармен бірге өмір сүруге үйреніп алған жоғарғы топтары бірі қалмай империалистер жағына шығып кетті.

Бүкіл дүние жүзінде империалистік соғыс кезінде парламентарий-социалистердің жоғарғы топтары, социалистік қозғалыстың жоғарғы топтары түгелдей империалистер жағына шығып кеткені кездейсоқ емес. Олар империалистік соғысты тұтатты, олардың достары Либкнехт пен Люксембургті өлтірген үкіметтің басында отырып, жұмысшы табының көсемдерін атып тастауға көмектесіп отыр, сөйтіп олар осыған дейін барды. Мұның өзі жеке адамдардың кінәсы емес. Мұның өзі белгілі бір бақытсыз қылмысты адамның қылмысы емес. Мұның өзі оларды аздырған капитализмнің нәтижесі. Бүкіл дүние жүзінде осылай болған және Россия

да күнәдан пәк ел емес, сондықтан бізге капиталистік қоғамнан басқаша өтуге болмады, бізге де осы жоғарғы топтармен жүргізілген ауыр соғысты бастан кешіруге тура келді. Ол қазірде де аяқталған жоқ, өйткені ол халық бұқарасын қамтып отыр, бұқара жалдаптық атаулыға қарсы күреске шығып отыр. Қанауды өз мойнымен көтергендер болic ісін өз қолдарына алғанда да оны ұмытпайды. Мүмкін, бұл істе біз талай жеңіліске ұшырармыз. Мұнда көптеген қараңғылық пен надандық бар екенін, бүл арада бірде ана жерде, бірде мына жерде олқылықтар болатынын біз білеміз,— бір сермеумен сиптеңе бітіре алмайтынымызды біз білеміз. Бірақ біздер, совет жұмысын саналы түрде жүргізушілер, социалистік Россияны құрушы саналы шаруалар мен жұмысшылар, бұл соғысты жүргіземіз. Бұл соғысты сіздер бізбен бірге жүргізесіздер және бұл соғыс қаншалық қиын, әрі ауыр болса да, біз оны толық жеңіспен аяқтаймыз, жолдастар. (Қол шапалақтау.)

Газет есептері 1919 ж. 31 июльде «Правданың» 167-номерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 167-номерінде басылған

Бірінші рет 1932 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында толық басылған, XXIV том

Стенограмма бойынша басылып отыр

АҒАРТУ ІСІ МЕН СОЦИАЛИСТІК МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ І СЪЕЗІНДЕ[44] 1919 ж. 31 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, Халық Комиссарлары Советінің атынан сіздердің съездеріңізді құттықтауға мен өте қуаныштымын.

Жұмыстың барлық салаларында және ұйымдастырудың барлық салаларында Совет өкіметі үнемі кездесіп келген қиыншылықтармен халық ағарту саласында да біздің ұзақ уақыт бойы күрес жүргізуімізге тура келді. Бірден бір бұқаралық ұйымдар деп есептелген ұйымдардың басында әуелден ақ әлі де ұзақ уақыт буржуазиялық соқыр сенімдердің шырмауында болып келген адамдардың отырып алғанын біз байқадық. Біз тіпті Совет өкіметінің алғашқы кезінде, 1917 жылғы октябрьде армия: Петроградқа қарсы барамыз деп қорқыта отырып және буржуазиялық үкіметтермен тілектестігін білдіре отырып, Совет өкіметін өзінің танымайтындығы туралы мәлімдемелерді Петроградта бізге қалай жаудырғанын да байқадық. Бұл мәлімдемелер сол ұйымдардың, сол кездегі армия комитеттерінің, біздің армия пиғылының, сенімдерінің, көзқарастарының дамуында түгелдей ескіліктің өкілдері болып табылатын ұйымдар мен комитеттердің жоғарғы топтарынан шыққандығына біздің сол кезде-ақ көзіміз жеткен. Содан бері бұл құбылыс барлық бұқаралық ұйымдар жағынан қайталанды: темір жол пролетариаты жағынан да, почта-телеграф қызметшілері жағынан да қайталанды. Алғашқы кезде бұқаралық ұйымдарға ескіліктің әсері мен ықпалы күшті болғанын біз әрқашан

да байқап келдік. Сондықтан әуелден-ақ түгелдей болмағанмен, орасан көпшілігі Совет өкіметіне жау платформадағы ұйым өкілдері болған мұғалімдердің арасында жүргізілген ұзақ табанды күрес те бізді ешбір таңдандырған жоқ. Біз ескі буржуазиялық соқыр сенімдерді бірте-бірте қалай жеңіп шығуға тура келгенін және жұмысшылармен, еңбекші шаруалармен тығыз байланысты болған осы мұғалімдердің, осылардың бұрынғы буржуазиялық құрылысқа қарсы күресте өз праволарын қалай жеңіп алуына және еңбекші бұқарамен шын мәнісінде жақындасуына, болып жатқан социалистік революцияның сипатын шындап түсінуге қалай жол салуына тура келгенін байқап отырдық. Сіздерге буржуазиялық интеллигенцияның ескі соқыр сенімдерімен, оның әдеттегі тәсілдерімен және дәлелдерімен, оның буржуазиялық немесе капиталистік қоғамды қорғауымен, оның әдетте ашық жүргізілмей, іс жүзінде қалай да капитализмді қорғау үшін келтірілетін, сырттай әсем естілетін белгілі бір ұрандарды бүркемеленіп жүргізілетін күресімен осы уақытқа дейін басқа адамдардың қай-қайсысынан болса да көбірек істес болуға тура келді.

Жолдастар, жұмысшының қазіргі замандағы капиталистік фабрикаға кіруін Маркстің қалай суреттегендігі, тәртіпті, мәдениетті және «еркін» капиталистік қоғамда жұмысшының құлға айналуын талдай отырып, еңбекшілерді капиталдың езу себептерін Маркстің қалай зерттегендігі, өндіріс процесінің негіздеріне оның қай тұрғыдан қарағандығы, қосымша құн тонап алынатын, бүкіл капиталистік қанаудың негізі салынатын, байлықты аздаған адамдардың қолына беріп, бұқараны езуде ұстайтын капиталистік қоғам жасалатын капиталистік фабрикаға жұмысшының кіруін оның қалай суреттегендігі, мүмкін, сіздердің естеріңізде шығар. Өз шығармасының осы ең елеулі және негізгі жеріне — капиталистік қанауды талдауға келгенде Маркс бұл кіріспеде мысқылды ескертпе жасайды: «Бұл жерде, мен сіздерді бастап әкеле жатқан жерде, капиталистер пайданы сығып алатын осы орында, бұл жерде бостандық, теңдік және Бентам үстемдік етеді»[45]. Маркс мұны

айтқанда капиталистік қоғамда буржуазия жүргізіп отырған, буржуазия ақтап отырған идеологияпы атап көрсетеді, өйткені феодалға қарсы күресте жеңіп шыққан буржуазияның көзқарасы тұрғысынан, осы буржуазияның көзқарасы тұрғысынан капитал үстемдігіне, ақша үстемдігіне, еңбекшілерді қанауға негізделген капиталистік қоғамда нақ сол «бостандық, теңдік және Бентам» үстемдік етеді. Бостапдық деп олар баю бостандығын, аздаған адамдардың баю бостапдығын, сауда айналымы бостандығын атайды; теңдік деп олар капиталистер меп жұмысшылардың теңдігін атайды; Бентам үстемдігі — былайша айтқанда бостандық пен теңдік жөніндегі ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдердің үстемдігі.

Егер біз өз айналамызға көз салсақ, егер мұғалімдердің ескі одағының өкілдері күні кеше бізге қарсы құрал етіп күрескен және бүгін де күресіп отырған сылтауларға жәпе өздерін социалистерміз деп атайтын өзіміздің идеялық дұшпандарымыздан, эсерлер мен меньшевиктерден біз әлі күнге дейін кездестіріп отырған сылтауларға, социализмнің мазмұнын әлі де түсінбеген шаруалар бұқарасымен күнделікті әңгімемізде аңғырттық формада бізге кездесіп жүрген сылтауларға қарасақ, егер сіздер осыған байыптай қарап, бұл сылтаулардың идеялық мәнін ойлап көрсеңіздер, Маркс «Капиталда» атап көрсеткен нақ сол буржуазиялық әуенді табасыздар. Бұл адамдардың бәрі капиталистік қоғамда бостандық, теңдік және Бентам үстемдік етеді деген осы пақылды құптайды. Ал бізге осы тұрғыдан қарсылық жасап, сіздер, большевиктер және Совет өкіметі, бостандық пен теңдікті бұзушыларсыздар дегенде, біз бұлай дейтін адамдарға саяси экономияның бастамаларын, Маркс ілімінің негіздерін нұсқап жөн сілтейміз. Біз былай дейміз: бостандықты бұзды деп большевиктерге кінә тағып, сіздер айтып отырған бостандық — капиталдың бостандығы, қожайынның астықты еркін рынокта сату бостандығы, яғни осы артық астығы бар аздаған адамдар үшін баю бостандығы. Бостандықты бұзды деп большевиктерді үнемі кінәлап келген баспасөз бостандығы,— капиталистік қоғамдағы

осы баспасөз бостандығы деген не? Біздегі «еркін» Россияда баспасөздің не күйде болғанын әркім байқады. Мұны алдыңғы қатарлы капиталистік елдердегі баспасөзді тікелей бақылай отырып немесе оның қойылысымен істес бола отырып танысқан адамдар бұдан да көбірек байқады. Капиталистік қоғамдағы баспасөз бостандығы — баспасөзді және халық бұқарасына ықпал етуді саудаға салу бостандығы деген сөз. Баспасөз бостандығы — баспасөзді, халық бұқарасына ықпал етудің аса қуатты құралын, капитал есебінен ұстау. Большевиктер қиратқан баспасөз бостандығы дегеніміз, міне, осы, ал большевиктер тұңғыш рет капиталистерден азат баспасөз бостандығын енергенін, орасан зор елде ат төбеліндей байлар мен миллионерлерден тәуелсіз баспасөзді құрғанын мақтан етеді,— бұл баспасөз бүтіндей капиталға қарсы күресу міндеттеріне арналған, біз бәрін де осы күреске бағындыруға тиіспіз. Бұл күресте шаруалардың санасыз бұқарасын бастай алатын жұмысшы пролетариат қана еңбекшілердің алдыңғы қатарлы бөлегі, олардың авангарды бола алады.

Бізді бір партияның диктатурасын жүргізесіңдер деп кінәлап, өздеріңіз естігендей, біртұтас социалистік майданды ұсынғанда, біз былай дейміз: «Иә, бір партияның диктатурасы! Біз соны негізге аламыз және бұл негізден тая алмаймыз, өйткені бұл партия — ондаған жылдар бойына еңбек етіп, бүкіл фабрика-завод және өнеркәсіп пролетариатының авангарды болу дәрежесіне жеткен партия. Бұл партия — 1905 жылғы революцияға дейін-ақ осы дәрежеге жеткен партия. Бұл партия — 1905 жылы жұмысшы бұқарасын бастаған партия, сонан бері, 1905 жылдан кейінгі реакция кезінде, столыпиндік Дума өмір сүріп тұрғанда, жұмысшы қозғалысы соншалық қиындықпен қалпына келтірілген кезде,— бұл партия жұмысшы табымен қосылып кетті, сондықтан ол жұмысшы табын ескі қоғамда терең және түбегейлі өзгеріс жасауға жалғыз өзі ғана бастай алды». Бізге біртұтас социалистік майданды ұсынғанда, біз былай дейміз: мұны революцияның оң бойында буржуазия пайдасына солқылдақтық жасаған меньшевиктер мен эсерлердің партиялары ұсынып отыр. Бізде

екі тәжірибе бар: керенскийшілдік болды, бұл кезде эсерлер коалициялық үкімет құрды, ол үкіметке Антанта, яғни бүкіл дүние жүзілік буржуазия, Францияның, Американың және Англияның империалистері көмектесті. Ал мұның нәтижесінде біз не көрдік? Эсерлер уәде еткен социализмге бірте-бірте өтуді көрдік пе? Жоқ, біз күйреуді көрдік, империалистердің толық үстемдігін, буржуазияның үстемдігін және келісімпаздық жалған үміттер атаулының толық күйрегенін көрдік.

Егер бұл тәжірибе жеткіліксіз болса, Сибирьді алып қараңыз. Біз ол жерде осы тәжірибенің қайталанғанын көрдік. Сибирьде өкімет большевиктерге қарсы болып шықты. Совет өкіметіне қарсы чехословактар көтерілісіне және меньшевиктер мен эсерлердің көтерілісіне Совет өкіметінен қашқан бүкіл буржуазия алғашқы кезде көмек көрсетті. Оларға Европа мен Американың ең қуатты елдерінің бүкіл буржуазиясы мен капиталистері көмек көрсетті және тек идеялық көмек қана көрсетіп қоймай, финанс көмегін де, әскери көмек те көрсетті. Ал мұның нәтижесінде не болды? Құрылтай жиналысы дегеннің осы үстемдігі, эсерлер мен меньшевиктерден құралған осы демократиялық деген үкімет неге әкеліп соқты? Колчактың авантюрасына әкеп соқты. Біз байқап отырған күйреуге ол үкімет неліктен әкеп соқты? Себебі бұл арада біздің дұшпандарымыздың лагеріндегі социалистер дегендердің түсінгісі келмейтін негізгі ақиқат: капиталистік қоғамда, ол өркендеп, берік тұрған кезде ме, әлде ол құрып бара жатқан кезде ме, оның бәрібір — екі өкіметтің біреуі ғана: не капиталистердің өкіметі, не пролетариаттың өкіметі бола алады деген ақиқат көрініп отыр. Аралық өкіметтің қандайы болсын — арман, үшінші бірдеңе құру әрекетінің қандайы болсын тіпті толық адал болғанының өзінде адамдардың не ана жаққа, не мына жаққа ауып кетуіне әкеп соғады. Пролетариат өкіметі ғана, жұмысшылар үстемдігі ғана еңбек негізінде тұрған барлық көпшілікті өзіне қосып ала алады, өйткені шаруалар бұқарасы, еңбекшілер бұқарасы болғанмен де, алайда кейбір ретте өзінің ұсақ шаруашылығының, өз астығының меншікшісі де болып табылады. Біздің көз

алдымызда өрістеген күрес, міне, осындай — ұзақ саяси сынақтардың барысында, біз Россияның әр түрлі шет аймақтарынан байқап отырған үкіметтер алмасуының барысында қанауға қызмет ететін нәрсенің бәрін пролетариат бірте-бірте қалай сыпырып тастайтындығын, ол өзіне қалай жол салатындығын, капиталдың қарсылығын басып-жаншу мен құрту ісінде еңбекші бұқараның барған сайын нағыз және толық көсемі болатындығын көрсететін күрес, міне, осындай.

Большевиктердің бостандықты бұзып жатқандығы туралы айтып жүрген, біртұтас социалистік майданды, яғни солқылдақтық еткен адамдармен, орыс революциясының тарихында буржуазия жағына екі рет ауып түскен адамдармен бірігуді ұсынып отырған адамдар,— бұл адамдар бізді террор қолданып отыр деп кінәлауды өте жақсы көреді. Олар: большевиктер басқару ісіне террор системасын енгізді дейді, олар: Россияны құтқару үшін большевиктердің террордан бас тартуы керек дейді. Бір тапқыр буржуазияшыл француз менің есіме түседі; ол, буржуазиялық көзқараста бола тұрып, өлім жазасын жою туралы: «Өлім жазасын жоюды кісі өлтіруші мырзалар бастасын» деген еді. «Большевиктер террордан бас тартсын» дегенде, менің есіме осы жауап түседі. Террордан орыстың капиталист мырзалары және олардың одақтастары, Америка, Франция және Англия, яғни Советтік Россияға террорды әкеп таңғандар бас тартсын! Бұлар — өздерінің біздегіден мың есе артық құдіретті бүкіл әскери күшімен бізге шүйліккен және осы күнге дейін шүйлігіп отырған империалистер. Келісу елдерінің бәрі, Англия, Франция және Америка империалистерінің бәрі әрқайсысы өз астаналарында халықаралық капиталдың малайларын,— олар Сазоновтар немесе Маклаковтар деп атала ма, оның бәрібір,— ұстап отырғаны террор емей немене, бұл малайлар буржуазия мен капиталдың жүздеген және ондаған мың наразы, күйзелген, өкпелеген және ызаланған өкілдерін ұйымдастырып отыр ғой? Егер сіздер әскери ортада болған заговорлар туралы естіген болсаңыздар, егер сіздер Петроградты қолдан бере жаздаған Красная Горкадағы соңғы заговор туралы оқыған

болсаңыздар, онда мұның өзі Россияда қанаушыларды қалпына келтіру мақсатымен және социалистік революцияның қазір тіпті олардың өз елдеріне де қауіп төндіріп отырған өртін сөндіру мақсатымен айуандықтың, қылмыстың және күштеудің қандайына болса да баратын бүкіл дүние жүзі буржуазиясының тарапынан жасалған террордың көрінісі емей немене? Террордың көзі, міне, осында, жауапкершілік, міне, осыларға жүктеледі! Міне, сондықтан да Россияда террордан бас тартуды уағыздаушылар өздерінің блокадалары арқылы, Колчак пен Деникинге көрсетіп отырған өздерінің көмегі арқылы Россияны тұншықтырып отырған террорист-империалистердің қолындағы саналы немесе санасыз құралы, агенттері екеніне, одан басқа ештеңе емес екеніне біздің көзіміз жетті. Бірақ бұлардың ісі — үмітсіз іс.

Россия — тарих социалистік революцияны бастаушының ролін берген бірінші ел, нақ сондықтан да біздің үлесімізге көптеген күрес пен қасірет тиіп отыр. Басқа елдердің империалистері мен капиталистері Россия сақадай сай тұрғандығын Россияда тек орыс капиталының ғана емес, сонымен қатар халықаралық капиталдың да тағдыры шешілетіндігін түсініп отыр. Міне сондықтан да олар өздерінің бүкіл баспасөзінде,— буржуазияның миллиондар мен миллиардтарға түгелдей сатып алынған бүкіл дүние жүзілік баспасөзінде большевиктерге қарсы құлақ естімеген мөлшерде өтірік-өсек таратып отыр.

Олар бәз-баяғы «бостандық, теңдік және Бентам» принциптері үшін Россияға қарсы көтеріліп отыр. Сіздер дербес бірдеңені, жалпы алғанда демократия принциптерін қорғап отырмыз деп ойлайтын адамдарды біздің ішімізден кездестіргенде, олар бостандық, теңдік туралы және бұларды большевиктердің бұзып отырғандығы туралы айтқанда,— бұл адамдардан европалық капитализмнің баспасөзімен танысуды сұраңыздар. Колчак пен Деникин қандай бүркеншпен аттанды, европалық капитал мен буржуазия Россияны қандай бүркеншпен тұншықтырып отыр? Олардың бәрі бостандық пен теңдік туралы — тек осы туралы айтып

отыр! Американдар, ағылшындар және француздар Архангельскіні басып алғанда, олар өздерінің әскерлерін оңтүстікке жібергенде — олар бостандық пен теңдікті қорғайды екен. Міне, олар осындай ұранды бүркеніш етеді, міне сондықтан да осы жанталасқан күрес жағдайында Россия пролетариаты бүкіл дүние жүзінің капиталына қарсы көтеріліп отыр. Буржуазия өкілдерінің бәрі бостандық пен теңдік жөніндегі ұрандарды халықты алдау үшін қолданады, бұл ұрандар, міне, осыған қызмет етеді, буларды ақыр-аягына дейін талқандау шын мәнісінде жұмысшылардың және шаруалардың жағында тұрған интеллигенцияның үлесіне тиіп отыр.

Келісу империалистерінің әрекеттері неғұрлым қатаң және озбыр болған сайын, олар пролетариаттың өз елдеріндегі тойтарысы мен қарсы қимылын соғұрлым көп тудыратынын біз көріп отырмыз. 21 июльде Англия, Франция және Италия жұмысшыларының осы елдердің үкіметтеріне қарсы: Россия істеріне қол сұғудың қандайы болса да тоқтатылсын және республикамен адал бітім жасалсын деген ұранмен халықаралық стачка ұйымдастыру жөнінде бірінші рет әрекет жасалды. Мұның сәті түспеді. Бірқатар елдерде — Англияда, Францияда және Италияда — жеке стачкалардың дүмпулері болды. Америка мен Канадада большевизмді еске түсіретін нәрсенің бәрі жанталаса қудаланып отыр. Біз соңғы жылдарда ұлы екі революцияның тарихын бастап кешірдік. 1905 ж. орыс еңбекші бұқарасының авангарды патша өкіметіне қарсы күреске қандай қиындықпен кірісксенін біз білеміз. 1905 ж. 9 январьдан кейін, бірінші қанды сабақтан кейін, стачкалық қозғалыстың дамуы Россияда бұқаралық стачка бірінші рет жеңіске жеткен 1905 жылдың октябріне дейін қандай қиындықпен және баяу жүргенін білеміз. Мұның қандай қиын болғанын біз білеміз. Мұны екі революцияның тәжірибесі дәлелдеді, дегенмен Россиядағы жағдай басқа елдердегіден гөрі неғұрлым революциялық жағдай болды. Капитализмге қарсы күрес үшін бірқатар стачкаларда күшті ұйымдастыру қаншалық қиынға түсетінін біз білеміз. Сон-

дықтан 21 июльдегі осы бірінші халықаралық стачканың сәтсіздігі бізді таңдандырмайды. Европалық елдердегі революция біздегіден өлшеусіз күшті қарсылық пен қарсы әрекет кездестіретінін біз білеміз. Англияның, Францияның және Италияның жұмысшылары халықаралық стачканы 21 июльге белгілегенде құлақ естімеген қиындықтарды жеңгенін біз білеміз. Мұның өзі тарихта болып көрмеген эксперимент еді. Мұның сәті түспеуі таңданарлық нәрсе емес. Оның есесіне біз мынаны білеміз: европалық буржуазияның бізге қарсы өршеленуіне қарамастан, ең алдыңғы қатарлы және цивилизациялы елдердің еңбекші бұқарасы,— осы еңбекші бұқара бізбен бірге, олар біздің ісімізді түсінеді, сондықтан революцияның қиыншылықтары және бізді күтіп тұрған сынақтар қандай болғанымен де, капиталдың «бостандығы мен теңдігін», аш пен тоқтың теңдігін бетке ұстап жүргізілетін өтірік пен алдаудың атмосферасы қандай болғанымен де, бұл атмосфера қандай болғанымен де біздің ісіміз барлық елдердің жұмысшыларының ісі екенін, сондықтан да бұл істің халықаралық капиталды қалайда және сөзсіз жеңетінін біз білеміз.

«Правда» № 170 және «Известия ВЦИК» № 170, 3 август, 1919 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің текстімен салыстырылған «Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МАЛАЙЛАР БӨЛМЕСІНДЕ[46]

Жолдастар оңтүстіктен меньшевиктік, эсерлік және т. с. бірнеше басылымдар әкелді; бұлар баррикаданың *арғы* жағындағы, *арғы* лагерьдегі «идеялық өмірге» көз салуға мүмкіндік береді. Базаров пен Мартовтың харьковтық «Мыслы»[47], Мякотин мен Пешехоновтың, Бунаков пен Вишняктің, Потресов пен Гроссманның «Грядущий Дені»[48], Балабанов пен Ст. Ивановичтің, Мякотин мен Пешехоновтың «Южное Делосы»[49], «Объединениесі»[50]— ол басылымдардың және олардың бірсыпыра көрнекті қызметкерлерінің аты-жөндері осындай.

Аты аталған басылымдардың тіпті аздаған, дара номерлерінің өзі бықсыған, күшті иіс беретіні соншалық, өзіңді бірден малайлар бөлмесінде отырғандай сезінесің. Өздерін социалистерміз деп ойлайтын және солай деп атайтын, буржуазиялық соқыр сенімдерді бойына сіңірген және буржуазияның алдында малайлық етуші білімді интеллигенттер,— бүкіл осы жазушы сыбайластар, асылында, осындай адамдар. Бұл адамдардың арасында сарындар өте көп, бірақ саяси тұрғыдан ол сарындардың ешқандай елеулі мәні жоқ, өйткені бұлардың бәрі буржуазия жөніндегі өздерінің малайлық міндеттерін екіжүзді немесе адал, дөрекі немесе сыпайы, икемсіз немесе шебер орындауына келіп саяды.

I

Лауазымы бойынша малайдың фрак костюмы, цивилизациялы сырт пішіні, тиісті мәнері, ақ биялайлары

болуға тиіс. Малайға белгілі дәрежеде халық сүйгіш болуға рұқсат етіледі: бір жағынан, мұның өзі болмай қоймайтын нәрсе, өйткені малайлар шығатын орта қатты мұқтаждықта болуға тиіс; екінші жағынан, мұның өзі тіпті баринге пайдалы, өйткені оған өзінің қайырымдылығын — ең алдымен, әлбетте, үй қызметшілері, приказчиктер, жұмысшылар алынатын топтардың «тілалғыш» өкілдері жөнінде,— «жаттықтыруға» мүмкіндік береді. Малай ұстайтын таптар неғұрлым есті және білімді болса, олар өз саясатын соғұрлым жүйелірек және ойланыңқырап жүргізеді; малайлар еңбекшілер арасында шпиондық ету үшін, еңбекшілердің белгілі бір бөлегіне кеңшіліктер жасау арқылы оларды ажырату үшін, өз жағдайын нығайтып, «қызмет көрсетушіні» қайыр-садақа, тағы басқалар, тағы сондайлар алу үмітімен бариннің байлығын көбейтуге ынталандыру үшін пайдаланылады.

Малайға халық сүйгіш болу, әрине, өте аз мөлшерде ғана және еңбекшілер мен қаналғандарды «жұбатуға» әзір болумен қатар бағыныштылық пен тілалғыштық сезімдерін білдірудің міндетті шартымен ғана рұқсат етіледі. Жақшының ішінде айта кетейік, адамдарды «жұбатудың» көзі ретінде дінді қорғайтын адамдарға Фейербах: құлды жұбату дегеніміз құл иеленушіге пайдалы іс, ал құлдарды шын жақтаушы адам оларды ашынуға, көтеріліске, езгіні құлатуға үйретеді, оларды әсте «жұбатпайды» деп өте дәл жауап берді. Жалдама құлдықтың бұғауымен шырмалғандығын жалдама құлдарды «жұбату» үшін қызмет ететін жалған гүлдерді малай боямалап, әшекейлейді. Адамдарды жалдама құлдықтан азат етуді жақтайтын адам құлдар өздерінің бұғауларын саналырақ және күштірек жек көруді үйренуі үшін, оларды тезірек лақтырып тастап, шын гүлдерге қарай қол созуы үшін, бұғауларды әшекейлеуші, бұғаулардағы жалған гүлдерді жұлып тастайды.

Малайдың жағдайына орай халық сүйгіштіктің өте болмашы мөлшерін тілалғыштықтың және бариннің мүдделерін қорғаудың өте қомақты мөлшерімен қосу қажеттігі әлеуметтік тип ретіндегі малайға тән екіжүзділікті сөзсіз тудырады. Әңгіме бұл арада жеке адам-

дардың қасиеттерінде емес, нақ әлеуметтік типте. Малай мейлінше адал адам, өз семьясының үлгілі мүшесі, өте тамаша азамат бола алады, бірақ ол екіжүзділік жасауға мәжбүр етілген, өйткені оның кәсібінің негізгі белгісі бариннің мүдделеріп — ол баринге «жан-тәнімен» қызмет етуге «міндеттенген» — үй қызметшілері алынып отыратын ортаның мүдделерімен ұштастыру болып табылады. Сондықтап да, егер мәселені саясатшының көзқарасы тұрғысынан, яғни миллиондаған адамдардың көзқарасы тұрғысынап және миллиондар арасындағы қатынастардың тұрғысынан алып қарайтын болсақ, әлеуметтік тип ретіндегі малайдың басты қасиеттері — екіжүзділік пен қорқақтық деген қорытындыға келмеске болмайды. Малайлық кәсіп нақ осы қасиеттерді тәрбиелейді. Жалдама құлдар мен еңбекшілердің бүкіл бұқарасы тұрғысынан нақ осы қасиеттер қандай капиталистік қоғамда болсын ең елеулі қасиеттер болып табылады.

II

Өздерін меньшевиктер, социал-демократтар, социалист-революционерлер, т. с. деп атайтын білімді интеллигенттер халықты саясатқа үйреткілері келеді. Сондықтан олар біз бастан кешіріп отырған бүкіл дәуірдің түбегейлі мәселесіне — империалистік соғысты азамат соғысына айналдыруға да соқпай кете алмады. Олардың бұл мәселе жөнінде қалай пайымдайтынын қарап көріңіздер.

«Объединениеде» П. Юшкевич мырза «Революция және азамат соғысына» тұтас бір мақала арнайды. Бұл мақала әдебиеттің — әдебиеттің деуге болса — қай түріне жататындығы автордың төмендегі екі пайымдауынан-ақ белгілі болады:

«...Көпшіліктің мүдделерін көздейтін және сол көпшілік жүзеге асыратын революцияны өзіне мақсат етуші социализмнің өкіметті басып алушы азшылық жазмыш бойынша душар болатын азамат соғысы әдістеріне (!!!) жүгінетін жөні (!!) жоқ... Сондықтан қазіргі қоғамның ең алдыңғы қатарлы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-азаттық миссиясын және сонымен байла-

ныcты міндеттерді толық түсіну дәрежесіне жеткен кезде тарихи варварлықтың басқа да мұрасымен бірге оны (азамат соғысын) лақтырып тастауға тиіс болады...».

Шынында да керемет емес пе?

Большевиктік төңкерістен кейін іле-шала орыс буржуазиясы өз елінің жұмысшылары мен еңбекшілеріне қарсы шетелдік буржуазиямен келісім іздей бастады және келісім жасай бастады. Буржуазияны меньшевиктер мен эсерлер қолдады. 1918 жылдың басында Финляндияда осылай болды. 1918 жылдың басында Россияның солтүстігінде де, оңтүстігінде де осылай болды; ол кезде кадеттер де, меньшевиктер де, эсерлер де немістермен одақтасып, большевиктерді тұншықтырды. Грузияда да сондай. Немістер Красновқа ақша мен қару-жарақ беріп тұрды. Сонан соң Антанта буржуазиясы чехословактарды, Деникинді сатып алды, Мурманға, Архангельскіге, Сибирьге, Бакуге, Ашхабадқа әскерлер түсірді.

Халықаралық буржуазия, алдымен герман буржуазиясы, сонан соң ағылшын-француз буржуазиясы (талай рет екеуі де бірге) Россияда жеңген пролетариатқа соғыспен аттанды. Ал осындай жағдайда өзін социалиспін деп атайтын адам пайда болады да, буржуазия жағына шығып алып, жұмысшыларға «азамат соғысының әдістерін» «лақтырып тастауға» кеңес береді! Мұның өзі ең жаңа капиталистік формацияның Иудушка Головлеві емес пе?

Маған, мүмкін, Юшкевич буржуазияның қатардағы шимайшысы, қандай да бір партиялар үшін ол әсте сипаттама бола алмайды, сондықтан ол партиялар Юшкевич үшін жауап бермейді дер. Бірақ бұлай деу дұрыс болмас еді. Біріншіден, «Объединениенің» қызметкерлер құрамы мен оның бүкіл бағыты бізге барлық меньшевиктік-эсерлік бауырластар үшін нақ осындай малайлықтың дағдылы екендігін көрсетіп отыр. Ал екіншіден, Л. Мартовты алып қараңыз. Бұл субъект — ең көрнекті (және ең «солшыл» дерлік) меньшевик, ал оның бер жағында берндік Интернационалдың құрметті мүшесі, оның идеялық көсемі К. Каутскиймен тілектес адам.

Мартовтың пайымдауын алып қараңыз. Ол «Мысльдың» 1919 жылғы апрельдегі кітапшасында «дүние жүзілік большевизм» туралы жазады. Ол большевизмнің әдебиетін және большевизм туралы жетік біледі. Ал осы жазушы азамат соғысы туралы, міне, былай деп жазады:

«...Соғыстың алғашқы апталарында-ақ менің жұмысшы қозғалысының соғыс тудырған дағдарысы ең алдымен «моральдық дағдарыс» екендігі туралы, пролетариаттың әр түрлі бөлімдерінің өзара сенімін және пролетарлық бұқараның бұрынғы моральдық-саяси байлықтарға деген сенімін жоғалтуының дағдарысы екендігі туралы жазуыма тура келді. Өзара сенімнің осылайша жоғалуы, соңғы ондаған жылдар бойында тек реформистер мен революционерлерді ғана өзара байланыстырып қоймай, сонымен қатар белгілі бір кезеңдерде социалистерді де анархистермен біріктірген, булардың екеуін де либерал және христиан жұмысшылармен біріктірген идеялық дәнекерлердің осылайша жойылуы — бұл жойылу пролетарлар арасындағы *азамат соғысына* әкеліп соғар деп мен ол кезде ойлаған жоқ едім...».

Курсив Мартов мырзанікі. Бұл арада нақ азамат соғысына баға беріп отырғанын оның өзі атап көрсетеді. Бәлкім, ол тіпті азамат соғысы туралы нақ осылайша пайымдайтын Каутскиймен өзінің толық келісетіндігін де атап көрсетіп отырған шығар.

Ал бұл пайымдаудағы барып тұрған жымысқы пасықтық сонша, өтіріктің және жұмысшыларды алдаудың түпсіздігі сондай, жұмысшылардың мүдделеріне сұрқиялықпен опасыздық жасау сондай, социализм жөніндегі екіжүзділік пен ренегаттық сондай — оппортунистік «ойынның» ондаған жылдары ішінде Каутскийлер мен Мартовтардың бойларына осыншама малайлық дарығанын көріп, қайран қаласың!

Біріншіден, Каутский мен Мартов *«пролетарлар арасындағы* азамат соғысы» жөнінде фарисейлікпен көз жасын көл еткенде, мұнысы арқылы олар өздерінің буржуазия жағына өткендігін бүркемелеуге тырысады. Өйткені іс жүзінде азамат соғысы пролетариат пен буржуазия арасында болып жатыр. Қаналғандардың бір бөлегі өздерінің бауырларына қарсы қанаушылардың соңына еріп, солармен бірге кетпеген азамат соғысы, қаналған бұқараның қанаушы азшылыққа қарсы

соғысы тарихта еш уақытта болып көрген жоқ және таптық қоғамда бола да алмайды. Шаруалардың Вандеяда[51] монархия үшін және помещиктер үшін көтерілісі кезінде *«шаруалар арасындағы* азамат соғысы» жөнінде зарлай бастаған француз өзінің екіжүзділігі жағынан монархияның жиіркенішті малайы болар еді, мұны әрбір сауатты адам мойындайды. Каутский мен Мартов мырзалар да капиталистердің нақ осындай малайлары.

Дүние жүзіндегі құдіреті күшті халықаралық буржуазия алданып қалған, бейхабар, азап шеккен жұмысшылардың бір бөлегін соңынан ертіп алып, бір елдің жеңген жұмысшыларын капиталды құлатқаны үшін тұншықтырып жатыр, ал сұмырай Каутскийлер мен Мартовтар «пролетарлар арасындағы азамат соғысы» жөнінде көз жастарын көл етеді. Бұл субъектілердің осы жексұрын екіжүзділікке салынуына тура келіп отыр, өйткені пролетариаттың буржуазияға қарсы азамат соғысында өздерінің буржуазия жағында болып шыққандығын ашықтан ашық мойындауға болмайды ғой!

Екіншіден, Мартов, сондай-ақ Каутский де, сондайақ бүкіл Бернідік Интернационал да, өздерінің социалистер ретінде жұмысшылар арасында олардың тілектестігімен пайдаланғандығын өте жақсы біледі, өйткені олар пролетариат революциясының қажеттігін уағыздаған-ды. 1902 ж. Каутский революцияның соғыспен байланысты болуы мүмкін және пролетариаттың болашақ революциясы, бәлкім, бұрынғы революциялардан гөрі азамат соғысына көбірек сай келетін болар деп жазған еді. 1912 ж. Базель манифесінде бүкіл II Интернационал болашақ соғыс болашақ пролетарлық революциямен байланысты деп салтанатты түрде мәлімдеген еді. Ал осы соғыс бұрқ ете түскен кезде, II Интернационалдың «революционерлері» буржуазияның малайлары болып шықты!

1914 ж. ноябрьде большевиктер: империалистік соғыс азамат соғысына айналуды өзімен бірге ала келеді деп мәлімдеген-ді. Мұның өзі дұрыс болып шықты. Мұның өзі қазір дүние жүзілік көлемдегі факт болып

отыр. «Дүние жүзілік большевизм» туралы айтқанда Мартов осы фактіні лажсыз мойындап отыр. Бірақ өзінің идеялық жағынан толық күйрегендігін, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру жөніндегі пікірді мещандық жиіркенішті пішінмен жоққа шығарған адамдардың бәрінің көзқарастары күйрегендігін адалдықпен мойындаудың орнына, мұның орнына Мартов екіжүзділік жасап, «бұрынғы моральдық-саяси байлықтарға деген сенімін жоғалтты» деп, «пролетарлық бұқарага» «ишара жасайды»!!

Ренегаттар өздерінің ренегаттығын бұқараға аудара салып отыр. Барлық жерде де революция жолына түсе отырып, бұқара большевиктерге тілектестік білдіріп отыр. Бұған, бақсақ, революция келген кезде пролетариатқа қарсы буржуазия лагерінде болуы үшін бүкіл өмір бойы революцияға адалмыз деп ант-су ішіп жүрген адамдардың «теориясы» бойынша бұқара кінәлы көрінеді.

Үшіншіден, социализмдегі ішкі күрес жөнінде соғыс алдындағы екі түрлі теория мынадай еді. Каутский мен Мартов, сондай-ақ оппортунистердің көпшілігі реформистер мен революционерлерді заңды екі сарын, бір таптың бір қозғалысының қажетті қанаттары деп білді. Бұл сарындардың ажырауы жазғырылды. Пролетарлық таптық күрестің әрбір елеулі кезеңінде олардың жақындасып, қосылуы сөзсіз деп танылды. Жікке бөлінуді жақтаушылар алыстағыны көре алмайтындар деп кінәланды.

Екінші көзқарас, большевиктік көзқарас, реформистерді буржуазияның ықпалын пролетариатқа жүргізушілер деп білді, көрінеу революциялық емес жағдайда уақытша қырсық ретінде олармен одақтасуға жол берді, ал күрестің әрбір елеулі шиеленісуі кезінде, әсіресе революцияның бас кезінде, олармен ажырасу және жікке бөліну сөзсіз деп есептеді.

Кімдікі дұрыс болып шықты?

Большевиктердікі.

Соғыс бүкіл дүние жүзінде жұмысшы қозғалысының жікке бөлінуін, социал-патриоттардың буржуазия жағына өтуін туғызды. Россиядан кейін, мұны алдыңғы

қатарлы капиталистік ел Германия бәрінен айқын көрсетіп берді. Сондықтан енді реформистер мен революционерлердің «идеялық дәнекерлерін» қорғау — Роза Люксембург пен Карл Либкнехтті буржуазияның өлтіруіне көмектескен, буржуазияға қарсы революциялық күресі үшін мыңдаған жұмысшыларды өлтіруге көмектескен Носке мен Шейдеман тәрізді жұмысшылардан шыққан жендеттерді қолдау деген сөз.

1919 ж. июльде жазылған

Бірінші рет 1925 ж. «Большевик» журналының 23—24-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ-ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРДІҢ ПАРТИЯЛЫҚ ЕМЕС КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА[52] 1919 ж. 6 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ХРОНИКЕРЛІК ЖАЗБА

БІРІНШІ НҰСҚА

(Шаттық овация.) Жолдастар, өздеріңіз кеше және бүгін газет беттерінен оқыған оқиғалардан бастауыма рұқсат етіңіздер. Бұлар — Венгриядағы оқиғалар.

Марттың аяғына дейін Венгрияда «керенскийшілдік» үстем болғанын сіздер білесіздер, керенскийшілдіктің өкілдері үкімет басында тұра алмайтынын түсініп, тек марттың аяғында ғана кетті, ал социал-келісімпаздар өздерінің өкілдерін түрмеге жіберді, ол уақытта түрмеде бір кезде біздің Қызыл Армия қатарында да қызмет еткен Бела Кун жолдас жатқан-ды. Социал-келісімпаздар онымен келіс сөздер жүргізуге кірісті, сөйтіп Бела Кун жолдас түрмеден тұп-тура үкіметке енді.

Бірақ соңғы уақытта Венгрияда социалистік партияның ішінде ұнамсыз бірдеңелер істеле бастады деген хабарлар алынды.

Онан әрі Ленин жолдас румын әскерлерінің Будапештке қалай кіргендігі туралы айтты. Бірақ бұған онша көңіл аударуға тұрмайды деді.

Бізде де, деді ол, әр түрлі майдандарда осылай болды. Бірақ біздің кейіннен Колчакқа лайықты жауап берерліктей етіп немесе Петроград майданында жауап бергеніміздей етіп бекініп алуымызға тылда жеткілікті күштеріміз болды. Біздің әскерлеріміз Ямбургті алғанын сіздер білесіздер.

Онан әрі Ленин жолдас осы уақыттың ішінде біз жасаған саяси тәжірибе туралы айтты. Мұндай тәжірибе, әрине, венгрлерде жоқ.

Бірақ біз ұнжырғамызды түсірмекші емеспіз, өйткені колчакшылдық пен деникиншілдіктің уақытша салтанаты неге әкеп соғатынын білеміз. Қазір румын колчакшылдары венгр жұмысшыларының өлігі үстінде билей берсін. Бірақ бұл салтанат ұзаққа бармайтынын біз білеміз. Рас, бұл ауыр соғыстан жұмысшылардың әрбір еңбекшіге көмек беретін және әрбір жалдапқа жаза тартқызатын темірдей берік күші ғана шыға алады.

Мұнан соң Ленин жолдас қазір Совет үкіметін дұрыс тактика ұстамадыңдар деп кінәлап отырған, бірақ өздері тактиканың үлгісін бере алмаған келісімпаздардың, меньшевиктер мен эсерлердің Сибирьдегі әрекеттері туралы айтты. Шындығында, Сибирьдегі болып өткеннің бәрі, меньшевиктер мен эсерлер берген уәделердің бәрі шаруаларға да, жұмысшыларға да тек қана қайғы-қасірет әкелді. Бірақ Версаль бітіміне қол қойылған кезден бері Францияның, Англияның және басқа елдердің жұмысшылары жағдайды барған сайын көбірек түсіне бастап отыр.

Міне сондықтан Венгриядағы соңғы оқиғалар, олар қанша ауыр болғанымен де, Деникин мен Колчак қосынында болып өткен оқиғаларға ұқсас. Бұл оқиғалар жаңадан жүздеген мың жұмысшылардың көзін ашып, оларға капитал өзінің жоғалтқандарын вексельдер бойынша қайтып алуға алақанын жайып отырғанын көрсетеді.

Онан соң Ленин жолдас меньшевиктердің, социалист-революционерлердің және капиталистердің өкіметті қайтарып алу үшін жасап отырған заговорлары туралы айтты. Заговорлар жасай отырып, заговоршылар Совет үкіметін террордан бас тартуға көндірмек болады.

Жоқ, біз террордан бас тартпаймыз, өйткені біз террордан бас тарту Колчактар мен Деникиндердің уақытша жеңіске жетуіне әкеп соғатынын білеміз! Бұл соғыста капитал өзін өзі өлтірді. Ал қазір өліп бара жатқан осы айуан ақырғы демі таусылғанша жұмысшы-

ларға арсылдап, айбат шегіп отыр. Бірақ ол ақырғы демінің бітуін ірке алмайды, ол өледі! (*Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.*)

«Известия ВЦИК» № 173 және «Известия Петроградского Совета» № 177, 7 август, 1919 ж.

«Известия Петроградского Совета» газетінің текстімен салыстырылған «Известия ВЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЕКІНШІ НҰСҚА

Жолдастар, енді сіздерге Венгрияда біздің көз алдымызда болған оқиғаларды баяндауыма рұқсат етіңіздер.

Жұртқа мәлім, ол жерде осы жылғы марттың аяғына дейін өзінің барлық әсемдіктерімен қоса «керенскийшілдік» үстем болды. Сол кезде, 21 мартта, ол жерде кенеттен Совет өкіметі орнаған кезде, оның үстіне ол жердегі меньшевиктер бұл өкіметті қолдауға келіскен кезде, социализмде әлденендей бір жаңа заман туды деп ойлауға болатын еді... Бірақ нақ соңғы оқиғалар бізге социал-келісімпаздардың титтей де өзгермегендігін көрсетіп берді. Сірә, қазір Венгрияда болған оқиға жуырда біздің көз алдымызда Бакуде болып өткен оқиғаны[53] кең көлемде қайталап отырған болса керек.

Өзінің социал-сатқындары ағылшын командованиесінен көмек сұраған кездегі және олар жұмысшылардың сыртынан батыс империалистерімен құпия келісім жасасуға кіріскен кездегі Баку пролетариатының қайғылы тарихын Ленин жолдас айқын бейнелеп еске түсірді. Шешен осы Баку трагедиясы мен Венгриядағы қазіргі төңкерісті салыстыра келіп, радиотелеграмма туралы айтты, біз бұл радиотелеграммадан румындар қазірдің өзінде-ақ қызыл Будапештке кіргенін біліп отырмыз деді.

Бұдан кейін Ленин жолдас Венгрия мен Советтік Россияның жағдайын салыстырды, сөйтіп біздің уақытша сәтсіздіктеріміздің бәрін қысқаша еске сала келіп, бізді территорияның ұлан-байтақ көлемі аман сақтаға-

нын және аман сақтап та отырғанын, оның бер жағында өзінің барлық жауларына тойтарыс беруге Венгрияның тым кішкентай екенін айтты. Мұнан соң жалпы келісімпаздар туралы мәселеге көше отырып, шешен біздің орыс келісімпаз социалистік партияларға да соғып, былай деді:

— Егер Россия келісімпаздары Керенскийдің кезінде, алты айлық практикалық жұмыстар бойы, қате жасаған болса, олар бұл қатені Сибирьдегі колчакшылдық кезінде неге түзетпеді?

Бірақ мәселе деникиншілдердің де бізге Құрылтай жиналысы туралы сарнап отырғандығында, контрреволюция еш жерде де ашықтан-ашық шықпайтындығында, сондықтан да біз былай дейміз: Венгриядағы соңғы оқиғалар тәрізді ешқандай уақытша сәтсіздіктер бізді абыржыта алмайды. Барлық бақытсыздықтардан құтылудың революциядан басқа ешқандай жолы жоқ, сондықтан тек бір ғана дұрыс құрал бар — пролетариат диктатурасы. Біз былай дейміз: Қызыл Армияның әрбір жаңа жеңілісі оны тек қана шынықтыра түседі, оны анағұрлым табанды және саналы етеді, өйткені буржуазия мен келісімпаздардың өкіметі бізге не әкелетінін жұмысшылар мен шаруалар қанды тәжірибе арқылы енді түсінді. Бүкіл дүние жүзілік капиталдың ақырғы демі бітуге айналған айуаны ақтық күшін жұмсап, жанталасып жатыр, бірақ ол қалай да өледі! (*Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.*)

1919 ж. 8 августа «Вечерние Известия Московского Совета» газетінің 312-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

СЕРРАТИ МЕН ЛАЦЦАРИ ЖОЛДАСТАРҒА

Қымбатты жолдастар және достар! Сіздің партияңыздың атынан бізге жіберілген құттықтау үшін рақмет. Біз сіздің қозғалысыңыз туралы өте аз білеміз; бізде ешқандай документтер жоқ. Алайда біз білетін сол аз нәрсенің өзі сіз бен біздің жұмысшы бұқараны алдап отырған берндік сатқын Интернационалға қарсы екенімізді және Коммунистік Интернационал жағында екенімізді бізге дәлелдеп отыр. Сатқын Интернационал лидерлерінің сіздің партиямен жүргізген келіс сөздері олардың армиясыз бас штаб қана екенін дәлелдейді. Пролетариат диктатурасы мен совет системасы қазірдің өзінде бүкіл дүние жүзінде моральдық жағынан жеңді. Материалдық және түпкілікті жеңіске барлық қиындықтарға, селдей аққан қанға қарамастан, буржуазияның ақ террорына, т. т. қарамастан, дүние жүзінің барлық елдерінде сөзсіз қол жетеді.

Капитализм жойылсын! Жалған буржуазиялық демократия жойылсын! Советтердің бүкіл дүние жүзілік республикасы жасасын!

Әрқашан сіздік

Москва, 19 август, 1919 ж. *В. Ленин*

1919 ж. 2 сентябрьде «Avanti!» (Милан) газетінің 243-номерінде итальян тілінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1932 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XXIV том

Газеттің тексті бойынша басылып отыр Итальян тілінен аударма

Российская Социалистическая Федеративная Советская Республика.

„Пролетарии всех стран, соединяйтесь!“

№ 6. Речи и беседы агитатора. № 6.

В. И. Ленин.

ПИСЬМО К РАБОЧИМ И КРЕСТЬЯНАМ

по поводу победы над Колчаком.

Цена 1 руб.

Государственное Издательство.

Москва.—1919.

В. И. Лениннің «Колчакты жеңгендігіміз жөнінде жұмысшылар мен шаруаларға хат» деген кітапшасының мұқабасы.— 1919 ж.

КОЛЧАКТЫ ЖЕҢГЕНДІГІМІЗ ЖӨНІНДЕ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ШАРУАЛАРҒА ХАТ

Жолдастар! Қызыл әскерлер Колчактан бүкіл Уралды азат етті және Сибирьді азат ете бастады. Урал мен Сибирьдің жұмысшылары мен шаруалары Совет өкіметін қуана қарсы алуда, өйткені ауыр алым-салығымен, жәбір-жапасымен, дүресімен, патшалық езгіні қайта орнатуымен халықты азаптап келген помещиктік және капиталистік нағылеттердің бәрін Совет өкіметі темір сыпыртқымен сыпырып тастайды.

Уралдың азат етілуі және қызыл әскерлердің Сибирьге кіруі жөніндегі біздің жалпы шаттығымыз, біздің қуанышымыз бізді жайбарақаттандыруға тиіс емес. Жау әлі де болса толық жойыла қойған жоқ. Ол тіпті біржолата қиратылған да жоқ.

Колчакты және басқа да жат жерлік қарақшылармен бірге жапондарды Сибирьден қуып шығу үшін барлық күшті жұмылдыру керек, сөйтіп жауды құрту үшін, оған өзінің қарақшылық ісін қайтадан тағы да бастауына мүмкіндік бермеу үшін бұрынғыдан да көп күш жұмсау қажет.

Бұған қалай жетуге болады?

Урал мен Сибирьдің бастан кешірген ауыр тәжірибесі, сондай-ақ төрт жылдық империалистік соғыс қалжыратқан барлық елдердің тәжірибесі де біз үшін тегін кетпеуге тиіс.

Колчакшылдық алапатының қайталануынан өздерін қауіпсіз ету үшін барлық жұмысшылар мен шаруалар,

барлық еңбекшілер осы тәжірибеден *мынадай басты-басты бес сабақ* алуға тиіс.

Бірінші сабақ. Жұмысшылар мен шаруалардың өкіметін қарақшылардан, яғни помещиктер мен капиталистерден қорғау үшін бізге қуатты Қызыл Армия керек. Біз Қызыл Армияны құра алатынымызды, біз оны басқаруды үйренгенімізді, дүние жүзінің ең бай елдерінен капиталистердің қару-жарақ пен құрал-жабдық жөнінен мол көмек алып тұрғандығына қарамастан, капиталистерді жеңуді үйренгенімізді сөзбен емес, іспен дәлелдедік. Большевиктер мұны іспен дәлелдеді. Барлық жұмысшылар мен шаруалар,— егер олар саналы болса,— большевиктерге сөз жүзінде емес (сөз жүзінде сену зердесіздік), Оралдағы және Сибирьдегі миллион-миллиондаған адамдардың тәжірибесінің негізінде сенуге тиіс. Жұмысшылар мен шаруалардың қарулы күштерін дені помещиктер мен капиталистерге тілектес болып отырған бұрынғы офицерлер командованиесімен біріктіру міндеті — аса ауыр міндет. Бұл міндетті тамаша ұйымдастыра білу арқылы, қатаң және саналы тәртіп арқылы, қалың бұқараның жұмысшы комиссарларының басшы тобына сенуі арқылы ғана шешуге болады. Осы аса ауыр міндетті большевиктер шешті: бұрынғы офицерлердің опасыздық етуі бізде өте көп, солай бола тұрса да, Қызыл Армияның біздің қолымызда екендігі былай тұрсын, сонымен қатар ол патша генералдарын, Англияның, Францияның және Американың генералдарын жеңуді үйренді.

Сондықтан колчакшылдықтан шындап құтылғысы келетіндердің қай-қайсысы да барлық күшін, барлық қаражатын, барлық білімін түгелдей Қызыл Армияны құру және нығайту ісіне беруге тиіс. Қызыл Армия туралы барлық заңдарды, барлық бұйрықтарды орындауды, ондағы тәртіпті барынша қолдауды, әркім өзінің шама-шарқынша Қызыл Армияға көмектесуді қорыққанынан емес, ар-намысымен істеуі керек,— колчакшылдықты тілемейтін әрбір саналы жұмысшы мен шаруаның бірінші, негізгі және ең басты борышы осындай.

Партизаншылдықтан, жеке отрядтардың өз бетімен

кетушілігінен, орталық өкіметті тыңдамаудан оттан бетер қорқу керек, өйткені мұның өзі апатқа ұшыратады: Урал да, Сибирь де, Украина да осыны дəлелдеді.

Кімде-кім Қызыл Армияға бүтіндей жəне жан-тəнімен көмектеспесе, ондағы рет пен тəртіпті бар күшін салып қолдамаса, ол адам — сатқын жəне опасыз, ол — колчакшылдықты жақтаушы адам, оны аяусыз жою керек.

Мықты Қызыл Армиямыз барда біз жеңілмейміз. Мықты армиямыз болмаса, біздің Колчак, Деникин, Юденичтің құрбаны болатынымыз сөзсіз.

Екінші сабақ. Астықтың мемлекеттік көп запасы болмайынша Қызыл Армия мықты бола алмайды, өйткені мұнсыз армияны еркін жүргізіп тұруға да, оны дұрыс əзірлеуге де болмайды. Мұнсыз армияға жұмыс істеп отырған жұмысшыларды да асырауға болмайды.

Əрбір саналы жұмысшы мен шаруа біздің Қызыл Армия жеңістерінің онша шапшаң жəне берік болмауының басты себебі — қазір астықтың мемлекеттік запастарының нақ сол жеткіліксіздігінде болып отырғандығын біліп, есте сақтауға тиіс. Кімде-кім артық астығын мемлекетке тапсырмаса, ол адам Колчакқа көмектеседі, ол адам жұмысшылар мен шаруаларға опасыздық жəне сатқындық жасайды, ол адам Қызыл Армиядағы ондаған мың жұмысшылар мен шаруалардың тектен-текке өліп кетуіне жəне азап шегуіне кінəлы болады.

Алаяқтар, жалдаптар жəне мүлде қараңғы шаруалар: астықты еркін бағамен сатқаным жақсы, сонда мен тұрақты баға бойынша мемлекет беріп отырғаннан гөрі əлдеқайда көп аламын деп пайымдайды.

Бірақ мəселенің өзі де мынада: еркін сатудан жалдаптық өседі, азын-аулақ адамдар байиды, тек байлар ғана тоқ болады, ал жұмысшы бұқара аш қалады. Мұны біз Сибирь мен Украинаның астыққа ең бай жерлерінен іс жүзінде көрдік.

Астық еркін сатылатын жағдайда капитал салтанат құрады, ал еңбек ашығып, тарығады.

Астық еркін сатылатын жағдайда баға бір пұтына мың сомға дейін көтеріледі, ақша құнсызданады, ат тө-

бөліндей жалдаптар пайда табады, халық кедейлене түседі.

Астық еркін сатылатын жағдайда мемлекеттік запастар бітеді, армия әлсіз болады, өнеркәсіп құриды, Колчактың немесе Деникиннің жеңісі сөзсіз болады.

Астықтың еркін сатылуын байлар ғана, жұмысшы және шаруа өкіметінің қас жаулары ғана әдейі жақтайды. Кімде-кім өзінің қараңғылығынан астықтың еркін сатылуын жақтаса, ол адам астықтың еркін сатылуы неліктен Колчак пен Деникиннің жеңісі болып табылатынын Сибирь мен Украинаның мысалынан үйреніп, түсінуге тиіс.

Алдымен мемлекет маған астыққа айырбастап, соғысқа дейінгі бағамен жақсы товарлар берсін, сонда мен артық астығымды беремін, әйтпесе бермеймін деп пайымдайтын қараңғы шаруалар әлі де бар. Ал осылай пайымдаудан алаяқтар мен помещиктердің жақтастары қараңғы шаруаларды қармаққа жиі «іліктіреді».

Мынаны түсіну қиын емес: Константинополь үшін болған төрт жылдық тонаушылық соғыс арқылы капиталистер жұмысшы мемлекетін сау-тамтығын қалдырмай күйзелткендіктен және мұнан кейін де оны бүкіл дүние жүзі капиталистерінің жәрдемімен Колчактар, Деникиндер кек алу үшін әлі де күйзелтіп жатқандықтан жұмысшы мемлекеті қазір шаруаларға товарлар бере алмайды, мұны түсіну қиын емес, өйткені өнеркәсіп тоқтап тұр. Астық жоқ, отын жоқ, өнеркәсіп жоқ.

Өнеркәсіп өнімдерін алу шартымен артық астығын ашыққан жұмысшыға қарызға беру керек, бұған әрбір парасатты шаруа келіседі.

Қазірде де осылай. Барлық саналы, парасатты шаруалар, алаяқтар мен жалдаптардан басқалардың бәрі, *барлық артық астығын түгелімен* жұмысшы мемлекетіне қарызға беру керек екеніне келіседі, өйткені сонда мемлекет өнеркәсіпті қалпына келтіріп, өнеркәсіп өнімдерін шаруаларға береді.

Жұмысшы мемлекетіне артық астығын қарызға беру үшін шаруалар оған сенер ме екен?— кейбіреулер бізден осылай деп сұрауы мүмкін.

Біз былай деп жауап береміз: Біріншіден, мемлекет қарыз алғандығына куәлік қағаз, ақша знактарын береді. Екіншіден, жұмысшы мемлекеті, яғни Совет өкіметі еңбекшілерге көмектесіп отырғанын, помещиктерге және капиталистерге қарсы күресіп жатқанын барлық шаруалар тәжірибе жүзінде біледі. Сондықтан да Совет өкіметі жұмысшы-шаруа өкіметі деп аталады. Үшіншіден, шаруаларда басқа таңдау жоқ: не жұмысшыға сену керек, не капиталиске сену керек; не жұмысшы мемлекетіне сенім білдіріп, қарыз беру керек, не капиталистер мемлекетіне сенім білдіруі керек. Россияда да, дүние жүзіндегі бірде-бір елде де басқа таңдау жоқ. Шаруалар неғұрлым саналы болса, олар жұмысшыларды соғұрлым батыл жақтайды, помещиктер мен капиталистер өкіметінің қайта орнауын мүмкін етпеу үшін жұмысшы мемлекетіне барынша көмек жасау жөнінде олардың шешімі соғұрлым берік болады.

Үшінші сабақ. Колчак пен Деникинді ақырына дейін құрту үшін ең қатаң революциялық тәртіпті сақтау қажет, Совет өкіметінің заңдары мен жарлықтарын қастерлеп сақтап, олардың жұрттың бәрі орындауын қадағалап отыру қажет.

Сол ғана тәртіпсіздіктің, Совет өкіметінің заңдарын сол ғана бұзудың, сол ғана ұқыпсыздықтың немесе аңғалдықтың дереу помещиктер мен капиталистердің күшейіп кетуіне, олардың жеңіп кетуіне қалай қызмет ететінін Сибирь мен Уралдағы Колчак жеңістерінен біз бәріміз де айқын көрдік. Өйткені помещиктер мен капиталистер құртылған жоқ және олар өздерін жеңілдік деп есептемейді: әрбір парасатты жұмысшы мен шаруа олардың тек қиратылғандығын және жасырынып, бұғып қалғандығын, өте көп ретте «советтік» «байқатпайтын» түрге еніп алғандығын көріп, біліп және түсініп отыр. Көптеген помещиктер совет шаруашылықтарына еніп кетті, капиталистер әр түрлі «бас басқармалар» мен «орталықтарға», совет қызметшілері қатарына еніп кетті; Совет өкіметін аударып тастау үшін, бүгін чехословактарға, ертең Деникинге көмектесу үшін олар Совет өкіметінің қателері мен әлсіздігін қадам басқан сайын аңдып отырады.

Барлық күшті салып, осы қарақшыларды, жасырынып жүрген помещиктер мен капиталистерді *барлық паналарынан* аңдып, ұстап алу керек, оларды әшкерелеп, аяусыз жазалау керек, өйткені бұлар — еңбекшілердің ең қас жаулары, шебер, білгір, тәжірибелі, заговор жасау үшін қолайлы кезеңді шыдамдылықпен күтіп отырған жаулар; бұлар — Совет өкіметіне зиян келтіру үшін қандай да болсын қылмыстан тайынбайтын саботажшылар. Еңбекшілердің осы жауларына, помещиктерге, капиталистерге, саботажшыларға, ақтарға мейірімсіз болу керек.

Ал оларды ұстап ала білу үшін шебер, сақ, саналы болу керек, сәл де болса тәртіпсіздікті, Совет өкіметінің заңдарын адал орындаудан сәл де болса шегінуді барынша мұқият қадағалап отыру керек. Помещиктер мен капиталистер өздерінің білімдерімен және өздерінің тәжірибелерімен ғана, дүние жүзінің ең бай елдерінің көмегімен ғана күшті болып отырған жоқ, сонымен қатар «ескіше» өмір сүргісі келетін және Совет өкіметінің заңдарын қатаң, адал сақтап отыру қажеттігін түсінбейтін қалың бұқараның әдеттері мен қараңғылығының салдарынан да күшті болып отыр.

Сәл ғана заңсыздық, совет тәртібін сәл ғана бұзу дегеніңіз еңбекшілердің жаулары дереу пайдаланатын *саңылау*,— Колчак пен Деникиннің жеңістері үшін *ілгешек* деген сөз. Чехословактар жөніндегі сәл ғана абайсыздықтан, кейбір полктердің сәл ғана бағынбаушылығынан барып колчакшылдықтың басталғандығын ұмыту қылмыс болар еді.

Төртінші сабақ. Колчакшылдықтың болмашы нәрседен басталғандығын ғана емес, сонымен қатар оның жарыққа шығуына көмектескен және оны турадан-тура қолдаған меньшевиктер («социал-демократтар») мен эсерлер («социалист-революционерлер») екендігін де ұмыту қылмыс болар еді. Саяси партияларды олардың сөздеріне қарап емес, олардың істеріне қарап бағалауды үйренетін мезгіл жетті.

Өздерін социалистерміз деп атайтын меньшевиктер мен эсерлер іс жүзінде — *ақтардың итаршылары,* помещиктер мен капиталистердің итаршылары. Мұны тек

жеке фактілер ғана емес, орыс революциясының тарихындағы екі ұлы дәуір: 1) керенскийшілдік және 2) колчакшылдық іс жүзінде дәлелдеді. Екі ретте де меньшевиктер мен эсерлер сөз жүзінде «социалистер» мен «демократтар» бола тұрып, іс жүзінде *ақ гвардияшылдықтың итаршыларының* ролін атқарды. Қазір, олар бізге тағы бір рет өздерінің «байқап көруіне» рұқсат етуді ұсынып отырғанда, бұл рұқсат етуді «біртұтас социалистік (немесе демократиялық) майдан» деп атай отырып ұсынып отырғанда, біз оларға сенетіндей сонщалық зердесіз болып шығамыз ба? Меньшевиктермен және эсерлермен «біртұтас майдан» жасау Колчактың итаршыларымен бірігу екендігін түсінбейтін шаруалар, жеке адамдардан басқа, колчакшылдықтан кейін тағы да қалар ма екен?

Меньшевиктер мен эсерлер өздерінің қателерін көріп, буржуазиямен одақ жасасудың қандайынан болса да безді ғой деп қарсы шығушылар болар. Бірақ бұл дұрыс емес. Біріншіден, оңшыл меньшевиктер мен эсерлер мұндай одақтан тіпті де безген жоқ, ал бұл «оңшылдармен» арада белгілі шек *жоқ* және мұның өзі «солшыл» меньшевиктер мен эсерлердің кінәсынан жоқ болып отыр; өздерінің «оңшылдарын» сөз жүзінде «жазғыра отырып», тіпті таңдаулы деген меньшевиктер мен эсерлер де, өздерінің барлық сөзіне қарамастан, олардың қасында *дәрменсіз* болып қалып отыр. Екіншіден, таңдаулы деген меньшевиктер мен эсерлер де буржуазияға, Деникин мен Колчакқа көмектесуші, олардың лас және қанқұйлы капиталистік ісін бүркемелеуші нақ сол *колчактық* идеяларды қорғап отыр. Бұл идеялар: халықтық өкімет, жалпыға бірдей, тең, төте сайлау правосы, Құрылтай жиналысы, баспасөз бостандығы және сондайлар. Капиталистердің үстемдігін және отарларды құлдыққа салу үшін болған соғыстарды нақ осы «демократиялық» өтірікпен ақтаушы капиталистік республикаларды біз бүкіл дүние жүзінен көріп отырмыз. Бізде Колчак та, Деникин де, Юденич те, қандай генерал болса да осындай «демократиялық» уәделерді іркілместен бере салатынын көреміз. Сөз жүзіндегі уәделерге бола нағыз бандитке көмектесетін

адамға сенуге бола ма? Меньшевиктер мен эсерлер, барлығы да түгелімен, нағыз бандиттерге, бүкіл дүние жүзілік империалистерге көмектесіп отыр, *олардың* өкіметін, *олардың* Россияга жорығын, *олардың* үстемдігін, *олардың* саясатын жалған демократиялық ұрандармен боямалап отыр. Барлық меньшевиктер мен эсерлер мынадай шарттармен: біз капиталистерге және олардың көсемдеріне,— Колчак пен Деникинге,— кеңшіліктер жасасақ, мысалы, «террордан бас тартсақ» (бүкіл Антантаның, Россияда заговорлар жасап жатқан аса бай елдердің бүкіл одағының миллиардерлерінің терроры бізге қарсы тұрған кезде) немесе біз астықпен еркін сауда жасауға, т. с. жол ашсақ қана бізге «одақ жасасуды» ұсынады. Меньшевиктер мен эсерлердің бұл «шарттары», міне, мынаны көрсетеді: біздер, меньшевиктер, эсерлер, капиталистер жағына ауытқып отырмыз, сондықтан капиталистер қандай кеңшілікті болса да пайдаланып, қарсы шығып отырған большевиктермен біз «біртұтас майдан» құрғымыз келеді! Жоқ, меньшевик және эсер мырзалар, өздеріңе сене алатын адамдарды енді Россиядан басқа жерден іздеңдер. Меньшевиктер мен эсерлер ақ гвардияшылардың итаршылары екендігін, біреулері — саналы және қаскүнем итаршылар, екіншілері — ақылсыздықтан және ескі қателерден таймаушылықтан болған итаршылар, бірақ бәрі де — ақ гвардияшылардың итаршылары екендігін Россиядағы саналы жұмысшылар мен шаруалар түсінді.

Бесінші сабақ. Колчакты және колчакшылдықты құрту үшін, оларды қайта көтерілмейтіп ету үшін барлық шаруалар жұмысшы мемлекеті жағын қобалжымастан таңдауы керек. Шаруаларды (әсіресе меньшевиктер мен эсерлер, бәрі, тіпті оның ішіндегі «солшылдар» да) қорқытып, «бір партияның диктатурасын», большевик-коммунистер партиясының диктатурасын құбыжық етіп көрсетеді.

Колчактың мысалынан шаруалар құбыжықтан қорықпауды үйренді.

Не помещиктер мен капиталистердің диктатурасы

(яғни темір өкімет), не жұмысшы табының диктатурасы.

Аралық жол жоқ. Нашар кітаптан нашар үйренген баринсымақтар, интеллигентсымақтар, мырзасымақтар аралық жол туралы бостан-босқа армандайды. Дүние жүзінде еш жерде аралық жол жоқ және болуы да мүмкін емес. Не (халықтық өкімет, құрылтай, бостандықтар, тағы сондайлар туралы эсерлік және меньшевиктік көпірме сөздермен бүркемеленген) буржуазия диктатурасы, не пролетариат диктатурасы. Кімде-кім бүкіл XIX ғасырдың тарихынан осыны үйренбеген болса, ол адам — үміт күтуге болмайтын нақұрыс. Ал керенскийшілдік тұсында және Колчактың қол астында меньшевиктер мен эсерлер аралық жол туралы қалай арман еткенін Россияда біздің бәріміз де көрдік.

Бұл армандар кімге қызмет етті? Олар кімге көмектесті?— Колчак пен Деникинге көмектесті. Аралық жол туралы арман етушілер — Колчактың итаршылары.

Урал мен Сибирьде жұмысшылар мен шаруалар буржуазияның диктатурасы мен жұмысшы табының диктатурасын тәжірибе жүзінде салыстырды. Жұмысшы табының диктатурасын сонау 1905 жылы және одан ертеректе бүкіл революцияшыл пролетариатпен қосылып кеткен большевиктер партиясы жүзеге асырып отыр.

Жұмысшы табының диктатурасы дегеніміз: жұмысшы мемлекеті помещиктер мен капиталистерді ешбір қобалжымай жаныштайды, осы қанаушыларға көмектесіп отырған опасыздар мен сатқындарды жаныштайды, оларды жеңеді деген сөз.

Жұмысшы мемлекеті — помещик пен капиталистің, жалдап пен алаяқтың мейірімсіз жауы, жер мен капиталға жеке меншіктің жауы, ақша өктемдігінің жауы.

Жұмысшы мемлекеті — еңбекшілер мен шаруалардың бірден-бір сенімді досы және көмекшісі. Капитал жағына қарай ешбір ауытқушылық болмасын, капиталмен күресте еңбекшілердің одағы болсын, *жұмысшы-шаруа өкіметі, Совет өкіметі* болсын —«жұмысшы табының диктатурасы» дегеніміз *іс жүзінде* міне осы.

Меньшевиктер мен эсерлер шаруаларды осы сөздермен қорқытқысы келеді. Мұның сәті түспейді. Колчактан кейін тіпті меңіреу түкпірлердегі жұмысшылар мен шаруалар да бұл сөздердің *дәл мәнісі — Колчактан құтылатын басқа жол жоқ* екенін аңғартатынын түсінді.

Солқылдақтар, тұрлаусыздар, капиталға көмек көрсетуге ауып кетушілер, капиталдың ұрандары мен уәделеріне елігушілер жойылсын! Капиталға қарсы аяусыз күрес ашылсын және еңбекшілердің одағы, шаруалардың жұмысшы табымен одағы болсын — колчакшылдықтың соңғы және ең маңызды сабағы, міне, осы.

24 август, 1919 ж.

«Правда» № 190 және «Известия ВЦИК» № 190, 28 август, 1919 ж. Қол қойған: Н. Ленин

Мына кітапшаның тексті бойынша басылып отыр: В. И. Ленин. «Колчакты жеңгендігімізге жөнінде жұмысшылар мен шаруаларға хат», Москва, 1919

СИЛЬВИЯ ПАНКХЕРСТКЕ ХАТ[54]

Лондондағы Сильвия Панкхерст жолдасқа

28. VIII. 1919.

Қымбатты жолдас! Сіздің 1919 ж. 16 июльдегі хатыңызды мен кеше ғана алдым. Англия жөніндегі хабарыңыз үшін Сізге көп-көп рақмет және Сіздің өтінішіңізді орындауға, яғни Сіздің сұрағыңызға жауап беруге тырысамын.

Пролетариаттың таңдаулы, оң адал, шын-революцияшыл өкілдерінің қатарына жататын көптеген жұмысшылар парламентаризмнің және парламентке қатысу атаулының жаулары екендігіне мен титтей де күмәнданбаймын. Белгілі бір елдегі капиталистік мәдениет және буржуазиялық демократия неғұрлым ескі болса, бұл соғұрлым түсінікті, өйткені ескі парламенттік елдердегі буржуазия буржуазиялық парламентаризмді «жалпы демократия» деп немесе «таза демократия» деп, тағы сондайлар түрінде көрсете отырып, парламенттің биржамен және капиталистермен миллиондаған байланыстарын шеберлікпен жасыра отырып, сатып алынған, сатқын баспасөзді пайдалана отырып және ақша күшін, капитал өктемдігін барлық құралдар арқылы іске қоса отырып, екіжүзділік етуді және мыңдаған тәсілдер арқылы халықты алдап соғуды тамаша үйреніп алған.

Күмән жоқ, егер Коммунистік Интернационал және жекелеген елдердің коммунистік партиялары Совет өкіметін жақтайтын, бірақ парламенттік күреске қатысуға келіспейтін жұмысшыларды өздерінен аулақтататын болса, түзетілмес қате жасаған болар еді. Егер мәселені

оның жалпы қойылуы жағынан, теориялық жағынан алып қарайтын болсақ, онда нақ осы программа, яғни Совет өкіметі үшін, Совет республикасы үшін күрес жұмысшы ортасынан шыққан барлық ақ ниетті, адал революционерлерді біріктіре алады және қазір сөзсіз біріктіруге тиіс. Өте көптеген жұмысшы анархистер қазір Совет өкіметінің ең адал жақтаушыларына айналып отыр, ал солай болса, онда мұның өзі олар біздің таңдаулы жолдастарымыз бен достарымыз екендігін, таңдаулы революционерлер екендігін дәлелдейді; олар тек түсініспеушіліктен ғана немесе, дұрысырақ айтқанда, түсініспеушіліктен емес, II Интернационал (1889—1914) дәуірінің үстемдік еткен ресми социализмі марксизмге опасыздық етуінің, оппортунизмге түсуінің, жалпы алғанда Маркстің революциялық ілімін және әсіресе оның 1871 жылғы Париж Коммунасының сабақтары туралы ілімін бұрмалағандығының салдарынан марксизмге жау болып келді. Мен өзімнің «Мемлекет және революция» деген кітабымда* бұл туралы толық жазғанмын, сондықтан бұл мәселеге енді тоқталмаймын.

Егер белгілі бір елдегі коммунистер, сенімдері жөнінен және революциялық жұмысты жүргізуге әзірлігі жөнінен Совет өкіметінің («совет системасының», орыс еместер кейде осылай дейді) шын жақтаушылары парламентке қатысу туралы мәселе жөніндегі алауыздықтарға бола біріге алмай отырса, не істеу керек?

Мен мұндай алауыздық қазіргі уақытта елеусіз нәрсе деп есептер едім, өйткені Совет өкіметі жолындағы күрес — пролетариаттың ең жоғары, ең саналы, ең революциялық формадағы саяси күресі. «Ресми» социалистер немесе социал-демократтар, егер бұлар адал, табанды революционерлер болмаса, жұмысшы бұқарасының арасында революциялық жұмыс жүргізгісі келмесе немесе жүргізе білмесе, бірақ осы жеке мәселе жөніндегі дұрыс тактикаға қосылатын болса да, бұлармен бірге болғаннан гөрі, революцияшыл жұмысшылар жеке немесе екінші дәрежелі мәселе жөнінен қателессе

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том. *Ред.*

де, осы жұмысшылармен бірге болған артық. Ал парламентаризм туралы мәселе — қазір жеке, екінші дәрежелі мәселе. Спартакшылдардың Берлинде болған 1919 жылғы январь конференциясында осы конференцияның көпшілігіне *қарсы* Роза Люксембург пен Карл Либкнехт немістің буржуазиялық парламенті сайлауына, құрылтайлық «Ұлттық жиналысқа» қатысуды қорғаған кезде, менінше, олар дұрыс істеді[55]. Ал Шейдеман және оның партиясы тәрізді социализмнің тікелей сатқындарымен немесе Каутский, Гаазе, Däumig және неміс «тәуелсіздерінің» бүкіл осы «партиясы»[56] сияқты малай жандармен, доктринерлермен, қорқақтармен, буржуазияның басыбайлы итаршыларымен және іс жүзіндегі реформистермен бірге кеткенше, жеке қате жасап отырған коммунистік партиямен бірге қалуды ұйғарып, олар, әлбетте, онан сайын дұрыс жасады.

Парламенттік сайлауға қатысудан бас тарту Англияның революцияшыл жұмысшыларының тарапынан қате болып табылады, бұған менің көзім жетті, бірақ Сіз атап өткен, большевизмге тілектес және Совет республикасын шын ниетімен жақтаушы бағыттар мен элементтердің бәрінен Англияда ірі жұмысшы коммунистік партиясын құруды баяулатудан гөрі осы қатені жасаған жөн. Егер, мысалы, парламентке қатысу туралы мәселе жөніндегі пікір алалығына бола № 4, № 6, № 7 ағымдармен дереу коммунистік партияға бірігуден бас тартатын адал большевиктер B. S. P.[57] ішінен табылған болса, онда бұл большевиктер, менінше, ағылшын буржуазиялық парламентін сайлаудан қателесіп бас тартқаннан гөрі мың есе үлкен қате жасаған болар еді. Әлбетте, мұны айтқанда, мен бәрін қоса алғанда 4, 6, 7-ағымдар Англияда жиі болып тұратын *тек* кішігірім интеллигенттік топсымақтар емес, жұмысшы *бұқарасымен* шын мәнісінде байланысты ағымдар деп жорамалдаймын. Бұл жөнінде, сірә, *бұқарамен* жақын байланысты деп ойлауға болатын Workers Committees және Shop Stewards[58] аса маңызды болар.

Жұмысшы бұқарасымен тығыз байланыс жасау, онда үнемі үгіттей білу, әрбір стачкаға қатысу, бұқараның әрбір сұрағына жауап беріп отыру, мұның өзі комму-

нистік партия үшін басты нәрсе, әсіресе Англия сияқты елдегі коммунистік партия үшін басты нәрсе, ал Англияда осы уақытқа дейін (барлық империалистік елдердегі сияқты) социалистік қозғалысқа және жалпы жұмысшы қозғалысына көбінесе жұмысшылардың шағын жоғарғы топтары, жұмысшы аристократиясының өкілдері қатысып келді, бұлардың көп бөлегі түгелдей және үмітсіз түрде реформизммен бүлінген, буржуазиялық және империалистік соқыр сенімдермен шырмалған. Осы топқа қарсы күреспейінше, оның жұмысшылар арасындағы қандай беделін болса да түсірмейінше, бұл топтың буржуазиялық толық ірігендігіне бұқараның көзін жеткізбейінше, айтарлықтай коммунистік жұмысшы қозғалысы туралы сөз болуы да мүмкін емес. Мұның Англияға да, Францияға да, Америкаға да, Германияға да қатысы бар.

Парламентаризмді өз шабуылдарының өзегі етіп қойып отырған жұмысшы революционерлер әбден дұрыс істеп отыр, өйткені бұл шабуылдар арқылы буржуазиялық парламентаризм мен буржуазиялық демократияны принципті түрде теріске шығару бейнеленеді. Совет өкіметі, Совет республикасы — жұмысшы революциясы арқылы буржуазиялық демократияның орнына қойылған нәрсе, міне, осы, капитализмнен социализмге өтудің формасы, пролетариат диктатурасының формасы, міне, осы. Ал парламентаризмді сынау Совет өкіметіне көшуді дәлелдеу ретінде заңды және қажетті ғана емес, сонымен қатар парламентаризмнің тарихи шарттылығы мен өресіздігін, оның капитализммен, тек капитализммен ғана байланысын, оның (парламентаризмнің) орта ғасырлыққа қарағанда прогрестілігін және *Совет өкіметіне қарағанда реакциялылығын* түсіну ретінде әбден дұрыс.

Бірақ парламентаризмнің Европа мен Америкадағы сыншыларының айтатыны, бұлар анархистер мен анархо-синдикалистерге тән болған кезде, өте жиі теріс болып шығады, өйткені олар сайлауға және парламенттік қызметке *қатысудың қандайын болса да* теріске шығарады. Бұл арада революциялық тәжірибенің жеткіліксіздігі ғана көрінеді. Біздер, орыстар, XX ғасырда

екі ұлы революцияны бастан кешірдік және парламентаризм жалпы алғанда революциялық уақытта және әсіресе *революция кезінде тікелей* қандай маңыз ала алатындығын және іс жүзінде қандай маңыз алып отырғандығын жақсы білеміз. Буржуазиялық парламенттер жойылуға және совет мекемелерімен ауыстырылуға тиіс. Бұл күмәнсыз. Мұның пролетарлық революция кезінде *сөзсіз болатындығы* қазір, Россияның, Венгрияның, Германияның және басқа елдердің тәжірибесінен кейін де күмәнсыз. Сондықтан жұмысшы бұқарасын осыған ұдайы әзірлеу, жұмысшы бұқарасы үшін Совет өкіметінің маңызын күн ілгері түсіндіру, Совет өкіметін жақтап насихат пен үгіт жүргізу — осының бәрі іс жүзінде революционер болғысы келетін жұмысшының *сөзсіз* міндеті. Ал біздер, орыстар, *бұл* міндетті парламенттік аренада да қимыл жасай отырып, орындап жүрдік. Біздің өкілдеріміз патшалық, жасанды, помещиктік Думада революциялық және республикалық насихатты жүргізе білді. Дәл сол сияқты, буржуазиялық парламенттерде, олардың өз ішінен *советтік насихатты жүргізуге* болады және жүргізу керек те.

Мүмкін, белгілі бір парламенттік елде бұған бірден жету оңай болмас. Бірақ бұл басқа мәселе. Осы дұрыс тактиканы барлық елдердегі революцияшыл жұмысшылардың меңгеріп алуына жету керек. Ал егер жұмысшы партиясы шын мәнінде *революцияшыл* партия болса, егер ол шын мәнінде *жұмысшы* партиясы (яғни бұқарамен, еңбекшілердің көпшілігімен, пролетариаттың тек жоғарғы тобымен емес, оның *төменгілерімен* байланысты) болса, егер ол шын мәнінде *партия* болса, яғни *революцияшыл авангардтың* мүмкін болатын барлық әдістермен бұқара ішінде революциялық жұмыс жүргізе білетін берік, шын топтасқан *ұйымы* болса, онда мұндай партия, сірә, *өздерінің* парламентарийлерін қолдарында ұстап тұра алады, олардан оппортунистерді емес, буржуазиялық тәсілдер арқылы, буржуазиялық әдеттер арқылы, буржуазиялық идеялар арқылы, буржуазиялық идеясыздық арқылы пролетариатты азғындатушыларды емес, Карл Либкнехт тә-

різді нағыз революцияшыл насихатшыларды жасай алады.

Егер Англияда бірден осыған жетуге реті келмесе, егер, оның бер жағында, парламентаризм туралы нақ сол алауыздықтың салдарынан, тек осының салдарынан Совет өкіметін жақтаушылардың Англияда ешқандай бірігуі мүмкін болмай шықса, онда мен коммунистік *екі* партияның, яғни буржуазиялық парламентаризмнен Совет өкіметіне көшуді жақтайтын екі партияның дереу құрылуын ілгері қарай, толық бірлікке қарай жасалған пайдалы қадам деп есептеген болар едім. Бұл партиялардың біреуі буржуазиялық парламентке қатысуды қабылдайтын, екіншісі оны теріске шығаратын-ақ болсын; бұл алауыздықтың қазір елеулі еместігі соншалық — бұған бола жікке бөлінбеудің өзі парасаттылық болар еді. Бірақ мұндай екі партияның бірлесіп өмір сүруі де қазіргі жағдаймен салыстырғанда орасан зор прогресс болар еді, істің сыңайына қарағанда, толық бірлікке және коммунизмнің тез арада жеңуіне қарай көшкендік болар еді.

Пролетариат диктатурасы *тіпті* шаруалар елінде де мүмкін екендігін және күшті армия құра отырып (ұйымшылдық пен тәртіптің ең жақсы дәлелі), адам айтқысыз, құлақ естімеген қиын жағдайларда да өмір сүріп тұра алатындығын Совет өкіметі екі жылдық дерлік тәжірибе арқылы Россияда көрсетіп қана қойған жоқ.

Совет өкіметі бұдан да көп нәрсені жүзеге асырды: ол қазірдің өзінде *бүкіл* дүние жүзінде моральдық жағынан жеңіп шықты, өйткені барлық жердегі жұмысшы бұқара, Совет өкіметі жөніндегі ақиқаттың жұрнағын ғана біліп отырғанымен, Совет өкіметі туралы мыңдаған және миллиондаған жалған хабарларды естіп отырғанымен, жұмысшы бұқара *қазірдің өзінде-ақ Совет өкіметін жақтайды.* Бұл өкімет еңбекшілердің өкіметі екендігін, тек осы өкімет қана капитализмнен, капиталдың езгісінен, империалистер арасындағы соғыстан құтқарып, баянды бейбітшілікке бастайтындығын бүкіл дүние жүзінің пролетариаты қазірдің өзінде түсініп алды.

Нақ сондықтан кейбір Совет республикаларын империалистердің жеңуі мүмкін, бірақ пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік советтік қозғалысын жеңуі мүмкін емес.

Коммунистік сәлеммен

Н. Ленин

P. S. Орыс газеттерінен алынған төмендегі қиынды Сізге Англия туралы біздің хабарымыздың үлгісін береді.

«Л о н д о н, 25 август. (Белоостров арқылы.) Копенгагеннің «Берлингске Тиденде» газетінің Лондондағы тілшісі Англиядағы большевиктік қозғалыс жөнінде осы жылғы 3 августа былай деп телеграмма береді: «Соңғы күндері болып өткен ереуілдер және жуырда орын алған әшкерелеулер ағылшындардың өз елі большевизмді қабылдамайды деген сенімін әлсіретті. Газеттер қазіргі уақытта осы мәселені қызу талқылап жатыр, ал әкімшілік «заговордың» әжептәуір ұзақ уақыт болып келгенін және нақ қазір өмір сүріп отырған құрылысты құлатуды өзінің мақсаты етіп қойғанын анықтау үшін барлық күшін салуда. Ағылшын полициясы революциялық бюроны қамауға алған; газеттердің сендіруі бойынша, бюроның қарамағында ақша да, қару-жарақ та болған. «Таймс» қамалғандардан табылған кейбір документтердің мазмұнын жариялап отыр. Ол документтерде толық революциялық программа бар; бұл программа бойынша бүкіл буржуазия қарусыздандырылуға тиіс; жұмысшы және қызыл әскер депутаттарының Советтеріне қару-жарақтар мен соғыс құралдары тауып берілуге тиіс және Қызыл Армия құрылуға тиіс; барлық мемлекеттік орындарға жұмысшылар қойылуға тиіс. Одан әрі саяси қылмыстылар үшін және тұтқындағыларға қатыгездік жасады деп айыпталған адамдар үшін революциялық трибунал құру жобаланған. Барлық азық-түлікті конфискелеу ұйғарылған. Парламент және қоғамдық өзіндік басқарманың басқа органдары таратылып, олардың орнына революциялық Советтер құрылуға тиіс. Жұмыс уақытын алты сағат етіп белгілеу және апталық төменгі табысты 7 фунт стерлингке дейін арттыру керек. Мемлекеттік борыштар, сондай-ақ басқа борыштар да жойылуға тиіс. Барлық банктер, өнеркәсіп және сауда орындары, транспорт құралдары национализацияланды деп жариялануға тиіс».

Егер бұл дұрыс болса, онда мен ағылшын империалистері мен капиталистеріне олардың органы арқылы, дүние жүзіндегі ең бай газет «Times»-те[59] большевизмнің пайдасына жүргізілген өте тамаша насихат үшін

өзімнің құрметтеушілік ризалығым мен алғысымды айтуға тиіспін. «Times»-тегі мырзалар, осы беттеріңізден таймаңыздар, сіздер Англияны большевизмнің жеңісіне қарай тамаша бастап келесіздер!

1919 ж. сентябрьде «Коммунистический Интернационал» журналының 5-номерінде басылған

Журналдың текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

АСТЫҚПЕН ЕРКІН САУДА ЖАСАУ ТУРАЛЫ

ЖЕҢІСТІҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ

Колчакты жеңгендігімізді қалай баянды ету керек? Деникинді құрта отырып, ол жеңісті ақырына дейін қалай жеткізу керек? өкіметті, жерді, капиталды, жұмысшылар мен шаруаларға үстемдік етуді өздеріне қайтарып алу жөніндегі помещиктердің, капиталистердің, кулактардың бұдан былайғы әрекеттерін қалай болдырмау керек?

Бұл мәселе Россиядағы бүкіл социалистік революцияның тағдыры жөніндегі мәселемен бірдей. Әрбір саналы жұмысшы мен шаруа осы мәселені ойластырып жүр. Социализмнің бүкіл құрылысының негізі қазір азық-түлік мәселесі болып отырғандығына көз жеткізу қиын да емес.

Барлық артық астықты орталық Совет өкіметінің қолына жинау, оны дұрыс бөлу — мұның өзі біздің Қызыл Армиямызды жеңімпаз армия ету деген сөз, мұның өзі Колчак пен Деникинді біржолата басып-жаныштау деген сөз, мұның өзі өнеркәсіпті қалпына келтіру және социалистік дұрыс өндіріс пен бөліністі қамтамасыз ету, толық социалистік тәртіпті қамтамасыз ету деген сөз.

Бұл міндеттің көлемін де, оны шешудің әдістерін де айқын түсініп алу үшін бізде қазірдің өзінде азық-түлік жұмысы мен социалистік құрылыстың жеткілікті тәжірибесі бар. Біз міндеттің мейлінше қиын екенін білеміз, бірақ сонымен қатар біз оны шешудің дұрыс жолын тапқандығымызды және осы міндетке көбірек

назар аудара отырып, жігерімізді күшейте отырып, күшімізді жұмылдыра отырып, аппаратты жетілдіре отырып, бұл міндетті ақырына дейін шеше *алатындығымызды* тәжірибе жүзінен білеміз.

Мемлекет 1917 ж. 1 августан 1918 ж. 1 авгусқа дейін 30 миллион пұт астық дайындады. 1918 ж. 1 августан 1919 ж. 1 авгусқа дейін 105 миллион пұт шамасында, яғни $3^1/_2$ есе көп астық дайындады, ал бұл кезеңнің ішінде бізде Дон, Солтүстік Кавказ және Батыс Сибирь тіпті болған жоқ, Украина да болған жоқ дерлік, яғни астыққа ең бай жерлер бізде болмады.

1919 жылгы егін жақсы шыққан жағдайда біз өте көп астық дайындай аламыз, мүмкін 400 миллион пұт және одан көп астық дайындармыз. Онда біз отын, ағаш, көмір және басқаларын өндіруді өте-мөте күшейтеміз. Онда біз өнеркәсіпті қалпына келтіреміз және жоспарлы социалистік құрылыстың даңғыл жолына біржолата, мықтап түсеміз. Онда біз жалдаптықты толық жеңеміз, капитализмнің осы жиіркенішті мұрасын, социализмнің өркендерін қазір барлық жерде соншалық бүлдіріп отырған мұраны жоямыз.

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКІЗЕТІН ДҰРЫС ЖОЛ

Келтірілген цифрлар Совет өкіметінің азық-түлік ісіндегі елеулі табыстарын, құлақ естімеген, ерекше қиын жағдайда қол жеткен табыстарды көрсетеді. Бірақ мәселе буржуазияның, капиталистердің, жалдаптардың, кулактардың пайдакүнемдік мүдделеріне келгенде ең айқын цифрларға, ең даусыз фактілерге дау айтылады немесе ауызға алынбай қалады.

Қала жұмысшысының тамақтануы туралы дәл зерттеулер мынаны дәлелдеді: жұмысшы азықтың жартысын ғана (шамамен) мемлекеттен, Азық-түлік комиссариатынан алады, ал екінші жартысын «еркін», «ерікті» рыноктан, яғни жалдаптардан алады. Оның бер жағында жұмысшы бірінші жартысы үшін өзінің азық-түлікке деген барлық шығындарының *оннан бірін*, ал екінші жартысы үшін *оннан тоғызын* төлейді.

Жалдаптар аш жұмысшының тоғыз қабат терісін сыпырып алып отыр.

Жалдаптар жұмысшыны адам айтқысыз тонап отыр. Баюдың, ұрлықтың, қылмыстардың, жұмысшы бұқарасы үшін аштық қасіретінің, аздаған алаяқтар баюының асқынуы астық жөніндегі атышулы *«сауда еркіндігімен»* байланысты екендігін біздің бәріміз де білеміз.

Солай бола тұрса да, еркін сауданы жақтаушылар табылады!

Біздің жұмысшы-шаруа үкіметіміз, бүкіл Совет республикасы, біздің туып келе жатқан бүкіл социалистік қоғамымыз капитализмге қарсы, жалдаптыққа қарсы, астықпен еркін сауда жасауға қарсы ең ауыр, қасарысқан, жанталасқан, өліспей беріспейтін күрес жағдайында тұр. Мұның өзі капитализмнің социализмге қарсы ең терең, ең түбегейлі, ең күнделікті, ең жаппай күресі. Біздің революцияның бүкіл тағдыры туралы мәселенің шешілуі осы күреске байланысты. Ал өздерін «социалистерміз» деп атайтын адамдар, социал-демократтар, меньшевиктер, «социалист-революционерлер» бұл күресте социализмге қарсы капитализмге көмектесіп отыр! Бұл адамдардың ең таңдаулы дегендері, Колчакқа, Деникинге, капита*листерге* өте-мөте өшпіз дейтіндер Совет өкіметінің азық-түлік саясаты туралы мәселеге келгенде «жеке меншікті сауда аппаратының», «жеке кәсіпкерліктің», тағысын-тағылардың және тағы сондайлардың пайдасына кеңшіліктер жасауды талап етіп, үнемі капита*лизм* жағына шығып кетеді.

Шындығында, егер байыптап зер салар болсақ, Совет өкіметіне қарсы күрес не үшін жүргізіліп жатыр дегенді жақсылап ойласақ, онда мынадай қорытынды шығады: Совет өкіметінің дұшпандары үлкен-үлкен екі топқа бөлінеді. Екеуі де социализмге қарсы капитализмді қорғайды. Біреуі мұны айуандықпен және ең дөрекі құлқынқұмарлықпен істейді; бұлар — помещиктер, капиталистер, кулактар, Деникиндер, Колчактар, қаражүздіктер, кадеттер. Екінші топ капитализмді «идеялық жағынан», яғни құлқынқұмарлықсыз немесе

тікелей, жеке басының қамы үшін емес, соқыр сеніммен, жаңадан қорыққандықтан қорғайды; бұлар — меньшевиктер мен эсерлер. Бұл — капитализмнің ең соңғы «идеялық» қорғаушылары. Сондықтан да Колчактар мен Деникиндердің, орыс және барлық шетел капиталистерінің меньшевиктер мен эсерлердің бүркемелеуімен, *олардың* жалпы «бостандық» туралы, жалпы «демократия» туралы, «жеке» (саудалық, капиталистік) кәсіпкерлік, т. т. және т. с. туралы ұрандары мен бос сөздерін қайталай отырып, *олардың* туын, *олардың* жалауын көтеріп жүретіндігі тіпті де кездейсоқ емес.

Ақылды капиталистер меньшевиктер мен эсерлердің «идеялық» позициясы өздеріне қызмет ететіндігін, өздерінің табына, *«өздерінің»* капитализміне қызмет ететіндігін түсініп отыр, ал меньшевиктер мен эсерлер, барлық жердегі және барлық кездегі барлық ұсақ буржуазияшыл социалистер сияқты, мұны түсінбейді. Олар астықпен еркін сауда жасауға қарсы өліспей берісінейтін соғыстан қорқады, олар еркін саудаға кеңшіліктер жасауды, оны ішінара болса да тануды, онымен «бітім» және келісім жасауды көздейді.

АСТЫҚПЕН САУДА ЖАСАУ ЕРКІНДІГІ ДЕГЕН НЕ?

Астықпен сауда жасау еркіндігі дегеніміз капитализмге қайта оралу, помещиктер мен капиталистердің құдіретті өктемдігіне, баю үшін адамдар арасында болатын құтырынған күреске, аздаған адамдардың «еркін» баюына, бұқараның қайыршылыққа, олардың барлық буржуазиялық мемлекеттерде, тіпті ең еркін және демократиялық республикаларда да біз көріп отырған мәңгілік кіріптарлыққа түсуіне қайта оралу.

Егер кез келген еңбекші адамнан, жұмысшыдан, шаруадан, тіпті интеллигенттен: сен осындай «тәртіптерді» тілейсің бе деп сұрағанда, олардың қай-қайсысы да: тілемейміз деп жауап береді. Бірақ бар қырсық, бар қауіп дәл мынада: өте көп еңбекшілер, әсіресе көптеген

шаруалар астықпен еркін сауда жасау помещиктер мен капиталистердің құдіретті өктемдігімен байланысты екендігін *түсінбейді*.

1919 ж. августа жазылған

Бірінші рет 1930 ж. «Пролетарская Революция» журналының 5-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МАМОНТОВҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ САЯСИ БЮРОСЫ ШЕШІМДЕРІНІҢ ЖОБАЛАРЫ

1

Орталық Комитет Саяси бюросы қарарының жобасы,

Мамонтов операцияларына[60] аса зор маңыз бере отырып және оның отрядын *мейлінше тез* жоюды *шұғыл* іс деп санап, Орталық Комитеттің Саяси бюросы қаулы етеді:

1) Мамонтов операциялары *ауданында почта-телеграф байланысын жақсарту* үшін және нақ сол ауданға *әскерлер жеткізуді тездету* үшін бар күшті жұмылдыру қажеттігіне почта мен телеграф және қатынас жолдары халық комиссарларының назары тағы да аударылсын.

2) Троцкий жолдасқа мыналар тапсырылсын

(а) сол аудандағы партия ұйымдарына телеграф арқылы берілетін үндеудің жобасын жасап, көбірек күш-жігер жұмсауға *тағы да шақыратын* болсын;

(б) Мамонтовты жою жөніндегі барлық операцияларға, оны толық жойғанға дейін, Лашевич жолдаспен бірге қатысатын болсын (бұл ретте Лашевичтің жеке дара қолбасшылығының сақталуы шарт), сөйтіп Орталық Комитет пен Республика Революциялық-әскери советінің беделі осы операциялардың бәріне тезірек және үзілді-кесілді әсерін тигізуі қажет[61];

(в) Тверь, Кострома, Ярославль, Иваново-Вознесенск губернияларынан Мамонтовқа қарсы еріктілер шақырылсын.

2

Орталық Комитеттің Саяси бюросы атынан берілетін директиваның ж о б а с ы қазір жасалсын.

Мыналар саяси қажет деп танылсын

1) Белебей башқұрт дивизиясын Петроградқа жөнелту барынша тездетілсін және бұл дивизияны жеткізу мүмкіндігінше жігерлі түрде жүргізілетін болсын;

2) Туланы жеткілікті қамтамасыз ету және жалпы алғанда солтүстікті Мамонтовтан қорғау жағы ескеріле отырып, 21-дивизияның белгілі және көбірек бөлегі Оңтүстік майданға жөнелтілсін, мұнда Мамонтовты оңтүстік жақтан қармау және Оңтүстік майдандағы шайқастарға қатысу мақсаттары ұштастырылсын.

3

Мен Саяси бюроның шешімін (Мамонтовқа қарсы шараларды) тағы да мыналармен толықтыруды ұсынамын:

1) қорғау кезінде *әрбір учаскенің* (10—30 шақырым, т. с.) *б а с т ы қ т а р ы* тағайындалсын, олардың ішінде 1—2 коммунист болсын;

2) вагондардан шықпағандар табанда атып тасталсын;

3) тәртіпті нығайту жөнінде тағы да бірқатар қатал шаралар енгізілсін.

Бұл шараларды *Л а ш е в и ч т і ң + Т р о ц к и й д і ң* шешімімен *е н г і з у г е* право берілсін.

((Тағы да Москваға дейін бұрылу керек.))

+3) Мамонтовқа қарсы дереу әрекет жасау үшін 21-дивизияның *ә р б і р эшелонын* жіберу *т е з д е т і л с і н*, бұл ретте *(керек болса)* коммунистер қоса жіберілсін.

1919 ж. августың аяғында жазылған

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БАСМАННЫЙ, ЛЕФОРТОВО, АЛЕКСЕЕВ ЖӘНЕ СОКОЛЬНИКИ АУДАНДАРЫ ЖҰМЫСШЫ-ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ПАРТИЯЛЫҚ ЕМЕС КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА[62] 1919 ж. 3 СЕНТЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Маған артиллерия курстарының қызыл командирлерінің оқуды бітіріп шығуымен бірге сіздердің, жұмысшы-қызыл әскерлердің партиялық емес конференциясын құттықтауға рұқсат етіңіздер. Бұл жиналыс біздің мемлекеттік құрылысымызды және біздің мемлекеттік аппаратымызды нығайтумен байланысты мәселелерді талқылау үшін шақырылды.

Барлық елдерде жұмысшылар бұқарасы езілуде. Олар капиталистік мәдениеттің игіліктерін пайдалана алмай отыр, ал оның бер жағында нақ еңбекшілер бұқарасы бүкіл мемлекеттік өмірдің негізі болуға тиіс. Жолдастар, бізде еңбекшілер бұқарасы Совет республикасының негізі және тірегі болып табылады. Еңбекшілер 1917 ж. февральда бүкіл Россияда жеңгеннен кейін бірден-ақ Советтер құрылды. Советтер идеясы тұңғыш рет 1917 ж. пайда болған жоқ, қайта ол 1905 жылдың өзінде-ақ туды. Сол кездің өзінде жұмысшы депутаттарының Советтері болды. Октябрь төңкерісінен кейін Совет өкіметін барлық елдердің жұмысшылары тілектестікпен қарсы алды. Мұның терең жатқан ішкі себептері бар.

Жолдастар, маған Советтік Россияның саяси өмірінің басты негіздеріне тоқталуға рұқсат етіңіздер. Біздің республикамыздың экономикалық жағдайын көрсету үшін менде дәлме-дәл материалдар жоқ; сірә, бұған, әсіресе жұмысшы-шаруа үкіметінің азық-түлік саяса-

тына, басқа баяндамашылар тоқтайтын болса керек; ал мен оның саяси жағын ғана айтпақпын.

Совет өкіметінің негізгі жағдайын жақсырақ түсініп алу үшін біз кейінге көз жіберуге тиіспіз, біздің революцияның 1917 жылдан бергі жердегі барысына көңіл аударуға тиіспіз. Біздің революциямызда екі кезең болды: бір кезең — Совет өкіметінің алдында болып өткен керенскийшілдік пен корниловшылдық кезеңі, ал екінші кезең — Совет өкіметін бүлдіріп жатқан калединшілдік, колчакшылдық, деникиншілдік кезеңі. Партияда жоқ, бірақ еңбекші жұмысшының алдына бізде бұл екі кезеңнің пайда болған себебі не және олардың өзара байланыстылығының себебі не деген сұрақ қойылуға тиіс.

Жолдастар! Кейбіреулердің біздің Совет өкіметін террор жасайды деп айыптайтындығының себебі не екенін, кейбіреулердің большевиктер — диктаторлар, большевиктер — баскесерлер дейтіндігінің себебі не екенін әрбір жұмысшы, әрбір қызыл әскер, әрбір еңбекші ойлап көруге тиіс. Екінші жағынан, Керенский, Каледин және Колчак өкіметінің соншама оңай құлағандығының себебі не деп әрбір еңбекші өзіне өзі сұрақ қоюға тиіс. Керенскийдің өкіметі тұсында бүкіл Россияда жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері кең өріс алғанын және олармен қатар буржуазияның бүкіл өкіметті өз қолында ұстап келгенін бәріңіз білесіздер. Буржуазияны одақтастар қолдады; олар Россияның соғысты жүргізе беруін тіледі, ал орыс буржуазиясының өзі Дарданеллді алу үшін соғысты жүргізе бермекші болды. Сондықтан да меньшевиктер мен эсерлер қолдаған Керенскийдің буржуазиялық үкіметі Қанқұйлы Николайдың одақтастармен жасасқан шарттарын жариялауды тілемеді және жариялай алмады. Осы арқылы буржуазия меньшевиктер мен эсерлердің жәрдемімен еңбекшілер бұқарасын алдап, өзінің қол астында ұстады.

1917 ж. революцияның бас кезінде Советтерде большевиктердің аз болғаны бәріңіздің естеріңізде. Менің есімде, июньде, Советтердің I съезі кезінде[63], большевиктер тіпті жетінің бір бөлегіне де жетпейтін еді.

Большевиктер еңбекшілерге аздырушы әрекет ете алады,— деді біз туралы буржуазия және меньшевиктер мен эсерлердің социалистік деп аталатын партиялары. Ал сол кезде Керенскийдің буржуазиялық үкіметі не істеді? Ол еңбекшілер бұқарасын тек уәде берумен тойындырып отырды, бірақ ол уәделер жүзеге асырылмады. Жер туралы заң шығарылмады. Ал жер комитеттері кедей шаруаларға бөліп беру үшін помещиктердің жерін алмақшы болып көргенінде, ондай жер комитеттері қамауға алынып отырды. Бұл өкіметтің еңбекшілерге ештеңе бермейтіні еңбекшілерге айқын болды. Еңбекшілерге тек өз өкіметі ғана, жұмысшылар мен ең кедей шаруалар өкіметі ғана бірдеңе бере алатынын олар түсіне бастады.

Дәл сол уақытта Корниловтың Петроградқа жорығы басталды. Корниловтың жорығы кездейсоқ емес еді: ол жорық помещиктерді шаруалармен, еңбекшілерді қанаушылармен, еңбекті капиталмен ымыраластыруға әрқашан тырысқан Керенский үкіметінің алдаушылық саясатының салдарынан жасалды. Міне, сонда помещиктер, офицерлер, капиталистер бүкіл өкіметті біржолата өз қолына алуды көздеді. Сондықтан да Корниловтың жорығы пайда болды. Советтер қатер туғанын түсініп, Корниловқа қарсы топтасты. Ал бұдан кейін де, Керенскийдің буржуазиялық үкіметі өзінің алдаушылық саясатын жүргізе берген соң, жұмысшылар бұқарасының сана-сезімі тез өсе бастады және, сонымен қатар, Октябрь революциясынан бұрынақ Советтерде большевиктердің саны тез көбейе бастады. Ал біз Октябрьде өкіметті өз қолымызға алған кезде, меньшевиктер мен эсерлер, Смольныйды шарлап жүріп бізге: майдан келеді де, сендерді жермен-жексен етеді деп қорқытты. Бұған жауап ретінде біз олардың бетіне қарап күлдік, өйткені біздің айтқанымызды еңбекшілер бұқарасының түсінетіндігін, олар еңбекшілердің өкіметін жақтап отырғандығын, ал олай болса, Совет өкіметін жақтап отырғандығын біз білдік. Шынында да, Петроградқа майданнан көптеген делегациялар келгенде және біз оларға істің жайын түсіндіргенімізде, олардың бәрі біздің жағымызға

шықты. Бұл сіздер үшін — еңбекшілер үшін, партияда жоқтар үшін — көрнекі сабақ. Қайталап айтайын, помещиктер мен шаруалардың, жұмысшылар мен қожайындардың, еңбек пен капиталдың мүдделерін үйлестіргісі келген Керенский үкіметінің тарихынан әрбір еңбекші, әрбір жұмысшы, әрбір қызыл әскер сабақ алуға тиіс.

Керенскийдің үкіметі күшті болуға тиіс тәрізді еді, өйткені оны буржуазиялық одақтас үкіметтер қолдайтын болып уәде етті, бірақ ол күйреді. Керенский үкіметінің күйреген себебі, ол алдаушылықпен күн көрді және оның табан тірерлік негізі болмады. Керенскийдің үкіметі еңбекшілерге бүкіл халықтық сайлау өткізуге уәде берді, бірақ мұны сол сайлаумен еңбекшілер бұқарасының көзін қараңғылау үшін ғана, олардың назарын істің ақиқат жағдайынан басқа жаққа аудару үшін ғана істеді. Сондықтан Октябрь төңкерісінен кейін, пролетариаттың өзі өкіметті қолына алған кезде, ол ең алдымен өзінің басқару органдарын — жұмысшы және солдат депутаттарының Советтерін ұйымдастырды.

Жұмысшы-шаруа үкіметі Керенскийдің буржуазиялық үкіметінің жалған саясатынан бірден бас тартты. Халық Комиссарлары Советінің бірінші ісі Қанқұйлы Николай үкіметінің біздің бұрынғы одақтастарымызбен жасасқан құпия шарттарын жариялау болды. Жұмысшы-шаруа үкіметі буржуазияның мүддесі үшін бұдан әрі соғыс жүргізгісі келмейтінін ашық мәлімдеді және, буржуазияның жалдамалары, меньшевиктер мен эсерлер таратқан қандай өтірік-өсекке де қарамастан, соғысушы елдердің бәріне бітім келіс сөздерін бастауды ұсынды. Сонда Совет өкіметінің бұдан әрі соғыс жүргізуді тілемейтінін барлық елдердің жұмысшылары көрді. Қарусыз Россияға герман жыртқыштары таңған тонаушылық Брест бітімі жасалды. Барлық елдердің саналы жұмысшылар бұқарасының ішінде Совет өкіметіне тілектестік нығайып, ұлғайды. Ал Антантаның буржуазиялық үкіметтері герман тонаушыларын бұдан да асқан ауыр, бұдан да асқан тонаушылық бітімге қол қоюға мәжбүр еткен кезде, барлық елдер-

дің жұмысшылары өздерін әрдайым қалай ақымақ қылып келгенін көрді. Өздерін әрдайым алдап келгендерге қарсы шыққан дауыстар күшейіп, үдей бастады. Жұмысшылар еңбекшілер бұқарасының — жұмысшылар мен шаруалардың өкіметін,— Советтер өкіметін талап ете бастады.

Меньшевиктер мен эсерлер қолдаған Керенскийдің, Колчактың буржуазиялық өкіметінің соншама тез құлаған себебі міне осы. (Меньшевик Майскийдің Сибирь үкіметіне[64] кіргенін сіздердің бәріңіз білесіздер.) Шетел буржуазиясы қолдаған меньшевиктер де, эсерлер де, чехословактар да,— осылардың бәрі де әуелі большевиктерге қарсы күресуге, кейін бүкіл халықтық демократиялық өкімет құруға бірікті. Алайда біз нені көріп отырмыз? Колчактық типтес офицерлер Сибирьде Құрылтай жиналысын таратып жіберіп, офицерлердің, капиталистер мен помещиктердің өкіметін орнатты. Сонымен, Сибирьдің еңбекшілер бұқарасы өздерінің алданып жүргенін тәжірибеден көрді, міне сондықтан Қызыл Армия соншама аз уақыт ішінде бүкіл Сибирьді оп-оңай өзіне қаратып алды, өйткені енді Сибирьдің жұмысшылары мен шаруаларының өздері Қызыл Армияға көмекке келе бастады.

Енді, жолдастар, большевиктер күштеу қолданып отыр, большевиктер — диктаторлар деудің себебі не екенін ойлап көру керек. Меньшевиктермен, эсерлермен, чехословактармен және Колчакпен бірге болғандардың бәрінің көп узамай бұлардан безіп кеткендігінің себебі не? Сибирь үкіметіндегі помещиктердің, капиталистердің, офицерлердің Сибирьде өкіметті өз қолдарына алысымен меньшевиктер мен эсерлерді қуып шығып, бұлардың орнына Колчакты отырғызуының себебі не? Барлық жақтан бірдей қолдау жасалып келген бұл үкіметтің сошшалық тез қаусаған себебі не? Мұның себебі, олардың барлық сөздері, олардың барлық істері тек алдау мен өтірік қана болды. Мұның себебі, олар өздерінің сөзінде тұрмады, халыққа Құрылтай жиналысын да, халық өкіметін де, қандай болса да басқа демократиялық өкіметті де бермеді; олар

өздерінде помещиктер мен офицерлер диктатурасын құрды.

Жолдастар, буржуазия өздерінің таптық мүдделерін көздеп, өтірік айтуға және еңбекшілерді алдауға тиіс болды. Жұмысшылар мен шаруалар мұның бәрін түсінді. Өкімет еңбекшілердікі болған кезде ғана өтіріктің болмайтынын, алдаушылықтың болмайтынын және өкімет басында буржуазия тұрған кездегі төрт жылдық соғыстан кейін пролетариат пен ең кедей шаруалардың басынан кешіруіне тура келген және қазір басынан кешіруіне тура келіп отырған сұмдықтардың да болмайтынын олар түсінді. Бір ғана жол бар екенін — ол капиталистер өкіметін құлату екенін, еңбек пен капиталдың арасында меньшевиктер мен эсерлер әрдайым айтып жүрген ымыраласудың болуы ешбір мүмкін емес екенін пролетариат түсінді. Шынында да, Сибирьдің жұмысшылары мен шаруалары өздерінің сенгіштігі үшін көресісін көрді, ондаған мыңы атылды, өлтіре дүре соғылды. Біз Сибирь жұмысшылары мен шаруаларының қанын төгудің ауыр тәжірибесін бастан кешірдік, бірақ бұл тәжірибенің олар үшін сабақ болатынын біз білеміз. Бұл тәжірибе — жұмысшылар мен шаруалар үшін большевизмнің ең жақсы ұстазы. Бұдан кейін еңбекшілер бұқарасы аралық жол жоқ екенін түсінеді. Басқа таңдау жоқ: не жұмысшылар мен шаруалар өкіметі — Советтер өкіметі, не капиталистер мен помещиктер өкіметі. Буржуазия күш жұмсау және алдау арқылы еңбекшілердің сана-сезімін көмескілеуге тырысады, бірақ пролетариат пен ең кедей шаруалардың өсіп келе жатқан сана-сезімі олардың жұмсаған еңбегін ойыншық үй сияқты күл-талқан етіп жатыр.

Украинада Колчактың сабағын қайталап жүрген Деникиннің авантюрасы украин жұмысшылары мен шаруаларын өздерінің қазір оған қарсы күреске жеткілікті жігермен кіріспей қате жасап жатқанын түсінуге мәжбүр етеді. Деникиннің Украинада қожайындық еткенінен кейін украин жұмысшылары мен шаруаларының нығайып шығатынын және, қазір біздің сибирьлік бауырларымыздың істеп жатқанындай, жұмысшылар мен шаруалардың өкіметін енді сөз жүзінде емес, іс

жүзінде қорғайтынын біз білеміз. Жұмысшы-шаруа өкіметі шаруаларға және барлық еңбекшілерге былай дейді: «Бізбен бірге жүріңіздер, өздеріңіздің пролетарлық мемлекетіңізді құрыңыздар. Колчак пен Деникиннің тәжірибесінен қараңыздар, сонда сіздер Совет өкіметінен тыс өмірдің қандай екенін көресіздер». Біз үшін бұл тәжірибе — ең жақсы үгіт.

Қуатты жұмысшы-шаруа өкіметі өзіне қарсы ақ гвардияшылар жасаған заговорлардың бәрін басып-жаншуда. Ол опасыздарды өз қатарынан темір сыпырғышпен аластап тастауда. Жұмысшы-шаруа өкіметі Қызыл Армияны құрды, оған мамандар жіберіп, оларды толып жатқан комиссар-коммунистермен қоршады. Опасыздар болып шыққан ондаған мамандарды біз Қызыл Армияның қатарынан қуып шықтық, ал өз міндеттерін адал атқарып жүрген мыңдаған, он мыңдаған әскери мамандар жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясының қатарында қалып отыр. Бұл — еңбекшілер бұқарасын саяси жағынан құтқарып, азат етудің басты және негізгі тәжірибесі.

Жолдастар, менің бүгін сіздерге айтқанымның бәрі басқа елдердің еңбекшілеріне қазірдің өзінде-ақ айқын бола бастады. Совет өкіметін талап етуші жұмысшылар бұқарасының қозғалысы барлық жерде өсіп, ұлғая түсіп отыр. Германияда қазір үкіметті меньшевиктер басқарып отырғанын, оларды Антантаның қарулы күші қолдайтынын, алайда осының бәріне қарамастан, герман жұмысшыларының Советтер өкіметін талап етіп отырғанын сіздер білесіздер. Сондықтан Германияның үкіметі бүкіл Германияда жұмысшы депутаттары Советтерінің құрылуын көздейтін пунктті өз конституциясына бүгін-ертең лажсыз енгізбекші. Алайда бұл Советтер ел өмірінің саяси мәселелерін талқылауға праволы емес. Социал-сатқындардың конституциясы бойынша герман Советтері елдің тек экономикалық жағдайын талқылауға ғана праволы. Бізге Батыс Европаның басқа мемлекеттерінен мәліметтер өте аз түседі, өйткені біз барлық жақтан жаулардың қоршауында қалып отырмыз, ал бізге түскен мәліметтер большевиктерді жақтайтын қозғалыстың ұлғайып, нығайып келе

жатқанын көрсетеді. Мен сіздерге Францияда болған бір кішкентай оқиғаны айтып берейін; бұл оқиға менің дәлелдерімнің дұрыстығын қандай сөздерден болса да анағұрлым айқын дәлелдейді және сіздерге өте көп нәрсені аңғартады. Францияда екі большевиктік газет шығады. Бұлардың біреуі өзін «Большевик» деп атағысы келді, бірақ цензура (демократиялық Францияда цензура бар!) бұлай деп аталуға тыйым салды,— содан соң газет өзін «Тыйым салынған Атау»[65] деп атады. Бұл газетті сатып алған жұмысшы мұның атын көріп, өз жанынан: «Большевик» деп қосады. (Ду қол шапалақтау.)

Қорытындыда, жолдастар, менің жұмысшы және қызыл әскер депутаттарының Петроград Советінің председателі Зиновьев жолдастан бүгін алған хабарым жайында сіздермен сырласуыма рұқсат етіңіздер. Зиновьев жолдас маған Петроградқа бір жүз тұтқын эстляндтің түсірілгендігін хабарлады, олар оған мынаны айтыпты. Ақ гвардиялық Эстляндияда жұмысшы кәсіптік одақтарының партиялық емес конференциясы болған. Конференцияға 417 делегат қатысқан, оның ішінде тек 33-і меньшевик, қалғанының бәрі большевиктер! (Ду қол шапалақтау.) Конференция Россиямен бітім жасасуды талап еткен. Мұны ағылшындар естиді де, олардың өкілі конференцияға келіп, Эстляндияның ақ гвардиялық үкіметін құлатуды ұсынған, бірақ жұмысшылар бұған жауап ретінде оны қуып шығып, Россиямен бітім жасасуды және бейбіт өмірге қайта оралуды талап еткен. Содан соң конференция таратылып жіберілген. Жүз адам Россияға «большевизмді іздеуге» қуып жіберілген; олар 26 адамды ұстап қалған және оларды атып тастамақшы көрінеді. Ақ гвардиялық Эстляндияның мұндай әрекетіне жауап ретінде біз олардың елінің жұмысшылары мен халқына үндеу хат жаздық, ал олардың үкіметіне біздегі кепілдіктегі барлық адамдарыңызды атып тастаймыз деп мәлімдедік[66]. (Қол шапалақтау.) Ал онда үкіметті меньшевиктер мен эсерлер қолдап келді ғой!

Кішкентай Эстляндия өзінің кәсіптік одақтарының

партиялық емес конференциясында күшті Англияға — бізді он төрт мемлекеттің одағымен қорқытқан Англияға тиісті жауап берді[67].

Сөзімді аяқтай келіп, менің мынадай сенім білдіруіме рұқсат етіңіздер: өз ішінде екі жыл бойы жеңіп келген Советтік Россия көп ұзамай бүкіл дүние жүзінде буржуазияның өкіметін жеңіп шығады. (Ду қол шапалақтау.)

«Правда», № 201, 11 сентябрь, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЦЕНТРОТЕКСТИЛЬДЕ КОЛЛЕГИЯЛЫҚ ОРНЫНА ДАРА БАСҚАРУДЫ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[68]

1) Халық шаруашылығы жоғары советіне коллегиялар мүшелерінің санын бірте-бірте қысқарту, атап айтқанда не коммунистердің, не коммунист-комиссарлар жанындағы мамандардың дара басқару тәжірибесін анықтау тапсырылсын.

2) Талқылау мен шешім қабылдаудағы коллегиялылықпен қатар белгілі бір жұмыс түрлерінің де, сондай-ақ жеке операциялардың да орындалуы үшін дара жауапкершілікті жүзеге асыру үздіксіз жүргізілетін болсын.

3) 2 айдан кейін Халық шаруашылығы жоғары советінің және кәсіпорындары бар басқа да комиссариаттардың осы тапсырмалардың *іс жүзінде* орындалуы туралы (атап айтқанда, басқару ісін практикалық жағынан үйреніп жатқан жұмысшылардың саны туралы және олардың бұл жөніндегі стажы туралы) баяндамасы тағайындалсын.

1919 ж. 4 сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БУРЖУАЗИЯ РЕНЕГАТТАРДЫ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНАДЫ

Біздің радиостанцияларымыз Карнарвонның (Англия), Париждің және басқа европалық орталықтардың радиотелеграммаларын ұстап алып жүр. Қазіргі Париж — империалистердің бүкіл дүние жүзілік одағының орталығы, сондықтан оның радиосы көбінесе ерекше назар аударарлық болады. Жақында, 13 сентябрьде, үкіметтік радио бүкіл дүние жүзілік империализмнің осы орталығынан барлық елдерге белгілі ренегат, II Интернационалдың көсемі Карл Каутскийдің большевизмге қарсы жаңа кітабы шыққандығын хабарлады.

Миллионерлер мен миллиардерлер өздерінің үкіметтік радиосын бекерден-бекер іске қоспайды. Каутскийдің жаңа жорығын жұрттың бәріне хабарлау оларға қажет тәрізді болып көрінді. Төніп келе жатқан большевизмге қарсы күресу үшін олардың барлық нәрсеге,— барлық нәрсеге жармасуына, тіпті тал қармауына, тіпті Каутскийдің кітабына жармасуына тура келіп отыр. Француздың миллионер мырзаларына шын жүректен алғыс айтамыз: большевизмді насихаттауға олар сондай жақсы көмектесуде! олар Каутскийдің большевиктерге қарсы тоғышарлық және филистерлік зіркілдеуін жұрт алдында мазақ етіп, бізге соншалықты көмектесуде!

Бүгін, 18 сентябрьде, маған К. Либкнехт пен Р. Люксембургті өлтіруші герман социал-шовинистерінің газеті «Vorwärts»-тің[69] 7 сентябрьдегі номерін әкеліп берді;

онда Каутскийдің осы жаңа кітабы («Терроризм және коммунизм») туралы Фридрих Штампфердің мақаласы, бұл кітаптан алынған толып жатқан цитаттар басылған[70]. Штампфердің мақаласын Париж радиосымен салыстыра келіп, біз радио хабарының, тегінде, мақаланың негізінде жасалғанын көреміз. Герман буржуазиясының нөкерлері және герман коммунистерінің жендеттері Шейдеман мен Носке мырзалар Каутскийдің кітабын мақтап, халықаралық коммунизмге қарсы күресте Антантаның империалистерімен бірігіп отыр. Өте-мөте ғибрат боларлық көрініс! Ал біздің меньшевиктер, берндік, сатқын Интернационалдың осы типтік өкілдері, менің Каутскийді буржуазияның малайы деп атағаныма (өзімнің «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітабымда*) ашу-ыза білдіруге сөз таба алмаған.

Мырзалар, сіздер қанша кейісеңіздер де, бұл — факт! «Vorwärts»-тегі шейдеманшылдар мен Антантаның миллионерлері Каутскийді мақтағанда, оны дүние жүзілік большевизмге қарсы күресудің құралы етіп ұсынғанда, мұны менімен сөз байласып алып істеген жоқ қой. Каутский іс жүзінде, ол мұны мойындамаса да және тілемесе де, — буржуазияға қатынасы жөнінен, нақ менің айтқанымдай болып шықты.

Марксизмнің атағын бетке ұстап, социализм мен революциядан осылайша безушіліктің қандай дәрежеге дейін жеткенін көрсету үшін Каутскийдің большевиктерге тағатын ең «қаһарлы» айыптарының бірнешеуін келтірейік.

«...Большевиктердің сайып келгенде әрқашан өздерінің мақсаты болған нәрсенің қарама-қарсылығына ұшырап отыратындығын Каутский толық көрсетеді,— деп жазады Штампфер,— олар өлім жазасына қарсы болған еді, енді жаппай атуды қолдануда...»

Біріншіден, большевиктер революция дәуірінде өлім жазасына қарсы болды деу шылғи өтірік. Біздің партиямыздың II съезінде, 1903 жылы, большевизм пайда болған кезде, партияның программасы жасалды және

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 253—366-беттер. *Ред.*

съездің протоколдарында өлім жазасын жоюды программаға енгізу деген ойдың өзі «II Николай үшін де ме?» деген мысқылға айналғаны жазылған[71]. Патша үшін өлім жазасын жою туралы ұсынысты дауысқа қоюға 1903 жылы тіпті меньшевиктердің де батылы бармады. Ал 1917 жылы, керенскийшілдік кезінде, мен «Правдада»: бірде-бір революциялық үкіметтің өлім жазасын қолданбауына болмайды және барлық мәселе өлім жазасы қаруып сол үкіметтің *қандай тапқа қарсы* бағыттайтынында гапа деп жаздым*. Каутскийдің революциялық тұрғыдан ойлауды ұмытқандығы сонша, тоғышарлық оппортунизмге белшесінен батқандығы сонша, революциялық пролетарлық партияның өз жеңісінен көп бұрын контрреволюционерлер үшін өлім жазасы қажеттігін қалай ашық мойындай алғанын ол тіпті көз алдына елестете де алмайды! Сондықтан, адал адам және адал оппортунист болып отырған «адал» Каутский өз қарсыластары туралы шімірікпестен өтірікті жазып отыр.

Екіншіден, егер бұл адам революцияны ең болмаса титтей түсінетін болса, ол қазір жалпы революция атаулы сөз болып отырмағанын, қайта халықтарды қырып-жойған империалистік қырғыннан өсіп шыққан революция туралы сөз болып отырғанын ұмыта алмас еді. Осындай соғыстан өсіп шыққан пролетарлық революцияның помещиктер мен капиталистер табына жататын ондаған, жүздеген мың офицерлердің тарапынан заговорларсыз және контрреволюциялық қастандықтарсыз жасалуы мүмкін деп ойлауға бола ма? Ең шиеленіскен азамат соғысы дәуірінде және жұмысшы үкіметін құлату үшін жат жерлік әскерлердің басып кіруі туралы буржуазияның заговор жасауы дәуірінде әлгіндей іс-әрекеттер үшін өлім жазасымен жазаламайтын жұмысшы табының революциялық партиясы болады деп ойлауға бола ма? Түзелуден кеткен және жұртқа күлкі болған педанттардан басқа әрбір адам бұл сұрақтарға: олай ойлауға болмайды дегеннен басқаша жауап бермес еді. Ал бұрын мәселелерді нақты

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 108-бет. *Ред.*

тарихи жағдайда қоя білген Каутский енді онысынан жаңылып қалған.

Үшіншіден. Егер Каутский өз пәнін зерттей білмесе және большевиктер туралы жалған нәрсені жазып отырса, егер Каутский ойлай білмесе және төрт жылдық соғыстан өсіп шыққан революцияның ерекшеліктері туралы мәселені қоюға тіпті шамасы жетпесе, онда Каутский ең болмаса өзінің айналасындағыны байқай алуы керек еді. Карл Либкнехт пен Роза Люксембургті демократиялық герман республикасында офицерлердің өлтіргендігі нені дәлелдейді? бұларды өлтіргендігі үшін кейін масқара жұмсақ жазаға кесілген офицерлердің қашып кеткендігі нені дәлелдейді? Каутский мырза және оның бүкіл «тәуелсіз» (пролетариатқа тәуелсіз, бірақ ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдерге өтемөте тәуелді) партиясы әлгіндей сұрақтардан күңкілдеу, айыптау, филистерлік зарлану арқылы құтылып кетпекші. Бірақ, нақ сондықтан бүкіл дүние жүзінде барлық революцияшыл жұмысшылар Каутскийлерден, Лонгелерден, Макдональдтардан, Тураттилерден барған сайып сырт айналып, коммунистердің жағына шығып жатыр, өйткені революцияшыл пролетариатқа керегі — контрреволюцияны дәрменсіздікпен «айыптау» емес, қайта оны *жеңу*.

Төртіншіден. «Терроризм» туралы мәселе Каутскийдің кітабында, сірә, негізгі мәселе болса керек. Мұның өзі кітаптың атынан көрініп тұр. Мұның өзі Штампфердің: «...Каутскийдің: Коммунаның негізгі принципі терроризм болған жоқ, қайта жалпыға бірдей сайлау правосы болды деуі, сөз жоқ, дұрыс», деген сөздерінен де көрініп тұр. Мен «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітабымда «негізгі принцип» жөніндегі мұндай пайымдаудың марксизмді қандай қорлағандық болатынын дәлелдеу үшін жеткілікті материал келтірдім. Қазіргі кезеңде менің міндетім басқаша. Каутскийдің «терроризм» жөніндегі пайымдауларының қаншалықты құны бар екенін, бұл пайымдаулардың кімге, *қандай тапқа қызмет ететінін* көрсету үшін мен бір кішкентай *либералдық* мақаланы толық келтіріп өтемін. Бұл кішкентай мақала — либералдық

американ журналы «Жаңа Республиканың» («The New Republic», June 25-th 1919)[72] редакциясына жазылған хат. Жалпы алғанда ұсақ буржуазиялық көзқарасты жақтайтын бұл журналдың Каутский мырзалардың шимайларынан тиімді өзгешелігі сол, ол әлгі көзқарасты революциялық социализм деп те, марксизм деп те атамайды.

Редакцияға жазылған бұл хат толық түрде мынадай:

«МАННЕРГЕЙМ МЕН КОЛЧАК

Редактор мырза! Одақтас үкіметтер Россияның Совет үкіметін танудан, олардың айтуынша, мына себептермен бас тартқан:

1. Совет үкіметі германофильдік (pro-german, Германияның жағында тұрған) үкімет болып отыр — немесе сондай үкімет болған.

2. Совет үкіметі терроризм арқасында сақталып отыр.

3. Совет үкіметі демократиялық үкімет емес және орыс халқының өкілі емес.

Оның бер жағында, одақтас үкіметтер генерал Маннергейм диктаторлық жүргізіп отырған Финляндияның қазіргі ақ гвардиялық үкіметін әлдеқашан таныды, бірақ мынау айқын:

1. Герман әскерлері ақ гвардияшылардың Финляндия социалистік республикасын жаныштауына көмектесті, сондықтан генерал Маннергейм тілектестігі мен қадірлеушілігін білдіре, кайзерге талай рет телеграммалар жіберді. Ал Совет үкіметі орыс майданындағы әскерлердің арасында насихат жүргізіп, герман үкіметін жігерлі түрде әлсіретіп отырды. Фин үкіметі орыс үкіметіне қарағанда әлдеқайда көбірек германофильдік үкімет болды.

2. Финляндияның қазіргі үкіметі, өкімет басына келген кезінде, бірнеше күн ішінде бұрынғы социалистік республиканың 16 700 мүшесін шиміріқпестен өлтірді және тағы да 70 000 адамды аштан өлуге душар етіп, концентрациялық лагерьлерге қамады. Ал Россияда 1918 жылдың 1 ноябрімен аяқталатын бір жылдың ішінде барлық өлім жазасына кесілгендердің саны, ресми деректер бойынша, 3800 болған, мұның ішінде сатылып кеткен көптеген советтік қызмет адамдары, сол сияқты контрреволюционерлер де бар. Фин үкіметі орыс үкіметіне қарағанда әлдеқайда көбірек террористік үкімет болды.

3. 90 000-ға жуық социалисті өлтіргеннен, қамауға алғаннан кейін, тағы да 50 000-ға жуық социалисті шетелге, Россияға қуып жібергеннен кейін ақ гвардиялық үкімет сайлау өткізуді әбден қауіпсіз деп тапты; Финляндия — тек 400 000-ға жуық сайлаушысы бар кішкентай ел. Барлық сақтыққа қарамастан, социалистердің көпшілігі сайланды, бірақ генерал Маннергейм, Владивостоктағы сайлаудан кейінгі одақтастарға ұқсап, олардың

бірде-біреуінің мандатын бекітпеді. Ал Совет үкіметі өзінің өмір сүруіне қаражат табу үшін пайдалы жұмыс атқармайтындардың бәрін сайлау правосынан айырды. Фин үкіметінің демократияшылдығы орыс үкіметінің демократияшылдығынан анағұрлым кем болды.

Демократияның және жаңа тәртіптің алып чемпионы адмирал Колчактың Омскідегі ісінің жайы да дәл осындай, ал бұл адмиралды одақтас үкіметтер қолдап, жабдықтап, киіндіріп келді және енді ресми түрде танымақшы болып отыр.

Сонымен, одақтастардың Советтерді тануға қарсы ұсынған әрбір дәлелін анағұрлым асқан күшпен және адалдықпен Маннергейм мен Колчакқа қарсы қолдануға болады. Алайда, бұл соңғы екеуі танылды, ал аштықтан талықсып бара жатқан Россияның айналасындағы блокада барған сайын қатая түсіп отыр.

Вашингтон. *Стюарт Чейз (Stuart Chase)»*.

Буржуазияшыл либералдың бұл кішкентай мақаласы Каутский, Мартов, Чернов, Брантинг мырзалардың және берндік, сатқын Интернационалдың басқа да сабаздарының барып тұрған пасықтығын және социализмге опасыздығын әбден жақсы әшкерелейді.

Каутский және әлгі сабаздардың бәрі, біріншіден, терроризм және демократия туралы мәселе жөнінде Советтік Россия жайында өтірік айтады. Екіншіден, олар оқиғаларға іс жүзінде дүние жүзілік көлемде, мейлінше шиеленіскен формада жүріп жатқан тап күресі тұрғысынан баға бермейді, қайта буржуазиялық демократияның капитализммен байланысы болмаса, әлемде ақ гвардияшылар болмаса, оларды бүкіл дүние жүзілік буржуазия қолдамаса, т. т. және т. с. болмаса, не болар еді деп мещандық, филистерлік күрсіну тұрғысынан баға береді. Үшіншіден, американдық кішкентай мақаланы Каутский мен К^{0} пайымдауларымен салыстыра келіп, біз Каутскийдің *объективтік* ролі буржуазия алдында малайлық істеу екенін айқын көреміз.

Бүкіл дүние жүзілік буржуазия Совет өкіметін тұншықтыруға тырысып, оны өтіріктен-өтірік террористік өкімет және демократиялық емес өкімет деп көрсетіп, Маннергеймдер мен Колчактарды қолдап отыр. Фактілер осындай. Ал Каутский, Мартов, Чернов және К^{0} терроризм мен демократизм туралы өздерінің әніне басқанында, олар тек буржуазияның әуенін көтермелеушілер ғана болып шығады. Бүкіл дүние жүзілік

буржуазия нақ осы әнсымақтың әуенімен, нақ осы әнсымақ арқылы жұмысшыларды алдап, жұмысшы революциясын тұншықтырып отыр. Осы әнсымақты «шын жүректен», яғни барып тұрған топастығынан айтып жүрген «социалистердің» жеке басының адалдығы әлгі әнсымақтың объективтік ролін ешбір өзгертпейді. «Адал оппортунистер», Каутскийлер, Мартовтар, Лонгелер және К° «адал» (өздерінің шексіз тұрлаусыздығынан) *контрреволюционерлерге* айналды.

Факт осындай.

Американ либералы мынаны түсінді — өзінің теориялық даярлығы бар болғандықтан емес, қайта оқиғаларды жеткілікті кең, яғни нақ дүние жүзілік көлемде тек қана мұқият бақылай отырып мынаны түсінді: *бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы революцияшыл пролетариатқа қарсы азамат соғысын ұйымдастырып, жүргізіп отыр,* бұл үшін Россияда Колчак пен Деникинді, Финляндияда Маннергеймді, Кавказда буржуазияның малайларын, грузин меньшевиктерін, Польшада поляк империалистері мен поляк Керенскийлерін, Германияда неміс шейдеманшылдарын, Венгрияда контрреволюционерлерді (меньшевиктер мен капиталистерді) және тағысын-тағылар мен тағы сондайларды қолдап отыр.

Ал Каутский, нағыз реакцияшыл мещан болғандықтан, азамат соғысының қорқыныштары мен сұмдықтары жөнінде күңкілдеуін қоймай келеді! Бұл арада революциялық сана-сезім жұрнағының қандайы болса да, тарихи реализм жұрнағының қандайы болса да жоғалып қана қоймайды (өйткені, ақыр аяғында, империалистік соғыстың азамат соғысына айналмай қоймайтындығын түсіну күпә емес), бұл арада ашықтан-ашық буржуазияның әуенін көтермелегендік, *оған жәрдем көрсеткендік* болып шығады, бұл арада Каутский бүкіл дүние жүзінде не болып жатқан, не толық айқындықпен әзірленіп жатқан азамат соғысында *іс жүзінде буржуазияның жағында* болып шығып отыр.

Теоретик ретінде Каутский азамат соғысы жөнінде шулау, айқайлау, жылау, долдану арқылы өзінің күйрегенін бүркемелейді. Нақ большевиктердің: *империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру* туралы

1914 жылдың күзінде бүкіл дүние жүзіне жасаған мәлімдемесі дұрыс болып шықты. Барлық сарындағы реакционерлер ызаланды немесе күлді, бірақ большевиктердің айтқаны *дұрыс* болып шықты. Өздерінің толық жеңілгендігін, өздерінің шолақ ойлылығын, өздерінің өресіздігін бүркемелеу үшін ұсақ буржуаны азамат соғысының сұмдықтарымен қорқытуға тырысу керек болды. Саясатшы ретінде Каутский осылай істеп те отыр.

Бұл арада оның қандай ерсі қылықтар жасауға дейін барып отырғанын мынадан көруге болады. Бүкіл дүние жүзілік революциядан үміттену негізсіз, дейді Каутский, және — сіздер қалай ойлайсыздар, оның дәлелі неде? Европада Россиядағы типтес революция *«бүкіл дүние жүзінде тұтас бір ұрпақты қамтитын азамат соғыстарын тұтандырғандық* (Entfessellung, бастағандық)» болар еді және соның өзінде нағыз тап күресін емес, қайта *«пролетарлардың арасында бауырластардың қырғын күресін»* бастағандық болар еді дейді. Курсивпен терілген бұл цитаттарды Штампфер нақ Каутскийдің сөздері деп келтіріп, әлбетте, бұған сүйсінеді.

Шейдеманның жекеурындары мен жендеттері бұл сөздерге қалай сүйсінбесін! «Социалистердің көсемі» халықты революциямен қорқытып, революциядан шошындырып отыр! Бірақ Каутскийдің бұл арада мына бір нәрсені байқамағаны қызық: бүкіл дүние жүзіліккүдіретті Антанта Россияға қарсы, міне, екі жылдай соғысып жатыр және осы арқылы өзінде революцияны тұтандырып отыр. Егер революция ең болмаса қазір ғана басталса, ең болмаса өзінің келісімпаздық сатысында ғана, ең болмаса Антантаның ұлы державаларының бір-екеуінде ғана басталса, бұл *бірден* Россиядағы азамат соғысын тоқтатқан болар еді, бұл *бірден* отарларда *жүздеген миллион* халықты азат еткен болар еді, өйткені онда ашу мен ыза қайнауда, оны Европаның күштеуі ғана тежеп отыр.

Каутский, империалистік соғыстың өн бойына өзінің пасықтық-малайлық жанының ғажаптарын көрсетіп алғандығының үстіне, қазір көрінеу көзге мынадай

дәлелді алға тартып отыр: ол Россиядағы азамат соғысының созалаң сипатынан *шошып кетті*. Шошынғандығынан ол Россияға қарсы *бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы* соғысып жатқандығын ойламады да. Европаның бір-екі ұлы державасындағы революция жалпы алғанда буржуазияның күштерін *біржолата* әлсіретер еді, буржуазияның үстемдігі *түп-тамырымен қиратылған* болар еді, оның *жер бетінде ешбір* паналайтын орны қалмас еді.

Шынында да, Россияның революцияшыл пролетариатына қарсы бүкіл дүние жүзілік буржуазияның екі жылдық соғысы бүкіл дүние жүзінің революционерлерін *үміттендіріп отыр, бүкіл дүние жүзілік көлемдегі* жеңістің өте-мөте таяу және жеңіл екендігін *дәлелдеп отыр*.

«Пролетарлар арасындағы» азамат соғысына келетін болсақ, бұл дәлелдерді біз Черновтар мен Мартовтардан естіп те қойғанбыз. Бұл дәлелдің мүлде шексіз пасықтық дәлел екендігіне баға беру үшін мынадай көрнекі мысал алайық. Ұлы француз революциясы кезінде шаруалардың бір бөлегі, атап айтқанда вандеялықтар, корольді жақтап, республикаға қарсы соғысты. 1848 жылғы июньде және 1871 жылғы майда жұмысшылардың бір бөлегі революцияны тұншықтырушы Кавеньяк пен Галифенің әскерлерінде болды. «1792 жылы Францияда *шаруалар арасында»,*— «1848 және 1871 жылдары жұмысшылардың арасында» «болған азамат соғысын» жоқтап жылаймын деп мәлімдеген адам туралы сіздер не айтар едіңіздер? Ол адам — реакцияның, монархияның, Кавеньяктардың ең екіжүзді қорғаушысы деп айтар едіңіздер.

Сіздердікі дұрыс та болар еді.

Россияда пролетариаттың *буржуазияға қарсы* азамат соғысы жүріп жатқандығын (және бүкіл дүние жүзінде басталып немесе пісіп келе жатқандығын) тіпті қазір де ең түйсіксіз кеще ғана түсінбеуі мүмкін. Алдыңғы қатарлы таптың *бір бөлегі* реакция жағында қалмайтындай тап күресі еш уақытта болған жоқ және еш уақытта болуы мүмкін емес. Азамат соғысы жөнінде де дәл осылай. Артта қалған жұмысшылардың бір

бөлегі — азды-көпті қысқа уақыт ішінде — буржуазияға сөзсіз көмектеседі. *Өздерінің* буржуазия жағына өткендігін тек зұлымдар ғана *осы арқылы* қорғай алады.

Теориялық жағынан, біз бұл арада бүкіл дүние жүзіндегі бүкіл жұмысшы қозғалысының бүкіл тарихының барлық фактілері 1914 жылдан бастап айқай салып, бадырайта көрсетіп келе жатқан нәрсені түсінгісі келмегендікті көреміз. Жұмысшы табының мещандықтан, оппортунизмнен азғындаған, «табысы мол орындарға», буржуазияның басқа да қайыр-садақасына *сатып алынған жоғарғы топтарының* арасындағы жіктеліс 1914 жылдың күзінде дүние жүзілік көлемде байқалды, 1915—1918 жылдары біржолата қалыптасты. Осы тарихи фактіні көрмей, коммунистерді жіктеліс жөнінде айыптап, Каутский өзінің буржуазияның малайы ретіндегі ролін мыңыншы мәрте дәлелдеп отыр.

Маркс пен Энгельс Англияның отарлар жөніндегі артықшылықтарына, монополиялары болуына *байланысты* оның жұмысшыларының бір бөлегі (атап айтқанда жоғарғы топтары, көсемдері, «аристократиясы») *буржуазиялапғандығын* 1852 жылдан 1892 жылға дейін, 40 жыл бойы айтып келді[73]. Империалистік монополиялардың XX ғасырда бірсыпыра елдер үшін дәл Англиядағыдай құбылыс тудыруға тиіс болғандығы айдан анық еді. Алдыңғы қатарлы елдердің бәрінде біз *жұмысшы табы көсемдерінің* және оның *жоғарғы топтарының* азғындауын, сатылып кетуін, буржуазия жағына шығуын көреміз; — мұның өзі әлгі көсемдерге «табысы мол орындар» беріп отырған, өз пайдасының қиқым-сиқымдарын сол жоғарғы топтарға беріп отырған, ақы мейлінше аз төленетін және мейлінше қара жұмыстың ауыртпалығын шеттен әкелінетін артта қалған жұмысшыларға артып отырған, бұқарамен салыстырғанда «жұмысшы табы аристократиясының» пұрсаттылығын күшейтіп отырған буржуазияның қайыр-садақасымен байланысты.

1914—1918 жылдардағы соғыс пролетариаттың *көсемдері мен жоғарғы топтарының*, барлық социал-шовинистердің, Гомперстердің, Брантингтердің, Ренодельдердің, Макдональдтардың, Шейдемандардың, т. т.

социализмге сатқындық істеп отырғанын, буржуазияның жағына өтіп кеткенін біржолата дәлелдеді, оның бер жағында, әлбетте, өзінің артта қалғандығы себепті жұмысшы бұқарасының бір бөлегі біраз уақыт әлгі буржуазияшыл нағылеттердің соңынан ереді.

Гюисманстардың, Вандервельдтердің, Шейдемандардың берндік Интернационалы қазір социализмнің сол опасыздарының сатқын Интернационалы ретінде толық қалыптасты. Олармен күреспейінше, олардан жікке бөлінбейінше ешқандай *шын* социализм туралы, әлеуметтік революцияның пайдасына ешбір *шынайы* жұмыс істеу туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Неміс тәуелсіздері екі орындықтың арасында отырып байқасын, олардың қазіргі тағдыры сондай. Каутскийді шейдеманшылдар «өз» адамымыз деп құшақтап, бетінен сүйеді, Штампфер бұл жөнінде даурығады, шынында да Каутский Шейдемандардың нағыз жолдасы. Ал әрі тәуелсіз, әрі Каутскийдің досы Гильфердинг Люцернде Шейдемандарды Интернационалдан шығаруды ұсынды. Әрине, сатқын Интернационалдың нағыз көсемдері Гильфердингті тек күлкі етті де қойды. Гильфердингтің ұсынысы не шектен шыққан зердесіздік еді, не шектен шыққан екіжүзділік еді: жұмысшы бұқарасының арасында «солшыл» деген даңққа бөлену және сонымен қатар буржуазия малайларының Интернационалында өзіне орын сақтап қалу еді! Бірақ көсемдердің бірі — Гильфердингтің әрекетін қалай түсіндіргенмен де, мына бір нәрсе күмәнсыз: «тәуелсіздердің» тұрлаусыздығы да, Шейдемандардың, Брантингтердің, Вандервельдтердің пасықтығы да пролетариат бұқарасының арасында *опасыз-көсемдерден* барған сайын мықтап *алшақтауды* қалай да тудырмай қоймайды. Империализм кейбір елдерде жұмысшыларды едәуір ұзақ уақыт жікке бөле алады, мұны Англияның мысалы дәлелдеді, бірақ революционерлердің *бірігуі*, бұқараның олармен бірігуі, сатқындарды дүние жүзілік көлемде аластау үздіксіз алға басып келеді. Мұны Коммунистік Интернационалдың зор табыстары дәлелдеп отыр: Америкада қазірдің өзінде-ақ коммунистік партия құрылды[74], Парижде Интернационалдық бай-

ланыстарды қалпына келтіру комитеті мен Синдикалдық қорғаныс комитеті[75] III Интернационалдың жағына шықты. Парижде екі газет: Реймонд Периканың «Интернационалы»[76] мен Жорж Анкетильдің «Тыйым салынған Атау» («Большевик»?) деген газеті III Интернационалдың жағына өтті. Англияда біз коммунистік партия құрылуының қарсаңында тұрмыз, Британ социалистік партиясының, «фабрика староосталары комитеттерінің» (Shop Stewards Committees), революцияшыл индустриалистердің, т. т. қатарындағы таңдаулы адамдар да коммунистік партиямен ынтымақтас. Швед солшылдары, норвег социал-демократтары, голланд коммунистері, Швейцария социалистік партиясы[77] мен итальян социалистік партиясы[78] қазірдің өзінде-ақ неміс спартакшылдарымен[79] және орыс большевиктерімен бір сапта тұр.

Коммунистік Интернационал 1919 жылдың бірнеше айының ішінде бұқараны бастап отырған бүкіл дүние жүзілік Интернационалға айналды, ол берндік және люцерндік ағайындылардың «сатқын» Интернационалындағы социализмнің опасыздарына сөзсіз жау.

Қорытындыда оппортунистік көсемдердің рөлін анық көрсететін ерекше ғибрат боларлық бір хабарға тоқтап өтейік. Люцернде биылғы жылы августа сатқын социалистер конференциясының мәжілісі кезінде Женеваның «La Feuille» («Листок»)[80] газетінің әр түрлі тілдерде есептер мен хабарлар басқан айрықша басылымы шығып тұрды. Ағылшынша басылымында (№ 4, Wednesday, August 6-th*) Голландиядағы оппортунистік партияның белгілі көсемі Трульстрамен интервью басылған.

Трульстраның айтқаны мынау:

«9 ноябрьдегі герман революциясы біздің (голландиялық) саяси және кәсіподақ көсемдерінің арасында күшті абыржушылық тудырды. Голландиядағы билеуші топтар бірнеше күн үрейлі болды, одан бетер, дәл сол мезгілде армия ішінде жаппай дерлік ашу-ыза бұрқ ете түсті.

Роттердамдағы және Гаагадағы бургомистрлер контрреволюцияның қосалқы күші ретінде өздерінің ұйымдарын жинап алу-

* — сәрсенбі, 6 август. *Ред.*

ға тырысып бақты. Бұрынғы генералдардан құрылған, арасында Қытайдағы боксерлер көтерілісін басып-жанышқандығын мақтан ететін бір карт офицер бар, комитет бірнеше жолдасты жолдан тайдырып, революцияға қарсы қаруландыруға әрекеттенді. Олардың әрекеттері, әлбетте, керісінше ықпал жасады, сөйтіп Роттердамда бір кезде жұмысшылар Советі құрылатын тәрізді болып көрінді. Бірақ саяси және кәсіподақ ұйымдарының көсемдері мұндай әдіс үшін әлі уақыт жеткен жоқ деген пікірде болды да, жұмысшылар қойған талаптардың программа-минимумын ұсынумен және бұқараға жалынды үндеу хат жариялаумен тынды».

Трульстра осылай деді. Ол бұған қоса тағы да көп мақтаншақтық мәлімдемелер жасады: өзінің қалай революциялық сөздер сөйлегенін, тіпті өкіметті басып алуды қалай жақтағанын, парламенттердің және таза саяси демократияның жеткіліксіздігін қалай түсінетінін, өтпелі кез үшін күрестің «құпия әдістерін» де, «пролетариат диктатурасын» да, тағы басқаларды және т. с. да қалай мойындайтынын айтты.

Трульстра — буржуазияға қызмет етуші және жұмысшыларды алдаушы сатқын, оппортунистік көсемнің үлгісі. Көріп отырғандарыңыздай, сөз жүзінде ол сіздердің алдарыңызда *бәрін*, Советтерді де, пролетариат диктатурасын да, не тілесеңіз, соны мойындайды. Іс жүзінде Трульстра — жұмысшылардың ең пасық сатқыны, буржуазияның агенті. Іс жүзінде ол — шешуші кезеңде буржуазияның жағына шығып, *Голландияда буржуазияны құтқарып қалған* Голландиядағы «жұмысшылардың саяси және кәсіптік ұйымдары көсемдерінің» *көсемі*.

Өйткені, Трульстра хабарлаған фактілер әбден анық және айқын. Голландияда армия мобилизацияланды. Пролетариат қаруланды және армияда бүкіл халықтың ең кедей топтарымен бірікті. Герман революциясы жұмысшылардың өрлеуін туғызды және «армияда жаппай дерлік ашу-ыза» тудырды. Әрине, революцияшыл көсемдердің міндеті бұқараны революцияға бастау еді, жұмысшылардың қаруlануы және герман революциясының ықпалы істің тағдырын бірден шеше алатын кезеңді *өткізіп алмау* еді.

Трульстра бастаған сатқын-көсемдер буржуазияның

жағына шығып кетті. Жұмысшыларды реформалармен, одан да көбірек реформаларды уәде етумен тойындырды, «жалынды үндеу хаттармен» және революциялық бос сөздермен жұмысшыларды жұбатты — сөйтіп оларды алдап соқты. Берн мен Люцерннің II Интернационалын құрып отырған нақ Трульстра мырзалар мен сол сияқты «көсемдер» буржуазияның армияны демобилизациялауына көмектесті, капиталистерді құтқарып қалды.

Жұмысшы қозғалысы сатқындар мен опасыздарды, Трульстралар мен Каутскийлерді лақтырып тастай отырып, іс жүзінде капиталистердің саясатын жүргізу арқылы бұқараны алдап соғатын буржуазияланған жоғарғы топтан арыла отырып, алға баса береді.

20 сентябрь, 1919.

P. S. Штампфердің баяндауына қарағанда, Каутский мемлекеттің советтік системасы жөнінде ештеңе айтпаған. Осы басты мәселеде ол өзінің позициясынан айнып кеткен жоқ па екен? Өзінің «Пролетариат диктатурасына» *қарсы* кітапшасында бұл туралы жазған пасық сөздерін қорғаудан бас тартпады ма екен? Ол *басты нәрседен* екінші дәрежелі нәрсеге көшуді жөн көрмеді ме екен? Бұл сұрақтарға біз Каутскийдің кітапшасының өзімен танысу мүмкін болған кезде жауап табамыз.

1919 ж. сентябрьде «Коммунистический Интернационал» журналының 5-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

Г. ЗИНОВЬЕВТІҢ «БІЗДІҢ ПАРТИЯНЫҢ САН ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Зиновьев жолдас бұл мақаланы маған жіберіп, Москва баспасөзіне жолдауды өтінді. Оның өтінішін зор қанағаттанғандықпен орындаймын. Менің ойымша, мақала барлық газеттерде көшіріп басуға лайық. Барлық партиялық жолдастардың бұған назар аударып, барлық жерде, Петербургтің үлгісі бойынша, бір мезгілде партиямыздың қатарын «көлденеңнен қосылғандардан» өте мұқият тазарту ісімен де, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының барлық таңдаулы элементтерін партияға барынша тартып отыру ісімен де айналысуы керек.

Н. Ленин

«Правда» № 210, 21 сентябрь, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АМЕРИКАН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА

Жолдастар! Бұдан бір жылдай бұрын мен «Американ жұмысшыларына хатта» (1918 ж. 20 августа) сіздерге Советтік Россиядағы істің жайын және оның міндеттерін баяндадым*. Мұның өзі герман революциясына дейін болған еді. Содан бергі дүние жүзілік оқиғалар жалпы алғанда 1914—1918 жылдардағы империалистік соғысқа және әсіресе Антантаның империализміне большевиктердің берген бағасы дұрыс екенін растады. Ал Совет өкіметі сол уақыттан бері бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшылар бұқарасының зейін-зердесі мен жүрегіне түсінікті әрі жақын болып алды. Шовинизм мен оппортунизм бойына сіңген ескі көсемдердің ықпалына қарамастан, жұмысшылар бұқарасы барлық жерде буржуазиялық парламенттер іріп-шіріген деген және адамзатты капиталдың езгісінен құтқару үшін Совет өкіметі, еңбекшілер өкіметі, пролетариат диктатурасы қажет деген сенімге келіп отыр. Сондықтан, барлық елдердің буржуазиясы қалай долданып, қалай құтырынса да, бүкіл дүние жүзінде Совет өкіметі жеңеді. Буржуазия бізге қарсы соғыс жүргізіп, контрреволюционерлерді, капиталдың езгісін қайта орнатуды жақтаушыларды бізге айдап салып, Россияны қанға бояп жатыр. Буржуазия блокада жасап және контрреволюцияны қолдап, Россияның еңбекшілер бұқарасына құлақ естімеген азап көрсетуде, бірақ біз Колчакты

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 51—69-беттер. *Ред.*

талқандадық және Деникинге қарсы, жеңетінімізге толық сеніп, соғыс жүргізіп жатырмыз.

Н. Ленин

23. IX. 1919.

* *
*

Менен екінің бірінде: Россияға қарсы соғысуды теріс деп табатын, бітім жасалған күнде бізбен сауда қатынастарын қалпына келтіріп қана қоймай, Россияда белгілі бір концессиялар алу мүмкіндігін де бізден күтіп отырған американдардың, тек жұмысшылардың ғана емес, сонымен қатар көбінесе буржуаның айтып жүргені дұрыс па, деп сұрайды. Мен қайталап айтамын, олардікі дұрыс. Баянды бейбітшіліктің Россиядағы еңбекшілер бұқарасының жағдайын жеңілдететіндігі сонша — бұл бұқара, күмән жоқ, белгілі бір концессиялар беруге де көнер еді. Ақылға сыйымды шарттармен концессиялар беру, социалистік және капиталистік мемлекеттер қатар өмір сүретін дәуір ішінде техникалық жағынан неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердің техникалық көмегін Россияға тартудың бір құралы ретінде, біз үшін де қолайлы болар еді.

Н. Ленин

23. IX. 1919.

1919 ж. 17 декабрьде «The Christian Science Monitor» газетінің 20-номерінде ағылшын тілінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1930 ж. 7 ноябрьде «Правда» газетінің 308-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ МОСКВА ЖАЛПЫ ҚАЛАЛЫҚ ПАРТИЯЛЫҚ ЕМЕС IV КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1919 ж. 23 СЕНТЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, мен жұмысшы әйелдердің конференциясын құттықтауыма өте қуаныштымын. Мен, әрине, әрбір жұмысшы әйелдің және еңбекшілер бұқарасынан шыққан әрбір саналы адамның жүрегін қазір бәрінен де көбірек тебірентіп отырған тақырыптар мен мәселелерге тоқталып жатпаймын. Бұл — ең кекейтесті мәселелер — астық туралы және біздің соғыс жағдайымыз туралы мәселе. Бірақ, сіздердің жиналыстарыңыз туралы газет есептерінен менің білуімше, бұл мәселелерді осында соғыс ісі жөнінде Троцкий жолдас және астық туралы мәселе жөнінде Яковлева мен Свидерский жолдастар мейлінше толық баяндаған, сондықтан да менің бұл мәселелерге тоқталмауыма рұқсат етіңіздер.

Мен Совет республикасындағы жұмысшы әйелдер қозғалысының жалпы міндеттері жөнінде, жалпы алғанда социализмге өтумен байланысты міндеттер жөнінде де, қазір айрықша шұғылдықпен бірінші қатарға қойылып отырған міндеттер жөнінде де бірнеше сөз айтқым келеді. Жолдастар, әйелдің жағдайы туралы мәселені Совет өкіметі әуел бастан-ақ көтерді. Менің ойымша, социализмге өтетін әрбір жұмысшы мемлекетінің міндеті екі түрлі болады. Бұл міндеттің бірінші бөлімі біршама қарапайым және жеңіл. Ол еркекке қарағанда әйелді тең праволы емес жағдайға қоятын ескі заңдарға қатысты.

Сонау ерте кезде Батыс Европадағы барлық азаттық

қозғалыстарының өкілдері ондаған жылдар бойы ғана емес, жүздеген жылдар бойы әлгі ескірген заңдарды бұзу және әйелді заң бойынша еркекпен теңгеру талабын қойды, бірақ европалық демократиялық мемлекеттердің бірде-біреуі, ең алдыңғы қатарлы республикалардың бірде-біреуі мұны жүзеге асыра алмады, өйткені капитализм өмір сүріп отырғанда, жерге жеке меншік, фабрикалар мен заводтарға жеке меншік сақталып отырғанда, капиталдың өкіметі сақталып отырғанда еркектердің нұрсаттылығы сақталады. Россияда мұны жүзеге асырудың мүмкін болған себебі тек мынадай: 1917 жылғы 25 октябрьден бастап мұнда жұмысшылар өкіметі орнады. Совет өкіметі әуел бастан-ақ қандай болса да қанаушылыққа жау болып табылатын еңбекшілер өкіметі ретінде өмір сүруді өзінің міндеті етіп алға қойды. Ол еңбекшілерді помещиктер мен капиталистердің қанауы мүмкіндігін жоюды, капиталдың үстемдігін жоюды өзіне міндет етіп қойды. Совет өкіметі еңбекшіледің өз тұрмысын жерге жеке меншіксіз, фабрикалар мен заводтарға жеке меншіксіз құратын болуына ұмтылды, ал бұл жеке меншік барлық жерде, бүкіл дүние жүзінде, тіпті толық саяси бостандық тұсында да, тіпті ең демократиялық республикаларда да іс жүзінде еңбекшілерді қайыршылық пен жалдама құлдық жағдайына, ал әйелді екі жақты күңдік жағдайына ұшыратты.

Совет өкіметі, еңбекшілердің өкіметі болғандықтан, өзінің өмір сүруінің алғашқы айларында-ақ әйел жөніндегі заңда мейлінше батыл төңкеріс жасады. Әйелді бағыныштты жағдайға қоятын заңдардың Совет республикасында тамтығы да қалған жоқ. Мен атап айтқанда әйелді тең праволы емес және көбінесе тіпті қорлайтын жағдайға түсіріп, оның неғұрлым әлсіздік жағдайын әдейі пайдаланып келген заңдар жөнінде, яғни айрылысу туралы және некесіз туған бала туралы, баланы қамтамасыз ету үшін оның әкесіне әйелдің талап қою правосы туралы заңдар жөнінде айтып отырмын.

Нақ осы салада буржуазиялық заңның, тіпті ең алдыңғы қатарлы елдерде де, әйелді тең правосыз етіп

және оны қорлап, оның неғұрлым әлсіздік жағдайын пайдаланып отырғандығын айту керек. Нақ осы салада Совет өкіметі еңбекшілер бұқарасының өкілдері үшін төзгісіз, ескі, әділетсіз заңдардың тамтығын да қалдырған жоқ. Дүние жүзінде әйелдер толық тең праволы болған және әйелді әсіресе күнбе-күнгі, семьялық тұрмыста өте-мөте сезілетін қорлықты жағдайдан азат еткен Советтік Россиядан басқа бірде-бір ел жоқ деп біз қазір толық мақтанышпен, ешбір әсірелемей-ақ айта аламыз. Мұның өзі біздің бірінші және аса маңызды міндеттеріміздің бірі еді.

Егер сіздердің большевиктерге жау партиялармен жанасуларыңызға тура келсе немесе сіздердің қолдарыңызға Колчак немесе Деникин басып алған облыстарда орысша шығатын газеттер түссе, не болмаса сол газеттердің көзқарасын жақтайтын адамдармен сөйлесулеріңізге тура келсе, олардан сіздер Совет өкіметі демократияны бұзды деген айыптауды жиі ести аласыздар.

Бізді, Совет өкіметінің өкілдерін, большевик-коммунистерді және Совет өкіметінің жақтаушыларын, демократияны бұзды деп үнемі жазғырушылар бар; олар бұл айыптауды дәлелдеу үшін Совет өкіметінің құрылтай жиналысын таратып жіберген фактісін алға тартады. Бұл айыптауларға біз әдетте былай деп жауап береміз: жерге жеке меншік бар кезде, адамдар өзара тең болмаған кезде, меншікті капиталы бар адам қожайын болған, ал қалғандары оған еңбек етушілер, оған жалдама құл болған кезде пайда болған демократия мен құрылтай жиналысына,— міне, мұндай демократияға біз баға бермейміз. Мұндай демократияның өзі тіпті ең алдыңғы қатарлы мемлекеттерде де құлдықты бүркемелеп отырды. Біз, социалистер, демократия еңбекшілер мен езілгендердің жағдайын жеңілдететін болса ғана демократияны жақтаушылар болып табыламыз. Социализм адамды адам қанауының қандайына болса да қарсы күресуді бүкіл дүние жүзінде өзінің міндеті етіп қойып отыр. Біз үшін езілгендерге, тең правосыз жағдайға түсірілгендерге қызмет ететін демократияның шын маңызы бар. Егер еңбек етпейтін

адам сайлау праволарынан айрылатын болса, онда адамдар арасындағы нағыз теңдік дегеннің өзі де осы. Еңбек етпейтін адам ішіп-жемеуге тиіс.

Әлгіндей айыптауларға жауап ретінде біз: белгілі бір мемлекетте демократияның қалай жүзеге асырылып жатқандығы туралы мәселе қою керек дейміз. Біз барлық демократиялық республикаларда теңдік жарияланатынын көреміз, ал азаматтық заңдарда және әйелдің семьядағы жағдайы мағынасында, айрылысу мағынасында алғандағы әйелдің праволары туралы заңдарда қадам басқан сайын біз әйелдің теңсіздігін және кемсітілуін көреміз, сондықтан біз: мұның өзі демократияны бұзғандық және нақ езілгендер жөнінде бұзғандық болып табылады дейміз. Совет өкіметі өзінің заңдарында әйелдің тең правосыздығына титтей ишарат білдіретін нәрсе де қалдырмай, барлық басқа, ең алдыңғы қатарлы елдерден демократияны неғұрлым көбірек жүзеге асырды. Қайталап айтайын, бірде-бір мемлекет және бірде-бір демократиялық заң әйел үшін Совет өкіметінің өзі өмір сүре бастаған алғашқы айларында істегенінің жартысын да істеген жоқ.

Әрине, заңдардың бір өзі жеткіліксіз, сондықтан біз жалғыз декреттермен ешбір қанағаттанбаймыз. Бірақ заң шығару саласында біз әйелдің жағдайын еркектің жағдайымен теңгеру үшін өзімізден талап етілгеннің бәрін істедік, сондықтан біз мұны орынды мақтан ете аламыз. Қазір Советтік Россияда әйелдің жағдайы сондай, бұл ең алдыңғы қатарлы мемлекеттердің тұрғысынан қарағанда мінсіз жағдай болып табылады. Бірақ біз өзіміз өзімізге: әрине, бұл — істің тек басы ғана дейміз.

Үй шаруашылығымен айналысушы әйелдің жағдайы әлі де болса қысылшаң күйінде қалып отыр. Әйелді толық азат ету үшін және оның еркекпен шын тең болуы үшін қоғамдық шаруашылық болуы керек және әйелдің ортақ өнімді еңбекке қатысуы керек. Сонда әйелдің жағдайы нақ еркектің жағдайындай болады.

Әрине, бұл арада әңгіме әйелді еңбек өнімділігі, еңбек мөлшері, еңбек ету ұзақтығы, еңбек ету шарттары, т. т. жағынан теңгеру жөнінде болып отырған жоқ,

қайта әйелдің еркектен өзгеше шаруашылық жағдайынан оның езілмеуі жөнінде болып отыр. Бәріңіз де білесіздер, тіпті толық тең праволылық жағдайында да әйелдің іс жүзіндегі осы бір езілген жағдайы қанша айтқанмен сақтала береді, өйткені бүкіл үй шаруашылығы әйелге жүктеледі. Көп реттерде бұл үй шаруашылығы әйел атқаратын мейлінше өнімсіз, мейлінше жабайы және мейлінше ауыр еңбек болып табылады. Бұл еңбек өте-мөте ұсақ, онда әйелдің өсуіне азды-көпті септігін тигізетін ештеңе де жоқ.

Социалистік мұратты көздей отырып, біз социализмді толық жүзеге асыру жолында күресуді тілейміз, ал бұл арада әйел үшін өте үлкен жұмыс майданы ашылып отыр. Біз қазір социалистік құрылыс үшін негіз салуға шындап әзірленіп жатырмыз, ал социалистік қоғам құрылысының өзі біз әйелдің толық теңдігіне жетіп, әлгі ұсақ, топастандыратын, өнімсіз жұмыстан азат болған әйелмен бірге жаңа жұмысқа кіріскен кезімізде ғана басталады. Бұл жұмыс бізге талай-талай жылдарға жетеді.

Бұл жұмыс тез нәтижелерге жеткізе қоймайды және жарқын әсер бере де қоймайды.

Біз әйелді үй шаруашылығынан азат ететін үлгілі мекемелер, асханалар, яслилер құрып жатырмыз. Бұл арада осы мекемелердің бәрін жайғастыру жөніндегі жұмыс та көбінесе нақ әйелге жүктеледі. Қазір Россияда әйелдің үй күңі қалпынан құтылуына көмектесетін мұндай мекемелер өте аз екенін мойындау керек. Ондай орындар тым аз және Совет республикасының қазір душар болып отырған жағдайлары,— осында жолдастар сіздерге егжей-тегжейлі айтып берген соғыс жағдайлары да, азық-түлік жағдайлары да,— бұл жұмыста бізге кедергі болып отыр. Дегенмен мынаны айту керек: әйелдерді үй күңі жағдайынан құтқаратын бұл мекемелер тек титтей мүмкіндік бар жердің бәрінде пайда болып жатыр.

Біз: жұмысшыларды азат ету жұмысшылардың өз ісі болуға тиіс дейміз; дәл сол сияқты, жұмысшы әйелдерді азат ету де жұмысшы әйелдердің өз ісі болуға тиіс. Мұндай мекемелерді дамытудың қамын жұмысшы

әйелдердің өздері ойластыруға тиіс және әйелдің бұл қызметі оның капиталистік қоғам тұсындағы бұрынғы жағдайын толық өзгертуге жеткізеді.

Саясатпен шұғылдану үшін бұрынғы капиталистік қоғамда айрықша даярлық болуы талап етілді, сондықтан тіпті ең алдыңғы қатарлы және еркін капиталистік елдерде де әйелдердің саясатқа қатысуы болмашы еді. Біздің міндетіміз — саясатқа әрбір еңбекші әйелдің қолы жететін ету. Жерге және фабрикаларға жеке меншік жойылып, помещиктер мен капиталистердің өкіметі құлатылған кезден бері қарай еңбекші бұқара мен еңбекші әйелдер үшін саясаттың міндеттері түсінікті, айқын және барлығының әбден қолы жетерлік болып отыр. Капиталистік қоғамда әйелдің правосыз жағдайға қойылғандығы сонша, оның саясатқа қатысу үлесі еркекпен салыстырғанда болмашы ғана. Бұл жағдайдың өзгеруі үшін еңбекшілер өкіметінің болуы керек, міне сонда еңбекшілердің өздерінің тағдырына тікелей қатысы бар нәрсенің бәрі саясаттың басты міндеті болады.

Міне бұл арада партияда бар және саналы жұмысшы әйелдің ғана емес, сонымен қатар партияда жоқ және саналылығы өте-мөте төмен жұмысшы әйелдің де қатысуы қажет-ақ. Бұл арада жұмысшы әйелдің қызмет етуіне Совет өкіметі кең өріс ашып беріп отыр.

Советтік Россияға жорық жасап жатқан, оған жау күштерге қарсы күресу бізге өте қиын болды. Еңбекшілердің өкіметіне қарсы соғыс жүргізіп жатқан күштерге қарсы соғыс саласында да, жалдаптарға қарсы азық-түлік саласында да күресу бізге қиын болды, өйткені өздерінің жеке еңбегімен бізге бүтіндей көмекке келген адамдардың саны, еңбекшілердің саны онша көп болмады. Бұл арада да Совет өкіметі партияда жоқ жұмысшы әйелдердің қалың бұқарасының көмегіне артықша зор баға бермей тұра алмайды. Олар мынаны білетін болсын: бәлкім, бұрынғы буржуазиялық қоғамда саяси қызмет атқару үшін күрделі даярлық керек болған шығар, ал оған әйелдің қолы жетпеді. Ал Совет республикасының саяси қызметі помещиктерге, капиталистерге қарсы күресуді, қанауды құрту жолында

күресуді өзінің басты міндеті етіп қойып отыр, сондықтан да Совет республикасында жұмысшы әйелдер үшін саяси қызмет атқару жолы ашылып отыр, ол қызметтің мазмұны — әйелдің өзінің ұйымдастырушылық шеберлігімен еркекке көмектесуінде.

Бізге керегі — миллиондық көлемдегі ұйымдастырушылық жұмыс қана емес. Бізге әйелдердің де еңбек етуіне мүмкіндік беретін ең шағын көлемдегі ұйымдастырушылық жұмыстың да керегі бар. Әйел армияға көмектесу, оның арасында үгіт жүргізу керек болатын соғыс жағдайларында да еңбек ете алады. Қызыл Армия өзіне қызмет көрсетіліп, қамқорлық жасалып жатқандығын көруі үшін әйел бұл істің бәріне белсене қатысуға тиіс. Сондай-ақ әйел азық-түлік саласында да — өнімдерді бөлу және көпшілік тамақтандыру орындарын жақсарту, асханаларды дамыту жөнінде де еңбек ете алады, ал асханалар Петроградта сондайлық кең көлемде ашылған.

Міне, осы салаларда жұмысшы әйелдің қызметі нағыз ұйымдастырушылық маңыз алады. Ірі тәжірибе шаруашылықтарын жолға қоюға да, бұл іс бірен-саран іс болмауы үшін ол шаруашылықтарды бақылауға да әйелдің қатысуы қажет. Бұл іс көптеген еңбекші әйелдер қатыспайынша орындалмайды. Сөйтіп өнімдердің бөлінуін бақылау мағынасында да, өнімдердің оңай жеткізілуін бақылау мағынасында да жұмысшы әйел бұл іске толық қатыса алады. Бұл міндетті орындау партияда жоқ жұмысшы әйелдің қолынан әбден келеді, оның бер жағында бұл міндетті жүзеге асыру социалистік қоғамды нығайтуға барынша көмектеседі.

Жерге жеке меншікті жойып, фабрикалар мен заводтарға жеке меншікті түгелдей дерлік жойып, Совет өкіметі барлық еңбекшілердің, партияда барларының ғана емес, партияда жоқтарының да, еркектердің ғана емес, әйелдердің де осы шаруашылық құрылысқа қатысуын көздеп отыр. Совет өкіметі бастаған бұл іс оған бүкіл Россияда жүздеген әйелдердің орнына миллион-миллион әйелдер қатысқан күнде ғана алға баса алады. Сонда, біздің кәміл сенуімізше, социалистік құрылыс ісі баянды етіледі. Сонда еңбекшілер помещиктерсіз де,

капиталистерсіз де өздері өмір сүре алатындығын және шаруашылықты жүргізе алатындығын дәлелдейді. Сонда Россияда социалистік құрылыс соншалықты берік болады, сөйтіп басқа елдердегі ешқандай сыртқы жаулар да, Россиядағы ішкі жаулар да Совет республикасына қорқынышты болмайды.

«Правда» № 213, 25 сентябрь, 1919 ж.

«Правда» газетінің текстімен салыстырылған мына кітапшаның тексті бойынша басылып отыр: В. И. Ленин. «Жұмысшы әйелдердің съезінде сөйленген сөз», Москва, 1919

ПЕТРОГРАД ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ[81]

Петроград жұмысшыларының мобилизациялауды күшейтіп, таңдаулы қызметкерлерді Оңтүстік майданға жөнелте бастағанын газеттер хабарлап та қойды.

Деникиннің Курскіні алуы және Орелға бет түзеуі Петроград пролетариаты ынта-жігерінің осылайша артуына себеп болғаны әбден түсінікті. Басқа да өнеркәсіп орталықтарындағы жұмысшылар Петроград пролетариатынан үлгі алуға тиіс.

Деникиншілдер біздің қатарымызда үрей туғызуға және бізді лажсыздан тек қорғаныс туралы, тек осы бағыт туралы ойландыруға үміт артып отыр. Франция мен Англияның империалистері Деникинге қару-жарақ пен жүздеген миллион сом беріп қандай жәрдем көрсетсе, бұл істе де оған сондай ықыласпен көмек көрсетіп жатқанын шетел радиосы көрсетіп берді. Шетел радиосы Москваға жол ашық деп бүкіл дүние жүзіне жар салуда. Капиталистер бізді осылай қорқытпақ болады.

Бірақ олар бізді қорқыта алмайды. Біздің әскерлеріміз әбден ойластырылған және мүлтіксіз жүзеге асырылып жатқан жоспарға сәйкес бөлінген. Дұшпанның күш алатын басты орнына біздің шабуылымыз үздіксіз жүргізіліп жатыр. Жақында қол жеткен жеңістер,— Богучар ауданында 20 зеңбіректің қолға түсірілуі, Вешенская станицасының алынуы,— Деникиннің елеулі күш құрастырып алуына тек бір өзі мүмкіндік беріп келген және мүмкіндік беріп отырған казактардың орталығына қарай біздің әскерлеріміздің ойдағыдай ілгері басып бара жатқанын көрсетеді. Колчактың талқандалғанындай, Деникин де талқандалады. Бізді

қорқыта алмайды; сөйтіп біз өз ісімізді жеңіске дейін жеткіземіз.

Курскінің алынып, жаудың Орелға бет түзеуі біздің алдымызға дұшпанды осы жерде тойтару үшін қосымша күш беру міндетін қойып отыр. Ал Петроград жұмысшылары өздерінің міндетті дұрыс ескергендігін өз үлгісімен көрсетті. Қатерді өзімізден жасырмай, оны ешбір кемітіп көрсетпей, біз былай дейміз: Петроградтың үлгісі бізде қосымша күштердің бар екенін дәлелдеді. Орелға жасалған шабуылға тойтарыс беру үшін, Курск мен Харьковқа шабуыл жасауға көшу үшін, біздің қолымызда бар күштің үстіне, пролетариаттың арасынан таңдаулы қызметкерлерді мобилизациялау керек. Курскінің құлауынан туған қауіп зор. Жау бұған дейін Москваға еш уақытта мұнша жақын келіп көрген емес. Ал осы қауіпке тойтарыс беру үшін, әскердің бұрынғы күштеріне қосымша, біз шегініп бара жатқан бөлімдердің көңіл күйінде өзгеріс туғыза алатын алдыңғы қатарлы жұмысшылардың жаңа отрядтарын аттандырып жатырмыз.

Оңтүстіктегі әскерлердің арасында бізде армияның қатарына қайтып келген дезертир едәуір орын алды. Ол көбінесе-ақ оған өз борышын түсіндірген, оған помещиктер мен капиталистер өкіметінің қайта орнауының қандай зор қаупі бар екенін түсіндірген үгіттің ықпалымен өз еркімен қайтып келді. Бірақ дезертир төтеп бере алмады, оның ұстамдылығы жетпеді, ол екінің бірінде шайқасқа кіріспестен шегіне бастады.

Міне, сондықтан пролетарлық күштердің армияны қолдауға жаңадан ағылып келуі бірінші дәрежелі маңыз алып отыр. Тұрақсыз элементтер нығайтылады, көңіл күйі көтеріледі, бетбұрыс жасалады. Пролетариат, біздің революциямызда әрдайым болып келгендей, еңбекші халықтың ауытқушы топтарын сүйеп, оған бағыт сілтейді.

Петроградта жұмысшылардың көптен бері-ақ ауыртпалықты басқа өнеркәсіп орталықтарындағы жұмысшылардан анағұрлым көбірек көтеруіне тура келіп отыр. Ашаршылықтан да, соғыс қаупінен де, бүкіл Россия бойынша таңдаулы жұмысшыларды совет қызметі-

не жоғарылатудан да — осының бәрінен де Питер пролетариаты басқа жерлердің пролетариатынан гөрі көбірек қиындық көрін келді.

Солай бола тұрса да, біз Питер жұмысшыларының арасында титтей де болса сарыуайымға салынушылықтың, титтей де болса жасудың жоқ екенін көріп отырмыз. Қайта керісінше. Олар шыныққан. Олар жаңа күш тапты. Олар тың күрескерлер шығарып отыр. Олар көмек пен қолдауды бәрінен де көбірек керек етіп отырған жерге жіберіп, алдыңғы қатарлы отрядтың міндетін тамаша атқарып отыр.

Біздің армиямыздың тайсала бастаған бөлімдерін нығайту үшін осындай тың күштер келіп жатқанда еңбекшілер бұқарасы, шаруалардан шыққан солдаттар, өз адамдарының арасынан, сол еңбекшілердің арасынан неғұрлым жетік, неғұрлым саналы, рухы анағұрлым берік жаңа көсемдер алуда. Міне, сондықтан мұндай көмек біздің шаруалар армиясында бізді жаудан үзілді-кесілді басым етеді, өйткені жауға оның шаруалар армиясын «қолдауға» тек помещик балалары ғана барып жатыр, ал мұндай «қолдау» Колчакты мерт қылғанын, Деникинді мерт қылатынын біз білеміз.

Жұмысшы жолдастар! Жаңа жұмысты петроградтық жолдастардың үлгісі бойынша бәріміз қолға алайық! Әскер ішіндегі жұмысқа көбірек күш жұмсалсын, петроградтықтармен теңелу үшін бастама мен батылдық көбірек көрсетілсін, жарыс күшейтілсін, сонда еңбекшілер жеңіске жетеді, помещиктік және капиталистік контрреволюцияның тас-талқаны шығады.

P. S. Москвадан да бірнеше ондаған аса адал жолдастардың майданға аттанғанын мен қазір білдім. Питерден кейін Москва қозғалды. Москвадан кейін қалғандары қозғалуға тиіс.

Н. Л.

3 октябрь, 1919 жыл.

«Правда» № 221
және «Известия ВЦИК» № 221,
4 октябрь, 1919 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АМЕРИКАН ГАЗЕТІ «THE CHICAGO DAILY NEWS» ТІЛШІСІНІҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП[82]

5/X. 1919.

Мен ағылшын тілін нашар білетіндігім үшін кешірім өтінемін. Мен Сіздің сұрақтарыңызға жауап беруге қуаныштымын:

1. Бітім туралы мәселеде Совет үкіметінің қазіргі саясаты қандай?
2. Советтік Россияның ұсынып отырған бітім шарттарының жалпы сипаты қандай?

Біздің бейбітшілік саясатымыз — бұрынғы саясат, яғни біз Буллит мырзаның бітім жөніндегі ұсынысын қабылдадық. Біз Буллит мырзамен бірге тұжырымдалған өзіміздің бітім шарттарымыздан еш уақытта айнымаған емеспіз (2-сұрақ).

Біз Буллит мырза келместен бұрын Антантаға бірнеше рет ресми түрде бітім ұсындық.

3. Совет үкіметі шетел мемлекеттерінің ішкі істеріне мүлдем араласпауға кепілдік беруге әзір ме?

Біз бұған кепілдік беруге әзірміз.

4. Совет үкіметі орыс халқының көпшілігінің өкілі екенін дәлелдеуге әзір ме?

Иә, Совет үкіметі — дүние жүзіндегі барлық үкіметтердің ішіндегі ең демократиялық үкімет. Біз мұны дәлелдеуге әзірміз.

5. Совет үкіметінің Америкамен экономикалық келісушілік жөніндегі позициясы қандай?

Біз Америкамен,— барлық елдермен, бірақ *әсіресе* Америкамен экономикалық келісушілікті батыл жақтаймыз.

Егер қажет болса, біздің үкіметіміз Буллит мырзамен бірлесіп тұжырымдаған бітім шарттарымыздың толық текстін біз Сізге бере аламыз.

Вл. Ульянов (Н. Ленин)

1919 ж. 27 октябрьде «The Chicago Daily News» газетінің 257-номерінде ағылшын тілінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша және газеттің тексті бойынша басылып отыр
Ағылшын тілінен аударма

КООПЕРАЦИЯ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ТІЛЕКТЕР[83]

Тілектер

1) кооперацияда Солыц өзін түгелдей саудадан өзге қызметке (әдеби, нұсқаушылық және басқа қызметке) арнайтын болсын,

2) егер жеке басып шығару мүмкін болмаса, *«Известияда»*, *«Правдада»* және «Беднотада»[84] басып шығарсын, яғни басып отырсын,

3) жалпы алғанда декретті[85] (оның барлық бөлімдері бойынша) жүзеге асыру шарасы туралы, әсіресе дайындау мен бөлудің әдістері (органдары, формалары, шарттары, ережеден тыс ерекшеліктері, т. с.) туралы, буржуазиялық кооперацияны коммунистік кооперацияға айналдыру немесе айналдыра бастау, т. т. туралы *нақты* деректер, ең болмағанда кіші-гірім аудандар бойынша, тез жиналатын *болсын.*

1919 ж. 9 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ИТАЛЬЯН, ФРАНЦУЗ ЖӘНЕ НЕМІС КОММУНИСТЕРІНЕ СӘЛЕМ

Бізде шетелден алынып отырған мәліметтер тым мардымсыз. Империалистік айуандардың блокадасы мейлінше қолданылып отыр, қанаушылардың өкіметін қайта орнату үшін дүние жүзінің аса қуатты державалары бізге жабылып жатыр. Ал Россия мен бүкіл дүние жүзі капиталистерінің осы бүкіл айуандық ызасы, әлбетте, «демократияның» жоғары маңызы туралы құрғақ сөздермен бүркемеленеді! Қанаушылар лагері білгенін істеп отыр: бұл лагерь буржуазиялық демократияны жалпы «демократия» деп көрсетеді және барлық филистерлер, барлық ұсақ буржуа, Фридрих Адлер, Карл Каутский мырзаларға дейін, Германияның «тәуелсіз» (яғни революцияшыл пролетариатқа тәуелсіз, бірақ ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдерге тәуелді) социал-демократиялық партиясы көсемдерінің көпшілігіне дейін бәрі сол лагерьдің әуеніне үн қосып отыр.

Ал біз Россияда шетелден хабарды неғұрлым сирек алсақ, дүние жүзінің барлық елдерінде жұмысшылардың арасында коммунизмнің барлық жердегі аса зор табыстарын, буржуазия жағына шығып кеткен Шейдеманнан бастап Каутскийге дейінгі шіріген және сатқын көсемдерден бұл бұқараның қол үзуі жөніндегі табыстарды біз соғұрлым үлкен қуанышпен байқап отырмыз.

Итальян партиясы туралы біз тек мынаны ғана білдік: оның конгресінің орасан көпшілігі III Интернационалға қосылуды жақтап, пролетариат диктатурасының программасын қабылдаған. Сонымен, Итальян социалис-

тік партиясы, амал қанша, ескі атын әлі сақтап қалып отырса да, іс жүзінде коммунизмге қосылды. Итальян жұмысшыларына және олардың партиясына жалынды сәлем!

Франция туралы біз тек мынаны ғана білеміз: бір Париждің өзінде қазір екі коммунистік газет: Реймонд Перика редакциялап отырған «Интернационал» және Жорж Анкетиль редакциялап отырған «Тыйым салынған Атау» газеттері бар. Қазірдің өзінде бірқатар пролетарлық ұйымдар III Интернационалға қосылды. Жұмысшылар бұқарасының тілектестігі, сөз жоқ, коммунизм жағында және Совет өкіметі жағында болып отыр.

Герман коммунистері туралы біз тек мынаны ғана білдік: бірқатар қалаларда коммунистік баспасөз бар. Бұл газеттер көбінесе «Қызыл Ту» деп аталады. Берлиндегі «Қызыл Ту»[86] құпия шығады, буржуазияның алдында сөзбен және өздерінің «идеялық» (ұсақ буржуазиялық-идеялық) насихатымен «тәуелсіздердің» малайлық етіп отырғаны сияқты, буржуазияның алдында өздерінің істерімен малайлық етіп отырған жендеттерге — Шейдеман-Носкелерге қарсы қаһармандық күрес жүргізіп келеді.

Коммунистердің Берлиндегі «Қызыл Ту» газетінің қаһармандық күресіне жұрт әбден сүйсініп отыр. Ақырында, барлық қудалауға қарамастан, таңдаулы көсемдерінің жауыздықпен өлтірілуіне қарамастан берік те айнымас қалпында қалған адал және шынайы социалистер Германияда бар екен! Ақырында, іс жүзінде «революциялық күрес» деп атауға лайықты қаһармандық күрес жүргізіп жатқан коммунист-жұмысшылар Германияда бар екен! Ақырында, Германияда пролетарлық бұқараның қойнауынан зор күш өсіп-жетілді; бұл күш үшін «пролетарлық революция» туралы сөздер *шындыққа* айналды!

Неміс коммунистеріне сәлем!

Шейдемандар мен Каутскийлер, Реннерлер мен Фридрих Адлерлер, жеке бастарының адалдығы мағынасында алғанда бұл мырзалардың арасындағы айырмашылық, бәлкім, қаншалықты зор болса да, бәрі бірдей ұсақ

буржуа, социализмнің ең масқара опасыздары мен сатқындары, буржуазияны жақтаушылар болып шықты, өйткені 1912 жылы олардың бәрі басталғалы тұрған империалистік соғыс туралы Базель манифесін жазып, оған қол қойған еді, олардың бәрі ол кезде «*пролетарлық* революция» туралы сөйлеген еді, енді олардың бәрі іс жүзінде ұсақ буржуазияшыл демократтар, мещандық-республикалық, буржуазиялық-демократиялық жалған үміттердің сабаздары, контрреволюциялық буржуазияның итаршылары болып шықты.

Неміс коммунистері тап болған құтырынған қуғын-сүргін оларды шынықтырды. Егер қазір олар белгілі дәрежеде бытыраңқы болып отырса, мұның өзі олардың қозғалысының ауқымдылығы мен бұқаралық сипатын, жұмысшылар бұқарасының қалың ортасында коммунизмнің қаулап өсуінің күш-қуатын дәлелдейді. Контрреволюцияшыл буржуа мен олардың малайлары Шейдеман-Носкелер соншама құтырына қудалап отырған және құпия ұйымдасуға мәжбүр болып отырған қозғалыс бытыраңқы болмай қоймайды.

Соншама тез өсіп отырған, осындай аласұрған қудалауға ұшырап отырған қозғалыстың едәуір шиеленіскен алауыздықтар тудыратыны да табиғи нәрсе. Мұнда қорқынышты ештеңе жоқ. Бұл — өсуге байланысты қиыншылық.

Шейдемандар мен Каутскийлер өздерінің «Vorwärts» және «Freiheit»[87] деген газеттерінде коммунистердің арасындағы алауыздықтарды табалай берсін. Шірік мещандықтың бұл батырларына өз шіріктігін коммунистерді даттау арқылы бүркемелеуден басқа түк қалған жоқ. Ал егер істің мәні туралы айтатын болсақ, онда қазір шындықты тек соқырлардың ғана әлі де көрмеуі мүмкін. Ал бұл шындықтың мәнісі мынада: шейдеманшылдар мен каутскийшілдер Германияда пролетарлық революцияны асқан масқаралық түрде *сатып кетті, оған опасыздық жасады, іс жүзінде* контрреволюцияшыл буржуазияның жағында болып шықты. Генрих Лауфенберг «Бірінші және екінші революциялар аралығында» деген тамаша кітапшасында мұны ерекше жігермен, көрнекі, айқын, нанымды түрде көрсетіп, дәлелдеп берді. Шейде-

маншылдар мен каутскийшілдердің арасындағы алауыздықтар — көсемдері бұқарасыз, генералдары армиясыз қалып, азғындап, өліп бара жатқан партиялардың алауыздықтары. Бұқара шейдеманшылдардан кетіп, сол қанатына бола каутскийшілдердің жағына өтіп жатыр (мұны бұқаралық жиналыс туралы қандай есептен болса да көруге болады), ал бұл сол қанат ұсақ буржуазияның парламенттік демократия жөніндегі ескі соқыр сенімдерін пролетарлық революцияны, пролетариат диктатурасын, Совет өкіметін коммунистерше танумен біріктіріп отыр — идеясыздық, қорқақтық түрде біріктіріп отыр.

«Тәуелсіздердің» шірік көсемдері бұқараның қысымымен *сөз жүзінде* мұның бәрін мойындайды, ал іс жүзінде ұсақ буржуазияшыл демократтар болып, Маркс соншама аяусыз әжуалап, масқаралаған Луи Блан мен 1848 жылғы басқа да есуастар тәрізді «социалистер» болып қалып отыр.

Міне, бұлар — шын бітіспес алауыздықтар. 1848 жылғы мещандар сияқты, буржуазиялық «демократияға» оның буржуазиялық сипатын түсінбей табынатын мещандар мен пролетарлық революционерлердің арасында татулықтың болуы мүмкін емес. Олар бірігіп жұмыс істей алмайды. Гаазе мен Каутскийдің, Фридрих Адлер мен Отто Бауэрдің қалағанынша бұлтарып-жалтаруына, төбе-төбе қағаз жазуына, ұшы-қиыры жоқ сөздер сөйлеуіне болады, бірақ олар мына фактіден жалтарып кете алмайды: олар *іс жүзінде* пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметін мүлдем түсінбейтінін көрсетіп отыр, олар *іс жүзінде* — мещан демократтар, Луи Блан мен Ледрю-Роллен сияқты «социалистер», олар *іс жүзінде* — ең мықтағанда буржуазияның қолындағы қуыршақ, әйтпесе — буржуазияның тікелей малайлары.

«Тәуелсіздер», каутскийшілдер, австриялық социал-демократтар біртұтас партия *сияқты;* іс жүзінде олардың партия мүшелерінің бұқарасы негізгі, ең басты, неғұрлым елеулі мәселеде көсемдерімен ынтымақтас *емес.* Жаңа дағдарыс кезеңі басталысымен-ақ, бұқара Совет өкіметі жолындағы пролетарлық революциялық күреске *барады,* ал «көсемдер» ол кезде де қазіргідей

контрреволюционер болып қала береді. Сөз жүзінде екі орындықтың арасында отыру қиын емес, ал Германияда Гильфердинг, Австрияда Фридрих Адлер осы ізгі өнердің асқап өнегелерін көрсетіп жүр.

Бірақ бітіспейтінді бітістірумен шұғылданып жүрген адамдар революциялық күрестің от-жалынында сабынның көбігі болып шығады. Мұны 1848 жылдың барлық «социалистік» батырлары көрсетті, мұны олардың тектес бауырлары, 1917—1919 жылдардағы Россияның меньшевиктері мен социалист-революционерлері көрсетті, мұны берндік немесе сатқын II Интернационалдың барлық сабаздары көрсетіп отыр.

Коммунистердің арасындағы алауыздықтар басқаша. Бұл арада түбегейлі айырмашылықты тек көргісі келмейтін адамның ғана көрмеуі мүмкін. Бұлар — адам айтқысыз тез өсіп-жетілген бұқаралық қозғалыстың өкілдері арасындағы алауыздықтар. Бұлар — тастай берік, түбегейлі, ортақ бір негіздегі: пролетарлық революцияны тану, буржуазиялық-демократиялық жалған үміттерге және буржуазиялық-демократиялық парламентаризмге қарсы күресу, пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметін тану негізіндегі алауыздықтар.

Мұндай негіздегі алауыздықтар қорқынышты емес: бұл қарттық қалжырау емес, өсуге байланысты қиыншылық. Бұл сияқты алауыздықтарды большевизм де талай рет бастан кешірді, осы сияқты алауыздықтардың салдарынан ол кіші-гірім жіктелістерді де бастан кешірді, бірақ шешуші кезеңде, өкіметті жеңіп алу және Совет республикасын құру кезеңінде большевизм біртұтас болып шықты, ол социалистік ой-пікірдің өзіне жақын ағымдарының барлық таңдаулыларын өзіне тартты, ол пролетариаттың *бүкіл* авангардын және еңбекшілердің *орасан көпшілігін* өз төңірегіне біріктірді.

Герман коммунистері де осылай болады.

Шейдеманшылдар мен каутскийшілдер әлі де жалпы «демократия» туралы сөз сөйлеумен жүр, олар әлі де 1848 жылғы идеялармен өмір сүруде, олар — сөз жүзінде марксистер, іс жүзінде Луи Бландар. Олар сайлау бюллетеньдерінің теңдігі — қаналғанның қанаушымен,

жұмысшының капиталиспен, кедейдің баймен, аштың тоқпен теңдігі деп ойлап, «көпшілік» туралы сөз етіп жүр.

Шейдеманшылдар мен каутскийшілдерше мейірімді, адал, ізгі, момақан капиталистер байлықтың күшін, ақшаның күшін, капиталдың өктемдігін, бюрократия мен әскери диктатураның езгісін еш уақытта қолданбай, қайта істі «көпшіліктің айтуымен» әділ шешіп келген болып шығады!

Шейдеманшылдар мен каутскийшілдер (бір бөлегі екіжүзділігінен, бір бөлегі ондаған жылдар бойындағы реформистік жұмыстан сіңген асқан топастығынан) істің жайын суреттегенде, капиталистер мемлекеттік істерді капиталдың еркімен емес, байлардың кедейлерді алдайтын, езетін, күштейтін құралдарымен емес, көпшіліктің еркімен шешіп отырады деп суреттеп, буржуазиялық демократияны, буржуазиялық парламентаризмді, буржуазиялық республиканы *боямалап көрсетеді.*

Шейдеманшылдар мен каутскийшілдер пролетарлық революцияны «тануға» әзір, бірақ тек: әуелі капиталдың және байлықтың күшін, өктемдігін, езгісін, пұрсаттылығын *сақтай отырып,* көпшілік (сайлауды өткізетін мемлекеттік өкіметтің буржуазиялық аппараты тұсында) *«революцияны жақтап»* дауыс беретін болсын дейді!! Мұндай көзқарастан аңғарылатын мещандық топастықтың бүкіл тұңғиығын,— капиталистерге, буржуазияға, генералдарға, мемлекеттік өкіметтің буржуазиялық аппаратына мещандық сенгіштіктің (Vertrauensduselei) бүкіл тұңғиығын айтып жеткізу қиын.

Іс жүзінде нақ буржуазия формальды теңдікті «демократия» деп атап, іс жүзінде кедейлерді, еңбекшілерді, ұсақ шаруалар мен жұмысшыларды алдаудың, езгінің, тағы басқалардың шексіз көп тәсілдерімен зорлап, әрқашан екіжүзділік істеп келді. Империалистік соғыс (оны Шейдемандар мен Каутскийлер арсыздықпен боямалап көрсетті) мұны миллиондаған адамдар үшін айқындап берді. Пролетариат диктатурасы дегеніміз еңбекшілерді капиталдың езгісінен, буржуазияның әскери диктатурасының зорлық-зомбылығынан, империалистік соғыстар-

дан қорғаудың *бірден-бір* құралы. Пролетариат диктатурасы дегеніміз *іс жүзінде,* қағаз бетінде емес, қайта өмірде, саяси құрғақ сөзде емес, қайта экономикалық өмір шындығында теңдік пен демократияға қарай жасалған бірден-бір қадам.

Осыны түсінбей, Шейдемандар мен Каутскийлер социализмнің жексұрын опасыздарына және буржуазия идеяларының қорғаушыларына айналды.

* *
*

Каутскийшілдік (немесе «тәуелсіз») партия құрып барады және көп ұзамай сөзсіз құриды, өзінің революцияшыл мүшелерінің бұқарасы мен контрреволюцияшыл «көсемдердің» арасындағы алауыздықтардан азып-тозады.

Коммунистік партия большевизмнің де дәл басынан кешіргеніндей алауыздықтарды (істің мәні жағынан) басынан кешіре отырып нығаяды және шынығады.

Герман коммунистерінің арасындағы алауыздықтар, менің пайымдауымша, «жария мүмкіндіктерді пайдалану» туралы (большевиктердің 1910—1913 жылдары айтқанындай), буржуазиялық парламентті, реакциялық кәсіптік одақтарды, шейдеманшылдар мен каутскийшілдер сиқын кетірген «советтер туралы заңды» (Betriebsratgesetz) пайдалану туралы, осындай мекемелерге қатысу туралы немесе оларға бойкот жасау туралы мәселеге келіп тіреліп отыр.

Біз, орыс большевиктері, дәл осындай алауыздықтарды 1906 және 1910—1912 жылдары бастан кештірдік. Сондықтан біз көптеген жас герман коммунистерінің тек қана революциялық тәжірибесінің жеткіліксіздігін айқын көріп отырмыз. Егер олар бір-екі буржуазиялық революцияны (1905 және 1917) бастан кешірген болса, олар бойкотты соншама сөзсіз уағыздамаған болар еді, ара-тұра синдикализм қателеріне ұрынбаған болар еді.

Бұл — өсуге байланысты қиыншылық. Бұл қиыншылық өте жақсы дамып келе жатқан қозғалыстың өсуіне қарай жойылып кетеді. Ал бұл айқын қателерге қарсы ашық күресу керек, алауыздықтарды асыра көрсетпеуге

тырысу керек, өйткені таяу уақытта пролетариат диктатурасы жолындағы, Совет өкіметі жолындағы күрес бұл алауыздықтардың көбін жоятындығы жұрттың бәріне айқын болуға тиіс.

Маркстік теория тұрғысынан да, үш революцияның (1905, 1917 февраль, 1917 октябрь) тәжірибесі тұрғысынан да мен буржуазиялық парламентке, реакциялық (легиндік, гомперстік, т. с.) кәсіптік одаққа, шейдеманшылдар сиқын кетірген ең реакциялық жұмысшы «советіне», т. с. қатысудан бас тартуды сөзсіз қате деп санаймын.

Кейде, кейбір реттерде, кейбір елдерде бойкот жасау дұрыс болады, мәселен, большевиктердің 1905 жылы патшалық Думаға бойкот жасауы дұрыс болды. Бірақ сол большевиктердің өздері 1907 жылғы анағұрлым реакциялық және тура контрреволюциялық Думаға қатысты. Большевиктер 1917 жылы буржуазиялық Құрылтай жиналысының сайлауына қатысты, ал 1918 жылы мещан демократтардың, Каутскийлердің, социализмнің басқа да ренегаттарының зәресін ұшырып, біз ол жиналысты таратып жібердік. Біз Германияның легиндік, ең пасық және ең реакциялық кәсіптік одақтарынан ешбір кем соқпайтын (контрреволюцияшылдығы жағынан) нағыз меньшевиктік, ең реакциялық кәсіптік одақтарға қатыстық. Біз тіпті қазір, мемлекеттік өкіметті жеңіп алғаннан кейін екі жылдан соң, меньшевиктік (яғни шейдемандық, каутскийлік, гомперстік және басқа) кәсіптік одақтардың қалдықтарына қарсы күресті әлі аяқтаған жоқпыз: бұл соншалықты ұзақ процесс! Кейбір жерлерде немесе кейбір кәсіптерде ұсақ буржуазиялық идеялардың ықпалы соншалықты зор!

Біз бұрын Советтерде азшылық едік, кәсіптік одақтарда, кооперативтерде азшылық едік. Ұзақ еңбек етіп, ұзақ күрес жүргізіп — саяси өкіметті жеңіп алмастан *бұрын* да, оны жеңіп алғаннан *к е й і н д е* — біз *барлық* жұмысшы ұйымдарында, кейін жұмысшы еместердің ұйымдарында да, одан соң ұсақ шаруалардың ұйымдарында да көпшілікке ие болып алдық.

Буржуазияның езгісі астында, жалдама құлдықтың езгісі астында жүргізілетін дауыс беру жағдайында про-

летариат әуелі көпшілікті өзіне қаратып алуға тиіс, содан соң барып өкіметті жеңіп алуға тиіс деп тек пасықтар ғана немесе ақымақтар ғана ойлай алады. Бұл — барып тұрған топастық немесе екіжүзділік, бұл — тап күресі мен революцияны ескі құрылыс тұсындағы, ескі өкімет тұсындағы дауыс берумен алмастырушылық.

Пролетариат өзінің таптық күресін жүргізгенде,— стачканың әбден ойдағыдай болуы үшін еңбекшілер көпшілігінің (ал олай болса, халық көпшілігінің де) тілектестігі керек болып тұрса да,— стачканы бастау үшін дауыс беруді күтіп отырмайды. Пролетариат өзінің таптық күресін жүргізгенде буржуазияны құлата отырып жүргізеді, бұл ретте ешқандай алдын ала (және буржуазия жүргізетін, оның езгісі астында өтетін) дауыс беруді күтпейді, соның өзінде пролетариат өз революциясының ойдағыдай болуы үшін, буржуазияны ойдағыдай құлату үшін еңбекшілер көпшілігінің (ал олай болса, халық көпшілігінің де) тілектестігі *сөзсіз қажет* екенін өте жақсы біледі.

Парламенттік кретиндер мен қазіргі Луи Блапдар еңбекшілердің әлгі көпшілігінің тілектестігін анықтау үшін міндетті түрде дауыс беруді және міндетті түрде буржуазия өткізетін дауыс беруді «талап етеді». Бірақ бұл педанттардың, өлексөлердің немесе жылпос алдаушылардың көзқарасы.

Нақты өмір, шын революциялардың тарихы «еңбекшілер көпшілігі тілектестігінің» екінің бірінде ешқандай дауыс берумен (қанаушының қаналушымен «теңдігі» тұсында қанаушылар жүргізетін дауыс беруді айтпағанның өзінде!) дәлелдене алмайтынын көрсетеді. Екінің бірінде «еңбекшілер көпшілігінің тілектестігі» жалпы алғанда дауыс берумен *емес*, қайта партиялардың біреуінің өсуімен, немесе оның Советтердегі мүшелерінің санының өсуімен, немесе жекелеген, бірақ әйтеуір бір себептен аса зор маңызға ие болған стачканың табысымен, не болмаса азамат соғысындағы табыспен, т. т. және т. с. дәлелденеді.

Біздің революцияның тарихы, мысалы, мынаны көрсетті: Урал мен Сибирьдің кең-байтақ жерлерінде еңбекшілердің көпшілігі тарапынан пролетариат диктатура-

сына тілектестік дауыс беру арқылы емес, патша генералы Колчактың Урал мен Сибирьге бір жыл өктемдік жүргізуінің тәжірибесі арқылы аңғарылды. Және де Колчактың өкіметі де шейдеманшылдар мен каутскийшілдердің (орысша: «меньшевиктер» мен «социалист-революционерлердің», Құрылтай жиналысын жақтаушылардың) «коалициясының» өкіметінен басталды, сол сияқты қазір Германияда Гаазе мен Шейдеман мырзалар өздерінің «коалициясы» арқылы фон Гольцтің немесе Людендорфтың өкіметіне жол ашып жатыр және бұл өкіметті бүркемелеуге, боямалап көрсетуге тырысып отыр. Жақша ішінде айта кету керек: Гаазе мен Шейдеманның үкіметтегі коалициясы бітті, бірақ социализмнің бұл сатқындарының саяси коалициясы қалып қойды. Дәлел: Каутскийдің кітаптары, Штампфердің «Vorwärts»-тегі мақалалары, каутскийшілдер мен шейдеманшылдардың өздерінің «бірігуі» туралы мақалалары және тағы басқалары.

Еңбекшілердің орасан көпшілігінің өзінің авангардына — пролетариатқа деген тілектестігінсіз және қолдауынсыз пролетарлық революция жасалуы мүмкін емес. Бірақ бұл тілектестік, бұл қолдау бірден жасалмайды, дауыс беру арқылы шешілмейді, қайта оған ұзақ, қиын, ауыр таптық күрес арқылы *қол жетеді*. Пролетариаттың еңбекшілер көпшілігінің тілектестігі *жолындағы*, қолдауы *жолындағы* таптық күресі пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуымен аяқталмайды. Өкімет жеңіп алынғаннан *кейін* бұл күрес тек *өзге* формаларда *жалғастырылады*. Орыс революциясында пролетариат үшін (оның өз диктатурасы жолындағы күресінде) жағдайлар өте қолайлы болды, өйткені пролетарлық революция бүкіл халық қаруланған кезде және барлық шаруалар помещиктер өкіметін құлатуды тілеген кезде, барлық шаруалар социал-сатқындардың, меньшевиктер мен социалист-революционерлердің «каутскийшілдік» саясатына ашынған кезде болды.

Тіпті Россияның өзінде де, пролетарлық революция кезінде жағдай айрықша қолайлы болған, бірден-ақ бүкіл пролетариаттың, бүкіл армияның, барлық шаруалардың аса көрнекті бірігуі іске асқан Россияның өзінде де

өз диктатурасын жүзеге асырып жатқан пролетариаттың күресі, пролетариаттың еңбекшілер көпшілігінің тілектестігі жолындағы, қолдауы жолындағы күресі айлар мен жылдарға созылды. Екі жылдың ішінде бұл күрес пролетариаттың пайдасына аяқталды дерлік, бірақ әлі де әбден аяқталып болған жоқ. Біз екі жылдың ішінде ғана Великороссияның, соның ішінде Урал мен Сибирьдің, жұмысшылары мен шаруаларының басым көпшілігінің тілектестігі мен қолдауына біржолата ие болдық, бірақ Украинаның еңбекші шаруалары көпшілігінің (қанаушы-шаруалардан өзгеше) тілектестігі мен қолдауына ие болуды әлі де аяқтаған жоқпыз. Антантаның соғыс қуаты бізді жаныштай *алады* (дегенмен де жаныштай алмайды), ал Россияның *ішінде қазір* бізді еңбекшілердің соншама зор көпшілігінің берік тілектестігі жақтап отыр — дүние жүзі бұдан артық демократиялық мемлекетті әлі көрген емес.

Егер пролетариаттың өкімет үшін күресінің осы күрделі, қиын, ұзақ тарихына, формалардың өте-мөте әр түрлілігіне, шұғыл өзгерістердің, бұрылыстардың, күрестің бір формасынан екінші формасына өтудің шамадан тыс көптігіне толы тарихына ой жіберіп көрген адамға буржуазиялық парламентке, реакциялық кәсіптік одақтарға, жұмысшы старосталарының патшалық немесе шейдемандық комитеттеріне немесе заводтық Советтерге, тағысын-тағы сондайларға қатысуға «тыйым салғысы» келетіндердің қатесі айқын болады. Бұл қате жұмысшы табынан шыққан ең адал, кәміл сенімді, қаһарман революционерлердің революциядағы тәжірибесіздігінен туып отыр. Сондықтан Карл Либкнехт пен Роза Люксембург мың мәрте дұрыс істеді: олар 1919 жылы январьда бұл қатені көрді, оны атап көрсетті, алайда социализм сатқындарымен — буржуазиялық парламентке қатысу туралы мәселе жөнінде қателеспеген, бірақ социалист болудан қалған, мещан демократтарға, буржуазияның қолжаулығына айналып кеткен шейдеманшылдармен және каутскийшілдермен бірге болудан гөрі оншама маңызды емес мәселе жөнінде қателесіп отырған пролетарлық революционерлермен бірге болуды артық санады.

Бірақ дегенмен қате қате болып қала береді және оны сынау керек, оны түзеу жолында күресу керек.

Социализм сатқындарына — шейдеманшылдар мен каутскийшілдерге қарсы күрес аяусыз күрес болуға тиіс, бірақ ол буржуазиялық парламенттерге, реакциялық кәсіптік одақтарға, т. с. қатысуды жақтау немесе қатысуға қарсы болу бағытында жүргізілмеуге тиіс. Мұның өзі сөзсіз қате болар еді, ал марксизм идеяларынан және оның практикалық бағытынан (бір орталыққа бағындырылған, берік саяси партия) синдикализмнің идеялары мен практикасына қарай шегіну одан да үлкен қате болар еді. Мынаған ұмтылу керек: партия буржуазиялық парламенттерге де, реакциялық кәсіптік одақтарға да, шейдемандарша күзелін, шұнтитылған «заводтық Советтерге» де қатысатын болсын, жұмысшылары бар, жұмысшыларға сөз айтуға болатын, жұмысшы бұқарасына ықпал жасауға болатын жердің бәріне қатысатын болсын. Қайткен күнде де құпия жұмысты жария жұмыспен ұштастырып отыру керек, құпия партияның, оның *жұмысшы* ұйымдарының жария қызметті өте қатаң бақылауын үнемі және үздіксіз жүзеге асырып отыру керек. Бұл оңай емес,— бірақ жалпы алғанда пролетарлық революцияның «оңай» міндеттері, «оңай» күрес құралдары жоқ және болуы мүмкін де емес.

Осы қиын міндетті қайткен күнде де орындау керек. Біздің шейдеманшылдар мен каутскийшілдерден айырмашылығымыз — олардың қарулы көтерілісті мойындамайтындығында, ал біздің мойындайтындығымызда ғана емес (және бастысы да мұнда емес). Басты және түбегейлі айырмашылық мынада: олар *барлық* жұмыс салаларында (буржуазиялық парламенттерде де, кәсіптік одақтарда да, кооперативтерде де, журналистикада да, т. т.) дәйексіз, оппортунистік немесе тіпті тура опасыздық және сатқындық саясат жүргізіп отыр.

Социал-сатқындарға қарсы, реформизм мен оппортунизмге қарсы — міне осы саяси бағытты *барлық* күрес салаларының бәрінде жүргізуге болады және жүргізу керек. Сонда біз жұмысшылар бұқарасын өз жағымызға қаратып аламыз. Ал пролетариаттың авангарды, бір ор-

талыққа бағындырылған маркстік саяси партия жұмысшылар бұқарасымен бірге халықты сенімді жолмен жеңімпаз пролетариат диктатурасына қарай, буржуазиялық демократияның орнына пролетарлық демократияға қарай, Совет республикасына қарай, социалистік құрылысқа қарай бастайды.

Үшінші Интернационал бірнеше айдың ішінде бұрынсоңды болып көрмеген бірқатар тамаша жеңістерге жетті. Оның өсу шапшаңдығы ғажап. Жекелеген қателер, өсуге байланысты қиыншылықтар қорқынышты емес. Оларды тура және ашық сынай отырып, біз мынаған жетеміз: барлық мәдениетті елдердің маркстік тәрбие алған жұмысшы бұқарасы *барлық* ұлттардың социализмді сатып кеткен шейдеманшылдары мен каутскийшілдерін (ал бұл типтер барлық ұлттарда бар) көп кешікпей өз араларынан қуып шығады.

Коммунизмнің жеңуі сөзсіз. Коммунизм жеңіп шығады.

10 октябрь, 1919.

1919 ж. октябрьде «Коммунистический Интернационал» журналының 6-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ПАРТИЯЛЫҚ АПТА

Москвада партиялық апта[88] Совет өкіметі үшін қиын кезеңмен тұспа-тұс келді. Деникиннің табыстары помещиктердің, капиталистердің және олардың достарының тарапынан заговорлардың қатты күшеюіне, буржуазияның үрей туғызуға, Совет өкіметінің беріктігін әр түрлі амалдармен әлсіретуге жанталасып бағуына себепкер болды. Ауытқушы, солқылдақ, санасыз тоғышарлар, ал олармен бірге интеллигенттер, эсерлер, меньшевиктер, әдеттегідей, бұрынғыдан да солқылдақ болып, өздерін капиталистердің қорқытуына бірінші болып жол берді.

Ал мен Москвада партиялық аптаның қиын кезеңмен тұспа-тұс келуін біз үшін көбірек тиімді деп санаймын, өйткені іс үшін пайдалырақ. Бізге партиялық апта дақпырт үшін керек емес. Партияның жалған мүшелерінің бізге текке де керегі жоқ. Мүшелерінің санын көбейтудің емес, қайта олардың сапасын арттырудың, партияны «көлденеңнен қосылғандардан» тазартуды ойластырып отырған дүние жүзіндегі бірден-бір үкіметтік партия — біздің партиямыз, революцияшыл жұмысшы табының партиясы. Біз әлгі «көлденеңнен қосылғандарды» қуып шығу үшін, партияда тек саналы және коммунизмге шын берілген адамдарды ғана қалдыру үшін бірнеше рет партия мүшелерін қайта тіркеу жұмысын жүргіздік[89]. Біз үкіметтік партия мүшесі жағдайының тимділігін «пайдаланып қалуды» көздейтіндерден, коммунизмнің пайдасына жанқиярлық жұмыс істеудің ауыртпалықтарын көтергісі келмейтіндерден партияны тазар-

ту үшін майданға мобилизациялауды да, сенбіліктерді де пайдаландық.

Сөйтіп қазір, майданға мобилизациялау күшейтіле түскен кезде, партиялық аптаның бір жақсы жері — ол көлденеңнен қосылғысы келетіндерді қызықтырмайды. Партияға біз тек қатардағы жұмысшылар мен ең кедей шаруаларды ғана, жалдап-шаруаларды *емес,* еңбеккер-шаруаларды ғана көптеп шақырып отырмыз. Біз мұндай қатардағы мүшелерге партияға кіруден пәлендей пайда көресің демейміз және ешқандай уәде бермейміз. Мұның керісінше, партия мүшелеріне қазір әдеттегіден анағұрлым ауыр және анағұрлым қауіпті жұмыс жүктеледі.

Осылай болғаны жақсы. Партияға коммунизмді шын жүректен жақтаушылар ғана, жұмысшы мемлекетіне ар-ожданымен берілгендер ғана, адал еңбеккерлер ғана, капитализм тұсында езілген бұқараның нағыз өкілдері ғана кіреді.

Бізге тек осындай партия мүшелері ғана керек.

Бізге жаңа партия мүшелері жарнама үшін емес, шындап жұмыс істеу үшін керек. Біз партияға соларды шақырамыз. Еңбекшілерге біз партияның есігін кең ашып отырмыз.

Совет өкіметі — капиталдың езгісін толық құлату жолында күресіп жатқан еңбекшілер өкіметі. Бұл күреске бірінші болып қалалар мен фабрикалы орталықтардың жұмысшы табы көтерілді. Ол бірінші жеңіске жетіп, мемлекеттік өкіметті жеңіп алды.

Ол өзіне шаруалардың көпшілігін қосып отыр. Өйткені капиталдың жағына, буржуазияның жағына еңбеккер-шаруа емес, саудагер-шаруа, жалдап-шаруа ғана бой ұрады.

Ең жетілген, ең саналы жұмысшылар, Питер жұмысшылары, Россияны басқару үшін бәрінен де гөрі көп күш жұмсады. Ал біз еңбекшілер бұқарасының мүдделеріне берілген және басшылық жұмысқа қабілетті адамдардың қатардағы жұмысшылар мен шаруалар арасында өте-мөте көп екенін білеміз. Олардың арасында ұйымдастырушылық және әкімшілік таланттар толып жатыр; бұларға капитализм жол бермей келді, ал біз

бұлардың көтерілуіне және социализм орнату жұмысын қолға алуына барынша көмектесіп отырмыз және көмектесуге тиістіміз. Осы жаңа, қарапайым, көрінбей жүрген таланттарды табу оңай емес. Помещиктер мен капиталистер ғасырлар бойы басып-жаншып, қорқытып келген қатардағы жұмысшылар мен шаруаларды мемлекеттік жұмысқа тарту оңай емес.

Бірақ жұмысшы табынан, еңбекші шаруалардан жаңа күштерді молырақ алып отыру үшін біздің нақ осы қиын жұмысты жүргізуіміз керек, міндетті түрде жүргізуіміз керек.

Жолдастар, партияда жоқ жұмысшылар мен еңбекші шаруалар, партияға кіріңдер! Біз сіздерге бұдан пайда түседі деп дәмелендірмейміз, біз сіздерді қиын жұмысқа, мемлекеттік құрылыс жұмысына шақырып отырмыз. Егер сіздер коммунизмді шын жақтайтын болсаңыздар, осы жұмысты батылырақ қолға алыңыздар, оның жаңа және қиын жұмыс екендігінен қорықпаңыздар, бұл жұмысты қазыналық білімді меңгерген адам ғана атқара алады деген ескі соқыр сенімнен жасқанбаңыздар. Ол өтірік. Социализм орнату жұмысына барған сайын көп көлемде қатардағы жұмысшылар мен еңбеккер-шаруалар басшылық ете алады және басшылық етуге тиіс.

Еңбекшілер бұқарасы біздің жағымызда. Біздің күшіміз осында. Бүкіл дүние жүзілік коммунизмнің жеңілмейтіндігінің қайнар көзі осында. Жаңа өмір орнатуға өздігінен қатысу үшін бұқарадан партия қатарына жаңа қызметкерлерді көбірек алу керек — барлық қиыншылықтарға қарсы күресте біз қолданатын тәсіл осы, бізді жеңіске жеткізетін жол осы.

11. X. 1919.

«Правда» № 228 және «Известия ВЦИК» № 228, 12 октябрь, 1919 ж. Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

АУҒАННЫҢ ТӨТЕНШЕ ЕЛШІСІ МУХАММЕД ВАЛИ-ХАНМЕН 1919 ж. 14 ОКТЯБРЬДЕГІ ӘҢГІМЕ[90]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Ленин жолдас елшіні өзінің жұмыс кабинетінде мына сөздермен қарсы алды: «Азап шегіп және империалистік езгіге қарсы күрес жүргізіп жатқан, бізге дос ауған халқының өкілін жұмысшы-шаруа үкіметінің қызыл астанасында көргеніме өте қуаныштымын». Бұған елші былай деп жауап қайырды: «Мен Сізге достық қолымды созып, Сіз бүкіл Шығыстың европалық империализм езгісінен құтылуына көмектесесіз деп сенемін». Сонан соң басталған әңгіме кезінде Ленин жолдас: Совет өкіметі, еңбекшілер мен езілгендер өкіметі, нақ ауған төтенше елшісінің айтқандарына ұмтылады, бірақ мұсылман Шығысы мұны түсініп, ұлы азаттық соғысында Советтік Россияға көмектесуі қажет деді. Бұған елші: мұсылман Шығысының мұны түсінгеніне және европалық империализмге Шығыста орын жоқ екенін бүкіл дүние жүзі көп ұзамай көретініне кәміл сендіре аламын деп жауап берді.

Сонан соң елші орнынан тұрды да: «Еркіндік алған орыс пролетариаты үкіметінің басшысына өз әміршімнің хатын тапсыруды өзіме абырой деп білемін және ауған үкіметінің айтқандарына Совет өкіметі назар аударады деп сенемін» деген сөздерді айтып, Ленин жолдасқа әмирдің хатын табыс етті. Ленин жолдас бұл хатты асқан қанағаттанғандықпен қабыл алатынын және Ауғанстанның назар аударып отырған мәселелерінің бәріне таяу уақытта жауап беруге уәде ететінін айтып жауап қайырды[91].

«Правда» № 232
және «Известия ВЦИК» № 232,
17 октябрь, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

МОБИЛИЗАЦИЯЛАНҒАН КОММУНИСТ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ АЛДЫНДА ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫ МОСКВА СОВЕТІНІҢ БАЛКОНЫНАН 1919 ж. 16 ОКТЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ХРОНИКЕРЛІК ЖАЗБА

(Ленин көрінгенде жұрт оны қатты қол шапалақтап қарсы алды.) Жолдастар! Біздің шақыруымызға тағы да үн қосып, жұмысшы-шаруа республикасын қорғау үшін өздерінің ең таңдаулы күштерін берген Ярославль және Владимир губернияларының жұмысшыларын құттықтауыма рұқсат етіңіздер. Сіздер патша генералы Дениканнің Орелды алып, Юденичтің қызыл Питерге қатер туғызып, қандай жаңа және қатерлі қауіп төндіріп отырғанын газеттерден білесіздер, біз ештеңені жасырмай, газеттерде барлық шындықты жазып отырмыз. Бірақ біз бұл қауіпке, әрқашандағыдай, именбей қарап, оған қарсы күресіп жатырмыз, біз саналы пролетариат пен еңбекші шаруаларды өз жеңістерін жан-тәнімен қорғауға шақырып отырмыз.

Жағдай өте ауыр. Бірақ біз түңілмейміз, өйткені Совет республикасы үшін қиын жағдай туғанда әрдайым жұмысшылар ерліктің кереметтерін көрсететінін, өздерінің үлгісімен әскерлерді серпілтіп, жігерлендіретінін және оларды жаңа жеңістерге бастайтынын біз білеміз.

Бүкіл дүние жүзінде, барлық елдерде түгел, революциялық қозғалыс, біздің тілегімізден гөрі баяуырақ болса да, үздіксіз өсіп келе жатқанын біз білеміз. Сондай-ақ біз бүкіл дүние жүзінде жұмысшы табының жеңуі қамтамасыз етілгенін де білеміз.

Россияның беріп отырған құрбандықтары қаншалықты ауыр болса да, ол қаншама азап шегіп, қалжыраса да, ол барлық жұмысшылардың ісі үшін қажырлы күрес

жүргізіп отыр. Империалистер тағы да бір-екі республиканы басып-жаныштай алар, бірақ олар дүние жүзілік империализмді құтқара алмайды, өйткені оның күні санаулы, өйткені оны болашақ социализм жермен жексен етеді.

Міне сондықтан, Владимир және Ярославль губернияларының жұмысшылары, сіздерді өздеріңіздің жеке бастарыңыздың үлгісімен Қызыл Армияның рухын көтересіздер және оны жеңіске бастайсыздар деген кәміл сеніммен құттықтаймын.

Жұмысшылар мен шаруалар жасасын!

Бүкіл дүние жүзілік жұмысшы республикасы жасасын!

«Правда» № 232
және «Известия ВЦИК» № 232,
17 октябрь, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАДТЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРІНЕ

Жолдастар! Шешуші кезең басталды. Патша генералдары Англияның, Францияның, Американың капиталистерінен тағы да керек-жарақ пен соғыс жабдығын алды, помещиктердің балаларынан құралған бандалармен, қызыл Питерді алуға тағы да әрекет жасап отыр. Жау бітім туралы Эстляндиямен келіс сөздер жүргізіліп жатқан кезде келіп тиісті, бұл келіс сөздерге сеніп қалған біздің қызыл әскерлерімізге тиісті. Шабуылдың осы опасыздық сипаты — жаудың тез табысқа жетіп отырғандығының бір себебі. Жау Красное Селоны, Гатчинаны, Вырицаны алды. Питерге баратын екі темір жол кесіліп тасталды. Питерді аштықпен алу үшін жау үшінші жолды — Николай жолын және төртінші жолды — Вологда жолын кесіп тастауға ұмтылып отыр.

Жолдастар! Петроградтың басына қандай зор қатердің төнгенін бәріңіз де көріп, біліп отырсыздар. Бірнеше күннің ішінде Петроградтың тағдыры шешіледі, ал мұның өзі Россиядағы Совет өкіметі тағдырының жартысы шешіледі деген сөз.

Петроград жұмысшылары мен қызыл әскерлеріне олардың борышы туралы менің айтып жатуымның қажеті жоқ. Бүкіл дүние жүзінің буржуазиясына қарсы жүргізілген, қиыншылықтары жағынан теңдесі жоқ және жеңіске жетуі жағынан теңдесі жоқ советтік күрестің бүкіл екі жылдық тарихы бізге Питер жұмысшыларының тарапынан борышты орындаудың үлгісін көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар асқан ерлік-

тің, дүние жүзінде болып көрмеген революциялық ынта-жігер мен жанқиярлықтың үлгісін де көрсетті.

Жолдастар! Петроградтың тағдыры шешілгелі жатыр! Жау бізді қапылыста алып қоймақшы болып отыр. Оның күші әлсіз, тіпті мардымсыз, ол — шапшаңдығымен, офицерлерінің арсыздығымен, жабдық және қару-жарақ техникасымен күшті. Питерге көмек таяуда жетеді, біз бұл көмекті жөнелттік. Біз жаудан анағұрлым күштіміз. Бір тамшы қан қалғанша шайқасыңыздар, жолдастар, әрбір сүйем жер үшін табан тіресіп тұрыңыздар, ақырына дейін табанды болыңыздар, жеңіс алыс емес! біз жеңіп шығамыз!

В. Ульянов (Ленин)

17/X.

«Петроградская Правда» № 237. 19 октябрь, 1919 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ЖОЛДАСТАРҒА

Қызыл әскер жолдастар! Патша генералдары — солтүстікте Юденич, оңтүстікте Деникин — Совет өкіметін жеңуге, патшаның, помещиктер мен капиталистердің өкіметін қайта орнатуға тағы да күш салып жатыр.

Колчактың дәл осындай әрекетінің немен біткенін біз білеміз. Ол Урал жұмысшылары мен Сибирь шаруаларын ұзақ алдай алмады. Алдаушылықты көріп, офицерлердің, помещик пен капиталист балаларының шексіз зорлық-зомбылығын, ұрып-соғуын, тонаушылығын бастан кешіріп, Урал жұмысшылары мен Сибирь шаруалары біздің Қызыл Армияның Колчакқа соққы беруіне көмектесті. Оренбург казактары ашықтан-ашық Совет өкіметінің жағына шықты.

Міне сондықтан біз Юденич пен Деникинді жеңіп шығатынымызға кәміл сенеміз. Олар патшалық және помещиктік өкіметті қайта орната алмайды. Бұлай болмақшы емес! Шаруалар қазірдің өзінде-ақ Деникиннің тылында көтеріліс жасап жатыр. Кавказда Деникинге қарсы көтеріліс жалыны лаулай түсті. Помещиктер мен ағылшындарға пайдалы деникиндік зорлық-зомбылық пен тонаушылыққа наразы болып отырған Кубань казактары реніш білдіріп, толқи бастады.

Берік болайық, қызыл әскер жолдастар! Жұмысшылар мен шаруалар барған сайын топтасып, барған сайын зор саналылықпен, барған сайын батыл түрде Совет өкіметінің жағына шығып жатыр.

Алға! қызыл әскер жолдастар. Жұмысшы-шаруа өкіметі үшін, помещиктерге қарсы, патша генералдарына қарсы шайқасқа шығыңыздар! Біз жеңіп шығамыз!

Н. Ленин

19. X. 1919.

«Красноармеец» № 10—15, 1919 ж. (мерекелік номер)

Қолжазба бойынша басылып отыр

МОСКВАДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ АПТАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ БІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІМІЗ

Москвада партиялық аптаның кезінде партияға 13 600 адам жазылды.

Бұл — мүлдем күтпеген, зор табыс. Бүкіл буржуазия және әсіресе қалалық ұсақ буржуазия, соның ішінде өздерінің пұрсатты, «мырзалық» жағдайынан айрылғанын уайымдайтын мамандар, чиновниктер, қызметшілер,— осы жұрттың бәрі дәл соңғы кезде, дәл Москвадағы партиялық апта уақытында үрей туғызуға, Совет өкіметі көп ұзамай құриды, Деникин таяуда жеңеді деп сәуегейлік етуге жанталасып-ақ бақты.

Осы «интеллигенттік» жұрт үрей туғызудың бұл қаруын қандай тамаша шеберлікпен пайдалана біледі десеңізші! Өйткені мұның өзі буржуазияның пролетариатқа қарсы таптық күресінде нағыз қаруға айналды. Біздің бастан кешіріп отырғанымыздай кезеңдерде ұсақ буржуазия «реакцияшыл бір топ» болып, буржуазиямен қосылып кетеді де, әлгі қаруға «құштарлана» жармасады.

Нақ Москвада, сауда элементі өте-мөте күшті болған, қанаушылар, помещиктер, капиталистер, рантье бәрінен де көп шоғырланған, капиталистік даму буржуазиялық интеллигенция тобының басын қосқан, орталық мемлекеттік басқарма чиновниктерді өте көп топтастырған нақ осы Москвада буржуазияның өсек таратуы үшін, буржуазияның табалауы үшін, буржуазияның үрей туғызуы үшін жағдай өте-мөте қолайлы болды. Деникин мен Юденичтің сәтті шабуылының

«кезеңі» бұл буржуазиялық құралдың «табысты болуына» өте-мөте қолайлы жағдай туғызды.

Солай бола тұрса да, Дениканнің «табыстарын» көрген және дәл қазір коммунист деген атақпен, оның қызметімен байланысты барлық қиындықтарды, ауыртпалықтарды, қауіптерді білген пролетарлық бұқараның арасынан коммунистер партиясын нығайту үшін, мемлекеттік басқарудың соншама адам айтқысыз ауыр бейнетін өз міндетіне алу үшін мың-мыңдаған адамдар бел байлап отыр.

Совет өкіметінің табысы, біздің партиямыздың табысы өте тамаша!

Бұл табыс астана халқына, одан соң бүкіл республикаға да, бүкіл дүние жүзіне де Совет өкіметінің күштілігі мен беріктігінің ең сенімді қайнар көзі пролетариаттың нақ қалың ортасында, нақ еңбекшілер бұқарасының нағыз өкілдерінің арасында жатқанын дәлелдеп, айқын көрсетті. Партияға ерікті түрде жазылуды осылай табысты етуде пролетариат диктатурасы, ең үлкен қиыншылықтар мен қауіптер кезінде, өзін жаулардың қасақана көргісі келмейтін *жағынан* және капиталдың езгісінен еңбекті азат етудің шын достары бәрінен де жоғары бағалайтын *жағынан* көрсетті, атап айтқанда пролетариаттың (мемлекеттік өкіметті иеленіп отырған пролетариаттың) бұқараға *моральдық* (сөздің ең жақсы мағынасында) ықпал жасауының ерекше күші жағынан, бұл ықпал жасаудың *әдістері* жағынан іс жүзінде көрсетті.

Пролетариаттың алдыңғы қатарлы топтары, мемлекеттік өкіметті өз қолдарында ұстай отырып, аттай екі жылдың ішінде (біздің саяси дамуымыздың айрықша шапшаң қарқыны үшін ұзақ мерзім) еңбекшілердің мүдделеріне сондай берілгендіктің, еңбекшілердің жауларына қарсы (жалпы алғанда қанаушыларға, жеке алғанда, «меншікшілер» мен жалдаптарға қарсы) күресте сондай жігерліліктің, ауыр кезеңдерде сондай табандылықтың, бүкіл дүние жүзілік империализмнің қарақшыларына тойтарыс беруде сондай жанқиярлықтың *үлгісін* еңбекшілер бұқарасына өз өнегесімен көрсеткендігі сонша, жұмысшылар мен шаруалардың өз

авангардына деген *тілектестік* күшінің *бір өзі кереметтер жасай* алатын болып шықты.

Өйткені бұл — керемет: аштықтың, жалаңаштықтың, бүліншіліктің, күйзелушіліктің адам естімеген азаптарын бастан кешірген жұмысшылар өздерінің бүкіл рухының көтеріңкілігін, Совет өкіметіне барынша берілгендігін, бүкіл жанқиярлық және ерлік жігерін сақтап қана қойған жоқ, сонымен қатар, өздерінің күллі даярлықсыздығына және тәжірибесіздігіне қарамастан, мемлекеттік корабльді басқарудың ауыр бейнетін өз міндетіне алып отыр! Ал мұның өзі дауылдың долдана күшейген кезінде болып отыр...

Біздің пролетарлық революцияның тарихы осындай кереметтерге толы. Кейбір ауыр сындар қандай болса да, мұндай кереметтер бүкіл дүние жүзілік Совет республикасының толық жеңуіне жеткізеді, сөзсіз жеткізбей қоймайды.

Біз қазір партияның жаңа мүшелерін *дұрыс* пайдалануды ойластыруымыз керек. Бұл міндетке ерекше көп көңіл бөлу керек, өйткені бұл оңай міндет емес, бұл — жаңа міндет және мұны бұрынғы ескі әдістермен шешуге болмайды.

Капитализм жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың арасындағы толып жатқан таланттарды тұншықтырып, жапыштап, тұқыртып келді. Бұл таланттар мұқтаждықтың, қайыршылықтың, адамның жеке басын қорлаушылықтың езгісінен құрып кетіп отырды. Ендігі жерде біздің борышымыз — сол таланттарды тауып, оларды жұмысқа орналастыра білу. Партияның партиялық апта кезінде кірген жаңа мүшелерінің көпшілігі, күмән жоқ, тәжірибесіз және мемлекетті басқару ісіне шорқақ. Бірақ бұлар — капитализм қасақана *төменде* ұстап келген, «төменгі» топтар етіп келген, жоғары көтерілуіне жол бермей келген қоғамдық топтардан шыққан ең сенімді, ең адал, ең қабілетті адамдар екендігіне де күмән жоқ. Ал бұлардың бойында тың күш, соны жігер, алғырлық, шымырлық, шыншылдық басқалардағыдан гөрі *көп*.

Бұдан шығатын қорытынды: барлық партия ұйымдары партияның осы жаңа мүшелерін пайдалануды ерек-

ше ойластыруға тиіс. Оларға мүмкіндігіне қарай неғұрлым алуан түрлі мемлекеттік жұмысты *батылырақ* беру керек, оларды практикада тезірек сыннан өткізу керек.

Әрине, батылдық дегенді жаңа адамдарда жоқ білімдерді керек ететін жауапты қызмет орындарын сол жаңа адамдарға *бірден* бере салу деп түсінуге болмайды. Батылдық бюрократизмге қарсы күресу мағынасында керек: біздің партиялық программаның бюрократизмнің біраз қайта тууының себептері туралы және оған қарсы күресу шаралары туралы мәселені барынша айқын қойып отырғаны тегін емес. Батылдық, біріншіден, халық бұқарасының жағдайын, олардың мұқтажын, олардың талаптарын жақсы білетін партияның жаңа мүшелері тарапынан қызметшілерге, чиновниктерге, мамандарға *бақылау* орнату мағынасында керек. Батылдық бұл жаңа адамдардың құлаш сермеулеріне және өздерін *кең көлемді* жұмыста көрсетулеріне *дереу* мүмкіндік беру мағынасында керек. Батылдық дағдылы ескі әдістерді бұзу мағынасында керек (өттең!- кейде орнап қалған советтік ескі әдістерге қол сұғудан тым қорқушылық бізде де жиі байқалады, бірақ бұл ескі әдістерді кейде саналы коммунистер емес, қайта бұрынғы чиновниктер мен қызметшілер «орнатады»); батылдық партияның жаңа мүшелерін сынақтан тезірек өткізу үшін және оларға тезірек тиісті орын табу үшін олардың жұмысының түрін революциялық шапшаңдықпен өзгертіп отыруға әзір тұру мағынасында керек.

Көп ретте партияның жаңа мүшелерін бұл партия мүшелері бұрынғы чиновниктердің өз міндеттерін қаншалықты адал ниетпен орындайтынын бақылай отырып, істі тез үйреніп алатындай және оны өздігінен алып кететіндей қызметтерге қоюға болады. Басқа реттерде оларды, бір жағынан, жұмысшы және шаруа бұқарасын, екінші жағынан, мемлекеттік аппаратты жалғастыратын тікелей байланысты жаңартып, тыңайтатындай қызметтерге қоюға болады. Біздің өнеркәсіптік «бас басқармалар мен орталықтарда», біздің егіншілік «совет шаруашылықтарында» Совет өкіметіне

әр түрлі зиян келтіруші саботажшылар, жасырынып жүрген помещиктер мен капиталистер әлі көп, тым көп қалып отыр. Орталықтағы және жергілікті жерлердегі тәжірибелі партия қызметкерлерінің өнері осы кеселге қарсы батыл күресу үшін жаңа тың партиялық күштерді барынша пайдаланудан көрінуге тиіс.

Совет республикасы барынша күш жұмсайтын, бұл күштерді барынша үнемдейтін, қандай болса да қағазбастылықты, қандай болса да керексіз формалистиканы барынша азайтатын, аппаратты барынша оңайлатып, оны бұқараның мұқтажына ғана емес, сонымен қатар бұқараны түсінуге де, бұқараның бұл аппаратқа өздігінен қатысуына да барынша жақындататып біртұтас әскери лагерьге айналуға тиіс.

Партияның байырғы мүшелерін әскери жұмысқа мобилизациялау күшті жүргізіліп отыр. Бұл жұмысты ешбір бәсеңдетпеу керек, қайта күшейткен үстіне күшейте беру керек. Бірақ, сонымен бірге, соғыста табысқа жету мақсатымен өзіміздің азаматтық басқару аппаратымызды жақсартып, оңайлатып, тыңайтып отыру керек.

Кімнің резервтері көп болса, күш алатын қайнары көп болса, халықтың қалың ортасында ұстамдылығы көп болса, соғыста сол жеңеді.

Бізде осының бәрі ақтардікінен көп, «бүкіл дүние жүзілік-құдіретті» ағылшын-француз империализмінікінен, осынау дәрменсіз дәудікінен көп. Бізде бұл көп, өйткені біз жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың арасынан, капитализм езіп келген және барлық жерде халықтың басым көпшілігі болып отырған таптардың қалың ортасынан барған сайын көп күш аламыз және әлі ұзақ уақыт күш ала береміз. Біз осынау өте аумақты резервуардан күш аламыз, өйткені ол бізге жұмысшылар мен шаруалардың ең адал, тұрмыстың ауыртпалықтарын көріп мейлінше шыныққан, социализм орнату ісінде соларға ең жақын тұрған көсемдерін беріп отыр.

Біздің жауларымызда, орыс буржуазиясында да, бүкіл дүние жүзілік буржуазияда да, бұл резервуарға тіпті титтей де болса ұқсас ештеңе жоқ, олардың табан

тірерлік негізі барған сайын шайқала түсіп отыр, олардан жұмысшылар мен шаруалар арасындағы өздерінің бұрынғы жақтастары барған сайын безіп жатыр.

Міне сондықтан, сайып келгенде, бүкіл дүние жүзілік Совет өкіметінің жеңуі қамтамасыз етілген, ол сөзсіз жеңеді.

21 октябрь, 1919 ж.

«Известия ЦК РКП(б)» № 7,
22 октябрь, 1919 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Известия ЦК РКП(б)»
тексті бойынша басылып отыр

ИВАНОВО-ВОЗНЕСЕНСКІНІҢ МАЙДАНҒА БАРА ЖАТҚАН КОММУНИСТ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ АЛДЫНДА 1919 ж. 24 ОКТЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[92]

ХРОНИКЕРЛІК ЖАЗБА

Ленин жолдас оз сөзінде біздің майдандардағы жалпы жағдайды суреттеді және әрбір саналы жұмысшының міндеті біздің майдандарды жауынгерлік материалмен, азық-түлікпен, киім-кешекпен, т. т. дұрыс жабдықтауға барынша жәрдем жасап отыру болуға тиіс деп көрсетті.

Ол Иваново-Вознесенскінің коммунист жұмысшылары майдан өңіріндегі шаруаларға игі ықпал жасай біледі және казактар арасында саяси жұмыс жүргізу ісінде үлкен пайда келтіреді деп сенім білдірді.

«Правда» № 239, 25 октябрь, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СВЕРДЛОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ МАЙДАНҒА БАРА ЖАТҚАН ТЫҢДАУШЫЛАРЫНЫҢ АЛДЫНДА 1919 ж. 24 ОКТЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Өздеріңіз білесіздер, сіздердің көпшілігіңіздің совет мектебі курстарын бітіргендіктеріңізді мейрамдау тілегі ғана емес, барлық бітіріп шыққандардың жартысына жуығының майданда күресіп жатқан әскерлерге жаңадан, аса шұғыл және елеулі көмек көрсету үшін майданға баруға ұйғарғандығы да бәріміздің басымызды қосып отыр.

Жолдастар! Қалада да, әсіресе, деревняларда да тәжірибелі, хабардар жолдастардың жеткіліксіздігі біздің бүкіл басқару ісімізге қандай зор қиыншылықтар келтіріп отырғанын біз жақсы білеміз. Петроградтың, Москваның, Иваново-Вознесенскінің және басқа қалалардың алдыңғы қатарлы жұмысшылары, адам естімеген қиын жағдайларда елді басқарудың басты ауыртпалығын, жұмысшылар мен шаруаларды біріктірудің және оларға басшылық етудің басты ауыртпалығын осы уақытқа дейін, былайша айтқанда, өз мойнымен көтеріп келген алдыңғы қатарлы жолдастар өздеріне Совет республикасын қорғау ісі қойып отырған, кейде адам шамасынан тыс талаптардан өте-мөте шаршап-шалдыққанын біз өте жақсы білеміз, біз мұны өте жақсы білеміз. Сондықтан бірнеше жүз жұмысшы мен шаруаны осында жинап алу мүмкіндігі, олардың басқаруға, әлі де орын алып отырған зор кемшіліктерді жоюға осы арадан бірігіп, ұйымдасып, топтасып, саналы түрде аттануы үшін бірнеше ай үздіксіз білім алуына, совет білімдерінің курсын өтуіне жол беру мүмкіндігі,— міне

осы мүмкіндік біз үшін орасан бағалы, сондықтан қазір бітіріп шыққандардың тең жартысына жуығын майдан жұмысына беруге біз қатты қинала отырып, көңіліміз мүлде соқпаса да, ұзақ ойланып-толғанғаннан кейін барып бел байладық. Ал майдандағы қазіргі жағдай бұдан басқа лаж қалдырмай отыр. Сонымен біз былай деп ойладық: ерікті түрде қабылданған және бүкіл әкімшілік-құрылыс жұмысында өте пайдалы болатын тағы да бірқатар таңдаулы өкілдерді майданға жіберуді мақсат ететін шешім, міне бұл шешім сөзсіз қажетті жағдайлардан туып отыр.

Жолдастар, бұл қажеттіліктің қаншалықты шұғыл екендігіне сіздердің түсіне алатын болуларыңыз үшін әр түрлі майдандардағы қазіргі жағдайға менің қысқаша тоқталып өтуіме рұқсат етіңіздер.

Бұрын аса маңызды болған және дұшпан аса зор үміт артқан өте көп майдандарда дәл соңғы уақытта істің бағдары біздің толық және, барлық белгілеріне қарағанда, түпкілікті жеңуімізге қарай бейімделіп келеді. Солтүстік майданда Мурманскіге жасаған шабуылы дұшпанды өте-мөте көп нәтижеге жетуден үміттендірген еді, мұнда ағылшындар әлдеқашан-ақ тамаша қаруланған, қыруар күш жинаған еді, ал бізге азық-түлік пен қару-жарақ болмағандықтан күресу адам айтқысыз қиын соққан еді,— міне, осы майданда Англия мен Франция империалистерінің тамаша перспективалары болуға тиіс тәрізді еді. Бірақ дәл сол арада дұшпанның барлық шабуылы біржола күйреп түсті. Ағылшындардың өз әскерлерін кейін әкетуіне тура келді, сөйтіп біз қазір мынаның толық расталғанын көріп отырмыз: ағылшын жұмысшылары Россиямен соғысты тілемейді және тіпті қазір, Англияда революциялық күрес әлі мүлдем жоқ кезде, сол жұмысшылар өздерінің жыртқыштар мен тонаушылар үкіметіне ықпал ете алатындығы сонша, үкіметті Россиядан әскерлерін әкетуге мәжбүр етіп отыр. Ағылшындар бұл майданды қалдырып кетуге мәжбүр болды, бұл майдан дұшпан теңіз жолына иелік етіп, аса тиімді жағдайда болғандықтан өте-мөте қауіпті саналған еді. Онда орыс ақ гвардияшыларының болмашы

күштері қалып отыр, бұл күштердің ешқандай маңызы жоқ деуге болады.

Тағы бір майданды — Колчак майданын алыңыздар. Өздеріңіз білесіздер, Колчактың әскерлері Волгаға қарай шабуыл жасап келе жатқан кезде Европаның капиталистік баспасөзі Совет өкіметі құлады, Колчак Россияның жоғарғы әміршісі деп танылды дегенді бүкіл дүние жүзіне жариялауға асықты. Бірақ Колчакты танығандық туралы салтанатты грамота оның өзіне барып жетпей жатып-ақ, біздің әскерлеріміз оны Сибирьге қуып тастады және, өздеріңіз білесіздер, біз Петропавл мен Ертіске дейін жақындап бардық, сондықтан Колчактың өз күштерін бұрынғы ұйғарғанынан басқаша бөлуіне тура келді. Біздің шегінуімізге тура келген кез де болды, өйткені жергілікті жұмысшылар мен шаруалар өздерінде мобилизация жасауда кешігіп қалды. Бірақ Колчактың тылынан біздің алып отырған мәліметтеріміз онда сөзсіз азып-тозушылық бар екендігін көрсетеді, ал халық түгелімен, тіпті ауқатты шаруалар да, оған қарсы көтерілуде. Сонымен, біз Колчак күштерінің ақырғы тірегін талқандауға таяп қалдық, осы арқылы біз революцияның бір жылын аяқтаймыз, бұл бір жылдың ішінде бүкіл Сибирь Колчактың қол астында болды, оған эсерлер де, меньшевиктер де көмектесіп отырды, бұлар буржуазиялық үкіметпен келісімге келу тарихын тағы да жасап көрді. Өздеріңіз білесіздер, Колчакқа бүкіл европалық буржуазия көмек көрсетті. Өздеріңіз білесіздер, Сибирь линиясын поляктар да, чехтар да күзетті, онда итальяндар да, американ ерікті офицерлері де болды. Революцияға кесел келтіре алатындардың бәрі, солардың бәрі Колчакқа көмекке келді. Бірақ осының бәрі күлталқан болды, өйткені шаруалар, коммунизмді бәрінен де кем аңғаратындықтан оның ықпалына бәрінен де кем көнетін Сибирь шаруалары Колчактан сабақ алғандығы сонша, *практикалық* жағынан салыстырарлық нәрсе алғандығы сонша (ал шаруалар практикалық жағынан салыстырғанды ұнатады), біз былай дей аламыз: өнеркәсіп орталықтарынан мейлінше шалғай жатқан аудандарда, өзімізге қаратып алуымыз қиын бола-

тын жерлерде, Колчак бізге Совет өкіметінің миллиондаған жақтаушыларын берді. Колчактың өкіметі осылай бітті, міне сондықтан да бұл майданда біз өзімізді анағұрлым берік санаймыз.

Батыс майданда біз поляктардың шабуылы бітіп келе жатқанын көріп отырмыз. Поляктар Англиядан, Франция мен Америкадан көмек алып отырды; ал олар Польшаның великорусс езушілерге қарсы ескі өшпенділігін өршітуге ұмтылды, поляк жұмысшыларының помещиктер мен патшаларға деген жүз мәрте орынды өшпенділігін орыс жұмысшылары мен шаруаларына қарай бұруға тырысты, поляктарды: орыс шовинистеріне ұқсап, большевиктер де Польшаны жаулап алуды арман етеді деп ойлауға мәжбүр етпекші болды. Олар уақытша осылай алдай алды. Бірақ бізде бұл алдаушылықтың әсер еткен уақыты өтіп бара жатқанын, поляк әскерлері арасында азғындаушылық басталып отырғанын көрсететін айқын белгілер бар. Коммунизмге тілектес екен деп ешбір күдіктенуге болмайтын американ хабарлары да мынаны растайды: қайткен күнде де соғысты бірінші октябрьге дейін аяқтау талабы поляк шаруаларының арасында барған сайын күшейе түсіп отыр және бұл талаптарды біздің меньшевиктер мен эсерлердің орнын алып отырған поляк социал-шовинистерінің (ППС)[93] ішіндегі ең патриотшылдары да қолдап, өз үкіметіне қарсылықты барған сайын күшейтіп отыр. Бұл уақыттың ішінде поляктардың пиғылы мықтап өзгерді.

Өте-мөте елеулі оқиғалар болып жатқан екі майдан — Петроград және Оңтүстік майдандары қалып отыр. Бірақ бұл арада да жау ақырғы күштерін жинап жатқанын барлық белгілер көрсетіп отыр. Англияда әскери министр Черчилль мен капиталистер партиясы Петроградқа осы соғыс авантюрасын жасағанда Советтік Россияны тез құртып жіберу мүмкіндігін көрсету үшін жасағандығы туралы және ағылшын баспасөзінің бұл авантюраны шовинистер мен министр Черчилльдің халық көпшілігінің сөзсіз еркіне қарсы келетін ақырғы үміті деп білетіндігі туралы біздің қолымызда дәлме-дәл хабарлар бар.

Біз Петроградқа жасалған шапқыншылықты Деникинге көмек көрсету шарасы деп санай аламыз. Бұл жөнінде біз Петроград майданындағы жағдайдан қорытынды шығара аламыз.

Өздеріңіз білесіздер, бітім туралы келіс сөздер бастау жөніндегі ұсынысымызға латыш үкіметі де, литван үкіметі де, эстон үкіметі де ризашылық білдіріп жауап қайырды. Бұл соңғы хабарлар біздің әскерлеріміздің ішінде қобалжу туғызғаны, олардың арасында соғыс аяқталып келеді-ау деген үміт туғызғаны табиғи нәрсе. Келіс сөздер басталып та кетті. Ал осы екі арада Англия өз кемелерінің қалдықтарын жинап, тамаша техникалық құралдармен жабдықталған бірнеше мың ақ гвардияшыларды әкеліп түсірді. Бірақ олар халықты алдап тыныштандырмайынша, ақ гвардияшыларды бізге әкеле алмайды, оның себебі, Англия мен Францияда пароходтарға соғыс жарақтарын тиеу әрекеттерінің сәтсіздікпен аяқталған реттері болды, өйткені порт жұмысшылары стачкалар жасап, Советтік Россияға қырып-жойғыш қару-жарақтар апаратын пароходтарды жібермейміз деді. Сонда ағылшын империалисторінің өз халқын алдап, бұл қару-жарақты басқа елдерден алуына тура келді. Сондықтан олардың Советтік Россияға бірнеше жүз немесе бірнеше мың орыс ақ гвардияшыл офицерлерін жібергені таңырқарлық нәрсе емес. Англияда осы ақ гвардияшыл офицерлер тұратын, бұларды асырайтын, Россияға шапқыншылық жасауға үйрететін лагерьлер бар, сөйте тұрып олар: бұл — большевиктердің террорынан туған ішкі соғыс деседі. Бұрын бізден түскен тұтқындарға толы лагерьлер қазір орыс ақ гвардияшыл офицерлеріне толы. Біз Литва мен Латвияның тарапынан уақытша бітім күтіп отырған кезде, дұшпан ол күштерді Петроград майданына аттандырып жіберді, сөйтіп, дұшпан алғашқы күндері зор табыстарға жетті. Петроград майданында бетбұрыс басталғанын сіздер енді білесіздер. Шығынның орны толтырылғанын, бұрынғы қобалжудың біткенін, біздің әскерлеріміз мейлінше қасарысқан қарсылықты жоя отырып, шабуыл жасап жатқанын және ойдағыдай шабуыл жасап жатқанын сіздер Зиновьев

пен Троцкийдің хабарларынан білесіздер. Бұл шайқастар — адам айтқысыз ерекше қиян-кескі шайқастар. Маған Троцкий жолдас Петроградтан телефон арқылы мынаны хабарлады: біз жақында алған Детское Селода ақ гвардияшылар мен тығылып қалған буржуазия жеке үйлерден де оқ атып, бұдан бұрынғы барлық шайқастағылардан анағұрлым үлкен, қатты қарсылық көрсеткен. Бүкіл соғыста бетбұрыс басталғанын, Деникинге көмек көрсету керек болып отырғанын және оған қарсы бағытталған біздің күштерімізді басқа жаққа аудару керек болып отырғанын дұшпан сезіп отыр. Олардың мұны істей алмағандығын кесіп айтуға болады. Біздің Петроградқа көрсеткен көмегіміздің бәрі Оңтүстік майданды титтей де әлсірете алған жоқ. Петроград майданына оңтүстіктен бірде-бір бөлім әкетілген жоқ және біз жүзеге асыра бастаған, біз ақырына дейін жеткізетін жеңіс, Оңтүстік майданды титтей де әлсіретпестен, жүзеге асырылатын болады; Оңтүстік майданда помещиктер мен империалистерге қарсы соғыстың тағдыры шешіледі. Соғыс тағдыры сонда, Оңтүстік майданда, таяу болашақта шешіледі.

Жолдастар, өздеріңіз білесіздер, Оңтүстік майданда, бір жағынан, дұшпан өздерінің пұрсаттылықтары үшін күрескен казактарға бәрінен де гөрі көп сүйенді, ал екінші жағынан, онда ерікті армияның полктары бәрінен де гөрі көп құрылды; барынша ашынып, құтырынған ол полктар өз табының мүдделері үшін, помещиктер мен капиталистердің өкіметін қайта орнату үшін күресті. Сондықтан бізге осы арада шешуші шайқас жасауға тура келеді; біз Колчактың мысалынан нені көрген болсақ, мұнда да соны көріп отырмыз; Колчак әуелі зор жеңістерге жеткен, бірақ шайқастар онан әрі жүргізілген сайын Колчактың басты күші болған офицерлер мен саналы кулактардың қатары соғұрлым сиреп, оған жұмысшылар мен шаруаларды көбірек алуына тура келген. Олар өзгенің қолымен соғыса біледі, олардың өздері өздерін құрбан етуді ұнатпайды және олардың мүдделері үшін жұмысшылардың өз бастарын қатерге тіккенін жөн көреді. Колчактың өз армиясын ұлғайтуына тура келгенде, бұл ұлғайту жүз

мыңдаған адамдардың біздің жағымызға шығуына апарып соқты. Колчактан қашып келген ондаған ақ гвардияшыл офицерлер мен казактар Колчактың Россияны көтере де, бөлшектей де сатып жүргеніне көзіміз жетті дегенді айтты және большевиктік көзқарастарға тіпті қосылмай тұрып, Қызыл Армияның жағына шығып жатты. Колчак осылай құрыды, Деникин де осылай құриды. Бүгін сіздер Деникиннің тылындағы көтерілістер туралы кешкі газеттерден оқи алдыңыздар,— Украина жалын ата бастады. Бізде Кавказдағы оқиғалар туралы хабарлар бар; онда әбден ашынған таулықтар шабуылға шығып, Шкуроның полктарын тонаған, олардың винтовкалары мен қару-жарақтарын тартып алған. Біз кеше шетелдік радионы ұстадық, ол Деникиннің жағдайы қиын екенін мойындауға мәжбүр болып отыр: Деникиннің өзінің ең таңдаулы күштерін шайқасқа салуына тура келіп отыр, өйткені Украина жалын атып, Кавказда көтеріліс болып жатыр. Деникиннің бәрін бәске тігуіне тура келетін кезең басталып келеді. Орел түбіндегідей қан төгіс, қиян-кескі шайқастар әлі ешқашан болып көрген емес; онда дұшпан «корниловтық полктар» дейтін ең тәуір полктарын салды, оның үштен бірі ең контрреволюцияшыл, ең жаттыққан, жұмысшылар мен шаруаларға өшпенділігінен мейлінше құтырынған, өздерінің помещиктік өкіметін тура қайта орнатуды қорғайтын офицерлерден құралған. Қазір біздің Оңтүстік майданда шешуші кезең жақындап келеді деп ойлауға дәлеліміздің болып отырғаны да, міне, сондықтан. Орел мен Воронеждің түбіндегі жеңіс, дұшпанның онан әрі қуылуы, Петроград түбіндегі сияқты, бұл арада да бетбұрыстың басталғанын көрсетеді. Бірақ бізге керегі — біздің шабуылымызды ұсақ, жеке-дара шабуылдан жеңісті ақырына дейін жеткізетін жаппай, зор шабуылға айналдыру.

Сондықтан да, мұндай тәуекелге бел байлау,— осында жиналып отырған және Россияда жұмыс істеу үшін көрінеу көзге қажет болып отырған жүздеген курсанттарды майданға жөнелту,— қандай ауыр бола тұрса да, сөйтсе де біз сіздердің тілектеріңізге келістік. Ана жақта, Оңтүстік майдан мен Петроград майданында, ең

таяудағы апталарда болмаса, қайткен күнде де таяудағы айларда соғыстың тағдыры шешіледі. Осындай кезеңде әрбір саналы коммунист өзіне: менің орным сол жақта, майданда басқалардың алдында болу, мектептен өткен әрбір саналы коммунистің қымбат болатын жерінде болу деуге тиіс.

Егер әскер ішінде қобалжу болып отырған болса, бұл халықтың соғыстан қажығандығына байланысты туып отыр. Бүкіл дүние жүзінің империалистеріне қарсы күресте жұмысшы мен шаруаның осы екі жыл ішінде қандай аштық, күйзелушілік, азап көргенін сіздер өте жақсы білесіздер. Өздеріңіз білесіздер, қатты қажыған адамдардың қажыры көпке жетпейді және бұл жағдайды дұшпан пайдаланады, оның байланысы, командирлер құрамы тәуірлеу және опасыздары жоқ,— сөйтіп бар күшімен соққы береді. Оңтүстік майдандағы сәтсіздіктер де дәл осыдан туды. Сондықтан да қазір жұмысшылар мен шаруалардың әскери курстарда және сіздердің курстарыңыз сияқты курстарда білім алған ең саналы өкілдері әскерлерге, жаудың тегеуріні күштірек жерде арасында біраз тұрақсыздық пайда болған әскерлерге көмектесу үшін әскери орындармен келісіп, үлкен немесе ұсақ топтарға бөлініп, өзара міндеттер бөлісіп, ұйымдасқан, топтасқан түрде майданға баруға тиіс. Совет өкіметі өмір сүрген екі жылдың ішінде, совет жұмысын көрмеген және оны білмейтін шаруалар бұқарасының арасында кейбір солқылдақтық байқалған кезде, біз әрдайым қала пролетариатының өте-мөте ұйымшыл бөлегінен көмек сұрап отырдық және одан мейлінше қаһармандық көмек алып отырдық.

Бүгін мен Иваново-Вознесенскіден келген жұмысшы жолдастарды көрдім; олар партияның барлық жауапты қызметкерлерінің жартысына жуығын майданға жіберіп жатыр екен. Олардың біреуі бүгін маған партияда жоқ ондаған мың жұмысшының өздерін қалай шығарып салғанын және партияда жоқ бір қарттың олардың қасына келіп: «Қиналмаңдар, аттаныңдар, сендердің орындарың сонда, ал біз мұнда сендер үшін жұмыс істейміз» дегенін айтты. Міне партияда жоқ жұмысшылардың арасында осындай ниет туып отырғанда, саяси

мәселелерді әлі толық ажырата білмейтін, партияда жоқ бұқара пролетариат пен шаруаладың таңдаулы өкілдерін майданға жіберіп жатқанымызды, майданда олардың ең қиын, ең жауапты және ауыр міндеттер алатынын және майданда бұлардың алдыңғы сапта болып, бәрінен де көп құрбандық жасап, қиян-кескі шайқастарда мерт болуына тура келетінін көріп отырғанында партияда жоқ, сана-сезімі жетілмеген жұмысшылар мен шаруалардың арасында бізді жақтаушылар он есе артады және қобалжып отырған, әлсіреген, қалжыраған әскерлер арасында нағыз керемет өзгерістер болады.

Міне, жолдастар, сіздердің мойындарыңызға жүктелген ұлы, ауыр және қиын міндет осы. Жұмысшылар мен шаруалардың өкілдері ретінде майданға бара жатқандар үшін бұдан басқа таңдау болмауға тиіс. Олардың ұраны не өлу, не жеңу болуға тиіс. Сіздердің әрқайсыңыз ең артта қалған, сана-сезімі әлі жетілмеген қызыл әскерге жақындаса білуге тиіссіздер, сөйтіп ең түсінікті тілмен, еңбекші адамның көзқарасы тұрғысынан жағдайды түсіндірулеріңіз керек, қиын кезде оларға көмектесулеріңіз керек, қобалжудың қандайын болса да жойын, саботаждың, сылбырлықтың, алдаудың немесе опасыздықтың көптеген көріністеріне қарсы күресуге оларды үйретулеріңіз керек. Өздеріңіз білесіздер, біздің қатарымызда, командирлер құрамы ішінде мұндай көріністер әлі көп. Бұл арада ғылымның белгілі бір курсын өткен, саяси жағдайды түсінетін және жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасының опасыздыққа немесе саботажға қарсы күресінде бұларға көмек көрсете білетін адамдар керек. Өздеріңіздің жеке бастарыңыздың батылдығы үстіне Совет өкіметі сіздерден бұл бұқараға жан-жақты көмек көрсетулеріңізді, олардың арасындағы қобалжудың қандайын болса да тоқтатуларыңызды және Совет өкіметінің қандай болса да қиын кезде қолданатын күші бар екенін көрсетулеріңізді күтеді. Бұл күштер бізде жеткілікті мөлшерде бар.

Қайталап айтайын, қазір біздің мұндай үлкен тәуекелге бел байлауымызға тура келетінінің бір ғана се-

бебі — мұның өзі басты және ақырғы майдан; бұл майданда барлық белгілерге қарағанда ең таяудағы апталарда немесе айларда бүкіл азамат соғысының тағдыры шешіледі. Бұл арада біз дұшпанға есін жия алмайтын етіп біржолата соққы бере аламыз. Сөйтіп, ақ гвардияшыларға қарсы қан төгіс күрестен кейін, бізді олардың өздері киліктірген күрестен кейін, біз, ақырында, еміневркін, он есе артқан жігермен өз ісімізге, нағыз құрылыс ісіне кірісеміз. Міне сондықтан, жолдастар, мен сіздердің араларыңызда майданның алдыңғы қатарында ақырына дейін күресудің осы аса қиын және аса зор міндетін қазір өз мойнына алып отырған адамдарды құттықтаймын, олар бізге толық және түпкілікті жеңіс әпереді деген кәміл сеніммен олармен қоштасамын.

«Правда» №№ 240 және 241,
26 және 28 октябрь, 1919 ж.
және «Известия ВЦИК» №№ 240,
241, 242; 26, 28 және
29 октябрь, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

ӘСКЕРИ ХАЛЫҚ КОМИССАРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫНА ЖАРЛЫҚ ХАТ

24. X. 1919 ж.

*Сталин*нен
(шұғыл *шешілсін*)

1) Мобилизацияланған латыштар латыш дивизиясының запастағы батальондарына жіберілсін (Петерсонды асықтыру керек; оған бұйрық қайталансын).
2) Бас қолбасшы Түркістан атты әскер бригадасын Козловқа жіберуге уәде еткен.
   Тексерілсін. Асықтырылсын.
3) Бас қолбасшы 8-армияға 8 батальон беруге уәде еткен.
   Асықтырылсын.
   Жауапты адам тағайындалсын.
4) Бас қолбасшы Калугадан 45-дивизияға қосымша күштер жіберуге уәде еткен.
   Тексерілсін. Асықтырылсын.
   Жауапты адам тағайындалсын.

Ленин

Бірінші рет 1938 ж. 23 февральда «Правда» газетінің 53-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МЕКТЕПТЕН ТЫС БІЛІМ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КУРСТАРДЫҢ МАЙДАНҒА БАРА ЖАТҚАН ТЫҢДАУШЫЛАРЫНЫҢ АЛДЫНДА 1919 ж. 28 ОКТЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Конференция В. И. Лениннің сөзімен ашылды. Қызыл Армияға көмектесу үшін майданға баруға қаулы еткен курс тыңдаушыларын құттықтай келіп, В. И. Ленин барлық майдандардағы және жау тылындағы қазіргі жағдайды айқын мысалдармен суреттеді.

Орыс буржуазиясы болсын, Батыстағы буржуазия болсын жеңісті тым ерте мейрамдай бастады. Қызыл әскерлер Колчакты қуып жатыр. Деникиншілдер Орелдан шегінді. Ақтардың әскерлері іштей ыдырап барады. Деникиннің тылында үздіксіз көтерілістер болып жатыр. Қазір тіпті ауқатты казактар да оған қарсы шыға бастады.

Юденичтің күші шағын, басым көпшілігі ағылшындардан құралған. Англия оған үлкен флот берді. Юденич өзінің шабуылымен Деникинді құтқарып қалғысы, оған қарсы күшті аударып әкеткісі келіп еді, бірақ ол мұны істей алмады: Петроград жұмысшылары ерліктің үлгілерін көрсетті. Европа күрес нәтижесін қатты қадағалап отыр. Франция мен Англия жұмысшылары Россияға шабуыл жасалғаны жөнінде қазірдің өзінде-ақ наразылық білдіріп отыр. Бұл елдерде большевизм мықтап нығайып келеді. Франциядағы сайлау бұл жөнінде өте-мөте көңіл бөлерлік[94]... Қазір біз басты назарымызды Оңтүстік майданға аударып отырмыз, мұнда құлақ естіп, көз көрмеген қан төгіс шайқастар болып жатыр, мұнда орыс революциясының ғана емес, батыстағы революцияның да тағдыры шешілуде...

Деникиннің офицерлер корпустары тамаша қаруланған. Өз тылындағы көтерілістерді ескеріп, олар жанталаса шайқасып жатыр. Бірақ жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының сана-сезімі артып, күшті өрлеу байқалып отыр. Біздің әлсіздігіміз мынада: шаруалар мен жұмысшылар арасында істі білетін қызметкерлер бізде аз. Сондықтан біздің мекемелерімізде бұрынғы чиновниктер, саботажшылар, т. б. соншалық көп. Халықтың ішінен таңдаулы күштерді тауып алып, оларға білім беру қажет...

Маңызды мәселе мынау: шаруалармен сөйлесе білетін саналы адамдар армияның рухын көтеруі керек, сондықтан майданға бара жатқан әрбір адам қаһармандық пен жанқиярлықтың үлгісін көрсетуге тиіс. Сонда жеңіс біздің жағымызда болады. Біз транспортты тазартамыз да, астық әкелеміз...

Бірінші рет 1960 ж. «Коммунист» журналының 6-номерінде басылған

Протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша басылып отыр

ЛОРИО ЖОЛДАСҚА
ЖӘНЕ III ИНТЕРНАЦИОНАЛҒА ҚОСЫЛҒАН
БАРЛЫҚ ФРАНЦУЗ ДОСТАРҒА

28. X. 1919.

Қымбатты дос! Сіздің хатыңыз үшін Сізге шын жүректен алғыс айтамын; біз сіздерден хабарды неғұрлым сирек алып отырғанда бұл хат біз үшін соғұрлым бағалы.

Англиядағы сияқты, Францияда да жеңіске жетіп отырған империализм біраз ұсақ буржуаның баюына мүмкіндік беріп қана қойған жоқ, сонымен қатар жұмысшылардың жоғарғы тобына, жұмысшы табының осы аристократиясына, «қайыр-садақа» бере алады, оны сатып ала алады, империалистік пайдалардан, отарларды тонаудан, т. т. түскен пайдалардан қиқым-сиқымдар алуға қатыстырумен оны қызықтыра алады. Бірақ соғыстың салдарынан туған дағдарыстың күштілігі сондай, тіпті жеңген елдерде де еңбекшілер бұқарасы сұмдық апаттарға сөзсіз ұшырап отыр. Коммунизмнің тез өсуі, Совет өкіметіне, III Интернационалға тілектестіктің артуы осыдан түсінікті.

Француз оппортунизміне қарсы, әсіресе Лонге рухындағы жымысқы оппортунизмге қарсы сіздердің, әрине, әлі ұзақ күресулеріңізге тура келеді. «Тәжірибелі» парламентарийлер мен саясатқұмарлардың тарапынан революциялық тактиканы және пролетариат диктатурасын сөз жүзінде танумен құтылып кету, ал іс жүзінде жаңа бұлтарыс-жалтарыстар жасау жолымен пролетариатты алдау, оны Лонге, Мергейм және К° 21 июльде алдағаны сияқты алдау, ескі оппортунистік саясатты жүргізе беру, революцияға көмектес-

пей, қайта оған зиян тигізіп, кедергі жасау әрекеттері әлі өте көп болады. Францияда да, Англияда да жұмысшылардың бұрынғы, шірік көсемдері осы тектес мыңдаған әрекеттер істейді.

Бірақ пролетариат бұқарасымен өте тығыз байланысып жұмыс істеп жатқан коммунистердің бұл әрекеттерді жеңіп, жоя алатынына біздің бәріміз де сенеміз. Коммунистер неғұрлым берік және батыл бой көрсетсе, олар толық жеңіске соғұрлым тез жетеді.

Коммунистік сәлеммен
Н. Ленин

1920 ж. 8 январьда «The Workers' Dreadnought» газетінің 41-номерінде ағылшын тілінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1932 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XXIV том

Қолжазба бойынша басылып отыр

ГЕРМАНИЯ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ ЖІКТЕЛІС ЖӨНІНДЕ ХАТ[95]

Павел Леви, Клара Цеткин, Эберлейн жолдастарға және Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің барлық мүшелеріне

28. X. 1919.

Қымбатты достар! Мен Сіздерге басып шығару үшін 10. X. 1919 деп белгі соғылған: «Француз, итальян және герман коммунистеріне сәлем» деген хат жібердім, онда, басқасын былай қойғанда, сіздердің бойкотты жақтаушылармен, жартылай синдикалистермен, т. с. алауыздықтарыңызға тоқталдым*. Бүгін үкіметтік герман радиосынан (Науэннен) мен Сіздердің партияңыздағы жіктеліс туралы естіп білдім: бұл хабарды таратушы жиркенішті бола тұрса да, бұл ретте оның айтып отырғаны дұрыс болуы ықтимал, өйткені Германиядағы достарымыздың хаттары жіктелістің болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Бұл радионың мына хабарына ғана сенгіміз келмейді: сіздер 18 дауысқа қарсы 25 дауысқа ие бола тұрып, азшылықты партиядан *шығарыпсыздар,* ол азшылық кейін өз партиясын құрыпты-мыс. Мен бөлініп шыққан бұл оппозиция жөнінде өте аз білемін, берлиндік «Rote Fahne»-нің тек бірнеше номерін ғана көрдім. Өте талантты үгітшілер, тәжірибесіздер, жастар — 1918 жылғы біздің «солшыл коммунистер» сияқтылар (тәжіри-

* Қараңыз: осы том, 231—243-беттер. *Ред.*

бесіздігі мен жастығы жағынан),— менің алған әсерім, міне, осындай. *Негізгі* мәселеде (буржуазиялық парламентаризмге қарсы Совет өкіметін жақтау) келісушілік болған жағдайда, менің ойымша, бірігуге болады және бірігу қажет,— каутскийшілдерден жіктеліп шығу қандай қажет болса, бұл да сондай қажет. Егер жіктеліс сөзсіз болып шықса, оны өршітпеуге тырысу керек, III Интернационалдың Атқару комитетінен араға түсуді сұрау керек, «солшылдарды» тезистер мен кітапшада өздерінің алауыздықтарын тұжырымдап айтуға мәжбүр ету керек. Интернационалдық тұрғыдан қарағанда, Германия Коммунистік партиясының бірлігін қайта орнату мүмкін де, қажет те. Осы тақырыпқа сіздерден хат алсам, өте қуанышты болар едім. Бөлініп кеткендерге жазылған хатты қоса жолдап отырмын — сіздердікі дұрыс екенін толық құптайтын, жіктеліс туралы хабарды алмастан *бұрын* жазылған менің мақаламды басып шығарумен қоса осы хатты да Сіздер тапсырарсыздар деп сенемін.

Қолдарыңызды қатты қысамын және қиын жұмыста табысқа жетулеріңізді шын жүректен тілеймін. Бүкіл дүние жүзінде коммунистік қозғалыс тамаша өсіп келеді, ол біздің тілегенімізден гөрі баяуырақ қозғалыс, бірақ кең, қуатты, терең және жеңілмес қозғалыс болып келеді. Россиядағы сияқты, барлық жерде «меньшевиктер мен социалист-революционерлердің» («II Интернационал») үстемдік ету кезеңі айқындалды. Бұл үстемдіктен кейін коммунистердің үстемдігі орнайды және пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметі жеңіп шығады.

Коммунистік сәлеммен

Н. Ленин

Бірінші рет 1932 ж.
В. И. Ленин Шығармаларының
2—3-басылуларында басылған,
XXIV том

Қолжазба бойынша басылып
отыр

БІРТҰТАС «ГЕРМАНИЯ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНДА» БОЛҒАН ЖӘНЕ ҚАЗІР ЖАҢА ПАРТИЯ ҚҰРҒАН КОММУНИСТ ЖОЛДАСТАРҒА

28. X. 1919.

Қымбатты жолдастар! Мен бүгін ғана герман үкіметінің (Науэннен) берген қысқа радиотелеграммасынан жіктеліс туралы естіп білдім. Өзімнің «Француз, итальян және герман коммунистеріне сәлем» деген мақаламды мен жіктеліс туралы хабардан бұрын жазғанмын.

Бұл мақалада мен сіздердің позицияларыңызбен берліндік «Rote Fahne» газетінің жеке номерлері бойынша таныса алғандығыма қарай, интернационалдық коммунизм тұрғысынан позицияларыңызға баға беруге тырыстым. Менің кәміл сенуімше, негізгі мәселеде — пролетариат диктатурасы үшін және Совет өкіметі үшін күресте біраўызды болып, барлық ұлттардың шейдеманшылдары мен каутскийшілдеріне бітіспес жау болып отырған коммунистер біртұтас қимылдай алар еді және солай қимылдауға тиіс еді. Маңызы кемірек мәселелердегі пікір алалықтары, менің ойымша, жоғала алады және қалай да жоғалады: бұл нәтиже шын қаһарлы жауға, буржуазияға қарсы, оның ашық малайларына (шейдеманшылдарға) және оның бүркемелі малайларына (каутскийшілдерге) қарсы бірлескен күрестің логикасынан туады.

Мен III Интернационалдың Атқару комитеті құрамында жоқпын, бірақ мен: герман коммунизмінің бірлігін қайта орнату жөнінде ол герман коммунистеріне қызмет көрсетуді ұсынады деп ойлаймын. Өршелене жүргізілген қудалаушылықтар партияны құпия жағ-

дайға түсіріп, оның жұмысын қиындатқаны, дұрыс пікір алысуды және ортақ тактика белгілеуді қиындатқаны таңқаларлық емес. Интернационалдық көлемде алауыздықтарды мұқият талқылау, пікір алысу герман коммунизмі ісіне және оның күштерін топтастыруға көмектесер еді.

Егер осы мәселелер жөнінде біздің пікір алысуымыздың сәті түссе, мен өте қуанышты болар едім.

Коммунистік сәлеммен

Н. Ленин

Бірінші рет 1950 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында басылған, 30-том

Қолжазба бойынша басылып отыр

СЕРРАТИ ЖОЛДАСҚА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ИТАЛЬЯН КОММУНИСТЕРІНЕ

28. X. 1919.

Қымбатты дос! Біздің Италиядан алып отырған хабарларымыз тым жартымсыз. Біз Сіздердің партияңыздың Болоньяда болған съезі туралы және коммунизмнің тамаша жеңіске жеткені туралы тек шетел газеттерінен ғана (коммунистік емес газеттерден) білдік. Сізді және барлық итальян коммунистерін шын жүректен құттықтап, Сіздердің ең жақсы табыстарға жетулеріңізді тілеймін. Итальян партиясы үлгісінің бүкіл дүние жүзі үшін зор маңызы болады. Атап айтқанда сіздердің съезіңіздің буржуазиялық парламенттің сайлауына қатысу туралы шешімі, меніңше, әбден дұрыс және осыған бола жақында ғана жікке бөлінген Германия Коммунистік партиясының бірігуіне көмектеседі деп сенемін.

Күмән жоқ, итальян партиясында парламентарийлер арасында соншама көп болып отырған ашық және бүркемелі оппортунистер Болонья съезінің шешімдерін елемеуге, оны жоққа шығаруға тырысады. Бұл ағымдарға қарсы күрес әлі мүлдем аяқталған жоқ. Бірақ Болоньядағы жеңіс бұдан былайғы жеңістерге жетуді жеңілдетеді.

Италияның халықаралық жағдайы себепті итальян пролетариатының алдына қиын міндеттер қойылып отыр. Бәлкім, Англия мен Франция, итальян буржуазиясының қатысуымен, көтерілісті басу оңайырақ болуы үшін итальян пролетариатын мезгілінен бұрын көтеріліс жасауға арандатуға тырысар. Бірақ олар

арандата алмайды. Итальян коммунистерінің тамаша жұмысы мынағап кепілдік береді: Итальян коммунистері бүкіл өнеркәсіп пролетариаты мен *бүкіл село* пролетариатын, оған қоса ұсақ шаруаларды өзіне ойдағыдай қаратып ала алады, ал сонда, дұрыс халықаралық кезеңді таңдап ала білген күнде, Италияда пролетариат диктатурасының жеңісі баянды жеңіс болады. Бұған Франциядағы, Англиядағы және бүкіл дүние жүзіндегі коммунистердің табыстары да кепілдік береді.

Коммунистік сәлеммен
Н. Ленин

1919 ж. 5 декабрьде «Avanti!» газетінің (Рим) 332-номерінде итальян тілінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1920 ж. 12 февральда «Трудовое Знамя» газетінің 57-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ[96]

1919 ж. сентябрь — октябрьде жазылған

Бірінші рет 1925 ж. Лениннің III жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Кітапшада мәселе талдау үшін ірі-ірі 4 бөлімге бөлінеді:

A)) Пролетариат диктатурасы — пролетариаттың таптық күресінің жаңа формалары (басқаша: оның жаңа сатысы, жаңа міндеттермен бірге).

B)) Пролетариат диктатурасы — буржуазиялық демократияны қирату және пролетарлық демократияны орнату.

C)) Пролетариат диктатурасы және империализмнің (немесе капитализмнің империалистік сатысының) ерекшеліктері.

D)) Пролетариат диктатурасы және Совет өкіметі.

Осы 4 бөлім бойынша талдау жоспары:

I (A) ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ — ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ТАПТЫҚ КҮРЕСІНІҢ ЖАҢА ФОРМАЛАРЫ

1. Пролетариат диктатурасын «социалистердің» түсінбеуінің басты негізі — олардың тап күресі идеясын ақырына дейін жеткізбеуі (cf.* Marx 1852)[97].

Пролетариат диктатурасы дегеніміз пролетариаттың таптық күресінің *жаңа* формалардағы *жалғасы.* Мәселенің түйіні осы, осыны түсінбей жүр.

Пролетариат, *айрықша* тап ретінде, өзінің таптық күресін жалғыз жүргізе *береді.*

2. Мемлекет тек қана = пролетариаттың таптық күре-

* — confer — салыстыр. *Ред.*

сінде оның *қаруы*. Айрықша *шоқпар*, rien de plus!*.

Мемлекет жөніндегі ескі соқыр сенімдер (cf. «Мемлекет және революция»**). Мемлекеттің жаңа формалары = *В* бөлімінің тақырыбы; бұл арада тек бұған *кірісу*.

3. Пролетариаттың таптық күресінің формалары оның диктатурасы тұсында бұрынғыдай бола алмайды. *Бес* жаңа (ең басты) міндет және respective*** жаңа формалар:

4. ((1)). *Қанаушылардың қарсылығын басу*. *Дәуірдің* міндеті (және мазмұны) ретінде бұл туралы оппортунистер мен «социалистер» мүлдем ұмытып жүр.

Бұған жататыны:
(αα) тап күресінің айрықша (жоғары дәрежедегі) қаталдығы
(ββ) қарсылықтың капитализмге және оның жоғары сатысына сәйкес келетін жаңа формалары (заговорлар + саботаж + + ұсақ буржуазияға ықпал жасау, etc. etc.)
және атап айтқанда

Қанаушылардың қарсылығы олардың құлатылуынан *бұрын* басталады және содан кейін 2 жақтан *шиеленіседі*. *Ақырына* дейін күресу немесе «мылжыңдап құтылу» (К. Каутский, ұсақ буржуазия, «социалистер»).

5. ((2)) *(γγ) Азамат соғысы.*

Революция атаулы және азамат соғысы (1649. 1793.)

cf. *К. Каутский* 1902 «Әлеуметтік революцияда».

Капитализмнің халықаралық байланыстары

Азамат соғысы және партияны «құрту» (К. Каутский)[98].

Террор және азамат соғысы.

* — одан басқа түк те емес! *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том. *Ред.*
*** — тиісінше. *Ред.*

дәуіріндегі азамат соғысы.

Империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру. («Социалистердің» пайдандығы мен сұмпайы қорқақтығы.)

cf. Marx 1870[99]: пролетариатты қару меңгеруге үйретеді. 1871—1914 жж. *дәуірі* және азамат соғыстары *дәуірі*.

α) Россия, *Венгрия, Финляндия, Германия.*
β) Швейцария мен Америка.

+ Азамат соғысының революциялық соғыстармен қосылмай қоймайтындығы (cf. РКП программасы)[100].

6. ((3)) *Ұсақ буржуазияны, әсіресе шаруаларды «бейтарап қалдыру».*

Коммунистік манифест («ыңғайына қарай» реакцияшыл және революцияшыл)[101].

К. Каутский «Agrarfrage»*-де бейтарап қалдыру — нақ сол пікір verballhornt**.

«Бейтарап қалдыру» практика жүзінде
күштеп тыю
(Энгельс 1895)
мысал
сендіру etc. etc.
тарту + тыю, «ыңғайына қарай».

«Үстем тап». Үстемдік «бостандық пен теңдікті» жоққа шығарады.

«Бастау», «басшылық ету», «өзінің соңынан ерту», бұл ұғымдардың таптық мазмұны.

NB Шаруа мен жұмысшы. Шаруа — еңбеккер және шаруа — қанаушы (жалдап, меншікші). «Ыңғайына қарай». Күрестің барысындағы ауытқулар. Күрес *тәжірибесі.*

«Бірыңғай реакцияшыл бұқара»: Энгельс 1875 *Коммунаға* жатқызады[102].

* — «Аграрлық мәселеде». *Ред.*
** — түзету деген сылтаумен нашарлатылған; сөзбе-сөз: балгорнишеленген (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 74-бет). *Ред.*

7. ((4)). *Буржуазияны «пайдалану».*
«Мамандар». Қарсылықты жаныштау ғана емес, «бейтарап қалдыру» ғана емес, сонымен қатар жұмысқа алып, пролетариатқа күштеп қызмет еткізу.
Cf. РКП программасы. «Әскери мамандар»[103].

8. ((5)). *Жаңа тәртіпті қалыптастыру.*

(α). Пролетариат диктатурасы және кәсіптік одақтар.
(β). Сыйлықтар және кесімді ақы.
(γ). Партия тазалауы және оның ролі.
(δ). «Коммунистік сенбіліктер».

II (В) ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ — БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯНЫ ҚИРАТУ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯНЫ ОРНАТУ

9. Диктатура мен демократия — «жалпы» (К. Каутский бойынша «таза») ұғымдар.

Мемлекет және «бостандық» (cf. Энгельс 1875)[104].

Диктатура — демократияны теріске шығару. Кім үшін?
Абстракт (ұсақ буржуазиялық) демократиялық көзқарас және марксизм (тап күресі).
Дефиниция. Күштеу. (Энгельс)

10. «Бостандық». = Товар иесінікі.
Нақты бостандық жалдама жұмысшылар үшін; — шаруалар үшін.
Бостандық қанаушылар үшін.
Бостандық кім үшін?
» кімнен? неден?
» неде?

11. «Теңдік». Энгельс Анти-Дюрингте (соқыр сенім, егер таптарды жоюдан тысқары болса)[105].

Товар иелерінің теңдігі.

Қаналушының қанаушымен теңдігі.
Аштың тоқпен »
Жұмысшының шаруамен »
Кімнің кіммен теңдігі? неде?

12. Көпшілік бойынша шешу.
Оның шарттары: іс жүзіндегі теңдік (мәдениет)
іс жүзіндегі бостандық
cf. баспасөз, жиналыстар etc.
Ақшаны, капиталды, жерді *есептемегенде,* бәрі тең...

13. Көпшілік бойынша шешу. Оның екінші шарты = бағындырудың «адал ниеттілігі».

Реформизмнің утопиясы.

Капитализмді боямалау.

Әуелі ақшаның езгісін, капиталдың өктемдігін, жеке меншікті жою керек, содан соң *осы* жаңа негізде «адал ниеттіліктің» *ұзақ өсуі.*

14. *Буржуазиялық* демократиялық республиканың ролдылығы.

Engels үкіметтің биржамен және *капиталмен* байланысы туралы[106].

Сатып алу
баспасөз алдау
жиналыстар
парламент
әдет
капиталдың қысымы
(қоғамдық пікір etc.).

Буржуазиялық езгі, капитал тепкісі, жалдама құлдық сақталып тұрған кездегі формальды теңдік.

15. 1914—1918 жж. империалистік соғыс — буржуазиялық демократияның «соңғы жаңалығы».
«Бітім» 1918—1919.
Сыртқы саясат.
Армия мен флот.

16. Бюрократия. Соттар. Милитаризм.
Парламенттік формалармен бүркемеленген буржуазия диктатурасы.

17. Көпшілікпен шешу және көпшіліктің *к ү ш і*.

Империалистік ықпал ұсақ буржуазияның жағдайы etc. «жартылай пролетариат»	«Пролетариаттың» 51% versus* 20 пролетар + 40 жартылай пролетар?	Ауытқушыларға *қарамастан* және қанаушылардан *басқа «бәрінің»* шешуі? Ерік білдіру дәлелдері (буржуазиялық жағдай).

18. Бейбіт дауыс беру және шиеленіскен тап күресі.

Тап күресі шиеленісуінің экономикалық және саяси шарттары.

Әуелі «шешу», содан соң бейбіт дауыс бере салу ма?

Әуелі тап күресінің дамуы.

Буржуазиялық жағдайды, оның ерік білдіру жөніндегі нақты шарттарын бұзу.

19. *Пролетарлық* демократия тұсындағы демократизмнің реалдылығы.

Демократизмнің табыстары: съездер, жиналыстар, баспасөз, дін, әйелдер, езілген ұлттар.

20. Буржуазиялық демократиядан пролетарлық демократияға қарай жасалған тарихи бетбұрыс.

Біріншінің «ұласуы», «еңбектеп өсуі» ме, әлде оның қиратылуы, екіншінің тууы ма? = Революция ма, әлде революциясыз ба? Саяси өкіметті жаңа таптың жеңіп алуы, буржуазияны құлату ма, әлде таптардың мәмлеге келуі, келісім жасасуы ма?

III (C) ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ЖӘНЕ ИМПЕРИАЛИЗМНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

21. Империализм — капитализмнің жоғары сатысы.

Менің кітабымның қорытындысы.

Дефиниция.

* — жөнінде. *Ред.*

22. Отарлар мен тәуелді елдер.

Пролетариаттың өз елінің буржуазиясына қарсы көтерілісі + отарлар мен тәуелді елдердегі *халықтардың* көтерілісі.

Революциялық-пролетарлық және ұлттық соғыстар (cf. РКП программасы).

23. «Ұлттар лигасының» жерді басып алуы.

«Біртұтас» езуші. Күрестің шоғырлануы.

Кезеңдердің әр алуандылығы.

24. Пролетариаттың буржуазиялық жоғарғы топтары.

1852—1892 Энгельс пен Marx[107].

1872 Marx ағылшын тред-юниондарының көсемдері туралы[108].

Labour lieutenants of the capitalist class.

Социал-шовинизм.

Басты 2 «ағым»: сатқындар мен филистерлер.

Жіктеліс 1915—1917 «центр». 1917—1919 (cf. РКП программасы).

«Vorwärts» («Radikalisierung der englischen Arbeiter»)... большевиктердің «eine gewisse Grösse»*.

Wiener «Arbeiter Zeitung»[109] № 180 (2. VII. 1919) Friedrich Adler баяндамада. ΣΣΣ** опасыздың софизмдері.

25. 2 *Интернационал.* Таптың революцияшыл элементтерінің диктатурасы.

Бір ел және бүкіл дүние жүзі.

---

* —«Алға» («Ағылшын жұмысшыларының солшылдануы»)... «белгілі күш». *Ред.*

** — Summa summarum — жалпы қорытынды. *Ред.*

IV (D) ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ЖӘНЕ СОВЕТ ӨКІМЕТІ

26. Советтердің тууы.
    1905 және 1917.

27. Россияның ерекшеліктері.
    Каутский: «Славяндар және революция».

28. Советтер және «келісімпаздық» III.—X. 1917. Меньшевиктер мен эсерлер. | 1894 (Струве) және 1899 (Бернштейн) меньшевиктер мен социалист-революционерлер (1917) —1918—1919 — 1920 - - - (Европада)

29. II Интернационал *көсемдерінің* надандығы мен топастығы. Советтер туралы *Nil**.
    Каутский кітапшасында *August 1918.*
    Советтер күрес үшін, *бірақ* мемлекеттік өкімет үшін *емес!!*

30. *Пролетарлық бұқара* басқаша: таптық инстинкт!

31. Советтік идеяның бүкіл дүние жүзіндегі салтанатты шеруі.

    Советтік идеяның тікелей жеңісі мен жанама жеңісі (герман конституциясына енгізілуі).

    Пролетариат диктатурасының формасы табылды (пролетариаттың бұқаралық қозғалысы тапты)!!
    III Интернационал.

    Идея бұқараны баурап алды.

32. РСФСР Советтік конституциясы.
    Оның *23-параграфы*[110] *NB*.1793—1794 versus 1917—1919.

---

* —Nihil — ештеңе жоқ. *Ред.*

(1

Экономика и политика в эпоху диктатуры пролетариата

I

К двухлетнему юбилею советской власти я думал написать небольшую брошюру на тему, указанную в заглавии. Но в сутолоке повседневной работы мне не удалось пока дальше предварительной подготовки отдельных частей. Поэтому я решил сделать опыт краткого, конспективного изложения самых существенных, на мой взгляд, мыслей по данному вопросу. Разумеется, конспективный характер изложения несет с собой много неудобств и минусов. Но, может быть, для небольшой журнальной статьи окажется все же достижимой скромная цель: дать постановку вопроса и базу для обсуждения его коммунистами разных стран.

Теоретически не подлежит сомнению, что между капитализмом и коммунизмом лежит известный переходный период. Он не может не соединять в себе черты или свойства обоих этих укладов общественного хозяйства. Этот переходный период не может не быть периодом борьбы между умирающим капитализмом и рождающимся коммунизмом, — или иными словами: между побежденным, но не уничтоженным, капитализмом и родившимся, но совсем еще слабым, коммунизмом.

Не только для марксиста, но для всякого образованного человека, знакомого так или иначе с теорией развития, необходимость целой исторической эпохи, которая отличается этими чертами переходного периода, должна быть ясна сама собою. И однако все рассуждения о переходе к социализму, которые мы слышим от современных представителей мелкобуржуазной демократии (а таковыми являются, вопреки своему якобы

В. И. Лениннің «Пролетариат диктатурасы заманындағы экономика мен саясат» деген қолжазбасының бірінші беті.— 30 октябрь, 1919 ж.
Кішірейтілген

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ЗАМАНЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКА МЕН САЯСАТ

Совет өкіметінің екі жылдық мерекесіне мен мақаланың басында көрсетілген тақырыпта шағын кітапша жазбақшы болған едім. Бірақ күнбе-күнгі абыр-сабыр жұмыста оның жеке бөлімдерін* алдын ала әзірлеуден әрі баруға менің осы уақытқа дейін қолым тимеді. Сондықтан мен бұл мәселе жөніндегі, менің байқауымша, ең елеулі пікірлерді қысқаша, конспект түрінде баяндау тәжірибесін жасауға ұйғардым. Әлбетте, конспект түрінде баяндаудың қолайсыздықтары мен кемістіктері көп болады. Бірақ солай бола тұрса да, журналдық шағын мақалада кіші-гірім мақсат: мәселені әр түрлі елдердің коммунистері талқылауы үшін мұның қойылысын және желісін көрсетіп беру мақсаты орындалып шығуы мүмкін.

1

Капитализм мен коммунизмнің арасында белгілі өтпелі кезең жатқандығында теориялық жағынан күмән жоқ. Бұл кезең қоғамдық шаруашылықтың осы екі укладының екеуінің де белгілерін немесе қасиеттерін өз ішінде ұластырмай тұра алмайды. Осы өтпелі кезең өліп бара жатқан капитализм мен туып келе жатқан коммунизмнің арасындағы — немесе басқа сөзбен айтқанда: жеңілген, бірақ құртылмаған капитализмнің және туған, бірақ әлі мүлде әлсіз коммунизмнің арасындағы — күрес кезеңі болмай тұра алмайды.

* Қараңыз: осы том, 283—292, 489—497-беттер. *Ред.*

Өтпелі кезеңнің осы белгілерімен көзге түсетін тұтас бір тарихи дәуірдің қажеттігі марксист үшін ғана емес, даму теориясымен қалай да таныс әрбір білімді адам үшін де өзінен өзі айқып болуға тиіс. Алайда социализмге өту туралы ұсақ буржуазиялық демократияның қазіргі өкілдерінен (ал олар — өздерінің социалистік деген атағына қарамастан, II Интернационалдың барлық өкілдері, соның ішінде Макдональд пен Жан Лонге, Каутский мен Фридрих Адлер сияқты адамдар) біз естіп жүрген барлық пайымдаулар әлгі өзінен-өзі айқын ақиқатты толық ұмытушылықпен көзге түседі. Ұсақ буржуазиялық демократтарға тән нәрсе — олар тап күресіне жиренө қарайды, онсыз-ақ күн көруді арман етеді, шиеленіскен нәрселерді жымдастырып, ымыраластыруға, бәсеңсітуге ұмтылады. Сондықтан ондай демократтар не капитализмнен коммунизмге өтудің тұтас бір тарихи кезеңін қандай болса да танудан бойын аулақ салады, не әлгі күштердің біреуінің күресіне басшылық етудің орнына, күресіп жатқан екі күшті ымыраластырудың жоспарларын ойлап табуды өздерінің міндеті деп санайды.

2

Біздің еліміздің өте көп артта қалғандығы және ұсақ буржуазиялылығы себепті Россияда пролетариат диктатурасының алдыңғы қатарлы елдермен салыстырғанда сөзсіз кейбір ерекшеліктері болуға тиіс. Бірақ негізгі күштер — және қоғамдық шаруашылықтың негізгі формалары — кез келген капиталистік елде қандай болса, Россияда да сондай, сондықтан бұл ерекшеліктер ең негізгі емес мәселеге ғана қатысты болуы мүмкін.

Қоғамдық шаруашылықтың бұл негізгі формалары: капитализм, ұсақ товар өндірісі, коммунизм. Бұл негізгі күштер: буржуазия, ұсақ буржуазия (әсіресе шаруалар), пролетариат.

Пролетариат диктатурасы дәуірінде Россияның экономикасы дегеніміз коммунистік жолмен біріккен,— зор мемлекеттің біртұтас көлемінде біріккен,— еңбек-

тің алғашқы қадамдарының ұсақ товар өндірісіне қарсы және соның негізінде сақталып отырған, сондай-ақ қайта туып келе жатқан капитализмге қарсы күресі.

Россияда еңбек коммунистік жолмен біріккен, біріккенде, біріншіден, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік жойылғандықтан және, екіншіден, пролетарлық мемлекеттік өкімет мемлекеттік жерде және мемлекеттік кәсіпорындарда ірі өндірісті жалпы ұлттық көлемде ұйымдастырып отырғандықтан, жұмыс күштерін әр түрлі шаруашылық салалары мен кәсіпорындардың арасында бөліп отырғандықтан, мемлекетке тиісті толып жатқан тұтыну өнімдерін еңбекшілердің арасында бөліп отырғандықтан біріккен.

Біз коммунизмнің Россиядағы «алғашқы қадамдары» туралы айтып отырмыз (1919 ж. мартта қабылданған біздің партиялық программамызда да осылай айтылған), өйткені әлгі шарттардың бәрі бізде тек ішінара жүзеге асырылған, немесе басқа сөзбен айтқанда: бұл шарттарды жүзеге асыру тек бастапқы сатыда ғана. Жалпы алғанда бірден істеуге болатын нәрсе бірден, бір революциялық соққымен істелді: мәселен, пролетариат диктатурасының бірінші күні-ақ, 1917 ж. 26 октябрьде (1917 ж. 8 ноябрьде), ірі меншікшілерге ақы төленбестен, жерге жеке меншік жойылды, ірі жер меншікшілері экспроприацияланды. Бірнеше айдың ішінде түгелдей дерлік ірі капиталистер, фабрикалардың, заводтардың, акционерлік кәсіпорындардың, банктердің, темір жолдардың, тағысын-тағылардың иелері экспроприацияланды, бұларға да ақы төленген жоқ. Өнеркәсіпте ірі өндірісті мемлекеттік жолмен ұйымдастыру, фабрикаларды, заводтарды, темір жолдарды «жұмысшылардың бақылауынан» «жұмысшылардың басқаруына» көшіру,— міне бұл, негізгі және ең басты белгілері жағынан, қазірдің өзінде-ақ жүзеге асырылды, бірақ егіншілік жөнінде бұл енді-енді ғана басталды (жұмысшы мемлекеті мемлекеттік жерде ұйымдастырған «советтік шаруашылықтар» — ірі шаруашылықтар). Дәл сондай-ақ, ұсақ товар егіншілігінен коммунистік егіншілікке көшу ретінде ұсақ егіншілер серіктіктерінің әр түрлі формаларын ұйымдастыру енді-

енді ғана басталды*. Жеке сауданың орнына өнімдерді бөлуді мемлекеттік жолмен ұйымдастыру, яғни мемлекеттік жолмен дайындап, астықты қалаларға, өнеркәсіп өнімдерін деревняға жеткізу туралы да осыны айту керек. Төменде бұл мәселе жөнінде қолда бар статистикалық деректер келтіріледі.

Шаруа шаруашылығы ұсақ товар өндірісі қалпында қалып отыр. Бұл арада біз капитализмнің өте терең, өте берік тамырлары бар өте-мөте кең базасын көріп отырмыз. Осы база негізінде — коммунизмге қарсы мейлінше шиеленіскен күресте — капитализм сақталып, қайта туып отырады. Бұл күрестің формалары: мемлекеттің астықты (сол сияқты басқа да өнімдерді) дайындауына қарсы,— жалпы алғанда өнімді мемлекеттің бөлуіне қарсы қапшықшылық пен жалдаптық.

3

Бұл абстракт теориялық қағидаларды суреттеп беру үшін нақты деректер келтірейік.

Россияда мемлекеттік астық дайындау, Компродтың (Азық-түлік халық комиссариатының) деректеріне қарағанда, 1917 ж. 1 августан 1918 ж. 1 августқа дейін 30 миллион пұттай астық берді. Келесі жылы 110 миллион пұттай берді. Келесі дайындау науқанының (1919—1920) алғашқы үш айында 1918 жылдың сол айларындағы (август — октябрь) 37 миллион пұттың орнына цифрлар, сірә, 45 миллион пұтқа жететін болар.

Бұл цифрлар коммунизмнің капитализмді жеңуі мағынасында алғанда істің баяу, бірақ үздіксіз жақсарып келе жатқанын айқын көрсетеді. Дүние жүзінің аса қуатты державаларының барлық күштерін жұмсап, орыс және шетел капиталистері ұйымдастырып отырған азамат соғысы адам естімеген қиыншылықтарға кезіктірді, осыған қарамастан іс жақсарып келеді.

Сондықтан, барлық елдердің буржуасы мен олардың

* Советтік Россияда «советтік шаруашылықтар» мен «егіншілік коммуналардың» саны шамамен алғанда 3536 және 1961; егіншілік артельдердің саны 3696. Біздегі Орталық статистика басқармасы қазіргі уақытта барлық советтік шаруашылықтар мен коммуналардың дәлмедәл санағын алып жатыр. Мұның қорытындылары 1919 жылы\ноябрьде келіп түсе бастайды.

ашық және бүркемелі қолжаулықтары (II Интернационалдың «социалистері») қалай өтірік айтып, жала жапса да, мынау күмәнсыз: пролетариат диктатурасының негізгі экономикалық проблемасы тұрғысынан қарағанда бізде коммунизмнің капитализмді жеңуі қамтамасыз етілді. Бүкіл дүние жүзі буржуазиясының большевизмге қарсы құтырынып, долдануының, большевиктерге қарсы соғыс шапқыншылықтарын, заговорларды және басқаларды ұйымдастыруының дәл себебі, бізді әскери күшпен басып-жаныштамаса, қоғамдық шаруашылықты қайта құруда біздің сөзсіз жеңіп шығатынымызды буржуазия әбден жақсы түсінеді. Ал бізді бұлайша басып-жаныштау оның қолынан келмей отыр.

Бізге берілген қысқа мерзімнің ішінде, біз қимыл жасауға тура келген, дүние жүзінде болып көрмеген қиыншылықтар тұсында капитализмді қазірдің өзінде-ақ біздің нақ қаншалықты жеңгендігіміз мына қорытынды цифрлардан көрінеді. Орталық статистика басқармасы бүкіл Советтік Россия бойынша емес, оның 26 губерниясы бойынша астық өндіру мен тұтыну туралы деректерді басып шығару үшін жаңа ғана әзірледі.

Қорытындылар мынадай болып шықты:

Советтік Россияның 26 губерниясы	Халқы (миллион)	Астық өндіру (тұқымсыз және жемсіз) (миллион пұт)	Жеткізілген астық: Азық-түлік комиссариаты (миллион пұт)	Жеткізілген астық: қапшықшылар (миллион пұт)	Халықта бар астықтың барлық мөлшері (миллион пұт)	1 жанға астық тұтынылуы (пұт)
Өндіруші губерниялар	Қалалар 4,4	—	20,9	20,6	41,5	9,5
	Селолар 28,6	625,4	—	—	481,8	16,9
Тұтынушы губерниялар	Қалалар 5,9	—	20,0	20,0	40,0	6,8
	Селолар 13,8	114,0	12,1	27,8	151,4	11,0
Барлығы (26 губерния)	52,7	739,4	53,0	68,4	714,7	13,6

Сөйтіп, қалаларға астықтың жартысына жуығын Азық-түлік комиссариаты, ал қалған жартысын қапшықшылар беріп отыр. 1918 жылы қала жұмысшыларының тамақтануын дәлме-дәл зерттеу нақ осы пропорцияны көрсетті. Бұл арада жұмысшының мемлекет жеткізген астық үшін төлейтіні қапшықшыларға төлегенінен *тоғыз есе аз*. Астықтың жалдаптық бағасы мемлекеттік бағадан *он есе* жоғары. Жұмысшылардың бюджетін дәлме-дәл зерттеу осыны көрсетеді.

4

Егер келтірілген деректерге жақсылап ой жіберсек, бұл деректер Россияның қазіргі экономикасының барлық негізгі белгілерін суреттейтін дәлме-дәл материал береді.

Еңбекшілер ежелгі езушілер мен қанаушылардан, помещиктер мен капиталистерден азат етілді. Парламенттік буржуазиялық демократияны жалпы «демократия немесе «таза демократия» (Каутский) деп беталды жариялап, бостандық пен теңдік туралы парламенттік буржуазиялық демократия мағынасында әңгіме ететін буржуазияның жақтаушылары (соның ішінде ұсақ буржуазиялық демократтар) шын бостандық пен шын теңдікке қарай алға басқан әлгі адымды — өзінің аумағы, мөлшері, шапшаңдығы жағынан дүние жүзінде болып көрмеген адымды ескермей жүр.

Ал еңбекшілер нақ шын теңдікті, шын бостандықты (помещиктер мен капиталистерден азат болуды) ескеріп отыр және сондықтан Совет өкіметін сондай берік жақтап отыр.

Шаруалар елінде пролетариат диктатурасынан бірінші болып ұтқандар, бәрінен де көп ұтқандар, дереу ұтқандар жалпы шаруалар болды. Шаруа Россияда помещиктер мен капиталистер тұсында ашықты. Біздің тарихымыздың ұзақ ғасырлары бойында шаруаның еш уақытта да өзіне жұмыс істеуге мүмкіндігі болып көрген жоқ: ол жүздеген миллион пұт астықты капиталистерге, қалаларға және шетелге бере отырып, ашықты. *Тұңғыш рет* пролетариат диктатурасы тұсын-

да шаруа өзіне жұмыс істеді және *қала адамына қарағанда жақсы тамақтанды.* Тұңғыш рет шаруа іс жүзіндегі бостандықты: өзінің нанын жеу бостандығын, аштықтан аулақ болу бостандығын көрді. Жұртқа мәлім, жерді бөлу тұсында теңдік барынша орнатылды: аса көп реттерде шаруалар жерді «жан басына» бөліседі.

Социализм дегеніміз таптарды жою.

Таптарды жою үшін, біріншіден, помещиктер мен капиталистерді құлату керек. Міндеттің бұл бөлегін біз орындадық, бірақ бұл — міндеттің бір бөлегі ғана және соның өзінде ең қиын *емес* бөлегі. Таптарды жою үшін, екіншіден, жұмысшы мен шаруаның арасындағы айырмашылықты жою керек, олардың *бәрін қызметкерлерге* айналдыру керек. Мұны бірден істеуге болмайды. Бұл — анағұрлым қиын және лажсыздан ұзақ уақыт алатын міндет. Бұл — қандай да болсын бір тапты құлатумен орындауға болмайтын міндет. Мұны бүкіл қоғамдық шаруашылықты ұйымдық жағынан қайта құрумен ғана, жеке, оқшауланған, ұсақ товар шаруашылығын қоғамдық ірі шаруашылыққа көшірумен ғана орындауға болады. Мұндай көшу лажсыздан өте-мөте ұзақ уақыт алады. Мұндай көшуді асығыс және абайсыз өкімшілік шаралар және заң жүзіндегі шаралар тек баяулатып, қиындатып жіберуі мүмкін. Бұл көшуді шаруаның бүкіл егіншілік техникасын зор көлемде жақсартуына, оны түп-тамырымен өзгертуіне мүмкіндік беретіндей етіп шаруаға көмек көрсету арқылы ғана тездетуге болады.

Міндеттің екінші, ең қиын бөлегін шешу үшін, буржуазияны жеңген пролетариат шаруалар жөніндегі өз саясатының мына негізгі бағытын үздіксіз жүргізіп отыруға тиіс: пролетариат еңбекші шаруаны меншікші шаруадан,— қызметкер шаруаны саудагер шаруадан,— еңбеккер шаруаны жалдап шаруадан бөле қарап, шек қойып отыруға тиіс.

Социализмнің *бүкіл мәні* осылай шек қоюда жатыр.

Сөз жүзіндегі социалистердің, іс жүзіндегі ұсақ буржуазияшыл демократтардың (Мартовтар мен Черновтар, Каутскийлер мен K^0) социализмнің осы мәнін түсінбейтіндігі таңқаларлық нәрсе емес.

Бұл арада көрсетілген шек қоюшылық өте қиын іс, өйткені нақты өмірде «шаруаның» барлық қасиеттері қаншалықты әр түрлі болса да, қаншалықты қарама-қайшы болса да, біртұтас болып тұтасқан. Бірақ дегенмен шек қою мүмкін және мүмкін ғана емес, қайта шаруа шаруашылығының және шаруа өмірінің жағдайларынан сөзсіз туады. Еңбекші шаруаны помещиктер, капиталистер, саудагерлер, жалдаптар және *бұлардың* мемлекеті, соның ішінде ең демократиялық деген буржуазиялық республикалар да ғасырлар бойы езіп келді. Еңбекші шаруа ғасырлар бойы өзін осы езушілер мен қанаушыларға өш және дұшпан етіп тәрбиеледі, ал өмір үйреткен бұл «тәрбие» шаруапы капиталиске қарсы, жалдапқа қарсы, саудагерге қарсы жұмысшымен одақ болуды іздестіруге *мәжбүр етеді.* Ал сонымен бірге экономикалық жағдай, товар шаруашылығы жағдайы, шаруаны (әрқашан емес, бірақ орасан көп реттерде) саудагер және жалдап етпей қоймайды.

Жоғарыда біз келтірген статистикалық деректер еңбекші шаруа мен жалдап шаруаның арасындағы айырмашылықты айқын көрсетеді. 1918—1919 жылы тұрақты, мемлекеттік баға бойынша мемлекеттік органдардың қолына, ол органдардың жұмысшылар үкіметі өте жақсы білген, бірақ социализмге өтудің бірінші дәуірінде жоюға болмайтын барлық кемшіліктеріне қарамастан, қалалардың ашыққан жұмысшыларына деп 40 миллион пұт астық берген шаруа, міне осы шаруа — еңбекші шаруа, социалист-жұмысшының толық праволы жолдасы, оның ең сенімді одақтасы, капиталдың езгісіне қарсы күресте ең жақын туысы. Ал қала жұмысшысының мұқтаждығы мен аштығын пайдалана отырып, мемлекетті алдап, барлық жерде алдаушылық, тонаушылық, зымияндық әрекеттер істеп, бұл әрекеттерді күшейте түсіп, мемлекеттік бағадан он есе қымбат бағамен 40 миллион пұт астықты жасырып сатқан шаруа, міне ол шаруа — жалдап, капиталистің одақтасы, ол — жұмысшының тап жауы, қанаушы. Өйткені қалай да шаруаның ғана емес, жұмысшының да, тағысын-тағылардың да еңбек сіңіруімен жасалған

құралдардың жәрдемімен жалпы мемлекеттік жерден жинап алған артық астығы бола тұрып, сондай артық астығы бола тұрып, ол астықпен жалдаптық істеу — ашыққан жұмысшының қанаушысы болу деген сөз.

Біздің Конституциямыздағы жұмысшы мен шаруаның арасындағы теңсіздікті көрсетіп, Құрылтай жиналысының таратылып жіберілгендігін, артық астықтың күшпен тартып алынуын, т. с. көрсетіп, бізге жан-жақтан: сіздер — бостандықты, теңдікті, демократияны бұзушыларсыздар деп айқайлайды. Біз былай деп жауап қайырамыз: еңбеккер шаруа ғасырлар бойы зардап шегіп келген іс жүзіндегі теңсіздікті, іс жүзіндегі еріксіздікті жою үшін мұншама көп іс істеген мемлекет дүние жүзінде болған емес. Ал жалдап шаруамен теңдікті біз еш уақытта мойындамаймыз, сол сияқты қанаушының қаналушымен, тоқтың ашпен «теңдігін», біріншінің екіншіні тонау «бостандығын» мойындамаймыз. Сондықтан осы айырмашылықты түсінгісі келмейтін білімді адамдарды біз ақ гвардияшылар деп білеміз, мейлі ол адамдар демократтар, социалистер, интернационалистер, Каутскийлер, Черновтар, Мартовтар деп аталса да, солай деп білеміз.

5

Социализм дегеніміз таптарды жою. Пролетариат диктатурасы таптарды жою үшін қолынан келгенінің бәрін істеді. Бірақ таптарды бірден жоюға болмайды.

Сөйтіп таптар *қалды* және пролетариат диктатурасы дәуірінің өне бойында *қала береді*. Таптар жоғалған кезде диктатураның керегі болмайды. Пролетариат диктатурасынсыз таптар жоғалмайды.

Таптар қалды, бірақ пролетариат диктатурасы дәуірінде *әрқайсысының* түрі өзгерді; олардың өзара қатынасы да өзгерді. Пролетариат диктатурасы тұсында тап күресі жоғалмайды, ол тек өзге формаларда ғана болады.

Пролетариат капитализм тұсында езілген тап, өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктену атаулыдан айрылған тап, буржуазияға тікелей және түгелдей жалғыз

өзі қарама-қарсы қойылған тап еді, сондықтан да ақырына дейін революцияшыл тап болу жалғыз соның ғана қолынан келеді. Пролетариат буржуазияны құлатып және саяси өкіметті жеңіп алып, *үстем* тапқа айналды: ол мемлекеттік өкіметті қолында ұстап отыр, ол қазірдің өзінде қоғамдастырылған өндіріс құрал-жабдықтарына билік етіп отыр, ол ауытқушы, аралық элементтер мен таптарға басшылық етіп отыр, ол қанаушылардың өршелене өскен қарсылығын басып-жаныштап отыр. Осының бәрі — тап күресінің *айрықша* міндеттері, пролетариат бұрын алға қоймаған және алға қоя алмаған міндеттер.

Қанаушылардың, помещиктер мен капиталистердің табы жоғалған жоқ және пролетариат диктатурасы тұсында бірден жоғала алмайды. Қанаушылар талқандалды, бірақ құртылған жоқ. Оларда халықаралық база, халықаралық капитал қалды, олар соның бөлімшесі болып табылады. Оларда кейбір өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлегі қалды, ақша қалды, зор қоғамдық байланыстар қалды. Олардың нақ жеңілуі себепті өршеленген қарсылығы жүз есе, мың есе артты. Мемлекеттік, әскери, экономикалық басқару «өнері» оларға өте-мөте зор басымдық беріп отыр, сондықтан олардың маңызы халықтың жалпы санындағы олардың үлесінен анағұрлым зор. Езілгендердің жеңген авангардына қарсы, яғни пролетариатқа қарсы құлатылған қанаушылардың тап күресі өлшеусіз қатал күреске айналды. Мұның өзі, егер революция туралы айтатын болсақ, егер бұл ұғымды реформистік жалған үміттермен ауыстырмайтын болсақ (II Интернационалдың барлық батырлары осылай ауыстырып жүр), басқаша бола алмайды да.

Ақырында, шаруалар, жалпы ұсақ буржуазия атаулы сияқты, пролетариат диктатурасы тұсында *да* орта, аралық жағдайда болады: бір жағынан, олар — еңбекшілердің помещиктен және капиталистен азаттық алудың ортақ мүддесімен біріккен еңбекшілердің едәуір елеулі (ал артта қалған Россияда орасан зор) бұқарасы; екінші жағынан, олар — оқшауланған ұсақ қожайындар, меншікшілер және саудагерлер. Мұндай

экономикалық жағдай олардың пролетариат пен буржуазия арасында ауытқуын туғызбай қоймайды. Ал пролетариат пен буржуазия арасындағы шиеленіскен күрес жағдайында, барлық қоғамдық қатынастардың адам айтқысыз күрт қиратылуы жағдайында, атап айтқанда шаруалардың, жалпы алғанда ұсақ буржуаның бойы ескіге, кертартпалыққа, өзгермейтінге өте-мөте көп үйренген жағдайда, әрине, біз олардың арасында бір жақтан екінші жаққа өтуді, ауытқуларды, бұрылыстарды, қобалжуды, т. т. сөзсіз байқаймыз.

Бұл тап жөнінде — немесе бұл қоғамдық элементтер жөнінде — пролетариаттың міндеті басшылық ету, оған ықпал жасау үшін күресу болып табылады. Ауытқушыларды, тұрлаусыздарды өз соңынан ертуі керек — міне, пролетариат осыны істеуге тиіс.

Егер біз барлық негізгі күштерді немесе таптарды және пролетариат диктатурасы өзгерткен олардың өзара қатынасын бірге алып салыстырсақ, социализмге жалпы «демократия арқылы» өту туралы II Интернационалдың барлық өкілдерінен біз байқап отырған, етек алған, ұсақ буржуазиялық түсініктің қандай шексіз теориялық сөлекеттік, қандай топастық екенін көреміз. «Демократияның» сөзі, таптан тыс мазмұны жөнінде буржуазиядан мұра болып қалған соқыр сенім — бұл қатенің негізі, міне, осы. Ал шындығында пролетариат диктатурасы тұсында демократия да мүлдем жаңа фазаға көшеді, тап күресі де өзіне барлық және әр қилы формаларды бағындыра отырып, неғұрлым жоғары сатыға көтеріледі.

Бостандық, теңдік, демократия туралы жалпылама сөздер іс жүзінде товар өндірісі қатынастарынан түсіріп алынған сурет ретіндегі ұғымдарды көзсіз қайталаумен бірдей. Осы жалпылама сөздер арқылы пролетариат диктатурасының нақты міндеттерін шешу — барлық бағытта буржуазияның теориялық, принциптік позициясына көшу деген сөз. Пролетариаттың тұрғысынан мәселе тек былай қойылады: қандай таптың езгісінен бостандық алу керек? қандай тап қандай таппен тең болуы керек? демократия жеке меншік

негізінде болу керек пе, әлде жеке меншікті жою жолындағы күрес негізінде болу керек пе? және т. т.

Егер теңдікті *таптарды жою* мағынасында түсінбесек, теңдік ұғымы, товар өндірісі қатынастарынан түсіріп алынған сурет бола отырып, соқыр сенімге айналатынын Энгельс «Анти-Дюрингте» әлдеқашан түсіндірген болатын[111]. Теңдік жөніндегі буржуазиялық-демократиялық және социалистік ұғымның айырмашылығы туралы осы ап-айқын ақиқат үнемі ұмытылып жүр. Ал егер бұл ұмытылмаса, онда мынау айқын болады: буржуазияны құлатқан пролетариат осы арқылы таптарды жоюға қарай мейлінше батыл қадам басады және мұны аяқтап шығу үшін пролетариат мемлекеттік өкіметтің аппаратын пайдалана отырып, құлатылған буржуазия жөнінде және ауытқушы ұсақ буржуазия жөнінде күрестің, ықпал жасаудың, әсер етудің әр түрлі тәсілдерін қолдана отырып, өзінің тап күресін жүргізе беруге тиіс.

(Жалғасы бар[112].)

30. X. 1919.

«Правда» № 250
және «Известия ВЦИК» № 250,
7 ноябрь, 1919 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАД ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА СӘЛЕМ

Совет республикасының екі жылдығы күні бірінші сәлемді Петроград жұмысшыларына жолдаған лайық. Революцияшыл жұмысшылар мен солдаттардың авангарды ретінде, Россияның және бүкіл дүние жүзінің еңбекшілер бұқарасының авангарды ретінде, Петроград жұмысшылары бірінші болып буржуазияның өкіметін құлатты және капитализм мен империализмге қарсы пролетарлық революцияның туын көтерді.

Совет республикасының жұмысшылары мен еңбекші шаруалары аштық, жалаңаштық, күйзеліс, бүліншіліктің барлық қиыншылықтары мен азаптарына қарамастан, бұл туды екі жыл бойы жеңімпаздықпен ұстап келеді. Социалистік құрылыстың екі жылында біз буржуазияның өршеленген ашу-ызасы мен қарсыласуына қарамастан, бүкіл дүние жүзілік империализмнің соғыс шапқыншылығына қарамастан, зор тәжірибе жинақтадық, Совет өкіметін нығайтып алдық.

Бүкіл дүние жүзі жұмысшылары бізге тілектес. Барлық елдерде пролетарлық революция баяу және қиын, бірақ үздіксіз пісіп жетіліп келеді, сондықтан буржуазияның айуандық күштеулері күресті тек шиеленістіре түседі, пролетариаттың жеңісін тек тездете түседі.

Дәл соңғы күндері ағылшынның реакционер-империалистері Петроградты алмақшы болып ақырғы рет бәрін бәске тікті. Бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы, әсіресе орыс буржуазиясы жеңіске дәмеленіп те қал-

ды. Бірақ жеңістің орнына олар Петроград түбінде жеңіліске ұшырады.

Юденичтің әскерлері талқандалып, шегініп барады.

Жұмысшы жолдастар, қызыл әскер жолдастар! Барлық күшті жұмсаңдар! Шегініп бара жатқан әскерлерді қайткен күнде де қуа беріңдер, оларды соққылаңдар, оларға бірде-бір сағат, бірде-бір минут тыныс берменңдер. Біз бәрінен де гөрі қазір, жауды ақырына дейін талқандау үшін, мейлінше күшті соққы бере аламыз және күшті соққы беруге тиіспіз.

Патша генералдарын, ақ гвардияшыларды, капиталистерді жеңіп жатқан Қызыл Армия жасасын! Халықаралық Советтік республика жасасын!

Н. Ленин

5. XI. 1919.

«Петроградская Правда» № 255, 7 ноябрь, 1919 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОВЕТ ӨКІМЕТІ ЖӘНЕ ӘЙЕЛДІҢ ЖАҒДАЙЫ

Совет өкіметінің екі жылдығы бізді осы уақыттың ішінде жүзеге асырылған істерге жалпы көз жіберуге және жасалған төңкерістің маңызы мен мақсаттарына ой жүгіртуге мәжбүр етеді.

Буржуазия және оның жақтаушылары бізді демократияны бұзды деп айыптайды. Біз былай дейміз: советтік төңкеріс демократияның, атап айтқанда нақ еңбекшілерге және капитализм езіп келген бұқараға арналған демократияның, — олай болса, халықтың басым көпшілігіне арналған демократияның, олай болса, буржуазиялық (қанаушыларға, капиталистерге, байларға арналған) демократиядан өзгеше социалистік (еңбекшілерге арналған) демократияның кеулей де, кеңейе де дамуына дүние жүзінде болып көрмеген қозғау салды.

Кімдікі дұрыс?

Бұл мәселеге жақсылап ой жіберу, оны тереңірек түсіну — екі жылдың тәжірибесін ескеру және оны одан әрі дамытуға жақсылап әзірлену деген сөз.

Әйелдің жағдайы буржуазиялық демократия мен социалистік демократияның арасындағы айырмашылықты ерекше айқын түсіндіреді, қойылған сұраққа мейлінше айқын жауап береді.

Буржуазиялық республикада (яғни жерге, фабрикаларға, заводтарға, акцияларға және басқаларға жеке меншік бар жерде), ол тіпті ең демократиялық республика болса да, әйелдің жағдайы *дүние жүзінде еш жерде, ең алдыңғы қатарлы елдердің бірде-біреуінде* толық тең праволы жағдайға айналған емес. Ал мұның өзі

француздың ұлы (буржуазиялық-демократиялық) революциясынан бері $1^1/_4$ ғасырдан астам уақыт өткеніне қарамастан осылай болып отыр.

Буржуазиялық демократия сөз жүзінде теңдік пен бостандықты уәде етеді. Іс жүзінде адамзаттың жартысына — әйелдерге бірде-бір, тіпті ең алдыңғы қатарлы, буржуазиялық республика заң бойынша еркекпен толық теңдікті де, еркектің қамқорсынуынан, езгісінен бостандықты да *берген емес.*

Буржуазиялық демократия — *бостандық пен теңдік жөніндегі* көпірме әңгімелердің, салтанатты сөздердің, ділмарлық уәделердің, даурықпа ұрандардың демократиясы, ал іс жүзінде мұның өзі әйелдің еріксіздігі мен теңсіздігін, еңбекшілер мен езілгендердің еріксіздігі мен теңсіздігін бүркемелейді.

Советтік немесе социалистік демократия көпірме, жалған сөздерді аластап, «демократтардың», помещиктердің, капиталистердің немесе артық астығын ашыққан жұмысшыларға жалдаптықпен сатудан байитын тоқ шаруалардың екіжүзділігіне қарсы аяусыз күрес жариялайды.

Мұндай жексұрын өтірік жойылсын! Езілгендердің езушілермен, қаналушылардың қанаушылармен «теңдігі» болуы мүмкін емес, болған жоқ және болмайды да. Заң бойынша еркектердің пайдасына беріліп отырған пұрсаттылықтардан әйел үшін бостандық, капиталдың езгісінен жұмысшы үшін бостандық, капиталистің, помещиктің, көпестің езгісінен еңбекші шаруа үшін бостандық болмай тұрғанда нағыз «бостандықтың» болуы мүмкін емес, болған жоқ және болмайды да.

Мейлі өтірікшілер мен екіжүзділер, топастар мен соқырлар, буржуа мен оларды жақтаушылар жалпы бостандық туралы, жалпы теңдік туралы, жалпы демократия туралы айтып, халықты алдай берсін.

Біз жұмысшылар мен шаруаларға былай дейміз: бұл өтірікшілердің бет пердесін жұлып тастаңдар, бұл соқырлардың көзін ашыңдар. Былай деп сұраңдар:

— Қай жыныстың қай жыныспен теңдігі керек?
— Қай ұлттың қай ұлтпен теңдігі керек?
— *Қай таптың қай таппен теңдігі керек?*

— Қандай езгіден немесе қай таптың езгісінен бостандық алу керек? Қай тап үшін бостандық керек?

Кімде-кім осы сұрақтарды *қоймайынша*, бұл сұрақтарды алдыңғы қатарға шығармайынша, бұл сұрақтарды жасыруға, бүркемелеуге, көмескілеуге қарсы күреспейінше, саясат, демократия туралы, бостандық туралы, теңдік туралы, социализм туралы әңгіме етсе, ол — еңбекшілердің ең сұмпайы жауы, ол қой терісін жамылған қасқыр, ол — жұмысшылар мен шаруалардың ең қас дұшпаны, ол — помещиктердің, патшалардың, капиталистердің малайы.

Екі жылдың ішінде Совет өкіметі Европаның ең артта қалған елдерінің бірінде әйелді азат ету үшін, оны «күшті» жыныспен теңгеру үшін бүкіл дүние жүзінің алдыңғы қатарлы, білімді, «демократиялық» республикаларының бәрі жиналып 130 жыл ішінде істемеген ісін істеді.

Оқу-ағарту, мәдениет, цивилизация, бостандық — осы көпірме сөздердің бәрі дүние жүзінің барлық капиталистік, буржуазиялық республикаларында некелік право туралы және айрылысу туралы, некесіз туған нәрестенің «заңды туған» нәрестемен тең еместігі туралы, еркектерге пүрсаттылықтар беру туралы, әйелді кемсіту және қорлау туралы заңдар бойынша әйелдің теңсіздігі жөніндегі адам естімеген пасықтық, жексұрын жиіркенішті, айуандық-дөрекі заңдармен ұштастырылып отырады.

Капиталдың тепкісі, «қасиетті жеке меншіктің» езгісі, мещандық топастықтың, ұсақ шаруалық құлқынқұмарлықтың озбырлығы — осы жиіркенішті және пасық заңдарға буржуазияның ең демократиялық республикаларының қол сұғуына бөгет болған нәрселер, міне, осылар.

Совет республикасы, жұмысшылар мен шаруалардың республикасы, бұл заңдарды бірден жойып жіберді, буржуазиялық өтірік пен буржуазиялық екіжүзділік құрылысының тамтығын қалдырмай талқандады.

Мұндай өтірік жойылсын! Езілген жыныс болып отырғанда, езуші таптар болып отырғанда, капиталға, акцияларға жеке меншік болып отырғанда, өзінің артық

астығымен ашыққандарды кіріптар етуші тоқтар болып отырғанда, *жұрттың бәріне арналған* бостандық пен теңдік туралы сөз етіп жүрген өтірікшілер жойылсын. Жұрттың бәріне арналған бостандық керек емес, жұрттың бәріне арналған теңдік керек емес, қайта езушілер мен қанаушыларға қарсы *күресу керек,* езу және қанау *мүмкіндігін құрту керек.* Біздің ұранымыз, міне, осы!

Езілген жыныска бостандық пен теңдік берілсін!

Жұмысшыға, еңбекші шаруаға бостандық пен теңдік берілсін!

Езушілерге қарсы күрес, капиталистерге қарсы күрес, жалдап-кулакқа қарсы күрес жүргізілсін!

Біздің жауынгерлік ұранымыз, міне, осы, біздің пролетарлық шындығымыз, капиталға қарсы күрес шындығы, *жалпы* бостандық пен теңдік туралы, *жұрттың бәріне арналған* бостандық пен теңдік туралы жылымшы, екіжүзді, көпірме сөздер сөйлейтін капитал дүниесінің бетіне басып отырған шындығымыз, міне, осы.

Біз бұл екіжүзділіктің бет пердесін жұлып тастағандықтан ғана, біз езілгендер үшін және еңбекшілер үшін, езушілерге қарсы, капиталистерге қарсы, кулактарға қарсы бостандық пен теңдікті революциялық жігермен жүзеге асырып жатқандығымыздан ғана,— нақ сондықтан ғана бүкіл дүние жүзінің жұмысшыларына Совет өкіметі сондай қымбат болып отыр.

Нақ сондықтан Совет өкіметінің екі жылдығы күні дүние жүзінің барлық елдерінде жұмысшылар бұқарасының тілектестігі, езілгендер мен қаналғандардың тілектестігі біздің жағымызда болып отыр.

Нақ сондықтан Совет өкіметінің екі жылдығы күні, аштық пен жалаңаштыққа қарамастан, Россия Советтік республикасына империалистердің шапқыншылық жасауынан біз ұшыраған барлық апаттарға қарамастан, біз өз ісіміздің дұрыстығына кәміл сенеміз, бүкіл дүние жүзілік Совет өкіметінің сөзсіз жеңетіндігіне кәміл сенеміз.

«Правда» № 249, 6 ноябрь, 1919 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ ЕКІ ЖЫЛЫ

«Беднотаны» оқушылардың дені шаруалар. Сондықтан Совет өкіметінің екі жылдығы күні, помещиктер мен капиталистердің езгісінен азат болған ондаған миллион еңбекші шаруаларды құттықтай отырып, мен осы азаттық жөнінде бірнеше сөз айтайын.

Совет өкіметі, еңбекшілер өкіметі, капиталдың езгісін құлатқан өкімет, Россияда адам естімеген, адам айтқысыз қиыншылықтарға қарсы күресіп жатыр.

Россияның, ал одан кейін бүкіл дүние жүзінің де помещиктері мен капиталистері Совет өкіметінің үлгісінен қорқып, ол бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының тілектестігі мен қолдауын өз жағына қаратып алады деп қорқып, оған қарсы өршеленген өшпенділікпен соғысып жатыр.

Ел ішіндегі заговорлар, чехословактарды сатып алу, Сибирьге, Архангельскіге, Кавказға, оңтүстікке, Петроград түбіне шетел әскерлерін әкеліп түсіру, Колчакқа, Деникинге, Юденичке және басқа патша генералдарына жәрдемге жүз миллиондаған сом ақша беру,— соғыс жабдықтарын өткізуден миллиондар мен миллиардтар жинаған барлық елдердің капиталистері осының бәрін қолданып отыр, Совет өкіметін құлату үшін осының бәрін қолданып отыр.

Бірақ бәрі бос әурешілік. Совет өкіметі бұрын құлақ естіп, көз көрмеген осы қиыншылықтарды жеңе отырып, соғыстан, блокададан, аштаршылықтан, товарсыздықтан, транспорттың бүлінуінен, бүкіл елдің күйзе-

луінен болып отырған ең сұрапыл азаптарды жоя отырып, аяғын нық басып тұр.

Россиядағы Совет өкіметі бүкіл дүние жүзінің жұмысшыларын қазірдің өзінде-ақ өз жағына тартып отыр. Большевизм туралы және Совет өкіметі туралы әңгіме етілмейтін бірде-бір ел жоқ.

Совет өкіметі туралы капиталистер өшпенділікпен, өршеленген ызамен әңгіме етеді, шексіз жала жауып, өтірік айтады. Бірақ дәл осы ызасымен олар өздерінің сырын ашып алады, сөйтіп бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының көпшілігі бұрынғы көсемдерден сырт айналып, Совет өкіметінің жағына өтіп жатыр

Совет өкіметі жаулардың Россияға жасаған қысымынан жаншылып, азап шекті. Бірақ, солай бола тұрса да, Совет өкіметі бүкіл дүние жүзін жеңіп шықты — барлық жерде еңбекшілер бұқарасының тілектестігіне ие болу мағынасында жеңіп шықты.

Бүкіл дүние жүзінде Совет өкіметінің жеңуі — қамтамасыз етілген іс. Мәселе тек уақытында ғана.

Адам естімеген ауыр сынақтарға, ашаршылықтың азаптарына және соғыс пен бүліншілік душар еткен қиыншылықтарға қарамастан, Совет өкіметінің берік болуының себебі не?

Мұның себебі, Совет өкіметі — еңбекшілердің өз өкіметі, миллиондаған жұмысшылар мен шаруалардың өкіметі.

Жұмысшылар мемлекеттік өкіметті қолында ұстап отыр. Жұмысшылар миллиондаған еңбеккер-шаруаларға көмектесіп отыр.

Совет өкіметі помещиктер мен капиталистерді құлатты және олардың өкіметін қайта орнату әрекеттерінен халықты берік қорғап отыр.

Совет өкіметі өз көмегінің бүкіл күшін орасан көпшілік болып табылатын *еңбеккер-шаруаларға, ең кедей шаруалар мен орта шаруаларға беріп отыр.*

Совет өкіметі кулакқа, байға, меншікшіге, жалдапқа, жұмыс істемей пайда тапқысы келетіндерге, халықтың мұқтаждығы мен аштығынан байығысы келетіндерге жол бермей отыр.

Совет өкіметі — еңбекшілерді *жақтайды,* жалдаптар-

ға, меншікшілерге, капиталистерге, помещиктерге *қарсы.*

Бүкіл дүние жүзінде Совет өкіметінің күштілігі мен беріктігінің қайнар көзі, жеңілместігінің қайнар көзі, міне, осында.

Бүкіл дүние жүзінде ондаған және жүздеген миллион жұмысшылар мен шаруалар помещиктер мен капиталистердің езгісін, қорлығын, тонауын бастан кешірді. Ал бұрынғы мемлекет, монархиялар да, «демократиялық» (жалған демократиялық) республикалар да қанаушыларға көмектесіп, еңбекшілерге қысым жасап отырды.

Барлық елдердің ондаған және жүздеген миллион жұмысшылары мен шаруалары мұны біледі, мұны көрді, мұны байқады, мұны бастан кешірді және бастан кешіріп те отыр.

Империалистік соғыс төрт жылдан астам уақытқа созылды, ондаған миллион адам өлтірілді және мүгедек болды — неге бола? Капиталистердің олжа бөлісуіне бола, рыноктарға бола, пайдаға бола, отарларға бола, банктердің өктемдігіне бола.

Герман империализмінің жыртқыштарын ағылшын-француз империализмінің жыртқыштары жеңді; бұлар қазір өздерінің халық мұқтажынан байып отырған, әлсіз халықтарға қысым жасап отырған қарақшылар мен тонаушылар, еңбекшілерді езушілер екенін күн сайын әшкерелей түсіп отыр.

Міне сондықтан бүкіл дүние жүзінде жұмысшылар мен шаруалардың Совет өкіметіне тілектестігі артып келеді.

Капиталға қарсы ауыр, қиын күрес Россияда жеңімпаздықпен басталды. Бұл күрес барлық елдерде қанат жайып келеді.

Бұл күрес Бүкіл дүние жүзілік Совет республикасының жеңуімен аяқталады.

«Беднота» № 478, 7 ноябрь, 1919 ж.
Қол қойған: Ленин

«Беднота» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫ МОСКВА СОВЕТІНІҢ, ВЦСПС ПЕН ФАБРИКА-ЗАВОД КОМИТЕТТЕРІНІҢ ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ЕКІ ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ 1919 ж. 7 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Бұдан екі жыл бұрын, империалистік соғыс әлі қызу жүріп жатқан кезде, орыс пролетариатының көтерілісі, пролетариаттың мемлекеттік өкіметті жеңіп алуы Россиядағы буржуазияның барлық жақтаушыларына, басқа елдердің халық бұқарасына және, бәлкім, жұмысшыларының көпшілігіне батыл, бірақ үмітсіз әрекет тәрізді болып көрінді. Ол кезде, бүкіл дүние жүзілік империализм — сондай зор, жеңілмес күш, артта қалған елдің жұмысшылары оған қарсы көтеріліс жасау әрекетін істеп, ақылсыздарша қимыл жасайтын тәрізді болып көрінді. Ал қазір кейінге, өткен екі жылға көз жіберіп, біздің ісіміздің дұрыстығын біздің дұшпандарымыздың да барған сайын үсті-үстіне мойындай бастағанын көріп отырмыз. Сондай жеңілмейтін дәу болып көрінген империализм жұрттың бәрінің көз алдында дәрменсіз дәу болып шыққанын біз көріп отырмыз және біз бастан кешірген, біз күрес жүргізген екі жыл, бұл екі жыл орыс пролетариатының ғана емес, халықаралық пролетариаттың да жеңісін барған сайын айқынырақ көрсетіп отыр.

Жолдастар, біздің өкіметіміздің өмір сүруінің бірінші жылында герман империализмінің қуатты күшін байқауымызға, оның бізге таңған зорлықшылдық және жыртқыштық бітімінен азап шегуімізге тура келді, сонда революцияға біздің жалғыздан-жалғыз шақыруымызға тура келді, біздің шақыруымызды қолдап, оған үн қосқан ешкім болмады. Ал егер біздің өкіметіміздің бірінші жылы империализмге қарсы біздің

күресіміздің бірінші жылы болса, осы алып халықаралық империализмнің әр түрлі бөлімдерінің күресі ажал алдындағы жанталасу ғана екеніне, одан басқа түк те емес екеніне жәпе бұл күреске Германия империализмі де, ағылшын-француз буржуазиясының империализмі де мүдделі екеніне біздің көп ұзамай-ақ көзіміз жетті. Осы бір жылдың ішінде біз бұл күрестің біздің күштерімізді тек нығайта түсетінін, тек арттыра түсіп, қалпына келтіретінін және бұл күштерді бүкіл империализмге қарсы бағыттайтынын анықтадық. Егер біз бірінші жылдың ішінде осындай жағдай жасаған болсақ, бүкіл екінші жылдың ішінде біз өз жауымызбен бетпе-бет кездестік. Өткен жылдың өзінде-ақ бізге қатты шүйліккен пессимистер болды, олар өткен жылдың өзінде-ақ: Англия, Франция және Америка — сондай зор, сондай алып күш, біздің елімізді таптап тастайды деді. Бір жыл өтті, енді өздеріңіз де көріп отырсыздар, егер бұл бірінші жылды халықаралық империализмнің қуаттылығының жылы деп атауға болса, екінші жыл ағылшын-американ империализмінің шайқыпшылығының және бұл шайқыншылықты жеңуіміздің, Колчак пен Юденичті жеңуіміздің жылы және Деникинді жеңуіміздің басталған жылы деп атауға болады.

Ал бізге аттандырылған барлық әскери күштердің белгілі бір орыннан жөнелтілгенін біз өте жақсы білеміз. Империалистердің оларға барлық соғыс жабдығын, барлық қару-жарағын бергенін біз білеміз; олар өздерінің бүкіл дүние жүзілік әскери флотын ішінара біздің жауларымызға бергенін, сөйтіп қазір олар Россияның оңтүстігінде де, Архангельскіде де барынша көмектесіп, күштерді әзірлеп жатқанын біз білеміз. Бірақ біз мынаны өте жақсы білеміз: халықаралық империализмнің аса зор және жеңілмес болып көрінген бұл күштері сенімсіз, біз үшін қорқынышты емес, олар іштен шіріген, олар бізді барған сайын үсті-үстіне нығайтып отыр, ал бұл нығаю біздің сыртқы майданда жеңіске жетуімізге және бұл жеңісті ақырына дейін жеткізуімізге мүмкіндік береді. Мен бұған тоқталмаймын, өйткені бұл міндетті Троцкий жолдас суреттеп береді.

Меніңше, біз енді екі жылдық қаһармандық құрылыстан жалпы сабақтар алуға тырысып көруіміз керек.

Менің ойымша, Совет республикасының екі жылдық құрылысынан шығатын ең маңызды қорытынды, менің байқауымша, біз үшін бәрінен де маңыздысы — жұмысшы өкіметінің құрылу сабағы. Меніңше, бұл жөнінде біз белгілі бір комиссариаттың жұмысына қатысы бар және сіздердің көпшілігіңізге өз тәжірибеңізден мәлім болып отырған нақты, жеке фактілермен тынбауымыз керек. Меніңше, бізге қазір, өткен іске көз жіберіп, осы құрылыстан жалпы сабақ алу керек, бұл сабақты біз үғынып алып, еңбекші бұқараның арасына бұрынғыдан да гөрі кең таратамыз. Бұл сабақ мынау: мемлекетті жалпы басқаруға жұмысшылардың қатысуы ғана біздің сондай адам айтқысыз қиыншылықтарға төтеп беруімізге мүмкіндік туғызды және біз осы жолмен жүргенде ғана толық жеңіске жетеміз. Біздің алуға тиісті екінші сабағымыз — шаруаларға, сан миллион шаруалардың аса зор бұқарасына дұрыс көзқарастың болуы, өйткені осы көзқарас қана барлық қиыншылықтар жағдайында біздің ойдағыдай өмір сүруімізге мүмкіндік берді, тек осы көзқарас қана бізді табыстан-табысқа жеткізіп отыратын жолды көрсетіп береді.

Егер сіздер өткенді еске түсірсеңіздер, егер Совет өкіметінің бірінші қадамын еске түсірсеңіздер, егер басқарудың барлық салаларында, соның ішінде әскери істе де, республиканың барлық құрылысын еске түсірсеңіздер, сіздер бұдан екі жыл бұрын, октябрьде, жұмысшы табының өкіметі істің тек басы ғана болғанын, ол кезде мемлекеттік өкіметтің аппараты шындығында әлі біздің қолымызда болмағанын көресіздер және бастан кешірген екі жылға көз жіберіп, сіздер менің мына пікіріме қосыласыздар: әрбір салада — әскери, саяси, экономикалық салада — бізден бұрын жұмысшылар мен еңбекшілер бұқарасын басқарып келгендерден жолды тазалай отырып, нағыз мемлекеттік өкімет аппаратын құру үшін әрбір позицияны сүйемдеп жеңіп алуға тура келді.

Осы уақыттың ішінде болған дамуды түсіну біз үшін

ерекше маңызды, өйткені дүние жүзінің барлық елдерінде бұл даму нақ сол жолмен жүріп келеді. Жұмысшылар мен еңбекшілер бұқарасы бірінші қадамдарын өздерінің шын басшыларымен жасаған жоқ,— енді пролетариаттың өзі мемлекетті басқаруды, саяси өкіметті өз қолына алды, оны, біз барлық жерде көріп отырғанымыздай, ұсақ буржуазиялық демократияның ескі соқыр сенімдерін, бізде меньшевиктер мен эсерлер, ал бүкіл Европада буржуазиялық үкіметтердің өкілдері білдіріп отырған ескі соқыр сенімдерді құртуға кіріскен көсемдер басқарып отыр. Бұрын бұл бірен-саран еді, қазір бұл жалпы ережеге айналды. Егер бұдан екі жыл бұрын, октябрьде, Россияда буржуазиялық үкімет — меньшевиктердің және эсерлердің өкілдерімен оның одағы, оның коалициясы — қиратылған болса, бізге өз жұмысымызды ұйымдастыра отырып, содан соң басқарудың әрбір саласын қайта құруға тура келгендігін, нағыз шын өкілдер, революцияшыл жұмысшылар, пролетариаттың нағыз авангарды өкімет құруды өз қолына алатын етіп қайта құруға тура келгендігін біз білеміз. Бұл бұдан екі жыл бұрын, октябрьде болды, ол кезде жұмыс барынша қауырт жүргізілген еді; солай бола тұрса да, бұл жұмыстың қазір де аяқталмағанын біз білеміз және мұны айтуға тиіспіз. Мемлекеттік өкіметтің ескі аппаратының бізге қалай қарсылық көрсеткенін, чиновниктердің басқарудан әуелі қалай бас тартуға тырысқанын біз білеміз,— бұл ең өрескел саботажды пролетарлық өкімет бірнеше апта ішінде қиратты. Пролетарлық өкімет бұл бас тартудың өзіне титтей де әсер етпейтінін көрсетті; ал бұл өрескел саботажды біз қиратқаннан кейін сол жаудың өзі басқа жолға түсті.

Екінің бірінде тіпті жұмысшы ұйымдарын буржуазия жақтастарының басқарғаны кездесіп жүрді; біздің бұл іске жұмысшылар күшін толық пайдаланатындай болып араласуымызға тура келді. Мәселен, өзіміз бастан кешіруге тура келген дәуірді, темір жол басқармасының, темір жол пролетариатының басшылығында оларға пролетарлық жолмен емес, буржуазиялық жолмен жетекшілік еткен адамдар тұрған дәуірді ала-

йық[113]. Біз буржуазияны жоя алған салалардың бәрінде де осыны істеп отырдық, бірақ бұл бізге қандай қиындықпен түскенін де білеміз! Әрбір салада біз жеңіске сүйемдеп жетіп отырдық, жұмысшы күштерін жоғарылатып отырдық, мемлекеттік өкіметті басқаруды ұйымдастырудың қиын мектебінен өткен алдыңғы қатарлы адамдарымызды қойып отырдық. Бәлкім, сырттан қарағанда, бұл істің бәрі үлкен қиыншылық болып көрінё коймас, ал іс жүзінде, істің байыбына барсаңыздар, сіздер күрестің барлық кезеңдерін бастан кешірген жұмысшылардың өз праволарына қандай қиыншылықпен жеткенін, олардың оперкәсіптегі жұмысшы бақылауынан жұмысшы басқаруына дейін істі қалай жолға қойғанын, немесе темір жол ісінде, атышулы Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетінен бастап, жұмыс істей алатын аппаратты қалай жолға қойғанын көресіздер; жұмысшы табының өкілдері аз-аздап біздің барлық ұйымдарымызға кіріп, өз қызметімен оларды нығайтып отырғанын көресіздер. Мәселен, кооперацияны алайық, мұнда біз жұмысшы өкілдерінің зор цифрларын көреміз. Біз кооперацияның бұрын түгелдей дерлік жұмысшы емес таптың өкілдерінен құралғандығын білеміз. Мұнда да, ескі кооперацияда да, біз ескі буржуазиялық қоғамның көзқарастары мен мүдделері сүйегіне сіңген адамдарды кездестіріп отырдық. Бұл жөнінде жұмысшылардың билікті өз қолына алып, кооперацияны өз мүдделеріне бағындыру үшін, неғұрлым жемісті жұмыс жүргізу үшін көп күресуіне тура келді.

Бірақ ең маңызды жұмысты біз ескі мемлекеттік аппаратты қайта құру саласында жүргіздік; бұл жұмыс қиын болғанымен, біз екі жылдың ішінде жұмысшы табының күш жұмсауының нәтижелерін көріп отырмыз және біз бұл салада жұмысшылардың өкілдері мыңдап бар деп айта аламыз, бұлар буржуазиялық өкіметтің өкілдерін қадам басқан сайын ысырып тастай отырып, күрестің күллі от-жалынынан өткен-ді. Біз жұмысшыларды мемлекеттік аппараттың басында ғана көріп отырған жоқпыз, біз олардың өкілдерін азық-түлік ісінде де көріп отырмыз; бұл салада тек ылғи

дерлік ескі буржуазиялық үкіметтің, ескі буржуазиялық мемлекеттің өкілдері болған еді. Жұмысшылар азық-түлік аппаратын құрды, ал егер бұдан бір жыл бұрын біз бұл аппаратты әлі толық игере алмаған болсақ, егер бұдан бір жыл бұрын онда жұмысшылардың өкілдері 30% қана болса, қазір азық-түлік аппаратының ішкі құрылысында біз жұмысшылардың өкілдерін 80% дей аламыз. Осы түсінікті, көрнекі цифрлар арқылы біз елдің ілгері басқан қадамын көрсете аламыз және біз үшін маңыздысы сол — саяси төңкерістен кейін пролетарлық өкімет құруда біз үлкен нәтижелерге жеттік.

Мұның үстіне, жұмысшылар маңызды бір жұмыс істеді және істеп жатыр, ол — пролетариаттың көсемдерін өсіріп шығару. Біздің арамыздан ондаған және жүздеген мың ержүрек жұмысшылар шығып, ақ гвардияшыл генералдарға қарсы аттануда. Қадам басқан сайын біз өзіміздің жауымыздан өкіметті тартып алып жатырмыз, ал егер бұрын жұмысшылар бұл істі толық меңгермеген болса, қазір бірте-бірте өзіміздің жауымыздан бір саладан кейін екінші саланы жеңіп алып келеміз, сөйтіп пролетариатты ешқандай қиындық тоқтата алмайды. Пролетариат ешқандай қиыншылықтарға қарамастан, әрбір саланы бірте-бірте, бірінен соң бірін жеңіп алып отыр және әрбір басқару саласында, әрбір кішкентай ұяда, төменнен жоғарыға дейін — барлық жерде пролетариат өкілдерінің өздері құрылыс мектебінен өтуі үшін, мемлекеттік басқарудың, мемлекеттік құрылыстың барлық істерін өздері дербес жүргізе алатын ондаған, жүздеген мың адамдарды өздері шыңдап шығаратын болуы үшін пролетарлық бұқараның өкілдерін қатыстырып отыр.

Жолдастар! Соңғы уақытта біз өз жұмысымыздың қандай табысқа жеткізіп келгендігінің өте-мөте тамаша мысалын байқадық. Біз саналы жұмысшылардың арасында сенбіліктердің қандай кең тарағанын білеміз. Біз тылда келтіріп отырған пайдасы Қызыл Армияның майданда келтіріп отырған пайдасынан кем соқпайтын, аштық пен жалаңаштықтан мейлінше азап шеккен коммунизм өкілдерін білеміз; дұшпан Петроградқа ша-

буыл жасап, ал Деникин Орелды алған қысылшақ кезеңде, буржуазия желпініп, өзінің жақсы көретін соңғы құралын — үрей туғызуды қолданған кезде біздің партиялық апта жариялағанымызды білеміз. Осындай кезеңде жұмысшы коммунистер жұмысшылар мен еңбекшілерге, империалистік соғыстың ауыртпалығынан бәрінен де көп қасірет тартып, аштық пен жалаңаштықтан азап шеккендерге, буржуазиялық үрей туғызушылар бәрінен де гөрі көп үміт артқандарға, ауыртпалықты бәрінен де гөрі көп көтергендерге барды,— осыларға арнап біз партиялық апта кезінде былай дедік: «Сіздерді жұмысшы өкіметінің ауыртпалықтары, империалистер мен капиталистердің қоқан-лоққысы қорқытады; сіздер біздің жұмысымызды және қиыншылықтарды көріп отырсыздар; біз сіздерді шақырып отырмыз және сіздерге ғана, еңбекшілердің өкілдеріне ғана біз партиямыздың есігін кең ашып отырмыз. Қиын кезеңде біз сіздерге үміт артамыз және мемлекеттік құрылыстың бүкіл ауыртпалығын өз мойындарыңызға алу үшін өз қатарымызға шақырып отырмыз». Өздеріңіз білесіздер, материалдық мағынада да, дұшпанның сыртқы саяси және әскери табысы мағынасында да оның өзі сұмдық ауыр кезең еді. Сөйтіп Москваның бір өзінде бұл партиялық аптаның бұрын болып көрмеген, күтпеген, ғажап табыспен аяқталғанын өздеріңіз білесіздер; Москвада біз жаңадан 14 мың адамнан астам партия мүшесін алдық. Жұмысшы табын мүлде өзгертіп, қайта жасайтын және буржуазиялық өкіметтің, қанаушылардың, буржуазиялық мемлекеттің қырсыз, ынжық құралынан жұмыс тәжірибесі арқылы болашақ коммунистік қоғамның нағыз жасампаздарын шығарып отырған партиялық аптаның қорытындысы, міне, осындай. Помещиктік және буржуазиялық қоғамның күллі ескі езгісін көрген және білетін, құрылыстың адам естімеген қиыншылықтарын көрген, 1917 және 1918 жылдары бірінші рет шақырылған қызметкерлердің қандай қаһарман болғандарын байқаған, бізге неғұрлым қиын болған сайын бізге соғұрлым көбірек қосылып, соғұрлым жанқиярлықпен келіп жатқан жұмысшы-шаруа жастарының резерві он мың-

дап, жүз мыңдап бар екенін білеміз. Біздің екі жылдың ішінде берік, мызғымастай нығайып алғандығымызға және еңбекшілер өкілдерінің өздері мемлекеттік құрылыс ісін қолға алулары үшін бұрынғыдан да көп мөлшерде ұзақ уақыт күш ала алатын қайнар көзге ие екендігімізге бұл резервтер кәміл сенімді етеді. Бұл жағынан біз екі жылдың ішінде барлық салаларда жұмысшы басқаруын қолданудың тәжірибесіне ие болғандығымыз сонша, біз бұл арада батыл және ешбір асырып айтпағанның өзінде былай дей аламыз: енді басталған істі жалғастыра беру ғана қалып отыр, сонда іс осы екі жыл ішінде қалай жүргізілген болса, солай жүргізіле береді және оның қарқыны барған сайын үдей түседі.

Екінші салада, жұмысшы табының шаруаларға көзқарасы саласында, бізде анағұрлым көп қиыншылықтар болды. 1917 жылы, бұдан екі жыл бұрын, өкімет Советтердің қолына көшкен кезде, көзқарас әлі мүлдем айқын емес еді. Шаруалар сол кездің өзінде-ақ түгелдей помещиктерге қарсы бет бұрды, жұмысшы табын қолдады, өйткені олар жұмысшы табының шаруалар бұқарасының тілектерін орындаушылар екенін, помещиктермен одақтасып шаруаларды сатып кетушілер емес, нағыз жұмысшы күрескерлер екенін көрді. Бірақ шаруалардың ішінде ол кезде күрестің әлі өрістей қоймағанын біз өте жақсы білеміз. Бірінші жыл қала пролетариатының деревняда берік позицияға әлі ие болмаған жылы болды. Мұны біз ақ гвардияшылардың өкіметі уақытша нығайып қалған шет аймақтардан өтемөте айқын көреміз. Мұны біз өткен жазда, 1918 жылы, олар Уралда жеңіске жеп-жеңіл жеткен кезде көрдік. Біз пролетарлық өкімет деревняның өзінде әлі құрылмағанын, пролетарлық өкіметті тыстан әкеліп, оны деревняға бере салудың жеткіліксіз екенін көрдік. Шаруалардың өздері өз тәжірибесімен, өз құрылысымен нақ осы қорытындыға келетін болуы қажет, ал бұл жұмыс өлшеусіз қиын, неғұрлым баяу және ауыр болса да, ол нәтижелері жағынан алғанда әлдеқайда жемісті. Мұның өзі Совет өкіметінің екінші жылының ішіндегі біздің басты жеңісіміз болды.

Мен Колчакты жеңуіміздің әскери маңызы туралы айтып жатпаймын, бірақ менің айтатыным: егер буржуазия диктаторларының өкіметін большевиктердің өкіметімен салыстырған шаруалардың тәжірибесі болмаса, бұл жеңіс болмас еді. Ал диктаторлар коалициядан, Құрылтай жиналысынан бастады ғой, бұл өкіметке бәз-баяғы эсерлер мен меньшевиктер қатысты ғой; бұларды біз өз жұмысымызда қадам басқан сайын кездестіріп отырмыз, кездестіргенде кешегі күннің адамдары ретінде, біздің қайта жасауымызға тура келіп отырған кооперацияның, кәсіптік одақтардың, мұғалімдер ұйымдарының және басқа толып жатқан ұйымдардың құрылысшылары ретінде кездестіріп отырмыз. Колчак істі солармен, Керенскийдің тәжірибесін азсынған адамдармен одақтасып бастады, ал олар екінші тәжірибе жасады. Бұл тәжірибе орталықтан ең қол үзген шет аймақтарды большевиктерге қарсы көтеру үшін керек болды. Біз Сибирьдегі шаруаларға Россиядағы революцияның бергенін бере алмадық. Сибирьде шаруалар помещиктік жерлерді алған жоқ, өйткені онда мұндай жер болмады, сондықтан да олар ақ гвардияшыларға оңай сеніп қалды. Бұл күреске Антантаның және соғыста бәрінен де гөрі аз зардап шеккен империалистер армиясы — жапон армиясының барлық күштері тартылды. Колчакқа көмек көрсетуге жүздеген миллион сом жұмсалғанын, оны қолдау үшін барлық құралдардың пайдаланылғанын біз білеміз. Оның жағында не болмады десеңізші? Бәрі болды. Дүние жүзінің аса қуатты державаларында бар пәрсенің бәрі болды, шаруалар болды және өнеркәсіп пролетариаты жоққа тән ұлан-байтақ территория болды. Осының бәрінің талқандалған себебі не? Себебі, жұмысшылар мен шаруалардың одағы қиындықпен жүзеге асырылады, бірақ қалай болғанда да капиталистерге қарсы бірденбір жеңілмес одақ болып табылады деген большевиктердің өз болжаулары, қоғамдық күштердің арасалмағын өздерінің есепке алуы дұрыс екенін жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың тәжірибесі тағы да көрсетіп берді.

Егер бұл арада ғылым туралы айтуға болса, бұл —

ғылым, жолдастар. Бұл тәжірибе — коммунизмнің ең қиын, бәрін есепке алатын және бәрін баянды ететін тәжірибесі; егер шаруалар саналылықпен тиянақты қорытындыға келген жағдайда ғана біз коммунизм орната аламыз. Біз мұны шаруалармен одақ жасасқан жағдайда ғана істей аламыз. Біздің бұған Колчактың тәжірибесі арқылы көзіміз жетті. Колчак эпопеясы қанқұйлы тәжірибе болды, бірақ бұған біз кінәлы емеспіз.

Қазір біздің басымызға езгінің екінші түрі төнгеніп сіздер өте жақсы білесіздер, аштық пен жалаңаштық бәрінен гөрі біздің елімізге қатты төнгенін сіздер білесіздер. Мұның себептерін коммунизмге аудара салатындардың бар екенін сіздер білесіздер, бірақ бұл арада коммунизмнің түк қатысы жоқ екенін де сіздер өте жақсы білесіздер. Біз әрбір елде аштық пен жалаңаштық кеңейе де кеулей түскенін көріп отырмыз, ал Россиядағы мұндай жағдай коммунизмнің салдары емес, қайта төрт жылдық халықаралық соғыстың салдары екеніне көп ұзамай жұрттың бәрінің көзі жетеді. Бұл соғыс біз көріп отырған бүкіл кесапатты туғызды, осы аштық пен жалаңаштықты туғызды. Бірақ біз тез арада бұл шырмаудан шығатынымызға сенеміз. Барлық мәселе тек мынада: жұмысшыларға еңбек ету керек, бірақ төрт жыл бойы адамдарды бауыздап келгендер үшін емес, өздері үшін еңбек ету керек. Сөйтіп қазірдің өзінде-ақ барлық жерде аштық пен жалаңаштыққа қарсы күрес жүргізіліп жатыр. Ең қуатты державалар қазір осы езгіге ұшырап отыр.

Бізге мемлекеттік алымдар арқылы сан миллион шаруаларымыздан астық жиып алуымызға тура келді, ал мұны біз жалдаптармен қатар әрекет еткен капиталистердің істеген жолымен істеген жоқпыз. Бұл мәселені шешуде біз жұмысшылармен бірге болдық, жалдаптарға қарсы шықтық. Біз иландыру жолымен жүрдік, біз шаруаға барып, оған: біз мұның бәрін оның өзін және жұмысшыларды қолдау үшін ғана істеп отырғанымызды айттық. Артық астығы бар және ол астығын тұрақты бағамен тапсырып отырған шаруа — біздің серігіміз. Ал мұны істемейтін шаруа — біздің жауы-

мыз, қылмысты, қанаушы және жалдап, сондықтан біздің онымен ортақ ештеңеміз бола алмайды. Біз шаруаларға уағыздап бардық және бұл уағыздау шаруаларды барған сайын бізге көптеп тартып отырды. Бұл мағынада алғанда біз әбден айқын нәтижелерге жеттік. Егер өткен жылы август — октябрьде бізде 37 миллион пұт астық дайындалған болса, биылғы жылы бізде айрықша, мұқият тексерусіз 45 миллион пұт астық дайындалды. Өздеріңіз көріп отырсыздар, жағдай жақсарып келеді, баяу жақсарғанмен де, күмәнсіз жақсарып келеді. Егер біздің шұрайлы ауданымызды Деникиннің алып қоюы салдарынан бізде болған олқылықтарды есептегенде де, бәрібір істің барысы мынаған қарай бет алып келеді: біз мемлекеттік баға бойынша дайындау жоспарымызды және бөлу жоспарымызды орындай аламыз. Бұл жағынан да біздің аппаратымыз белгілі бір мағынада құрылды, сөйтіп қазір біз социалистік жолға түсе бастадық.

Қазір біздің алдымызда отын дағдарысы туралы мәселе тұр. Астық жөніндегі мәселе бізде енді онша қатты қойылып отырған жоқ; мынадай жағдай туып отыр: бізде астық бар, бірақ отын жоқ. Деникин бізден көмірлі ауданды алып қойды. Бұл көмірлі ауданның алынып қойылуы бізде бұрын-соңды болып көрмеген қиыншылықтар туғызды, сондықтан біз астық жөнінде қалай істеген болсақ, бұл ретте де солай істеп отырмыз. Біз бұрын жұмысшыларға қалай сөз салсақ, бұл жолы да солай сөз салып отырмыз. Нығайып, жолға қойылып, тамаша нәтижелі, мейлінше тиянақты жұмыс атқарған өзіміздің азық-түлік аппаратымызды қайта құрғанымыз сияқты, дәл сол сияқты қазір де біз өзіміздің отынмен жабдықтау аппаратымызды күннен-күнге жақсартып келеміз. Бізге белгілі бір қатердің қай жақтан төніп келе жатқанын, жаңа күштерді қайда және қай ауданнан аттандыру керек екенін біз жұмысшыларға айтып отырмыз, сөйтіп өткен жылы біз астық жөніндегі қиыншылықтарды қалай жеңген болсақ, ендігі уақытта да отын мәселесіндегі қиыншылықтарымызды солай жеңетінімізге сенімдіміз.

Менің әзірше жұмысымыздың осы қорытындылары-

мен шектелуіме рұқсат етіңіздер. Қорыта келгенде, мен біздің халықаралық жағдайымыздың қалай жақсарып келе жатқанын бірнеше сөзбен ғана көрсетіп өтпекшімін. Біз өз жолымызды тексергеннен кейін оның нәтижелері жолдың тура және дұрыс болғанын көрсетті. Біз 1917 жылы өкіметті алған кезде, біз жалғыз едік. 1917 жылы барлық елдерде большевизмнің тамыр жаюы мүмкін емес десті. Ал қазір нақ сол елдердің өзінде-ақ қуатты коммунистік қозғалыс бар. Біз өкіметті алғаннан кейін екінші жылы және біз III Интернационалды, коммунистердің Интернационалын құрғаннан кейін жарты жылдан соң бұл Интернационал іс жүзінде барлық елдердің жұмысшы қозғалысында ең басты күшке айналды. Бұл жөнінде біз жасаған тәжірибе ең тамаша, бұрын болып көрмеген, шапшаң нәтижелерін берді. Рас, Европада бостандыққа ұмтылған қозғалыстың барысы біздегідей емес. Ал егер екі жылғы күресті еске түсірсеңіздер, сіздер мынаны көресіздер: Украинада, Россияның тіпті кейбір великорустық бөлектерінде, халқының құрамы ерекше болған жерде, мәселен, казактық, сибирлік бөлектерінде, мәселен, Уралда, міне онда жеңіске ұмтылған қозғалыс онша шапшаң болмады және Петербург пен Москвада — Россияның орталығында жүрген жолмен жүрмеді. Әрине, Европадағы неғұрлым баяу жүріп жатқан қозғалыс бізді таңқалдыра алмайды, онда шовинизмнің, империализмнің зор қысымына төтеп беруге тура келеді, солай бола тұрса да, онда қозғалыс нақ сол большевиктер көрсеткен жолмен үздіксіз жүріп келеді. Біз барлық жерде бұл қозғалыстың алға басып бара жатқанын көріп отырмыз. Меньшевиктер мен эсерлердің жаршылары III Интернационалдың өкілдеріне бөгет болудан қалды. Ол көсемдер құлап түсіп жатыр, сөйтіп барлық жерде коммунистік қозғалыс көтерілді, сондықтан да қазір, Совет өкіметінің екі жылынан кейін, біз былай дей аламыз: орыс мемлекетінің көлемінде ғана емес, фактілермен дәлелденген толық правомыз бойынша айтсақ, халықаралық көлемде де біз қазір бұқараның ішіндегі, революцияшыл дүниедегі саналының бәрін, революцияшылдың бәрін соңымыз-

дан ертіп отырмыз. Сондықтан біз былай дей аламыз: біз төтеп берген қиыншылықтардан кейін бізге ешқандай қиыншылықтар қорқынышты емес, біз бұл қиыншылықтардың бәріне төтеп бере аламыз, содан кейін біз ол қиыншылықтардың бәрін жеңеміз. (Ду қол шапалақтау.)

Қысқаша газет есебі 1919 ж. 9 ноябрьде «Известия ВЦИК» газетінің 251-номерінде басылған

1919 ж. 9 ноябрьде «Правда» газетінің 251-номерінде толық басылған

«Правда» газетінің текстімен салыстырылған стенограмма бойынша басылып отыр

ТҮРКІСТАНДАҒЫ КОММУНИСТ ЖОЛДАСТАРҒА[114]

Жолдастар! Менің сіздерге Халық Комиссарлары Советі мен Қорғаныс Советінің Председателі ретінде емес, партия мүшесі ретінде хат жолдауыма рұқсат етіңіздер.

Түркістан халықтарымен дұрыс қатынас орнатудың қазір Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасы үшін аса зор, бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар десек, асыра айтқандық болмайды.

Советтік жұмысшы шаруа республикасының осы күнге дейін езіліп келген әлсіз халықтарға көзқарасының бүкіл Азия үшін және дүние жүзінің барлық отарлары үшін, мыңдаған және миллиондаған адамдар үшін практикалық маңызы болады.

Менің сіздерден өте-мөте сұрайтыным: бұл мәселеге мейлінше көңіл бөлу керек,— үлгі көрсетіп, іс жүзінде, Түркістан халықтарымен жолдастық қатынас орнатуға барынша күш салу керек,— бүкіл дүние жүзілік империализмге қарсы және оны бастаған британ империализміне қарсы жан аямай күресу үшін великорусс империализмінің барлық іздерін жою жөніндегі біздің тілегіміздің шынайылығын Түркістан халықтарына іспен дәлелдеу керек,— біздің Түркістан комиссиясына аса зор сеніммен қарап, оның директиваларын — оған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті тарапынан нақ осы рухта берілген директиваларды мүлтіксіз орындау керек.

Егер маған сіздер осы хатыма жауап берсеңіздер жә-

не өздеріңіздің бұл іске көзқарасыңызды хабарласаңыздар, мен көптен-көп алғыс айтар едім.

Коммунистік сәлеммен

В. Ульянов (Ленин)

«Пролетарлық заманның бірінші ғасырының екі жылы». «Туркестанский Коммунист», «Известия ЦИК Советов Турк. Республики» және «Красный Фронт» газеттерінің мерекелік басылымы 7—10 ноябрь, 1919 ж.

Мерекелік басылымның тексті бойынша басылып отыр

ОТЫН ДАҒДАРЫСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСЕЙІК

ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНА НҰСҚАУ ХАТ[115]

Жолдастар! Пролетариаттың ұйымдасқан авангарды болып табылатын біздің партиямызға жұмысшы табының күресін біріктіру және оның жұмысшы-шаруа Совет өкіметінің жеңуі жолындағы күресіне басшылық ету міндеті жүктеліп отыр. Осы күресті екі жылдың ішінде жеңімпаздықпен жүргізе отырып, біз төрт жылдық империалистік соғыстан және россиялық та, халықаралық та қанаушылардың бәрінің қарсылығынан елдің күйзелуі себепті біздің жолымызда кездескен адам айтқысыз қиыншылықтарды қандай құралдармен жеңе алғанымызды біз қазір жақсы білеміз.

Жолдастар! Біздің күшіміздің негізгі қайнар көзі: жұмысшылардың сапалылығы мен ерлігі; жұмысшыларға еңбекші шаруалар тілектестік білдірмей, қолдау жасамай отыра алмады және отыра алмайды да. Біздің жеңістеріміздің себебі: біздің партиямыз бен Совет өкіметінің еңбекші бұқараға тікелей жүгініп, қандай болса да кезектегі қиыншылықты және кезектегі міндетті көрсетуі; белгілі бір кезеңде совет жұмысының бірде бір жағына, енді бірде екінші жағына неліктен барынша күш жұмсау керек екендігін бұқараға түсіндіре білушілік; кезектегі аса маңызды міндетке революциялық жолмен барлық күшті жинақтай отырып, бұқараның жігерін, ерлігін, ынтасын арттыра білушілік.

Жолдастар! Кезектегі осындай аса маңызды міндет отын дағдарысына қарсы күресу болып отырған уақыт

жетті. Біз Колчакты талқандай түсудеміз, біз Юденичті жеңдік, біз Деникинге ойдағыдай шабуыл жасай бастадық. Біз астық дайындауды және астық құюды едәуір жақсарттық. Бірақ отын дағдарысы бүкіл совет жұмысын бүлдіру қаупін туғызып отыр: суықтан және ашаршылықтан жұмысшылар мен қызметшілер бытырап қашып жатыр, астық таситын поездар тоқтап жатыр, нақ отынның тапшылығынан нағыз апат төніп келеді.

Отын мәселесі барлық басқа мәселелердің өзегі болып отыр. Отын дағдарысын қайткен күнде де жою керек, әйтпесе азық-түлік міндетін де, соғыс міндетін де, жалпы шаруашылық міндетін де шешуге болмайды.

Ал отын дағдарысын жоюға болады. Өйткені Донбасс көмірінен айрылып отырсақ та, Урал мен Сибирьде көмір өндіруді тез күшейтуге мүмкіндігіміз болмаса да, бізде әлі көп ормандар бар, біз жеткілікті мөлшерде отын кесіп, тасып жеткізе аламыз.

Отын дағдарысын жоюға болады. Сондықтан қазір біздің (қазіргі минуттағы) басты жауымызға: отын тапшылығына басты күштерді шоғырландыра білу керек, еңбекші бұқараның ынта-жігерін тудыра білу керек, әр түрлі отынды, көмірді, сланецті, шымтезекті, тағысын-тағыларды, ал ең алдымен ағаш отынды, ағаш отынды және ағаш отынды неғұрлым көп мөлшерде барынша тез өндіріп, жеткізуге мейлінше революциялық ынта-жігер жұмсау керек.

РКП Орталық Комитеті екі жылдың ішінде бұдан оңай емес, қайта анағұрлым қиын міндеттерді революциялық жолмен шеше алатынын және шеше білетінін дәлелдеген барлық партия ұйымдары, барлық партия мүшелері бұл міндетті де шешеді деп сенеді.

РКП Орталық Комитеті барлық партия ұйымдарына әсіресе мынадай шаралар қолдануды ұсынады:

1. Барлық партия ұйымдары бұдан былай отын мәселесін және отын дағдарысына қарсы күресуді партия жиналыстарының, ең алдымен, партия комитеттері жиналыстарының күн тәртібінің тұрақты пункті етіп қойып отыруға тиіс. Отын дағдарысына қарсы күресу үшін біз тағы не істей аламыз, біз не істеуге тиістіміз?

бұл жұмысты қалай күшейту керек? оны қайткенде нәтижелі ету керек? — қазір бұл мәселелермен барлық партия ұйымдары шұғылданатын болсын.

2. Дәл осының өзі барлық губерниялық атқару комитеттеріне, қалалық атқару комитеттеріне, уездік атқару комитеттеріне, болыстық атқару комитеттеріне, — қысқасы, барлық басшы совет мекемелеріне қатысты болуға тиіс. Партиялық адамдар жалпы мемлекеттік көлемде тиісті жұмысты күшейту, біріктіру, жеделдету бастамасын өз мойнына алуға тиіс.

3. Совет өкіметі үшін отын мәселесінің маңыздылығын түсіндіру жөнінде барлық жерде, ең алдымен деревняда, мейлінше кең үгіт жүргізу керек. Отын мәселесінде әсіресе жергілікті және жергіліктілдік, тар өрісті-өзімшіл мүдделердің үстемдігіне қарсы күресу керек. Жалпы мемлекеттік мұқтаждарды өтеу үшін жан аямай жұмыс істемейінше, Советтер республикасын құтқарып қалуға болмайтынын, шаруалар мен жұмысшылардың өкіметін қорғап қалуға болмайтынын түсіндіру керек.

4. Партия жүктеген тапсырмалардың және Совет өкіметі жүктеген міндеттердің, талаптардың, тапсырмалардың іс жүзінде орындалуын барынша мұқият тексеріп отыру керек. Соңғы партиялық апта кезінде кірген партияның жаңа мүшелерінің бәрі жұрттың бәрінің өз міндеттерін орындауын тексеру ісіне қатыстырылуға тиіс.

5. Бүкіл халықтың еңбек міндеткерлігі немесе белгілі бір жастағы адамдарды көмір мен сланец өндіру және тасу жөніндегі жұмыстарға, отынды кесіп, темір жол станцияларына жеткізуге мобилизациялау неғұрлым шапшаң және мейлінше мүлтіксіз жүзеге асырылуға тиіс. Еңбек нормалары тағайындалсын және ол нормалар қайткен күнде де орындалып отыратын болсын. Қайыра берілген нұсқауларға, талаптарға, бұйрықтарға қарамастан, жұмыстан жалтарып жүргендер аяусыз қатаң жазалансын. Қандай болса да еркінсітушілік, қандай болса да босаңдық революцияның алдында қылмыс болады.

Біз әскер ішінде тәртіпті жақсарттық. Біз еңбек тәртібін жақсартуға тиістіміз.

6. Сенбіліктер жиірек, жігерлірек, жүйелірек, неғұрлым ұйымдасқан түрде және ең алдымен отын жұмыстарында өткізіліп тұруға тиіс. Партия мүшелері еңбек тәртібі мен ынта-жігер жөнінде жұрттың бәрінің алдында болуға тиіс. Халық Комиссарлары Советінің, Қорғаныс Советінің және басқа орталық, сондай-ақ жергілікті совет мекемелерінің отын мәселесі жөніндегі қаулылары қорыққандықтан емес, ар-намыспен орындалып отыруы керек.

7. Отын жөніндегі жергілікті мекемелер таңдаулы партия қызметкерлерімен күшейтілуге тиіс. Күштердің бөлінуі қайта қаралып, осы мақсатқа сәйкес тиісінше өзгертіліп отыруы керек.

8. Орталықтан командировкаға жіберілетін жолдастар отын жұмысын ұйымдастыруға, жолға қоюға, жүргізуге жас күштерді неғұрлым көп үйрете отырып — үйреткенде практика жүзінде үйрете отырып — барынша көмек көрсетулері керек. Жергілікті баспасөзде жалпы жұртқа жариялау үшін шын жақсы жұмыстың үлгілерін ұқыпты түрде алға ұсына отырып және қайсыбір ауданның, бөлімнің, мекеменің артта қалғандығына, ұқыпсыздығына немесе қабілетсіздігіне қарсы аяусыз күресе отырып, бұл жұмысқа көбірек көңіл бөлінуі керек. Біздің баспасөз артта қалғандарды ширатудың, жұмысқа, еңбек тәртібіне, ұйымшылдыққа тәрбиелеудің құралына айналуға тиіс.

9. Отын жұмысындағыларды азық-түлікпен және мал азығымен қамтамасыз етіп отыру азық-түлік органдарының ең басты міндеті болуға тиіс. Оларға жан-жақты көмек көрсетілсін, олардың жұмысы күшейтілсін, оның орындалуына бақылау жасалсын.

10. Барлық отын органдарында (барлық совет мекемеләріндегі сияқты) қатаң және дәл белгіленген белгілі бір жұмыс үшін немесе жұмыстың бір бөлегі үшін *әрбір* адамның *жеке басының* жауапкершілігі іс жүзінде қамтамасыз етілуін үздіксіз көздеп отыру керек. Талқылау коллегиялылығы қажетті минимумға дейін жеткізілуге тиіс және шешімнің жеделдігіне, бе-

ріктігіне еш уақытта кедергі келтірілмеуге, әрбір жеке қызметкердің жауапкершілігі тежелмеуге тиіс.

11. Барлық отын мәселелері жөніндегі іс жүргізуде ерекше дәлдік және жеделдік керек. Қағазбастылықтың титтей де болса көрінісі аяусыз жазаланып отыруға тиіс. Орталықты хабардар етіп отыру үлгілі болуға тиіс.

12. Жалпы алғанда бүкіл отын жұмысы соғыстағыдай: соғыста талап етілетін жігермен, сондай шапшаңдықпен, өте қатаң тәртіппен жолға қойылуға тиіс. Мұнсыз отын тапшылығын жоюға болмайды. Мұнсыз дағдарыстан құтылуға болмайды.

РКП Орталық Комитеті бұл нұсқауларды асқан жігерлілікпен және өте дәл орындауға барлық жолдастар бар күшін жұмсайды деп сенеді.

Отын тапшылығын жою жолындағы күреске аттанайық!

РКП Орталық Комитеті

«Правда» № 254 және «Известия ВЦИК» № 254, 13 ноябрь, 1919 ж.

«Правда» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ДЕРЕВНЯДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ I КЕҢЕСТЕ[116] 1919 ж. 18 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Амал қанша, мен сіздер ұйымдастырған кеңеске, яғни деревнядағы жұмыс жөніндегі кеңеске қатыса алмадым. Сондықтан менің тек жалпы және негізгі пікірлермен шектелуіме тура келеді, ал сіздер бұл жалпы пікірлер мен біздің саясатымыздың негізгі қағидаларын өздеріңіздің алдарыңызда кездесетін жеке тапсырмалар мен практикалық мәселелерге бірте-бірте қолданасыздар деп сенемін.

Деревнядағы жұмыс туралы мәселе бізде қазір қалайда бүкіл социалистік құрылыстың негізгі мәселесі болып табылады, өйткені пролетариаттың арасындағы жұмыс жөнінде және оны біріктіру туралы мәселе жөнінде Совет өкіметінің екі жылы ішінде коммунистердің саясаты толық белгіленіп қана қойған жоқ, сонымен қатар сөзсіз тиянақты нәтижелерге де жетті деп сеніммен айта аламыз. Әуелі бізге жұмысшылар ортасындағы мүдделер ортақтығын ұғынудың жеткіліксіздігіне қарсы, синдикализмнің жеке көріністеріне қарсы күресуге тура келді; ол кезде жеке фабрикалардың немесе өнеркәсіптің жеке салаларының жұмысшыларында өз мүдделерін, өз фабрикасының, өз өнеркәсібінің мүдделерін қоғамның мүдделерінен жоғары қоюға ұмтылушылық болды. Бізге еңбекті жаңаша ұйымдастыру саласында тәртіптіліктің жеткіліксіздігіне қарсы күресуге тура келді және әлі де тура келіп отыр. Менің ойымша, біздің саясатымыздың өткен ірі кезеңдері бәріңіздің естеріңізде болар; ол кезде біз үсті-үстіне

жаңа жұмысшыларды жаңа қызмет орындарына жоғарылата отырып, біздің алдымызға қойылған міндеттермен, мемлекеттік басқарудың жалпы механизмімен олардың танысуына мүмкіндік беріп отырдық. Қазір пролетариаттың коммунистік қызметінің ұйымдастырылуы және коммунистердің бүкіл саясаты әбден түпкілікті, баянды формаға келді, сондықтан мен біз дұрыс жолда тұрмыз, бұл жолмен ілгері басу толық қамтамасыз етілген деп сенемін.

Ал деревнядағы жұмысқа келетін болсақ, бұл арада, сөз жоқ, қиыншылық зор, сондықтан партияның VIII съезінде[117] ең басты мәселелердің бірі ретінде бұл мәселені біз толығынан көтердік. Қаладағы сияқты, деревняда да еңбекші және езілген бұқараның өкілдері ғана, капитализм тұсында помещиктер мен капиталистердің езгісін бүтіндей иығымен көтергендер ғана біздің тірегіміз бола алады. Әрине, жұмысшылардың өкіметті жеңіп алуы шаруалардың жеке меншікті құртып, помещиктердің өктемдігін бірден-ақ құлатуына мүмкіндік берген уақыттан бері, бұлар, жерді бөлуге кірісе отырып, теңдікті неғұрлым көбірек жүзеге асырды, сөйтіп жерді пайдалануды едәуір жоғары көтерді, оны ортадан жоғары дәрежеге жеткізді. Бірақ, әлбетте, біз мұны толық істей шыға алмадық, өйткені жеке шаруашылық тұсында әрбір шаруаны тұқымның, малдың, құралдың жеткілікті мөлшерімен қамтамасыз ету үшін орасан көп материалдық қаражат керек. Ол ол ма, тіпті егер біздің өнеркәсібіміз ауыл шаруашылық машиналары өндірісін дамытуда шамадан тыс табыстарға жеткен болса да, тіпті егер біздің барлық тілектеріміз орындалған екен деп ойласақ та, сол жағдайдың өзінде де біз мынаны оңай түсінеміз: әрбір ұсақ шаруаны жеткілікті өндіріс құралдарымен жабдықтау — мүмкін емес және өте-мөте тиімсіз нәрсе, өйткені мұның өзі күш-құралды адам айтқысыз бытырату болар еді; бізді империалистік соғыс апарып тыққан тұйықтан тек ортақ, артельдік, серіктестік еңбектің көмегі ғана құтқара алады.

Капитализм тұсында өзінің шаруашылық жағдайының мәні жағынан алғанда бәрінен гөрі көбірек езіліп

келген шаруалар бұқарасының қауырт өзгерістер мен бұрылыстар жасау мүмкіндігіне сенуі бәрінен де қиынырақ. Шаруаға Колчактың, Юденичтің, Дениккиннің берген тәжірибелері шаруаны өзінің жеңістеріне айрықша сақтықпен қарауға мәжбүр етеді. Өз жеңістерінің баяндылығы әлі түпкілікті емес екенін, оның жауы — помещик әлі құртылмағанын, қайта, жасырынып, өзінің достарынан, халықаралық капиталдың қарақшыларынан көмек күтіп отырғанын әрбір шаруа біледі. Халықаралық капитал күн сайын үсті-үстіне әлсіреп бара жатса да, ал біздің халықаралық жағдайымыз соңғы уақытта оранан жақсарса да, істің барлық жағдайларын байыптылықпен ескеретін болсақ, біз халықаралық капиталдың бізден әлі де күмәнсыз күшті екенін айтуға тиістіміз. Ол енді бізге тікелей соғыс аша алмайды,— мұның үшін қазірдің өзінде-ақ оның қанаты қырқылған. Дәл соңғы күндері Европаның буржуазиялық баспасөзінде әлгі мырзалардың бәрі: «Бәлкім, Россияда батпаққа батып қаларсың, қайта онымен бітіскен жақсы емес пе» дей бастады. Бұл әрқашан солай болады, жауды соққылап алсаң, ол бітімге келе бастайды. Біз бітім жасасуға келісеміз деп европалық империалист мырзаларға сан рет айттық, бірақ олар Россияны кіріптарлыққа түсіруді арман етті. Ал қазір олар өздерінің арманы іске аспайтынын түсінді.

Қазір халықаралық миллионерлер мен миллиардерлер бізден әлі де күшті. Юденичтің, Колчактың, Дениккиннің көтеріліс әрекеттері Европа мен Америка империалистерінің ақшасына ұйымдастырылған күш екенін шаруалар да өте жақсы біліп отыр. Сондықтан шаруалар бұқарасы титтей де болса босаңсудың оны неге душар ететінін өте жақсы біледі. Помещиктер мен капиталистердің өкіметі қандай қатер туғызатынын айқын еске түсірудің өзі шаруаларды Совет өкіметінің ең сенімді жақтаушыларына айналдырады. Совет өкіметінің беріктігі және бұрын еңбек еткен, қаналған, помещиктер мен капиталистер езгісінің күллі ауыртпалығын өз басынан кешірген шаруалардың арасындағы саналылық ай сайын артып келеді.

Бірақ, әрине, кулактар жөнінде, өздері жұмысшыларды жалдап, ақшасын өсімге бергендер, өзгенің еңбегі есебінен байығандар жөнінде істің жайы басқаша. Олардың көпшілігі капиталистер жағында тұр және жасалған төңкеріске наразы. Сондықтан шаруалардың осы тобына қарсы әлі ұзақ және қажырлы күрес жүргізуімізге тура келетінін біз айқын түсініп алуға тиіспіз. Ал оның бер жағында помещиктер мен капиталистердің бүкіл езгісінің ауыртпалығын өз мойнымен көтерген шаруалар мен өздері басқаларды қанаған шаруалардың арасында орта шаруалар бұқарасы тұр. Бұл арадағы біздің міндетіміз — ең қиын міндет. Социализмге өту ауыр міндетті — жұмысшы табының орта шаруаларға көзқарасын алға қояды деп социалистер әрқашан көрсетіп келді. Бұл арада коммунист жолдастардан біз мәселені шеше салмай, бұл күрделі және қиын міндетке көңіл бөлуін, саналы қарауын және шебер кірісе білуін бәрінен де көп күтуге тиіспіз.

Орта шаруалар, күмән жоқ, жеке шаруашылыққа дағдыланған. Бұлар — меншікші-шаруалар, бұларда өзірге жер жоқ бола тұрса да, жерге жеке меншік жойылған бола тұрса да, шаруа меншікші болып қала береді, мұның басты себебі, шаруалардың бұл тобында азық-түлік запастары қалып отыр. Орта шаруа азық-түлікті өзіне керек мөлшерден артық өндіреді, сөйтіп артық астыққа ие болып, ол аш жұмысшының қанаушысына айналады. Негізгі міндет және негізгі қайшылық, міне, осында. Еңбекші ретіндегі, өз еңбегімен өмір сүретін адам ретіндегі, капитализмнің езгісін басынан кешірген адам ретіндегі шаруа,— мұндай шаруа жұмысшының жағында тұр. Ал меншікші ретіндегі шаруа, артық астығы бар шаруа бұл артық астықты емін-еркін сата алатын өз меншігі деп қарауға дағдыланған. Ал аш елде артық астықты сату — жалдапқа, қанаушыға айналу деген сөз, өйткені аш адам астық үшін қолында барының бәрін береді. Бұл арада ең үлкен және қиын күрес өріс алады, бұл күрес бізлерден, Совет өкіметінің өкілдерінен және әсіресе деревняда жұмыс істейтін коммунистерден мәселеге мейлінше

көп көңіл бөлуді, мейлінше байыптылықпен қарап, оған кірісе білуді керек етеді.

Біз орта шаруаға социализмді күшпен таңуды тілемейміз деп әрқашан айтып келдік, партияның VIII съезі де мұны түгелдей қуаттады. Калинин жолдасты Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі етіп сайлағанда біз Совет өкіметін шаруалармен тікелей жақындастыруға тиістіміз деген есепке сүйеніп сайлаған едік. Сөйтіп Калинин жолдастың арқасында деревнядағы жұмыс едәуір ілгері басты. Совет республикасының ең жоғары өкімет орнының өкілі болып отырған Калинин жолдаспен тілдесіп, шаруа, сөз жоқ, Совет өкіметімен негұрлым тікелей қатынас жасауға мүмкіндік алды. Сонымен, орта шаруаға біз былай дедік: «Социализмге өтуді ешқандай күшпен таңу туралы сөз болуы да мүмкін емес». Бірақ мұны ол түсінетіндей ету керек, мұны шаруаға мейлінше түсінікті тілмен айта білу керек. Бұл арада тек үлгімен, қоғамдық шаруашылықты ойдағыдай жолға қоюмен ғана әсер етуге болады. Ал артельдік, серіктестік еңбектің үлгісін көрсету үшін әуелі ондай шаруашылықты өздеріміз ойдағыдай ұйымдастыруларымыз керек. Егіншілік коммуналары мен артельдерін құру жолындағы қозғалыс бұл екі жылдың ішінде аса зор болды. Бірақ, мәселеге байыптап қарағанда, біз былай деуге тиістіміз: коммуналар құруға бой ұрған жолдастардың көпшілігі егіншілікке, ауыл шаруашылығына барғанда шаруа өмірінің шаруашылық жағдайларын жеткілікті біліп барған жоқ. Сондықтан бұл арада аса көп қателерді, асығыс қадамдардың, іске дұрыс кіріспеудің зардаптарын жою керек болды. Екінің бірінде советтік шаруашылықтарға ескі қанаушылар, бұрынғы помещиктер өтіп кетіп отырды. Онда олардың өктемдігі жойылған, бірақ олардың өздері құртылған жоқ. Оларды ол арадан қуып шығу керек немесе пролетариаттың бақылауына қою керек.

Бұл міндет өмірдің барлық салаларында біздің алдымызда тұр. Сіздер Қызыл Армияның бірқатар тамаша жеңістерге жеткенін естідіңіздер. Қызыл Армияда ондаған мың ескі офицерлер мен полковниктер жұмыс

істейді. Егер біз оларды қызметке алмаған болсақ және өзімізге қызмет істеттірмеген болсақ, біз армия құра алмаған болар едік. Сөйтіп, жеке әскери мамандардың тарапынан опасыздық жасалғандығына қарамастан, біз Колчак пен Юденичті талқандадық, біз барлық майдандарда жеңіске жетіп келеміз. Бұлай болып отырған себебі, Қызыл Армияда зор насихаттық-үгіттік маңызы бар коммунистік ұялар болды, солардың арқасында саны шағын офицерлердің ерекше жағдайға қойылғандығы, коммунистердің зор тегеуріпіне алынғандығы сонша, олардың көпшілігі коммунистік ұйымның және насихаттың біз құрып отырған жүйесінен сытылып шыға алмайды.

Білімнің, техниканың, мәдениеттің қоры болмайынша коммунизм орнатуға болмайды, ал бұл қор буржуазиялық мамандардың қолында. Олардың көпшілігі Совет өкіметіне тілектес емес, бірақ оларсыз біз коммунизм орната алмаймыз. Оларды жолдастық жағдайға, коммунистік жұмыстың рухына баулу керек, сөйтіп оларды жұмысшы-шаруа өкіметінің сапында жүретін ету керек.

Шаруалардың арасында советтік шаруашылықтарды мүлдем бекерге шығаруға дейін жететін асқан сенбеушілік пен ашу-ыза өте жиі байқалады: советтік шаруашылықтар керек емес, онда ескі қанаушылар отыр деседі. Біз былай дедік: жоқ, егер шаруашылықты өздерің жаңаша орната білмесеңдер, қызметке ескі мамандарды алу керек, мұнсыз қайыршылықтан құтылуға болмайды. Бұл мамандардың ішінде Совет өкіметінің қаулыларын бұзғандарын біз Қызыл Армиядағыдай аяусыз ұстап алатын боламыз; күрес әлі жүріп жатыр, ал бұл — аяусыз күрес. Бірақ біз олардың көпшілігін біздінше жұмыс істеуге мәжбүр етеміз.

Бұл — қиын, күрделі міндет, мұны бірден орындай алмайсың. Бұл арада жұмысшының саналы тәртібі керек, шаруалармен жақындасу керек; советтік шаруашылықтардағы барлық қиянаттарды біздің аңғарып отырғанымызды оларға көрсету қажет, бірақ біз былай дейміз: ғылым мен техниканың адамдары қоғамдық шаруашылық қызметіне қойылуға тиіс, өйткені ұсақ

шаруашылық арқылы мұқтаждықтан құтылуға болмайды. Сөйтіп біз Қызыл Армиядағыдай қимылдайтын боламыз: бізді жүз рет соққылар, ал жүз бірінші ретте біз бәрін жеңіп шығамыз. Бірақ бұл үшін деревнядағы жұмыс ұйымшылдықпен, мінсіз жүргізілуі керек, Қызыл Армияда жұмыс қандай қатаң тәртіппен жүргізілген болса және шаруашылықтың басқа салаларында қалай жүргізіліп отырған болса, солай жүргізілуі керек. Біз қоғамдық шаруашылықтың артықшылықтарын шаруаларға баяу, бірақ үздіксіз дәлелдеп отырамыз.

Советтік шаруашылықтарда біз міне осындай күрес жүргізуге тиіспіз, социализмге өтудің қиыншылығы міне осында және Совет өкіметінің шын мәнісінде, түпкілікті нығаюы міне осында. Орта шаруалардың көпшілігі өздерінің жұмысшылармен одақтан тыс қалса Колчак пен Юденичке көмектесетінін көргенінде, бүкіл дүние жүзінде олармен бірге Советтік Россияны жек көретін және әлі де жылдар бойы өз өкіметін қайта орнату әрекеттерін қайталай беретін капиталистер ғана қалып отырғанын көргенінде, сонда не революцияшыл жұмысшылармен одақ жасасып, толық азаттық алуға қарай бару керек екенін, не титтей де болса ауытқушылыққа жол беру керек екенін, ал ауытқушылыққа жол бергенде жаудың, ескі қанаушы-капиталистің үстемдік алатынын ол шаруалардың тіпті ең артта қалғаны да түсінеді. Деникинді жеңу капиталистерді әлі де біржолата құртпайды. Мұны біздің бәріміз түсінуге тиіспіз. Олардың Советтік Россияға бұғау салуға әлі де сан рет әрекет жасайтынын біз өте жақсы білеміз. Сондықтан шаруаға таңдайтын ештеңе жоқ; ол жұмысшыларға көмектесуге тиіс, өйткені титтей болса да ауытқушылық жеңісті помещиктер мен капиталистердің қолына береді. Шаруалардың арасында осыны ұғынуды күшейту — біздің бірінші және негізгі міндетіміз. Өз еңбегімен өмір сүретін шаруа — Совет өкіметінің сенімді одақтасы; мұндай шаруаға жұмысшы теңім деп қарайды, ол үшін жұмысшы өкіметі қолынан келгеннің бәрін істеп отыр және мұндай шаруаның

мұқтажын қанағаттандыру үшін жұмысшы-шаруа өкіметі қандай құрбандықтан да тайынбайды.

Ал артық астығы болуының арқасында қанайтын шаруа — біздің дұшпанымыз. Аш елдің негізгі мұқтаждарын қанағаттандыру міндеті — мемлекеттік міндет. Бірақ астықпен еркін сауда жасаудың мемлекеттік қылмыс екенін шаруалардың бәрі бірдей түсіне бермейді. Шаруа әдет бойынша, ескіше: «Мен астық өндірдім, бұл менің өнімім, сондықтан менің астықпен сауда жасауға правом бар» деп пайымдайды. Ал біз *мұны мемлекеттік қылмыс* дейміз. Астықпен еркін сауда жасау — сол астықтың арқасында баю деген сөз,— ескі капитализмге қайта оралу дегеніміз де нақ осы, біз бұған жол бермейміз, бұл арада біз қайткен күнде де күрес жүргіземіз.

Өтпелі дәуірде біз мемлекеттік астық дайындау ісін және астық салымын жүргіземіз. Тек осы ғана бізге мұқтаждық пен ашаршылықтан құтылуға мүмкіндік беретінін біз білеміз. Жұмысшылардың орасан көптілігі астықтың дұрыс бөлінбеуінен жоқшылық көруде, ал астықты дұрыс бөлу үшін мемлекеттік астық салымын шаруалардың мүлтіксіз, адал және сөзсіз орындап отырулары керек. Бұл арада Совет өкіметінің тарапынан ешқандай кеңшілік жасауға болмайды. Мұның өзі жұмысшы өкіметінің шаруалармен күресу мәселесі емес, бұл — социализмнің бүкіл өмірінің, Совет өкіметі өмірінің мәселесі. Шаруаға біз қазір товар бере алмаймыз, өйткені отын жоқ, темір жолдар тоқтап қалып жатыр. Әуелі, жұмысшылардың өндірісті қалпына келтіре алатын болуы үшін, шаруа жұмысшыға жалдаптық бағамен емес, тұрақты бағамен қарызға астық беруі керек. Өзінің қасында аштан өлуге айналған жеке жұмысшы туралы сөз болып отырғанда әрбір шаруа бұған қосылады. Ал миллиондаған жұмысшылар туралы сөз болып отырғанда олар мұны түсінбейді, сөйтіп жалдаптыққа итермелейтін ескі әдеттер үстемдік алады.

Осы әдеттерге қарсы ұзақ және қажырлы күрес, үгіт пен насихат, түсінік беру, не істелгенін тексеріп оты-

ру,— шаруалар жөніндегі біздің саясатымыздың мәні міне осында.

Еңбеккер-шаруаны барынша қолдап отыру, оған тең дей деп қарау, оған нені болса да күшпен таңуға титтей де әрекеттенбеу — біздің бірінші міндетіміз. Ал екінші міндет — жалдаптыққа, саудагершілікке, күйзеліске қарсы үздіксіз күресу.

Біз Қызыл Армияны құра бастаған кезімізде, ол партизандардың жеке, бытыраңқы топтары еді. Тәртіп пен топтасқандықтың жоқтығы салдарынан артық құрбандықтар көп болды, бірақ біз бұл қиыншылықтарды жойдық және партизан отрядтарының орнына миллиондық Қызыл Армияны құрдық. Егер біз екі жыл сияқты қысқа мерзімнің ішінде, әскери іс сияқты қиын, ауыр және қауіпті істе осыған жете алған болсақ, шаруашылық өмірдің қалған салаларының бәрінде де дәл соған жететінімізге біз өте-мөте сенімдіміз.

Ең қиын міндеттердің бірі болып отырған бұл міндетті де,— жұмысшылардың шаруаларға дұрыс көзқарасы, дұрыс азық-түлік саясаты жөніндегі міндетті де,— біздің шешетінімізге және майданда қандай жеңіске жеткен болсақ, мұнда да дәл сондай жеңіске жететінімізге мен сенемін.

«Правда» № 259
және «Известия ВЦИК» № 259,
19 ноябрь, 1919 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫ КОММУНИСТІК ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ II СЪЕЗІНДЕ[118] 1919 ж. 22 НОЯБРЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Жолдастар! Шығыстағы коммунист жолдастардың — мұсылман ұйымдары өкілдерінің съезін құттықтай алатындығыма, қазіргі кезде Россияда және бүкіл әлемде жағдайдың қалай қалыптасып отырғаны туралы мәселе жөнінде бірнеше сөз айта алатындығыма мен өте қуаныштымын. Менің баяндамамның тақырыбы — ағымдағы кезең; менің байқауымша, бұл мәселе жөнінде қазір ең маңыздысы Шығыс халықтарының империализмге көзқарасы және бұл халықтардың арасындағы революциялық қозғалыс. Шығыс халықтарының бұл революциялық қозғалысының қазір ойдағыдай дами алатындығы, ол басқаша жолмен емес, тек біздің Совет республикасының халықаралық империализмге қарсы революциялық күресімен тікелей байланысты түрде ғана шешіле алатындығы өзінен өзі түсінікті. Бірқатар жағдайлардың себебінен,— басқасын былай қойғанда, Россияның артта қалғандығына және жерінің шексіз кеңдігіне байланысты, оның Европа мен Азияның, Батыс пен Шығыстың шекарасы болуына байланысты,— империализмге қарсы дүние жүзілік күрестің бастаушысы болудың күллі ауыртпалығын біздің өз мойнымызға алуымызға тура келді — мұны біз асқан зор абырой деп білеміз. Сондықтан ең таяу уақытта болатын оқиғалардың бүкіл барысы халықаралық империализмге қарсы бұрынғыдан неғұрлым кең және қажырлы күрес жүргізілетінін аңғартады және мұның өзі біріккен империализмнің — Германияның,

Францияның, Англияның және Американың — күштеріне қарсы Совет республикасының күресімен сөзсіз байланысты болады.

Ал соғыс жағына келетін болсақ, қазір біз үшін барлық майдандарда істің жайы қолайлы болып отырғанын өздеріңіз білесіздер. Мен бұл мәселеге толық тоқталып жатпаймын, тек мынаны ғана айтамын: бізге халықаралық империализм күшпен таңған азамат соғысы екі жылдың ішінде Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасына қисапсыз ауыртпалықтар келтірді, шаруалар мен жұмысшыларға шамадан тыс ауыр жүк артты, кейде олар бұған төтеп бере алмайтындай болып көрінді. Бірақ сонымен бірге бұл соғыс — өзінің дөрекі күштеуімен, бізді социалистік революция басталмастан бұрын-ақ тонаған, айуандарға айналған біздің «одақтастар» дейтіндердің мейірімсіз дөрекі тегеурінімен,— бұл соғыс керемет жасап, соғыстан шаршаған және енді екінші бір соғысты көтере алмайтындай болып көрінген адамдарды екі жыл ішінде соғысқа төтеп беріп қана қоймай, оны жеңімпаздықпен аяқтағалы отырған күрескерлерге айналдырды. Біздің қазір Колчакпен, Юденичпен және Деникинмен шайқаста жетіп отырған жеңістеріміз, бұл жеңістеріміз — өз азаттығы жолындағы күреске аттанған елдер мен ұлттарға қарсы дүние жүзілік империализмнің күресі тарихында жаңа кезеңнің басталғандығын көрсетеді. Бұл жағынан алғанда біздегі екі жылдық азамат соғысы тарихта әлдеқашаннан байқалған нәрселерді толық растап қана қойған жоқ, ал тарихта байқалған нәрсе мынау болатын: соғыстың сипаты мен оның табысты болуы көбіне-көп соғысқа кірісетін елдің ішкі тәртібіне байланысты, соғыс дегеніміз сол елдің соғыс алдында жүргізген ішкі саясатының бейнесі. Осының бәрі соғыстың жүргізілуіне сөзсіз әсерін тигізеді.

Соғысты қай таптың жүргізіп келгендігі және жүргізіп отырғандығы туралы мәселе — өте маңызды мәселе. Біздегі азамат соғысын өздерін азат еткен жұмысшылар мен шаруалар жүргізіп отырғандығының және бұл соғыс өз елінің және бүкіл дүние жүзінің капиталистерінен еңбекшілерді азат ету жолындағы

саяси күрестің жалғасы екендігінің арқасында ғана, тек сондықтан ғана, төрт жылдық империалистік соғыстан шаршап-шалдыққан Россия сияқты артта қалған елде бұрын-соңды болып көрмеген, адам айтқысыз ауыр және қиын жағдайда бұл соғысты екі жыл бойы одан әрі жүргізу үшін қажыр-қайраты мол адамдар табылды.

Азамат соғысының тарихы мұны Колчактың мысалы арқылы ерекше айқын көрсетті. Дүние жүзінің барлық ең күшті державаларынан көмек алған, шетел державаларының жүздеген мың әскерлері, соның ішінде халықаралық империалистердің таңдаулы әскерлері, мәселен, империалистік соғысқа әзірленген, оған мүлдем дерлік қатыспаған, сондықтан аз зардап шеккен жапон әскерлері сияқты әскерлер күзететін темір жол линиясы болған Колчак сияқты дұшпан,— крепостниктік правоны білмеген, сондықтан, әрине, коммунизмнен кімнен де болса анағұрлым аулақ болған ең ауқатты Сибирь шаруаларына сүйенген Колчак,— міне осы Колчак жеңілмейтін күш болып көрінді, өйткені оның әскерлері халықаралық империализмнің алдыңғы қатарлы отряды еді. Тіпті осы уақытқа дейін Сибирьде жапон, чехословак әскерлері және империалистік ұлттардың басқа да бірқатар әскерлері қимыл жасап отыр. Солай бола тұрса да, аса зор табиғи байлықтары бар Сибирьге Колчактың бір жылдан астам өктемдік жүргізу тәжірибесі, алғашында Құрылтай жиналысы комитетінің майданын құрған II Интернационалдың социалистік партиялары, меньшевиктер мен эсерлер қолдаған тәжірибе, дәл сондай жағдайларда, тоғышарлық тұрғыдан және тарихтың дағдылы барысы тұрғысынан қарағанда, баянды және жеңілмес болып көрінген тәжірибе іс жүзінде мынаны көрсетті: Колчак Россияға одан әрі терең ілгерілей түскен сайын оның күші сарқыла берді, сөйтіп сайып келгенде біз Советтік Россияның Колчакты толық жеңгенін көріп отырмыз. Күмән жоқ, бұл арада біз капиталистердің езгісінен азат болған жұмысшылар мен шаруалардың топтасқан күштері шын мәнінде кереметтер жасап жатқандығының практикалық дәлелдерін көріп отырмыз. Бұл арада біз практикада мынадай дәлелдемені көріп отырмыз:

революциялық соғыс езілген еңбекшілер бұқарасын шын мәнінде өзіне тартып, еліктіре білсе, өздерінің қанаушыларға қарсы күресіп жатқандығын олардың санасына жеткізе білсе, мұндай революциялық соғыс кереметтер жасарлық ынта-жігер мен қабілет туғыза алады.

Менің ойымша, Қызыл Армияның істеген істерінің, оның күресінің және жеңісі тарихының Шығыстағы барлық халықтар үшін аса зор, бүкіл дүние жүзілік маңызы болады. Ол Шығыс халықтарына мынаны көрсетеді: бұл халықтар қаншалықты әлсіз болса да, күресте техниканың және соғыс өнерінің барлық кереметтерін қолданып жатқан европалық езушілердің күш-қуаты қандай жеңілмес болып көрінсе де, езілген халықтар жүргізіп жатқан революциялық соғыста, егер бұл соғыс шын мәнінде миллиондаған еңбекшілер мен қаналғандарды оята білсе, осы революциялық соғыста тұнып жатқан мүмкіндіктердің, кереметтердің молдығы соншалық — Шығыс халықтарының азат етілуі халықаралық революцияның перспективалары тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ Азияда, Сибирьде тікелей жасалған соғыс тәжірибесі тұрғысынан, империализмнің барлық аса қуатты елдерінің соғыс шапқыншылығына душар болған Совет республикасының тәжірибесі тұрғысынан енді практикада толық жүзеге асарлық іс.

Мұның үстіне, Россиядағы азамат соғысының бұл тәжірибесі бізге және барлық елдердің коммунистеріне азамат соғысының от-жалынында революциялық энтузиазмның артуымен бірге ішкі күшті де ныгайта түсетінін көрсетті. Соғыс әрбір ұлттың барлық экономикалық және ұйымдық күштеріне сын болып табылады. Сайып келгенде, екі жылғы тәжірибеден кейін, аштық пен суықтан азап шеккен жұмысшылар мен шаруалар үшін соғыс қаншама шексіз ауыр болса да, екі жылдық тәжірибе негізінде былай деуге болады: біз жеңіп келеміз және жеңе береміз, өйткені бізде тыл бар, ол берік тыл; жұмысшылар мен шаруалар, аштық пен суыққа қарамастан, топтасқан, мығым және әрбір ауыр соққыға күштер мен экономикалық қуатты қоса арттыра түсумен жауап беріп келеді, тек сондықтан да Кол-

чакты, Юденичті және олардың одақтастарын, дүние жүзінің аса күшті державаларын жеңу мүмкін болды. Өткен екі жылдың тәжірибесі бізге, бір жағынан, революциялық соғысты өрістету мүмкіндігін, ал екінші жағынан, шетел шапқыншылығы ауыр соққылар жасаса да, Совет өкіметінің нығайғандығын көрсетеді; ол шапқыншылықтың көздеген мақсаты революция ошағын тезінен қирату, халықаралық империализмге соғыс жариялауға батылы барған жұмысшылар мен шаруалар республикасын қирату болатын. Бірақ олар Россияның жұмысшылары мен шаруаларын қиратудың орнына, бұларды тек шынықтыра түсті.

Біз бастан кешіріп отырған кезеңнің басты қорытындылары осындай, басты мазмұны осындай. Біз өз территориямызда қалып отырған ақырғы жауды — Деникинді біржолата жеңуге жақын қалдық. Біз өзіміздің күшті екендігімізді сезінеміз және былай деп мың мәрте қайталай аламыз: республиканың ішкі құрылысы нығайды және Деникинге қарсы соғыстан біз әлденеше есе күшейіп, әрі социализм сарайын орнату міндеттерін жүзеге асыру үшін неғұрлым даяр болып шығамыз десек қателеспейміз, бұл құрылысқа біз азамат соғысы кезінде уақыт пен күшті тым аз бөлдік, ал қазір еркін жолға шыққан соң біздің бұл құрылысқа түгелдей беріле кірісетінімізге күмән жоқ.

Біз Батыс Европада империализмнің іріп-шіріп бара жатқанын көріп отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, істің жайын түсінбеген социалистердің басым көпшілігі сияқты, тіпті герман социалистеріне де бұдан бір жыл бұрын бүкіл дүние жүзілік империализмнің екі тобының күресі жүріп жатқан тәрізді болып көрінген еді, сөйтіп олар тарих тек осы күреспен болып жатыр, енді басқа бір нәрсе берерлік күш жоқ деп санады; оларға тіпті социалистердің де дүние жүзілік аса қуатты жыртқыштар тобының біріне қосылудан басқа ештеңе қалмайтын сияқты болып көрінді. 1918 жылғы октябрьдің аяқ шенінде осылай болып көрінген еді. Бірақ біз одан бері дүние жүзілік тарих бір жыл ішінде бұрын-соңды болып көрмеген, кең және терең құбылыстарды басынан кешіргенін көріп отырмыз; бұл құбы-

лыстар социалистердің көбінің көзін ашты, ал социалистер империалистік соғыс кезінде патриот болған еді және өздерінің әрекетін алдымызда жау тұрды деп ақтаған еді; герман империализмінен азаттық әпередіміс деген желеумен ағылшын және француз империалистерімен одақ жасасуды ақтаған еді. Бұл соғыстың қанша жалған үміттердің күлін көкке ұшырғанын көріңіздерші! Біз герман империализмінің іріп-шірігенін көріп отырмыз, мұның өзі республикалық революцияға ғана емес, социалистік революцияға да жеткізді. Өздеріңіз білесіздер, Германияда қазіргі уақытта таптар күресі бұрынғыдан да гөрі шиеленісе түсті және азамат соғысы барған сайын жақындап келеді, республикалық түске боянған, бірақ империализмнің өкілдері болып қалып отырған неміс империалистеріне қарсы неміс пролетариатының күресі жақындап келеді.

Батыс Европада әлеуметтік революция күн сайын емес, сағат сайын пісіп жетіліп келе жатқанын, Америкада да, Англияда да — бейне бір мәдениет пен цивилизацияның осы өкілдерінде, гунндарды — герман империалистерін жеңушілерде дәл солай болып жатқанын жұрттың бәрі біледі,— ал іс Версаль бітіміне келіп жеткен кезде жұрттың бәрі мынаны көрді: Версаль бітімі бізге герман тонаушылары таңған Брест бітімінен жүз есе артық тонаушылық бітім болып отыр және бұл Версаль бітімі осынау жеңіп шыққан қырсықты елдердің капиталистері мен империалистері өздеріне жасай алатын соққылардың ішіндегі ең ауыры болып отыр. Версаль бітімі пақ жеңген ұлттардың көзін ашты және мынаны дәлелдеп берді: біздің көріп отырғанымыз — мәдениет пен цивилизацияның өкілдері емес, Англия мен Франция сияқты, демократиялық мемлекеттер бола тұрса да, жыртқыш-империалистер басқарған мемлекеттер. Бұл жыртқыштардың ішкі күресінің шапшаң дамып отырғандығы соншa, Версаль бітімі масайраған империалистердің тек сыртқы жеңісі екенін, ал іс жүзінде бүкіл империалистік дүниенің күйреуі және соғыс кезінде шірік империализм өкілдерінің одақтасы болған және күресуші жыртқыштардың бір тобын қорғаған социалистерден еңбекшілер бұқара-

сының үзілді-кесілді қол үзуі болатындығын біліп, біз шаттана аламыз. Еңбекшілердің көзі ашылды, өйткені Версаль бітімі жыртқыштық бітім болды және ол Франция мен Англия Германияға қарсы күресксенде іс жүзінде отарларға өз өктемдігін орнықтыру үшін және өздерінің империалистік күш-қуатын арттыру үшін күрескенін көрсетті. Бұл ішкі күрес барған сайын кең өрістей түсіп отыр. Бүгін мен 21 ноябрьде Лондоннан берілген радиотелеграмманы көрдім; онда американ журналистері — революционерлерге тілектес деп күмәндануға болмайтын адамдар — Францияда американдарға деген өшпенділіктің бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде асқына түскені аңғарылып отыр, өйткені американдар Версаль бітім шартын бекітуден бас тартып отыр дейді.

Англия мен Франция жеңіп шықты, бірақ олар Америкаға борышқа белшесінен батты; Америка былай деп ұйғарды: французлар мен ағылшындар өздерін жеңімпаздар деп санай берсін, бірақ Америка соғыс кезінде көрсеткен көмегі үшін қаймағын қалқып алып, артығымен проценттер алып отырады, ал қазір құрылып жатқан және көлемі жағынан ағылшын флотын басып озатын американ флоты осыны қамтамасыз ететін болады. Ал американдардың жыртқыштық империализмі осылай дөрекі әрекет жасап отырғандығы мынадан көрінеді: Америка агенттері тірі товарды — әйелдер мен қыздарды сатып алып, Америкаға әкетіп жатыр, сөйтіп жезөкшелікті өрістете түсіп отыр. Еркін, мәдениетті Америка жезөкшелер үйлерін тірі товармен жабдықтап отыр! Польша мен Бельгияда американ агенттерімен жанжалдар болып жатыр. Бұл — Антантадан көмек алған әрбір кішкентай елде зор көлемде болып жатқан нәрсенің кішкентай көрінісі. Польшаны-ақ алайық. Өздеріңіз көріп отырсыздар, американ агенттері мен жалдаптары қазір тәуелсіз держава ретінде өмір сүріп отырмыз деп мақтанатын Польшаға оның барлық байлықтарын сатып алу үшін барады. Америка агенттері Польшаны сатып алып жатыр. Американдардың қалтасына түспеген бірде-бір фабрика, бірде-бір завод, бірде-бір өнеркәсіп саласы жоқ. Аме-

риканың арсызданып кеткені соншалық — ол «ұлы еркін жеңімпаз» Францияны қанай бастады; Франция бұрын өсімқорлар елі болатын, ал қазір Америкаға өте көп борышты болып қалды, өйткені оның экономикалық күштері сарқылды, сондықтан ол өзін өзі өз астығымен, өз көмірімен қамтамасыз ете алмайды, өзінің материалдық күштерін кең көлемде дамыта алмайды, ал Америка барлық алымның мүлтіксіз төленуін талап етіп отыр. Сонымен, Францияның, Англияның және басқа қуатты елдердің экономикалық күйреуі барған сайын көбірек айқындалып келеді. Франциядағы сайлауда клерикалдар басымдық алды. Бостандық пен демократия жолында Германияға қарсы барлық күшті жұмсауға тиіспіп деп алданып қалған француз халқы қазір шексіз борыш пен жыртқыш американ империалистерінің қорлауын, ал одан кейін ең айуандық реакцияның өкілдерінен құралған клерикалдық көпшілікті сыйға алды.

Бүкіл дүние жүзінде жағдай адам айтқысыз шиеленісіп кетті. Колчакты, Юденичті, халықаралық капиталдың осы малайларын біздің жеңуіміз — орасан зор жеңіс, бірақ біздің халықаралық көлемде жеткен жеңісіміз, онша айқын болмаса да, бұдан да гөрі зор жеңіс. Бұл жеңіс бізге қарсы өз әскерлерін жібере алмай отырған империализмнің іштей іріп-шіруінде болып отыр. Антанта әскерін жіберіп көрді, бірақ ол ештеңе шығара алмады, өйткені оның әскерлері біздің әскерлерімізбен кездесіп, олардың тілдеріне аударылған біздің Россия Советтік конституциясымен танысқаннан кейін ыдырай бастайды. Біздің Конституциямыз шірік социализм көсемдерінің ықпалына қарамастан, еңбекшілер бұқарасының әрқашан тілектестігін туғызып отырады. «Совет» деген сөз қазір жұрттың бәріне түсінікті, ал Советтік конституция барлық тілдерге аударылды және онымен әрбір жұмысшы таныс. Жұмысшы бұл еңбекшілер Конституциясы екенін, бұл халықаралық капиталды жеңіп шығуға шақырып отырған еңбекшілердің саяси құрылысы екенін біледі, бұл халықаралық империалистерді қиратқан біздің жеңісіміз екенін біледі. Біздің бұл жеңісіміз әрбір импе-

риалистік елге әсер етті, өйткені біз оны өз әскерлерінен айырдық, ол әскерлерді өзімізге қаратып алдық, ол әскерлерді Советтік Россияға қарсы аттандыру мүмкіндігінен айырдық.

Олар өзгенің әскерлері арқылы, Финляндияның, Польшаның, Латвияның әскерлері арқылы соғыспақшы болып байқап көрді, бірақ бұдан да ештеңе шықпады. Ағылшын министрі Черчилль бұдан бірнеше апта бұрын палатада сөйлеген сөзінде: Советтік Россияға қарсы он төрт халықтың жорығы ұйымдастырылды және мұның өзі жаңа жылға дейін Россияны жеңіп шығуға жеткізеді деп мақтанды және бұл туралы бүкіл дүние жүзіне телеграммалар жіберілді. Шынында да, бұған көптеген халықтар — Финляндия, Украина, Польша, Грузия, чехословактар, жапондар, француздар, ағылшындар, немістер қатысты. Бірақ бұдан не шыққанын біз білеміз! Эстондардың Юденич әскерін тастап кеткенін біз білеміз, сөйтіп қазір эстондардың оған көмектескісі келмейтіндігі жөнінде газеттерде аласұрған айтыс жүріп жатыр, ал Финляндияда, мұны оның буржуазиясы қанша тілесе де, Юденичке көмек бермей қойды. Сонымен, бізге қысым жасамақ болған екінші әрекет те сәтсіздікке ұшырады. Бірінші кезеңде Антанта әскери техниканың барлық ережелері бойынша жабдықталған өз әскерлерін жіберді, сөйтіп олар Совет республикасын жеңетін тәрізді болып көрінді. Енді олар Кавказдан, Архангельскіден, Қырымнан кетті және, чехословактардың Сибирьде қалғаны сияқты, тек Мурманда қалып қойды, бірақ ат төбеліндей болып аз-аздан қалды. Бізді өз әскерлерімен жеңбекші болған бірінші әрекет біз үшін жеңіспен аяқталды. Екінші әрекет — бізбен көршілес, финанс жағынан Антантаға түгелдей тәуелді ұлттарды бізге айдап салу және социализмнің ұясы болып табылатын бізді оларға тұншықтырту әрекеті болды. Бірақ бұл әрекет те сәтсіз аяқталды: бұл кішкентай мемлекеттердің бірде-бірі мұндай соғысқа қабілетті болмай шықты. Ол ол ма — әрбір кішкентай мемлекетте Антантаға деген өшпенділік орнығып алды. Юденич Красное Селоны алып қойған кездің өзінде Финляндия Петроградты алуға

аттанбаған болса, оның себебі мынау еді: ол қобалжуда болды және Советтік Россиямен қатар өзінің дербес өмір сүре алатынын, ал Антантамен тату тұра алмайтынын көрді. Мұны шағын халықтардың бәрі бастарынан кешірді. Мұны Финляндия, Литва, Эстляндия, Польша бастарынан кешіріп жатыр; бұларда жаппай шовинизм дәуірлеп тұр, бірақ бұларда өзінің қанауын үдете түскен Антантаға деген өшпенділік бар. Енді біз, ешбір асырмай-ақ, оқиғалардың барысын дәл есепке ала отырып, былай деп айта аламыз: Совет республикасына қарсы халықаралық соғыстың бірінші кезеңі ғана емес, екінші кезеңі де күйреді. Бізге енді Деникин әскерлерін жеңуіміз ғана қалып отыр; олар қазірдің өзінде-ақ жартылай талқандалды.

Мен өз баяндамамда қысқаша сипаттаған қазіргі орыс жағдайы мен халықаралық жағдай осындай. Қорытындыда Шығыс ұлттары жөнінде туып отырған жағдайға тоқталып өтуге рұқсат етіңіздер. Сіздер Шығыстың әр түрлі халықтарының коммунистік ұйымдары мен коммунистік партияларының өкілдері болып табыласыздар. Мен мынаны айтуға тиіспін: егер орыс большевиктері ескі империализмді опырып, өзіне жол аша алған болса, революцияның жаңа жолдарын салу жөнінде айрықша қиын, сонымен қатар айрықша игілікті міндетті өз мойнына ала алған болса, онда сіздердің алдыңызда, Шығыстың еңбекшілер бұқарасы өкілдерінің алдында, одан да гөрі зор, одан да гөрі жаңа міндет тұр. Бүкіл дүние жүзі үшін жақындап келе жатқан социалистік революцияның мәнісі әсте әрбір елде пролетариаттың өз буржуазиясын жеңуінде ғана емес екені әбден анықталып келеді. Егер революциялар тез және оңай жасалатын болса, бұл мүмкін болар еді. Империалистердің бұған жол бермейтінін, барлық елдер өздерінің ішкі большевизміне қарсы қаруланып алғанын және өз үйіндегі большевизмді қалай жеңуге болатындығын ғана ойлап отырғанын біз білеміз. Сондықтан әрбір елде азамат соғысы туып келеді, ал оған буржуазияны жақтап қатысуға ескі келісімпаз-социалистер тартылып отыр. Сонымен, социалистік революция тек қана және ең алдымен әрбір елде революция-

шыл пролетарлардың өз буржуазиясына қарсы күресі ғана болып қоймайды,— жоқ, ол империализм езген барлық отарлар мен елдердің, барлық тәуелді елдердің халықаралық империализмге қарсы күресі болады. Біздің партияның осы жылғы мартта қабылданған программасында біз бүкіл дүние жүзілік әлеуметтік революцияның жақындап келе жатқанын сипаттай келіп: алдыңғы қатарлы елдердің бәрінде еңбекшілердің империалистер мен қанаушыларға қарсы азамат соғысы халықаралық империализмге қарсы ұлттық соғыспен біріге бастады деген едік. Мұны революцияның барысы растап отыр және барған сайын көбірек растай беретін болады. Шығыста да солай болады.

Мұнда дербес қатысушылар ретінде, жаңа өмірдің жасампаздары ретінде Шығыстың халық бұқарасы көтерілетінін біз білеміз, өйткені жүз миллиондаған бұл халық осы уақытқа дейін империализмнің халықаралық саясатының объектісі болып келген, капиталистік мәдениет пен цивилизация үшін тыңайтқыш материал ретінде ғана өмір сүріп келген, толық праволы емес, тәуелді ұлттарға жатады. Ал отарлар алуға мандаттар үлестіру туралы сөз болғанда, бұл — тонауға, талауға мандаттар үлестіру екенін, бұл — жер жүзі халқының болмашы бөлегінің жер шарындағы халықтың көпшілігін қанауына праволар үлестіру екенін біз өте жақсы білеміз. Осы уақытқа дейін тарихи прогрестен мүлдем тыс қалып келген, өйткені дербес революциялық күш бола алмаған бұл көпшіліктің XX ғасырдың бас кезінде ондай енжар роль атқарудан қалғанын біз білеміз. 1905 жылдан кейін Түркияда, Персияда, Қытайда революциялар болғанын, Индияда революциялық қозғалыстың өрістегенін біз білеміз. Империалистік соғыс та революциялық қозғалыстың өсуіне себеп болды, өйткені отарлардағы халықтардың толып жатқан полктарын Европа империалистерінің күресіне тартуға тура келді. Империалистік соғыс Шығысты да оятты, оның халықтарын халықаралық саясатқа тартты. Англия мен Франция отарлардағы халықтарды қаруландырып отырды, олардың әскери техникамен және жетілдірілген машиналармен танысуына көмектесті.

Олар бұл ғылымды империалист мырзаларға қарсы пайдаланады. Қазіргі революцияда Шығыстың ояну дәуірінен кейін, тек баюдың объектісі ғана болмау үшін, бүкіл дүние жүзінің тағдырын шешуге Шығыстың барлық халықтарының қатысу дәуірі басталады. Шығыстың халықтары практикалық қимыл жасау үшін және әрбір халық бүкіл адамзаттың тағдыры туралы мәселені шешетін болуы үшін оянып келеді.

Міне сондықтан мен былай деп ойлаймын: басталуына қарағанда көп жылдарға созылатын және көп еңбекті керек ететін дүние жүзілік революцияның даму тарихында,— революциялық күресте, революциялық қозғалыста сіздерге үлкен роль атқаруға және бұл күресте халықаралық империализмге қарсы біздің күресімізбен бірігуге тура келеді. Сіздердің халықаралық революцияға қатысуларыңыз сіздерді күрделі және қиын міндетке душар етеді; ол міндеттің орындалуы жалпы табыстың негізі болады, өйткені бұл арада халықтың көпшілігі тұңғыш рет дербес қозғалысқа келіп, халықаралық империализмді құлату жолындағы күресте белсенді фактор болады.

Шығыс халықтары көпшілігінің жағдайы Европадағы ең артта қалған елдің — Россияның жағдайынан нашар, бірақ біз феодализмнің қалдықтарына және капитализмге қарсы күресте орыс шаруалары мен жұмысшыларын біріктіре білдік, сөйтіп капитал мен феодализмге қарсы шаруалар мен жұмысшылар біріккендіктен біздің күресіміз соншалықты жеңіл болды. Бұл арада Шығыс халықтарымен байланыс өте-мөте маңызды, өйткені Шығыс халықтарының көпшілігі еңбекші бұқараның нағыз өкілдері болып табылады,— капиталистік фабрикалар мен заводтар мектебінен өткен жұмысшылар емес, қайта орта ғасырлық езгіден азап шегіп жатқан еңбекші, қаналған шаруалар бұқарасының нағыз өкілдері болып табылады. Капитализмді жеңген пролетарлар сан миллиондаған бытыраңқы еңбекші шаруалар бұқарасымен бірігіп, орта ғасырлық езгіге қарсы жеңімпаздықпен көтеріліске шыққанын орыс революциясы көрсетіп берді. Қазір біздің Совет республикасы Шығыстың оянып келе жат-

қан халықтарымен бірге халықаралық империализмге қарсы күрес жүргізуі үшін ол халықтардың бәрін өзінің маңына топтастыра түсуге тиіс.

Бұл арада сіздердің алдыңызда бұрын бүкіл дүние жүзі коммунистерінің алдына қойылып көрмеген міндет тұр: сіздер жалпы коммунистік теория мен практикаға сүйене отырып, европалық елдерде жоқ өзіндік ерекше жағдайларға бейімделе отырып, осы теория мен практиканы негізгі бұқара шаруалар болып табылатын, капиталға қарсы емес, қайта орта ғасырлық қалдықтарға қарсы күресу міндетін шешу қажет болатын жағдайларға сәйкес қолдана білулеріңіз керек. Бұл — қиын және өзіндік ерекше міндет, бірақ бұл — өте-мөте игілікті міндет, өйткені әлі күреске қатыспаған бұқара күреске тартылады, ал екінші жағынан, Шығыста коммунистік ұялардың ұйымдастырылуы арқасында сіздер III Интернационалмен өте тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік аласыздар. Сіздер бүкіл дүние жүзінің алдыңғы қатарлы пролетарларының көбінесе орта ғасырлық жағдайларда өмір сүріп отырған Шығыстың еңбекші және қаналған бұқарасымен одақтасуының өзіндік ерекше формаларын табуға тиіссіздер. Сіздердің үлкен көлемде, үлкен елдерде жүзеге асыратындарыңызды біз өз елімізде кішкене көлемде жүзеге асырдық. Бұл екінші міндетті де сіздер ойдағыдай орындайсыздар деп сенемін. Сіздер осында өкілі болып отырған Шығыстағы коммунистік ұйымдардың арқасында сіздердің алдыңғы қатарлы революцияшыл пролетариатпен байланыстарыңыз бар. Сіздердің алдарыңызда тұрған міндет — әрбір елдің ішінде, халыққа түсінікті тілде коммунистік насихаттың жүргізілуіне бұдан былай да қамқорлық жасау.

Дүние жүзінің барлық алдыңғы қатарлы елдерінің пролетариаты ғана түпкілікті жеңіске жете алатындығы өзінен өзі түсінікті, сондықтан біздер, орыстар, ағылшын, француз немесе неміс пролетариаты баянды ететін істі бастап отырмыз; бірақ біз отарлардағы барлық езілген халықтардың, ең алдымен Шығыс халықтарының еңбекшілер бұқарасының көмегінсіз олардың жеңіске жете алмайтынын көріп отырмыз. Коммунизм-

ге өтуді авангардтың бір өзі жүзеге асыра алмайтындығы жөнінде біз өзімізге өзіміз есеп беруге тиіспіз. Міндет мынада: еңбекшілер бұқарасы қандай дәрежеде тұрғандығына қарамастан, олардың талапкерлікке және ұйымдасуға деген революциялық белсенділігін ояту керек, неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердің коммунистеріне арналған нағыз коммунистік ілімді әрбір халықтың тіліне аудару керек, дереу жүзеге асырылуға тиісті практикалық міндеттерді жүзеге асыру керек және ортақ күресте басқа елдердің пролетарларымен бірігу керек.

Міндеттер, міне, осындай; бұл міндеттердің шешімін сіздер бірде-бір коммунистік кітаптадан таба алмайсыздар, бірақ бұлардың шешімін Россия бастаған ортақ күрестен табасыздар. Сіздерге бұл міндетті алға қойып, оны дербес тәжірибе арқылы шешулеріңізге тура келеді. Сіздерге бұл істе, бір жағынан, басқа елдердің барлық еңбекшілерінің авангардымен тығыз одақ жасасу, ал екінші жағынан — өздеріңіз осында өкілдері болып отырған Шығыс халықтарына жанаса білу шеберлігі көмектеседі. Сіздерге бұл халықтарда оянып келе жатқан, оянбай тұра алмайтын және тарихи тұрғыдан орынды саналатын буржуазиялық ұлтшылдықты негізге алуға тура келеді. Сонымен қатар сіздер әрбір елдің еңбекші және езілген бұқарасына жол тауып, оларға түсінікті тілде былай деп айтуға тиіссіздер: азаттық алуға бірден-бір үміт халықаралық революцияның жеңісі болып табылады және халықаралық пролетариат Шығыстың барлық еңбекші және езілген жүз миллиондаған халықтарының бірден-бір одақтасы болып табылады.

Сіздердің алдыңызда тұрған ерекше көлемді міндет, міне, осындай; бұл міндет революциялық дәуірдің арқасында және революциялық қозғалыстың өсуі арқасында — бұған күмәндануға болмайды — Шығыстың коммунистік ұйымдарының жаппай күш жұмылдыруы арқылы ойдағыдай шешіледі және халықаралық империализмді толық жеңіп шығуға жеткізеді.

«Известия ЦК РКП(б)» № 9, 20 декабрь, 1919 ж.

«Известия ЦК РКП(б)»-ның тексті бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Орталық Комитеттің шешімі (29. XI. 1919)

Өте асығыс.

Советтер съезінде бітім туралы жасалатын қысқаша баяндаманың егжей-тегжейлі тезистерін және Советтер съезі мәлімдемесінің текстін жазу *Чичеринге* тапсырылсын[119]. Бұл текстө бітім туралы жәпе бітім келіс сөздөрі туралы тікелей ұсыныс жасалуға тиіс, бірақ мұның шарттары туралы айтылмауы керек (тапсырылатын нұсқа бітім туралы бұрынғы ұсыныстардың бәрін растайтын, бірақ біздің қолымызды байламайтын болуға тиіс).

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕ[120]

1) Барлық халық комиссарлары (оның ішінде Халық Комиссарлары Советінің председателі) және халық комиссарларының орынбасарлары енгізілмесін.
2) Қалғандарының ішінен «интеллигенттер» мен орталықтағы совет қызметшілерінің саны азайтылсын.
3) Партияда жоқ жұмысшылар және шаруалар бұқарасымен сөзсіз тығыз байланыста болып отырған жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың саны көп мөлшерде көбейтілсін.
4) Партия съезінің шешімімен дәл сәйкестендірілсін[121].

1919 ж. 29 ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

УКРАИНАДАҒЫ СОВЕТ ӨКІМЕТІ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҚАРАРЫ[122]

Деникиншіл бандалардың уақытша басып алуынан азат етіліп жатқан Украинаның еңбекші халқына көзқарас туралы мәселе жөнінде РКП Орталық Комитеті қаулы етеді:

1. Орталық Комитет ұлттардың өзін өзі билеу принципін бұлжытпай жүргізе отырып, РКП-ның Украин Советтік Социалистік Республикасының дербестігін мойындау көзқарасында тұрғандығын тағы да растауды қажет деп санайды.

2. РКП бүкіл дүние жүзілік империализмнің қатерлі күштеріне қарсы Советтік республикалардың күресінде олардың бәрінің тығыз одақта болу қажеттігін әрбір коммунист үшін және әрбір саналы жұмысшы үшін даусыз деп санай отырып, бұл одақтың формаларын белгілеуді украин жұмысшылары мен еңбекші шаруаларының өздері түпкілікті шешеді деген позиция ұстап отыр.

3. Ал қазіргі уақытта УССР мен РСФСР арасындағы қатынас Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1919 жылғы 1 июньдегі және Украина Орталық Атқару Комитетінің 1919 жылғы 18 майдағы шешімдері[123] негізінде федерациялық байланыс арқылы белгіленіп отыр (қарар қоса тіркелді).

4. Украин мәдениетін (тіл, мектеп, т. т.) Россияның патша өкіметі мен қанаушы таптары ғасырлар бойы жаныштап келгендігі себепті, РКП Орталық Комитеті украин тілі мен мәдениетінің еркін дамуына кедергі-

лердің бәрін жоюға барлық құралдармен жәрдемдесуді партияның барлық мүшелеріне міндеттейді. Көптеген ғасырлар бойы езілушіліктің салдарынан украин бұқарасының артта қалған бөлегінің арасында ұлтшылдық тенденциялар байқалып отырғандықтан, РКП мүшелері бұл тенденцияларға асқан сабырлылықпен, сақтықпен қарауға, бұл тенденцияларға қарсы Украина мен Россия еңбекші бұқарасының мүдделері бір екендігін жолдастық жолмен түсіндіруге міндетті. РКП мүшелері Украина жерінде еңбекшілер бұқарасының ана тілінде оқу және барлық совет мекемелерінде ана тілінде ұғынысу правосын іс жүзінде жүзеге асыруға тиіс, украин тілін әдейі екінші орынға ығыстырушылық әрекеттеріне барынша тойтарыс бере отырып, қайта керісінше, украин тілін еңбекші бұқараны коммунистік ағарту құралына айналдыруға ұмтылуға тиіс. Барлық совет мекемелерінде украин тілін білетін қызметшілердің саны жеткілікті болуы үшін және келешекте барлық қызметшілер украин тілінде түсінісе алатын болуы үшін дереу шаралар қолданылуға тиіс.

5. Совет мекемелерінің елдің жергілікті шаруа халқымен өте тығыз байланыста болуын қамтамасыз ету қажет, бұл үшін алғашқы кезден бастап-ақ, ревкомдар[124] мен Советтерді енгізген кездің өзінен-ақ, бұларда, кедей шаруалар өкілдерінің шешуші ықпалын қамтамасыз ете отырып, көпшілігін еңбекші шаруалардың өкілдерінен тартуды ережe етіп ұстау керек.

6. Украинада халықтың басым бұқарасы Россиядағыдан да гөрі көбірек шаруалар болуы себепті, Украинадағы Совет өкіметінің міндеті -- тек кедей шаруалардың ғана емес, сонымен бірге өздерінің шын мүдделері арқылы Совет өкіметімен өте тығыз байланысты болып отырған орта шаруалардың қалың топтарының да сеніміне ие болу. Атап айтқанда, азық-түлік саясатының негізгі принциптерін (тұрақты бағамен мемлекеттік астық дайындау, күштеп салым салу) сақтай отырып, оны жүргізу тәсілдерінің украин деревнясының жағдайларына сай болуын мұқият ойластыру қажет.

Украинада азық-түлік саясатының ең таяудағы мін-

деті — артық астықты украин кедейлерін, жұмысшыларын және Қызыл Армияны жабдықтау үшін *қатаң өлшеулі мөлшерде ғана* алу болуға тиіс. Артық астықты алғанда орта шаруалардың мүдделеріне айрықша көңіл бөлінуге тиіс, олар жөнінде кулак элементтерден мүлде басқаша көзқарас болуы керек. Астықты және басқа да азық-түлік өнімдерін Украинадан Россияға тасып әкету Советтік Россияның міндеті болып отырмыс деп украин шаруаларын сендірмекші болған контрреволюциялық демагогияны олардың алдында іс жүзінде әшкерелеу қажет.

Кедей шаруалар мен орта шаруаларды барлық салаларда басқару ісіне мейлінше кеңінен тартып отыру міндеті орталық өкіметтің агенттеріне, барлық партия қызметкерлеріне, нұсқаушыларға, т. т. жүктелуге тиіс.

Сондай-ақ шын мәніндегі еңбекшілер өкіметін орнату мақсатын көздегенде шаруалардың қалың бұқарасының тұрмыс жағдайларын түсінуден аулақ тұрған және көп жағдайда коммунизм туын бүркеніш етіп жүрген украин қалалық мещан элементтерінің совет мекемелеріне кептеп еніп кетуіне жол бермеуге дереу шаралар қолданылуға тиіс.

Бұл сияқты элементтердің партия қатарына да, совет мекемелеріне де өтуіне жол берудің шарты — олардың еңбекке қабілеттілігін және еңбекшілердің мүдделеріне берілгендігін *іс жүзінде*, ең алдымен майданда, соғыс қимылын жүргізіп жатқан армия қатарында алдын ала тексеріп алу болуға тиіс. Ондай элементтер барлық жерде және барлық жағдайларда пролетариаттың қатал таптық бақылауында болуға тиіс.

Украинада село халқының қолындағы толып жатқан қару-жарақ, кедейлердің ұйымдаспағандығынан, сөзсіз кулак және контрреволюцияшыл элементтердің қолына жинақталатындығын, бұл жағдай еңбекшілер диктатурасының орнына іс жүзінде бандит кулактардың үстемдігіне апарып соғатынын тәжірибе көрсетіп отыр, сондықтан Украинадағы совет құрылысының ең бірінші міндеті — барлық қару-жарақты жинап алу және оларды жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясының қолына жинақтау.

7. Жер жөніндегі саясат кедей шаруалар мен орта шаруалардың жер шаруашылығының мүдделеріне ерекше назар аударылып жүргізілуге тиіс.

Украинада жер жөніндегі саясаттың міндеті мыналар болуға тиіс:

1) Деникин қайта орнатып жатқан помещиктік жер иелігі толық жойылатын болсын, жер жері жоқтарға және жері аздарға берілетін болсын.

2) Советтік шаруашылықтар төңіректегі шаруалардың өмірлік мүдделерімен санаса отырып, тек өте қажет мөлшерде ғана құрылатын болсын.

3) Шаруаларды коммуналарға, артельдерге, т. с. біріктіру ісінде партия саясаты қатаң жүргізілсін, ол саясат бұл жөнінде ешқандай күштеуге жол бермейді, мұны шаруалардың тек қана өздерінің ерікті түрде шешуіне береді және бұл іске күштеудің ұшығын енгізу әрекеттерінің қандайын болса да қатал жазалап отырады.

«Известия ЦК РКП(б)» № 8, 2 декабрь, 1919 ж.

«Известия ЦК РКП(б)»-ның тексті бойынша басылып отыр

ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫН БАСҚАРУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[126]

Халық Комиссарлары Советі жұмысшылар мен жұмысшы ұйымдарының, әсіресе кәсіптік одақтардың, темір жолдарды басқаруға, жұмысшыларды басқару ісіне үйретуге, т. с. қатысуы жөнінде бір апта мерзім ішінде егжей-тегжейлі декрет (немесе нұсқау) әзірлеуді Қатынас жолдары халық комиссариатына тапсырады.

1919 ж. 2 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ VIII КОНФЕРЕНЦИЯСЫ[126]

2—4 ДЕКАБРЬ, 1919 ж.

Конференцияны ашарда сөйленген сөз — 1919 ж. 3 декабрьде «Известия ВЦИК» газетінің 271-номерінде, Орталық Комитеттің саяси баяндамасы және баяндама бойынша қорытынды сөз — 1919 ж. 20 декабрьде «Известия ЦК РКП(б)»-ның 9-номерінде, халықаралық саясат туралы мәселе жөніндегі қарардың жобасы және Украинадағы Совет өкіметі туралы мәселе жөніндегі қорытынды сөз — бірінші рет 1932 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XXIV том

Конференцияны ашарда сөйленген сөз — «Известия ВЦИК» газетінің текстімен салыстырылған стенограмма бойынша, Орталық Комитеттің саяси баяндамасы және баяндама бойынша қорытынды сөз — стенограммамен салыстырылған «Известия ЦК РКП(б)» тексті бойынша, халықаралық саясат туралы мәселе жөніндегі қарардың жобасы — қолжазба бойынша, Украинадағы Совет өкіметі туралы мәселе жөніндегі қорытынды сөз — стенограмма бойынша басылып отыр

1
КОНФЕРЕНЦИЯНЫ АШАРДА 2 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Маған РКП (большевиктер) Орталық Комитеті атынан біздің партиямыздың Бүкіл россиялық конференциясын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Жолдастар! Партияның уставы бойынша мұндай конференция әрбір 3 ай сайын шақырылып тұруға тиіс, бірақ соғыс жағдайына байланысты бұдан бірнеше ай бұрын біз бастан өткізген ауыр жағдай бізді өзіміздің күштерімізді аянбай жұмсауға және советтік жұмыстың ғана емес, партиялық жұмыстың да барлық аппараттарын мейлінше ықшамдауға мәжбүр еткендіктен, амал не, біз уставтың қаулысын дәлме-дәл орындай алмадық, сөйтіп конференция кейінге қалдырылды.

Жолдастар! Біз қазір конференцияны біз майдандардағы жағдайды орасан жақсартып, халықаралық жағдайда да, соғыс жөнінде де, сол сияқты біздің бүкіл ішкі құрылысымызға байланысты да, жақсылыққа бастайтын аса зор өзгеріс болғалы тұрғанына көзіміз жеткен кезде Советтердің съезіне[127] байланысты шақырып отырмыз. Біздің алдымызға қандай міндеттер қойылып отыр, бұл туралы партия жиналыстарында, баспасөз бетінде бұдан бұрын талай рет айтылды, сондықтан бұл туралы біз күн тәтібінің жеке, нақты пункттері талқыланған кезде айтамыз. Сондықтан мен тікелей іске көшіп, сіздерге конференцияның президиумын сайлауды ұсынғым келеді.

Бұл мәселе жөнінде қандай ұсыныстар бар екенін көрсетуді өтінемін.

2
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ 2 ДЕКАБРЬДЕГІ САЯСИ БАЯНДАМАСЫ

(Қол шапалақтау.) Жолдастар! Орталық Комитеттің баяндамасы сіздерге ресми жағынан қазіргі кезеңде, көбінесе, осы уақыттың ішінде бастан өткен тәжірибенің жиынтығын беруге тиіс еді. Бірақ мен мынаны айтуға тиіспін: мұндай міндет — тарихты баяндаумен тыну, яғни ең болмағанда тарихқа баса назар аударатын есеп берумен ғана шектелу — біз бастан кешіріп отырған кездің рухына және алдымызда тұрған міндеттерге тіпті де сай келмейді. Сондықтан мен Советтердің съезінің де назарына ұсынғым келген бұл баяндамада салмақтың денін өзіміз бастан кешіргендерді суреттеуден гөрі өзіміздің тікелей практикалық қызметіміз үшін біз алып отырған және алуға тиісті тәжірибенің тәлімдерін көрсетуге аударғым келеді.

Бастан кешірген уақыт ішінде, ешбір асыра айтпағанның өзінде, біз орасан зор табыстарға жете тұрсақ та, ең басты қиыншылық кейінде қалса да, дегенмен біздің алдымызда, күмән жоқ, әлі де өте-мөте зор қиыншылықтар тұр. Партияның назары осы міндеттерді шешуге түгел аударылуға тиіс екені түсінікті, ал тарихқа өзіміздің алдымызда тұрған міндеттерді шешу үшін сөзсіз қажет болған дәрежеде ғана тоқталып өтуге болады.

Әрине, Совет өкіметі бастан кешірген уақыттың ішінде бізді өте-мөте көп толғандырған ең басты мәселе сөзсіз соғыс мәселесі болды. Азамат соғысының бәрін қамтып алғаны түсінікті, сондықтан өмір сүру жолындағы бұл күресте біз партияның таңдаулы күштерін жұмыс пен қызметтің басқа салаларының бәрінен босатып алып, оларды әскери жұмысқа ауыстыруға тиісті

болғанымыз да өзінен-өзі түсінікті. Соғыс жағдайында басқаша болуы мүмкін де емес еді. Бірақ оның есесіне, күшті осылайша аударудан біздің советтік және партиялық қызметтің көптеген саласындағы творчестволық жұмысқа қаншама нұқсан келсе де, біз соғыс саласында шынында да, біздің дұшпандарымыз ғана емес, солқылдақтар ғана емес, өз арамыздағы көпшілік те бұрын, сірә, мүмкін емес деп танырлықтай күш жинақтап, ойдағыдай нәтижелерге қол жеткізе алдық. Өйткені біздің барлық жауларымызды әуелі герман империализмі, мұнан кейін онан да күшті, бүкіл дүние жүзін түгелдей басып алған Антанта империализмі тікелей және жанамалап қолдап отырғанда екі жыл бойына жауға төтеп беру, осыншама күйзелген, осыншама артта қалған елде екі жыл бойына төтеп беру, мұның өзі — орындалуы, күмән жоқ, «керемет» деп танырлықтай міндет. Сондықтан, менің байқауымша, қалайша осылай болып шығып, бұл «кереметтің» жүзеге асқанына және мұнан қандай практикалық қорытындылар туатынына біз көз жіберуіміз керек; бұл қорытындылар негізінде біз: ішкі құрылыстың қиыншылықтары қаншама зор болса да, біз соғыстағы қорғаныс мәселелерін ойдағыдай шешкеніміз сияқты, бұл қиыншылықтарды да ең таяудағы уақытта сондай ойдағыдай жеңіп шығамыз деп кәміл сеніммен айта алатын болуымыз керек,— ал менің байқауымша, біз шынында да осылай деп кәміл сеніммен айта аламыз.

Шынын айтқанда, бізде азамат соғысын туғызған және оның ұзаққа созылуына кінәлы болып отырған бүкіл дүние жүзілік империализм осы екі жылдың ішінде жеңілістерге ұшырады, сондықтан біз ең алдымен мынадай сұрақ қоюымыз керек: қазірде де бізден әлденеше есе күшті екеніне ешбір күмән келтіруге болмайтын бүкіл дүние жүзілік империализмге қарсы күресте біздің мұндай орасан зор табысқа жетуіміздің себебі не? Бұл сұраққа жауап беру үшін Россиядағы азамат соғысының тарихын, Антантаның қол сұғуының тарихын жалпы шолып өту қажет. Біз ең алдымен бұл соғыста Антантаның әрекет тәсілі жағынан бір-бірінен түп-тамырымен өзгеше екі кезең немесе оның Россияға

қарсы соғыс қимылдарының екі негізгі әдісі болғанын анықтауға тиістіміз.

Ең алдымен, Антанта Германияны жеңгеннен кейін Россиядағы Совет республикасын тұншықтыру жоспарын әзірлегенде, әрине, өзінің әскерлеріне сүйенді. Сондықтан, егер Антанта Германия жеңілгеннен кейін босаған қыруар армиясының ең болмағанда шағын бір бөлегін,— бұл әскерлердің ең болмағанда оннан бір бөлігін Россия Советтік республикасына қарсы шындап аттандыра алған болса, біз, әлбетте, оған төтеп бере алмаған болар едік, бұл өзінен-өзі түсінікті. Ал Россиядағы азамат соғысының бірінші кезеңіне тән болған нәрсе мынадай: Антантаның Совет республикасын өз әскерлерімен қирату әрекеті күйреді. Архангельск майданында қимыл жасаған ағылшын әскерлерін Антантаның әкетуіне тура келді. Россияның оңтүстігіне француз әскерлерін түсіру француз матростарының бірқатар көтерілістер жасауымен аяқталды; ал қазіргі уақытта, әскери цензура әлі қаншама құтырынып әрекет етіп отырса да,— соғыс жоқ болғанымен, бұрынғы әскери, қазіргі әскери емес цензура еркін сияқты елдерде — Англия мен Францияда — әлі де өмір сүріп отыр,— газеттердің бізге жететін даналары қаншама сирек бола тұрса да, дегенмен біздің қолымызда Англия мен Франциядан алынған әбден дәлме-дәл документті деректер бар; бұл деректер мынаны көрсетеді: мәселен, Қара теңіздегі француз әскери кемелеріндегі матростардың көтерілісі туралы мәліметтер француз баспасөзіне ілігіп, бірнеше француз матросының каторгаға айдауға кесілгені Францияда мәлім болды, Франция мен Англияның бүкіл коммунистік, бүкіл революциялық жұмысшы баспасөзі осы фактілерге сүйенеді, мәселен, Одессада большевиктік үгіт жүргізгені үшін французлар атып өлтірген Жанна Лябурб жолдастың есімі французның социалистік жұмысшы баспасөзінің ұранына айналды, тек коммунистік қанаттың баспасөзі ғана емес: шын мәнісінде, өзінің негізгі принциптері жағынан бәрінен де гөрі біздің меньшевиктер мен эсерлердің көзқарасына жақынырақ тұрған «Юманите» сияқты газет, міне осы газеттің өзі де Лябурбтің

есімін француз империализміне қарсы күрестің, Россияның ісіне қол сұқпау жолындағы күрестің ұраны етіп көтерді. Дәл сол сияқты, Архангельск майданында болған ағылшын солдаттарының хаттары ағылшынның жұмысшы баспасөзінің бетінде талқыланды. Бұл туралы біздің қолымызда әбден дәлме-дәл документті деректер бар. Сондықтан бұл тұста ілгері қарай шынында да аса зор қадам жасалғаны бізге айқын; біз мұны бұрын әрдайым көрсетіп келдік, оның болатындығына қатты сендік және мұның өзі тым баяу болса да, дегенмен соңғы кезде фактіге айналғаны күмәнсыз.

Бұл ілгері басуды оқиғалар барысының өзі туғызғаны сөзсіз. Бәрінен де демократиялық, цивилизациялы және мәдениетті деп есептеліп келген және есептелетін елдер, нақ осы елдер заңдылық дегеннің жұрнағы да жоқ, барып тұрған айуандық жолмен Россияға қарсы соғыс жүргізді. Большевиктерді демократизмді бұзды деп айыптайды, бұл — меньшевиктер мен эсерлердің және бүкіл европалық буржуазиялық баспасөздің бізге қарсы дағдылы дәлелі. Бірақ бұл демократиялық мемлекеттердің бірде-біреуі өз елінің заңдары бойынша Советтік Россияға соғыс жариялауға батылы бармайды және жариялай да алмайды. Мұнымен қатар жұмысшы баспасөзі тарапынан, сырт көзге байқаусыз, бірақ өте күшті наразылық білдіріліп отыр; бұл баспасөз былай дейді: соғысты жарияламай-ақ, парламенттің рұқсатын сұрамай-ақ соғыс жүргізуге жол беретін заңдар біздің конституциямыздың, Францияның, Англияның және Американың конституциясының қай жерінде бар? Англияның, Францияның және Американың баспасөзінде өз мемлекеттерінің басшыларын мемлекеттік қылмыстар жасағаны үшін, парламенттің рұқсатынсыз соғыс жариялағаны үшін сотқа тартуға ұсыныстар да жасалды. Осындай ұсыныстар жасалды. Рас, бұл ұсыныстар жиі дегенде аптасына бір рет шығатын, сірә, кемінде айына бір рет конфискеленетін, бірнеше жүз немесе бірнеше мың дана болып тарайтын листоктарда жасалды. Жауапты үкіметтік партиялардың көсемдері мұндай листоктарды елемеуі де мүмкін. Бірақ бұл арада мынадай негізгі екі ағысты атап көрсету керек: бүкіл

дүние жүзінде үстем таптар әйгілі капиталистік газеттерді күн сайын миллиондаған дана етіп шығарады; бұл газеттер большевиктерге қарсы адам естімеген өтірік, жалаға лық толы болады. Ал төменде, жұмысшылар бұқарасы бұл науқанның түгелдей жалған екенін Россиядан қайтқан солдаттардан біледі. Сөйтіп, Антантаның өз әскерлерін Россиядан әкетуі қажет болады.

Біз әуел бастан-ақ бүкіл дүние жүзілік революцияның болуына сенетінімізді айтқанда, бұған олар мазақтай күліп, мұны іске аспайтын іс деп жүз рет жариялады, қазірде де солай деп жариялап жүр. Бірақ біз екі жылдың ішінде мұны тексеретін дәлме-дәл материал алдық. Бұл сенімді Европада тез арада тікелей көтеріліс шығуынан үміттену мағынасында алатын болсақ, мұндай көтерілістің болмағанын біз білеміз. Бірақ бұл сенімнің өзі негізінен өте дұрыс болып шыққаны, бұл сенім Антантаның қару күшімен қол сұғуына әуел бастан-ақ негіз қалдырмағаны,— екі жылдан кейін, әсіресе Колчак жеңілгеннен кейін, ағылшын әскерлері Архангельскіден және бүкіл Солтүстік майданнан кеткеннен кейін,— бұл мүлде даусыз тарихи факт. Бізді жаныштау үшін Антантаның қарамағындағы армиялардың болмашы бір бөлегінің өзі жеткілікті еді. Бірақ біз жауды жеңіп шыға алдық, өйткені ең қиын-қыстау кезеңде бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының тілектестігі өзін көрсетті. Сөйтіп, Антантаның бізге жасаған шапқыншылығының осы бірінші кезеңінен біз абыроймен өттік. Радектің мақаласында болса керек, бір мақалада социалистік революция өртін тұтандырған Россияның ыстық топырағына Антанта әскерлерінің аяқ басуы бұл әскерлерді де жалындатады делінгені есімде. Іс жүзінде осылай болып шыққанын өмір шындығы көрсетіп берді. Большевиктік үгіт жүргізгені үшін атылғандардың есімдерін білетін ағылшын және француз солдаттары мен матростары арасында болып жатқан процестердің орасан зор жұмыс істейтінін айтып жатудың қажеті де жоқ,— бұл процестер өздері қаншама әлсіз болса да, ондағы коммунистік ұйымдар қаншама әлсіз болса да, ол процестердің ора-

сан зор жұмыс істеп отырғанын айтып жатудың қажеті де жоқ. Нәтижесі айқын: бұл процестер Антантаны өз әскерлерін кері әкетуге мәжбүр етті. Осының өзі-ақ бізді аса ірі бірінші жеңіске жеткізді.

Антантаның екінші тәсілі, оның күресінің екінші жолы кішкене мемлекеттерді бізге қарсы пайдалану болды. Осы жылғы августың аяқ шенінде швед газеті[128] Англияның әскери министрі Черчилльдің: Россияға 14 мемлекет шабуыл жасайды, демек, ең таяу мерзімде, қалай болғанда да жыл аяғында Петроград пен Москваның құлайтыны айқын деп мәлімдегенін хабарлады. Кейіннен Черчилль мұны большевиктер ойдан шығарды деп, бұл мәлімдемені бекерге шығарған тәрізді. Бірақ бұл хабардың қандай швед газетінде басылғаны туралы біздің қолымызда дәл мәліметтер бар. Сондықтан біз бұл хабарды европалық деректерден шыққан деп есептейміз. Оның үстіне, мұны фактілер растап отыр. Финляндия мен Эстляндия мысалынан біз Антантаның бұл елдерді Советтік Россияға қарсы шабуыл жасауға мәжбүр етуге бар күшін салғанын әбден дәл анықтадық. Юденичтің әскерлері Петроградтан бірнеше шақырым жерде болып, Петроградқа ең зор қауіп төніп тұрған кезде, сол кезде ағылшынның «Таймс» газетінің Финляндия туралы мәселеге арналған[129] бір бас мақаласын оқуыма тура келді. Бұл мақала түп-тура өшпенділікпен, ашу кернеп, адам естімеген, газетке лайықсыз желікпен жазылған (әдетте мұндай газеттер біздегі Милюковтың «Речі»[130] сияқты, дипломатиялық сарында жазылады). Мұның өзі Финляндияға арналған және: дүниенің тағдыры Финляндияға байланысты, цивилизациялы капиталистік елдердің бәрі соған қарап отыр деп, мәселені төтесінен қойған, нағыз құтырынған прокламация болды. Юденичтің әскерлері Петроградтан бірнеше шақырым жерде тұрған кез шешуші кез болғанын біз білеміз. Жоғарыда келтірілген сөздерді Черчилль айтсын, айтпасын, бәрі бір, бірақ ол осындай саясат жүргізді. Атүсті құрылған, әлсіз, басқа барлық жағынан да, тіпті азық-түлік мәселесі сияқты көкейтесті мәселелердің өзінде де түгелдей Антантаға тәуелді бұл кішкене елдерге Антанта

империализмінің қандай қысым жасағаны мәлім. Олар бұл тәуелділіктен құтыла алмайды. Эстляндияны, Финляндияны және, күмән жоқ, Латвияны, Литваны, Польшаны да, осы бүкіл мемлекеттер тобын бізге қарсы шығуға мәжбүр ету үшін финанс, азық-түлік, әскери қысымының барлық әдістері қолданылды. Юденичтің Петроградқа жасаған соңғы жорығының тарихы Антантаның соғыс жүргізудегі бұл екінші әдісінің іске аспай қалғанын біржолата көрсетіп берді. Петроградтың тағдырын шешу үшін Финляндияның тіпті болмашы көмек көрсетуі немесе Эстляндияның — онан сәлпәл көбірек — көмек көрсетуі жеткілікті болатын еді, бұған ешбір күмән жоқ. Жағдайдың маңыздылығын түсіне отырып, мұндай көмек алуға Антантаның барынша күш салғаны, сөйте тұра оның күйреп тынғаны ешбір күмәнсыз.

Бұл — біздің қолымыз жеткен орасан зор екінші халықаралық жеңіс және біріншісіне қарағанда анағұрлым күрделі жеңіс. Бірінші жеңіске жетуіміздің себебі — француз және ағылшын әскерлерін Россия территориясында ұстап тұру шынында да мүмкін болмайтын еді: олар соғыспады, қайта Англия мен Францияға ағылшын және француз жұмысшыларын өз үкіметтеріне қарсы көтеретін бүлікшілер апарып отырды. Бірақ, әрине, большевизмге қарсы күресу мақсатымен құрылып, қолдау көрсетіліп отыратын кішкене мемлекеттердің тізбегімен Россияны қасақана қоршаса да және қоршап отырса да, бұл қарудың өзі де Антантаға қарсы жұмсалатын болып шықты. Бұл мемлекеттердің бәрінде буржуазиялық үкіметтер бар; олардың құрамында әрдайым дерлік буржуазиялық келісімпаздар, өздерінің таптық жағдайына қарай большевиктерге қарсы шығатын адамдар болып отырады. Бұл ұлттардың әрқайсысы, сөз жоқ, большевиктерге үзілді-кесілді дұшпандық пиғылда, солай бола тұрса да, біз бұл буржуа мен келісімпаздарды өз жағымызға карата алдық. Бұл тіпті мүмкін емес сияқты көрінеді, бірақ бұл нақ осылай, өйткені бастан кешірген империалистік соғыстан кейін бұл мемлекеттердің қай-қайсысы да: Россияда өкімет билігіне дәмеленетін басқа үміткер, оны

одақтас деп есептеуге негіз болатын үміткер тек Колчак немесе Деникин, яғни ескі империалистік Россияның өкілдері болып отырғанда, ал Колчак немесе Деникин бұл жерде ескі Россияның өкілдері екендігіне күмән болмай отырғанда, қазір большевиктерге қарсы күресудің қисыны бар ма деген мәселеге келгенде ауытқымай тұра алмайды. Демек, біз империализм лагеріндегі екінші бір жарықшаққа сүйенуге мүмкіндік алдық. Егер біздің революциядан кейінгі алғашқы айларда біз герман империализмі мен ағылшын империализмінің бір-бірімен арпалысып қырқысуы себепті аман қалған болсақ, егер бұл жарты жылдан кейін Антанта әскерлерінің бізге қарсы күресуге шамасы келмеуі себепті тағы да жарты жылдан көбірек уақыт аман қалған болсақ, көбінесе қазір есеп беруге тура келіп отырған онан кейінгі жылда біздің ойдағыдай аман қалуымыздың себебі, барлық кішкене елдерді сөзсіз және қалайда өздерінің ықпалында ұстап отырған ұлы державалардың әрекеті, олардың кішкене елдерді бізге қарсы айдап салмақ болған әрекеті халықаралық империализмнің мүдделері мен осы елдердің мүдделері арасындағы қайшылықтардың салдарынан күйреді. Бұл кішкене елдердің әрқайсысы Антантаның табаны астында болуды өз басынан кешіріп көрді. Француз, американ және ағылшын капиталистері: «Біз сіздердің тәуелсіздіктеріңізге кепілдік жасаймыз» дегенде, практикада мұның мәнісі мынадай болып шығатынын бұл елдер біледі: «Біз сіздердің барлық байлықтарыңыздың шығар көзін сатып аламыз да, өздеріңізді кіріптарлықта ұстаймыз. Оның үстіне, біз сіздерді, жат елге келгенде ол елді басқаруға және жалдаптық жасауға келген, ешкіммен есептескісі келмейтін офицердей, арсыздықпен қорлаймыз». Екінің бірінде мұндай елдегі ағылшын елшісі сол жердегі патша немесе парламент атаулыдан жоғары екенін бұл елдер біледі. Егер ұсақ буржуазиялық демократтар бұл ақиқаттарды бұған дейін түсіне алмаса, енді өмір шындығы оларды мұны түсінуге мәжбүр етіп отыр. Империалистер тонап жатқан кішкене елдердің буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық элементтеріне біз одақтас болмағанмен, им-

периалистерден гөрі сенімді және бағалы көршілер болып шығып отырмыз.

Бұл — халықаралық империализмді біздің екінші рет жеңуіміз.

Міне сондықтан біздің қазір басты-басты қиыншылықтардан өттік деуге хақымыз бар. Антанта біздің істерімізге әскери күшпен қол сұғуға әлі де талай-талай әрекет жасайтындығына ешбір күмән жоқ. Егер Колчакты, Юденичті қиратқан соңғы жеңістеріміз барлық осы елдердің өкілдеріне қазір Россияға жорық жасау үмітсіз дегізіп, бітісуді ұсынуға мәжбүр етсе, біз мұндай ұсыныстардың қандай маңызы барын айқын түсінуге тиіспіз. Мен бұл арада айтар сөзімді жазбауды өтінер едім...

Егер біз буржуазиялық интеллигенцияның өкілдеріне, өзіміздің рақымсыз жауларымызға мұны мойындаттырып отырсақ, бұл жерде де біздің: жұмысшы табы ғана емес, буржуазиялық интеллигенцияның қалың топтары да Совет өкіметіне тілектес деуге хақымыз бар. Тоғышарлардың, ұсақ буржуазияның, капиталмен арпалысқан шайқаста қобалжығандардың өкілдері біздің жағымызға батыл шықты, сондықтан біз қазір олардың қолдауына ішінара үміт арта аламыз.

Біз бұл жеңісті ескеруге тиістіміз, ал егер біз мұны сайып келгенде Колчакты қалай жеңгендігімізбен байланыстыратын болсақ, бұдан шығатын қорытынды бұрынғыдан да нанымды болады... бұл жерде енді жаза бастауға болады, өйткені бұл жерде дипломатия бітті.

Егер біз Колчакты жеңуімізге қандай күштер себепкер болды деген сұрақ қойсақ, біз мынаны мойындауға тиісті боламыз: Колчак пролетариат өте-мөте аз болған жерде және біз шаруалардың помещиктер өкіметін құлатуына Россияда көрсеткендей, тікелей нақтылы көмек көрсете алмаған жерде әрекет етсе де, Колчак Құрылтай жиналысының майданын құрған меньшевиктер мен эсерлер қолдаған майданнан бастаса да, онда бүкіл дүние жүзілік империализмнің көмегіне сүйенетін үкімет билігін құруға аса қолайлы жағдай бола тұрса да,— сонда да Колчакты жеңдік, бұл эксперимент Колчактың толық жеңілуімен аяқталды. Мұнан

біз өзіміз үшін ең елеулі және бүкіл қызметімізде бізге басшылық көрсетуге тиісті мынадай қорытынды шығаруға хақымыз бар: *қай тап халық бұқарасын өз соңынан ерте алса, тарихи жағынан алғанда сол тап жеңеді.* Егер меньшевиктер мен эсерлер осы уақытқа дейін Құрылтай жиналысы туралы, ұлт еркі, т. т. туралы сөз қылып отырса, біздің бұл уақыт ішінде революция кезіндегі тап күресінің ең сұмдық формаларда жүргізілетіндігіне, бірақ оны жүргізуші тап халықтың көпшілігін өз соңынан ерте алатын болғанда ғана жеңіске жеткізе алатындығына тәжірибеден көзіміз жетті. Бұл жөнінде билетпен дауыс беру арқылы емес, қандай болса да басқа саяси күрестегіден жүз есе көп құрбандық талап еткен ең ауыр, ең қан төгіс күрестің жылдан астам уақыт ішіндегі тәжірибесі арқылы салыстыру,— Колчак жөніндегі осы тәжірибе біздің, қандай болса да басқа партиямен салыстырғанда, көпшілігін өзіміз бастай білетін таптың, шаруаларды өзіне дос және одақтас етіп қоса білетін таптың үстемдігін жақсырақ жүзеге асырып отырғандығымызды көрсетті. Колчак жөніндегі мысал осыны дәлелдеді. Әлеуметтік тұрғыдан бұл мысал біз үшін өзіміздің ең соңғы сабағымыз болып табылады. Ол біздің кімге үміт арта алатынымызды және кімнің бізге қарсы шығатынын көрсетеді.

Жұмысшы табы империалистік соғыс пен күйзелістен қаншалықты әлсіреген болса да, ол саяси үстемдікті жүзеге асырып жатыр, бірақ ол еңбекші халықтың көпшілігін, орыс жағдайында шаруаларды одақтастар және достар етіп өз жағына тартпаса, мұны істей алмаған болар еді. Бұл Қызыл Армияда жүзеге асырылды; онда біз көпшілігі бізге қарсы пиғылдағы мамандарды пайдалана алдық және, дұшпандарымыздың — эсерлердің өз партиясының соңғы советінің қарарында мойындағанындай, жалдамалылар армиясы емес, халық армиясы болып отырған армияны құра алдық[131]. Көпшілігі жұмысшы табына жатпайтын бұл армияны жұмысшы табының құра алуының, өзіне қарсы пиғылдағы мамандарды пайдалана алуының себебі мынау ғана: ол ұсақ шаруашылықпен байланысты болып отырған, меншікпен байланысты болып отырған,

сондықтан үнемі еркін саудаға, ягни капитализмге, ақша өктемдігінің қайтып оралуына ұмтылып отырған еңбекшілер бұқарасын өзінің соңынан ерте білді, өзінің достары мен одақтастарына айналдыра білді. Екі жылдың ішінде біздің неге қолымыз жетсе, соның бәрінің негізі осында. Біздің бүкіл келешек жұмысымызда, біздің бүкіл келешек қызметімізде, азат етіліп жатқан Украинада басталуға тиісті қызметте және Деникинді жеңгеннен кейін алға қойылатын міндеттердің бүкіл ауыртпалығы, бүкіл маңыздылығы айқындалатын құрылыс кезінде біз бұл негізгі сабақты барынша жадымызда сақтап, барынша есте ұстауға тиістіміз. Біздің қызметіміздің саяси қорытындылары, меніңше, бәрінен де гөрі осыған келіп саяды, бәрінен де гөрі осында жинақталады.

Жолдастар! Соғыс — саясаттың жалғасы екені бұрын да айтылды. Мұны біз өз соғысымызда басымыздан кешірдік. Империалистердің, үстем таптардың, помещиктер мен капиталистердің саясатының жалғасы болған империалистік соғыс халық бұқарасы арасында өшпенділік көзқарас туғызып, бұл бұқараны революцияшылдандырудың жақсы құралы болды. Ол бізде, Россияда, монархияны құлатуды да, помещиктік жер иелігін құлатуды да, буржуазияны құлатуды да жеңілдетті; империалистік соғыс империалистік саясаттың жалғасы, шиеленісуі, асқынуы болғандықтан ғана олар адам айтқысыз оңай құлатылды. Ал біздің соғысымыз біздің коммунистік саясаттың, пролетариат саясатының жалғасы болды. «Сіздер бейбітшілік әпереміз деп уәде етіп едіңіздер, бірақ соғысқа ұшыраттыңыздар, сіздер еңбекші бұқараны алдадыңыздар» деген сөздерді біз осы уақытқа дейін меньшевиктер мен эсерлердің жазғандарынан оқып, партияда жоқ және қобалжушы адамдардан естіп келеміз. Ал біз оларға былай дейміз: еңбекші бұқара, марксизмді оқып үйренбесе де, дегенмен езілген адамдардың таптық инстинктімен, помещик пен капиталистің не екенін ондаған жылдар бойы шеккен қасіреті арқылы сезініп келген адамдардың таптық инстинктімен империалистік соғыс пен азамат соғысының арасындағы айырмашылықты өте жақсы

ұғына білді. Ондаған жылдар бойы езгіні өз басынан кешірген барлық адамдарға, бұлардың бәріне соғыстар арасындағы бұл айырмашылық түсінікті. Империалистік соғыс империалистік саясаттың жалғасы болды. Ол бұқараны өз билеп-төстеушілеріне қарсы қойды. Ал помещиктер мен капиталистерге қарсы азамат соғысы осы помещиктер мен капиталистерді құлату саясатының жалғасы болды, сондықтан бұл соғыстың дамуы айдан айға еңбекші бұқараның осы соғысқа басшылық етуші пролетариатпен байланысын нығайта түсті. Сыннан өту қаншама көп болса да, орасан зор жеңілістер қаншама жиі болса да, бұл жеңілістер қаншама ауыр болса да, жау орасан зор жеңістерге жетіп, Совет өкіметінің өмірі қыл үстінде тұрған кезеңдер қаншама жиі болса да,— мұндай кезеңдер болып келді, Антантаның бізге қарсы әлі де күресіп бағатыны күмәнсыз,— дегенмен біз өз басымыздан кешірген тәжірибенің өте мол тәжірибе екенін айтуға тиістіміз. Соғыс еңбекші бұқараның санасын нығайтатынын және оларға Совет өкіметінің артықшылығын танытатынын осы тәжірибе көрсетіп берді. Аңқау адамдар немесе ескі мещандықтың және ескі буржуазиялық-демократиялық парламентаризмнің соқыр сенімдерімен мүлде шырмалған адамдар шаруадан оның өзінің большевик-коммунистерге немесе эсерлерге еретінін сайлау бюллетені арқылы шешуін күтеді; басқаша шешімді олар танығысы келмейді, өйткені олар халық праволылығын, бостандықты, Құрылтай жиналысын, т. т. жақтайды. Ал өмір оны былайша шешті: шаруаға бұл мәселені іс жүзінде тексеруге тура келді. Құрылтай жиналысында ол көпшілік орынды эсерлерге бергеннен кейін, эсерлердің саясаты күйреп, шаруаларға іс жүзінде большевиктермен істес болуға тура келгеннен кейін шаруаның мынаған көзі жетті: бұл — берік өкімет, едәуір көп нәрсені талап ететін өкімет, бұл — осы талаптарды қалай да орындатқыза алатын өкімет, бұл — эквивалентсіз болса да, аштарға қарызға астық беруді шаруаның сөзсіз борышы деп есептейтін өкімет, бұл — астықты қалай да аштарға бергізетін өкімет. Шаруа мұны көрді, ол бұл өкіметті Колчактың және Деникиннің өкіме-

тімен салыстырды да, дауыс беру жолымен емес, өзіне бұл өкіметтердің қай-қайсысын болса да бастан өткеріп көруіне тура келген кезде мәселені практика жүзінде шешу жолымен қалауын білдірді. Шаруа бұл мәселені біздің пайдамызға шешіп келеді және солай шешеді де.

Колчактың жеңілу тарихы бізге, міне, осыны дәлелдеді, біздің оңтүстіктегі жеңістеріміз бізге, міне, осыны дәлелдеп отыр. Сондықтан да біз: бұқара, деревняларда тұратын миллиондаған адамдар, миллиондаған шаруалар шын мәнісінде біржолата біздің жағымызға шығып келеді дейміз. Бұл уақыттың ішінде біз алған басты саяси сабақ, меніңше, міне осында; қазір, Деникинді жеңуімізді аяқтағаннан кейін, ішкі құрылысқа баса көңіл бөлуге мүмкіншілік алуымыз себепті, күн тәртібіне қойылатын ішкі құрылыс міндеттерінде біз бұл саяси сабақты қолданып отыруға тиістіміз.

Бұған дейін Европадағы ұсақ буржуазия бізді көбінесе терроризм туралы, интеллигенция мен тоғышарды дөрекі түрде басып-жаныштау туралы айыптап келді. Бұған біз: «Мұның бәріне бізді мәжбүр еткен — өздерің, сендердің өкіметтерің» дейміз. Бізге террор туралы байбалам салғандарға біз былай деп жауап береміз: «Бүкіл дүние жүзілік флотты қолында ұстап отырған, қолында біздікінен жүз есе көп әскери күштері бар державалар бізге шүйіліп, барлық шағын мемлекеттерді бізге қарсы соғысуға мәжбүр еткенде,— бұл террор болмады ма?».— Бұл нағыз террор болды, ең артта қалған және соғыста әлсіреген елге қарсы барлық державалар біріккен террор болды. Германияның өзі де жеңілмей тұрып-ақ Красновқа көмектескен кезінен бастап, нақ сол Германия бізге блокада жасап, біздің дұшпандарымызға тікелей көмек көрсетіп отырған соңғы уақытқа дейін Антантаға үнемі көмектесіп келді. Бүкіл дүние жүзілік империализмнің осы жорығы, бізге қарсы осы әскери жорық, ел ішіндегі заговоршыларды осылайша сатып алу,— бұл террор болған жоқ па? Біздің террордың туған себебі, бізге қарсы қыруар әскери күштер шүйілді, біздің оларға қарсы барлық күшімізді адам естіп көрмеген дәрежеде жұ-

мылдыруымыз керек болды. Ел ішінде барынша қажырлылықпен қимыл жасау керек болды, барлық күшті жинау керек болды. Бұл жерде біз Сибирьде Колчакпен келісушілердің түскен халіне, неміс келісімпаздары ертең түскелі отырған халге түскіміз келмеді және мұндай халге түспейтін болып ұйғардық; ол келісімпаздар өздерін үкімет деп есептейді және Құрылтай жиналысына сүйенеді, ал іс жүзінде жүз немесе мың офицер қай уақытта болса да мұндай үкіметті қағып тастай алады. Мұның өзі түсінікті де, өйткені бұл офицерлер — үйретілген, ұйымдасқан, әскери өнерді тамаша білетін, барлық тұтқаны өз қолына ұстап отырған, буржуазия мен помещиктер жөнінде өте жақсы хабардар, олардың тілектестігіне сүйенетін топ.

Мұны барлық елдердің империалистік соғыстан кейінгі тарихы көрсетіп берді, сондықтан енді Антанта тарапынан осындай террор жасалып отырғанда біздің де осы террорды қолдануға правомыз болды.

Будан мынадай қорытынды шығады: терроризм туралы айып, мұның өзі әділ тағылған айып болса, бізге емес, буржуазияға тағылатын айып. Бізді террор жасауға буржуазия мәжбүр етті. Біз терроризмнің негізгі көзін, дүние жүзілік империализмнің шапқыншылығын, дүние жүзілік империализмнің әскери заговорлары мен біздің елге жасаған әскери қысымын жойғаннан кейін, біз террорды мейлінше тұқырта тежеуге бірінші болып аяқ басамыз.

Бұл арада, терроризм туралы сөз еткенде, Совет өкіметінің қаталдығына өте-мөте көп налып жүрген, Совет өкіметі бізді бұрынғыдан нашар жағдайға түсіріп отыр деп налып жүрген орта топқа, интеллигенцияға, көзқарас туралы да айту қажет.

Қаржымыз тапшы бола тұрса да, біз интеллигенция жөнінде қолдан келгеннің бәрін солар үшін істеп отырмыз. Біз, әрине, қағаз ақшаның құны қандай аз екенін білеміз, бірақ біз өзіміздің азық-түлік органдарымыздың көмегі арқылы тамақ асырай алмайтындарға белгілі бір дәрежеде сүйеніш болатын жеке жалдаптықтың не екенін де білеміз. Бұл жөнінде біз буржуазиялық интеллигенцияға артықшылық жасап отыр-

мыз. Дүние жүзілік империализм бізге шүйілген кезде біз аса қатаң әскери тәртіп енгізіп, өз қолымызда бар күштің бәрімен тойтарыс беруге тиісті болғанымызды білеміз. Революциялық соғыс жүргізгенде біз, әрине, барлық буржуазиялық державалардың істейтінін істеп, соғыс ауыртпалығын түгелдей еңбекші бұқараның мойнына арта салмаймыз. Жоқ, азамат соғысының ауыртпалығын бүкіл интеллигенция да, бүкіл ұсақ буржуазия да, барлық орташа элементтер де бөле-жара көтеруге тиіс және солай етіледі де,— бұл ауыртпалықты олардың бәрі де көтеретін болады. Әрине, оларға бұл ауыртпалықты көтеру анағұрлым қиын соғады, өйткені олар ондаған жылдар бойы нұрсатты жағдайда болып келді, бірақ әлеуметтік революцияның мүдделері үшін біз бұл ауыртпалықты оларға да жүктеуге тиіспіз. Біз осылай пайымдап, осылай істейміз, біз басқаша істей алмаймыз.

Азамат соғысының аяқталуы бұл топтардың жағдайын жақсарту жолында ілгері басқан қадам болады. Бұл топтарға жақсы жағдай туғызудың қажеттігін мойындайтынымызды біз қазірден-ақ өзіміздің тарифтік саясатымызбен дәлелдеп келеміз және мұны өзіміздің программамызда да мәлімдедік, өйткені буржуазиялық мамандарды пайдаланбайынша капитализмнен коммунизмге өту мүмкін емес, ал біздің барлық жеңістерімізге, жартылай еңбекші, жартылай жеке меншікші шаруаларды өз жағына тартқан пролетариат басшылық ететін біздің Қызыл Армияның барлық жеңістеріне біз ішінара буржуазиялық мамандарды пайдалана білуіміз арқасында жеттік. Соғыс ісінде бейнелеңген бұл саясатымыз біздің ішкі құрылысымыздың саясаты болуға тиіс.

Біздің осы уақыттың ішінде алған тәжірибеміз бізге өте көп реттерде үйдің іргетасын қалаумен қатар күмбезін салуға, әр түрлі өрнектерін жасауға, т. т. кірiскенімізді көрсетеді. Мүмкін, мұның өзі социалистік республика үшін белгілі бір дәрежеде қажет болған шығар. Мүмкін, біз халық өмірінің барлық салаларында құрылыс жұмысын жүргізуге тиісті болған шығармыз. Барлық салаларда мұндай құрылысқа елігушілік

әбден табиғи нәрсе. Егер біз мемлекеттік құрылысымыздың тәжірибесіне көз жіберсек, жер-жердің бәрінен басталып, тасталған көптеген құрылыстарды көрер едік, оларға қарап тұрып өзімізге өзіміз: мына құрылысты салмай қоя тұрып, әуелі негізгісін істеу қажет еді-ау дей аламыз. Барлық қайраткерлер, әрине, іргетасы қаланғаннан кейін ғана орындауға болатын міндеттерге елігетіні әбден түсінікті. Бірақ біз бұл тәжірибеден қорытынды шығарып, енді: бұдан былайғы жерде біз өз күшімізді негізгі нәрсеге, іргетасқа, орындалуы бәрінен де қиын, бірақ біз дегенмен орындап шығатын ең қарапайым міндеттерге жұмылдырамыз дей аламыз. Бұл — астық туралы міндет, отын туралы міндет, битті жою жолындағы күрес міндеті. Бізге социалистік республика орнатуға мүмкіндік беретін ең қарапайым үш міндет, міне, осылар, сонда біз бүкіл дүние жүзін Антантаның шабуылын тойтарғандағыдан жүз есе артық жеңімпаздықпен, салтанатпен, даңқпен жеңіп шығамыз.

Астық туралы мәселе жөнінде: біз салымды қолдануда алысқа сілтедік. Біздің азық-түлік жөніндегі саясатымыз екінші жылы астықты біріншi жылғыдан үш есе көп жинауға мүмкіндік берді. Азық-түлік халық комиссарының баяндамасынан өздеріңіздің еститіндеріңіздей, күмән жоқ, зор қиыншылықтармен дайындала тұрса да, соңғы науқанның үш айы ішінде астық өткен жылғы үш айдағыдан көп дайындалды. Орталық егіншілік өңірінің оңтүстік бөлегін басып алған Мамонтовтың бір шабуылының өзі бізге өте қымбатқа түсті. Бірақ біз салымды қолдануды үйрендік, яғни мемлекетке астықты эквивалентсіз, тұрақты бағамен бергізуді үйрендік. Кредит билеті астықтың эквиваленті емес екенін біз, әрине, жақсы білеміз. Шаруа астықты қарызға беретінін біз білеміз; біз оған былай дейміз: жұмысшы аштан өлетін болса да, эквивалентті күтіп, сен астықты сақтап отыруға тиістісің бе? Сен еркін рынокта сауда істегің келе ме, сөйтіп бізді капитализмге қайтып оралдырғың келе ме? Маркcті оқыған көп интеллигенттер сауда бостандығы капитализмге қайтып оралғандық екенін түсінбейді, бірақ шаруа мұны анағұрлым оңай

түсінеді. Аштар қанша болса да төлеуге әзір тұрғанда, аштан өлмеу үшін өзінің қолындағысының бәрін беруге әзір тұрғанда, астықты еркін бағамен сату дегеніміз қанаушылыққа қайтып оралғандық екенін, мұның өзі байлар үшін баю бостандығы, кедейлер үшін күйзелу екенін шаруа түсінеді. Сондықтан да біз мұны мемлекеттік қылмыс дейміз және бұған қарсы күресте біз зәрредей де шегінбейміз.

Астық салымы үшін жүргізілетін бұл күресте шаруаның аш жұмысшыға қарыз беруіне тура келеді — мұның өзі дұрыс құрылысқа кірісудің, өнеркәсіпті қалпына келтірудің, т. т. бірден-бір әдісі. Егер шаруа мұны істемесе, бұл — капитализмге қайтып оралғандық. Егер шаруа өзінің жұмысшылармен байланысын сезінетін болса, ол артық астығын тұрақты бағамен, яғни түрлі-түсті жай қағазға беруге әзір,— бұл қажетті іс, мұнсыз аш жұмысшыны ажалдан құтқару мүмкін емес, мұнсыз өнеркәсіпті қалпына келтіру мүмкін емес. Бұл — адам айтқысыз қиын міндет. Бұл міндетті тек бір ғана күштеу арқылы шешу мүмкін емес. Большевиктер — шаруаларға күш көрсетуші партия деп қаншама даурықса да, біз: мырзалар, бұларың — өтірік!— дейміз. Егер біз шаруаларға күш көрсетуші партия болсақ, онда біз Колчакқа қарсы қалай төтеп бере алдық, жалпыға бірдей әскери міндеткерлікті енгізіп, оннан сегіз бөлігі шаруалардан құралған армияны, қатарындағының бәрі қаруланған армияны қалай құра алдық? бәз-баяғы винтовканы әр жаққа оп-оңай бұруға болатынын ондағы жұрттың бәрі де империалистік соғыстың мысалынан көрді. Біз — жұмысшылардың шаруалармен одағын жүзеге асырып отырған партиямыз, шаруаларға: еркін саудаға көшу капитализмге қайтып оралғандық болады, біз артық астықты күшпен алуды еңбекшілерге емес, жалдаптарға қолданамыз деп отырған партиямыз, біз қалайша шаруаларға күш көрсетуші партия бола аламыз?

Астық салымы біздің қызметіміздің негізі болуға тиіс. Азық-түлік мәселесі — барлық мәселелердің негізі. Деникинге қарсы күресу үшін біз көп күш жұмсауға тиістіміз. Толық жеңіске жеткенге дейін бұрылыс-

тар әлі әрдайым болуы мүмкін және бұған титтей де күмән келтірушілік, жеңіл-желпі қараушылық болмауға тиіс. Бірақ, соғыс жағдайы аз да болса жақсарса-ақ, біз азық-түлік жұмысына күшімізді мүмкін болғанынша көбірек жұмсауға тиіспіз, өйткені бұл — бәрінің негізі. Салым ақырына дейін жүргізілуге тиіс. Біз осы міндетті орындаған кезде, сөйтіп бізде социалистік іргетас қаланған кезде, тек сонда ғана біз социализмнің сәулетті сарайын — өзіміз талай рет жоғарыдан тұрғыза бастаған және талай рет қираған сарайды түгелдей осы социалистік іргетасқа орната аламыз.

Екінші негізгі мәселе — отын туралы, біздің құрылыстың басты іргетасы туралы мәселе. Қазір бізде бәрі осы мәселеге тіреліп отыр; біз қазір өзіміздің азық-түлік жөніндегі табыстарымызды пайдалана алмай отырмыз, өйткені астықты тасып жеткізе алмай отырмыз, өз жеңістерімізді толық пайдалана алмай отырмыз, өйткені отын жоқ. Бізде әлі отын мәселесін жолға қоятын нағыз аппарат жоқ, бірақ бұл мәселені жолға қоюға мүмкіндік бар.

Қазір бүкіл Европа көмір тапшылығын көріп отыр. Ең бай елдерде — жеңген елдерде, жорыққа да, жаудың басып кіруіне де ұшырамаған Америка сияқты елдерде, тіпті соларда отын туралы мәселе өте қатаң алға қойылып отырса, мұның бізге де зардабын тигізетіні табиғи нәрсе. Көмір өнеркәсібін біз ең жақсы жағдайдың өзінде бірнеше жылдан бергі жерде қалпына келтіре алмаймыз.

Бұл халден ағаш отын арқылы құтылу керек. Бұл үшін біз партияның жаңа күштерін осы жұмысқа үсті-үстіне жіберіп жатырмыз. Халық Комиссарлары Советі мен Қорғаныс Советінде соңғы аптаның ішінде бұл мәселеге баса көңіл бөлініп, бірқатар шаралар қолданылды, Оңтүстік майдандағы армияларымыз жөнінде қандай өзгеріс туғызсақ, бұл шаралар да отын мәселесі жөнінде сондай өзгеріс туғызуға тиіс. Бұл жөніндегі қызметімізді бәсеңдетуге болмайтынын, біздің әрбір қадамымыз отын тапшылығына қарсы күрестегі жеңіс қадамы болуға тиіс екенін айту керек. Бізде материалдық құрал-жабдық бар. Көмір өнекәсібін ойдағыдай жолға

қойғанға дейін біз ағаш отынмен күн көріп, өнеркәсіпті отынмен қамтамасыз ете аламыз. Бұл негізгі міндетті орындауға біз, жолдастар, партияның барлық күштерін жұмсауға тиіспіз.

Біздің үшінші міндетіміз — битті, бөртпе сүзек тарататын битті құрту жолындағы күрес. Аштықтан жүдеген, ауру, наны, сабыны, отыны жоқ халық арасындағы бұл бөртпе сүзек бізге ешқандай социалистік құрылысты қолға алуға мүмкіндік бермейтін апатқа айналуы мүмкін.

Мәдениет жолындағы күресіміздің алғашқы қадамы осыдан және өмір сүру жолындағы күрес осыдан басталады.

Бұл — негізгі міндеттер. Мен партия қатарындағы жолдастардың назарын өте-мөте осы міндеттерге аударғым келеді. Біз бұл негізгі міндеттерге бұған дейін тым аз көңіл бөліп келдік. Бір секунд та әлсіретуге болмайтын әскери жұмыстан тыс қалған күшіміздің оннан тоғызын осы ең маңызды міндетке жұмсау қажет. Бұл мәселенің шұғылдығын біз қазір жақсы түсініп отырмыз. Әркім өзінің шамасына қарай бар күшін осы іске жұмсауға тиіс. Біз барлық күшімізді осыған бағыттауға тиіспіз.

Мен баяндаманың саяси бөлімін осымен аяқтаймын. Халықаралық бөлімін алатын болсақ, Чичерин жолдас оны толық баяндап, Советтер съезі атынан біз соғысушы державаларға жасағымыз келетін ұсынысты оқып шығады.

Мен партиялық міндеттерге тіпті қысқаша тоқтап өтемін. Біздің партиямыз революцияның барысында ең зор міндеттердің біріне кездесті. Бір жағынан, бұл партия билеуші партия болғандықтан да билеуші партияға нашар элементтердің ілесе кететіні түсінікті. Екінші жағынан, жұмысшы табы қалжырады, күйзелген елде, әрине, әлсізденді. Ал оның бер жағында өз елін жұмысшы табының алдыңғы қатарлы бөлегі, оның авангарды ғана бастай алады. Бұл міндетті жалпы мемлекеттік құрылыс мағынасында жүзеге асыру үшін, мұның құралдарының бірі ретінде, біз сенбіліктерді қолданып келдік. Біз мынадай ұран көтердік: біздің

партияға ең алдымен майданға мобилизацияланатындар кіреді; соғыса алмайтындар жұмысшы партиясы дегеннің не екенін түсінетіндігін жергілікті жерде дәлелдеуге тиіс, коммунизмнің принциптерін қолдану үлгісін іс жүзінде көрсетуге тиіс. Ал коммунизм дегеніміз, бұл сөзді бұлжымайтын мағынасында алғанда, жеке адам айырмашылықтарын есепке алмайтын, тұрмыстағы соқыр сенімдердің қандайының болса да есте қалуын жоятын, енжарлықты, ескі әдетті, жұмыстың жеке салалары арасындағы айырмашылықты, еңбекке төленетін ақының мөлшеріндегі айырмашылықты, т. т. жоятын, қоғам пайдасына тегін істелетін жұмыс. Мұның өзі біздің жұмысшы табы мен еңбекшілерді соғыс саласына ғана емес, бейбіт құрылыс саласына да қатыстырып отыруымыздың ең зор кепілдерінің бірі. Коммунистік сенбіліктерді онан әрі дамытудың өзі мектеп болуға тиіс. Ілгері басқан әрбір қадамымызбен қатар жұмысшы элементтерді және басқа таптар арасындағы неғұрлым сенімді элементтерді өз партиямызға тартып отыруға тиіспіз. Біз бұған қайта тіркеу арқылы жетеміз. Біз онша сенімді еместерді арамыздан аластауға кірісуден қорықпаймыз. Біз бұған бізге қиын-қыстау кезеңде келген партия мүшесіне сенім арту арқылы да жетеміз. Орталық Комитеттің бүгінгі есебінің көрсетіп отырғанындай, партияның ондай мүшелері, Юденич Петроградтан бірнеше шақырым жерде, Деникин Орелдың солтүстігінде тұрған кезде, бүкіл буржуазия шаттанып масайраған кезде бізге келген мыңдар мен жүз мыңдар, партияның бұл мүшелері біздің сенім артуымызға лайық. Партияны осылай кеңейтуді біз бағалаймыз.

Партияны осылай кеңейткеннен кейін біз қақпаны жабуға тиістіміз, ерекше сақ болуға тиістіміз. Біз: қазір, партия жеңіп отырған кезде, бізге жаңа партия мүшелерінің қажеті жоқ деуге тиістіміз. Іріп-шіріп бара жатқан капиталистік қоғамда партияға көптеген зиянды элементтердің қыстырыла кететінін біз өте жақсы білеміз. Біз жұмысшылардың партиясы болатын, көлденеңнен қосылатындарға орын болмайтын партия құруға тиістіміз, бірақ біз партиядан тыс-

қары тұрған бұқараны да жұмысқа қатыстыруға тиістіміз. Мұны қалай істеу керек? Мұны істеудің жолы — жұмысшылар мен шаруалардың партиялық емес конференциялары. Жуырда «Правдада» партиялық емес конференциялар туралы мақала басылды. Бұл мақала, Растопчин жолдастың мақаласы — ерекше көңіл бөлерлік мақала[132]. Мен аса терең тарихи маңызы бар бұл міндетті шеше алатын басқа құралды білмеймін. Партия өзінің қақпасын кең аша алмайды, өйткені капитализмнің іріп-шіру дәуірінде партияның ішіне нашар элементтердің еніп кетуі мүлде даусыз. Партия жұмысшы табынан тыс, басқа таптардан шыққан, өзі асқан сақтықпен сынай алатын адамдарды ғана өзіне тартатындай тар шеңберлі болуға тиіс.

Бірақ бізде, жүздеген миллион халқы бар елде, партияның бірнеше жүз мың мүшесі бар. Мұндай партия қалай басқара алады? Біріншіден, миллиондарды қамтитын кәсіптік одақтар оның көмекшісі болып отыр және болуға тиіс, оның екінші көмекшісі — партиялық емес конференциялар. Осы партиялық емес конференцияларда біз пролетарлық емес жұртшылықпен жақындаса білуге тиіспіз, соқыр сенімдерді және ұсақ буржуазиялық қобалжушылықты жеңуге тиіспіз, бұл — ең түбегейлі және негізгі міндеттердің бірі.

Біз өзіміздің партия ұйымдарының табыстарын есепке алғанда тек белгілі бір жұмыста партияның неше мүшесі істейтіндігіне қарай ғана, қайта тіркеудің қаншалықты ойдағыдай өткізіліп жатқанына қарай ғана есепке алмай, оның үстіне жұмысшылар мен шаруалардың осы партиялық емес конференциялары жеткілікті дәрежеде дұрыс және жиі өткізілетін-өткізілмейтініне қарай, яғни қазір партияға кіре алмайтын, бірақ біз жұмысқа қатыстыруға тиісті бұқарамен қалай жақындаса білетіндігіне қарай есепке алуға тиістіміз.

Егер біз Антантаны жеңсек, жұмысшы табы арасында, осы партияда жоқ бұқара арасында өзімізге тілектестік табуымыздың арқасында жеңген болсақ керек. Егер біз ақыр-аяғында Колчакты жеңсек, Колчактың еңбекшілер бұқарасының қорынан онан әрі күш алу мүмкіндігінің жойылуы себепті ғана жеңген болсақ

керек. Ал бізде мұндай қор бар; мұндай қор дүние жүзінде бірде-бір үкіметте жоқ және дүние жүзінде жұмысшы табының үкіметінен басқа ешқандай үкіметте болуы мүмкін емес, өйткені тек жұмысшы табының үкіметі ғана ең езілген, ең артта қалған еңбекшілер арасынан батылдықпен, табысты болатынына кәміл сеніммен күш алып отыра алады. Біз партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалар арасынан күш ала аламыз және алуға тиіспіз, өйткені олар — біздің ең сенімді достарымыз. Астықпен, отынмен қамтамасыз ету жөніндегі бұл міндеттерді шешу үшін және бөртпе сүзекті жеңу үшін біз капиталистер мен помещиктер өте-мөте қатты езіп келген нақ осы бұқара арасынан күш ала аламыз. Ал осы бұқараның бізді қолдауы қамтамасыз етілген. Біз бұл бұқара арасынан күшті барған сайын тереңнен ала береміз, сондықтан біз: ақыр-аяғында барлық дұшпандарымызды жеңеміз деп айта аламыз. Біз бұл екі жыл ішінде соғыс саласында істеген кереметтерімізден анағұрлым көп кереметтерді Деникинді жеңгеннен кейін біз шын мәнісінде өрістететін бейбіт құрылыс саласында да жасаймыз.

3
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ САЯСИ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША 2 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Егер мені Сапронов жолдас егестірмеген болса, мен қорытынды сөзден бас тартқан болар едім, ал енді менің онымен кішкене айтысқым келеді. Ұйымдастырушылық тәжірибесі бар жергілікті қызметкерлердің айтқанына құлақ қойып отыру керек екеніне күмән жоқ. Біз үшін олардың барлық кеңестері бағалы. Бірақ мен мынаны сұрағым келеді — мұнда жазылған сөзде не жаманшылық бар? Мен бұл пунктті білмейтін едім. Мұны маған Сапронов берді. Мұнда былай деп жазылған: «Деревнядағы жұмыс жөнінде губерниялық, уездік және болыстық комитеттерге нұсқаудың жобасы»[133]. Демек, нұсқау бүкіл жергілікті жұмысты жүргізетін жергілікті қызметкерлерге жолданған. Егер үгітшілерді, комиссарларды, Орталық Комитеттің агенттерін немесе уәкілдерін жіберу туралы сөз болып отырса, олар әрдайым және сөзсіз нұсқаулар алып отырады. Мұнда 9-пунктте былай делінген: «Советтік шаруашылықтар мен коммуналардың төңіректегі шаруаларға көмек көрсетуі, тікелей нақты көмек көрсетуі талап етілсін». Әйтсе де мен Орталық Комитеттің агентінің де басы бар деп шамалаймын. Егер ереже шынында бекітілген болса, ол арба, ат беруді, т. т. қалай талап ете алады? Біздің бұл жөнінде жеткілікті нұсқауларымыз бар, кейбіреулер тіпті оларды шамадан тыс көп десіп жүр. Сондықтан Орталық Комитеттің агенті нені болса да тек нұсқау шеңберінде ғана талап ете алады, сондықтан коммуна меңгерушілерінің бірде-

біреуі арбаның, аттың немесе сиырдың берілуіне жол бере алмайды. Бірақ бұл елеулі мәселе, өйткені осының негізінде бізде екінің бірінде шаруалармен қатынас бұзылып жүр, ал Украинада, егер біз өзіміздің саяси бағытымызды жүзеге асыра алмасақ, екінші рет бұзылуы мүмкін. Ал оны жүзеге асыру қиын емес, шаруалар да аз көмектің өзіне қуанады. Нұсқауды қабылдап қана қоймай, оны жүзеге асыра да білу керек. Егер Сапронов жолдас советтік шаруашылықтың сиырын, атын, арбасын алып қояды деп қорықса, ол бұл пунктте өзінің тамаша тәжірибесін ортаға салып: келіңдер, шаруаларға құрал-сайманды тегін немесе арзан бағамен берейік десін; міне мұны мен түсінемін. Бірақ қалай болғанда да 9-пункт мұнымен жойылмайды, қайта қуаттала түседі. Коммуналар мен советтік шаруашылықтардың төңірегіндегі шаруаларға көзқарасы — біздің бүкіл саясатымыздың ең көкейтесті мәселелерінің бірі. Ол Украинада онан да бетер осындай мәселе болады, ертең ол Сибирьде де осындай болады. Біз қазір Сибирь шаруасын Колчактан азат етіп, оны идея жағынан өзімізге қаратып алдық. Бірақ бұл істі біз ол шаруаға нақты көмек көрсетілетіндей етіп жолға қоя білмесек, мұның өзі баянды болмайды, сондықтан деревняда жұмыс істейтін әрбір агент, әрине, осындай нұсқау алуға тиіс. Сөйтіп әрбір агенттен есеп алғанда, одан: советтік шаруашылықтар шаруаға қай жерде және немен көмектесті? деп сұрау керек. Бұл пункт жөнінде Сапронов жолдастың айтқандары дұрыс емес. Жергілікті қызметкерлердің тәжірибесін пайдалану — біздің түбегейлі, сөзсіз орындайтын міндетіміз. (Қол шапалақтау.)

4
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ[134]

Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасы советтік құрылыс негізінде өндірісті, транспортты және қоғамдық басқару ісін жолға қою үшін, барлық халықтармен тату тұрып, өзінің барлық күшін ішкі құрылысқа жұмсауды тілейді, ал бұған Антантаның қол сұғуы мен аштық блокадасы осы күнге дейін бөгет жасап келді.

Жұмысшы-шаруа үкіметі Антанта державаларына талай рет бітім ұсынды, атап айтқанда: 1918 ж. 5 августа Сыртқы істер халық комиссариаты американ өкілі Пуль мырзаға үндеу жолдады; 1918 ж. 24 октябрьде президент Вильсонға үндеу жолдады; 1918 ж. 3 ноябрьде бейтарап елдердің өкілдері арқылы барлық Келісу үкіметтеріне үндеу жолданды; 1918 ж. 7 ноябрьде Советтердің Бүкіл россиялық VI съезі[135] атынан ұсыныс жасалды; 1918 ж. 23 декабрьде Стокгольмде Антантаның барлық өкілдеріне Литвиновтың нотасы тапсырылды; онан кейін 1919 ж. 12 январьдағы, 17 январьдағы үндеулер, 1919 ж. 4 февральда Антанта үкіметтеріне нота тапсырылды; 1919 ж. 12 мартта Буллитпен жасалған шарттың жобасы болды; 1919 ж. 7 майда Нансен арқылы мәлімдеме жасалды.

Халық Комиссарлары Советі мен Сыртқы істер халық комиссариатының осы көптеген қадамдарының бәрін әбден мақұлдай отырып, Советтердің VII съезі өзінің үнемі бейбітшілікке ұмтылатынын тағы да растайды, Антантаның барлық державаларына — Англия-

С 1

РСФСР желает жить в мире со всеми
народами и направить все свои силы на
внутреннее строительство, чтобы наладить
производство, транспорт и общественное управ-
ление на почве советского строя, чему до
сих пор мешало вмешательство? Антанты и го-
лодная блокада.

Рабоче-крестьянское правительство
предлагало мир Антанте неоднократно,
именно: 5.VIII.1918 обращение НКИД к
американскому представителю г. Пулю; 24.X.1918 – к
през. Вильсону 3.XI.1918 – всем правительствам
союзных через 2 нейтральных 1 представителей
стран; 7.XI.1918 – от имени VI Всер. С-да
Сов.; 23.XII.1918 – нота Литвинова в Сток-
гольме всем представителям Антанты; затем

В. И. Лениннің «Халықаралық саясат туралы
мәселе жөніндегі қарардың жобасы» деген қолжазбасының
бірінші беті.— 2 декабрь, 1919 ж.

Кішірейтілген

ға, Францияға, Америка Құрама Штаттарына, Италияға, Жапонияға — бәріне бірге және жеке-жеке бітім туралы келіс сөздерді дереу бастауды тағы да ұсынады, сөйтіп Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне, Халық Комиссарлары Советіне және Сыртқы істер халық комиссариатына осы бейбітшілік саясатын үнемі жүргізе беруді (немесе: осы бейбітшілік саясатын үнемі жүргізе отырып, оның табысты болуы үшін барлық қажетті шараларды қолдануды) тапсырады.

5
УКРАИНАДАҒЫ СОВЕТ ӨКІМЕТІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ 3 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар! Амал не, менің алдымда сөйлеген Яковлев жолдасқа емес, менен кейін сөйлеген Бубнов пен Дробнис жолдастарға көбірек қарсы шығуға тура келе тұрса да, қорытынды сөзде менің айтарым көп емес. Солай бола тұрса да, тек жеке ескертпе жасауға тура келеді.

Раковский жолдастың сөзі жөнінде мынаны айтуға тура келеді: оның советтік шаруашылықтар біздің коммунистік құрылыстың негізі болуға тиіс дегені дұрыс емес. Біз мәселені әсте бұлай қоя алмаймыз. Біз мәдениетті шаруашылықтардың өте аз бөлегін ғана советтік шаруашылықтарға бере алатынымызды мойындауға тиіспіз, әйтпесе біз ұсақ шаруалармен блок жасаса алмаймыз, ал бізге бұл блок қажет. Кейбір жолдастардың мені боротьбистермен[136] блок жасасуды ұсынады деуі — ағаттық. Мен мұнда боротьбистер жөнінде жүргізілуге тиісті саясатты өзіміз оңшыл эсерлер жөнінде жүргізген саясатпен салыстырдым. Ол кезде, Октябрьден кейінгі алғашқы аптада, айта кетелік, шаруалар съездерінде, кейбіреулер бізді өкіметті қолға алғаннан кейін шаруалардың күшін пайдаланғысы келмейді деп айыптады. Мен былай дедім: біз сіздердің программаңызды түгелдей алғанда шаруалардың күшін пайдалану үшін алдық, біздің солай істегіміз келеді, бірақ эсерлермен одақ жасасқымыз келмейді. Сондықтан, мені боротьбистермен блок жасасуды ұсынады деп мәлімдеп, дәл Дробнис пен Бубнов жолдастар сияқты,

Мануильский жолдас та ғажап қатты адасып отыр. Менің пікірім нақ мынадай: Украинаның шаруаларымен блок жасасуымыз керек екенін көрсету қажет, бұл блоктың жүзеге асырылуы үшін біз боротьбистермен айтысты қазіргі жүргізіліп отырғанындай жүргізбеуіміз керек. Ұлт мәселесі туралы айтқандардың бәрі,— бұл туралы Дробнис және Бубнов жолдастар да, көптеген басқа адамдар да айтты,— олар біздің цекистік қарарды сынағанда біз киевтіктерге кінә етіп қойған дербестікті жақтайтынын көрсетті. Мануильский жолдастың бізді ұлттық мағынадағы, Украинаның тәуелсіздігі мағынасындағы дербестік жөнінде кінәлады деп ойлауы қатты адасқандық. Біз Москваның көзқарасымен, Москвадағы Орталық Комитеттің көзқарасымен есептескісі келмеу мағынасындағы дербестікті кінәладық. Қалжың ретінде қолданылып келген бұл сөздің мәні мүлде басқаша болатын.

Қазір мәселе былай қойылып отыр: бізге украин шаруаларымен блок жасасу керек пе, бізге 1917 жылдың аяғында және 1918 жылдың көп айлары ішінде қажет болған саясаттай саясат керек пе? Мен керек деймін, сондықтан да советтік шаруашылықтардың көбін біздің іс жүзінде бөліп алуға беруіміз қажет. Бізге ірі шаруашылықтарға қарсы күресу керек, бізге ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдерге қарсы күресу керек, бізге партизаншылдыққа қарсы күресу керек. Боротьбистер ұлт мәселесі туралы көп айтады, бірақ партизаншылдық жөнінде айтпайды. Біз боротьбистердің, украин тілінде болса да, украиндық мемлекеттік мөрі болса да, мұғалімдер спилкасын пролетарлық коммунистік саясат принциптеріне бола таратып жіберуін талап етуге тиіспіз; біз осы принциптерге бола өзіміздің Бүкіл россиялық мұғалімдер одағын — ВУС-ты таратып жібердік, өйткені ол пролетарлық диктатураның принциптерін жүргізбей, ұсақ буржуазияның мүдделерін қорғады және соның саясатын жүргізді.

ЕГІНШІЛІК КОММУНАЛАРЫ МЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ АРТЕЛЬДЕРІНІҢ І СЪЕЗІНДЕ[137] 1919 ж. 4 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Мен сіздердің съезіңізді, егіншілік коммуналары мен ауыл шаруашылық артельдерінің бірінші съезін үкімет атынан құттықтауға өте қуаныштымын. Біздің коммуналарға, артельдерге және ұсақ, жеке меншікті шаруалар шаруашылығын қоғамдық, серіктік немесе артельдік шаруашылыққа айналдыруға бағытталған, осы айналдыру ісіне бірте-бірте көмектесуге бағытталған жалпы ұйым атаулыға қандай зор маңыз беретіндігімізді сіздердің бәріңіз де, әрине, Совет өкіметінің бүкіл қызметінен білесіздер. Совет өкіметі мұндай бастамаларға көмектесуге әлдеқашан миллиардтық қор[138] белгілегенін өздеріңіз білесіздер. «Социалистік жолмен жерге орналастыру туралы ережеде»[139] коммуналардың, артельдердің және жерді қоғамдасып өңдейтін барлық кәсіпорындардың маңызы ерекше атап көрсетілген, ал Совет өкіметі бұл заңның тек қағаз бетінде қалып қоймай, өзінің келтіруге тиісті пайдасын іс жүзінде келтіруіне барлық күшін жұмсайды.

Осы тектес барлық кәсіпорындардың маңызы орасан зор, өйткені бұрынғы кедей, қайыршылық шаруалар шаруашылығы бұрынғысынша қала берсе, онда іргесі берік социалистік қоғам орнату туралы ешбір әңгіме ету де мүмкін болмас еді. Егер жерді қоғамдасып, коллективтесіп, серіктесіп, артельдесіп өңдеудің артықшылықтарын шаруаларға іс жүзінде көрсете алған жағдайда ғана, егер серіктескен, артельдескен шаруашылықтың көмегімен шаруаға жәрдемдесе алғанда

ғана, тек сонда ғана мемлекеттік өкіметті өз қолында ұстап отырған жұмысшы табы шаруаға өз ісінің дұрыстығын шындап дәлелдейді, сан миллиондаған шаруалар бұқарасын баянды және тыңғылықты түрде шындап өз жағына тартады. Сондықтан серіктік, артельдік егіншілікке жәрдемдесетін әр алуан кәсіпорындардың маңызын айтып жеткізу қиын. Бізде түкпір-түкпірдегі деревняларда бытырап жатқан, шашыраңқы миллиондаған жеке шаруашылықтар бар. Бұл шаруашылықтарды қандай болса да шапшаң әдіс арқылы, қандай болса да бұйрық арқылы, сырттан, көлденеңнен әсер ету арқылы қайта құрамыз деу мүлде қисынсыз пікір болар еді. Миллиондаған ұсақ шаруа шаруашылықтарына тек бірте-бірте, сақтықпен ғана, ойдағыдай болып шығатын практикалық үлгімен ғана әсер етуге болатынын біз өте жақсы түсінеміз, өйткені шаруалар — өте құнтты адамдар, ескі жер шаруашылығымен өте тығыз байланысты адамдар, сондықтан кітаптағы кеңестер мен нұсқаулар негізінде ғана қандай болса да елеулі өзгерістер жасауға бара қоймайды. Бұлай болуы мүмкін емес және мұның өзі қисынсыздық болар да еді. Серіктік, артельдік егіншілікке көшудің қажеттігі және мүмкіндігі практикалық жағынан шаруаларға ұғымды тәжірибеде дәлелденгенде ғана, тек сонда ғана біз: Россия сияқты ұлан-байтақ шаруалы елде социалистік егіншілік жолында елеулі қадам жасалды деп айтуға праволы боламыз. Сондықтан сіздердің бәріңізге орасан зор мемлекеттік және социалистік міндеттер жүктейтін коммуналардың, артельдердің және серіктіктердің бұл аса зор маңызы сонда — ол Совет өкіметінің және оның өкілдерінің бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, сақтықпен қарауын қажет етеді.

Біздің социалистік жолмен жерге орналастыру туралы заңымызда біз төңіректегі шаруа халықтан оқшауланбай, бойды аулақ салмай, қайта оларға міндетті түрде көмектесу әр түрлі серіктік, артельдік егіншілік кәсіпорындарының сөзсіз міндеті деп есептейміз делінген. Мұның өзі заңда жазылған, мұның өзі барлық коммуналардың, артельдердің және серіктіктердің қалыпты уставтарында қайталап айтылған, мұның өзі

біздің Егіншілік комиссариатының және Совет өкіметінің барлық органдарының нұсқаулары мен указдарында үнемі дамытылып отырады. Бірақ істің бәрі мұны қалай жүзеге асырудың шын мәнісіндегі практикалық әдісін табуда болып отыр. Бұл арада мен біздің осы басты қиыншылықты жеңгенімізге әлі сеніп отырған жоқпын. Мен Россияның әр түкпірінен келіп бас қосқан қоғамдық шаруашылықтардың практикалық қызметкерлерінің тәжірибесін өзара ортаға салуыңызға мүмкіншілік беріп отырған съезіңіздің барлық күмәндануларды жойып, артельдерді, серіктіктерді, коммуналарды және жалпы алғанда әр түрлі коллективтік, қоғамдық егіншілік кәсіпорындарды нығайту ісін практикада игеретіндігімізді, игере бастағандығымызды дәлелдеуін тілер едім. Бірақ мұны дәлелдеу үшін, шынында да, *практикалық* нәтижелерге жету керек.

Біз егіншілік коммуналарының уставтарын немесе осы мәселеге арналған кітаптарды оқығанымызда, біз онда коммуналар ұйымдастырудың қажеттігін насихаттауға, теориялық жағынан негіздеуге өте көп орын беретін сияқтымыз. Әрине, бұл — қажет іс, өйткені келелі насихат жүргізбейінше, серіктік егіншіліктің артықшылықтарын түсіндірмейінше, бұл пікірді мыңсан рет қайталап айтпайынша, біз шаруалардың қалың бұқарасы арасында оған назар аударылып, оны жүзеге асырудың әдістерін практикалық жағынан сыннан өткізудің басталатынына үміт арта алмаймыз. Әрине, насихат қажет, біздің оны қайталаудан қорқатын ретіміз жоқ, өйткені бізге қайталағандық болып көрінетін нәрсе әлденеше жүздеген, мыңдаған шаруалар үшін қайталағандық болмайды, өздеріне алғаш рет мәлім болып отырған ақиқат ретінде танылуы мүмкін. Ал егер бізде насихатқа тым көп көңіл бөлеміз деген пікір пайда болса, онда мұны одан жүз есе көп істеу қажет екенін айту керек. Бірақ, мен мұны айтқанда мынадай мағынада айтып отырмын: егер біз шаруаларға егіншілік коммуналарын құрудың пайдалылығын жалпылама түсіндіріп, сонымен қатар серіктік, артельдік шаруашылықтардың шаруаға келтіретін практика-

лық пайдасын оған іс жүзінде көрсете білмесек, шаруа біздің насихатымызға сенім көрсетуден қалады.

Заңда коммуналар, артельдер, серіктіктер төңіректегі шаруа халқына көмектесуге тиіс делінген. Бірақ мемлекет, жұмысшы өкіметі миллиардтық қорды егіншілік коммуналары мен артельдерге көмектесу үшін беріп отыр ғой. Демек, әрине, белгілі бір коммуна шаруаларға көмекті осы қордан көрсететін болса, онда мен мұның өзі шаруалар тарапынан тек күлкі туғызады деп қауіптенемін. Ал олардың күлуі әбден орынды болады. Қандай да шаруа: «Әлбетте, сіздерге миллиардтық қор беріп отырғаннан кейін, мұнан бізге де бірдеңе тастауларыңыз қиын емес қой» дейді. Мен мұны шаруа тек күлкі қылады ғой деп қауіптенемін, өйткені ол бұл мәселеге өте байыптылықпен әрі өте сенбестікпен қарайды. Шаруа мемлекеттік өкімет тарапынан сан ғасырлар бойы тек езгі көріп дағдыланған, сондықтан ол қазынадан берілетін нәрсенің бәріне сенбеушілікпен қарауға дағдыланған. Ал егер шаруаларға ауыл шаруашылық коммуналарының тарапынан көмек тек заңда айтылғанды орындау үшін ғана жасалатын болса, мұндай көмектің пайдасыз болатыны былай тұрсын, оның үстіне мұның тек зиян келтіруі мүмкін. Өйткені ауыл шаруашылық коммуналарының аты өте зор, коммунизм ұғымымен байланысты. Егер коммуналар өздерінің шаруалар шаруашылығын жақсарту жөнінде шын мәнісінде елеулі жұмыс жүргізіп отырғанын практика жүзінде көрсетсе, бұл жақсы,— онда коммунистердің де, коммунистік партияның да беделі артатыны күмәнсыз. Бірақ екінің бірінде былай болып келді: коммуналар шаруалар арасында өздеріне тек қана теріс көзқарас туғызып, «коммуна» деген сөз кейде тіпті коммунизмге қарсы күрестің ұранына айналып келді. Шаруаларды коммуналарға күштеп кіргізуге өрескел әрекеттер жасалған кездерде ғана осылай болып қойған жоқ. Бұл әрекеттердің өрескелдігі жұрттың бәріне айқын көрінгендігі сонша, Совет өкіметі бұған әлдеқашан-ақ қарсы шыққан болатын. Сондықтан бұл күштеудің некен-саяқ мысалдары қазірдің өзінде кездесе тұрса да, мұндайлардың аз екеніне мен

сенемін, ал сіздер, бұл сорақылықтың ақырғы іздерін Совет республикасынан мүлдем жойып жіберу үшін, коммунаға кіру қайдағы бір күштеумен байланысты дейтін ескі пікірді қуаттауға төңіректегі шаруа халықтың бірде-бір мысал келтіре алмауы үшін, осы съезді пайдаланарсыздар деп сенемін.

Бірақ біз бұл ескі кемшіліктен құтылып, бұл сорақылықты толық жеңгеннің өзінде, дегенмен мұның өзі біз істеуге тиісті жұмыстың кішкене бір бөлегі ғана болады. Өйткені мемлекет тарапынан коммуналарға көмек жасау қажет болып қала береді, ал біз әр түрлі коллективтік егіншілік кәсіпорындарына мемлекеттік көмек көрсетуді жүзеге асырып отырмасақ, біз коммунистер және социалистік шаруашылықтың енгізілуін жақтаушылар болмас едік. Біздің мұны амалсыз істейтіндігіміздің тағы бір себебі, мұның өзі біздің барлық міндеттерімізге сай келеді, ал бұл серіктіктер, артельдер мен коллективтік ұйымдар жаңалық болып табылатындықтан, өкімет басындағы жұмысшы табы тарапынан оған қолдау көрсетілмесе, оның тамыр жая алмайтынын біз өте жақсы білеміз. Оның тамыр жаюы үшін, мемлекеттің оған ақшалай және басқа әр түрлі жәрдем көрсететіндігі себепті де, біз мұны шаруалардың күлкісін туғызбайтын етуіміз керек. Шаруаның коммунарлар немесе артельдер мен серіктіктердің мүшелері туралы: олар — қазынаға масыл, олардың шаруалардан айырмашылығы — тек оларға жеңілдіктер берілетіндігінде деп айтуынан әрдайым қауіптеніп отыруға тиіспіз. Егер үй салуға жер және миллиардтық қордан жәрдем берілсе, онда әрбір ақымақ қарапайым шаруадан сәл-пәл жақсырақ тұратын болады. Мұнда қандай коммунистік бар, мұнда қандай жақсарғандық бар,— дейді әрбір шаруа,— біз оларды не үшін құрметтеуге тиіспіз? Егер бірнеше ондаған немесе жүздеген адамды іріктеп алып, оларға миллиардтар берілетін болса, әрине, олар жұмыс істейді.

Шаруалар тарапынан міне нақ осындай көзқарастың болуы өте-мөте қатты қауіп туғызады, сондықтан мен бұл съезге келген жолдастардың назарын осы мәселеге аударғым келеді. Оны шешкенде, біз өзімізге: біз бұл

қауіптен құтылып қана қоймай, оның үстіне шаруа бұлай деп ойлай алмауы үшін, қайта, керісінше, ол әрбір коммунадан, әрбір артельден мемлекеттік өкімет көмектесерліктей бір істі көруі үшін, сөйтіп одан егіншіліктің кітаптардағы емес, сөздердегі емес (бұл өте арзан), практикалық өмірдегі өздерінің ескі әдістерден артықшылығын көрсететін жаңа әдістерін табуы үшін күресудің құралдарын таптық дей алатындай етіп, практикалық жағынан шешу қажет. Міндетті орындаудың қиыншылығы міне осында, көз алдымызда тек жалаң цифрлар болып отырғанда, әрбір коммуна, әрбір артель ескі тәртіп кезіндегі барлық кәсіпорындардан шынында да жоғары тұрғанын, жұмысшы өкіметі бұл арада шаруаға көмектесіп отырғанын біздің іс жүзінде дәлелдеген-дәлелдемегендігімізді анықтаудың қиын болуының себебі де міне осы.

Менің ойымша, практика жағынан алғанда бұл мәселені шешу үшін төңіректегі бірқатар коммуналармен, артельдермен және серіктіктермен практикалық таныстығыңыз бар сіздердің мыналарды іс жүзінде нақты бақылаудың тәсілдерін белгілеулеріңіз өте құптарлық болар еді: ауыл шаруашылық коммуналары тарапынан төңіректегі халыққа көмек көрсетілуін талап ететін заң қалай жүзеге асырылып жатыр; социалистік егіншілікке көшу қалай орындалып жатыр және оның әрбір коммунадағы, артельдегі, серіктіктегі нақты көрінісі қандай; атап айтқанда бұл іс қалай жүргізілуде, қанша серіктік, коммуна оны іс жүзінде жүргізіп отыр, қаншасы оған енді ғана кіріскелі отыр; коммуналардың көмек көрсеткені неше рет байқалды және бұл көмектің қандай сипаты болды — филантропистік сипатта болды ма, әлде социалистік сипатта болды ма.

Егер коммуналар мен артельдер өздеріне мемлекет көрсеткен көмектің бір бөлегін шаруаларға бөліп отырса, мұның өзі әрбір шаруаның — мұнда тек қайырымды адамдар ғана маған көмектесіп отыр деп ойлауына желеу болады, бірақ социалистік тәртіпке көшкендікті тіпті де дәлелдемейді. Ал шаруалар мұндай «қайырымды адамдарға» сенбеушілікпен қарауға ежелден дағ-

дыланып кеткен. Бұл жаңа қоғамдық тәртіп шын мәнісінде неден көрініп отырғаны, жерді серіктік, артель болып өңдеу шаруаның жеке-дара өңдеуінен жақсы екені, оның жақсы болуы қазынаның көмек көрсетуінің арқасында *емес* екені шаруаға қандай жолмен дәлелденетінін тексере білу керек; бұл жаңа тәртіптің практикада жүзеге асырылуын шаруаларға қазынаның *көмегінсіз* де дәлелдеп көрсете білетін болу керек.

Амал не, сіздердің съезіңізде мен ақырына дейін бола алмаймын, сондықтан мен тексерудің бұл әдістерін белгілеуге де қатыса алмаймын. Бірақ біздің Егіншілік комиссариатына басшылық ететін жолдастармен бірге сіздердің мұндай әдістерді табатындықтарыңызға мен сенемін. Егіншілік халық комиссары Середа жолдастың мақаласын мен қызыға оқып шықтым; бұл мақалада ол коммуналар мен серіктіктердің төңіректегі шаруалардан қол үзбей, қайта олардың шаруашылығын жақсартуға тырысуға тиіс екенін атап көрсеткен[140]. Коммунаны жолға қойғанда, ол үлгілі болатындай, көршілес шаруалар оған өздері кіруге ұмтылатындай етіп жолға қою керек; товарсыздық пен жаппай күйзелістің осындай ауыр жағдайында шаруашылықты жүргізіп отырған адамдарға қалай көмектесудің практикалық үлгісін шаруаларға көрсете білу керек. Мұны жүзеге асырудың практикалық әдістерін белгілеу үшін мейлінше егжей-тегжейлі нұсқау жасап шығару керек; бұл нұсқауда төңіректегі шаруа халыққа берілетін көмектің барлық түрлері атап көрсетілуге тиіс, әрбір коммунадан оның шаруаларға көмектесу үшін не істегені сұралуға тиіс, қазіргі екі мың коммуна мен төрт мыңға жуық артельдің әрқайсысы шаруалар арасында социализмге өту жолы ретіндегі коллективтік егіншілік еріккендік емес, жай сандырақ емес, пайдалы іс деген сенімді іс жүзінде нығайтатын ұя болуына қалай жетудің әдістері көрсетілуге тиіс.

Заң коммуналардан төңіректегі шаруа халыққа көмектесуді талап ететінін мен бұдан бұрын айттым. Біз заңда бұдан басқаша айта алмадық, онда белгілі бір практикалық нұсқаулар бере алмадық. Бізге жалпы ережелерді белгілеп, жергілікті жерлердегі саналы

жолдастардың бұл заңды адалдықпен қолданатындығына, оны әрбір жердің нақты шаруашылық жағдайында практикада қолдану үшін мыңдаған әдістер таба білетіндігіне үміт арту керек болды. Бірақ, әлбетте, қандай заңды болса да, тіпті оны орындағансып та, аттап өтуге болады. Адал қолданбаған жерде шаруаларға көмектесу туралы заң да барып тұрған ойыншыққа айналып, мүлде қарама-қарсы нәтижелер беруі мүмкін.

Коммуналар мынадай бағытта дамуға тиіс: олармен араласа отырып, шаруашылық көмек алғаннан кейін шаруалар шаруашылығының жағдайы өзгере бастайтын болуы керек, әрбір коммуна, артель немесе серіктік бұл жағдайды жақсартудың бастамасын жасап, мұны практикада жүзеге асыратын болуы керек, бұл өзгеріс шаруаларға тек пайда келтіретінін оларға іс жүзінде дәлелдейтін болуы керек.

Сіздер, әрине, жұрттың бізге былай айтуы мүмкін деп ойлай аласыздар: шаруашылықты жақсарту үшін, империалистер бізге таңған төрт жылдық империалистік соғыс пен екі жылдық азамат соғысынан туған қазіргі күйзеліс жағдайынан өзгеше жағдайлар болу керек. Біздегідей жағдайда егіншілік шаруашылықтарын жақсартуды кеңінен жүргізуді ойлау қайда,— еп-теп күнелтіп, аштан өлмесек те құдайға шүкіршілік.

Мұндай күмәнның айтылуы мүмкін екені әбден түсінікті. Ал егер маған мұндай қарсы пікірлерге жауап қайтаруға тура келсе, мен былай дер едім. Айталық, шынында да, шаруашылықтың бүлінуі себепті, күйзеліс, товарсыздық, транспорттың нашарлығы, мал мен құрал-сайманның жойылуы себепті, шаруашылықты жақсартуды кеңінен жүргізу мүмкін емес делік. Алайда толып жатқан жекелеген жағдайларда шаруашылықты шағын көлемде жақсартуға болатынына күмән жоқ. Бірақ мұның өзі де жоқ делік. Бұдан: коммуналар төңіректегі шаруалардың өміріне өзгеріс енгізе алмайды, коллективтік егіншілік кәсіпорындар жылы орында қолдан өсірілген өсімдік емес екенін, қайта жұмысшы өкіметінің еңбекші шаруаларға беріп отырған жаңа көмегі, еңбекші шаруалардың кулактарға қарсы күресінде оларға беріп отырған көмегі екенін

шаруаларға дәлелдеп көрсете алмайды деген мағына туа ма? Мәселені бұлай қойғанның өзінде де, біз қазіргі күйзеліс жағдайында шаруашылықты жақсарту мүмкін емес деп ойлағанның өзінде де, коммуналар мен артельдерде адал ниетті коммунистер болып отырғанда, көптен-көп нәтижеге жетуге болатындығына мен сенемін.

Сөзім дәлелсіз болмау үшін мен біздің қалаларда сенбіліктер деп аталғандарды мысалға келтіремін. Қала жұмысшыларының әрбір жұмысшыдан талап етілгеннен тыс, белгілі бір қоғамдық қажетке арнап бірнеше сағат бойына тегін істейтін жұмысы осылай деп аталды. Мұны бірінші рет Москвада Москва-Қазан темір жолының теміржолшылары енгізді. Совет өкіметі үндеулерінің біріне — майдандарда қызыл әскерлердің адам естімеген құрбандықтар жасап жатқанын және өздері бастан кешкен барлық апаттарға қарамастан, жауды талқандап, бұрын болып көрмеген жеңістерге жетіп отырғанын көрсеткен, мұнымен бірге бұл ерлік, бұл жанқиярлық іс майдандарда ғана емес, тылда да өріс алғанда ғана бұл жеңістерді ақырына дейін жеткізе алатындығымыз айтылған үндеуіне — Москва жұмысшылары сенбіліктер жасау арқылы жауап берді. Москва жұмысшыларына апат пен мұқтаждықты шаруаларға қарағанда анағұрлым көп бастан кешіруге тура келіп отырғаны күмәнсыз, сондықтан, егер сіздер олардың тұрмыс жағдайымен танысып, осы адам естімеген ауыр жағдайда олардың сенбіліктерді жүзеге асыруды бастай алғанына ой жіберсеңіздер, онда Москва жұмысшылары қолданған әдісті қолдана отырып, қандай жағдайда болса да істеуге болатын істен жағдайдың ешқандай ауырлығымен жалтаруға болмайтынына өздеріңіз де келісесіздер. Сенбіліктер некен-саяқ құбылыс болудан қалғаннан кейін және үстемдік етуші коммунистік партияның мүшелеріне міндеттер жүктелетінін, коммунистер партияға жаңа мүшелер алғанда олардың үкіметтік партияның дәрежесіне байланысты артықшылықты пайдалануы үшін емес, олардың шын мәнісіндегі коммунистік еңбектің, яғни тегін істелетін еңбектің үлгісін көрсетуі үшін алатынын партияда жоқ

жұмысшылар іс жүзінде көргеннен кейін бұл сенбіліктер қалада коммунистік партияның беделін мықтап арттырды, партияда жоқ жұмысшылардың коммунистерді құрметтеуін мықтап күшейтті. Коммунизм дегеніміз социализм дамуының жоғары сатысы; мұның тұсында адамдар жалпы жұрттың пайдасына жұмыс істеудің қажеттігін ұғынып жұмыс істейді. Социалистік тәртіпті қазір енгізе алмайтынымызды біз білеміз,— ол бізде балаларымыз, мүмкін, тіпті немерелеріміз тұсында орнаса да, құдайға шүкір. Бірақ біз былай дейміз: үстемдік етуші коммунистік партияның мүшелері таңдаулы коммунистерді майданға баруға жұмылдыра отырып, бұған пайдаланууға болмайтындарынан сенбіліктерді орындауды талап ете отырып, капитализмге қарсы күрестегі қиыншылықтарды өздері, бәрінен де өздері көп көтереді.

Әрбір ірі өнеркәсіпті қалада қолданылып жүрген сенбіліктерді, партия қазір өзінің әрбір мүшесінен қатысуды талап ететін, мұны орындамайтын кісіні тіпті партиядан шығарып жазалайтын осы сенбіліктерді қолдана отырып, бұл құралды коммуналарда, артельдерде және серіктіктерде қолдана отырып, сіздер ең нашар жағдайдың өзінде мынаған жете аласыздар және жетуге тиіссіздер: шаруа әрбір коммунаны, артельді, серіктікті одақ деп санап, мұның өзгешелігі қазынадан жәрдем алатындығында емес, мұнда жұмысшы табының таңдаулы өкілдерінің, социализмді басқаларға уағыздап қана қоймай, сонымен қатар оны өздері де жүзеге асыра білетін, ең нашар жағдайдың өзінде коммунистерше шаруашылық жүргізе алатындығын және төңіректегі шаруа халқына қолынан келгенінше көмектесе алатындығын көрсете білетін өкілдерінің жиналғандығында деп танитын болуы керек. Бұл пункт бойынша ешқандай жалтарыс болуы мүмкін емес, бұл жерде товарсыздықты, тұқымның жоқтығын немесе малдың өлім-жітімін тілге тиек етуге болмайды. Бұл арада біз тексеруден өтеміз; бұл тексеру, ең болмағанда, бізге өзіміз алдымызға қойған қиын міндетті практикада қаншалықты игергенімізді ашып айтуға мүмкіндік береді.

Коммуналар, серіктіктер және артельдер өкілдерінің жалпы жиналысы мұны талқылайды, мұндай әдісті қолдану шынында да коммуналар мен серіктіктерді нығайту ісінде зор құрал болатынын түсінеді және Россияның ешбір жерінде шаруалар тарапынан коммуналарға, артельдерге, серіктіктерге бірде-бір ретте дұшпандық көзқарас болмайтындай практикалық нәтижелерге жетеді деп сенемін. Бірақ бұл аз; шаруалар оларға тілектестікпен қарайтын болу керек. Ал біз, Совет өкіметінің өкілдері, өз тарапымыздан, бұған көмектесу үшін, біздің миллиардтық қордан немесе басқа қорлардан беретін мемлекеттік көмегіміз еңбек коммуналарының және артельдердің төңіректегі шаруалар тұрмысымен жақындасуы шын мәнісінде практикалық жағынан жүзеге асырылатын реттерде ғана қолданылатын болуы үшін қолдан келгеннің бәрін істейміз. Артельдерге немесе серіктіктерге бұл шарттардан тыс көрсетілген көмектің қандайын болса да біз тек пайдасыз ғана емес, сонымен қатар сөзсіз зиянды да деп есептейміз. Коммуналардың төңіректегі шаруаларға беретін көмегін бастан асқан молшылықтан берілген көмек деп есептеуге болмайды, бұл көмек социалистік көмек болу керек, яғни шаруаларға оқшауланған, жеке-дара шаруашылықтан серіктік шаруашылыққа көшуге мүмкіндік беретін болу керек. Ал мұны осында мен айтқан сенбіліктер әдісімен ғана істеуге болады.

Егер сіздер, шаруаларға қарағанда әлдеқайда нашар жағдайда бола тұрып, сенбіліктер пайдасын көздейтін қозғалысты бастаған қала жұмысшыларының бұл тәжірибесін ескерсеңіздер, онда мен сіздердің бірауыздылықпен, жаппай қолдауыңыз арқасында біздің мынадай нәтижеге жететіндігімізге сенемін: қазіргі өмір сүріп отырған бірнеше мың коммуналар мен артельдердің әрқайсысы шаруалар арасында коммунистік идеялар мен түсініктерді таратушы нағыз көшет болатын етеміз, оларға өзінің, әлі әлсіз, кішкене өркен болса да, дегенмен жасанды, парникте өсірілген өркен емес, жаңа социалистік құрылыстың нағыз өркені екенін көрсетуші практикалық үлгі болатын етеміз. Біз ескі қараңғылықты, күйзелісті және мұқтаждықты

сонда ғана біржолата жеңіп шығамыз, біздің бұдан былайғы жолымыздағы ешқандай қиыншылықтардан біз сонда ғана қорықпайтын боламыз.

Газет есебі 1919 ж. 5 декабрьде «Известия ВЦИК» газетінің 273-номерінде басылған

1919 ж. 5 және 6 декабрьде «Правда» газетінің 273 және 274-номерлерінде толық басылған

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АЗЫҚ-ТҮЛІК ОРГАНДАРЫ АППАРАТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Мәселені талқылау үшін комиссия сайлансын.

Басты және шұғыл міндет ретінде, 1-ден, азық-түлік органдарының аппаратын жаңартып, қайта құру, 2-ден, инициатива рухын осы органдар жұмысының нақты өзегі ету міндеті алға қойылсын.

Бұл міндеттерді жүзеге асырудың практикалық құралдары ретінде мыналар белгіленсін:

жұмысшы кооперациясын барынша кең қатысатын ету;

бұдан кемірек көлемде болса да, буржуазиялық кооперацияны да қатыстыру;

жұмысшы азық-түлік инспекциясын жұмысшыларды азық-түлік жұмысының барлық салаларына тартатын ұйым етіп неғұрлым тезірек жетілдіру;

қызметшілердің, жұмысшылардың және халықтың барлық топтарынан арнайы ұсынылған адамдардың жеке топтары үшін сыйлық жүйесі енгізілсін, олардың жұмысқа қатысуына рұқсат беріліп, бұл іс көтермеленіп отырсын.

Комиссия мұндай міндеттермен тежелмеуге тиіс, қайта бұларды оның жұмысындағы жалпы бағыттың шамаға жуықтайтын анықтамасы деп түсіну керек.

Комиссияға
азық-түлікші еместер сайлансын.

Комиссияға мыналарды ұсынамын:
Каменев

В. Д. Бонч-Бруевич
Шмидт

Комиссияға енгізілмей-ақ сөзсіз қатыстырылсын	«Совет өкіметінің азық-түлік жұмысы» деген кітаптың авторы *Орлов*

Яковлева
Сосновский.

1919 ж. 6 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ VII СЪЕЗІ[141]

5—9 ДЕКАБРЬ, 1919 ж.

*Қысқаша газет есебі 1919 ж.
6 декабрьде «Правданың»
274-номерінде басылған*

*Біраз қысқартылып, 1919 ж.
7, 9 және 10 декабрьде «Правда»
газетінің 275, 276 және
277-номерлерінде және
«Известия ВЦИК» газетінің 275,
277-номерлерінде басылған*

1920 ж. мына кітапта толық басылған: «Жұмысшы, шаруа, қызыл әскер және казак депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық 7-съезі. Стенографиялық есеп»

*Газеттердің текстерімен және
кітаптың текстімен
салыстырылған
стенограмма бойынша
басылып отыр*

1
БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ 5 ДЕКАБРЬДЕГІ БАЯНДАМАСЫ

(*Қол шапалақтау, съездің делегаттары орындарынан тұрып, Ленинді құттықтайды.*) Жолдастар! Мен сіздерге президиумның шешімі бойынша Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің баяндамасы мен Халық Комиссарлары Советінің баяндамасынан құралған саяси баяндама жасамақшымын. Сіздер менен есеп беріліп отырған жылдың ішінде біз шығарған заңдар мен жүргізген әкімшілік шараларды атап шығуды күтпессіздер деп сенемін. Күмән жоқ, мұнымен сіздер газеттер арқылы таныстыңыздар. Оның үстіне, біздің комиссариаттардың бәрі дерлік қысқаша кітапшалар бастырып шығарды; бұл кітапшалар съездің барлық делегаттарына таратылады, онда әрбір комиссариаттың есеп беріліп отырған кезең ішінде істеген басты-басты жұмыстары көрсетіледі. Мен, өзімнің көзқарасымша, біз бастан кешірген оқиғалардан қорытып шығаруға болатын және қазір жер-жерде барлық делегат жолдастар шұғылданатын жұмыс үшін пайдалы нұсқау және материал бола алатын кейбір жиынтық нәтижелерге сіздердің назарларыңызды аударғым келеді.

Ең алдымен, біздің қызметіміздің саяси нәтижелері жөнінде және одан шығатын саяси қорытындылар жөнінде айтқанда Совет республикасының халықаралық жағдайы өзінен-өзі бірінші орынға қойылады. Біз Октябрь қарсаңында да, Октябрь революциясы кезінде де әрдайым былай деп келдік: біз өзімізді пролетариат-

тың халықаралық армиясының бір отряды, оның бер жағында тіпті де өзінің дамуы және өзінің әзірлігі жағынан емес, Россияның ерекше жағдайлары жағынан алға шыққан отряды деп санаймыз, солай деп қана санай аламыз, сондықтан социалистік революцияның жеңісін мұндай революция ең болмағанда бірнеше алдыңғы қатарлы елде пролетариаттың жеңісі болғанда ғана түпкілікті жеңіс деп есептеуге болады. Міне бұл жөнінде бізге өте-мөте көп қиыншылықтарды бастан кешіруге тура келді.

Біздің, былайша айтқанда, халықаралық революцияға артқан үмітіміз, жалпы және тұтас алып қарасақ, барынша расталды. Бірақ дамудың шапшаңдығы тұрғысынан қарағанда біз ерекше ауыр уақытты бастан кешірдік, неғұрлым алдыңғы қатарлы елдерде революцияның дамуы анағұрлым баяу, анағұрлым қиын, анағұрлым күрделі болып шыққандығының ауыртпалығы бізге түсті. Бұл бізді таңдандыра алмайды, өйткені — мұның өзі табиғи іс — Россия сияқты ел үшін социалистік революцияны бастау алдыңғы қатарлы елдердегіден анағұрлым оңай болды. Бірақ, қалай болғанда да, Батыс Европада социалистік революцияның мұндай неғұрлым баяу, неғұрлым күрделі, неғұрлым бұралаң дамуы бізге адам айтқысыз қиыншылықтар жүктеді. Сондықтан ең алдымен өзіңе өзің мынадай сұрақ қоясың: әуелі ол кезде құдіретті деп есептелген герман империализмінің, опан соң, мұнан бір жыл бұрын Германияны жайратқан, өзіме тең келер ешкім жоқ деп білген және жер жүзіндегі барлық елдерге түгелінен өктемдігін жүргізген Антанта империализмінің қатты күрес жүргізгеніне қарамастан, мұндай керемет қалай жасалды, артта қалған, күйзелген және соғыстан шаршаған елде Совет өкіметі қалай екі жыл бойы өмір сүрді? Күштерді жай есепке алу тұрғысынан, күштерді әскери сарапқа салу тұрғысынан қарағанда, бұл шынында да керемет, өйткені Антанта бізден әлдеқайда қуатты болды және қуатты болған күйінде қалып отыр. Солай бола тұрса да, есеп беріліп отырған жыл өте-мөте нақ біздің орасан зор жеңіске жетуімізбен даңқты болды,— мұның зор жеңіс екендігі сонша, *басты қиын-*

шылықтардан қазірдің өзінде өттік десек, сірә, асыра айтқандық болмайды. Алдымызда тұрған қауіптер мен қиыншылықтар әлі қаншама зор болса да, дегенмен, ең бастысынан өткен болсақ керек. Мұның себептерін анықтап алуымыз керек және, ең бастысы, өз саясатымызды бұдан былайғы жерде дұрыс белгілеуіміз керек, өйткені келешекте Антанта өзінің қол сұғу әрекетін бізге әлі де талай рет қайталайтыны сөзсіз деуге болады және помещиктер мен капиталистер өкіметін қайта орнату үшін, Россияда Совет өкіметін құлату үшін, қысқасы, бәз-баяғы бір мақсат үшін — Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасы сияқты бүкіл дүние жүзілік социалистік өрттің ошағын сөндіру үшін халықаралық және орыс капиталистерінің бұрынғы қарақшылық одағының қайта пайда болуы мүмкін.

Антантаның қол сұғу тарихын және біздің алған саяси сабағымызды осы тұрғыдан қарай отырып, мен былай деймін: бұл тарих басты-басты үш кезеңге бөлінеді, олардың әрқайсысы бізді бірінен бірі терең және баянды жеңіске жеткізді.

Бірінші кезең Антантаның өз әскерлері арқылы Советтік Россияны жайратуға әрекет жасаған кезең болды; бұл Антанта үшін, әрине, оңайырақ және жеңілірек кезең еді. Әрине, Антанта Германияны жеңгеннен кейін оның бітім туралы әлі тура мәлімдеме жасамаған және батыс елдерінің бәрінде оларға қорқыныш болып келген герман империализмінің құбыжығынан бірден есін жинай қоймаған миллиондаған армиясы болды. Әрине, мұндай уақытта әскери тұрғыдан, сыртқы саясат тұрғысынан қарағанда, өз армияларының оннан бір бөлігін алып, Россияға жөнелту Антанта үшін түкке де тұрмайтын еді. Естеріңізде болсын, теңіздегі толық үстемдік, флоттағы толық үстемдік Антантаның қолында болды. Әскерлерді жеткізу және жабдықтау әрқашан да түгелінен соның қолында болды. Егер сол кезде Антанта, буржуазияның социалистік революцияға қандай өшігетініндей, бізге қатты өшігіп, өзінің армияларының ең болмағанда оннан бір бөлігін азды-көпті ойдағыдай етіп бізге қарсы аттандыра алған болса,— Советтік Россияның тағдыры шешілген болар еді,

ол Венгрияның халіне душар болар еді, бұған титтей де күмән жоқ.

Антантаның мұны істей алмауының себебі не? Ол Мурманскіге әскер түсірді. Сибирьге жорық Антанта әскерлерінің көмегімен жасалды, жапон әскерлері де Шығыс Сибирьдің шалғай бөлшегін осы күнге дейін ұстап отыр, ал бүкіл Батыс Сибирьде, саны жағынан азырақ болса да, Антантаның барлық мемлекеттерінің әскери отрядтары болды. Онан кейін француз әскерлері Россияның оңтүстігіне түсірілді. Бұл — біздің істерімізге халықаралық көлемде қол сұғудың бірінші кезеңі, Антантаның өзінөп алған әскерлермен, яғни неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердің жұмысшыларының және шаруаларының күшімен Совет өкіметін, былайша айтқанда, тұншықтыруға жасалған бірінші әрекет болды; оның үстіне олар тамаша жабдықталған еді және жалпы науқанның техникалық, материалдық жағдайы мағынасында алғанда Антанта қанағаттандыра алмайтындай еш нәрсе жоқ еді. Оның алдында ешқандай кедергі болмады. Ал бұл әрекеттің сәтсіздікке ұшырауын қалай түсіндіруге болады? Бұл әрекет Антантаға өз әскерлерін Россиядан әкетуге тура келуімен аяқталды, өйткені Антантаның әскерлері революциялық Советтік Россияға қарсы күрес жүргізе алмайтын болып шықты. Бұл, жолдастар, әрдайым біздің басты және негізгі дәлеліміз болып келді. Біз революцияның ең басынан бері: біз интернационалдық пролетариаттың партиясымыз, сондықтан, революцияның қиыншылықтары қаншама зор болса да, кезі келгенде,— және ең шешуші кезеңде, халықаралық империализм езіп отырған жұмысшылардың тілектестігі, ынтымағы өзін көрсетеді деп келдік. Бізді бұл үшін утопизмге салынды деп айыптады. Бірақ, пролетариаттың қимылдарына әрдайым және бәріне бірдей үміт артуға болмаса да, бүкіл дүние жүзілік тарихтың осы екі жылы ішінде біздің айтқанымыздың мың есе дұрыс болып шыққанын тәжірибе көрсетті. Ағылшындар мен француздардың Советтік Россияны өз әскерлерімен тұншықтыру әрекеті, оларды неғұрлым қысқа мерзімде ең оңай табысқа сөзсіз жеткізуге дәмелендірген әре-

кет,— бұл әрекет күйреп тынды: ағылшын әскерлері Архангельскіден кетті, оңтүстікке түсірілген француз әскерлері түгелімен отанына әкетілді. Ал біз қазір мынаны білеміз: блокада жасалуына, айнала қоршауда болуымызға қарамастан, дегенмен Батыс Европаның хабарлары бізге келіп тұрады, біз ағылшын және француз газеттерінің некен-саяқ номерлерін болса да алып тұрамыз, ол номерлерден ағылшын солдаттарының Архангельск облысынан жазған хаттары дегенмен Англияға жетіп, онда басылып шыққанын білеміз. Француз жұмысшылары мен солдаттары арасында коммунистік рухта жұмыс жүргізуге барған және Одессада атылған француз әйелінің, Жанна Лябурб жолдастың есімі, осы есім бүкіл француз пролетариатына мәлім болып, күрестің ұранына айналғанын, жеңіп шығу осыншама қиын сияқты көрінген синдикализмнің фракциялық ағымдарының айырмашылығына қарамастан, барлық француз жұмысшылары осы есімнің төңірегіне біріккенін — бәрі де халықаралық империализмге қарсы шығу үшін біріккенін біз білеміз. Радек жолдастың, бақытымызға, бүгін хабарланғанындай, Германия оны босатқан және біз, мүмкін, тез арада көрісерміз, бір кезде жазғаны — революцияның өрті қыздырған Россияның топырағы Антантаның әскерлеріне аяқ бастырмайтын болады дегені, публицистің жай әуестігі болып көрінген нәрсе іс жүзінде дәл жүзеге асқан факт болып шықты. Шынында да, біздің мүлде артта қалғандығымызға қарамастан, біздің күресіміздің бүкіл ауыртпалығына қарамастан, Англия мен Францияның әскерлері біздің топырағымызда бізге қарсы күресе алмайтын болып шықты. Нәтиже біздің пайдамызға шықты. Алғаш рет, бізге қарсы қыруар әскер күштерін аттандыруға әрекет жасалған кезде,— ал оларсыз жеңу мүмкін емес,— мұның өзі, дұрыс таптық инстинкт арқасында, тек мынаған әкеп соқты: француз және ағылшын солдаттары Россиядан большевизм кеселі дейтінді алып барды, біздің елшілерімізді Берлиннен кетірерде[142] неміс империалистері осы большевизм кеселі дейтінге қарсы шыққан еді. Қазір бүкіл Германияны түгел жайлап, жұмысшы қозғалы-

сын күшейте түскен большевизм кеселі дейтіннен неміс империалистері осылайша аман қаламыз деп ойлаған еді. Ағылшын және француз әскерлерін әкеттіріп, біз жеткен бұл жеңіс біздің Антантаны қиратқан ең басты жеңісіміз болды. Біз Антантадан оның солдаттарын тартып алдық. Біз оның шексіз әскери және техникалық басымдығына жауап ретінде еңбекшілердің империалистік үкіметтерге қарсы ынтымағы арқылы осы басымдықты тартып алдық.

Осынау демократиялық дейтін елдер туралы әңгіме болғанда ресім бойынша олардың белгілеріне қарай айтылатын пікірдің қандай үстірт, қандай көмескі екені, міне, осы жерде көрінді. Олардың парламенттерінде мықты буржуазиялық көпшілік бар. Мұны олар «демократия» деп атайды. Капитал бәріне үстемдік етіп, бәрін жаныштап отыр, осы уақытқа дейін әскери цензураны қолданып отыр, міне осыны олар «демократия» деп атайды. Олардың газеттері мен журналдарының сан миллион номерлері ішінен дөкір тілмен болса да большевиктердің пайдасына айтылған пікірдің болмашы ұшқынын табу да екіталай. Сондықтан олар: «Біз большевиктерден қорғаулымыз, бізде тәртіп бар» дейді, бұл тәртіпті олар «демократия» деп атайды. Олай болса, ағылшын солдаттары мен француз матростарының шағын бөлегі Антантаны әскерлерін Россиядан әкетуге қалай мәжбүр етті? Мұнда бір кілтипан бар. Демек, тіпті Англияда, Францияда және Америкада да халық бұқарасы бізді жақтайды; демек, социализмге опасыздық еткісі келмейтін социалистердің әрдайым айтып келгеніндей, бұл жоғарғы топтардың бәрі алдаушылық; демек, буржуазиялық парламентаризм, буржуазиялық демократия, буржуазиялық баспасөз бостандығы — тек капиталистерге арналған бостандық, жұртшылық пікірін сатып алу, ақшаның бүкіл күшімен оған қысым жасау бостандығы. Империалистік соғыс социалистерді ұлттық лагерьлерге бөліп бытыратып, социалистердің әрбір ұлттық тобын өз буржуазиясының малайларына айналдырғанға дейін социалистер әрдайым, міне, осылай деп келді. Соғысқа дейін социалистер осылай деп келді, соғыс кезінде

интернационалистер мен большевиктер әрдайым осылай деп келді,— мұның бәрі түгелдей шындық болып шықты. Жоғарғы топ атаулының бәрі, жарқырауық көріністің бәрі — бұқараға барған сайын айқындалып келе жатқан алдаушылық. Олардың бәрі демократизм туралы даурығады, бірақ дүние жүзінің бірде-бір парламентінде олардың Советтік Россияға соғыс жариялаймыз деуге батылы барған жоқ. Сондықтан біздің қолымызға түскен бірқатар француз, ағылшын, американ басылымдарынан біз: «Мемлекеттердің басшылары конституцияны бұзғаны үшін, соғыс жарияламай-ақ Россияға қарсы соғыс жүргізіп отырғаны үшін сотқа тартылсын» деген ұсынысты оқимыз. Бұл соғысқа конституцияның қандай параграфы, қандай парламент, қашан, қай жерде рұқсат етті? Барлық большевиктерді және, француз баспасөзі айтып жүргендей, большевиктенушілерді алдын ала түрмеге қамау арқылы болса да, олар өкілдерді қай жерде жинады? Тіпті осы жағдайда да олар өздерінің парламенттерінде: Россиямен соғысып жатырмыз деп айта алмады. Англия мен Францияның тамаша қаруланған, ол уақытта жеңілуді білмеген әскерлерінің бізді талқандай алмай, солтүстіктегі Архангельскіден және оңтүстіктен кетуінің себебі, міне, осы болды.

Бұл біздің бірінші және негізгі жеңісіміз, өйткені бұл тек әскери жеңіс қана емес және тіпті әсте әскери жеңіс емес, бұл — біз бүкіл революцияны бастағанда мақсат етіп алға қойған еңбекшілердің халықаралық ынтымағының іс жүзіндегі жеңісі; бұл революцияға үміт арта отырып, біз: қаншама көп сыннан өтуімізге тура келсе де, болмай қоймайтын халықаралық революцияның дамуы осы құрбандықтардың бәрін еселеп қайтарады дегенбіз. Мұның өзі мынадан көрінді: ең тұрпайы және материалдық факторлар өте-мөте үлкен роль атқаратын істе, әскери істе, біз Антантаны одан солдат мундирлерін киген жұмысшылар мен шаруаларды тартып алу арқылы жеңіп шықтық.

Осы бірінші жеңістен кейін Антантаның біздің істерімізге қол сұғуының екінші дәуірі басталды. Әрбір ұлтты бір топ саясатшы басқарып отырады, олардың

тамаша тәжірибесі бар, сондықтан олар бұл жолғы үміттерінен түк шықпағаннан кейін, өздерінің бүкіл дүние жүзіне үстемдік жүргізетінін пайдаланып, екінші бір нәрсеге үміт артты. Ағылшын, француз және американ финанс капиталы іс жүзінде толық үстемдік жүргізбей отырған бірде-бір ел жоқ, қазір жер шарында ондай бірде-бір түкпір қалмай отыр. Олар жасаған жаңа әрекет — Россияның айналасындағы және көбі соғыс кезінде ғана азат етіліп, өздерін тәуелсізбіз деп жариялауға мүмкіндік алған кішкене мемлекеттерді — Польшаны, Эстляндияны, Финляндияны, Грузияны, Украинаны және басқаларын — бұл кішкене мемлекеттерді ағылшын, француз және американ ақшасымен Россияға қарсы соғысуға мәжбүр етпекші болған әрекет осыған негізделді.

Жолдастар, белгілі ағылшын министрі Черчилльдің сөзі туралы хабар біздің газеттерімізге қалай тарағаны, мүмкін, естеріңізде болар; ол Россияға 14 мемлекет шабуыл жасайды, сентябрьге қарай Петроград, декабрьге қарай Москва құлайды деді. Черчилльдің кейіннен бұл хабарды бекерге шығармақ болғанын естідім, бірақ ол хабар швед газеті «Фолькетс Дагблад Политикеннің» 25 августағы номерінен алынды. Ал егер онан алынған хабар теріс болып шыққанның өзінде де біз Черчилльдің және ағылшын империалистерінің істері пақ осылай болғанын өте жақсы білеміз. Финляндияны, Эстляндияны және басқа ұсақ мемлекеттерді Советтік Россияға қарсы соғыстыру үшін оларға әсер етудің барлық шаралары қолданылғанын біз өте жақсы білеміз. Менің ағылшын газеті «Таймстың» — Англиядағы ең ықпалды буржуазиялық газеттің — бір бас мақаласын, әдейі жабдықталған, азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз етілген және Антантаның кемелерімен әкелінген Юденичтің әскерлері Петроградтан бірнеше шақырым тұрған кезде, Детское Село алынған кезде жазылған бас мақаланы оқуыма тура келді. Мақала нағыз жорықтың өзін көрсетеді; онда қысым жасаудың — әскери, дипломатиялық, тарихи қысым жасаудың барлық күштері пайдаланылған. Ағылшын капиталы Финляндияға шүйлігіп, оған уль-

тиматум қойғап: «Бүкіл дүние жүзі Финляндияға қарап отыр,— деді ағылшын капиталистері,— Финляндияның бүкіл тағдыры оның өз міндетін түсінетін-түсінбейтіндігіне, большевизмнің лас, лайсаң, қанды толқынын басып, Россияны азат етуге көмектесетін-көмектеспейтіндігіне байланысты». Міне, осы «ұлы және адамгершілік» іс үшін, осы «ізгі, мәдени» іс үшін Финляндияға пәлендей миллион фунт, пәлендей жер және пәлендей игілікті уәде етті. Ал мұнан қандай нәтиже шықты? Юденичтің әскерлері Петроградтан бірнеше шақырым жерде тұрған, ал Деникин Орелдың солтүстік жағында тұрған, оларға сәл ғана көмек көрсету Петроградтың тағдырын біздің дұшпандарымыздың пайдасына тез арада, өте қысқа мерзімде және болмашы құрбандықпен шешетіндей кездер болды.

Антанта Финляндияға барлық күшімен қысым жасады, ал Финляндия оған белшесінен бата борыштар. Тек борыштар ғана емес: ол бұл елдердің көмегінсіз бір ай да өмір сүре алмайды. Біздің мұндай дұшпанға қарсы тартыста ұтып шығуымыз сияқты «керемет» қалайша бола қалды? Ал біз бұл тартыста ұтып шықтық. Финляндия соғысқа қатыспады; өздерінің біріккен күресі бүкіл күресті халықаралық капитализмнің пайдасына мүлде сөзсіз, мүлде тез шешуге жеткізетіндей кезеңде Юденич те талқандалды, Деникин де талқандалды. Осы ең күшті, ең ауыр сын кезінде халықаралық империализмге қарсы тартыста біз ұтып шықтық. Біз онда қалай ұттық? Мұндай «керемет» қалай болды? Оның болған себебі, тек қана және түгелінен алдау, қысым жасау әдісімен қимылдайтын капиталистік мемлекеттердің бәрі не нәрсеге сүйенетін болса, Антанта да соған сүйенді, сондықтан ол өзінің әрбір іс-әрекетімен өзіне қарсы, бізге тиімді әрекет туғыза берді. Біз нашар қаруланған, шаршаған едік және Финляндия буржуазиясы жаныштаған Финляндия жұмысшыларына: «Сіздер бізге қарсы соғыспауға тиіссіздер» дедік. Антанта қару-жарағы сай, сыртқы қуаты мол, бұл елдерге көрсете алатын азық-түлік көмегінің бәрі бар болып, күші кемеліне келіп тұрды және олардан бізге қарсы күресуді талап етті. Біз бұл тартыста ұтып шық-

тық. Біздің ұтып шыққан себебіміз, Антантаның бізге қарсы үйіп-төгерліктей өз әскері сол кездің өзінде болмады, ол кішкене халықтардың күшімен әрекет етуге тиіс болды; ал кішкене халықтар, жұмысшылар мен шаруалар ғана емес, тіпті жұмысшы табын жаныштаған буржуазияның едәуір бөлегі де сайып келгенде бізге қарсы шыға қоймады.

Антанта империалистері демократияны және тәуелсіздікті сөз қылғанда, бұл халықтар, Антантаның тұрғысынан қарағанда — өжеттік, ал біздің тұрғымыздан қарағанда — зердесіздік жасады: бұл уәделерді шын көрді, тәуелсіздікті ағылшын және француз капиталистерін байыту құралы деп түсінбей, шын мәнісіндегі тәуелсіздік деп түсінді. Олар демократия дегенді барлық американ миллиардерлері олардың елін талап алады, кез келген дворянсымақ-офицер нағыз сотқарша мінез көрсетіп, бірнеше жүз процент пайда үшін барып тұрған сұрқиялық істер істеуден тартынбайтын арсыз жалдап бола алады деген мағынада түсінбей, мұны еркін өмір сүру деп ойлады. Біздің жеңуіміздің себебі, міне, осында! Антанта бұл кішкене елдерге, осы 14 елдің әрқайсысына қысым жасағанда қарсы әрекетке кездесті. Ақ террор жүргізіп, он мыңдаған финн жұмысшыларын жаныштаған және өзінің бұл ісі ұмытылмайтынын, өзіне мұны істеуге мүмкіндік берген неміс найзасы енді жерде жоқ екенін білген финн буржуазиясы — осы финн буржуазиясы — өзін құлатқан жұмысшыларды жыртқыштың жек көретініндей, большевиктерді мейлінше жек көреді. Сонда да осы финн буржуазиясы өзіне өзі: «Егер біз Антантаның нұсқауымен жүрсек, онда біз тәуелсіздік жөніндегі бар үмітімізден сөзсіз айрыламыз» деді. Ал бұл тәуелсіздікті оларға 1917 жылғы ноябрьде, Финляндияда буржуазиялық үкімет болған кезде, большевиктер берді. Сонымен, Финляндия буржуазиясының қалың топтарының пікірі солқылдақ болып шықты. Біз Антантаға қарсы тартыста ұтып шықтық, өйткені ол ұсақ ұлттарға арқа сүйеді және сонымен бірге оларды өзінен бездірді.

Біздің әрдайым айтып келгеніміз осы орасан зор, бүкіл дүние жүзілік-тарихи көлемдегі тәжірибе арқылы

расталып отыр. Жер жүзінде адамзаттың тағдырын шеше алатын екі күш бар. Бір күш — халықаралық капитализм, ал ол жеңе қалса, бұл күшті ол ұшы-қиыры жоқ айуандығымен көрсетеді — мұның өзі әрбір кішкене ұлттың даму тарихынан көрініп отыр. Екінші күш — халықаралық пролетариат, ол пролетариат диктатурасы арқылы социалистік революция үшін күреседі, бұл диктатураны ол жұмысшылар демократиясы деп атайды. Бізге өзіміздің Россиядағы қобалжушы элементтер де, ұсақ елдердің буржуазиясы да сенбей, бізді утопистер немесе қарақшылар деп жариялады, тіпті онан да жаман деп атады, өйткені бізге тағылмаған қисынсыз және сұмдық айыптау қалған жоқ. Бірақ Антантаға еріп, оның большевиктерді тұншықтыруына көмектесу керек пе, әлде өзіміздің бейтараптығымызбен большевиктерге көмектесу керек пе деп, мәселе төтесінен қойылған кезде,— біз бұл тартыста ұтып шығып, бейтараптық алдық. Біздің ешқандай шарттарымыз болмаса да, ал Англияның, Францияның және Американың әр алуан вексельдері, әр алуан шарттары бола тұрса да, дегенмен кішкене елдер біздің тілегеніміздей істеді; олар мұны поляк, финн, литван, латыш буржуазиясы өздерінің саясатын большевиктердің бетажарына бола осылай жүргізуге құштар болғандықтан емес, бұл, әрине, бос сөз,— біздің бүкіл дүние жүзілік-тарихи күштерді анықтауымыздың дұрыс болғандығынан істеді, ал біз: не айуандық капитал жеңеді, онда қандай демократиялық республика болса да, капитал дүние жүзінің барлық шағын халықтарын тұншықтырады; не пролетариат диктатурасы жеңеді,— барлық еңбекшілердің және барлық шағын, езілген, әлсіз халықтардың үміті тек осында ғана деген едік. Дүние жүзілік саясаттың теориясында ғана емес, практикасында да біздің айтқанымыз дұрыс болып шықты. Бізде Финляндияның, Эстляндияның әскерлеріне бола осы тартыс өршіген кезде, олар бізді болмашы аз күштермен жаныштай алатын болса да, біз бұл тартыста ұтып шықтық. Финляндияны бізге қарсы шығару үшін Антанта өзінің финанс қысымының да, әскери қуатының да, азық-түлік беруінің де бүкіл орасан зор ку-

шін — осының бәрін де таразыға сала тұрса да, бұған қарамастан, біз бұл тартыста ұтып шықтық.

Жолдастар, бұл — халықаралық қол сұғушылықтың екінші кезеңі, бұл — біздің екінші дүние жүзілік-тарихи жеңісіміз. Біріншіден, біз Англияның, Францияның және Американың жұмысшылары мен шаруаларын өз жағымызға тарттық. Бұл әскерлер бізге қарсы күресе алмады. Екіншіден, бәрі де бізге қарсы, бәрінде де Совет өкіметі емес, буржуазиялық өкімет үстемдік жүргізіп отырған әлгі шағын елдерді олардан айырып, өз жағымызға тарттық. Бұлар біз жөнінде достық бейтараптықты жүзеге асырып, бүкіл дүние жүзілік-қуатты Антантаға қарсы шықты, өйткені Антанта оларды таптап тастағысы келген жыртқыш еді.

Құрылтай жиналысына сеніп, эсерлер мен меньшевиктердің Колчакпен бірігуіне, сөйтіп бізді соғуына көмектескен Сибирь шаруасы неге душар болса, мұнда да халықаралық көлемде сондай болды. Колчак — помещиктер мен капиталистердің барып тұрған қанаушылық, жыртқыштық диктатурасының, патшалық диктатурадан да өрескел диктатураның өкілі екенін көріп-білгеннен кейін сибирьлік шаруа Сибирьде бірқатар орасан зор көтерілістер жасады; біз бұл көтерілістер туралы жолдастардан дәлме-дәл ақпарлар алдық және бұл көтерілістер қазір Сибирьдің бізге толық қайтарылуын — бұл жолы саналы түрде қайтарылуын қамтамасыз етіп отыр. Жетілмеген және саяси қараңғы бола тұрса да, Сибирь мужигі басынан кешірген жағдай, енді кеңірек көлемде, бүкіл дүние жүзілік-тарихи көлемде барлық кішкене ұлттардың басына түсіп отыр. Олар большевиктерді жек көрді, олардың кейбіреулері қанды шеңгелмен, құтырынған ақ террормен большевиктерді басып-жаныштады, ал «азат етушілерді» — ағылшын офицерлерін көргенде ағылшын және американ «демократиясының» мәнісі не екенін түсінді. Ағылшын және американ буржуазиясының өкілдері Финляндияға, Эстляндияға келгенде олар орыс империалистерінен де асып түсетін арсыздықпен тұншықтыра бастады; асып түсетін себебі, орыс империалистері ескі заманның өкілдері болды, жөндеп тұншықты-

ра да білмеді, ал мына адамдар тұншықтыра біледі және жеріне жеткізе тұншықтырады.

Сондықтан да екінші кезеңдегі бұл жеңіс қазіргі ойлағаннан гөрі анағұрлым баянды. Мен тіпті де асыра айтып тұрған жоқпын және асыра айтуды өте қауіпті деп есептеймін. Антанта тарапынан бізбен көрші отырған кішкене мемлекеттердің біресе біреуін, біресе екіншісін бізге айдап салу әрекеттері әлі де жасалатындығына мен титтей де күмәнданбаймын. Бұл әрекеттер жасалады, өйткені кішкене мемлекеттер түгелдей Антантаға тәуелді, өйткені бостандық, тәуелсіздік және демократия туралы бұл сөздердің бәрі — кілең екіжүзділік, сондықтан Антанта оларды бізге қарсы тағы да қол көтеруге көндіре алады. Ал егер бұл әрекет, бізге қарсы күрес жүргізу осыншама оңай болған, осындай қолайлы кезеңде іске аспай қалса, онда, меніңше, мынаны ашып айтуға болады: бұл жөнінде басты қиыншылықтың артта қалғаны күмәнсыз. Біз титтей де асыра айтпай-ақ және қыруар басым күш Антанта жағында екенін анық біле тұра осылай деуге праволымыз. Біздің жеңісіміз баянды. Әрекеттер жасалады, бірақ біз ол әрекеттерді оңайырақ жеңеміз, өйткені бүкіл Европада балалар мен мәдениетті мещандарға қубыжық түрінде көрсетілетін большевиктердің кішкене мемлекеттерде елестетіліп жүрген бейнесінен гөрі Антантаның анағұрлым арсыз және жыртқыш айуан екендігіне кішкене мемлекеттердің, олардың бәрінде буржуазиялық құрылыс болуына қарамастан, теорияда емес,— теория үшін бұл мырзалар жарамсыз,— тәжірибеде көзі жетті.

Бірақ біздің жеңістеріміз мұнымен шектелген жоқ. Біріншіден, біз Антантаның жұмысшылары мен шаруаларын өз жағымызға тарттық, екіншіден, оның құлдары болып отырған кішкене халықтардың бейтараптығына ие болдық, үшіншіден, біз Антантаның өз елдеріндегі түгелінен бізге қарсы болған ұсақ буржуазия мен білімді мещандарды Антантадан айырып, өз жағымызға тарта бастадық. Мұны дәлелдеу үшін мен өзімнің қолымдағы «Юманите» газетінің 26 октябрьдегі номеріне сүйене аламын. Әрқашан II Интернационал-

дың қарамағында болып келген, соғыс кезінде екіленген шовинистік газет болған, біздің меньшевиктер мен оңшыл эсерлер сияқты социалистердің көзқарасын ұстаған және осы күнге дейін бітістірушінің ролін атқарып отырған бұл газет,— міне, осы газет жұмысшылардың пиғылы өзгергеніне өзінің көзі жеткепіп мәлімдейді. Ол мұны Одессада емес, Париждің көшелері мен жиналыстарында, большевиктік Россияға қарсы сөз айтуға батылы барған адамды жұмысшылар сөйлетпей қойған кезде көрген. Бірнеше революциялар ішінде бірдеңе үйрепген саясатшылар ретінде, халық бұқарасының не екенін білетін адамдар ретінде олар қол сұғуды жақтап үн қатуға бата алмай, ылғи қарсы пікір айтып жүр. Бірақ ол ол ма. Мұны социалистердің (біз олардың қандай социалистер екенін көптен біле тұрсақ та, олар өздерін социалистер деп атайды) айтатыны былай тұрсын, «Юманитенің» мен цитат келтірген сол 26 октябрьдегі номерінде француз интеллигенциясының, француз жұртшылық пікірінің бірталай өкілдерінің мәлімдемесі басылған. Анатоль Франстың қойған қолынан басталған, Фердинанд Бюиссонның қойған қолы да бар бұл мәлімдемеде мен буржуазиялық интеллигенцияның бүкіл Францияға мәлім өкілдерінің 71 фамилиясын санап шықтым; олар Россияның істеріне қол сұғуға өздерінің қарсы екенін, өйткені блокаданы, балалар мен қарттарды қырғынға ұшыратып отырған аштан өлтіруді қолдануға мәдениет пен цивилизация тұрғысынан жол беруге болмайтынын, өздерінің бұған төзе алмайтынын айтады. Ал бастан-аяқ буржуазиялық көзқарастағы белгілі француз тарихшысы Олар өзінің хатында былай дейді: «Мен, француз ретінде,— большевиктердің жауымын, француз ретінде, мен демократияны жақтаймын, мені бұдан басқаша деп сезіктену ерсі болар еді, бірақ Франция Германияны Россияға блокада жасауға қатысуға шақыратынын оқығанымда, Франция осындай ұсыныс жасап, Германияға сөз салғанын оқығанымда,— ұялғанымнан бетімнің дуылдағанын сеземін»[143]. Бұл, мүмкін, интеллигенция өкілінің өз сезімін жай сөзбен білдіргені болар, бірақ мұны біз империалистік Францияны оның

өз ішінде жеңген үшінші жеңісіміз деуге болады. Солқылдақтығы, бейшаралығы аңғарылып-ақ тұрған бұл хат, біздің ондаған және жүздеген мысалдардан көргеніміздей, өзінің қолынан келетінінен миллиондаған есе көп даурыға алатын, бірақ жақсы барометр боларлық, ұсақ буржуазияның қалай қарай бүйрегі бұратынын көрсете аларлық, бастан-аяқ буржуазиялық жұртшылық пікірінің неге бүйрегі бұратынын көрсете аларлық қасиеті болуымен ерекшеленетін интеллигенцияның хаты, міне, осыны дәлелдеп отыр. Буржуазиялық газеттерінің бәрі біз туралы жазса, барып тұрған өтіріктен басқаны жазбайтын Францияның өз ішінде осындай нәтижеге жетіп отырсақ, біз өзімізге-өзіміз: Францияда Дрейфустың екінші ісі[144], тек онан әлдеқайда үлкен іс басталатын түрі бар дейміз. Ол кезде буржуазиялық интеллигенция клерикалдық және әскери реакцияға қарсы күрескен еді, жұмысшы табы ол кезде мұны өзінің ісі деп есептей алмаған еді, ол кезде объективтік жағдай болмаған-ды, қазіргідей терең революциялық ниет болмаған-ды. Ал қазір ше? Егер, жақын арада сайлауда нағыз құтырынған реакция жеңгеннен кейін, онда қазір большевиктер жөнінде орнап отырған режимнен кейін француздың буржуазиялық интеллигенциясы, сол интеллигенцияның өзі Россия жұмысшылары мен шаруаларын аштықпен тұншықтыру мақсатымен ең реакциялық Францияның ең реакциялық Германиямен одақ жасасуынан өзінің ұялатынын айтып отырса,— онда біз өзімізге өзіміз: жолдастар, бұл үшінші және ең ірі жеңіс дейміз. Сондықтан мен мемлекет ішінде осындай жағдай туып отырғанда Клемансо, Ллойд Джордж және Вильсон мырзалардың өздері көксеп жүрген, Россияға жаңа қастандықтар жасау жоспарын қалай жүзеге асыратынын көргім келер еді. Жүзеге асырып көріңдер, мырзалар! (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, мен тағы да айтамын, бұдан тым аңғырт қорытындылар жасау асқан қателік болар еді. Олардың қайтадан әрекет жасайтыны күмәнсыз. Бірақ бұл әрекеттер қандай зор күштермен жасалса да, олардың күйрейтіндігіне біз кәміл сенеміз. Біз былай дейміз:

өзіміз осыншама сансыз көп құрбандыққа ұшырап жүргізген азамат соғысы жеңімпаз болды. Ол тек орыстық көлемде ғана емес, бүкіл дүние жүзілік-тарихи көлемде де жеңімпаз болды. Мен сіздерге жасаған қорытындылардың әрқайсысын соғыс науқанының нәтижелері негізінде жасадым. Міне, сондықтан, тағы да айтамын, жаңа әрекеттердің сәтсіздікке ұшырайтындығы сөзсіз,— өйткені бұл әрекеттер бұрынғы болғанынан анағұрлым әлсіреді, ал біз Колчакты, Юденичті жеңгеннен кейін, енді Деникинді жеңе бастағанымыздан кейін және, сірә, бұл жеңіс толық жеңіс болуға айналғаннан кейін анағұрлым күшейіп алдық. Колчак осы бүкіл дүние жүзілік-қуатты Антантадан көмек алған жоқ па? Урал мен Сибирьдің шаруалары, Құрылтай жиналысы сайлауында большевиктерге ең аз процент берген шаруалар ол кезде меньшевиктер мен эсерлердің майданы болған Құрылтай жиналысы майданын түгел қолдаған жоқ па,— олар коммунистерге қарсы таңдаулы адам материалы болған жоқ па? Сибирь — помещиктік жер иелігі болмаған және біз онда шаруалар бұқарасына, барлық орыс шаруаларына көмектескеніміздей, бірден көмектесе алмаған өлке болмады ма? Бізді жеңу үшін Колчакқа не жетпеді? Барлық империалистерге не жетпесе, оған да сол жетпеді. Ол қанаушы болып қала берді, ол дүние жүзілік соғыстың мұрасы жағдайында қимыл жасауға тиіс болды; бұл жағдай демократия мен бостандық туралы тек қана мылжыңдауға мүмкіндік берді, диктатураның не біреуін, не екіншісін: не өзінің нұрсаттылығын жанталасып қорғайтын және барлық халықтардан миллиардтар өндіргісі келіп, қолына ұстап отырған вексельдері бойынша алым төленуге тиіс дейтін қанаушылар диктатурасын, не капиталистер өкіметімен күресетін және еңбекшілер өкіметін берік қамтамасыз етуді тілейтін жұмысшылар диктатурасын орнатуға мүмкіндік берді. Колчак тек осы себепті құлап түсті. Сибирь мен Уралдың шаруасы өз тағдырын сайлау бюллетенін беру жолымен емес,— белгілі бір жағдайда бұл әдіс те, әрине, жаман емес,— іс жүзінде, міне, осындай әдіспен белгіледі. Ол шаруа 1918 жылдың жазында

большевиктерге паразы болды. Ол большевиктердің артық астықты жалдаптық бағамен бергізбейтінін көрді, сондықтан ол Колчак жағына шығып кетті. Қазір ол байқап, салыстырып көрді де, басқаша қорытындыға келді. Ол өзіне үйретілген бүкіл ғылымға қарамастан осыны ұғынды, өйткені тек екі диктатура ғана болуы мүмкін екенін, не жұмысшылар диктатурасын таңдау керек,— демек, барлық еңбекшілерге қанаушылардың езгісін құлатуға көмектесу керек,— не қанаушылардың диктатурасын таңдау керек екенін ол өз басынан кешіру арқылы үйренді, ал мұны көптеген эсерлер мен меньшевиктер ғылымпан ұғынғысы келмейді. (Қол шапалақтау.) Біз шаруаны өзімізге қаратып алдық, біз, жұмысшы табының өкілдері ретінде, шаруаларды басқа қандай партиядан болса да жақсырақ, анағұрлым нәтижелі түрде бастай білетіндігімізді ең ауыр тәжірибе арқылы, адам естіп-білмеген қиыншылықтардан өткен тәжірибе арқылы дәлелдедік. Басқа партиялар бізді: шаруаларға қарсы күрес жүргізесіздер, дұрыс шарт жасаса білмейсіздер деп айыптауды тәуір көреді және бәрі де бізді шаруалармен татуластырмақ болып, өздерінің игілікті, қайырымды көмегін ұсынады. Бұларыңыз үшін ізетпен алғыс айтамыз, мырзалар, бірақ сіздер мұны істейді деп ойламаймыз. Ал біз болсақ, қайткен күнде де, мұны істей білгенімізді әлдеқашан дәлелдедік. Біз шаруаны әсем көріністерді суреттеп қызықтырған жоқпыз, темірдей берік тәртіп және жұмысшы табының берік өкіметі болмаса да капиталистік қоғамнан құтыла аласың, бюллетеньдерді құр жинастырудың өзі капиталмен күресу туралы бүкіл дүние жүзілік-тарихи мәселені шешеді деген жоқпыз. Біз турасын айттық: диктатура — қатаң, ауыр және тіпті қанды сөз дедік, бірақ біз оған жұмысшылардың диктатурасы қанаушылардың езгісін құлатуды қамтамасыз ететінін айттық, ал біздің бұл айтқанымыз дұрыс болып шықты. Шаруа бұл диктатураның екеуін де іс жүзінде сынақтан өткізіп көргеннен кейін жұмысшы табының диктатурасын таңдады және толық жеңіске жеткенге дейін онымен бірге ілгері баса береді. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, біздің халықаралық жеңістеріміз туралы менің айтқандарымнан мынадай,— меніңше, бұған көп тоқталуға тура келмес,— қорытынды туады: біз өзіміздің бітім жөніндегі ұсынысымызды мейлінше іскерлікпен және сабырлылықпен қайталауға тиіспіз. Біздің мұны істеуге тиісті болуымыздың себебі, біз мұндай ұсынысты мұнан бұрын әлденеше рет жасадық. Және ұсыныс жасаған сайын біз қандай да болса білімді адамның көз алдында, тіпті жауымыздың көз алдында әрдайым ұтып шығып келдік, сөйтіп осы білімді адамның өзі де ұялғаннан қызаратын. Бізге Буллит келіп, оны Чичерин жолдас қабылдағанда, ол Чичеринмен және менімен әңгімелескен кезде, біз бірнеше сағаттың ішінде бітім туралы алдын ала шарт жасасқан кезде, міне осылай болды. Сонда ол бізді: Америка бәрін де істей алады, Америка күшті болып отырғанда Франциямен кім есептеседі?— деп сендірмек болды (бұл мырзалар мақтануды сүйеді). Ал біз шартқа қол қойғаннан кейін француз министрі де, ағылшын министрі де мынадай ишара жасады. (Ленин сол ишараны аяғын сілтеп көрсетті. Күлкі.) Буллит құр қағазбен қалып қойды да, оған былай делінді: «Сені мұндай аңқау, мұндай зердесіз болып, Англия мен Францияның демократизміне нанады деп кім күткен еді!» (Қол шапалақтау.) Ал мұның нәтижесінде мен сол номерден Буллитпен жасалған шарттың французша толық текстін оқыдым[145],— және бұл барлық ағылшын және американ газеттерінде басылған. Мұның нәтижесінде олар өздерін бүкіл әлем алдында әлде алаяқ па, әлде балалар ма дерліктей етіп көрсетті,— өздері бірін таңдап алсын! (Қол шапалақтау.) Ал тіпті мещандардың, тіпті бір кезде өзінің патшалары мен корольдеріне қарсы күрескенін есіне түсірген азды-көпті білімді буржуазияның да бүкіл тілектестігі біздің жағымызда, өйткені біз бітімнің ең ауыр шарттарына іскерлікпен қол қойып, былай дедік: «Біздің жұмысшыларымыз бен солдаттарымыздың қаны біз үшін өте қымбат; біз сіздердей көпестерге бітім үшін ауыр алым төлейміз; жұмысшылар мен шаруалардың өмірін сақ-

тау үшін ғана біз ауыр алым төлеуге көнеміз». Сондықтан, менің ойымша, бізге көп сөйлеудің қажеті жоқ, ендеше соңыра мен Советтердің съезі атынан біздің бейбітшілік саясатын жүргізуге ұмтылған табанды тілегімізді білдіретін қарардың жобасын оқып шығамын. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Мен енді баяндаманың халықаралық және соғыс жөніндегі бөлімінен саяси бөліміне көшкім келеді.

Біз Антантаны үш рет мықтап жеңдік, және де бұлар әсте әскери жеңістер болып қана қойған жоқ. Бұлар жұмысшы табының диктатурасы жеткен жеңістер болды және әрбір осындай жеңіс біздің жағдайымызды нығайта түсті, нығайтқанда біздің дұшпанымыз тек қана әлсіреп, әскерсіз қалғандығынан емес,— бүкіл еңбекші адамзаттың және тіпті буржуазияның көптеген өкілдерінің де көз алдында ұтқандығымыз себепті біздің халықаралық жағдайымыз нығая түсті. Міне бұл жағынан біздің Колчакты, Юденичті жеңіп шығуымыз және қазір Деникинді жеңіп жатқандығымыз бізге келешекте де жұртшылықтың тілектестігіне бейбіт жолмен, бұған дейінгіден әлдеқайда кең көлемде ие болуымызға мүмкіндік береді.

Бізді әрқашан терроризм жөнінде айыптап келді. Бұл баспасөз бетінен түспей келе жатқан дағдылы айыптау. Бұл айыптау мынадай: біз терроризмді принципке айналдырыппыз. Біз бұған: «Мұндай жалаға сіздер өздеріңіз де нанбайсыздар» деп жауап береміз. «Юманите» газетіне хат жазған тарихшы Олардың нақ өзі былай деп жазады: «Мен тарихты оқып үйрендім және оны үйреттім. Большевиктер бар болғаны — азғындар, монстрлар және құбыжықтар дегенді оқығанымда, мен былай деймін: Робеспьер мен Дантон туралы да соны жазған болатын. Бұлай дегенде,— дейді ол,— мен қазіргі орыстарды бұл ұлы адамдармен әсте теңеп отырған жоқпын, тіпті де олай емес; оларда ешбір азды-көпті ұқсастық жоқ. Бірақ мен, тарихшы ретінде: әрбір лақапқа нануға болмайды ғой деймін». Буржуазиялық тарихшы осындай сарынмен сөйлей бастағанда, біз өзіміз туралы таратылып жүрген өтіріктің сейіле бастағанын көреміз. Біз былай дейміз: бізді

террор жасауға мәжбүр етті. Терроризмді бүкіл дүние жүзілік-қуатты Антантаның шапқыншылығы туғызғанын кейбіреулер ұмытып жүр. Бүкіл дүние жүзілік флот ашыққан елге блокада жасап отырса, бұл террор емес пе? Шетелдік өкілдер қайдағы бір дипломаттық ешкім тимеушілікке сүйеніп, ақ гвардиялық көтерілістер ұйымдастырса, бұл террор емес пе? Істің жайына дегенмен азды-көпті сергек қарау керек. Халықаралық империализм революцияны жаныштау үшін бәрін де бәске тігіп отырғанын, ол еш нәрседен де тартынбай: «Бір офицер үшін бір коммунисті құртамыз, сонда біз ұтамыз!» деп отырғанын түсіну керек қой. Олардікі рас та. Егер біз халықаралық жыртқыштар құрған, соғыста айуандарға айналған бұл әскерлерге террормен емес, басқаша әдіспен, сөзбен иландыру арқылы әсер етіп көрсек, біз екі ай да төтеп бере алмаған болар едік, біз ақымақ болып қалар едік. Бізді террор жасауға Антантаның терроризмі, өз елінің бостандығын қорғап күрескені үшін жұмысшылар мен шаруаларды тұншықтырып келген, тұншықтырып отырған және аштан өлуге ұшыратып отырған бүкіл дүние жүзілік-қуатты капитализмнің терроры мәжбүр етті. Сондықтан террордың осы бастапқы себебі мен себебін жою жолындағы жеңістерімізге қадам басқан сайын біз сөзсіз және үнемі арыла түсіп, иландыру мен әсер етудің осы құралынсыз-ақ ел басқара алатын боламыз.

Біз терроризм туралы айтатынымызды өзіміздің барлық қобалжығыш элементтерге көзқарасымыз туралы да айтамыз. Бізді орта топтың адамдары үшін, буржуазиялық интеллигенция үшін адам айтқысыз ауыр жағдай туғызды деп айыптайды. Біз былай дейміз: империалистік соғыс империалистік саясаттың жалғасы болды, сондықтан ол революцияны туғызды. Империалистік соғысты буржуазия өзінің жыртқыштық мүдделері үшін жүргізетінін, бұл соғыста халық қырғынға ұшырайтынын, ал буржуазия байи түсетінін соғыс кезінде жұрттың бәрі сезді. Бұл — буржуазияның барлық елдердегі саясатының негізгі арқауы, нақ осының өзі оны құртуда және біржолата құртады. Ал біздің соғысымыз — революция саясатының жалғасы,

және де бұл — қанаушылардан қорғану үшін жүргізіліп отырған соғыс, жұмысшылар мен шаруаларға өте-мөте көп құрбандық жүктейтін, бірақ бұл құрбандықты басқа таптарға да жүктеу үшін еш нәрседен тартынбайтын соғыс екенін әрбір жұмысшы мен шаруа біледі, ал білмейтін болса, инстинктімен сезіп, аңғарады. Бұл құрбандық, жұмысшылар мен шаруаларға қарағанда, басқа таптарға ауырырақ соғатынын, өйткені олардың пұрсатты тапқа жататынын біз білеміз. Бірақ біз былай дейміз: әңгіме миллиондаған еңбекшілерді қанаушылардан азат ету жөнінде болып отырғанда, басқа таптарға құрбандық жүктеуден тартынатын үкімет социалистік үкімет емес, опасыз үкімет болар еді. Егер біз ауыртпалықты орта таптарға жүктесек, оның себебі, Антанта үкіметтері бізді адам естіп-білмеген ауыр жағдайға душар етті. Сондықтан біздің жеңістеріміздің әрбір қадамының нәтижесінде,— мұны біз өз революциямыздың тәжірибесінен көріп отырмыз, бірақ мен бұған егжей-тегжейлі тоқтала алмаймын,— қобалжығыш элементтердің өкілдері, барлық қобалжуды және кері қайту жөніндегі толып жатқан әрекетті бастан кешіргеннен кейін, еңбекшілер диктатурасы мен қанаушылар өкіметінің біреуін таңдаудан басқа жол шынында жоқ екенін көріп-біліп отыр, бұлардың саны барған сайын көбейіп келеді. Егер осы элементтер үшін ауыр кезеңдер туған болса, бұған большевиктік өкімет кінәлы емес, ақ гвардияшылар кінәлы, Антанта кінәлы, сондықтан оларды жеңу барлық осы таптардың жағдайын жақсартудың нағыз және баянды шарты болады. Бұл жөнінде, жолдастар, мен ел ішіндегі саяси тәжірибенің сабақтарына көшіп, соғыстың қандай маңыз алып отырғаны туралы бірнеше сөз айтқым келеді.

Біздің соғысымыз — революция саясатының жалғасы, қанаушыларды, капиталистер мен помещиктерді құлату саясатының жалғасы. Сондықтан біздің соғысымыз қаншама шексіз ауыр болғанымен, жұмысшылар мен шаруаларды бізге тілектес етеді. Соғыс саясаттың жалғасы ғана емес, ол — саясаттың жиынтығы, бүкіл дүние жүзілік-қуатты Антантаның көмегімен

помещиктер мен капиталистер бізді мәжбүр еткен осы адам айтқысыз ауыр соғыста саясатты үйреткендік. Осы от-жалында жұмысшылар мен шаруалар көп нәрсе үйренді. Жұмысшылар мемлекеттік өкіметті қалай пайдалануды, әрбір қадамын насихат пен білімнің қайнар бұлағына қалай айналдыруды, көпшілігі шаруалар болып отырған осы Қызыл Армияны шаруаларды ағарту құралына қалай айналдыруды, Қызыл Армияны қалай буржуазиялық мамандарды пайдалану құралы етуді үйренді. Біз бұл буржуазиялық мамандардың орасан көпшілігі бізге қарсы екенін білеміз,— орасан көпшілігі бізге қарсы болуға тиіс те,— өйткені бұл жерде олардың таптық тегі әсерін тигізеді, бұл жөнінде біздің ешқандай күмәнымыз болмауы керек. Бізге жүздеген, мыңдаған осындай мамандар опасыздық жасады, ал ондаған мың мамандар барған сайын адал қызмет етті, өйткені нақ күрестің барысында олар біздің жағымызға тартылды, өйткені Қызыл Армияда кереметтер жасаған революциялық энтузиазм біздің жұмысшылар мен шаруаларға қызмет етіп, олардың мүдделерін қанағаттандырып отырғанымыздан туғанды. Өздерінің не үшін күресетіндіктерін білетін, жұмыла қимыл жасайтын жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының осы жағдайы өз дегенін істеді, сөйтіп, бізге басқа лагерьден өткен, кейде санасыз өткен, адамдар біздің саналы жақтастарымызға айналды және айналып отыр, олардың саны барған сайын көбейіп келеді.

Жолдастар, енді біздің алдымызға мынадай міндет — өзіміздің әскери қызметімізде алған тәжірибені бейбіт құрылыс саласында қолдану міндеті қойылып отыр. Біз жүргізген азамат соғысының басты кезеңінің өткендігі, біздің бәрімізді өзіне тартатын, біз тілейтін, біз жасауға тиісті және барлық күшіміз бен бүкіл өмірімізді жолына арнауға тиісті бейбіт құрылыстың басты кезеңінің алда тұрғандығы бізді өте-мөте қатты қуантады және Советтік Россияның тарихындағы бетбұрыс пункт — Советтердің Бүкіл россиялық VII съезін құттықтауға өте-мөте зор мүмкіншілік береді. Қазір біз соғыстың ауыр сындары негізінде былай дей аламыз: біз негізгі мәселеде, соғыс және халықаралық

мәселе жөнінде, жеңіп шықтық. Біздің алдымызда бейбіт құрылыстың жолы ашылып отыр. Әрине, жау біздің әр адымымызды аңдып отырғанын және бізді өзінің қолындағы барлық амалдар арқылы: күштеу, алдап-арбау, азғыру, заговорлар ұйымдастыру, т. т. арқылы құлатуға әлі де толып жатқан әрекеттер жасайтынын естен шығармау керек. Біздің міндетіміз — соғыс ісінде өзіміз алған бүкіл тәжірибені енді бейбіт құрылыстың негізгі мәселелерін шешуге бағыттау. Мен бұл басты мәселелерді атап өтейін. Ең алдымен бұл — *азық-түлік туралы мәселе, астық туралы мәселе.*

Біз соқыр сенімдер мен әдет-ғұрыптарға қарсы ең ауыр күрес жүргіздік. Бір жағынан, шаруа — еңбеккер; ол ондаған жылдар бойы помещик пен капиталистің езгісін бастан кешірді, сондықтан езілген адамға тән инстинкт арқылы ол осынау айуанның өз өктемдігін қайта орнату үшін қанды селдей ағызудан тайынбайтынын біледі. Бірақ, екінші жағынан, шаруа — меншікші. Ол астықты еркін сатқысы келеді, ол «сауда бостандығын» тілейді, ол ашыққан елде астық сату бостандығы жалдаптық бостандық, байлар үшін байи түсу бостандығы екенін түсінбейді. Сондықтан біз былай дейміз: біз он уақытта мұны істемейміз, бұған ырық бергенше, түгел қырылып қалғанымыз-ақ жақсы.

Біз бұл арада мынадай саясат жүргізіп отырғанымызды білеміз: жұмысшылар шаруаларды астықты қарызға беріп отырсыңдар деп сендіреді, өйткені қағаз астықтың эквиваленті емес, балама құны емес. Шаруа бізге астықты тұрақты бағамен береді де, бізде товар болмағандықтан, оны ала алмай, түрлі-түсті қағаздар алады. Ол астықты қарызға береді, ал біз оған былай дейміз: «Егер сен еңбек адамы болсаң, сен мұның әділдігіне қарсы сөз айта аласың ба? Қолда бар артық астықты жалдаптық жолмен өткізбей, тұрақты бағамен қарызға беруге сен қалайша ризалық білдірмейсің, өйткені жалдаптық — капитализмге қайтып оралғандық, қанаушылыққа, біз неге қарсы күрескен болсақ, соған қайтып оралғандық емес пе?». Бұл — орасан зор қиыншылық, бұған келгенде біз көп қобалжыдық. Біз көп

қадам жасадық және қармалап жүріп қадам жасаудамыз, бірақ біз негізгі тәжірибені алдық. Цюрупа жолдастың немесе азық-түлік саласындағы басқа қызметкерлердің баяндамасын естігенде, сіздер мынаны көресіздер: салымға,— мемлекеттің шаруаларға астықты қарызға беруің керек деп отырғанына,— міне осы салымға шаруалар дағдыланып келеді, біз бірқатар болыстардан салымның толық 100 процент орындалғаны туралы хабарлар алып отырмыз, табысымыз тіпті аз бола тұрса да, дегенмен табыс бар, біздің азық-түлік саясатымыз шаруаларға мынаны барған сайын айқын ұғындырып отыр: егер күйзелген елде астық саудасы бостандығының болуын тілесең,— онда кері қайт, Колчакпен, Деникинмен бірге болып көр! Біз бұған қарсы қасық қанымыз қалғанша күресеміз. Мұнда ешқандай кеңшілік болмауға тиіс. Бұл негізгі мәселеде, астық туралы мәселеде, біз бар күшімізді салып, жалдаптық болмайтын етеміз, астық сату байларды байытпайтын етеміз, жалпы мемлекеттік жерде еңбекшілердің талай ұрпақтарының еңбегімен алынған барлық артық астықты, осы артық астықтың бәрін мемлекет игілігі болатын етеміз, қазір, мемлекет күйзеліп отырғанда, шаруалар бұл артық астықты жұмысшы мемлекетіне қарызға беретін етеміз. Егер шаруа мұны істесе, біз барлық қиыншылықтардан құтыламыз, біз өнеркәсіпті қалпына келтіреміз, сөйтіп жұмысшы өзінің борышын шаруаға еселеп қайтарады. Жұмысшы шаруаның да, оның балаларының да помещик пен капиталиске жұмыс істемей-ақ өмір сүру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Біз шаруаға осылай дейміз, ал оның бұдан басқа жол жоқ екендігіне көзі жетеді. Бізден гөрі біздің дұшпандарымыз — Колчак пен Деникин мырзалар бұған шаруаның көзін көбірек жеткізуде. Олар шаруаға өмірдің нақты сабақтарын өте-мөте көп үйретіп, оны біздің жағымызға шығарып жатыр.

Бірақ, жолдастар, астық туралы мәселеден кейін екінші *мәселе — отын туралы* мәселе келеді. Қазір дайындау орындарында Питер мен Москваның аш жұмысшыларын азықтандыруға әбден жеткілікті астық жиналды. Ал Москваның жұмысшы кварталдарын ара-

ласаңыздар, қазір сұмдық суықты, отын туралы мәселенің зардабынан күшейген сұмдық күйзелісті көресіздер. Мұнда біз өте ауыр дағдарысқа ұшырап отырмыз, мұнда біз қажетімізді өтеуден кейіндеп қалдық. Соңғы кезде Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінің бірқатар мәжілістері отын дағдарысынан құтылу шараларын белгілеуге арналды[146]. Ксандров жолдас менің сөзіме материал берді; бұл материал біздің осы ауыр дағдарыстан шыға бастағанымызды көрсетеді. Октябрьдің басында аптасына 16 мың вагон тиелген еді, октябрьдің аяғында бұл цифр аптасына 10 мыңға түсті. Мұның өзі дағдарыс еді, мұның өзі апат еді, мұның өзі Москваның, Петроградтың және басқа да бірқатар жерлердің бірсыпыра заводтары мен фабрикаларының жұмысшылары үшін аштылық еді. Бұл апаттың зардаптары осы күнге дейін біліну келеді. Одан кейін, біз бұл іске күш салдық, барлық күшімізді жұмсадық, соғыс ісі жөнінде не істесек, мұнда да соны істедік, біз былай дедік: саналының бәрі түгелімен отын мәселесін шешуге жұмылдырылсын; шешкенде, жалдаптарға сыйлық берген, олар анау-мынау заказ алып, бұл істен байыған кездегі капитализмнің ескі жолымен шешу емес,— жоқ, біз былай дедік: мәселені социалистік жолмен, жанқиярлық жолмен шешіңдер, қызыл Питерді қандай жолмен аман сақтап қалған болсақ, Сибирьді қандай жолмен азат еткен болсақ, барлық қиын сәттерде, революцияның барлық қиын міндеттері тұсында біз қандай жолмен жеңген болсақ және әрдайым қандай жолмен жеңетін болсақ, сондай жолмен шешіңдер. Сөйтіп, жүк тасу октябрьдің соңғы аптасындағы 12 мың вагоннан 20 мың вагонға жетті. Біз бұл апаттан құтылып келеміз, бірақ толық құтылуымызға әлі көп бар. Адамдарға керекті нансыз, өнеркәсіпке керекті нансыз, яғни отынсыз, ел апатқа ұшырайтынын барлық жұмысшылар біліп, есте сақтайтын болу керек. Тек біздің еліміз ғана емес. Бүгін газеттер Францияда, жеңген елде, темір жолдардың тоқтап жатқанын хабарлап отыр. Россия туралы не айтатыны бар? Франция дағдарыстан капиталистік жолмен, капиталистерді байыту, бұқара-

ны онан әрі жоқшылыққа ұшырату жолымен шығады. Советтік Россия дағдарыстан жұмысшылардың тәртіптілік пен жанқиярлық көрсетуі жолымен, шаруаларға қатаң сөз салу жолымен шығады; мұндай қатаң сөз салуды, сайып келгенде, шаруа әрдайым түсінеді. Өткел қаншама ауыр болса да, жұмысшылардың мемлекеттік өкіметінің қолы қаншама қатаң болса да, бұл — еңбекші бұқараның одағы үшін, қанаушылық атаулыны толық жою үшін күресетін еңбеккердің қолы екенін шаруа тәжірибе арқылы білетін болады.

Бізге тағы үшінші тажал да төніп келеді; ол — *бит*, әскерлерімізді баудай түсіріп жатқан *бөртпе сүзек*. Мұнда да, жолдастар, бөртпе сүзек жайлаған жерлерде болып жатқан сұмдықты көз алдыңа елестету мүмкін емес; ондағы халық қалжыраған, әлсіреген, материалдық қаражат жоқ,— тіршілік атаулы, жұртшылық атаулы жоғалып жатыр. Мұнда біз былай дейміз: «Жолдастар, барлық назар осы мәселеге аударылсын. *Не бит социализмді жеңеді, не социализм битті жеңеді!*». Бұл мәселеде де біз, жолдастар, әлгіндей әдістермен әрекет ете отырып, ойдағыдай нәтижелерге жете бастадық. Әрине, жұмысшы өкіметіне теріс ұғыммен және сенбеушілікпен қарап, бөртпе сүзекке қарсы ауыр күреске барудан гөрі байлардан ақы алып отыруды артық көретін дәрігерлер әлі де бар. Бірақ мұндайлар азшылық, мұндайлар барған сайын азайып келеді, ал көпшілігі халық өзінің өмір сүруі үшін күресіп жатқанын көріп отыр, халық өзінің күресімен мәдениет атаулыны құтқарудың негізгі мәселесін шешкісі келетінін көріп отыр; мұндай дәрігерлер осы ауыр және қиын іске жұмсаған жанқиярлық еңбегі жағынан әскери маманның қандайынан болса да кем түспей отыр. Олар өздерінің күштерін еңбекшілерге қызмет ету жолына жұмсауға риза. Мен біздің бұл дағдарыстан да шыға бастағанымызды айтуға тиіспін. Семашко жолдас маған бұл жұмыс жөнінде анықтама берді. Майданнан алынған мәліметтер бойынша, 1 октябрьге дейін онда 122 дәрігер, 467 фельдшер барған. Москвадан 150 дәрігер жөнелтілді. Біз 15 декабрьге дейін майданға тағы да 800 дәрігер аламыз деп үміт етуге

негіз бар; бұлар бөртпе сүзекке қарсы күресте көмектеседі. Біз бұл тажалға көп көңіл бөлуге тиіспіз.

Біз өзіміздің осы іргетасымызды — астықты, отынды, бөртпе сүзекке қарсы күресті — нығайтуға баса көңіл бөлуге тиіспіз. Жолдастар, біздің социалистік құрылысымызда кейбір бытыраңқылық байқалып отырғандықтан да мен бұл туралы баса айтқым келеді. Мұның өзі түсінікті де. Жұрт бүкіл дүниені қайта құруға ұйғарғаннан кейін, бұл жұмысқа тәжірибесіз жұмысшылар мен тәжірибесіз шаруалардың қатыстырылатыны әбден табиғи нәрсе. Не нәрсеге өте-мөте көбірек көңіл бөлу керек екенін біз дұрыс белгілегенге дейін көп уақыт өтетініне күмән жоқ. Мұндай ұлы тарихи міндеттер екінің бірінде ұлы қиялдарды туғызып отырғаны, ал ұлы қиялдар көптеген ұсақ, сәтсіз қиялдармен қатар туатыны таңданарлық нәрсе емес. Біз құрылысты жоғарғы жағынан, қайдағы бір қосалқы үйден, сыртқы ернеуден бастап, іргетасына шындап көңіл бөлмеген кездеріміз көп болды. Мен сіздерге өзімнің тәжірибем, өзімнің жұмысты байқауымның нәтижесі ретінде, өзімнің: осы іргетасты қалау — біздің саясатымыздың шұғыл міндеті деген пікірімді білдіргім келер еді. Әрбір жұмысшы, әрбір үйым, әрбір мекеме мұны әрбір мәжілісте өзіне өзі айтып отыратын болу керек. Егер біз астықпен жабдықтасақ, егер біз отынның мөлшерін көбейте алсақ, егер біз мәдениетсіздіктің, қайыршылықтың, қараңғылықтың және надандықтың нәтижесі болып табылатын бөртпе сүзекті орыс жерінің бетінен жоюға барлық күшімізді аямай жұмсасақ, егер біз қан төгіс соғыста жұмсаған барлық күшімізді, онда алған бүкіл тәжірибемізді осы қан төгіссіз соғыста қолдансақ,— бұл істе, дегенмен, соғысқа қарағанда анағұрлым жеңіл, анағұрлым адамгершілік сипаттағы бұл істе біз барған сайын зор табысқа жететіндігімізге сенуімізге болады.

Әскери мобилизацияны біз жүзеге асырдық. Біздің барып тұрған ымырасыз дұшпанымыз болған, капитализмнің идеяларын өте-мөте ұзақ қорғаған және қорғап отырған партиялар, мәселен, эсерлер, буржуазиялық империалистер тарапынан бізге жаудырылған

барлық айыптауларға қарамастан, Қызыл Армияның халықтық армияға айналғанын мойындауға тиіс болды. Мұның мәнісі — біз осы ең қиын істе жұмысшы табын оның жағына шығып отырған шаруалардың орасан көп бұқарасымен біріктіруді жүзеге асырдық, сөйтіп, оған жұмысшы табының басшылығы дегеннің не екенін көрсеттік.

«Пролетариат диктатурасы» деген сөздер шаруаларды үркітеді. Россияда бұл — шаруалар үшін құбыжық. Олар осы құбыжықты таратушыларға қарсы шығып жатыр. Бірақ пролетариат диктатурасы, мүмкін, өте қиын латын сөзі бола тұрса да, ол практикада — мемлекеттік аппаратты жұмысшылардың қолына беретін Совет өкіметі екенін шаруалар енді біледі. Сонымен, ол — еңбекшілердің ең адал досы және одақтасы, қанаушылық атаулының ең рақымсыз жауы. Сондықтан да біз, сайып келгенде, барлық империалистерді жеңеміз. Өйткені бізде күштің терең қайнар бұлағы, адам материалының кең және терең резервуары бар; мұндай материал бірде-бір буржуазиялық үкіметте жоқ және еш жерде болмайды. Бізде алдыңғы қатарлы жұмысшылардан орташаларға көшіп қана қоймай, онан да төменге — еңбекші шаруаларға, кедей және ең кедей шаруаларға дейін өтіп, барған сайын үдете, барған сайын тереңдете, өзіміз күш ала алатын материал бар. Соңғы кезде петроградтық жолдастар: Питер өзінің барлық қызметкерлерін берді, енді ештеңе бере алмайды деді. Ал қиын-қыстау күн туғанда, Зиновьев жолдастың дұрыс айтқанындай, Питер таңғажайып болып шықты, нақ бір жаңа күштерді туғызғандай қала болып шықты. Орташа жұмысшылардан төмен деп есептелген, ешқандай мемлекеттік және саяси тәжірибесі болмаған жұмысшылар барынша өсіп шықты, насихат, үгіт, ұйымдастыру ісі үшін көп күш берді, үсті-үстіне жаңа кереметтер жасады. Үсті-үстіне жаңа кереметтер жасау үшін бұл қайнар бұлақ бізде әлі де өте-мөте мол. Жұмысқа әлі тартылмаған жұмысшылар мен шаруалардың әрбір жаңа тобы — біздің ең адал достарымыз бен одақтастарымыз. Бізге қазір мемлекетті басқару үстінде үнемі алдыңғы қатарлы жұмысшылардың

өте шағын тобына сүйенуге тура келеді. Біз өзіміздің партиялық жұмысымызда да, өзіміздің советтік практикамызда да партияда жоқтарға қайта-қайта қол артуға, партияда жоқ жұмысшылар мен шаруаларға барған сайын батыл қол артуға, оларды бірден өз жағымызға аударып, өзіміздің партиямызға тарту мақсатымен емес,— бізге мұның маңызы шамалы,— елді құтқару үшін олардың көмегі керек екенін оларға ұғындыру мақсатымен қол артуға тиіспіз. Помещиктер мен капиталистер мемлекетті басқаруға өте-мөте аз қатыстырған адамдарға, осыларға біз оларды өзімізбен бірге социалистік республиканың берік іргетасын қалауға шақыратындығымызды ұғындырған кезімізде, міне сонда біздің ісіміз түпкілікті жеңімпаз іс болады.

Сондықтан да екі жылдың тәжірибесі негізінде біз: соғыстағы жеңістеріміздің әрбір қадамы өзіміздің күштерімізді түгелінен бейбіт құрылысқа арнайтын уақытты,— ол уақыт қазірдің өзінде тіпті жақын тұр,— орасан зор шапшаңдықпен жақындатады деп кәміл сеніммен айта аламыз. Өзіміз алған тәжірибе негізінде біз таяудағы жылдарда бұл бейбіт құрылыс ісінде бүкіл дүние жүзілік қуатты Антантаға қарсы жеңімпаздық соғыстың осы екі жылында жасағанымыздан әлдеқайда зор кереметтер жасайтындығымызға кепілдік бере аламыз. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, қорытындыда сіздерге өзім ұсынатын қарардың жобасын оқып беруге рұқсат етіңіздер:

«Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасы советтік құрылыс негізінде өндірісті, транспортты және қоғамдық басқару ісін жолға қою үшін, барлық халықтармен тату тұрып, өзінің барлық күшін ішкі құрылысқа жұмсауды тілейді, ал бұған әуелі герман империализмінің езгісі, онан кейін Антантаның қол сұғуы мен аштық блокадасы осы күнге дейін бөгет жасап келді.

Жұмысшы-шаруа үкіметі Антанта державаларына талай рет бітім ұсынды, атап айтқанда: 1918 ж. 5 августа Сыртқы істер халық комиссары американ өкілі Пуль мырзаға үндеу жолдады; 1918 ж. 24 октябрьде президент Вильсонға үндеу жолдады; 1918 ж. 3 ноябрь-

де бейтарап елдердің өкілдері арқылы барлық Келісу үкіметтеріне үндеу жолданды; 1918 ж. 7 ноябрьде Советтердің Бүкіл россиялық VI съезі атынан ұсыныс жасалды; 1918 ж. 23 декабрьде Стокгольмде Антантаның барлық өкілдеріне Литвиновтың нотасы тапсырылды; онан кейін 1919 ж. 12 январьдағы, 17 январьдағы үндеулер, 1919 ж. 4 февральда Антанта үкіметтеріне нота тапсырылды; 1919 ж. 12 мартта президент Вильсонның атынан келген Буллитпен жасалған шарттың жобасы болды; 1919 ж. 7 майда Нансен арқылы мәлімдеме жасалды.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Халық Комиссарлары Советінің және Сыртқы істер халық комиссариатының осы көптеген қадамдарының бәрін әбден мақұлдай отырып, Советтердің Бүкіл россиялық VII съезі өзінің үнемі бейбітшілікке ұмтылатынын тағы да растайды, Антантаның барлық державаларына — Англияға, Францияға, Америка Құрама Штаттарына, Италияға, Жапонияға — бәріне бірге және жеке-жеке бітім туралы келіс сөздерді дереу бастауды тағы да ұсынады, сөйтіп Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне, Халық Комиссарлары Советіне және Сыртқы істер халық комиссариатына осы бейбітшілік саясатын үнемі жүргізе беруді, оның табысты болуы үшін барлық қажетті шараларды қолдануды тапсырады».

2
БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША 6 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

(Дауыстар: «Ленин жолдас жасасын! Ура!» Қол шапалақтау.) Жолдастар! Менің байқауымша, Мартов өзінің сөзі мен өзінің декларациясы арқылы бізге бұрын II Интернационалдың қатарында болған және қазір де соның қатарында болып отырған топтар мен партиялардың Совет өкіметіне қалай қарайтындығының ерекше айқын үлгісін көрсетіп берді; қазір біз бұл II Интернационалға қарсы Коммунистік Интернационал құрдық. Мартовтың сөзі мен оның декларациясы арасындағы айырмашылық сіздердің қайсыңызға болса да айқын көрінді,— Мартовқа президиумнан: «Сіздің мұныңыз өткен жылғы декларация емес пе?» деп ескертпе жасаған Сосновский жолдас та өзінің ескертпесінде бұл айырмашылықты атап көрсетті. Шынында да, Мартовтың сөзі 1919 жылғы, оның аяқ кезіндегі сөз екені күмәнсыз, ал декларациясының жасалуы сондай, біз бұдан олардың 1918 жылы айтқандарының толық қайталануын көріп отырмыз. (Қол шапалақтау.) Ал Мартов Сосновскийдің осы ескертпесіне: бұл декларация «мәңгілік» декларация деп жауап берді, міне бұл арада мен дегенмен меньшевиктерді Мартовтан қорғағым келеді. (Қол шапалақтау, күлкі.) Өйткені мен, жолдастар, меньшевиктер қызметінің дамуы мен барысын басқа кімнен болса да көбірек және мұқият байқаған болсам керек,— мұның өзі тіпті де онша ұнамды бола қойған жоқ. Міне осы он бес жылдық байқау негізінде мен бұл деклара-

ция «мәңгіге» қалу түгіл, бір жылға да қалмайды деймін (қол шапалақтау), өйткені, әсіресе орыс революциясының тарихында басталған осындай ұлы кезеңде, меньшевиктердің бүкіл дамуы бізге олардың арасында орасан зор қобалжу бар екенін көрсетеді, жалпы және тұтас алғанда, бұл қобалжу мынаған келіп саяды: олар орасан зор қиындықпен, өздері тілемесе де, буржуазиядан және оның соқыр сенімдерінен алыстап келеді. Сан рет қарыса отырып, олар пролетариат диктатурасына жақындап келеді — өте баяу, дегенмен жақындап келеді, ал бір жылдан кейін олар тағы да бірнеше қадам жасайды,— бұған менің сенімім кәміл. Сонда бұл декларацияны қайталауға мүмкіндік болмайды, өйткені, егер одан парламенттік оппозицияның қандай болса да көсемінің атағын шығаратын жалпылама демократиялық құрғақ сөздер мен парламенттік сөйлемдердің қауызын алып тастасаңыздар, егер көп адамдарға ұнайтын, ал бізге жалықтырғыш көрінетін бұл сөздерді бір шетке лақтырып тастасаңыздар, сөйтіп істің шын мәнісін алсаңыздар, онда бүкіл декларация басынан аяғына дейін: буржуазиялық демократияға кері орал дейді, одан басқа ештеңе де айтпайды. (Қол шапалақтау.) Ал енді бізге тілектеспіз дейтін адамдардан осындай декларацияларды естігенде, біз өзімізге былай дейміз: жоқ, террор да, Төтенше комиссия[147] да әбден қажет нәрсе. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, қазір мені бұл декларацияға ілік тағып отыр деп сіздердің айыптамауларыңыз үшін немесе кімнің болса да мені айыптай алмауы үшін, мен саяси фактілер негізінде былай деп кесіп айтамын: мұндай декларацияға оңшыл меньшевик те, оңшыл эсер де қазір екі қолымен қол қояды. Бұған менің дәлелім бар. Вольский және оның тобы,— Вольский Құрылтай жиналысы комитетінің председателі, сіздер оның сөзін трибунадан естідіңіздер,— оңшыл эсерлер партиясының советі құрамынан бөлініп шығуға мәжбүр болды; осы оңшыл эсерлердің биыл өткізілген советі эсерлер өздеріне жақын деп есептейтін меньшевиктер партиясымен қосылуды тілейтінін білдіріп қалулы алды. Не

себепті? Себебі, декларациядағы және меньшевиктік басылымдардағы нәрселерді бастыруды (бізде толық баспасөз бостандығы жоқ деп налып, Бундтың[148] өкілі айтқандай, бұлар кілең теориялық нәрселер көрінеді де, бұларды бастыруға біздің рұқсат етпеуіміз орынсыз болыпты-мыс), осындай нәрселерді бастыруды оңшыл эсерлер жақтайды; олар меньшевиктермен ынтымақтасып отыр, ал меньшевиктердің декларациясы бүтіндей нақ оңшыл эсерлердің принциптеріндей принциптерге негізделіп құрылған. Мұнымен бірге, ұзақ күрестен кейін, Вольскийдің тобы бөлініп шығуға тиіс болды. Бұл жерде әңгіме біздің меньшевиктерге ілік тағуымызда емес, істің шын жайы осындай, мұны міне осы былық,— азшылық эсерлер тобының мысалы бізге айқын көрсетіп отыр. Осында меньшевик Розановтың еске түсірілуі жөн-ақ болды, Мартов және партия оны шығарып тастаған болар еді, ал мына декларацияға эсерлер де, меньшевиктер де қол қояды.

Демек, олардың арасында осы күнге дейін әр түрлі екі ағым бар; олардың біреуі қыңжылады, зарлайды, көңіл айтады және теория жүзінде демократизмге қайтып оралғысы келеді, ал екіншісі әрекет жасайды. Мартовтың мені терроризм туралы мәселеде ақталмақ болды деуі орынсыз. Осы сөздің өзі де ұсақ буржуазиялық демократияның көзқарастары бізден қандай ұшы-қиырсыз қашық екенін және олардың II Интернационалға қандай жақын екенін көрсетеді. Іс жүзінде бұларда социалистік еш нәрсе жоқ, қайта нақ мұның керісінше. Социализм жақындағанда бізге тағы да ескі буржуазиялық көзқарастарды уағыздайды. Мен өзімді ақтаған жоқпын, мен соғыс туғызған арнаулы партия, империалистік соғыстың өн бойында әскерлерді басқарған, бұл соғыста көзге көрінген, практикалық саясаттың не екенін білетін офицерлердің партиясы туралы айттым. Бізге: «Сіздің Төтенше комиссияны не жою керек, не жақсылап ұйымдастыру керек» дегенде, біз, жолдастар, былай деп жауап береміз: біз істеп жатқанымыздың бәрі жақсы деуден аулақпыз, сондықтан біз титтей де паңданбай үйренуге әзірміз және қуанышпен үйренеміз. Бірақ Құрылтай жиналысында болған адам-

дар бізге помещиктердің, ақ гвардияшылардың ұлдары мен офицерлерінен қорғайтын күзетті қалай қоюды үйреткісі келсе, біз оларға былай жауап береміз: сіздер өкімет басында болып, Керенскиймен бірге Корниловқа қарсы күрестіңіздер ғой, Колчакпен де бірге болдыңыздар ғой, сонда сіздерді сол ақ гвардияшылар күрессіз, құдды балалардай, қуып шығарды ғой. Сөйткен сіздер осыдан кейін біздің Төтенше комиссия нашар ұйымдастырылған дейсіздер! (Қол шапалақтау.) Жоқ, бізде Төтенше комиссия тамаша ұйымдастырылған. (Қол шапалақтау.) Ал заговоршы мырзалар қазір Германияда жұмысшыларды қорлап отырғанда, онда фельдмаршалдар бастаған офицерлер «Берлин үкіметі жойылсын» деп айқайлап отырғанда, онда коммунистердің көсемдерін өлтірушілер жазасыз кетіп, ақ гвардияшылар тобыры II Интернационалдың көсемдерін балақайларға балап, кемсітіп отырғанда, біз бұл келісімпаздар үкіметі заговоршылар тобының қолындағы ойыншықтан басқа ештеңе де емес екенін айқын көреміз. Біздің алдымызда міне осындай тәжірибе болып отырғанда, біз жаңа ғана жолға шыға бастағанда, бұл адамдар: «Сіздерде асыра сілтеген террор бар» дейді. Ал біздің Петроградтағы заговорды[149] ашқанымызға неше апта болды? Юденичтің Петроградтан, ал Деникиннің Орелдан бірнеше шақырым жерде тұрғанына неше апта болды? Бұл қобалжығыш партиялардың және қобалжығыш демократияның өкілдері бізге: «Юденич пен Колчактың жеңілгеніне біздер қуанамыз» дейді. Олардың қуанатынына мен әбден сенемін, өйткені өздеріне де Юденич пен Колчактың қандай қауіп туғызғанын олар біледі. (Қол шапалақтау.) Мен бұл адамдарды шыншыл емес деп күдіктенбеймін. Бірақ мен оларға мынадай сұрақ қоямын: Совет өкіметі қиын уақытты бастан өткізіп отырғанда, буржуазиялық элементтер арасында заговорлар ұйымдастырылып, бұл заговорларды қиын-қыстау кезеңде аша алған болса,— қалай, бұл заговорлар мүлде кездейсоқ ашыла ма? Жоқ, кездейсоқ емес. Олардың ашылатын себебі, заговоршыларға бұқара арасында тұруға тура келеді, өйткені олар өздерінің заговорла-

рында жұмысшылар мен шаруаларсыз ештеңе істей алмайды, ал осы арада олар ақыр-аяғында әрдайым мынадай адамдарға кездеседі: бұл адамдар, осында айтылғанындай, нашар ұйымдастырылған Төтенше комиссияға барып: «Пәлен жерде қанаушылар жиналды» дейді. (Қол шапалақтау.) Сондықтан менің айтатыным, қатерлі қауіптен біраз уақыт өткеннен кейін, әрбір адамға айқын көрінетін заговорға кездесіп отырғанда, бізге келіп, біреулер: сіздерде Конституция дәл орындалмайды, Төтенше комиссия нашар ұйымдастырылған деп отырса, онда былай деуге болады: бұл адамдар ақ гвардияшылармен күрестегі саясатты үйренбеген, олар өздерінің Керенский, Юденич және Колчак жөніндегі тәжірибесін ойластырмаған және бұдан ешқандай практикалық нәтижелер шығара білмейді. Колчак пен Деникин елеулі қауіп туғызатынын, Совет өкіметін таңдау керек екенін сіздер, мырзалар, қаншалықты түсіне бастасаңыздар, сіздерге Мартовтың декларациясынан «мәңгілік» безетін уақыт соншалықты жетті. (Күлкі.) Конституцияда біздің өкіметіміздің екі жыл ішіндегі бүкіл тәжірибесі есепке алынған, мұнсыз, менің өз сөзімде айтқанымдай және мұнда оны бекер деуге де әрекет жасалмағанындай,— мұнсыз біз екі жыл түгіл, екі ай да тұрақтай алмаған болар едік. Жұмысшы бұқарасымен сөйлескісі, іс істегісі және оған әсер еткісі келетін саяси қайраткерлердің емес, ең болмағанда тарихшының көзқарасы тұрғысынан Совет өкіметіне азды-көпті объективті қарағысы келген әрбір адам мұны бекерге шығарып көрсінші.

Бізге: Советтер сирек жиналады, онша жиі қайта сайланып тұрмайды деседі. Менің ойымша, мұндай кінәға сөзбен де емес, қарармен де емес, іспен жауап беру жөн болар еді. Меніңше, егер сіздер, бізде жергілікті жерлерде Советтердің қанша уездік және қалалық қайта сайлауы болғанын, Советтердің қанша съезі болғанын, т. т. есепке алу жөнінде Совет өкіметі бастаған жұмысты, осы жұмысты аяқтасаңыздар, мұның өзі жақсы жауап болады. Бізде ішкі істер халық комиссарының орынбасары Владимирский жолдас бұл съездер-

дің тарихы жөнінде материал жариялады[150]. Бұл материалды көргенімде, мен: басқасын айтпағанда, пролетарлық демократия біздің Россиядағыдай кеңінен қолданылған бірде-бір ел цивилизациялы халықтардың тарихында әлі болмағанын дәлелдейтін тарихи материал, міне, осы дедім. Егер бізге Советтерді қайтадан сайлауларыңыз аз, съездерді сирек шақырасыңдар дейтін болса, мен әрбір делегатты тиісті органнан: біздің осы съезде қосымша анкета, сұрақ листогын таратуымызды, оған әрбір делегат Советтердің съездері қай айда, қай күні, қай жылы, қай уезде, қалада және поселкеде жиналғанын жазатын болуын өтінуге шақырамын. Егер сіздер осы оңай жұмысты орындасаңыздар және әрқайсысыңыз осы сұрақ листогын толтырсаңыздар, сонда біздің толық емес деректерімізді толықтыратын материал аласыздар, бұл материал соғыс кезі сияқты қиын кезде, ғасырлар бойына қалыптасып келген, батыс европалық адамның дағдысына айналған европалық конституциялардың қолданылуы түгелдей дерлік тоқтатылған кезде, осындай уақытта Советтік конституция, халық бұқарасының съездерде, Советтерде және қайта сайлауда басқаруға және басқару істерін дербес шешуге қатысуы мағынасында, жергілікті орындарда дүние жүзінің еш жерінде болмаған көлемде қолданылғанын дәлелдейді. Ал егер мұны аз деушілер болса, егер бізді сынап: «Сіздің Орталық Атқару Комитетінің бас қосып жиналмауы шынында да сұмдық қылмыс» деушілер болса, бұл жөнінде Троцкий жолдас: Орталық Атқару Комитеті майданда болды деп, Бундтың өкіліне тамаша жауап қайтарды. Бундтың,— советтік платформаға көшкен, сондықтан Совет өкіметінің негізі не екенін шынында түсінді деп ұйғаруға болатын Бундтың өкілі,— осы Бундтың өкілі бұған — мен оның жауабын жазып алдым: «Орталық Атқару Комитетінің майданда болғаны сорақылық, ол басқаларды жібере алатын еді ғой» деді.

Біз Колчакқа, Деникинге және басқаларға қарсы күрес жүргізіп келеміз — ондайлар азын-аулақ болған жоқ! Ақырында оларды орыс әскерлері балаларды қуғандай, ыдырата қуып жіберді. Біз қиын жеңімпаздық

соғыс жүргізіп отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, әрбір шабуыл жасалған сайын біз Орталық Атқару Комитетінің барлық мүшелерін майданға қууға тиісті болдық, ал енді бізге: «Бұл сорақылық, басқаларды табу керек еді» дейді. Немене, сонда біз уақыт пен кеңістіктен тыс әрекет жасадық па? Әлде біз коммунистерді аптасына бірнеше адамнан туа аламыз ба? (Қол шапалақтау.) Біз мұны істей алмаймыз: күрестің бірнеше жылдары ішінде шыныққан, тәжірибе алған, басшылық ете алатын жұмысшылар,— мұндай жұмысшылар бізде, жолдастар, басқа қай елдегіден болса да аз. Жұмысшы жастарды, курсанттарды даярлау үшін біз барлық шараларды қолдануымыз керек, ал бұған бірнеше ай, тіпті бірнеше жыл керек болады. Мұның өзі аса қиын жағдайда өтіп отырғанда, бұл жөнінде бізге кекесінмен жауап қайтарады. Бұл кекесін әлгі жағдайды мүлде түсінбеушілікті ғана дәлелдейді. Бізді осындай соғыс жағдайында осы күнге дейін істеп келгенімізден басқаша істеуге мәжбүр ету — шынында да адам күлерлік интеллигенттік түсінбеушілік. Біз күшімізді сарқып жұмсауға тиістіміз, сондықтан да біз Орталық Атқару Комитеті мен атқару комитеттерінің барлық таңдаулы қызметкерлері мен мүшелерін майданға беруге тиіспіз. Басқару ісінде азды-көпті практикалық тәжірибесі бар әрбір адамның біздің атқару комитеттері жанындағы коллегиялық мекемелерді негұрлым азайтуға аса көп еңбек еткеніміз үшін бізді айыптамайтыны былай тұрсын, қайта мақұлдайтынына мен сенемін, өйткені олар соғыстың қысым жасауымен бір атқару комитетіне бірікті, өйткені қызметкерлер, қазір жүздеп және мыңдап отын жұмысына кетіп жатқанындай, майданға аттанды. Совет республикасының өмір сүруін мүмкін еткен іргетас осы. Егер бұған Советтердің бірнеше ай ішінде сирегірек жиналуы арқылы жеткен болсақ, онда мұның қажеттігін түсінбейтін, мұны мақұлдамайтын бірде-бір парасатты жұмысшы немесе шаруа табыла қоймас.

Менің айтатыным, демократия мен демократизм жөнінде бізге бүтіндей буржуазиялық демократизмнің соқыр сенімдерін көлденең тарта беретіндер бар. Осын-

да оппозициялық партияның қатарындағылар: буржуазияны басып-жаныштауды тоқтата тұру керек дегенді айтты. Дегенмен не айтатыныңды ойланған жөн ғой. Буржуазияны басып-жаныштау деген не? Помещиктік жер иелігін жою және жерді шаруаларға беру жолымен помещикті басып-жаныштауға және жоюға болады. Бірақ ірі капиталды жою арқылы буржуазияны басып-жаныштауға және жоюға бола ма? Буржуазияны бұлайша басып-жаныштау мүмкін емес екенін, буржуазия товар өндірісінен туатынын марксизмнің әліппесін үйренген әрбір адам біледі; товар өндірісінің бұл жағдайында өзінің семьясына қажеті жоқ жүздеген пұт артық астығы бар шаруа оны жұмысшы мемлекетіне қарызға бермей, аш жұмысшыға көмекке бермей, жалдаптық етіп отырса,— мұның аты не? Бұл буржуазия емес пе? Ол осыдан тумай ма? Бізді Конституцияны дәл орындамайсыңдар, буржуазияны басып-жаныштайсыңдар деп кінәлайтындар тарапынан бұл мәселеде, астық туралы, бүкіл өнеркәсіпті Россия бастан кешіріп отырған ашаршылықтың азаптары туралы мәселеде, міне, осында бізге көмек көрсетіліп отыр ма? Жоқ! Олар бұл жөнінде бізге көмектесе ме? Олар «жұмысшылар мен шаруалардың келісімі» деген сөздерге бой тасалайды. Иә, бұл келісім, әрине, қажет, 1917 ж. 26 октябрьде эсерлер программасының шаруаларды қолдау жөніндегі бөлімін қабылдап, оны толық жүзеге асырғанда біз мұны қалай істейтінімізді көрсеттік. Бұл ісімізбен біз ол кезде, помещиктердің қанауына ұшыраған, өзінің еңбегімен тіршілік ететін, жалдаптық жасамайтын шаруа — мұндай шаруа орталық мемлекеттік өкімет жіберген жұмысшыдан өзіне сенімді қорғаушы табатынын көрсеттік. Бұл арада біз шаруамен келісімді жүзеге асырдық. Біз шаруаның семьясына қажеті жоқ артық астықты жұмысшыларға мемлекеттік қарызға беруін талап ететін азық-түлік саясатын жүргізгенде, бұған қарсы шығу — жалдаптықты қолдағандық. Мұның өзі буржуазияша өмір сүруге әдеттенген ұсақ буржуазиялық бұқара арасында әлі де бар. Қорқынышты нәрсе, міне, осы, әлеуметтік революцияға төнетін қауіп, міне, осында! Меньшевик-

тер мен эсерлердің өкілдері, барып тұрған солшылдары болса да, бізге қашан болса да бұл жөнінде көмектесті ме? Жоқ, еш уақытта! Біз «бостандық принциптері» дейтін үшін рұқсат етуге тиісті және үлгілерін өзіміз көріп отырған олардың баспасөзі бізге бір сөзбен де,— мен іс туралы айтып та отырған жоқпын,— көмектеспейтінін көрсетіп отыр. Ескі әдетті, әркім өз басының қамын ойлайды, бір құдай тағала баршаның қамын ойлайды дейтін ескі қарғыс атқыр өсиетті толық жеңгенге дейін, біз үшін бірден-бір жол — артық астықты аш жұмысшы үшін қарызға алу. Мұны істеу сұмдық қиын,— мұны біз білеміз. Мұнда күштеу арқылы ештеңе істеуге болмайды. Бірақ бізді жұмысшы табының азшылығының өкілі деу адам күлерлік нәрсе,— бұл тек күлкі келтіреді. Мұны Парижде айтуға болады, бірақ онда да қазір жұмысшылардың жиналыстарында мұны айтуға жол берілмейді. Үкіметі бұрын болып көрмеген оңайлықпен құлатылған, жұмысшылары мен шаруалары қолдарына винтовка алып, өз мүдделерін қорғап отырған, олар мұны өздерінің еркінің құралы етіп қолданып отырған елде,— мұндай елде бізді жұмысшы табының азшылығының өкілі деу — кісі күлерлік нәрсе. Мұндай сөздер Клемансоның, Ллойд Джорджның, Вильсонның аузынан шықса, мен мұның мәнісін түсінемін. Олардың сөздері, міне, осындай, олардың идеялары, міне, осындай! Вильсонның, Клемансоның, Ллойд Джорджның, империализм жыртқыштары, айуандары ішіндегі ең жауыздарының бұл сөздерін осында Мартов Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы атынан қайталап отырғанда (күлкі) мен өзіме өзім былай деймін: сақ болу керек және бұл арада Төтенше комиссия қажет екенін білу керек! (Қол шапалақтау.)

Оппозицияның барлық шешендері, оның ішінде Бундтың өкілдері де, бізді Конституцияны дәл орындамайды деп кінәлайды. Менің айтатыным — біз Конституцияны бұлжытпай орындап отырмыз. (Ложадан дауыс: «Оho!».) Бұрынғы уақыттарда патшаның ложасы болған, қазір оппозицияның ложасы болып отырған ложадан (күлкі) «oho!» деп мысқылдаған

дауысты естіп тұрмын,— дегенмен бұл айтқанымды қазір дәлелдеймін. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.) Мен Конституцияның біз бұлжытпай орындап отырған пункттін, біз өзіміздің бүкіл қызметімізде Конституцияны жүзеге асырып отыратынымызды көрсететін пунктін сіздерге оқып шығамын. Меньшевиктер мен эсерлердің жақтастары қатысқан жиналыстарда маған Конституция туралы айтуға тура келді, ондағы қиындық цитаттар келтіруге керекті Конституция текстінің баржоқтығында болды. Бірақ жиналыстар көбінесе Конституция қабыргада ілінулі тұратын үйлерде өткізіледі. Бұл жиналыста ол жоқ, бірақ Петровский жолдас «РСФСР Конституциясы» деп аталган кітапшаның бір данасын маған беріп, мені бұл қиыншылықтан құтқарды. Мен 23-параграфты оқимын: «Бүкіл жұмысшы табының мүдделерін басшылыққа ала отырып, РСФСР социалистік революцияның мүдделеріне нұқсан келтіру үшін өзінің праволарын пайдаланған жеке адамдар мен жеке топтарды праволарынан айырады».

Мен, жолдастар, тағы да қайталап айтамын: біз өзіміздің жалпы қызметімізді, оның ішінде өзіміздің Конституциямызды еш уақытта мінсіздіктің үлгісі деп санаған емеспіз. Осы съезде Конституцияға өзгерістер енгізу туралы мәселе қойылып отыр. Біз өзгертуге келісеміз, келіңдер, өзгерістерді қарастырайық, бірақ біз мұны «мәңгілік» етіп бекітпейміз. Дегенмен, егер соғысқыларың келсе, келіңдер, ақырына дейін соғысайық. Егер сіздер біздің Конституцияны дәл орындауымызды тілейтін болсаңыздар, онда 23-параграфтың да дәл орындалуын тілейсіздер гой? (Қ о л ш а п а л а қ т а у.) Егер сіздер мұны тілемейтін болсаңыздар, онда келіңіздер: біздің еңбекшілердің жалпы бостандығы мен жалпы теңдігі туралы құргақ сөздермен халыққа бармауымызды айтатын параграфты жою керек пе, әлде жоймау керек пе, осы жайында айтысайық. Сіздер конституциялық правоны тамаша үйренгенсіздер, бірақ ескі буржуазиялық оқулықтар бойынша үйренгенсіздер. Сіздер «бостандық пен демократия» туралы сөздерді еске түсіресіздер, сіздер Конституцияны тілге тиек етесіздер және бұрынғы

сөздерді еске түсіресіздер, сөйтіп, мұны орындамау үшін халыққа бәрін де уәде етесіздер. Ал біз мұндай еш нәрсені уәде етпейміз, біз жұмысшылар мен шаруалардың теңдігін ұсынбаймыз. Сіздер ұсынады екенсіздер, — келіңіздер, айтысайық. Помещиктер мен капиталистер қанаған, помещиктерден тартып алынған жерде өз семьясы үшін еңбек ететін шаруалармен, — осындай шаруалармен толық теңдік, достық және туысқандық одақ жасаймыз. Ал ескі әдет бойынша, қараңғылығынан және құлқын құмарлығынан буржуазияға қарай кері тартатын шаруаларға біз теңдік бермейміз. Сіздер еңбекшілердің бостандығы мен теңдігі туралы, демократия туралы, жұмысшылар мен шаруалардың теңдігі туралы жалпылама сөздер айтасыздар. Біз Конституция жалпы бостандық пен теңдік атаулыны қамтамасыз етеді деп уәде бермейміз. Бостандық, — бірақ қандай тап үшін және қандай қажетке қолдану үшін? Теңдік, — бірақ кімнің кіммен теңдігі? Еңбек ететіндердің, ондаған және жүздеген жылдар бойы буржуазия қанап келгендердің және қазір буржуазияға қарсы күресіп жатқандардың теңдігі ме? Конституцияда нақ осы айтылған: жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың диктатурасы буржуазияны басып-жаныштау үшін керек делінген. Сіздер, Конституция туралы сөз қылғанда, бұл: «буржуазияны басып-жаныштау үшін, жалдаптарды басып-жаныштау үшін» деген сөздерді неге цитатқа келтірмейсіздер? Бізге елдің үлгісін, өзіңіздің тамаша меньшевиктік конституцияңыздың үлгісін көрсетіңіздерші. Мүмкін, мұндай үлгіні меньшевиктік өкімет болған Самараның тарихынан болса да табарсыздар? Мүмкін, сіздер оны, қазір меньшевиктік өкімет билеп отырған, буржуазияны басып-жаныштауды, яғни жалдаптарды басып-жаныштауды толық бостандық пен теңдік негізінде, дәйекті демократия негізінде және Төтенше комиссиясыз жүргізіп отырған Грузиядан табарсыздар? Осындай үлгіні көрсетіңіздерші, біз өнеге алайық. Бірақ сіздер мұны көрсете де алмайсыздар, өйткені келісімпаздық өкімет, меньшевиктік немесе жартылай меньшевиктік өкімет бар жерлердің бәрін құтырынған, жүгенсіз

кеткен жалдаптық жайлап отырғанын өздеріңіз білесіздер. Троцкий өзінің сөзінде орынды әңгіме еткен, үкіметке Фридрих Адлер сияқты адамдар қатысып отырған, «большевизмнің сұмдықтарын» білмейтін Вена да, Петроград пен Москва сияқты, ашығып, азап шегіп жатыр, бірақ Вена жұмысшыларының ашығу арқылы буржуазияны жеңуге жол ашып келе жатқанын түсінбей отыр. Вена Петроград пен Москвадан да бетер ашығып, азап шегуде, соның өзінде Австрияның және Венаның буржуазиясы Вена көшелерінде, Венаның Нева проспекті мен Кузнецк көпірінде жалдаптық пен тонаушылық жағынан сұмдық нәрселер істеп жатыр. Конституцияны сіздер дәл орындамай отырсыздар, ал біз, пролетариатқа буржуазияны жеңуге көмектесушілердің ғана бостандығы мен теңдігін танып, оны дәл орындап отырмыз. Біз 23-параграф арқылы: өтпелі кезеңде телегей-теңіз молшылыққа кенелтеміз деп уәде етпейміз дейміз. Біз былай дейміз: осы өтпелі кезеңді аяқтау үшін біздің айлар емес, жылдар бойы тұрақтауымыз керек. Екі жылдан кейін біз, жеке адамдар мен топтарды праволарынан айыруды Конституцияға жазғандығымыз себепті де, бірнеше жыл бойына тұрақтай аламыз деп айта аламыз және біздің мұнымызға жұрт иланатын да болар. Ал біз кімдерді праволарынан айырамыз,— біз мұны жасырмаймыз, меньшевиктер мен оңшыл эсерлер тобын айыратынымызды біз ашып айтамыз. II Интернационалдың қайраткерлері бізді осы үшін жазғырды, бірақ біз меньшевиктер мен эсерлер тобына мынаны ашып айтамыз: біз бәрін істеуге әзірміз, бірақ олар біздің жалдаптарға қарсы, азық-түлік жалдаптығына көмектесушілерге, буржуазияға көмектесушілерге қарсы еңбекшілер саясатын жүргізуімізге көмектесуге тиіс. Сіздердің мұны іс жүзінде дәлелдеп көрсетуіңізге қарай, біз сіздерді Конституция бойынша істегеніміздеп босата береміз, ал оған дейін сіздердің мағынасыз сөздеріңіз — тек жалтарыс қана. Біздің Конституциямыз сөзуарлыққа әуес емес, ол шаруаларға былай дейді: сен еңбекші шаруа екенсің, онда сенің барлық праволарың бар, бірақ жұмысшылар ашығып отырған, буржуазияға қарсы күрес

жүргізіліп жатқан қоғамда жұрттың бәріне бірдей тең праволар болуы мүмкін емес. Ал жұмысшыға ол былай дейді: буржуазияға қарсы күресте көмектесетін шаруамен теңдік орнат және ешқандай топшылауға жол берме! Бұл арадағы күрес — қиын күрес. Кімде-кім бізге көмектескісі келсе, біз оны, өткендегісінің қандай болғанына қарамастан, ешқандай атақтарымен есептеспестен, асқан зор қуанышпен қабылдаймыз. Басқа партиялардан және партияда жоқтар қатарынан мұндай адамдар бізге барған сайын көп келіп жатқанын біз білеміз, осының өзі біздің жеңісімізді қамтамасыз етеді. (Қатты қол шапалақтау, «бәрекелді» деген дауыстар.

3
ҰЙЫМДАСТЫРУ СЕКЦИЯСЫНДА[151] 8 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Мен делегаттардан осы мәселе жөнінде пікір айтуды ұсынған бірнеше хат алдым. Маған мұның қажеті жоқ сияқты көрінді, сондықтан мен бұл ұсыныстарды алғанға дейін тартынып келдім, өйткені, амал не, жергілікті жұмыспен танысуға практикалық жағынан мүмкіншілігім болмады, ал Халық Комиссарлары Советіндегі қызмет арқылы танысу жеткіліксіз екені өзінен өзі түсінікті. Оның үстіне, мен Троцкий жолдастың айтқанымен толық келісемін, сондықтан да кішi-гірім ескертпелер жасаумен шектелмекпін.

Халық Комиссарлары Советінде біздің алдымызға советтік шаруашылықтар туралы және оларды губерниялық жер бөлімдеріне беру туралы мәселе қойылғанда[152], бас басқармалар мен орталықтар туралы мәселе қойылғанда, осы екі түрлі мекемелердің екеуінде де контрреволюцияшыл элементтердің аз еместігіне мен еш уақытта күмән келтірген емеспін. Бірақ кейбіреулер советтік шаруашылықтарды бұл мекемелер ерекше контрреволюциялық мекемелер деп айыптауға тырысқанда, маған әрдайым мұның өзі айдалаға лагушылық сияқты көрінетін және мен қазірде де солай деп ойлаймын, өйткені совхоздар да, бас басқармалар мен орталықтар да, ірі өнеркәсіп орындарының қандайы болса да, тегінде халық шаруашылығының аздыкөпті елеулі саласын басқаратын бірде-бір орталық немесе жергілікті ұйым да буржуазиялық мамандарды қатыстыру туралы мәселені шешпейінше ештеңе істей

алмақ емес, ештеңе істей алмай отыр және ештеңе істеуі де мүмкін емес. Сондықтан, бас басқармалар мен орталықтарды кінәлау, оларда мұқият тазалау жүргізу керек деген тұрғыдан әбден орынды кінәлау, дегенмен маған қате сияқты көрінеді, өйткені бұл ретте мекемелердің бұл типі басқа бірсыпыра сондай мекемелердің қатарынан ерекшеленіп отыр. Ал бас басқармаларды, орталықтарды және совхоздарды бұл пункт бойынша тіпті де айырып көрсетуге болмайтынын Халық шаруашылығы советінің жұмысынан айдан анық көресің, өйткені біздің бүкіл советтік жұмысымыз әскери жұмыс саласында да, денсаулық сақтау саласында да, ағарту саласында да, барлық жерде және әрдайым осындай мәселеге кездесіп келді және кездесіп те отыр. Біз ескі мамандардың көмегінсіз мемлекеттік аппаратты қайта құра алмаймыз және мемлекеттік басқару ісімен жақсы таныс жұмысшылар мен шаруаларды жеткілікті мөлшерде тәрбиелеп шығара алмаймыз. Бұл — өзіміздің бүкіл құрылысымыздан алатын негізгі сабағымыз және бұл тәжірибе бізге барлық салаларда, оның ішінде соғыс саласында да ескі мамандарды олар сондықтан да ескі — капиталистік қоғамнан алмайынша, басқа еш қайдан алуға болмайтынын көрсетеді. Бұл қоғам помещиктер мен капиталистердің семьяларынан шыққан өте аз топтарды және шаруалардан, онда да тек ауқатты шаруалардан шыққан тіпті болмашы адамдарды ғана маманға айналдыруға мүмкіндік берді. Сондықтан, егер бұл адамдар өскен және қазір жұмыс істейтін жағдайды еске алсақ, онда мына факт сөзсіз болмай қоймайды: бұл мамандардың, яғни кең мемлекеттік көлемде басқаруға дағдыланған адамдардың оннан тоғызы ескі буржуазиялық көзқарастармен және соқыр сенімдермен шырмалған, олар тіпті тікелей опасыздар болмаған реттерде де (ал бұл кездейсоқ емес, үнемі кездесетін құбылыс), тіпті осы реттердің өзінде де олар жаңа жағдайларды, жаңа міндеттерді, жаңа талаптарды түсіне алмайды. Осының негізінде егестер, сәтсіздіктер және тәртіпсіздіктер барлық жерде, барлық комиссариаттарда байқалып отырады.

Сондықтан нақ совхоздардың, бас басқармалардың және орталықтардың реакцияшылдығы туралы дауырығып, бұл мәселені көптеген жұмысшылар мен шаруаларды кең мемлекеттік көлемде басқаруға қалай үйрету керек деген жалпы мәселемізден бөліп алуға тырысатындар маған айдалаға лағушылар болып көрінді. Егер елдің артта қалғандығын және жағдайдың қиындығын еске алсақ, біз бұл үйретуді дүние жүзілік тарихта мүлде болып көрмеген шапшаңдықпен істеп жатырмыз. Бірақ бұл шапшаңдық қаншама зор болғанмен, ол бізді қанағаттандырмайды, өйткені басқара білетін және басқармалардың арнаулы салаларымен таныс жұмысшылар мен шаруаларға біздің ділгерлігіміз орасан зор және әлі оннан біріндей де, жүзден біріндей де қанағаттандырылған жоқ. Сондықтан бізге кейбіреулер: совхоздар — екінің бірінде сәл бояманланған, ал кейде тіпті бояманланбаған бұрынғы помещиктер жасырынып жүретін орындар, онда бюрократизм ұялары жасалып жатыр, мұндай жағдай бас басқармалар мен орталықтардың бәрінде байқалады дегенде немесе Халық Комиссарлары Советінде мәжілістер болып, онда осылай деп дәлелдегенде,— мен бұл айтылғанның дұрыстығына еш уақытта күмәнданған емеспін. Бірақ, егер сіздер бұл қырсықты жойғанда совхоздарды губерниялық жер бөліміне бағындыру арқылы жоймақ болсаңыздар, сіздер қателесесіздер дедім.

Әскери саладағыға қарағанда, бас басқармалар мен орталықтарда, совхоздарда контрреволюцияшыл элементтердің көбірек қалуының, бюрократизмнің көп болуының себебі не? Әскери салада бұл элементтердің аз болуының себебі не? Себебі, бұл салаға, тұтас алғанда, көп көңіл бөлінді, оған коммунистер көп жіберілді, жұмысшылар мен шаруалар көп жіберілді, онда саяси бөлімдер неғұрлым кең көлемде жұмыс істеді, бір сөзбен айтқанда, алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен алдыңғы қатарлы шаруалар бүкіл әскери аппаратқа неғұрлым кең, неғұрлым терең және неғұрлым үнемі әсер етіп отырды. Осының арқасында біз бұл арада, кеселді әлі түп тамырымен жоймасақ та, дегенмен оны түп-та-

мырымен жоюға жақындадық. Мен: бұған өте-мөте көп көңіл бөлу керек деймін.

Совхоздардың төңіректегі шаруа халықпен де, коммунистік топтармен де тығыз байланысты болуына, тек жалғыз әскери салада ғана емес, барлық жерде комиссарлар болуына және тек қағаз жүзінде ғана емес, іс жүзінде болуына біз алғашқы адымдар ғана жасап отырмыз. Бұлар коллегияның мүшелері болса да, меңгерушілердің көмекшілері немесе комиссарлар болса да — бізге жеке-дара жауапкершілік қажет: негізгі мәселелерді талқылау үшін коллегиялық қандай қажет болса, қағазбастылықтың болмауы үшін, жауапкершіліктен жалтаруға мүмкіндік болмауы үшін дара жауапкершілік пен дара басшылық та сондай қажет. Бізге қайткенде де дербес басқаруды үйренетін адамдар керек. Егер мұны істесек, онда біз кеселді мейлінше жақсы түзетеміз.

Қорытындыда айтатыным, осында біздің таласымызды жұмысшылар мен шаруалар арасындағы талас деп көрсетуге тырысып, тым теріс әрекеттер жасалғанын және бас басқармалар мен орталықтар туралы мәселеге пролетариат диктатурасы туралы мәселенің әкеліп тақылғанын айтқан Троцкий жолдаспен мен толық келісемін. Бұлай ету, меніңше, түптамырымен теріс. Пролетариат диктатурасы туралы мәселені буржуазияны басып-жаныштау туралы сөз болғанда көтеруге болады. Бұл мәселе сонда орынды болады, бұл диктатура бізге сонда керек, өйткені біз тек сол арқылы ғана буржуазияны басып-жаныштап, өкіметті еңбекшілердің табандылықпен әрекет ете алатын және қобалжушыларды барған сайын көптеп өзіне тарта алатын бөлегінің қолына бере аламыз. Дәл қазір біздің алдымызға ондай ешбір мәселе қойылған жоқ. Бізде осы салада және осы кезеңде централизм қаншама көп немесе аз қажет екендігі туралы талас болып отыр. Егер, соңғы кезде губерниялық және, едәуір дәрежеде, уездік қызметкерлердің дәрежесі өте мықтап өскенін жер-жерден келген жолдастар айтып отырса және оны Троцкий жолдас, көптеген халық комиссарлары қостап отырса (мен мұндай қостауды жер-жерді көп аралай-

тын Калинин жолдастан да, жер-жерден келетін жолдастардан да естіп жүрмін), онда мұнымен есептесуге тура келеді, бұл ретте централизм туралы мәселе дұрыс көтеріліп отыр ма деген мәселені алға қою керек болады. Бізге совет мекемелерінің жұмысына мұндай түзетулерді әлі өте көп енгізуге тура келетіндігіне мен сенемін. Бұл жөнінде біз енді ғана құрылыс тәжірибесін ала бастадық. Бұл тәжірибеге Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінің ішінен қандай дәрежеде көз жіберіп қарап отырсаң, мұны ешқандай цифрмен білдіруге болмайтынын, қысқа сөзбен айтып беру мүмкін емес екенін солдай дәрежеде айқын көресің. Бірақ біз жер-жердегі жұмыс орталық өкіметтің негізгі тапсырмалары бойынша істелетіндігіне сенеміз. Бұл тек соңғы кезде осындай болды.

Бұл жерде мәселе тіпті де пролетариат диктатурасы мен басқа қоғамдық элементтер арасындағы жанжал туралы болып отырған жоқ. Бұл жерде мәселе біздің советтік құрылыстың тәжірибесі туралы, меніңше, тіпті конституциялық емес тәжірибе туралы болып отыр. Осында Конституцияны өзгерту туралы көп айтылды. Менің ойымша, мәселе онда емес. Конституцияда централизмнің негізгі ережелері айтылады. Бұл негізгі ереженің бәрімізге даусыздығы сонша (біз бәріміз оны Колчактың, Юденичтің, Деникиннің көрнекі, айбарлы және тіпті қатал сабағынан және партизаншылдықтан үйрендік), мұнда ол туралы сөз болуы да мүмкін емес. Халық комиссарына немесе Халық Комиссарлары Советіне қабылдамау правосын беру туралы сөз болғанда, Сапронов жолдас та централизмнің бұл негізгі ережесінен бас тартпайды. Бұл мәселе — конституциялық мәселе емес, практикалық жағынан қолайлылық мәселесі. Жақсы нәтижелерге жету үшін біз біресе бір жағына, біресе екінші жағына салмақ салуымыз керек. Губерниялық совхоздар басқармалары мен губерниялық жер бөлімдерін сөз қылғанда, оларды жұмысшылардың және төңіректегі шаруалардың бақылауына қою жағына салмақ саламыз. Бұл олардың кімге бағынатындығына мүлде байланысты емес. Менің ойымша, Конституцияны қалай өзгертсеңіздер де, бұл ар-

қылы сіздер жасырынып жүрген помещиктерді де, түсін өзгерткен капиталистер мен буржуаны да қуып шыға алмайсыздар. Біз практикалық тәжірибесі бар және сөзсіз шын берілген жұмысшылар мен шаруаларды шағын коллегиялардың мүшелері, жеке меңгерушілердің көмекшілері етіп немесе комиссар етіп жеткілікті мөлшерде мекемелерге енгізуге тиіспіз. Істің түйіні осында! Осындай жолмен сіздер жұмысшылар мен шаруаларды барған сайын көп әзірлей бересіздер; олар басқаруды үйренеді, ескі мамандардың қасында үйренудің барлық мерзімдерін өте келіп, олардың орнын басады, сондай тапсырмаларды орындайды және біздің азаматтық істе, өнеркәсіпті басқару ісінде, шаруашылық қызметті басқару ісінде командирлер құрамына біздің әскери ведомствода болып жатқанындай өзгеріс енгізуге даярланады. Сондықтан, менің ойымша, осында айтылған кейбір принциптік пікірлерді негізге алуға мұнда ешқандай дәлел жоқ, қайта бұл мәселені конституциялық мәселе емес, практикалық тәжірибе мәселесі ретінде алып қарау керек. Егер жергілікті қызметкерлердің көпшілігі жан-жақты талқылаудан кейін губерниялық совхоздар басқармаларын губерниялық жер бөлімдеріне бағындыру қажет деп тапса, жақсы, біз бұл жөнінде тәжірибе жасап, мәселені практикалық тәжірибе тұрғысынан шешейік. Бірақ біз бәрінен бұрын мынаны шешуге тиіспіз: жасырынып жүрген помещиктерді біз осылайша қуып шыға аламыз ба, мамандарды пайдалану ісін жақсылап жолға қоя аламыз ба? Өздері басқаруы үшін жұмысшылар мен шаруаларды біз осылайша көптеп даярлай аламыз ба? Біз совхоздарды іс жүзінде тексеруге төңіректегі шаруаларды қатыстыра аламыз ба? Бұл тексерудің практикалық формаларын жасай аламыз ба? Істің түйіні, міне, осында! Егер біз осы міндеттерді орындасақ, онда мен уақытымыз босқа өтті, еңбегіміз босқа кетті деп есептей алмаймын. Тіпті әр түрлі комиссариаттарда әр түрлі системаларды байқап көрейік: совхоздар, бас басқармалар мен орталықтар жөнінде бір система, әскери іс немесе Денсаулық сақтау комиссариаты жөнінде екінші система жасайық. Біздің міндетіміз —

тәжірибе жасау жолымен мамандарды жұмысқа кеңінен тарту, басқарудың ерекше қиын, жаңа және күрделі ісін үйренуге тиісті жаңа командирлер құрамын, мамандардың жаңа тобын даярлай отырып, бұрынғыларды ауыстырып отыру. Мұның бір түрлі формаларда істелуі міндетті емес. Бұл өзіміз үшін басшылық деп есептерліктей ешқандай кітаптарда жазылмаған, ешқандай социалистік дүние танымнан тумайды, ешкімнің тәжірибесі арқылы анықталмаған, бұл біздің өз тәжірибеміз бойынша анықталуға тиіс деп, Троцкий жолдас әбден дұрыс айтты. Бұл жөнінде біз, меніңше, алдымызда тұрған мәселелер жөнінде не істеу керек екенін біржолата анықтау үшін бұл тәжірибені жинақтап, оны практикада жүзеге асырғанда коммунистік құрылысты тексеріп отыруға тиіспіз.

4

СЪЕЗДІ ЖАБАРДА 9 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

(Ұзақ қол шапалақтау. Съездің делегаттарыг мен қонақтар орындарынан тұрып, бірнеше минут бойы ду қол шапалақтайды.) Жолдастар! Мен осы съезде алдымыздан өткен басты мәселеге бірнеше созбен тоқтап өткім келеді.

Біз, жолдастар, демократия туралы және Совет өкіметі туралы мәселе жөнінде аздап айтысып алдық. Сырттай қарағанда, бұл айтыс Совет республикасының практикалық кәкейтесті және шұғыл міндеттерінен қашама аулақ көрінсе де, менің ойымша, дегенмен ол тіпті де пайдасыз болған жоқ. Жолдастар! Қазір бүкіл әлемде жұмысшылардың барлық ұйымдарында, ал екінің бірінде буржуазиялық парламенттерде де және, былайша айтқанда, буржуазиялық парламенттердің сайлауында демократия туралы, көп адамдар түсінбейтін ескі буржуазиялық демократия туралы және жаңа Совет өкіметі туралы осы негізгі айтыс жүріп жатыр. Ескі демократия, яғни буржуазиялық демократия бостандық пен теңдікті жариялайды, адамның меншігі болуына немесе болмауына қарамастан, оның капиталы болуына немесе болмауына қарамастан, сол теңдікті жариялайды, жеке меншік иелерінің жерге, капиталға билік ету бостандығын, ал онысы жоқ адамдардың өздерінің жұмыс күшін капиталиске сату бостандығын жариялайды.

Жолдастар! Біздің Совет өкіметі бұл бостандықтан

және бұл теңдіктен, бұлар жалған болғандықтан, үзілді-кесілді қол үзді (қол шапалақтау) және барлық еңбекшілерге былай деді: бостандық пен теңдікті осылай түсінетін социалистер социализмнің бастамасын, әліппесін және бүкіл мазмұнын ұмытып жүр. Өйткені біздер және социализмге әлі опасыздық етпеген социалистер буржуазиялық қоғамның өтірігін, алдауын және екіжүзділігін әрдайым әшкерелеп келдік; буржуазиялық қоғам бостандық пен теңдік туралы, ең болмағанда сайлаудағы бостандық пен теңдік туралы даурығады, ал іс жүзінде капиталистердің өкіметі, жерге, фабрикалар мен заводтарға жеке меншік әр түрлі, әр қилы «демократиялық және республикалық» тәртіптер тұсында бостандықты емес, еңбекшілерді езуді және алдауды орнатады.

Біз былай дейміз: бүкіл дүние жүзілік социализмнің мақсаты ретінде, біздің мақсатымыз — таптарды жою, ал таптар — біреуі екіншісінің еңбегімен өмір сүре алатын, біреуі екіншісінің еңбегін иемденетін топтар. Міне енді, егер біз осы бостандық туралы, осы теңдік туралы сөз қылсақ, онда біз, Россиядағы еңбекшілердің басым көпшілігінің мойындайтынындай, мынаны мойындауға тиіспіз: бірде-бір ел әлі шын мәнісіндегі бостандық үшін және шын мәнісіндегі теңдік үшін мұндай қысқа мерзімде мұндай көп нәрсе берген жоқ, бірде-бір ел еңбекшілерге мұндай қысқа мерзімде олардың бас қанаушысынан — помещиктер мен капиталистер табынан құтқаратын бостандықты берген жоқ, бірде-бір ел тіршілік құралдарының негізгі қоры — жер жөнінде мұндай дәрежеде теңдік берген жоқ. Бұл жолда, буржуазиялық таптардың қанауынан азат етіліп, таптарды толық жоюға дейін баратын жолда, біз батыл күресе бастадық және таптарды толық жою үшін күресе береміз. Бұл таптардың талқандалғанын, бірақ жойылмағанын біз жақсы білеміз. Помещиктер мен капиталистердің талқандалғанын, бірақ жойылмағанын біз жақсы білеміз. Тап күресі жүріп жатыр, ал пролетариат аралықта тұрғандардың бәрін өзіне тарта отырып, бұған дейін қобалжушылар қатарында болып келгендердің бәрін өзінің бүкіл тәжірибесімен, күрес

үлгісімен тартуға тырысып, ең кедей шаруалармен бірге, таптарды толық жою жолындағы күресті жүргізе беруге тиіс.

Жолдастар, біздің съездің жұмыстарына тоқтай келіп, мен мынаны айтуға тиіспін: VII съезд құрылыстың тыңғылықты міндеттеріне ең бірінші рет көп уақыт бөле алды, біз советтік шаруашылықты жақсы ұйымдастыруға, советтік басқаруды жақсы ұйымдастыруға қатысы бар міндеттерді практика жүзінде, тікелей тәжірибеден алып талқылауға ең бірінші рет бастама жасай алдық.

Бұл мәселеге мейлінше егжей-тегжейлі тоқталуға, әрине, біздің уақытымыз өте аз болды, бірақ дегенмен біз мұнда көп жұмыс істедік, сондықтан Орталық Атқару Комитетінің де, жер-жердегі жолдастардың да бұдан былайғы бүкіл жұмысы осында жасалған негізге сүйеніп жүргізіледі.

Ақыр-аяғында, жолдастар, біздің бұл съезді өзіміздің халықаралық жағдайымыз жөнінде немесе баянды ететіндігімізге менің арнайы тоқталып өткім келеді.

Жолдастар, біз мұнда барлық Келісу державалары мен елдеріне тағы да бітім жөнінде ұсыныс жасадық. Біз мұнда қазірдің өзіндегі өте мол және өте елеулі тәжірибемізге негізделген сенімімізді,— басты-басты қиыншылықтардың кейінде қалғандығы жөнінде, бізге Антанта таңған соғыста, біз өзімізден сан есе күшті жауға қарсы екі жыл бойына жүргізіп отырған соғыста сөзсіз жеңіп шығатындығымыз жөнінде сенімімізді білдірдік.

Бірақ, жолдастар, біз қазір өзіміздің Қызыл Армияның өкілінен естіген үндеу, дегенмен, әбден дер мезгілінде жасалған үндеу болды деп ойлаймын. Жолдастар, егер басты-басты қиыншылықтар кейінде қалған болса, енді біздің алдымызға құрылыс міндеттері де мейлінше кеңінен қойылып отырғанын айту керек. Советтік Россияға қарсы соғысты қалай да, ақырына дейін жүргізе беруге ұйғарған өте беделді және өте күшті, көптеген елдерде сөзсіз үстемдік жүргізіп отырған капиталистік топтар әлі де бар екендігіне ешқандай күмән жоқ. Қазір, біз кейбір шешуші жеңіске

жеткен кезде, бұл жеңісті пайдалану үшін және оны ақырына дейін жеткізу үшін тағы да үсті-үстіне қосымша күш жұмсап, тағы да барлық күшті салу керек екендігіне ешқандай күмән жоқ. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар! Екі нәрсені ұмытпаңыздар: біріншіден, біздің славяндық мінезімізге байланысты дерлік жалпы жұмсақтығымызды ұмытпаңыздар,— біз алдымызға қойылған мақсаттарға жетуде жеткілікті дәрежеде табанды, ұстамды емеспіз,— және екіншіден, шешуші кезеңде біз қашқан жауға жеткілікті дәрежеде күшті қысым жасай білмегенімізді және оған ес жинауға мүмкіндік бергенімізді тәжірибе бір рет шығыста, екінші рет оңтүстікте көрсетті. Батыс Европаның үкіметтері мен соғыс құмар таптары Деникинді аман сақтап қалу үшін қазір жаңа жоспарлар әзірлеп жатқандығына ешқандай күмән жоқ. Олар өздері оған беріп келген көмекті он есе күшейтуге тырысатындығына титтей де күмән жоқ, өйткені олар Советтік Россия тарапынан оған төнген қауіптің қандай зор екенін түсінеді. Сондықтан да қазір, қиын уақыттарда айтқанымыз сияқты, біз бұл басталған жеңістер кезінде де өзімізге мынаны айтуға тиіспіз: «Жолдастар, біз соғысты тек шешуші жеңіспен ғана емес, жауды толық жоюмен де аяқтаймыз ба, әлде ондаған және жүздеген мың адамдарды тағы да ұзақ, азапты соғысқа душар етеміз бе, мұның өзі қазіргі уақытта, мүмкін, бірнеше аптаға, мүмкін екі-үш айға байланысты екенін есте сақтаңдар. Қазір, өзіміз бастан кешірген тәжірибе негізінде, біз: егер өзіміздің күш-жігерімізді үш есе күшейте білсек, онда, ақырына дейін жеңіп қана қоймай, оның үстіне жауды жойып, баянды бейбітшілік және ұзақ бейбітшілік орнату мүмкіншілігі бірнеше аптаға немесе екі-үш ай уақытқа байланысты деп толық сеніммен айта аламыз».

Сондықтан, жолдастар, мен сіздерден әрқайсысыңыз жер-жерге қайтып барғаннан кейін, әрбір партия ұйымында, әрбір совет мекемесінде, жұмысшылар мен шаруалардың әрбір жиналысы алдына мынадай мәселені қоюларыңызды көптен-көп өтінер едім: жолдастар,

егер табыспен және советтік құрылыстың қазір ашылып отырған айқын перспективаларымен рухтанған біздер, алдымыздағы апталар мен айларды — біз соғыс жұмысына және оған байланысты жұмысқа арнаған күшімізді үш есе арттыруға тиісті болатын шұғыл уақыт деп танысақ, бұл қысқы науқан бізді жауды сөзсіз толық жоюға жеткізеді,— сонда біз ең қысқа мерзімде жауды жойып, азамат соғысын аяқтаймыз, ал мұның өзі біздің ұзақ уақыт бейбіт социалистік құрылыспен айналысуымызға мүмкіндік туғызады. (*Қол шапалақтау.*)

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«III ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ* ЖОСПАРЛАРЫ

1

Рамсей Макдональд
III Интернационал туралы

1) In Extenso**.
2) Құдды
   «центр»...

2 bis. Буржуазияның сенімі || Россиядағы Совет өкіметі
|| Венгрия.

3) Базель манифесі
   (α) пролетарлық революция
   (β) бір-біріне оқ ату қылмыс.

4) Социал-шовинизм және оппортунизм — «империализм улаған» (cf. «fabian imperialism»***) { || Россия
   Германия — *Либкнехт пен Люксембургті* өлтіргендер
   Франция }

4 bis: Отарлар; олардың революциялық күреске көмегі.

4 ter: Жұмысшы табының аристократиясы. Ұсақ буржуазия. Энгельс 1852—1892****.

5) Революцияны айта бермей, онымен қарғанбай, қайта әзірлеу, уағыздау керек, реформизмге қарсы күресу керек.

5 bis: Бұқаралық стачка etc.

---

* Қараңыз: осы том, 97—118-беттер. *Ред.*
** — Түгелдей, толығынан. *Ред.*
*** — салыстыр: «фабийлық империализм». *Ред.*
**** Қолжазбада бұл сөйлем сызып тасталған. *Ред.*

6) Құпия жұмыс. (Жария жұмыспен ұштастыру.)
7) Кәсіптік және кооперативтік көсемдер: labour lieutenants of the capitalist class.
8) Империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру.
9) Пролетариаттың диктатурасы, бір таптың диктатурасы.
10) Мемлекет = тек қана құрал.
11) Буржуазиялық демократия.
12) Совет өкіметі.

2

0. Рамсей Макдональдтың мақаласы.
1. Советтер және оларға көзқарас. 1917.
2. Социализм және соғыс. Базель манифесі.
3. Шовинизм және оппортунизм.
4. Реформизм, оппортунизм.
   α Революцияны айта бермей, онымен қарғанбай, қайта әзірлеу, уағыздау керек, реформизмге қарсы күресу керек.
   β Құпия жұмыс. (Жария жұмыспен ұштастыру.)
   γ Кәсіптік және кооперативтік көсемдер: labour lieutenants of the capitalist class.
   δ Отарлар; олардың революциялық күреске көмегі.
   ε Бұқаралық стачка etc.
   {{әзірлеу керек}}
5. Империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру — «Liebknecht» cf. Barbusse *«Le feu»*, *«Clarté»*.
6. Пролетариаттың диктатурасы, бір таптың диктатурасы
   мемлекет = тек қана құрал
   буржуазиялық демократия
   Совет өкіметі.
   «Бейтараптылық»
   «екі ұшқарылықтан да жоғары»
   іс жүзінде ше?

(α) азамат соғысына көзқарас
(β) «айырбас», «индустрия»
(γ) социализм бағытында даму
(δ) реформизм
(ε) «бостандық».

1919 ж. 14 июльден ертерек жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АҒАРТУ ІСІ МЕН СОЦИАЛИСТІК МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ І СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ*

Капитализмнің *идеялық* қорғаушыларының, меньшевиктер мен социалист-революционерлердің дәлелдері:

«*Бір* партияның диктатурасы»?

= пролетариаттың авангарды. = Пролетариат диктатурасы.

1900—1903
(1) 1903—1904
(2) 1905—1907
(3) 1908—1911
(4) 1912—1914
(5) 1914—1917
(6) 1917 II.—X.

Біртұтас социалистік (немесе демократиялық) майдан?

= буржуазияның кеңшіліксымақтары.

(Меньшевиктер Орталық Комитеті. 26. VII. 1919)[153].
«Социализм жаны = бостандық».
«Еңбек демократиясының теңдігі».
Советтік конституцияның 23-параграфы.
Жалпыға бірдей сайлау правосы
байлардың = кедейлердің
дағдысы.

* Қараңыз: осы том, 143—151-беттер. *Ред.*

{ Байлық күші, дағды күші, ұсақ шаруашылықтардың оқшауланған мүдделерінің күші + үгіт бостандығы + дауыс беру теңдігі! }

1919 ж. ерте дегенде 26 июльде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«МАЛАЙЛАР БӨЛМЕСІНДЕ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ* ЖОСПАРЛАРЫ

1

«Малайлар бөлмесінде». 1) Оңтүстіктен келген әдебиет. — 2) Малайлар қатты шиеленіскен күрес кезінде. — 3) Малай фрагі. — 4) Малайлардың екіжүзділігі. — 5) Малайлардың қорқақтығы. — 6) «Азамат соғысы». — 7) Оның формалары. — 8) Азамат соғысы және қаталдық etc. — 9) «Пролетариат арасындағы азамат соғысы». — 10) 1793 vs** 1919. — 11) *Бірінші* революцияның жеңілуі. — 12) Дүние жүзілік большевизм және Советтер. — 13) II және III Интернационал. — 14) α) Реформалар және революция, β) реформистер мен революционерлер. — 15) Питердегі заговор VI. 1919 (ad § 7***). — 16) Labour lieutenants of the capitalist class (ad *2—5)* = Берн Интернационалы. — 17) «Анархо-бланкизм» = § 14β. — 18) «Бірыңғай реакцияшыл бұқара». — 19) Жұмысшы мен шаруа. — 20) «Тұтынымпаздық» көзқарас.— 21) «Солдаттық» (ad § 7).— 22) «Баспасөз бостандығы» жөніндегі малайлар түсінігі + «парламентаризм»...— 23) Marx 1848 және *1914—1919.*— 24) Грузин социал-демократтары және Антантамен одақ.— 25) Мартовтан Потресовқа дейінгі сарындар.—

2

Кіріспе.

* Қараңыз: осы том, 152—159-беттер. *Ред.*
** — versus — салыстырғанда. *Ред.*
*** — 7-параграфқа. *Ред.*

I. *1.* Малайлар. *2—5**
II. Азамат соғысы.
6—9

«Ұшқарылықтан жоғары»
Мартов.

III. *20—21—22*
«Олардың» дәлелдері
+*19.*
IV. Антантаға көзқарас.
(Базель)
+*2 4.*
V. Сабақтар. 23
16. 25.
17.
13. + 14. + 17. + 18.
VI. Питердегі заговор. *1 5.*
VII. ΣΣ**
10. 11. 12.

3

«Малайлар бөлмесінде» деген мақаланың соңын, шамамен алғанда, былайша баяндаса:

a) Мартовтың екі ұшқарылықтан: буржуазия мен пролетариаттан, екі диктатурадан «жоғары» тұру жөніндегі дәмесі.
b) Бұл дәменің мәні = ұсақ буржуа
1848 аянышты да ерсі (1793 ұлылар)
1918 жексұрын, жиіркенішті.
c) Социалист-революционерлер партиясы IX кеңесінің қарарлары. 18—21. VI. 1919 idem***
екі ұшқарылықтан да жоғары, екі диктатураға да қарсы etc. ал іс жүзінде ше?
d) Азамат соғысына көзқарасы ше? Мартовтікі сияқты: тұйыққа тірелу, шарасыздық, жалпыға бірдей сайлау правосына көну (= буржуазия малайлары).

* Цифрлар жоспардың алғашқы нобайындағы пункттерді көрсетеді. *Ред.*
** — Summa summarum — жалпы жиынтығы. *Ред.*
*** — бұл да. *Ред.*

e) «Айырбас», «индустрия»
(капитализмді жақтайды).

f) «Социализм бағытында — демократия арқылы даму (= реформизм).

ff) *Шаруалар* мен *жұмысшылар*.

g) Реформизм басталған революцияға *қарсы* = буржуазия малайлары.

h) Берн Интернационалын жақтайды
(тағы да реформистік ұрандар).

i) «Бостандық» диктатураға қарсы.

k) Ұсақ буржуа, реакционерлер, қобалжушылар.

l) Істеушілер (Либерлер, Алексинскийлер, Авксентьевтер etc.) және мылжыңдаушылар (Мартов, Чернов etc.).

m) ΣΣ = *реакцияшыл ұсақ буржуа*.

1919 ж. июльде жазылған

Бірінші рет 1925 ж. «Большевик» журналының 23—24-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

НҰСҚАУДЫ ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ ЕГІНШІЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА ДИРЕКТИВАЛАР

Егіншілік халық комиссариатының* нұсқауы өзгертілсін және Совет өкіметінің барлық органдары арқылы төмендегі ережелер рухында нақтылы бақылау жүргізу көзделсін:

1) Помещиктік өкімет тұсында сол уезде немесе көрші уезде болып келген помещиктердің немесе басқарушылардың сол жердегі совхоздарда қызметке орналасуына сөзсіз тыйым салу.

2) Әскери мамандар жөніндегі сияқты қатаң қадағалау негізінде, контрреволюцияшылдығын анықтау тұрғысынан совхоздардағы басқарушылар мен қызметшілердің тізімдерін алу.

3) Уездік және губерниялық жер бөлімдерінің совхоздардағы өкілдерінің саны арттырылып, оларға уездік және губерниялық жер бөлімдерінің бақылауы күшейтілсін.

4) Жұмысшы комитеттеріне және олардың жұмысына көп көңіл, көп күш бөліп отыру кәсіподақ советінен талап етілсін.

5) Совхоздарда жарма-жарылық, т. с. жұмысқа тыйым салынсын.

6) Социалистік жолмен жерге орналастыру туралы Ереженің 59-статьясын орындағанын, яғни жергілікті шаруаларға *көмек* көрсеткенін іс жүзінде дәлелдемеген

* Қолжазбадағы «Егіншілік халық комиссариатының» деген сөздерден кейін Халық Комиссарлары Советінің секретары Л. А. Фотиева жазған «совет шаруашылықтарының губерниялық және аудандық басқармаларының ұйымдасуы мен қызметі туралы» деген текст енгізілген. *Ред.*

күнде совхоздардың барлық құрамдары дереу сотқа тартылсын.

7) Совхоздар мен жұмысшы комитеттерінің жергілікті шаруалар халқы алдында есеп беріп, оларды хабардар етіп отыратын формалары белгіленсін.

8) Егіншілік халық комиссариаты мен жұмысшы комитетінің, оның үстіне аса маңызды губерниялардағы 1 немесе 2 губерниялық жер бөлімінің осы ережелердің орындалуы туралы Халық Комиссарлары Советіне ай сайын нақты баяндамалар жасауы талап етілсін.

9) Көрсетілген пункттердің жүзеге асырылуын тексеру үшін қажетті мәселелер арқылы совхоздардың монографиялық суреттемесін кеңейту Орталық статистика басқармасының өзіне тапсырылсын.

10) Совхоздарға жер бөлу, әсіресе оларда бөлінген жер көлемінің шамадан тыс көп болуы немесе оларды пролетарлық емес ұйымдардың басып алуы себепті қайта қаралсын.

11) Губерниялық және уездік жер бөлімдерінің совхоздарына кандидаттар ұсыну жалпы ережеге айналдырылсын.

12) Нұсқау мен шаралар Халық Комиссарлары Советіне енгізілсін, алдын ала бұлар Середа, Сапронов, Владимирский, Цюрупа, Милютин және Голубев* комиссиядан өткізілсін**.

1919 ж. кеш дегенде 5 августа жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Бұдан әрі қолжазбада Л. А. Фотиева жазған: «құрамындағы» деген сөз бар. *Ред.*

** Бұдан әрі қолжазбада Л. А. Фотиева жазған мынадай текст бар: «Комиссияға бір апта мерзім берілсін. Шақыру және баяндама Середаға тапсырылсын». *Ред.*

«АСТЫҚПЕН ЕРКІН САУДА ЖАСАУ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ* ЖОСПАРЛАРЫ

1

NB

Астықпен еркін сауда жасау туралы

Астықпен еркін сауда жасау — мемлекеттік қылмыс

» » » — капиталға бола миллиондарды соққыға жығу

» » » — колчакшылдық.

Жұмысшы және шаруа.

Социализм. Quid est?**

Таптарды жою. *Ergo****, *шаруаларды* жою, жұмысшыны *(жұмысшы табын)* жою.

Шаруалар да, жұмысшылар да емес, бәрі қызметкерлер.

Артығын берсін.

Жалдаптық.

Меншік = *алауыздық.*

Еңбек = *ауызбірлік.*

Меньшевиктер мен эсерлер = *ең жауыз реакционерлер.*

Колчак пен Дениканнің *барлық* газеттері, барлық «идеялық серіктері» солардың дәлелдеріне сүйеніп жұмыс істеуде.

Меньшевиктер мен социалист-революционерлер = *әлгілерге «идея»* жеткізушілер.

---

* Қараңыз: осы том, 183—187-беттер. *Ред.*
** — Бұл не? *Ред.*
*** — Демек. *Ред.*

1917 1 августан 1918 1 августқа дейін = *3 0*, Сибирьде, Дон да, Украина да бұған кірмейді.
1918 1 августан 1919 1 августқа дейін = *1 0 5*.
$(105 \times 3._5 = 367._5)$

2

(*Астықпен еркін сауда жасау*)

Астықпен еркін сауда жасау туралы және шаруаның жұмысшыға көзқарасы туралы

1. Жолға біржолата қалай шығу керек?
2. Мемлекетке 400 миллион пұт астық.
3. Басты кедергі?
4. Дағдының, алауыздықтың, наразылықтың, қырқысудың, *капитализмнің* күші.
5. Астықпен еркін сауда жасау — *капитализм*, байлардың, помещиктер мен капиталистердің билеп-төстеуіне қайта оралғандық.
6. » » » » — капиталистердің пайдасына бола миллиондарды соққыға жығу.
7. » » » » — колчакшылдық.
8. » » » » — *мемлекеттік қылмыс*.
9. Меньшевиктер мен социалист-революционерлердің софизмдері (немесе «идеялық» қорғаны).
   - «кооперативтер»
   - жеке меншік сауда аппараты
   - кедейлер комитеттері[154] жойылсын
10. «Товар айырбасы» (?)
11. Мемлекетке қарыз беру.
12. Өліспей беріспейтін соғыс.
13. Бұл соғыстағы біздің күшіміз.

{ жалқау мен тындырымды } товар иелерінің міндеті

14. Интеллигенцияның қыңқылы.
15. Артық өнімді жинау.

3

Etwa*:
Жеңісті қайткенде баянды етіп, қамтамасыз етіп, ақырына дейін жеткізуге болады?
Барлық артық астық алынсын.
Қалай? Жол дұрыс па?
Дұрыс (30 vs 105)
кедейлер комитеттері мен орташа.
Меньшевиктер мен социалист-революционерлер contra.
Сауда бостандығы және капитализм
(§§ 5—8).
«Товар айырбасы» және *қарыз.*
Жалдапқа қарсы соғыс.
Бұл соғыстағы біздің күшіміз.

1919 ж. августа жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — Шамамен, долбарлап алғанда. *Ред.*

«ПЕТРОГРАД ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ* ЖОСПАРЫ

Питер үлгісі.
Оның маңызы:
«Курск жеңістері»
қорқытуда
үрейшілдік
ешқашан да!

+
{ Вешенская, Дондағы казактар орталығына } ||||| Жоспарды өзгертпеу керек, *жарлықтарға тимеу керек,* үрейшілдікке берілмеу керек, **қосымша** күштер берілсін.

Бірақ бұлар мейлінше тасқын жігермен *берілсін,* өйткені

қауіп бар, аса зор қауіп, ешқашан мұндай болып көрген емес.

Пролетарлық инициатива.

Питердің үлгісі.

Пролетариат диктатурасы.

Дезертир «қобалжулы».

Ұйымдастыру бюросы арқылы.

1919 ж. кеш дегенде 3 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 225—227-беттер. *Ред.*

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ КІТАПШАНЫҢ* АЛҒАШҚЫ НОБАЙЛАРЫ МЕН ЖОСПАРЫ

1

(ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ КЕЙБІР ЖАҚТАРЫ)

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Таптық қоғамнан таптық емес, тапсыз қоғамға шығу.

Негізгі үш топ, тап: қаналушылар, қанаушылар, ортадағылар; жұмысшылар, капиталистер, ұсақ буржуазия.

Қалай шығу керек? «Көпшілігі» жалпы әр түрлі таптардан ба?

Тап күресі *емес, қайта* көпшілік пе?

Тап күресінің өзгеше формадағы жалғасы: үстем тап (қаналушылар; жалпы қаналушылар емес, *пролетариат*).

Ортадағылар, ауытқушылар, жетектегілер.

Капиталистер (қанаушылар), *жаныштаулушылар*, олардың қарсылығы басып-жанышталады.

Пролетариат диктатурасы — тап күресінің, капитализмнен социализмге өтудің (қоғамның өтпелі сатысының) жаңа формасы.

Одан әрі туатын негізгі екі мәселе:

α) Халық ішінде пролетариаттың көпшілік болуы шарт, яғни пролетариат диктатурасы пролетариат халықтың көпшілігі болған *кезде ғана* мүмкін болмақ.

β) Осы, айрықша сатыдағы тап күресінің формалары. Ескі формалар ма, әлде жаңа формалар ма? жаңалығы неде?

---

* Қараңыз: осы том, 283—292-беттер. *Ред.*

Ad α* 51% minimum? (etwa)
+ 51 (кед.
10 (40-тап) 40% орташалар (ұсақ буржуазия) } etwa
61
9% капиталистер
100

ал егер etwa: 20% пролетариат
+ 20 75% ұсақ буржуазия { 30 кедейлер
+ 30 30 орташалар
$15^1/_2 30$ 15 байлар
65
5% капиталист
100

Империалистік елдегі пролетариат пролетариат арасындағы империалистер %? à l'anglaise?** (салыстыр: Engels 1852 — 1892). Жаңасы мен мәндісін, нақтысын лақтырып тастайды да, жалпы «пролетариат» туралы өткенді езе береді.

2

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАҚТАРЫ

Пролетариат диктатурасы — пролетариаттың еңбекші бұқараға (және бүкіл қоғамға) *басшылық етуі.*

Пролетариат диктатурасы тұсындағы тап күресінің екі негізгі міндеті (және, осыған сәйкес, екі жаңа формасы):

(1) қанаушылардың қарсылығын (және рецидив атаулыны, капитализм мен капиталистік дәстүрлерге қайта оралушылықты) басып-жаныштау.

(2) пролетарлардан өзге еңбекшілердің *бәріне* ұдайы басшылық ықпал жасап отыру (бұл да = күрес, бірақ

* — α пунктіне. *Ред.*
** — ағылшын мәнерінде ме? *Ред.*

айрықша түрдегі күрес, белгілі, рас, мүлде өзгеше қарсылықты жою, онда да мүлде өзгеше түрде жою).

Пролетариат диктатурасы дегеніміз оны *үстем* тапқа айналдыру. Бір таптың үстемдігі бостандық пен теңдікті жоққа шығарады.

NB:

қанау «атаулыдан» азат болуға

Бостандық пен теңдік — не *буржуазиялық* демократияны kritiklose* қайталағандық, қиялй-бұлдыр (echt kleinbürgerlich**) ниетпен *әлдененендей* мүлде жаңа құрылысқа, in abstracto*** социализмге талпынғандық.

Ал революцияшыл пролетариат ескіден жаңаға *қарай өтудегі, бірте-бірте қадам* жасаудағы өз міндеттерін (жалпы алғанда да, қазір де мейлінше) нақты түрде белгілеп алуы керек.

«Бостандық пен теңдікке», яғни (sonst Phrase, lauter Phrase!****) *таптарды жоюға* бастайтын *нақтылы* қадамдар. Бір әдіспен, бір бағытта, қанаушы тапты (және таптарды) жоюға болады, жою керек те.

Оларды *«лақтырып тастауға»* болады.

Қанаушы *емес* немесе *тікелей* қанамайтын таптарды *«лақтырып тастауға»* болмайды (буржуазиялық интеллигенция; ұсақ буржуазия, ол *qua* Eigentümerin der Produktionsmittel*****, *сол себепті* in potentia et partialiter in praxi****** қанаушы болып табылады).

3

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ ТАҚЫРЫПТАР

1. Пролетариат диктатурасы дегеніміз тап күресінің (жаңа формадағы) *жалғасы*.

2. Мемлекет = мұндағы құрал *ғана*.

---

* — талғаусыз. *Ред.*
** — шынайы ұсақ буржуазиялық. *Ред.*
*** — абстракт түрде. *Ред.*
**** — әйтпесе бұл — жел сөз, мағынасыз жел сөз! *Ред.*
***** — ол өндіріс құрал-жабдықтарының меншікшісі. *Ред.*
****** — потенциясы жағынан, ішінара практика жүзінде. *Ред.*

3. Бұл құралдың формасы бұрынғыша болмақшы емес. Әсіресе, формальды теңдік материалдық теңдік жолындағы, іс жүзіндегі теңсіздікке қарсы күрестің формасы бола алмайды.

4. Пролетариат диктатурасы тұсындағы тап күресінің негізгі екі бағыты (немесе формасы, яки типі):

5. A) қанаушыларды басып-жаныштау. = Басқаларынан анағұрлым сұрапыл соғыс.

6. B) орта элементтерді, ұсақ буржуазияны, шаруаларды «бейтарап ету». Бейтарап ету сенімнен, үлгіден, тәжірибені үйретуден, ауытқушылықты күштеп тыйып тастаудан, т. с. құралады.

7. C) тындырымды жұмыс істеу үшін өз жауыңды бағындыру («мамандар»).

8. | + D) Жаңа тәртіпке тәрбиелеу.|

9. Диктатура vs демократия. Диктатура дегеніміз (жалпы) демократияны теріске шығару. Езілген таптың диктатурасы дегеніміз езуші таптың демократиясын теріске шығару, оны езілгендер үшін кеңейту.

10. Демократия, нақты түрде, =

11. α) барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігі.— Қанаушыны құлатарда онымен теңдіктің болуы мүмкін емес.

12. β) барлық азаматтар үшін саяси бостандық.— Қанаушылар үшін саяси бостандықтың болуы мүмкін емес.

13. γ) шешім барлық азаматтың көпшілігі бойынша.— Жоқ: қанаушылардан өзге және *ауытқушылардан тыс*.

14. Шешім *дауыс беру арқылы*, бейбіт немесе таза демократияның мәні осындай. Іс жүзінде, буржуазиялық демократия тұсында *ақша арқылы*. Капиталдан азат етерде, капиталды құлатарда *тап күресі арқылы*, азамат соғысы арқылы.

15. Капитализм тұсында, капиталға қарсы тап күресін *бір* тап жүргізеді. Idem оны пролетариат диктатурасы формасында жалғастырады. Ұсақ буржуазия —«ретіне қарай» (cf. «Коммунистік Манифест»).

16. Капиталистік ерік билеушілер (мотивациялар) сақталып тұрғанда дауыс беру арқылы, яғни формальды ерік білдіру арқылы шешу = буржуазиялық демо-

кратия. Қанаушыларға қарсы тап күресі арқылы және азамат соғысы арқылы шешу = пролетарлық демократия. Пролетариат өзінің күресі арқылы, революциялық күресі арқылы капиталистік меншік қатынастарын, ergo, капиталистік ерік билеушілер (және мотивациялар) мен ауытқушылар үшін шешімдерді *қиратады.*

17. Дауыс беру арқылы шешкенде, ақшаны, капиталды, жеке меншікті *«есептемегенде»* = бәрі тең. Тап күресі арқылы және азамат соғысы арқылы шешкенде: ең алдымен ақшаның, капиталдың, жеке меншіктің езгісін қирату керек, онан соң қанаушыларды дауыс бермейтін ету керек. Біріншісіне қарай — екіншісі. Біріншісінің нәтижелі болуына байланысты — екіншісі.

18. Ақырына дейін дауыс беру арқылы шешу жаппай адал ниеттілік жағдайында (ergo, *енді* таптан тыс қоғамда), қанаушылардың қарсылығы болмаған жағдайда мүмкін болар еді. = Реформизмнің утопиясы.

19. Пролетариат диктатурасы тұсындағы демократия: съездер, жиналыстар, жергілікті өзін өзі басқару, еңбекшілердің еркімен шешу, дін, әйел, езілген ұлттар: «Аспан мен жер». Еңбекшілерді оқытып-үйрету капиталистерсіз жүргізіледі пролетариат диктатурасы тұсындағы демократия.

20. Капиталистік езгі, тепкі, құлдық сақталып тұрғанда еңбекшілерді формальды теңдікпен алдау = буржуазиялық демократия.

21. Пролетариат диктатурасы дегеніміз *бір* таптың, пролетариаттың барлық еңбекшілерді үйретуі, idem басшылық. *Бастап жүру. Үстем тап* = пролетариат, *бір өзі.* Үстемдік бостандық пен теңдікті жоққа шығарады.

22. Шаруалар еңбекшілер ретінде = одақтас; меншікшілер мен жалдаптар ретінде = жау. «Ретіне қарай». Бұл дауыс беру емес, революцияның барысы, азамат соғысының барысы, соның сабақтары, соның қорытындысы.

23. Жалпылама емес, in abstracto емес, XX ғасырдағы, империалистік соғыстан кейінгі пролетариат. Жоғарғы топтағылармен *жіктеліс* сөзсіз. Нақтылыдан аттап өту, абстракциялармен алдау. (Диалектика vs эклектицизм.)

24. Энгельс 1852 Англия туралы. 1852—1892. Cf. 1914—1919. Пролетариат диктатурасы = пролетариаттың оппортунистік жоғарғы тобын құлату, жұмысшы табының аристократиясынан бұқараға өту, «ықпал жүргізу үшін күресу». Жіктеліссіз болмайды.

25. Советтер = пролетарлық демократия = пролетариат-диктатурасы. Советтік конституциядағы жұмысшылар мен шаруалар. «Еңбек демократиясының теңдігі». Конституцияның 23-параграфы. «Бір партияның диктатурасы».

26. Қанаушылардың қарсылығы олар құлатылардан бұрын басталады да, құлатылғанда күшейе түседі. Күрестің *2* жақтан шиеленісуі немесе күрестен жалтару (Каутский).

27. Артта қалғандарды жалпыға бірдей дауыс беру арқылы, революциясыз (+ стачкасыз etc.) жетілдіруді керек еткен кез болған (etwa 1871—1914).— Революциялар кезі келіп жетті (1917—), енді *пролетариат* революциясының барысын оның азамат соғысы жетілдіреді.

28. Өсіп жетілген пролетариат және «moderne Barbaren»*. Революция тәжірибесі. *Еліктіріп, жөн сілтеу*. Революцияшыл пролетариаттың *еңбекшілер* арасындағы беделі.

29. Ауытқушылар мен шаршағандар vs пролетариат.

30. Империализм = капитализмнің тұрпайылануы, оның іріп-шіруі, артта қалғандарға әскери өктемдік. (Cf. Hobson және менің «Империализмім».)

31. Империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру. Marx 1870: қару меңгеруді үйрету. Cf. Каутский 1914—1918.

32. «Көпшілік»? *Егер αα* бөлегінде империалистік мерез бен ұсақ буржуазияның қарсылығы көп болса, пролетариаттың 51 проценті (αα) пролетариаттың 20 процентінен (ββ) аз болмақ.

33. «Бірыңғай реакцияшыл бұқара».

NB Engels 1875. Коммуна жөнінде және бүкіл *пролетариат диктатурасы* жөнінде.

---

* — «осы заманғы варварлар». *Ред.*

Басты төрт бөлім *(A, B, C, D)*; *A B C* — жалпысы; *D* — «орыстығы».

қалай

Пролетариат диктатурасы дегеніміз пролетариаттың тап күресінің жалғасы (1.

Мемлекет — пролетариат диктатурасы тұсында оның тап күресінің жаңа құралы ғана (2.

Пролетариат диктатурасы бұл күрестің жаңа міндеттері мен жаңа формаларын паш етеді (3. 4.

Пролетариат диктатурасы тұсындағы тап күресінің ең басты төрт жаңа міндеті (5. 6. 7. 8. + 26.

А. Пролетариат диктатурасы — пролетариат тап күресінің жаңа формасы (және жаңа міндеттері бар жаңа сатысы).

Пролетариат диктатурасы — буржуазиялық демократияны теріске шығаргандық (9. 10. 11. 12. 13. 14. 16. 17. 18. 20. + *32*.

Пролетариат диктатурасы — пролетарлық демократияны жасағандық.

Пролетариат диктатурасы тұсындағы демократизмнің табыстары (19.

B. Пролетариат диктатурасы — буржуазиялық демократияны қиратып, пролетарлық демократияны жасағандық.

ad *б* Пролетариат диктатурасы және ауытқушы ұсақ буржуазия, әсіресе шаруалар (15. 21. 22. +25. 28. 29. 33.

Пролетариат диктатурасы — қаналушы таптың революцияшыл элементтерінің диктатурасы (пролетариаттың оппортунистік жоғарғы тобымен жіктелісі) (23. 24.

С. ***Пролетариат диктатурасы және империализмнің ерекшеліктері*** (30.

× отарлар

× социализмнің жіктелісі

ad A { Пролетариат диктатурасы және азамат соғысы (31. cf. *27*.
Пролетариат диктатурасы және пролетариаттың революциялық партиясының «жойылуы» (cf. Каутский). }

D. Пролетариат диктатурасы және Советтік конституция (25.

---

§ 9. Диктатура vs демократия («Таза демократия»).

Allgemeines*

10. (α) Теңдік (11).
11. (β) Саяси бостандық (12)
12. (γ) және жалпы бостандық.
13. (δ) Көпшілік бойынша шешу (13)
дауыс беру арқылы.
14. Оның шарттары
теңдік
15. адалдық
16. алдау
17. бюрократизм.
18. Буржуазия диктатурасы**.
19. Өте-мөте шиеленіскен формадағы
күрес арқылы шешу (16).
20. Көпшілік және *күш* (32).
21. Демократизмнің табыстары (19).

---

* — Жалпысы. *Ред.*
** Қолжазбада В. И. Ленин 9—18-параграфтарды сызып тастаған. *Ред.*

В. И. Лениннің
«Пролетариат диктатурасы
туралы кітапшаның жоспары»
деген қолжазбасы.— 1919 ж.

1. Шаг вперед.
2. Компар. + - = его
Экк. 3 Сущн. ‡
4. Три осн. группы...
5. Мет-во и снабжение.
Велики Цели 50 лет
6. Шаг народ?
7. Реформы из [illegible]
8. Обл. р [illegible] соц. ров.
9. Гл. вкл. "Враг = м. [illegible]
"Окн..."
10. Объед. труда [illegible] и м. хоз-во.

Главная тема
(I) Существо
(II) 3 осн. группы
(III) объед. труда (из кур. кап.)
(IV) и м. произв.
(V) Соврем. мер. реформ

Шк. §§ 1 – 8.
9 – 20.
21 – 25.
26 – 32.

Шаг вперед
М О диктатуре пролет.

4

NB

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ КІТАПШАНЫҢ ЖОСПАРЫ

1. Кітапшаның жоспары.
2. Конспект. + және — оның.

Экономика
3. Мәні.
4. Негізгі үш топ...
5. Қапшықшылдық пен жалдаптық. **Орталық статистика басқармасының жыл ішіндегі деректері.**
6. Бір адым кейін?
7. Реформизм vs революция.
8. **Буржуазиялық** *немесе* **социалистік революция жолындағы күрес.**
9. Негізгі *«і ш к і»* жау = ұсақ буржуазия (экономика).
10. Біріккен еңбек vs ұсақ шаруашылық.

Саясат.
§§ 1—8.
9—20.
21—25.
26—32.

Басты тақырыптар

(I) Мәні.

(II) Негізгі 3 топ.

(III) Біріккен еңбек (ірі капиталдан) *vs* ұсақ буржуазия.

(IV) Суреттер.

(α) *Орталық статистика басқармасы.*

\+ (V) Реформистердің софизмдері.

1919 ж. сентябрь — октябрьде жазылған

Бірінші рет 1925 ж. Лениннің III жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫ КОММУНИСТІК ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ II СЪЕЗІ ДЕЛЕГАТТАРЫНЫҢ КЕҢЕСІНДЕГІ ЖАЗБАЛАР

Кеңес 21/XI. 1919

А) Негізгі міндеттер: Шығыстағы коммунистік ұйымдар мен партиялардың принциптік маңызы.

Б) Ұйымдық-партиялық мәселелер.

Территориялық принцип пен экстерриториялық принципті ұштастыру

+ Экстерриториялық?

В) Әкімшілік-мемлекеттік мәселелер.

Д) Даму дәрежесіне, ерекшеліктеріне, т. т. қарай *әрбір ұлттың нақты мәселелері.*

+ Орыстың *еңбекшілер* бұқарасымен мейлінше тығыз одақ жасасу.

Е) *Әрбір* ұлттың бюрократиясына, феодалдарына, буржуазиясына қарсы оның *кедейлерімен, еңбекшілерімен, қаналушыларымен* байланыс жасаудың әдістері мен шаралары.

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ВЦСПС ЖАНЫНДАҒЫ РКП(б) ФРАКЦИЯСЫНЫҢ БЮРОСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІҢ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР[155]

1) Томский жолдас та, ВЦСПС фракциясының бүкіл бюросы да (бұл бюроны міндетті түрде РКП Орталық Комитеті бекітеді) кәсіптік қозғалыстың барлық мәселелері жөнінде РКП Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросының мәжілістеріне міндетті түрде шақырылады.

2) ВЦСПС фракциясының бюросы өзінің Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросымен өзара қатынасының егжей-тегжейлі уставын жасайды. Бұл уставты Ұйымдастыру бюросы бекітеді.

3) «ВЦСПС жанындағы РКП фракциясы туралы ереже» былайша өзгертіледі

§ 1 «басшы» деген сөз алынып тасталады[156]

§§ 3[157] және? «Орталық Комитет» (бірлестіктердің) деген сөз қосылады.

Жеке параграфтарды редакциялау жөнінде бәрі қайта қаралсын*

жоғарыда көрсетілген ретпен қайта қаралсын, жоба негізінен қабылданып, тек редакциялық жағынан ғана түзетілсін.

1919 ж. ерте дегенде 4 декабрьде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қолжазбада В. И. Ленин «былайша өзгертіледі» деген сөздерден басталатын тексті сызып тастаған. *Ред.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ VII СЪЕЗІНДЕГІ БАЯНДАМАСЫ МЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗДІҢ ЖОСПАРЛАРЫ*

Баяндама жоспары

1. (Кіріспе)
   Азамат соғысы, қанаушылардың қарсылығы, халықаралық жағдай.
2. Антантаның араласуының бірінші кезеңі: *оның* әскерлері (Архангельскіде, оңтүстікте). | Чехтарды сатып алу. |
   Француз матростары (Labourbe).
   Архангельск, ағылшын солдаттары. **Күйреу.**
3. Антантаның араласуының екінші кезеңі: + + 16 мемлекет (Черчилль мойындамады, **бірақ** Эстляндия + Финляндия).
   Юденич. *Күйреу.*
4. Соғыс = саясаттың жалғасы
   оның жиынтығы, қорытындысы
   тексеру
   ақпар etc.
   } жұмысшы диктатурасы шаруа «маман»
5. Колчак және *Сибирь* шаруасы.
   Деникин және *украин* шаруасы.
   Шаруаны бастау = пролетарлық диктатураның мәні.
6. Бітім жөніндегі қауесеттер. Бітім жөніндегі тағы бір ұсыныс.

* Қараңыз: осы том, 417—446, 447—459-беттер. *Ред.*

Жау әрекеттері бола бермек.

7. Таңылған террор — *әлсіреуде.*
8. Тоғышар, ұсақ буржуазия, интеллигенция, «мамандар». Жұмсақ болмақ.
9. Әскери тәжірибе (әлеуметтік, экономикалық, саяси, ұйымдық, техникалық etc.)
   астық жөнінде (салым vs еркін сауда)
10. — отын (соңғы бірқатар шаралар)
11. — битке (бөртпе сүзекке) қарсы күрес.
12. Сенбіліктер. Партия тазалауы.
13. ________________ Партияның жаңа мүшелері.
14. Жұмысшылар мен шаруалардың партиялық емес конференциялары*.
15. Әскери және өнеркәсіптік мобилизация.
16. Халықаралық империализмге қарсы соғыстың осы 2 жылына қарағанда ішкі, бейбіт құрылыста ұстамдылық пен табыс анағұрлым көп болады, «кереметтер» анағұрлым көп болады.

---

(1) 1-інші кезең:
өз әскерлері

(2) 2-інші:
ұсақ халықтар

(3) 3-інші:
(Олар).

(4) *Бітім жөніндегі ұсыныс.*

(5) Колчакты талқандаған жеңістердің, т. т. әлеуметтік себебі.

(6) Қорытынды:
(пролетариат + мамандар + шаруа).

(7) Таңылған террор.

(8) Тоғышарға «жеңілдеу болады».

(9) Бейбіт құрылыс.

---

* Қолжазбада В. И. Ленин 12, 13 және 14-пункттерді сызып тастаған. *Ред.*

(10) Астық.
(11) Отын.
(12) «Бит»...
(13) «Қиял» мен «іргетас».
(14) Өнеркәсіптік мобилизация.
(15) Күш қайнары тереңірек те кеңірек:
(16) *Қарар.*

33 миллион — 40 миллион пұт

Салым 75% орындалды.

1919 ж. кеш дегенде 5 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ

(1) Мартов сөзінің бірінші $^1/_2$ және 2-інші — *декларация:* конституцияны **«демократияландыру»** және оның *орындалуы...* диктатурадан өзгесі.

(2) Оңшыл социалист-революционерлер меньшевиктермен бірге Вольский оңшыл социалист-революционерлерге қарсы

(3) § 23 Террор және Төтенше комиссия

Төтенше комиссия жарамсыз

бостандықтар,
(αα) ал заговорлар ше?
(ββ) ал кулак ше?

Партияда жоқ бұқараға «буржуазияны басып-жаныштау үшін»

Бундтан:

атқару комитеттерінің шешімдерін Советтердің бұзуы жөніндегі елеулі оқиғалар...

қайта сайлануда
«Советтер жиналмайды»

Бүкіл Орталық Атқару Комитеті — майданда
Оғаш жағдай: «Басқалар болуға тиіс».

1919 ж. 6 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(28 июнь — 15 декабрь, 1919)

Я. М. СВЕРДЛОВ атындағы КОММУНИСТІК УНИВЕРСИТЕТТЕ ОҚЫЛҒАН МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ ЕКІНШІ ЛЕКЦИЯ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университеттің бұрынғы тыңдаушысы Я. Я. Берзстің 1929 жылғы 9 марттағы хаты сақтаулы; онда Лениннің «Мемлекет, оның маңызы, пайда болуы және таптардың пайда болуы туралы» екінші лекциясы 1919 жылы 29 августа оқылды делінген.

УКРАИНАДАҒЫ СОВЕТ ӨКІМЕТІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ РКП(б) БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ VIII КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1919 ж. 3 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Бұл сөз жайындағы хабар 1919 жылы 4 декабрьде «Правда» газетінің 272-номерінде басылған. Лениннің РКП(б) VIII конференциясында сөйленген сөзін конференцияға қатысушылар да өздерінің сөздерінде атап өткен (қараңыз: «РКП(б) сегізінші конференциясы. Декабрь, 1919 жыл. Протоколдар», М., 1961, 95, 103, 104-беттер).

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде РКП(б) VIII конференциясында сөйленген сөздердің стенограммалары, олардың ішінде Лениннің «Украинадағы Совет өкіметі туралы» баяндама бойынша сөйлеген қорытынды сөзінің стенограммасы сақтаулы. Осыған қарап Лениннің сөзі де стенографияланған деп ұйғаруға әбден болады, бірақ оның стенограммасы осы уақытқа дейін табылған жоқ.

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ 7-ші АРМИЯНЫҢ ШТАБЫН НОВГОРОДТАН ПЕТРОГРАДҚА НЕМЕСЕ ОНЫҢ ТӨҢІРЕГІНЕ КӨШІРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде В. И. Ленин толықтырған қаулының жобасы сақтаулы. Қаулы 1919 жылғы 4 июльде қабылданды (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 78-бет).

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ДЕКРЕТТЕРІ, ҚАУЛЫЛАРЫ, ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ НҰСҚАУЛАРЫ

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚОРҒАНЫС ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ӘР АЛУАН МЕКЕМЕЛЕРДІ, КӘСІП ОРЫНДАРЫ МЕН ЗАВОДТАРДЫ ҚАРАП ШЫҒУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *18 июль, 1919 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ВЫКСА ЖӘНЕ КУЛЕБАКИ ЗАВОДТАРЫНЫҢ МОБИЛИЗАЦИЯЛАНҒАН ЖҰМЫСШЫЛАРЫН ҚЫЗЫЛ АРМИЯДАН ҚАЙТАРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *23 июль, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СЕЛО ХАЛҚЫНЫҢ ЕГІС КӨЛЕМІНІҢ САНАҒЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *24 июль, 1919 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЕГІН ЖИНАЙТЫН ЖҰМЫС КҮШІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *25 июль, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МІНДЕТТІ ТОВАР АЙЫРБАСЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *5 август, 1919 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ДЕМАЛЫСҚА БАРАТЫН ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ТАСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ, 1919 ж. 1 АВГУСТАҒЫ ҚАУЛЫҒА ҚОСЫМША. *6 август, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ КАРТОП ДАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *15 август, 1919 ж.*

СОВЕТТІК ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ. *28 август, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАЛАР ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *4 сентябрь, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЛАУАЗЫМДАРДЫ ҚАТАР АТҚАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *8 сентябрь, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН ЖҰМЫСШЫЛАРҒА НОРМАДАН ТЫС ӨНІМДЕР САТЫП АЛУҒА АВАНС БЕРУ ТУРАЛЫ 1919 ж. 4 АПРЕЛЬДЕГІ ДЕКРЕТТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *30 сентябрь, 1919 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ПЕТРОГРАД ПЕН КРОНШТАДТТЫ ЭВАКУАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *1 октябрь, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЙМАЛАРДАҒЫ ЖАЛДАПТЫҚҚА, ТАЛАН-ТАРАЖҒА ҚАРСЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНІМ БӨЛУШІ ОРГАНДАРДАҒЫ ПОДЛОГТАРҒА ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ БАБЫНДАҒЫ БАСҚА ДА ЖОЛСЫЗДЫҚТАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *21 октябрь, 1919 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ВАГОНДАРДАН ЖҮК ТҮСІРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *5 ноябрь, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ОТЫН ТАСИТЫН ТЕМІР ЖОЛ ТАРМАҚТАРЫН САЛУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕГИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ. *21 ноябрь, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ КАРТОП ДАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *22 ноябрь, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АҒАШ ОТЫН ДАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЫ. *29 ноябрь, 1919 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Халық Комиссарлары Советі мен Қорғаныс Советінің В. И. Ленин түзеткен, жоғарыда аталған декреттерінің, қаулыларының, нұсқаулары мен ережелерінің жобалары сақтаулы. Бұлардың бір бөлегі жарияланған (қараңыз: Лениннің XXIV жинағы, 46—49, 163-беттер; Лениннің XXXIV жинағы, 195-бет).

ТЕЛЕГРАММАЛАР

СУ ТРАНСПОРТЫНЫҢ НИЖНИЙ НОВГОРОД ОБЛЫСТЫҚ БАСҚАРМАСЫНА КАМА МЕН БЕЛАЯ ӨЗЕНДЕРІНДЕ БАРЖАЛАРҒА ТИЕЛГЕН АСТЫҚТЫ ДЕРЕУ ЖӨНЕЛТУ ТУРАЛЫ ТЕЛЕГРАММА. *12 июль, 1919 ж.*

25-ші ДИВИЗИЯНЫҢ ӘСКЕРИ КОМИССАРЫНА ӘСКЕР БӨЛІМДЕРІНІҢ УРАЛ ОБЛЫСЫНДА АСТЫҚ ЖИНАУЫНА РҰҚСАТ БЕРУ ТУРАЛЫ ТЕЛЕГРАММА. *16 июль, 1919 ж.*

А. Д. ЦЮРУПАНЫҢ ВСЕРОЗАКУП ӨКІЛІ ХИГЕРГЕ ОНЫҢ АСТЫҚ ТИЕЛГЕН БАРЖАНЫ ҰСТАЛҒАН ЖЕРІНЕН ДЕРЕУ ЖӨНЕЛТУ ТУ-

РАЛЫ ЖАРЛЫҒЫН ҚУАТТАП, САРАТОВТАҒЫ ДРОНИНГЕ ЖІБЕРІЛГЕН ТЕЛЕГРАММА, КӨШІРМЕСІ ПОКРОВСКІДЕГІ ТРЕТЬЯКОВҚА ЖОЛДАНҒАН. *17 июль, 1919 ж.*

БАТЫС МАЙДАНЫНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ӘСКЕРИ СОВЕТІНЕ И. В. СТАЛИНГЕ ДАНИЯҒА КЕТУГЕ РҰҚСАТ АЛҒАН ДАНИЯ ҚЫЗЫЛ КРЕСТ МИССИЯСЫН КІДІРТУ СЕБЕБІН СҰРАП БЕРІЛГЕН ТЕЛЕГРАММА. *17 июль, 1919 ж.*

ЦАРИЦЫН РУПВОДЫНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ЧУРСИНГЕ АУЫР ЖАҒДАЙДА ЦАРИЦЫНДЫ ЭВАКУАЦИЯЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАНЫ ҮШІН ЦАРИЦЫН РУПВОДЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АЛҒЫС АЙТҚАН ТЕЛЕГРАММА. *1 август, 1919 ж.*

БАТЫС, ШЫҒЫС, ОҢТҮСТІК ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК МАЙДАНДАРДЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ӘСКЕРИ СОВЕТТЕРІНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРЫНА РЕСПУБЛИКА РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ӘСКЕРИ СОВЕТІНДЕ БАЯНДАМА ЖАСАУ ПРАВОСЫНЫҢ БЕРІЛУІ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ МАЙДАНДАР МЕН АРМИЯЛАРДЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК КОМИССИЯЛАРЫНА ТИІСІНШЕ АРМИЯЛАРДЫҢ НЕМЕСЕ МАЙДАНДАРДЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ӘСКЕРИ СОВЕТІНДЕ БАЯНДАМА ЖАСАУ ПРАВОСЫНЫҢ БЕРІЛУІ ТУРАЛЫ ТЕЛЕГРАММА. *15 август, 1919 ж.*

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЕРМЬ, ЕКАТЕРИНБУРГ ЖӘНЕ УФА ГУБЕРНИЯЛЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТТЕРІНЕ ГУБКОМДАРДЫҢ КОЛЧАКТАН АЗАТ ЕТІЛГЕН ЖЕРЛЕРДЕГІ ҰЙЫМДАР МЕН МЕКЕМЕЛЕРДІ КАДРЛАРМЕН НЫҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ТЕЛЕГРАММАСЫ. *1919 ж. 24 августан кешірек.*

СОЛТҮСТІК-ДВИНА, АРХАНГЕЛЬСК, ТАМБОВ, ПЕТРОГРАД, СМОЛЕНСК, ҚАЗАН, НИЖНИЙ НОВГОРОД, ВЯТКА, УФА, ПЕНЗА, САМАРА, САРАТОВ, ОРЕНБУРГ ГУБЕРНИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТТЕРІНЕ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ МОБИЛИЗАЦИЯЛАНҒАНДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ СҰРАУЫНЫҢ ОРЫНДАЛМАҒАН СЕБЕПТЕРІ ТУРАЛЫ ТЕЛЕГРАММА. *8 октябрь, 1919 ж.*

НИЖНИЙ НОВГОРОД ГУБЕРНИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІНЕ МОСКВАҒА АСТЫҚ ТИЕП, ЖӨНЕЛТУДІ КҮШЕЙТУ ЖӨНІНДЕ ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ҚОЛДАНУДЫ ЖҮКТЕГЕН ТЕЛЕГРАММА. *1919 ж. ерте дегенде 17 октябрь.*

ПЕРМЬ ЖӘНЕ ЕКАТЕРИНБУРГ ГУБЕРНИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТТЕРІНЕ ГОЗНАК ФАБРИКАСЫН ДЕРЕУ ЖАБДЫҚТАП, ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ФАБРИКАНЫҢ МЕҢГЕРУШІСІ А. Е. МИНКИНГЕ БАРЫНША КӨМЕК КӨРСЕТУ ҚАЖЕТТІГІ ТУРАЛЫ ТЕЛЕГРАММА. *20 октябрь, 1919 ж.*

САРАТОВҚА, ТАМБОВҚА, ГУБЕРНИЯЛЫҚ ОРМАН КОМИТЕТТЕРІНЕ, УЕЗДІК ОРМАН КОМИТЕТТЕРІНЕ, ТЕМІР ЖОЛ КОМИТЕТТЕРІНЕ, ГУБЕРНИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТТЕРІНЕ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРҒА ТЕМІР ЖОЛДАРМЕН АСТЫҚ ТАСУДЫ ТЕЗДЕТУ МАҚСАТЫМЕН ПАРОВОЗДАР ҮШІН АҒАШ ОТЫН ТИЕУДІҢ ИНТЕНСИВТІЛІГІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ ТЕЛЕГРАММА. *20 октябрь, 1919 ж.*

ТҮРКІСТАН ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНЕ, КӨШІРМЕЛЕРІ БІРІНШІ АРМИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ӘСКЕРИ СОВЕТІНЕ, ТҮРКІСТАН КОМИССИЯСЫНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ Ш. З. ЭЛИАВАҒА МҰНАЙ БАС БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҰНАЙ КЕНДЕРІН АНЫҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ТЕЛЕГРАММА. *29 октябрь, 1919 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде В. И. Ленин түзеткен жоғарыда аталған телеграммалардың түпнұсқалары сақтаулы. Олардың бір бөлегі жарияланған (қараңыз: Лениннің XXIV жинағы, 17, 74—75, 94—95, 135-беттер; Лениннің XXXIV жинағы, 193, 194-беттер; «Пролетарская Революция», 1934, № 3, 231—232-беттер; В. В. Фомин. Ленин және транспорт, М., 1933, 16-бет).

ҚЫТАЙ СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ ЖӘНЕ РОССИЯДАҒЫ ҚЫТАЙ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ОДАҒЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ЛЮ ЦЗЭ-ЖУНГЕ (ЛАУ СИУ-ДЖАУҒА) СЫРТҚЫ ІСТЕР ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ БЕРГЕН КУӘЛІК

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы документтің фотокөшірмесі сақтаулы; онда 1919 жылы 19 ноябрьде В. И. Ленин жазған қосымша бар. Қосымша мына журналда жарияланған: «Вопросы Истории КПСС», 1960, № 2, 193-бет.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] Ленин бұл арада Петроградты қолдан беру жайындағы заговорды айтып отыр; бұған бірқатар антисоветтік топтар мен шпиондық астыртын ұйымдардың әрекетін біріктірген контрреволюциялық «ұлттық орталық» ұйымы басшылық еткен болатын. 1919 жылғы 13 июньге қараған түні заговоршылар Петроград іргесіндегі аса маңызды бекіністердің бірі болған Красная Горка фортында бүлік шығарды.

Бүлікке форттың коменданты патша армиясының бұрынғы поручигі Неклюдов басшылық етті. Оның сыбайластары Серая Лошадь және Обручев форттарында да бүлік шығарды. Бүлікшілер Красная Горканы алу арқылы Кронштадттың бекіністі ауданын әлсіретуді және майдандағы жалпы шабуылды көтеріліспен біріктіргеннен кейін, Петроградты алуды көздеді.

Бүлікшілерді талқандау үшін жағалаудағы топтың әскерлері, Балтық флотының корабльдері, әскери-әуе күштері, еріктілер отрядтары жіберілді. 15 июньнен 16 июньге қараған түні жағалаудағы топтың бөлімдері фортты басып алды. Заговорға басшылық еткен контрреволюциялық ұйым ашылды және жойылып жіберілді.— *14.*

[2] *Садовая* (Чехословакияның Градец-Кралове облысындағы деревня (қазір қала)) *түбіндегі шайқас* 1866 жылғы 3 июльде болды. Пруссияның толық жеңуімен және Австрияның талқандалуымен аяқталған бұл шайқас Австрия-Пруссия соғысының тағдырын шешкен-ді.— *19.*

[3] Әңгіме РКП(б) VIII съезінде қабылданған партия программасы жайында болып отыр (қараңыз: «РКП(б) сегізінші съезі. 1919 жылғы март. Протоколдар», М., 1959, 404—405-беттер; В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 38-том, 109—110, 133-беттер).— *23.*

[4] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 310—311-беттер.— *24.*

[5] Халық Комиссарлары Советі 1919 жылғы 16 мартта қабылдаған декрет бойынша тұтыну кооперативтерін біріктіріп, оларды бірыңғай өнім бөлуші орган етіп қайта құрды да, мұны «тұтыну коммунасы» деп атады. Алайда кооперативтердің жаңаша аты кейбір жерлерде декреттің теріс ұғынылып, түсіндірілуіне әкеліп соқты. Осыны ескере отырып, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті өзінің 1919 жылғы 30 июньдегі «Жұмысшы-шаруа тұтыну қоғамдары туралы» қаулысында декретті мақұлдап, «тұтыну коммунасы» деген атты халыққа үйреншікті «тұтыну қоғамы» деген атпен ауыстыруға ұйғарды (қараңыз: «Известия ВЦИК» № 143, 3 июль, 1919 ж.).— *28.*

[6] Мәжіліс РКП(б) Орталық Комитеті пленумының 1919 жылғы 3 июньдегі шешімі бойынша болған еді. Ол Деникин әскерлерінің шабуылына байланысты Совет республикасы үшін өте-мөте қауіпті кезеңде өткізілген-ді. Мәжілістің күн тәртібіне бір мәселе: Совет өкіметінің қазіргі жағдайы және таяудағы міндеттері туралы мәселе қойылды. Мәжілісте РКП(б) Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша В. И. Ленин баяндама жасады. Мәжіліске қатысқандар «Барлық жұмысшыларға, шаруаларға, қызыл әскерлер мен матростарға» үндеу қабылдап, оларды жауға тойтарыс беру үшін барлық күшті жұмылдыруға, асқан қырағылық көрсетуге шақырды (қараңыз: «Правда», № 145, 5 июль, 1919 ж.).— *32.*

[7] Ленин бұл арада 1918 жылы 4 июльде ашылған Советтердің Бүкіл россиялық V съезін айтып отыр. Съезге шешуші дауыспен 1164 делегат қатысты, олардың ішінде: большевиктер — 773, солшыл эсерлер — 353, максималистер — 17, анархистер — 4, интернационалист-меньшевиктер — 4, басқа партиялардың мүшелері — 3, партияда жоқтар — 10.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қызметі туралы Я. М. Свердлов есепті баяндама жасады; Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы В. И. Ленин баяндама жасады. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің есептері жөнінде болған қызу жарыс сөздерден кейін съезд көпшілік дауыспен коммунистік фракция ұсынған қарарды қабылдады, онда «Совет үкіметінің сыртқы және ішкі саясаты толық мақұлданды». Совет үкіметіне сенімсіздік көрсетуді, Брест бітім шартын бұзуды, Совет өкіметінің сыртқы және ішкі саясатын өзгертуді ұсынған солшыл эсерлердің қарары қабылданбады.

Съезде жеңіліске ұшыраған солшыл эсерлер 6 июльде Москвада контрреволюциялық бүлік шығарып, ашық қарулы қимыл жасауға шықты. Осыған байланысты съезд өз жұмысында үзіліс жасап, оны тек 9 июльде ғана қайта бастады. 6—7 июльде болған оқиғалар туралы үкіметтің ха-

барын тыңдаған соң съезд солшыл эсерлердің қылмысты авантюрасын жою жөніндегі үкіметтің батыл әрекеттерін толық мақұлдады және өздерінің басшы жоғарғы тобының көзқарастарын қостайтын солшыл эсерлерге «жұмысшы және шаруа депутаттары Советтерінде орын болмауға тиіс» деп көрсетті.

Азық-түлік жөніндегі халық комиссары А. Д. Цюрупаның баяндамасы бойынша қабылданған қарарда съезд астық монополиясының мызғымайтындығын қуаттады, кулактардың қарсылығын үзілді-кесілді басып-жаншу қажеттігін көрсетті және кедейлер комитеттерін ұйымдастыруды мақұлдады. Қорытынды мәжілісте, 10 июльде, съезд Қызыл Армияны ұйымдастыру туралы баяндаманы тыңдап, коммунистік фракция ұсынған қарарды бірауыздан бекітті, бұл қарарда еңбекшілердің міндетті әскери міндеткерлігі негізінде Қызыл Армияны ұйымдастыру және нығайту жөніндегі шаралар белгіленді.

Съезд Совет елі еңбекшілерінің жеңістерін заң жүзінде баянды еткен РСФСР-дің бірінші Конституциясын қабылдады.— *33*.

8 В. И. Ленин бұл арада солшыл эсерлердің (1918 жылғы 6—7 июльдегі) контрреволюциялық бүлігін айтып отыр.

Солшыл эсерлер — ұйымдық жағынан 1917 жылы ноябрьде өткен өзінің Бүкіл россиялық I съезінде партия болып қалыптасты. Солшыл эсерлер бұған дейін эсерлер партиясының дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында қалыптаса бастаған сол қанаты ретінде өмір сүріп келген еді; оны М. А. Спиридонова, Б. Д. Камков және М. А. Натансон (Бобров) басқарды. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде солшыл эсерлер эсерлер фракциясында көпшілік болды; фракция съезге қатысу туралы мәселеде жікке бөлінді: эсерлер партиясы Орталық Комитетінің нұсқауын орындап, оңшыл эсерлер съезден кетіп қалды, ал солшыл эсерлер съезде қалып, күн тәртібінің аса маңызды мәселелері бойынша большевиктермен бірге дауыс берді, алайда большевиктердің Совет үкіметіне кіру жөніндегі ұсынысынан бас тартып жауап берді.

Ұзақ ауытқудан кейін солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасындағы ықпалынан айрылып қалмауға тырысып, большевиктермен келісімге келді; олардың өкілдері Халық Комиссарлары Советінің құрамына енгізілді. Большевиктермен ынтымақтасу жолына түскенімен, солшыл эсерлер социалистік революцияның түбегейлі мәселелері жөнінде большевиктерден басқаша көзқараста болды, пролетариат диктатурасына қарсы шықты. 1918 жылы январь — февральда солшыл эсерлер партиясының Орталық Комитеті Брест бітім шартын жасасуға қарсы күрес жүргізді, ал шартқа қол қойылып, оны 1918 жылы мартта Советтердің IV съезі

бекіткеннен кейін солшыл эсерлер Халық Комиссарлары Советінен шықты, алайда халық комиссариаттарының коллегияларына және жергілікті өкімет органдарына қатыса берді. Деревняда социалистік революцияның өрістеуіне байланысты солшыл эсерлер арасында антисоветтік пиғылдар күшейе бастады.

Солшыл эсерлердің Орталық Комитеті 24 июньде Совет өкіметіне қарсы бүлік шығаруға шешім қабылдады. Советтердің V съезінде жеңіліске ұшыраған солшыл эсерлер Брест бітім шартын жүзеге асыртпау және Совет елін Германиямен соғысқа киліктіру мақсатымен 6 июльде Москвада герман елшісі граф Мирбахты өлтірді. Осыдан кейін іле қарулы бүлік басталды. Бүлікшілер зеңбіректен Кремльге оқ атты, телефон станциясы мен телеграфты басып алды. Совет үкіметі қолданған батыл шаралардың арқасында және Москва жұмысшылары мен гарнизонының ынтымақты қимылдары нәтижесінде бүлік бір тәулік ішінде, 7 июльде күндізгі сағат екіге қарай басып тасталды. Бүлік ішкі контрреволюция мен Антанта империалистерінің Советтік республикаға қарсы жалпы қимылының бір бөлегі еді; бүлікшілерді шетелдік дипломатиялық миссиялар жасырын қолдады. Солшыл эсерлер сондай-ақ Петроградта, Вологдада және басқа қалаларда бүлік шығаруға тырысты.

Бүлік талқандалғаннан кейін Советтердің Бүкіл россиялық V съезі өздерінің басшы орнының авантюристік бағытын қолдаған солшыл эсерлерді Советтердің құрамынан шығару жөнінде шешім қабылдады.— *33.*

9 Шығыс майдандағы совет әскерлерінің қолбасшысы М. А. Муравьевтің опасыздығы солшыл эсерлердің 1918 жылғы июльдегі бүлігімен тығыз байланысты болатын. Бүлікшілердің жоспары бойынша, Муравьев Шығыс майданының әскерлерін Совет өкіметіне қарсы аттандыруға және, ақ чехтармен біріккеннен кейін,. Москваға жорыққа шығуға тиіс еді. 10 июльде Муравьев Симбирскіге келіп, Брест бітімін өзінің мойындамайтынын және Германияға соғыс жариялайтынын мәлімдеді. Оның алдауына түскен бөлімдер почтаны, телеграфты, радиостанцияны басып алып, атқару комитеті мен Симбирск әскерлер тобы штабының үйін қоршады. Муравьев радиограмма арқылы Самарадан Владивостокқа дейінгі ақ гвардияшылар мен интервенттерді Москваға шабуыл жасай бастауға шақырды.

Совет үкіметі Муравьевтің авантюрасын жою үшін шұғыл шаралар қолданды. Симбирскінің коммунистері солдаттар мен қала халқының арасында үлкен түсінік жұмысын жүргізді. Бұрын Муравьевті қолдаған әскери бөлімдер өздерінің бүлікшілерге қарсы шығуға әзір екенін мәлімдеді. 11 июль күні кешке Муравьев Симбирск атқару комитетінің мәжілісіне шақырылды; бұл шақыруды ол атқару комитетінің тізе бүккендігі деп білген-ді. Мәжілісте Муравьевтің

интервенттер мен ақ гвардияшыларға қарсы соғыс қимылдарын тоқтату жайындағы опасыздық телеграммалары жарияланғаннан кейін коммунистер оның қамауға алынуын талап етті. Қарулы қарсылық көрсеткен Муравьев өлтіріліп, оның сыбайластары қамауға алынды.— *33.*

[10] Бұл арада ақ гвардияшылардың 1918 жылғы 6 июльде Ярославльде басталған бүлігі айтылып отыр. Көтерілісті контрреволюциялық «Отан қорғау мен бостандық одағы» ұйымдастырды, бұл одақтың басшысы оңшыл эсер Б. В. Савинков болды. Сол кезде Советтік Россияда болған басқа да контрреволюциялық бүліктер сияқты, Ярославль бүлігін де меньшевиктер мен эсерлердің белсене қатысуымен Антанта империалистері әзірледі. Антанта елдерінің империалистері Савинковтың «Одағына» ақпалай едәуір қаржы берді. Бүлікті ұйымдастыру Россиядағы интервенцияның жалпы жоспарына кірді. Ярославльдегі қарулы көтерілісті интервенттер Москвадағы солшыл эсерлер бүлігімен орайластырды. Сонымен бір мезгілде Муромда, Костромада, Рыбинскіде және Поволжье мен Россияның орталығындағы басқа да қалаларда бүліктер басталуға тиіс еді.

6 июльде бүлікшілер Ярославльдің орталық бөлегін басып алды, арсеналды, почтаны, телеграфты және басқа мекемелерді алды. Партия және совет қызметкерлерін қанға бояп жазалау басталды.

Бүлікшілер қаланың жұмысшылар тұратын шет аймақтарын да басып алуға тырысты. Алайда бұл жерде олар батыл да табанды қарсылыққа тап болды. Совет үкіметі Ярославль жұмысшыларына көмекке бірқатар әскери бөлімдерді және Москвадан, Петроградтан, Иваново-Вознесенскіден, Костромадан, Вологдадан, Рыбинскіден қаруланған жұмысшы отрядтарын жіберді. 21 июльде бүлік басылып тасталды.— *33.*

[11] *Қорғаныс Советін* (Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советін) 1918 жылы 30 ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті құрды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысында былай деп көрсетілді: Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советі Совет республикасын әскери лагерь деп жариялаған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 2 сентябрьдегі декретін жүзеге асыру үшін құрылады. Қорғаныс Советі Совет мемлекетінің елде туып отырған ерекше қиын жағдайдың нәтижесінде дүниеге келген төтенше органы болды. Елдің күші мен қаражатын қорғаныс мүддесіне пайдалануға жұмылдыру ісіндегі бүкіл уәкілдік соған берілді. Қорғаныс Советінің Председателі болып В. И. Ленин тағайындалды.

Қорғаныс Советінің қаулылары орталық және жергілікті ведомстволар мен мекемелер үшін, Совет республикасының барлық азаматтары үшін бірдей міндетті болды. Ол

шетел интервенциясы мен азамат соғысы дәуірінде Республиканың ең басты әскери-шаруашылық және жоспарлаушы орталығы болды. Революциялық-әскери советтің және басқа әскери органдардың қызметіне Қорғаныс Советі күшті бақылау жасады.

1920 жылы апрельдің бас кезінде Қорғаныс Советі қайта құрылып, Еңбек және Қорғаныс Советі (СТО) деп аталды. Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің 1920 жылғы декабрьдегі қаулысы бойынша Еңбек және Қорғаныс Советі Халық Комиссарлары Советінің комиссиясы правосында жұмыс жүргізе бастады, барлық ведомстволардың шаруашылық құрылыс жөніндегі жұмыстарын үйлестіріп отыру оның басты міндеті болды; 1937 жылға дейін жұмыс істеп келді.— *40.*

12 Бұл арада «Известия ВЦИК» газетінің 1919 жылғы 4 июльдегі 144-номерінде басылған «Меньшевиктер Колчак туралы» деген заметка айтылып отыр.— *41.*

13 В. И. Ленин бұл арада Советтік Россия мен Төрт жақты одақ державалары (Германия, Австро-Венгрия, Болгария, Түркия) арасындағы 1918 жылғы 3 мартта Брест-Литовскіде қол қойылған және Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі 15 мартта бекіткен бітім шартын айтып отыр. Бітімнің шарттары Советтік Россия үшін өте-мөте ауыр болды. Шарт бойынша Польша, Прибалтика түгел дерлік, Белоруссияның бір бөлегі Германия мен Австро-Венгрияның бақылауына өтуге тиіс болды. Украина Советтік Россиядан бөлініп шығып, Германияга тәуелді мемлекетке айналуға тиісті болды. Карс, Батум және Ардаган қалалары Түркияның қарамағына өтуге тиісті еді. 1918 жылы августа Германия Советтік Россияга қосымша шарт пен финанс келісімін күштеп таңды, оларда жаңадан тонаушылық талаптар қойылды.

Ауыр шарттар қойылғанына қарамастан, Брест шарты Совет мемлекетіне бейбіт тыныс алып берді, ыдырап бара жатқан ескі армияны демобилизациялап, жаңа армия — Қызыл Армияны құруға, социалистік құрылысты өрістетіп, ішкі контрреволюция мен шетел интервенттеріне қарсы келешек күрес үшін күш жинауға мүмкіндік берді. Брест шартының жасалуы бейбітшілік жолындағы күрестің одан әрі күшеюіне, барлық соғысушы елдердің әскерлері мен халқының қалың бұқарасы арасында революциялық пиғылдың өсуіне жәрдемдесті. Брест бітімі көкейге қонымды саяси компромисс еді, ол лениндік тактиканың данышпандығы мен икемділігінің, барынша қиын жағдайда соғыс пен бейбітшілік жөнінде бірден-бір дұрыс саясат белгілей білудің айқын мысалы болды.

Брест бітімін жасасуға байланысты Троцкийге және антипартиялық «солшыл коммунистер» тобына қарсы қажыр-

лы күрес жүргізілді. Тек В. И. Лениннің орасан зор күш-жігер жұмсауының арқасында ғана Германиямен бітім шартына қол қойылды. Германиядағы монархиялық режимді құлатқан 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 13 ноябрьде Брест шартын жойды.— *45.*

14 Ленин бұл арада 1914—1918 жылдардағы дүние жүзілік империалистік соғысты аяқтаған Версаль бітім шартын айтып отыр. Шартқа 1919 жылы 28 июньде, бір жағынан, Америка Құрама Штаттары, Британия империясы, Франция, Италия, Жапония және олармен біріккен державалар, екінші жағынан, Германия қол қойды.

Версаль бітім шартына баға бере келіп, Ленин 1920 жылы 15 октябрьде былай деді: «Бұл бітім ондаған миллион адамды, соның ішінде ең цивилизациялы адамдарды құлдық халге түсірген құлақ естімеген, тонаушылық бітім» (Шығармалар, 31-том, 330-бет). Версаль бітім шарты капиталистік дүниенің жеңімпаз-державалардың пайдасына қайта бөлінуін баянды етуді, сондай-ақ елдер арасында Советтік Россияны тұншықтыруға және бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалысты талқандауға бағытталған қатынастар жүйесін орнатуды мақсат етті.— *45.*

15 *«Бар күшті Деникинге қарсы күреске жұмсайық!»* деген еңбекті В. И. Ленин 1919 жылы 3—4 июльде болып өткен және империалистердің жаңа жорығы басталуы себепті елдің алдына қойылған аса маңызды мәселелерді талқылаған РКП(б) Орталық Комитеті пленумының шешімдеріне байланысты жазған болатын. Бұл документтің машинкада басылған көшірмесіне Ленин былай деп жазған: «Мұны автордың пленум шешімдері жөніндегі түсіндірмесі ретінде басып шығару керек пе, әлде Орталық Комитеттің хаты ретінде немесе автордың листовкасы, т. с. ретінде басу керек пе, Орталық Комитеттің Ұйымдастыру және Саяси бюроларынан осыны талқылауды өтінемін». Документтің маңыздылығы себепті «Бар күшті Деникинге қарсы күреске жұмсайық!» деген еңбекті РКП(б) Орталық Комитетінің партия ұйымдарына арнаған хаты ретінде басып шығару ұйғарылды. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Лениннің хаты жөнінде Каменевтің, Крестинскийдің, Серебряковтың, Троцкийдің ескертпелерінің текстері бар. Оның үстіне, Смилга мен Сталиннің ескертпелері жөнінде Лениннің жазбасы сақталған. Лениннің хатын түгелдей мақұлдай келіп, Сталин әскери мамандар жайындағы бөлім жөнінде бірқатар қарсы пікірлер айтқан. Сталиннің ескертпелері оның осы мәселе жөніндегі теріс позициясын бейнелеген-ді; ол әскери мамандар жөніндегі саясатты қайта қарау қажет деп санады. 1919 жылғы 4 июньде Ленинге жолдаған ха-

тында Сталин Республиканың Бүкіл россиялық бас штабы мен Революциялық-әскери советінің майдандық штабы ақтарға жұмыс істейді дей келіп және әскери мамандардың Петроградтағы контрреволюциялық заговорға қатысқанын дәлел ете отырып: «Бар әңгіме Орталық Комитеттің тиісті қорытынды жасарлықтай батылдық көрсете білуінде» деп жазды. Сол кезде Қорғаныс Советінің уәкілі ретінде Петроградта болған Сталин және Зиновьев әскери мамандар туралы мәселені талқылау жөнінде Орталық Комитетке ұсыныс енгізді.

«Бар күшті Деникинге қарсы күреске жұмсайық!» деген хатта Ленин: «кейбір партиялық органдар әскери мамандар жөнінде (таяуда Петроградта болғандай) теріс сарынға» басып отыр деп көрсетті. Ол былай деп атап көрсетті: әскери мамандардың опасыздық жасау фактілерінің жиілеуі себепті «біздің әскери саясатымыздың негіздерін өзгерту туралы мәселе қозғау түзетілмес қате, кешірілмес тұрлаусыздық» болар еді (осы том, 63, 61-беттер).

Лениннің хатын талқылағанда Сталин, Лениннің жазғанындай, әскери мамандар туралы бөлімде «Питерді мысалға келтіру алынып тасталсын» деп ұсынған, «әскери мамандар жалпы буржуазиялық мамандардан өзгеше, бұларды салыстыруға келмейді (ауыл шаруашылық, техникалық мамандардан үйренуге болады, ал әскери мамандардың жөні басқа: барлық күнкя соларда, көбінше сенбеген жөн)» деген. Сталиннің ескертпелері қабылданған жоқ.

«Бар күшті Деникинге қарсы күреске жұмсайық!» деген өнбек РКП(б) Орталық Комитетінің атынан 1919 жылғы 9 июльде «Известия ЦК РКП(б)» бюллетенінің 4-номерінде жарияланды, бұдан кейін, нақ сол жылы, жеке кітапша етіп шығарылды.— *48.*

[16] *«Россияны қайта жаңғырту одағы»*— 1918 жылы кадеттерден, «халықтық социалистерден», оңшыл эсерлерден, меньшевиктерден құрылған және шетелдік миссиялармен, разведкалармен тікелей байланысты болған контрреволюциялық ұйым. «Одақты» аталған партиялардың лидерлері — Н. Д. Авксентьев, А. А. Аргунов, В. Е. Павлов, В. Г. Болдырев және басқалар басқарды. «Одақ» Совет өкіметін қарудың күшімен құлатып, капиталистік тәртіпті қайта орнатуды өзіне міндет етіп қойды.— *61.*

[17] Қараңыз: «РКП(б) сегізінші съезі. 1919 жылғы март. Протоколдар», М., 1959, 404-бет; В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 38-том, 110, 133-беттер.— *62.*

[18] Әңгіме меньшевиктер мен эсерлердің белсене қатысуымен Антанта империалистері ұйымдастырған чехословак әскери корпусының контрреволюциялық қарулы бүлігі жайында

болып отыр. Чехословак корпусы Россияда Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгенге дейін соғыс тұтқындары чехтар мен словактардан құрылған болатын. 1918 жылдың жазында бұл корпуста 60 мыңнан астам адам болды (Россияда барлығы 200 мыңға жуық тұтқын чехтар мен словактар болды). Совет өкіметі орнатылғаннан кейін корпусты қаржыландыруды оны Совет республикасына қарсы күрес жүргізу үшін пайдалануға ұйғарған Антанта державалары өз міндеттеріне алды. Чех буржуазиялық ұлтшылдарының лидері, чехословак Ұлттық советінің президенті Т. Масарик корпусты француз армиясының бөлімі деп жариялады, сондықтан Антантаның өкілдері корпусты Францияға эвакуациялау туралы мәселе қойды. Совет үкіметі бұған Франциядағы орыс солдаттары қайтарылатын болсын деген шарт қойып, чехословактарды эвакуациялауға келісім берді. 1918 жылғы 26 марттағы келісім бойынша корпус қару-жарағып тапсырған жағдайда, оған Владивосток арқылы Россиядан жүріп кетуге мүмкіндік берілді. Бірақ корпустың контрреволюциялық командованиесі қару-жарақты тапсыру туралы Совет үкіметімен жасасқан келісімді опасыздықпен бұзып, Антанта империалистерінің айдап салуымен майдың аяқ кезінде қарулы бүлік ұйымдастырды. Америка Құрама Штаттарының, Англияның және Францияның үкіметтері бүлікті ашықтан-ашық, жан-жақты қолдап шықты; оған француз офицерлері тікелей қатысты. Ақ гвардияшылармен және кулактармен тығыз байланыса отырып, қимыл жасаған ақ чехтар Уралдың, Поволжьенің, Сибирьдің едәуір бөлегін басып алып, барлық жерде буржуазия өкіметін қалпына келтірді. Ақ чехтар басып алған аудандарда меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен ақ гвардиялық үкіметтер: Омскіде — Сибирь «үкіметі», Самарада — Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті (Комуч) және т. т. құрылды.

Бүлік басталғаннан кейін көп ұзамай, 11 июньде, Россиядағы чех-словак коммунистік топтарының Орталық атқару комитеті корпустың солдаттарына үндеу хат жазып, онда бүліктің контрреволюциялық мәнін ашып көрсетті, чех және словак жұмысшылары мен шаруаларын бүлікті жоюға және Қызыл Армияның чехословак бөлімдеріне енуге шақырды. Чех және словак соғыс тұтқындарының көпшілігі Совет өкіметіне тілектестік көзқараста болды және корпустың реакциялық жоғарғы тобының антисоветтік насихатына берілмеді. Алданғандарына көздері жеткен көптеген солдаттар корпустан кетіп, Советтік Россияға қарсы соғысудан бас тартты. 12 мыңға жуық чехтар мен словактар Қызыл Армия қатарында шайқасты.

Қызыл Армия Поволжьені 1918 жылдың күзінде азат етті. Ақ чехтар колчакшылдарды жоюмен бір мезгілде біржола талқандалды.— *66.*

19 *Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университет* Я. М. Свердловтың инициативасы бойынша 1918 жылы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің жанынан ұйымдастырылған үгітшілер мен нұсқаушылар курстарынан құрылды. 1919 жылғы январьда курстар Совет жұмысының мектебі, ал РКП(б) VIII съезінің Орталық Комитет жанынан партия кадрларын даярлайтын жоғары мектеп ұйымдастыру туралы шешімінен кейін Совет және партия жұмысының орталық мектебі болып қайта құрылды. 3 июльде РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы Совет және партия жұмысының орталық мектебін Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университет деп атау туралы қаулыны бекітті. Университетті ұйымдастыруға, оның оқу программаларын жасауға В. И. Ленин көп көңіл бөліп отырды. 1919 жылғы 11 июльде және 29 августа Ленин университетте мемлекет туралы лекциялар оқыды (екінші лекцияның жазбасы табылған жоқ). 24 октябрьде Ленин Свердлов университетінің майданға бара жатқан тыңдаушыларының алдында сөз сөйледі (қараңыз: осы том, 261—270-беттер).

1932 жылы ВКП(б) Орталық Комитетінің шешімі бойынша Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университет Я. М. Свердлов атындағы Жоғары коммунистік ауыл шаруашылық университеті болып қайта құрылды, университет ауыл шаруашылығын қайта құру үшін партия ұйымдастырушылары кадрларын даярлауды өзіне міндет етіп қойды; 1935 жылы университет ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Жоғары насихатшылар мектебі болып қайта құрылды. 1939 жылы ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебі құрылды.— *70.*

20 *РКП(б) Москва жалпы қалалық конференциясы* 1919 жылы 12 июльде болды. Оған шешуші дауыспен 200 делегат қатысты. Конференцияның күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) Қорғаныс Советінің соңғы шаралары туралы; 2) азық-түлік мәселесі; 3) республиканың сыртқы және ішкі жағдайы туралы; 4) майдандардағы жағдай туралы; 5) айрықша міндет атқаратын отрядтар туралы; 6) Кавказ бен Дондағы жағдай туралы информациялық баяндамалар.

Соңғы екі мәселе талқыланған жоқ, бұлар келесі конференцияға қалдырылды. Ішкі және сыртқы жағдай туралы В. И. Ленин баяндама жасады. Ағымдағы кезең жөніндегі қарарда конференция негізгі күштерді әскери жұмысқа, азық-түлік майданына, әлеуметтік қамсыздандыру мәселелеріне шоғырландыру қажет деп тапты. Конференция Москва халқы мен Москва гарнизоны әскер бөлімдерінің арасында саяси-тәрбие жұмысын кең өрістетуге, жұмысшылардың партиялық емес аудандық конференциялары мен қызыл әскерлердің партиялық емес конференцияларын ұдайы шақырып отыруға қаулы етті.— *92.*

[21] Елдегі азық-түлік жағдайының ауырлығына байланысты жұмысшы және шаруа депутаттарының кейбір жергілікті Советтері және басқа совет органдары астық өнімдерін дербес дайындау және еркін тасымалдау туралы қаулылар қабылдаған болатын. Мәселен, 1918 жылы 24 августа Москва Советі, ал 5 сентябрьде Петроград Советі тек қана жеке бастарының тұтынуы үшін жұмысшылар мен қызметшілердің бір жарым пұтқа дейін азық-түлік өнімдерін алып жүруіне рұқсат беруге қаулы етті. 1919 жылы 30 июньде Халық Комиссарлары Советі «аштыққа ұшыраған аудандардағы жұмысшы және шаруа халқының ең ірі ұйымдарының 1 июльден 15 августа дейінгі кезеңде Симбирск губерниясының барлық жерлерінде дербес астық дайындауына» рұқсат беретін декрет қабылдады. Азық-түлік мәселесі жөнінде Лениннен бұрын баяндама жасаған А. И. Свидерский, сірә, Совет өкіметінің лажсыз қолданған осы шаралары жайында айтқан болса керек.— *92.*

[22] Әңгіме эсерлер партиясының 1919 жылы 18—20 июньде Москвада болып өткен IX кеңесі жайында болып отыр. Кеңеске шешуші дауыспен 33 делегат, кеңесші дауыспен 14 делегат қатысты. Күн тәртібіндегі эсерлердің Совет өкіметіне көзқарасы туралы негізгі мәселе жөнінде кеңесте әр түрлі пікірлер бар екені айқындалды. В. К. Вольский большевиктермен келісім жасасуды жақтап сөйледі. Большевиктерге қарсы қарулы күресті тоқтатуды және өз платформасымен Советтерге енуді ұсынған Н. И. Ракитников осы пікірге жақын тұрған-ды. Алайда IX кеңес В. М. Чернов бастаған өз Орталық Комитетінің қарарын қабылдады. Қарарда екі майданда бірдей — реакцияға қарсы, коммунистерге қарсы күрес жарияланды. Совет өкіметіне қарсы қарулы күрес жүргізу позициясына ашықтан-ашық көшкен эсерлердің VIII кеңесінен өзгеше, IX кеңес қарары большевиктерге қарсы қарулы күрестен уақытша бас тартуды жариялады, алайда мұның өзін Совет өкіметін танығандық деп білмей, істің нақты жағдайынан туып отырған тактикалық шешім деп білу керек деп атап көрсетілді. Кеңес меньшевиктермен бірігу туралы шешім қабылдады, сонымен қатар өз қарарында III Интернационалға қарсы шықты.— *93.*

[23] *«L'Humanité»* («Адамзат») — күнделікті газет; Француз социалистік партиясының органы ретінде 1904 жылы Ж. Жорес негізін салған. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында газет Француз социалистік партиясының барып тұрған оң қанатының қолында болып, социал-шовинистік позиция ұстады. 1920 жылғы декабрьден бастап, Француз социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін газет Франция Коммунистік партиясының орталық органына айналды.— *97.*

24 *Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы* (Independent Labour Party) — стачкалық күрес жанданған және Англия жұмысшы табының буржуазиялық партияларға тәуелсіз болу жолындағы қозғалысы күшейген жағдайда 1893 жылы «жаңа тред-юниондардың» басшылары негізін қалаған реформистік ұйым. Тәуелсіз жұмысшы партиясына «жаңа тред-юниондардың» және бірқатар ескі кәсіподақтардың мүшелері, фабийшылдардың ықпалындағы интеллигенция мен ұсақ буржуазияның өкілдері кірді. Партияны К. Гарди мен Р. Макдональд басқарды.

Тәуелсіз жұмысшы партиясы өзі құрылған кезден бастап-ақ буржуазиялық-реформистік позиция ұстады, күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік мәмлеге келуге баса назар аударды.— *97*.

25 *Коммунистік Интернационалдың I конгресі* 1919 жылы 2—6 мартта болды. Конгрестің жұмысына 52 делегат, оның ішінде 34 делегат шешуші дауыспен, 18 делегат кеңесші дауыспен қатысты. Мына коммунистік және социалистік партиялардың, топтардың және ұйымдардың: Россия, Германия, Неміс Австриясы, Венгрия, Польша, Финляндия, Украина, Латвия, Литва мен Белоруссия, Эстония, Армения, Поволжьедегі неміс облысы коммунистік партияларының, Швед солшыл социал-демократиялық партиясының, Норвег социал-демократиялық партиясының, Швейцария социал-демократиялық партиясының (оппозиция), Балқан революциялық социал-демократиялық федерациясының, Россияның шығыс халықтары біріккен тобының, Францияның Циммервальдтық сол қанатының, чех, болгар, югослав, ағылшын, француз және Швейцария коммунистік топтарының, голланд социал-демократиялық тобының, Американ социалистік насихат лигасының, Америка социалистік жұмысшы партиясының, Қытай социалистік жұмысшы партиясының, Корей жұмысшы одағының, Шығыс халықтары Орталық бюросының Түркістан, түрік, грузин, азербайжан, парсы секцияларының, Циммервальд комиссиясының өкілдері болды.

Бірінші мәжілісте «халықаралық коммунистік конференция ретінде мәжіліс құру» жөнінде шешім қабылданды және мынадай күн тәртібі бекітілді: 1) құрылу, 2) баяндамалар, 3) халықаралық коммунистік конференцияның платформасы, 4) буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы, 5) Берн конференциясы және социалистік ағымдарға көзқарас, 6) халықаралық жағдай және Антантаның саясаты, 7) Манифест, 8) ақ террор, 9) бюро сайлау және әр түрлі ұйымдық мәселелер.

Лениннің буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы тезистері мен баяндамасы конференцияның жұмысында негізгі орын алды. Конференция бірауыздан Лениннің тезистеріне қосылатынын білдіріп, бұлар

түрлі елдерде кеңінен тарату үшін бюроға берілсін деп шешім қабылдады. Сонымен қатар конференция тезистерге, қосымша Ленин ұсынған қарарды қабылдады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 554-бет).

4 мартта, В. И. Лениннің баяндамасы бойынша тезистер мен қарар қабылданғаннан кейін, конференция «III Интернационал болып құрылу және Коммунистік Интернационал деп аталу» жөнінде шешім қабылдады. Сол күні-ақ Циммервальд бірлестігін жойылды деп санау жөнінде бірауыздан қаулы алынды. 4 мартта сондай-ақ Коминтерннің платформасы бекітілді, оның негізгі қағидалары мыналар: 1) капиталистік қоғамдық құрылыстың коммунистік қоғамдық құрылыспен ауысатындығының сөзсіздігі, 2) буржуазиялық үкіметтерді құлату үшін пролетариаттың революциялық күресінің қажеттігі, 3) буржуазиялық мемлекеттің жойылатындығы және оның жаңа типті мемлекетпен, коммунистік қоғамға өтуді қамтамасыз ететін Советтер типіндегі пролетариат мемлекетімен ауысатындығы.

Конгресс документтерінің ішінде бүкіл дүние жүзінің пролетарларына арналған Манифестің зор маңызы болды, онда Коммунистік Интернационал Маркс пен Энгельстің «Коммунистік партияның манифесінде» бейнеленген идеяларының мирасқоры болып табылады деп көрсетілді. Конгресс барлық елдердің жұмысшыларын Советтік Россияны қолдауға шақырды, Советтер Республикасының ішкі істеріне Антантаның қол сұқпауын, интервенттердің әскерлерін Россияның территориясынан алып кетуді, Совет мемлекетін тануды, экономикалық блокаданы алуды және сауда қатынастарын қалпына келтіруді талап етті. ««Социалистік» ағымдарға және Берн конференциясына көзқарас туралы» қарарда конгресс «буржуазияның қолындағы құрал ғана болып табылатын» II Интернационалды қалпына келтіру әрекетін айыптады және революцияшыл пролетариаттың бұл конференциямен ешқандай ортақ қатынасы жоқ деп мәлімдеді.

III, Коммунистік Интернационалдың негізін қалау жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмді әшкерелеуде, әр түрлі елдер еңбекшілері арасында байланысты қалпына келтіруде, коммунистік партияларды құруда және нығайтуда орасан зор роль атқарды.— *97*.

26 Бұл арада 1917 жылы 24—29 апрельде (7—12 майда) Петроградта болған РСДРП(б) Бүкіл россиялық Жетінші (Апрель) конференциясының шешімдері айтылып отыр (қараңыз: «РСДРП(б) Бүкіл россиялық Жетінші (Апрель) конференциясы. РСДРП(б) Петроград жалпы қалалық конференциясы. 1917 жылғы апрель. Протоколдар», М., 1958, 241—260-беттер).— *102*.

27 *Базель манифесі* — соғыс туралы манифест, ол 1912 жылы 24—25 ноябрьде Базельде болып өткен Төтенше халықаралық социалистік конгресте қабылданды. Манифест халықтарды төніп келе жатқан дүние жүзілік империалистік соғыс қаупінен сақтандырды, бұл соғыстың тонаушылық мақсаттарын ашып берді және барлық елдердің жұмысшыларын бейбітшілік үшін батыл күрес жүргізуге, «капиталистік империализмге пролетариаттың халықаралық ынтымағының қуатын» қарсы қоюға шақырды. Базель манифесіне Штутгарт конгресінің (1907) қарарынан В. И. Ленин алып тұжырымдаған пункт енгізілді, онда империалистік соғыс бастала қалған жағдайда социалистер соғыс тудыратын экономикалық және саяси дағдарысты социалистік революция жолындағы күрес үшін пайдалануға тиіс делінген.— *103.*

28 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 639-бет; 22-том, 281—285, 336—340-беттер; 28-том, 122-бет; 29-том, 293-бет; XXVI том, 1935, 288, 292, 370-беттер; XXIV том, 1931, 529-бет; Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 380, 443-беттер.— *105.*

29 *«Фабий қоғамы»* — 1884 жылы құрылған ағылшын реформистік ұйымы; қоғам біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда өмір сүрген Рим қолбасшысы Фабий Максимнің есімімен аталған; Фабий өзінің ыңғайлы сәтті күту тактикасы үшін, Ганнибалмен соғысқан кезде батыл шайқас жүргізуден бой тарта бергені үшін «Кунктатор» («Сылбыр») деп аталып кеткен. Фабий қоғамының мүшелері көбінесе буржуазиялық интеллигенцияның өкілдері — ғалымдар, жазушылар, саяси қайраткерлер (С. және Б. Веббтер, Р. Макдональд, Б. Шоу және басқалар) болды; олар пролетариаттың таптық күресі мен социалистік революцияның қажеттігін теріске шығарды және капитализмнен социализмге тек қана ұсақ реформалар жасау, қоғамды бірте-бірте өзгерту арқылы өтуге болады деп пайымдады. 1900 жылы Фабий қоғамы лейбористік партияға кірді. «Фабийлық социализм» лейбористер идеологиясы негіздерінің бірі болып табылады.

Фабийшылдарға берілген сипаттаманы В. И. Лениннің «Ағылшын пацифизмі және теорияны ағылшынша ұнатпаушылық» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 284—290-беттер) деген мақаласынан қараңыз.— *106.*

30 Қараңыз: Ф. Энгельс. 1893 жылғы 18 январьда Ф. А. Зоргеге жазған хат (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 487-бет).— *106.*

31 Қараңыз: Ф. Энгельс. 1889 жылғы 7 декабрьде Ф. А. Зоргеге жазған хат (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 443-бет).— *107.*

32 Бұл арада Гарри Квелчтің 1907 жылы II Интернационалдың Штутгарт конгресінде сөйлеген сөзі айтылып отыр. Өзінің сөзінде ол сол кезде өтіп жатқан халықаралық Гаага конференциясын «ұрылардың жиналысы» деп атаған болатын, осы үшін герман үкіметі Штутгарттан қуып жіберген-ді (В. И. Лениннің «Гарри Квелч» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 23-том, 483—485-беттер).— *115.*

33 Әңгіме II Интернационалдың 1919 жылғы 2 августан 9 авгусқа дейін Люцернде (Швейцария) болып өткен конференциясы жайында болып отыр. Әуелі «бүкіл дүние жүзілік конгресс» шақырылмақшы болған еді, бірақ не бары 40 делегат қана келгендіктен, съездің орнына конференция ашылды. Конференцияның күн тәртібінде тұрған мәселелер: Интернационалды қалпына келтіру және халықаралық саяси жағдай. Ленин «Буржуазия ренегаттарды қалай пайдаланып отыр» деген мақаласында (қараңыз: осы том, 200—213-беттер) конференцияның жеке делегаттарының сөйлеген сөздеріне сипаттама берді.— *118.*

34 *Бастилия* — XIV—XVIII ғасырларда Парижде болған қамал және мемлекеттік түрме. 1789 жылғы 14 июльде көтеріліс жасаған халық бұқарасы Бастилияны алып, француз буржуазиялық революциясын бастаған-ды. 14 июль күні француздардың ұлттық мейрамына айналды.— *120.*

35 Әңгіме империалистік үкіметтердің орыстар мен венгрлердің істеріне қол сұқпауын талап етіп, орыс және венгр революцияларын қолдау ұранымен 1919 жылғы 21 июльге белгіленген жұмысшылардың халықаралық саяси стачкасы жайында болып отыр. Белгіленген күні Англияда, Италияда, Германияда, Норвегияда және басқаларында жеке ереуілдер болып өтті. Бірақ барлық елдер пролетариатының бірыңғай бой көрсетуі болған жоқ.

Социалистік партиялар мен кәсіподақтардың оңшыл лидерлері халықаралық стачканы болғызбауға қолдан келгеннің бәрін істеп бақты. Француз социал-келісімпаздары сатқындық қылық көрсетті. Әуелі жұмысшыларды алдау мақсатымен Жуо, Мергейм және Жалпы еңбек конфедерациясының басқа да басшылары стачканы жақтаған сыңай білдірді де, кейін стачканы өткізер алдында оны кейінге қалдыруды ұсынып, осынысы арқылы стачканы болғызбай тастады.— *120.*

36 Венгриядағы Совет республикасы 1919 жылы 21 мартта құрылды. Венгриядағы социалистік революция бейбіт сипатта болды; күресуге мүмкіндіктері болмаған Венгрия буржуазиясының ол кезде Совет өкіметінің орнауына қарсылық көрсетуге батылы бармады.

Венгр буржуазиясының ішкі және сыртқы қиыншылық-

тарды жеңуге әлі келмейтін еді, сондықтан ол революцияның өрістеуіне кедергі жасау мақсатымен өкіметті оңшыл социал-демократтарға уақытша бере тұрмақ болды. Алайда Венгрия Коммунистік партиясының бұл кезде бұқара арасындағы беделінің орасан зор болғаны соншалық және социал-демократтар партиясының қатардағы мүшелерінің коммунистермен одақтасуды батыл талап еткені соншалық, социал-демократиялық партия басшылығы Коммунистік партияның тұтқында отырған басшыларына үкіметті бірлесіп құру жөнінде ұсыныс жасады. Социал-демократтардың лидерлері келіс сөздер кезінде коммунистердің ұсынған шарттарын: совет үкіметін құру, буржуазияны қарусыздандыру, Қызыл Армия мен халық милициясын құру, помещиктік жерлерді конфискелеу, өнеркәсіпті национализациялау, Советтік Россиямен одақ жасасу жөніндегі және басқа шарттарды қабылдауға мәжбүр болды. Сонымен бірге екі партияны Венгрия социалистік партиясы етіп біріктіру туралы келісімге қол қойылды. Екі партияны біріктіруді жүзеге асыру кезінде қателіктер жіберілді, бұл қателіктер кейін әсерін тигізді; бірігу реформистік элементтерден іргені аулақ салмай, жапа-тармағай қосылу жолымен жүзеге асырылды.

Революциялық үкімет советі бірінші мәжілісте-ақ Қызыл Армияны құру туралы шешім қабылдады. 26 мартта Венгрияның Совет үкіметі өнеркәсіп орындарын, транспортты, банктерді национализациялау туралы декрет шығарды; 2 апрельде сыртқы сауда монополиясы туралы декрет жүзеге асырылды. Жұмысшылардың жалақысы орта есеппен 25 процентке көбейтілді, 8 сағаттық жұмыс күні енгізілді; 3 апрельде жер реформасы туралы заң қабылданды, бұл заң бойынша көлемі 100 хольдтен (57 га) астам поместьелердің бәрі конфискеленді. Алайда, конфискеленген жерлер жері аз және жері жоқ шаруаларға бөлініп берілмеді, қайта жергілікті жерлерде ұйымдастырылған ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтер мен мемлекеттік шаруашылықтарға берілді. Жер алудан үміт еткен ең кедей шаруалардың үміті ақталмады. Мұның өзі пролетариаттың шаруалармен берік одақ орнатуына кедергі жасады, Венгриядағы Совет өкіметін әлсіретті.

Антанта империалистері Венгрияда пролетариат диктатурасының орнатылуын дұшпандық ниетпен қарсы алды; Совет республикасы экономикалық блокадаға ұшыратылды. Венгр Совет республикасына қарсы соғыс интервенциясы ұйымдастырылды. Интервенционистік әскерлердің шабуылы венгр контрреволюциясын жандандыра түсті. Халықаралық империализммен одақ жасасқан оңшыл социал-демократтардың сатқындық әрекеті де Венгр Совет республикасының күйреуіне тағы бір себеп болды.

1919 жылы жазда, Советтік Россия барлық жағынан жаулардың қоршауында болып, Венгр Совет республикасына

көмек көрсете алмаған кезде орын алған қолайсыз халықаралық жағдай да теріс роль атқарды. 1919 жылы 1 августа сыртқы империалистік интервенция мен ішкі контрреволюцияның бірлесіп әрекет етуі нәтижесінде Венгриядағы Совет өкіметі құлатылды.— *120.*

[37] Қорғаныс Советі 1919 жылы 24 майда астығы мол аудандарда қимыл жасаушы майдан бөлімдерінің қызыл әскерлеріне ашаршылыққа ұшыраған аудандардағы өз семьяларына азық-түлік посылкаларын жіберуіне рұқсат беретін қаулы қабылдады. Қорғаныс Советі осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі егжей-тегжейлі нұсқаудың жобасын 1 июньнен кешіктірмей жасап, тапсыруды Цекомпродармға жүктеді. Қорғаныс Советі нұсқаудың жобасын 1919 жылғы 23 июльде бекітті.— *121.*

[38] Бұл мақала Ленинге «United Press» агенттігі ұсынған мынадай бес сұраққа жауап ретінде жазылған:

«1) Россия Совет республикасы үкіметтің бастапқы ішкі және сыртқы саясат программасы мен экономикалық программасына қандай да болсын ірілі-уақты өзгерістер енгізді ме, қашан және қандай өзгерістер енгізді?

2) Россия Совет республикасының Ауғанстан, Индия және Россияның шегінен тысқары басқа да мұсылман елдері жөніндегі тактикасы қандай?

3) Сіздер Құрама Штаттар мен Жапония жөнінде қандай саяси және экономикалық мақсаттар көздейсіздер?

4) Сіздер Колчакпен, Деникинмен және Маннергеймімен қандай шарттар негізінде бітім жасасуға әзірсіздер?

5) Америка қоғамдық пікірінің есіне тағы не айтқыларыңыз келер еді?».

Лениннің жауаптары американ баспасөзі үшін Будапештке жіберілді.

1919 жылы октябрьде солшыл социалистік «The Liberator» журналында «A Statement and a Challenge» («Мәлімдеме және қыр көрсету») деген мақала басылды. Мақалаға берген ескертуінде журнал редакциясы: «United Press» агенттігі Лениннің жауабын газеттерге таратты, бірақ бесінші сұраққа берілген жауапты «нағыз большевиктік насихат» ретінде алып тастады деп хабарлады.— *123.*

[39] Ленин бұл арада Совет үкіметінің одақтастармен, сондай-ақ Россия территориясында құрылған ақ гвардиялық үкіметтермен бітім жасасуға келісетін шарттарын анықтау үшін 1919 жылы мартта Советтік Россияға келген Буллитпен жүргізілген келіс сөздерді айтып отыр. Америка Құрама Штаттарының президенті Вильсон мен Великобританияның премьер-министрі Ллойд Джордж тарапынан жасалған ұсыныстар Буллит арқылы жіберілген болатын.

Тезірек бітім жасасуға ұмтылған Совет үкіметі ұсынылған шарттар негізінде келіс сөз жүргізуге ризалық білдірді, алайда, бұл шарттарға елеулі түзетулер енгізді (Америка Құрама Штаттары үкіметінің өкілі Буллит пен РСФСР үкіметі әзірлеген одақтас және біріккен елдер бітім ұсынысы жобасының текстін мына жинақтан қараңыз: «СССР сыртқы саясатының документтері», II том, 1958, 91—95-беттер).

Буллит Советтік Россиядан жүріп кеткеннен кейін көп ұзамай Колчак Шығыс майданда біраз табысқа жеткен болатын, сондықтан Совет мемлекеті талқандалады деп үміттенген империалистік үкіметтер бітім жөнінде келіс сөздер жүргізуден бас тартты. Вильсон Буллит апарған келісім жобасын жариялауға тыйым салды, ал Ллойд Джордж парламентте сөйлеген сөзінде Совет үкіметімен екі арадағы келіс сөздерге өзінің ешқандай қатысы жоқ екенін мәлімдеді.— *125.*

40 Бұл арада Ф. Нансеннің 1919 жылғы 17 апрельде В. И. Ленинге жазған хатына Совет үкіметінің қайтарған жауабы айтылып отыр (хат радио арқылы 4 майда қабылданған болатын). Өзінің хатында Нансен азық-түлік пен дәрі-дәрмек жағынан Советтік Россияға көмек көрсету жөнінде 3 апрельде Вильсонға, Клемансоға, Ллойд Джорджға және Орландоға ұсыныс жасағанын айтқан. 17 апрельде «Төрттің кеңесі» Нансеннің ұсынысын қостайтынын білдірген, бірақ бұл жоспарда соғыс қимылдарының тоқтатылатыны, әскерлер мен алуан түрлі соғыс материалдарын Советтік Россия территориясына тасымалдауға тыйым салынатыны көзделуге тиіс деп шарт қойған. Бірақ бұл жоспар соғыс қимылдарының тоқтатылуын контрреволюцияның пайдаланып кетпейтіндігіне ешқандай кепілдік бермейтін болғандықтан Совет үкіметі 7 майда Нансенге жолдаған хатында соғыс қимылдарын тоқтату жөніндегі келіс сөздерді Антанта елдері үкіметтерінің өздерімен жүргізуге болады деп көрсетті. «Бітім жөнінде келіс сөздер жүргізуге,— делінген хатта,— біз әрқашан әзір болып келдік, сондықтан біз, әрқашандағыдай, қазірде де осылай етуге әзірміз және бұл мәселелерді асқан зор қуанышпен талқылай бастаймыз» («СССР сыртқы саясатының документтері», II том, 1958, 158-бет). Нансенге арнап Г. В. Чичерин жазған хаттың екі жобасы жөніндегі В. И. Лениннің ескертпелері Совет үкіметі жауабының негізіне алынды. Ленин былай деп жазды: хатта бейбітшілік туралы пікірді дамыта түскен жөн, егер «уақытша бітім *бейбітшілік үшін емес,* саяси ойын үшін керек болса,— *мұны қаламаймыз.* Бейбітшілікпен ойнамас болар. Бізді *ешкім* де алдап түсіре алмайды». Нансен Совет үкіметінің ұсыныстары Антанта үкіметтеріне тапсырылады деп хабарлады. Бірақ Антанта державаларының тарапынан бұл ұсыныстарға жауап келген жоқ.— *125.*

[41] *Фабзавкомдардың, кәсіподақтар басқармалары өкілдерінің, Москваның орталық жұмысшы кооперативі мен «Кооперация» қоғамының советі уәкілдерінің Москва конференциясын* жұмысшы және қызыл әскер депутаттарының Москва Советі мен кәсіподақтардың Москва Советі Халық Комиссарлары Советінің өнім бөлуші органдарды біріктіріп, бірыңғай тұтыну қоғамын құру туралы 1919 жылғы 16 марттағы декретін орындау мақсатымен шақырған болатын. Конференция 1919 жылы 29—30 июльде Одақтар Үйінде болып өтті. Конференцияның күн тәртібіне екі мәселе қойылды: 1. Москвада тұтыну қоғамын ұйымдастыру; 2. Москва тұтыну қоғамының уақытша басқармасын сайлау. Москва тұтыну қоғамын ұйымдастыру және оның уставы туралы баяндамалар бойынша өріс алған жарыс сөзде меньшевиктор мен «тәуелсіз» кооперацияны жақтаушылар Совет өкіметінің жаңа жұмысшы кооперациясын құру жөніндегі ниетіне қарсы шықты. 30 июльде конференцияда азық-түлік және соғыс жағдайы туралы Ленин сөз сөйледі. Конференция Москва тұтыну қоғамының уставын қабылдады, уақытша басқармасы мен бақылау советін сайлады.— *129.*

[42] 1919 жылы 16 июльде Қорғаныс Советі демалыстан қайтқан жұмысшылардың екі пұтқа дейін нормалы және нормасыз азық алып жүруіне рұқсат беру туралы декретті бекіткенді. Декрет жарияланған жоқ, бірақ барлық губерниялық азық-түлік комитеттері мен тосқауыл отрядтарының бастықтарына азық-түлік жөніндегі халық комиссары А. Д. Цюрупаның қолы қойылған, демалыстағы жұмысшылардың екі пұтқа дейін жүк алып жүруіне рұқсат берілгенін хабарлайтын телеграмма жіберілді. Бұл ереже 1920 жылға дейін қолданылып келді.— *135.*

[43] 1919 жылы 26 майда Антантаның Жоғарғы кеңесі Колчакқа Вильсонның, Ллойд Джорджның, Клемансоның, Орландоның және Сайонджидің қолдары қойылған нота жолдағанды, мұнда олардың Колчакты тануға және оның бүкіл россиялық әмірші ретінде орнығуы үшін оған соғыс жарақтары, азық-түлік, оқ-дәрі жағынан жәрдем көрсетуге әзір екендігі жайында айтылған. Сонымен қатар одақтастар Колчактан кейбір шарттарды орындауды: Москваны алғаннан кейін құрылтай жиналысын шақыруды, Польша мен Финляндияның тәуелсіздігін тануды, Россияның Эстониямен, Латвиямен, Литвамен, Кавказдағы және Каспий сыртындағы облыстармен арадағы қарым-қатынас мәселесін реттеу мүмкін болмаған жағдайда бұл мәселені Ұлттар лигасына беруді, оған дейін бұл территорияларды автономиялы деп тануды және басқаларын талап етті. Колчак Антантаның Жоғарғы кеңесіне жолдаған жауап хатында одақтастардың бірқатар шарттарын қабылдауға әзір екенін білдірді. 12 июльде Англия, Франция, Америка Құрама Штаттары

және Италия Колчактың жауабын қанағаттанарлық деп танып, өздерінің оған жәрдем көрсетуге әзір екенін тағы да растады.— *138.*

[44] *Ағарту ісі мен социалистік мәдениет қызметкерлерінің Бүкіл россиялық I съезі* 1919 жылғы 28 июльден 1 августқа дейін Москвада өтті. Оған 32 губерниядан 277 делегат қатысты. Съездің негізгі міндеті ағарту ісі қызметкерлерінің Бүкіл россиялық одағын ұйымдастыру және Одақ басшылыққа алуға тиісті негізгі принциптерді белгілеу болатын. Съезде кәсіптік қозғалыс және Ағарту ісі қызметкерлері одағының міндеттері туралы, ағарту саласындағы программа туралы және мәдениет құрылысының кезектегі міндеттері туралы, Россия мен Батыстағы жасөспірімдер қозғалысы туралы, тағы басқа баяндамалар тыңдалды. 31 июльде съезде В. И. Ленин сөз сөйледі.

Қабылданған қарарда съезде ВЦСПС қалыпты уставының Одақты ұйымдастыру негізіне алынуын, Одақтың сипаты мен ерекшеліктеріне сәйкес уставқа өзгерістер енгізу үшін комиссия құруды Одақтың орталық комитетіне тапсыруды, кәсіподақтардың Бүкіл россиялық III съезінде осы өзгерістерді бекіту туралы мәселе көтеруді жақтап пікір айтты. Съезд барлық ағарту ісі қызметкерлерін армиядағы саяси-ағарту жұмысына қатысуға, сондай-ақ жастар одағымен тығыз байланыс жасап отыруға шақырды.— *143.*

[45] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 187-бет.— *144.*

[46] Мақала аяқталмаған. Мақала жоспарында белгіленген жеті тараудың (қараңыз: осы том, 480—482-беттер) «Малайлар» және «Азамат соғысы» деген екі тарауы ғана жазылған.— *152.*

[47] *«Мысль»* («Ой») — бастапқыда апта сайын, кейін екі аптада бір рет шыққан меньшевиктік журнал; 1919 жылғы январьдан июльге дейін В. Базаровтың, С. Девдарианидің (Санның), М. Кричевскийдің және басқалардың етене араласуымен Харьковта шығып тұрды. Не бары 15 номері шықты. Төменде Ленин атап өткен Мартовтың «Дүние жүзілік большевизм» деген мақаласы апрель — июльде журналдың 10, 12, 13 және 15-номерлерінде басылған болатын.— *152.*

[48] *«Грядущий День»* («Келер Күн») — меньшевиктік бағыттағы журнал; С. О. Загорскийдің, Д. О. Заславскийдің, П. С. Юшкевичтің, М. В. Вишняктің, А. В. Пешехоновтың және басқалардың етене араласуымен Одессада шығып тұрды. Не бары екі номері: № 1 — 1919 жылғы мартта, № 2 — апрельде шықты.— *152.*

[49] *«Оңтүстік ісі»* — М. Балабановтың, Г. Наумовтың және С. Сумскийдің етене араласуымен 1918 жылы Харьков пен Киевте шығарылған меньшевиктік мерзімді жинақтар. Не бары 2 жинақ шықты.— *152*.

[50] *«Объединение»* («Бірлестік») — меньшевиктік-эсерлік бағытта ай сайын шыққан журнал; Н. М. Осипович пен П. С. Юшкевичтің редакциялауымен 1918 жылғы сентябрьден 1920 жылға дейін Одессада шығып тұрды. Не бары 5 кітабы шықты.

Ленин төменде атап өткен Юшкевичтің «Революция және азамат соғысы» деген мақаласы журналдың 1919 жылғы январь — февральдағы 1—2-номерінде басылған.— *152*.

[51] *Вандея* — Францияның батысындағы департамент, мұнда Француз буржуазиялық революциясы кезінде 1793 жылы мартта контрреволюциялық котеріліс бұрқ ете қалды. Бүлікшілердің негізгі қопшілігі контрреволюцияшыл священниктер мен дворяндар айдап салып, басшылық еткен артта қалған шаруалар болды. Бүлік 1795 жылы басып-жаншылды, алайда 1799 және одан кейінгі жылдары оны қайтадан бастау әрекеттері жасалды.

Вандея реакциялық бүліктер мен контрреволюция ошағының синониміне айналды.— *157*.

[52] *Жұмысшы қызыл әскерлердің партиялық емес конференциясы* 1919 жылы 6—7 августа болып өтті. Оған Москваның Пресня, Сущево-Марьино, Хамовники және Бутырь аудандарынан 1000-ға жуық делегат қатысты. Конференцияда Советтік Россияның ішкі және сыртқы жағдайы туралы В. И. Ленин, азық-түлік жағдайы туралы А. И. Свидерский, майдандардағы жағдай туралы Н. И. Подвойский және басқалар сөз сөйледі. Лениннің сөзі бойынша қарар қабылданып, онда конференция Совет өкіметінің ішкі және сыртқы саясатын мақұлдап, құттықтайды және оған барынша қолдау көрсетіп отыруға уәде етеді делінген.— *160*.

[53] 1918 жылы 25 июльде Баку Советінің төтенше мәжілісінде түрік әскерлерінің шабуыл жасауына байланысты Бакудегі саяси және әскери жағдай туралы мәселе талқыланды. Бакуді қорғауды сылтауратып, меньшевиктер, дашнактар және эсерлер ағылшын әскерлерін «көмекке» шақыруды талап етті. Бакудегі Совет өкіметінің басшылары — большевиктер (С. Г. Шаумян, М. А. Азизбеков, П. А. Джапаридзе, Я. Д. Зевин және басқалар) мұндай сатқындық ұсыныстарға үзілдікесілді қарсы шықты. Олар Бакуге ағылшын интервенттерін «шақыру» Совет республикасына опасыздық жасағандық болар еді деп мәлімдеп, Бакуді өз күштерімен қорғауға шұғыл шаралар қолдануды талап еткен қарардың жобасын ұсынды. Большевиктердің барынша күш салуына

қарамастан, Бакуге ағылшын әскерлерін шақыру туралы қарар болмашы көпшілік дауыспен қабылданып кетті.

Азшылық болып қалған большевиктер — Баку Халық Комиссарлары Советінің мүшелері халық комиссарлары қызметінен өздерінің бас тартатындықтарын мәлімдеді. Алайда, көп ұзамай Баку большевиктері мұндай жағдайда отставкаға шығудың қате болатынын, мұның керісінше, өкімет басында қалып, келісімпаздар мен сатқындарды оқшаулау және талқандау үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану қажет екенін түсінді. Баку Советі Атқару комитетінің шұғыл шақырылған мәжілісінде алдағы уақытта өкімет туралы мәселе біржола шешілгенге дейін барлық халық комиссарлары өз орындарында қалатын болып ұйғарылды. Большевиктердің 27 июльде болған жалпы бакулік конференциясы өкіметті күрессіз бермеуге, Халық Комиссарлары Советінің басшылығымен Бакуді қорғауды тездетіп ұйымдастыруға, жаппай мобилизация жариялауға және жұмысшыларды қаланы, Совет өкіметін қорғауға шақыруға қаулы алды. Осы шешімді орындау үшін Баку Халық Комиссарлары Советі бірқатар шаралар жүргізді: қалада соғыс жағдайын жариялады, Төтенше комиссияға контрреволюциялық үгітке тыйым салуды тапсырды, Баку жұмысшыларын қолға мылтық алып, қаланы ең ақырғы мүмкіндігі жеткенше қорғауға шақырды.

Алайда Азербайжан коммунистері мен Баку пролетариатының алдыңғы қатарлы бөлегінің қаһармандық күш-жігер жұмсауына дашнактар, эсерлер мен меньшевиктер опасыздық, сатқындық жасау арқылы кедергі келтірді. Дашнак бөлімдері майданнан кетіп қалды да, олардың бос қалдырған жеріне түрік әскерлері лап қойды. 31 июльде шетел интервенттері мен олардың агентурасының қысымымен Бакуде Совет өкіметі уақытша құлатылды. Бакуде Совет өкіметінің құлауына шетел интервенциясымен қатар мыналар себеп болды: Азербайжан партия ұйымдары мен Баку Халық Комиссарлары Советі Баку пролетариаты мен Азербайжанның еңбекші шаруаларының арасында берік одақ жасалуын қамтамасыз ете алмады, сондай-ақ ұлт мәселесінде бірқатар қателер жіберді, мұны мусаватистер, дашнактар және басқа контрреволюционерлер бұқараны алдау үшін пайдаланды.

Антанта агентурасы — эсерлер, меньшевиктер және дашнактар «Орталық Каспий диктатурасы» деген контрреволюциялық үкімет құрды. Азербайжандағы Совет өкіметінің басшылары тұтқынға алынды. 19 сентябрьден 20 сентябрьге қараған түні Бакудің 26 комиссарын (С. Г. Шаумян, М. А. Азизбеков, П. А. Джапаридзе, И. Т. Фиолетов, Я. Д. Зевин, Г. Н. Корганов, М. Г. Везиров және басқалар) эсерлер мен меньшевиктердің тікелей қатысуымен ағылшын интервенттері айуандықпен өлтірді.— *162.*

54 1919 жылы 16 июльде Сильвия Панкхерст Ленинге хат жолдап, одан парламентаризмге көзқарас жөнінде өз пікірін айтуды өтінген-ді. Өз хатында Панкхерст сол кезде Англияда болған партиялар мен топтарды сипаттай келіп, оларды номерлеп көрсеткен; өз жауабында Ленин де осы номерлеу тәртібін қолданды: 1. Тред-юнионистер мен ескі типтегі жұмысшы саясатшылар; 2. Тәуелсіз жұмысшы партиясы; 3. Британ социалистік партиясы; 4. Революцияшыл индустриалистер (Панкхерст жұмысшы комитеттерінің мүшелері мен фабрика староссталарын да осы топқа жатқызған); 5. Социалистік жұмысшы партиясы; 6. «Жұмысшылардың социалистік федерациясы»; 7. Оңтүстік Уэльс социалистік қоғамы. Панкхерсттің хаты бірінші рет 1919 жылы «Коммунистический Интернационал» журналының 5-номерінде басылған болатын.— *175.*

55 Әңгіме Германия Коммунистік партиясының 1918 жылғы 30 декабрьден 1919 жылғы 1 январьға дейін Берлинде болып өткен Құрылтай съезі туралы болып отыр. Съезге 46 жергілікті ұйымнан 83 өкіл, Қызыл солдаттар одағының 3 өкілі, жастардың өкілі және 16 қонақ қатысты. Съезд Германия Коммунистік партиясының негізін қалады, партияның Орталық Комитетін сайлап, программасын қабылдады, мұнда негізгі міндет ретінде революцияны онан әрі дамыту жолында, жұмысшылар мен шаруалар өкіметін орнату жолында тікелей күрес жүргізу міндеті қойылды. Бірақ сонымен бірге съезд елеулі қателер де жіберді: жұмысшы табының авангарды ретіндегі партияның ролін түсінбеді, пролетариаттың одақтасы ретіндегі шаруалардың ролін жете бағаламады, реформистік кәсіподақтарда жұмыс істеуден бас тартты. Сонымен қатар съезде Ұлттық (құрылтай) жиналыстың сайлауына көзқарас жөнінде теріс шешім қабылданды. Спартакшылдардың басшылары халық бұқарасының Ұлттық жиналысқа аңқаулықпен нанатындығын әшкереледі, оның шын мәнін ашып көрсетті. Бірақ сайлаудың қалай да болатындығы анықталған кезде Р. Люксембург пен К. Либкнехт сайлау науқанына партияның қатысуын, революциялық үгіт пен насихат мақсатында Ұлттық жиналыс трибунасын пайдалануды жақтап пікір айтты. Бұл мәселе жөнінде съезде қызу айтыс өрістеді. Либкнехт, Люксембург, Дункер, Геккерт және басқалар сайлауға қатысуды жақтап сөйледі, бірақ съезд 23 дауысқа қарсы 62 көпшілік дауыспен бұл ұсынысты қабылдамай тастады. Кейін Германия Коммунистік партиясының II съезі Ұлттық жиналысқа бойкот жасау тактикасын қате деп таныды.— *177.*

56 *Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы* — 1917 жылы апрельде Готада Құрылтай съезінде құрылған центристік партия. «Тәуелсіздер» социал-шовинистермен бірлікті уағыздады, тап күресінен бас тартуға дейін құлды-

рады. Партияның негізгі бөлегі «Еңбек ынтымақтастығы» деген каутскийшілдік ұйым болды. 1920 жылы октябрьде Тәуелсіз социал-демократиялық партияның Галледегі съезінде жікке бөлінушілік болды; оның едәуір бөлегі 1920 жылдың декабрінде Германия Коммунистік партиясымен бірікті. Оңшыл элементтер жеке партия құрып, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы деген ескі атауды қабылдады. Партия 1922 жылға дейін өмір сүрді.— *177*.

[57] *B. S. P.*— British Socialist Party (Британ социалистік партиясы) 1911 жылы Манчестерде Социал-демократиялық партияның басқа социалистік топтармен бірігуі нәтижесінде құрылды. Британ социалистік партиясы марксизм идеялары рухында үгіт жүргізді және «оппортунистік емес, *шынында да* либералдарға тәуелді емес» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 23-том, 378-бет) партия болды. Алайда партияның сан жағынан аздығы және оның бұқарамен байланысының әлсіздігі оған біраз сектанттық сипат берді. Дүние жүзілік империалистік соғыс дәуірінде партияда интернационалистік ағым (У. Галлахер, А. Инкпин, Д. Маклин, Ф. Ротштейн және басқалар) мен Гайндман бастаған социал-шовинистік ағым арасында шиеленіскен күрес өріс алды. Интернационалистік ағым ішінде бірқатар мәселелер жөнінде центристік позиция ұстаған дәйексіз элементтер болды. 1916 жылдың февралында Британ социалистік партиясының бір топ қайраткерлері «The Call» («Үндеу») газетінің негізін қалады, бұл газет интернационалистерді топтастыруда маңызды роль атқарды. Британ социалистік партиясының 1916 жылдың апрелінде Солфордта өткен жыл сайынғы конференциясы Гайндман мен оның жақтастарының социал-шовинистік позициясын айыптады, сөйтіп олар партиядан шығып кетті.

Британ социалистік партиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап қарсы алды. Британ социалистік партиясының мүшелері ағылшын еңбекшілерінің Советтік Россияны шетел интервенциясынан қорғау жолындағы қозғалысында зор роль атқарды. 1919 жылы партия ұйымдарының көпшілігі (4 ұйымға қарсы 98 ұйым) Коммунистік Интернационалға кіруді жақтады. Британ социалистік партиясы Коммунистік бірлік тобымен бірге Великобритания Коммунистік партиясын құруда басты роль атқарды. 1920 жылы өткен бірінші бірігу съезінде Британ социалистік партиясы жергілікті ұйымдарының басым көпшілігі Коммунистік партияға қосылды.— *177*.

[58] *Workers Committees* және *Shop Stewards Committees* (Жұмысшы комитеттері және Фабрика старосталарының комитеттері) — сайланып қойылатын жұмысшы ұйымдары, бұлар Англияда дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында кең етек алды. Жұмысшы қозғалысы өрге басып,

тред-юниондар лидерлерінің реформистік саясатына қарсылық күшейген жағдайда аудандық, қалалық комитеттерге және Ұлттық комитетке біріккен фабрика старосталары жұмысшылардың империалистік соғысқа қарсы және тұрмыс жағдайын жақсарту жолындағы бірқатар елеулі бой көрсетулерін басқарды. Фабрика старосталары қозғалысының орталығы Клайд ауданы болды. Мұнда Клайд жұмысшы комитеті ұйымдастырылды, оның осы ауданның барлық жұмысшыларына ықпалы жүрді. Клайд комитеті уставының программалық қағидасы жұмысшыларды таптық принцип бойынша ұйымдастыру және жалдама еңбек системасын толық жоюға қол жеткенге дейін күрес жүргізу міндетін қойды. Жұмысшы комитеттері, Завод старосталарының комитеттері деген, т. с. аттармен дәл осындай комитеттер елдің басқа қалаларында да құрылды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, Совет республикасына қарсы шетел соғыс интервенциясы кезінде Фабрика старосталарының комитеттері Советтік Россияны белсене жақтады. Комитеттердің бірқатар қайраткерлері (У. Галлахер, Г. Поллит, А. Мак-Манус және басқалар) Великобритания Коммунистік партиясына кірді. Ленин фабрика старосталары қозғалысын терең пролетарлық және бұқаралық қозғалыс деп сипаттады.— *177.*

59 *«The Times»* («Замана»)— 1785 жылы Лондонда құрылған күнделікті газет; ағылшын буржуазиясының ірі консервативтік газеттерінің бірі.— *181.*

60 Мамонтовтың атты әскер корпусын Деникин Оңтүстік майдандағы совет әскерлерінің тылдарына соққы беру үшін жіберген болатын. 1919 жылы 10 августа Мамонтовтың атты әскері Новохоперск маңындағы майдан шебін бұзып өтіп, бірқатар елді мекендер мен қалаларға шабуыл жасады. Мамонтов атты әскерінің жорығы совет әскерлеріне қауіп төндірді, шабуыл операциясын жүргізуді қиындатып, бірқатар жерлерде әскерлерді басқару мен жабдықтау ісінің шырқын бұзды. Партия мен үкімет Мамонтов атты әскерімен күресу жөнінде шұғыл шаралар қолданды. 23 августа Қорғаныс Советі Рязань, Тула, Орел, Воронеж, Тамбов және Пенза губернияларын соғыс жағдайында деп жариялады; бұл губерниялар территориясындағы бүкіл өкімет билігі революциялық комитеттердің қолына берілді. Ақ гвардияшылардың шабуылынан қорғану ісін ұйымдастыру және контрреволюциялық қимылдарды басып жаныштау жөніндегі жауапкершілік революциялық комитеттерге жүктелді. Мамонтов корпусын талқандауды ұйымдастыруға В. И. Ленин үлкен мән беріп отырды. Мамонтовтың атты әскер корпусы 1919 жылғы октябрь — ноябрьде талқандалды.— *188.*

61 В. И. Ленин Мамонтов әскерлеріне қарсы күресу үшін батыл шаралар қолдануды Республиканың Троцкий бастаған Революциялық-әскери советінен талай рет талап еткен болатын. 1919 жылы 16 сентябрьде Ленин былай деп жазды: «Мамонтов жөнінде тоқырау. Сірә, кешіккен үстіне кешігуде. Солтүстіктен Воронежге бара жатқан әскерлер кешігіп қалған. 21-дивизияны оңтүстікке көшіруде де кешіккен. Автопулеметтер жіберуде де кешіккен. Байланыс жасауда кешіккен... Сірә, біздің Республиканың Революциялық-әскери советі, *орындау* жағына көңіл бөлместен немесе қадағалай білместен, «әмір бергіш» тәрізді. Егер бұл біздің жалпы күнәмыз болатын болса, соғыс ісінде бұл біздің түбімізге жететін нәрсе» (Шығармалар, 35-том, 398—399-беттер).— *188.*

62 *Басманный, Лефортово, Алексеев және Сокольники аудандары жұмысшы-қызыл әскерлерінің партиялық емес конференциясы* 1919 жылы 3—4 сентябрьде болып өтті. Конференцияның жұмысына 3000-дай адам қатысты. Конференцияда сөйлегендер: ағымдағы кезең жөнінде В. И. Ленин, азық-түлік мәселесі жөнінде А. И. Свидерский, әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жұмыс туралы А. Н. Винокуров және басқалар. Лениннің сөйлеген сөзі бойынша қарар қабылданып, онда былай деп көрсетілді: жұмысшы табы мен шаруаларға «помещиктердің, капиталистердің ең қасіретті құлдық қамытын қайтадан кию қаупі төніп отыр, сондықтан жауларға қарсы аяусыз күрес жүргізгенде ғана бұл қауіптен құтылуға болады» («Правда» № 195, 4 сентябрь, 1919 ж.) Конференция Қызыл Армияның күш-қуатын барынша нығайта беруге, халық шаруашылығының барлық салаларында есселенген жігермен жұмыс істеуге, революциялық тәртіп сақтап, Совет өкіметінің жарлықтарын дәлме-дәл және мүлтіксіз орындап отыруға қаулы етті.— *190.*

63 *Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық I съезі* 1917 жылы 3—24 июньде (16 июнь — 7 июльде) Петроградта өтті. Съезге 1090 делегат қатысты. Ол кезде Советтерде азшылық болған большевиктердің 105 делегаты бар еді. Делегаттардың басым көпшілігі меньшевиктік-эсерлік блоктың және оларды қолдаған ұсақ топтардың өкілдері болды.

В. И. Ленин съезде 4(17) июньде Уақытша үкіметке көзқарас туралы және 9(22) июньде соғыс туралы сөз сөйледі (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 291—324-беттер). Большевиктер Уақытша үкіметтің империалистік саясатын, меньшевиктер мен эсерлердің келісімпаздық тактикасын әшкерелеу үшін съезд трибунасын кең пайдаланды, бүкіл өкіметтің Советтердің қолына өтуін талап етті. Большевиктер барлық негізгі мәселелер бойынша өз қарарларын ұсынып, қорғап отырды. Большевиктердің сөй-

леген сөздері делегаттарға ғана емес, сонымен бірге халықтың қалың бұқарасына — жұмысшыларға, шаруаларға, солдаттарға арналды.

Қабылданған қарарларда съездің эсерлік-меньшевиктік көпшілігі Уақытша үкіметті қолдау позициясына көшіп, оның майданда шабуылға әзірленіп жатқанын мақұлдады және өкіметтің Советтер қолына көшуіне қарсы шықты. Съезд Советтердің II съезіне дейін өмір сүрген Орталық Атқару Комитетін (ЦИК) сайлады, оның құрамында эсерлер мен меньшевиктер басым көпшілік болды.

Съездің маңызын бағалай келіп, В. И. Ленин съезд эсерлер мен меньшевиктер көсемдерінің революциядан шеттеп кеткенін «айта қаларлықтай айқын» көрсетті деп жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 346-бет).— *191.*

64 *Сибирь үкіметі* интервенттердің қатысуымен 1918 жылғы 30 июньде Омскіде құрылған болатын. Оның құрамына эсерлер, меньшевиктер, сондай-ақ кадеттер енген-ді. Үкіметті П. В. Вологодский басқарды. Демократизм туралы жалған сөзді бетке ұстап, Сибирь үкіметі контрреволюциялық саясат жүргізді: өнеркәсіп және сауда орындарын, сондай-ақ жер мен имениелерді бұрынғы иелеріне қайтарып берді, 8 сағаттық жұмыс күнін жойды, әскери-майдан соттарын енгізді, Советтерді таратып, оларға тыйым салу туралы, Совет өкіметінің декреттерін бұзу туралы, патша үкіметі мен буржуазиялық Уақытша үкімет заңдарының күшіне енуі туралы қаулы қабылдады. Сибирьді Советтік Россиядан бөліп тастау үшін Сибирь үкіметі «Сибирьдің мемлекеттік дербестігін» жариялады.— *194.*

65 *«Тыйым салынған Атау!!!»* («Le Titre Censuré!!!»)— Ж. Анкетиль 1919 жылғы 19 апрельден 21 июньге дейін Парижде апта сайын шығарып тұрған шағын газет. Не бары он номері шықты. Сегізінші номерінен бастап өз беттерінің бір бөлегін «Шенелген Атау» («Le Titre Enchaîné») газетіне арнады. «Тыйым салынған Атау» газетінде көбінесе Анкетильдің мақалалары басылып тұрды, сондай-ақ басқа газеттерден материалдар көшіріліп басылды.— *197.*

66 Әңгіме айдаудағы эстон жолдастардың Петроградқа келуіне байланысты жарияланған «Петроград Советінен Эстляндия жұмысшыларына» деген үндеу хат және эстон үкіметіне жолданған 1919 жылғы 3 сентябрьдегі радиотелеграмма жайында болып отыр.— *197.*

67 Ленин бұл арада, сірә, Черчилльдің сөзін айтып отырса керек, бұл туралы шведтің «Folkets Dagblad Politiken» («Күнделікті Халықтық Саяси Газет») газетінің 1919 жылғы 25 августағы 195-номерінде хабар басылған болатын.

Газет ағылшын әскери министрі Черчилль өзінің сөзінде Советтік Россияға 14 мемлекеттің армиялары шабуыл жасағалы жатқандығы туралы хабарлады деп атап көрсетті. Черчилльдің есебі бойынша, шабуыл августың аяғында немесе сентябрьдің бас кезінде басталып, жаңа жылға қарай аяқталуға тиіс еді. Черчилль жорыққа Латвия, Эстония, Финляндия қатысады деп үлкен үміт еткен еді (Америка товар жеткізуге тиісті болатын).

Ленин Черчилльдің сөйлеген сөзінің тексті келтірілген Россия телеграф агенттігінің телеграммасында мынадай 14 мемлекеттің тізбесін жасаған: «Англия, Америка Құрама Штаттары, Франция, Италия, Жапония, Финляндия, Эстляндия, Латвия, Литва, Польша, Украина, Грузия, Азербайжан, Армения» және бір шетіне жақшада: «Колчакия, Деникия» (Лениннің XXIV жинағы, 197-бет) деп жазған; ал телеграммадағы текст газеттің хабарлағанынан біраз өзгеше болатын.— *198.*

68 Қаулының жобасы 1919 жылы 4 сентябрьде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде қабылданды.— *199.*

69 *«Vorwärts»* («Алға»)— күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt»-тың («Берлин Халықтық Газетінің») жалғасы ретінде, партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін газет антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *200.*

70 Ленин бұл арада Ф. Штампфердің «Vorwärts» газетінің 1919 жылғы 7 сентябрьдегі 457-номерінде басылған «Kautsky gegen Spartakus» («Каутский Спартакқа қарсы») деген мақаласын айтып отыр.— *201.*

71 Қараңыз: «РСДРП екінші съезі. Июль — август, 1903 жыл. Протоколдар», М., 1959, 193-бет.— *202.*

72 *«Жаңа Республика»* («The New Republic»)— апта сайын шығатын либералдық журнал; 1914 жылы Вашингтонда миллионер Стрейттер әулеті негізін салған. Журнал қазіргі уақытта да шығып тұрады.— *204.*

73 28-ескертуді қараңыз.— *209.*

[74] 1919 жылы Америка Құрама Штаттарында социалистік партияның сол қанатының негізінде екі коммунистік партия: 31 августа Дж. Рид бастаған Америка Құрама Штаттары Коммунистік жұмысшы партиясы және 1 сентябрьде Ч. Рутенберг басшылық еткен Америка Құрама Штаттары Коммунистік партиясы құрылды. Бұл партиялардың арасында программалық пікір алалығы болған жоқ. Өздерінің құрылтай съездерінде екі партия да III Интернационалға қосылу туралы шешім қабылдады. 1921 жылы майда партиялар бір коммунистік партия болып бірікті. Екінші дүние жүзілік соғыстың аяғында Америка Құрама Штаттары Коммунистік партиясы Э. Браудердің антипартиялық әрекеті салдарынан туған ауыр дағдарысты бастан кешірді. «Американ ерекшелігі» және Америка Құрама Штаттарында «таптық татулық» орнату туралы теорияны уағыздаған Браудер 1944 жылы Коммунистік партияны бейпартиялық «Коммунистік саяси ассоциациямен» ауыстыру туралы шешім қабылдатқызды. Партияның маркстік ұйтқысының күш жұмсауы арқасында 1945 жылы июльде Америка Құрама Штаттары Коммунистік партиясы қалпына келтірілді. Компартия алғаш өмір сүре бастаған кезінен бастап қатты қуғындауға ұшырады, бұл қуғындау екінші дүние жүзілік соғыстан кейін өте-мөте күшейе түсті.— *210.*

[75] ***Интернационалдық байланыстарды қалпына келтіру жөніндегі комитетті*** француз интернационалистері 1916 жылы январьда құрды. Комитеттің құрылуы Францияда социал-шовинистік ұйымдарға қарама-қарсы социалистердің революциялық-интернационалистік ұйымын құрудың алғашқы әрекеті болды. В. И. Ленин Интернационалдық байланыстарды қалпына келтіру жөніндегі комитетті интернационалистік элементтерді топтастыру үшін пайдалану қажет деп санады; Лениннің нұсқауы бойынша Комитеттің жұмысына И. Ф. Арманд қатысты.

Россиядағы Ұлы Октябрь социалистік революциясының және француз жұмысшы қозғалысының күшеюінің ықпалымен Комитет революциялық-интернационалистік элементтердің орталығына айналды. 1920 жылы ол Франция Коммунистік партиясына енді.

Синдикалдық қорғаныс комитетін Интернационалдық байланыстарды қалпына келтіру жөніндегі комитеттен оның парламенттік қызметті теріске шығаруы себепті шығып кеткен синдикалистер тобы 1916 жылдың күзінде құрды. 1919 жылы майда Синдикалдық қорғаныс комитеті Коммунистік Интернационалға қосылуға қаулы алды.— *211.*

[76] ***«Интернационал»*** («L'Internationale») — француз синдикалистерінің апта сайын шығатын газеті, Синдикалдық қорғаныс комитетінің органы; 1919 жылғы февральдан июльге

дейін Р. Периканың редакциясымен Парижде шығып тұрды.— *211.*

77 *Швейцария социалистік партиясы* (Швейцария социал-демократиялық партиясы) XIX ғасырдың 70-жылдарында құрылды; I Интернационалға кірді. Партия екінші рет 1888 жылы құрылды. Партияда дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясын ұстаған оппортунистердің ықпалы күшті болды. 1916 жылы күзде оңшылдар партиядан бөлініп шығып, өз ұйымын құрды. Партияның Р. Гримм бастаған көпшілігі центристік, социал-пацифистік позиция ұстады. Партияның сол қанаты интернационалистік позицияда болды. Россиядағы Ұлы Октябрь социалистік революциясының ықпалымен Швейцария социал-демократиялық партиясының сол қанаты күшейді. 1920 жылы декабрьде солшылдар партиядан шығып, 1921 жылы Швейцария Коммунистік партиясымен бірікті.— *211.*

78 *Итальян социалистік партиясы* 1892 жылы құрылды. Партия құрылған кезден бастап-ақ оның ішінде екі бағыттың — оппортунистік бағыт пен революциялық бағыттың шиеленіскен идеялық күресі жүріп жатты. 1912 жылы Реджо-Эмилиядағы съезде солшылдардың қысымымен ең ашық реформистер — соғысты, үкіметпен және буржуазиямен ынтымақтасуды жақтаушылар (И. Бономи, Л. Биссолати және басқалар) партиядан шығарылды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың басынан бастап және Италия соғысқа араласқанға дейін Итальян социалистік партиясы соғысқа қарсы шығып, «Соғысқа қарсымыз, бейтараптықты жақтаймыз!» деген ұран көтерді. 1914 жылы декабрьде буржуазияның империалистік саясатын қорғаған және соғысты жақтаған ренегаттар тобы (Б. Муссолини және басқалар) партиядан шығарылды. Италияның Антанта жағында соғысқа араласуына байланысты (май, 1915) Итальян социалистік партиясында мынадай үш бағыт айқын көрінді: 1) буржуазияның соғысты жүргізуіне көмектескен оңшыл бағыт; 2) партия мүшелерінің көпшілігін біріктірген және «Соғысқа қатыспау керек және оған саботаж жасамау да керек» деген ұран көтерген центристік бағыт; және 3) соғысқа қарсы неғұрлым батыл позиция ұстаған, бірақ соғысқа қарсы дәйекті күрес ұйымдастыра алмаған солшыл бағыт. Солшылдар империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру, реформистерден іргені батыл бөлу қажеттігін түсінбеді. Итальян социалистері Швейцария социалистерімен бірлесіп Луганода (1914) конференция өткізді, Циммервальд (1915) пен Кинтальдағы (1916) халықаралық социалистік конференцияларға қатысты, бұл конференцияларда центристік көпшілікке қосылды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Итальян социалистік партиясының қатарында сол қанат күшейді. Пар-

тияның 1919 жылы 5—8 октябрьде Болоньяда өткен XVI съезі III Интернационалға қосылу туралы шешім қабылдады. Итальян социалистік партиясының өкілдері Коммунистік Интернационалдың II конгресінің жұмысына қатысты. Делегация басшысы, центристік позиция ұстаған Д. Серрати конгрестен кейін реформистерден қол үзуге қарсы шықты. 1921 жылы январьда партияның Ливорнодағы XVII съезінде көпшілік болған центристер реформистерден қол үзуден және Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттарын толық мойындаудан бас тартты. 21 январьда солшыл делегаттар съезді тастап кетіп, Италия Коммунистік партиясының негізін салды.— *211.*

79 *Спартакшылдар* — герман солшыл социал-демократтарының революциялық ұйымының мүшелері; ұйымды дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде К. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Ю. Мархлевский, Л. Иогихес (Тышка) және В. Пик ұйымдастырды. Спартакшылдар бұқара арасында революциялық насихат жүргізді, соғысқа қарсы жаппай бой көрсетулер ұйымдастырды, стачкаларға басшылық етті, дүние жүзілік соғыстың империалистік сипатын және социал-демократияның оппортунистік лидерлерінің сатқындығын әшкереледі. Алайда спартакшылдар теория мен саясаттың кейбір аса маңызды мәселелерінде елеулі қателер жіберді. Ленин герман солшыл социал-демократтарының қателерін талай рет сынап, олардың дұрыс позиция ұстауына көмектесті (мәселен, «Юниустың кітапшасы туралы», «Пролетарлық революцияның соғыс программасы» деген еңбектерін қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 30-том, 1—18, 149—162-беттер).

1917 жылы апрельде спартакшылдар центристік Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясына кіріп, онда өзінің ұйымдық дербестігін сақтады. 1918 жылы ноябрьде, Германиядағы революция барысында, спартакшылдар «Спартак одағы» болып қалыптасты, 1918 жылы 14 декабрьде өз программасын жариялады, «тәуелсіздерден» қол үзді. 1918 жылы 30 декабрьде — 1919 жылы 1 январьда болған Құрылтай съезінде спартакшылдар Германия Коммунистік партиясын құрды.— *211.*

80 *«La Feuille»* («Листок») — күнделікті газет, 1917 жылғы августан 1920 жылға дейін Ж. Дебридің редакциясымен Женевада шығып тұрды. Белгілі бір партияның ресми органы болмаса да, газет іс жүзінде II Интернационалдың позициясында болды.— *211.*

81 Бұл мақала Петроград коммунистерін майданға мобилизациялаудың басталуына байланысты жазылған болатын. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында коммунистерді жаппай және арнаулы мобилизациялау та-

лай рет жүргізілді. В. И. Ленин бұған үлкен мән беріп отырды. Ол мұны Қызыл Армияның қатарын нығайтудың шешуші шарты деп білді. «Біз,— деп жазды ол,— өзіміздің таңдаулы партиялық күштерімізді Қызыл Армияға жидық; біз өз жұмысшыларымыздың таңдаулыларын мобилизациялауға бардық; біз жаңа күштерді өз диктатурамыздың ең терең тамыры жатқан жерден іздедік» (Шығармалар, 33-том, 483-бет).

Оңтүстік майдандағы ауыр жағдайға байланысты РКП(б) Орталық Комитетінің 1919 жылы 21 және 26 сентябрьде болып өткен пленумы коммунистерді мобилизациялауды жүргізіп, партия мен жұмысшы табының таңдаулы өкілдерін майданға жіберуге қаулы етті. Партияның Орталық Комитеті пленум шешімдерін дамыту тұрғысынан жазылған және «Известия ЦК РКП(б)» бюллетенінің 1919 жылғы 30 сентябрьдегі 6-номерінде жарияланған хатында: коммунистерді партияда жоқ қызметкерлермен, әйелдермен, азамат соғысының мүгедектерімен ауыстыруға болатын мекемелерден олар кері шақырылып алынып, майданға жіберілуге тиіс деп көрсетті. Еңбекшілер Коммунистік партияның шақыруына қызу үн қосты. Партияның Орталық Комитетінің шақыруына жауап ретінде РКП(б) Петроград комитеті Оңтүстік майданға 1200 коммунисті мобилизациялауға қаулы етті. Мобилизацияланған Петроград коммунистерінің бірінші тобы 30 сентябрьде-ақ, екінші тобы келесі күні, үшінші тобы 2 октябрьде майданға жүріп кетті. Бұдан кейінгі күндері де Петроградта мобилизация жүргізіле берді. 2 октябрьде В. И. Ленин Петроград жұмысшыларына телеграмма жіберіп, оларды Оңтүстік майданға көмек көрсету жөніндегі қажырлы жұмысы үшін құттықтады. Петроград партия ұйымы сентябрь — ноябрьдің ішінде майданға 4000-нан астам коммунисті жіберді, олардың ішінде 1800 адам арнаулы мобилизация бойынша армиядағы басшылық жұмысына жіберілді.— *225.*

82 Американ газеті «The Chicago Daily News»-тің Советтік Россияда жүрген тілшісі И. Левин бес сұраққа жауап беру жөнінде В. И. Ленинге өтініш жасаған-ды. Бұл сұрақтар мен Лениннің жауабы 1919 жылғы 27 октябрьде «The Chicago Daily News» газетінің 257-номерінде жарияланды. Шығармаларда Лениннің жауабы қолжазба бойынша (ағылшын тілінен аударма), сұрақтар газеттің тексті бойынша басылып отыр.— *228.*

83 *«Кооперация туралы мәселе жөніндегі тілектер»* Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы мен Азық-түлік халық комиссариаты фракцияларының кеңесіне байланысты жазылған; кеңесті Халық Комиссарлары Советі ұйымдастырды және В. И. Лениннің председательдік етуімен 1919 жылғы 9 октябрьде болып өтті.— *230.*

[84] *«Беднота»* («Кедейлер») — шаруаларға арналған күнделікті газет; 1918 жылғы 27 марттан 1931 жылғы 31 январьға дейін Москвада шығып тұрды. Газет РКП(б) Орталық Комитетінің қаулысы бойынша «Деревенская Беднота», «Деревенская Правда» және «Солдатская Правда» газеттерінің орнына шығарылды. Газет жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайту жолында, деревняның кедей және орта шаруа бұқарасын Коммунистік партия мен Совет өкіметінің төңірегіне ұйымдастырып, топтастыру жолында белсенді күрес жүргізді. «Беднота» шаруалардың еңбекші топтарының саяси жағынан көзін ашу және мәдениетін көтеру, деревня кедейлері мен орта шаруалар арасынан қоғам өміріне белсене қатысушыларды жоғарылату, село тілшілері армиясын көптеп тәрбиелеу ісінде маңызды роль атқарды. 1931 жылғы 1 февральдан бастап «Беднота» «Социалистическое Земледелие» газетімен бірікті.— *230.*

[85] Бұл арада 1919 жылғы 16 мартта Халық Комиссарлары Советі қабылдаған «Тұтыну коммуналары туралы» декрет айтылып отыр.— *230.*

[86] *«Қызыл Ту»* («Die Rote Fahne») — «Спартак одағының» орталық органы ретінде К. Либкнехт пен Р. Люксембург негізін қалаған газет; кейіннен — Германия Коммунистік партиясының орталық органы. Газет 1918 жылы 9 ноябрьден бастап Берлинде шығып тұрды; герман өкімет орындары тарапынан талай рет қуғындалып, талай рет тыйым салынды.

«Die Rote Fahne» Германия Коммунистік партиясын бұқаралық пролетарлық революциялық партияға айналдыру және оны оппортунистік элементтерден тазарту жолындағы күресте үлкен роль атқарды. Газет елді милитарландыруға қарсы қажырлы күрес жүргізді, жұмысшы табының фашизмге қарсы күресте қимыл бірлігін орнатуды жақтады. Газетке Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің председателі Э. Тельман белсене жазып тұрды. Германияда фашистік диктатура орнағаннан кейін «Die Rote Fahne»-ге тыйым салынды, бірақ ол құпия түрде шығуын тоқтатпай, фашистік режимге үзілді-кесілді қарсы шықты. 1935 жылы газеттің шығарылуы Прагаға (Чехословакия) көшірілді; 1936 жылдың октябрінен 1939 жылдың күзіне дейін «Die Rote Fahne» Брюссельде (Бельгия) шығарылып тұрды.— *232.*

[87] *«Die Freiheit»* («Бостандық») — күнделікті газет, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының органы; 1918 жылғы 15 ноябрьден 1922 жылғы 30 сентябрьге дейін Берлинде шығып тұрды.— *233.*

[88] *Партиялық апта* РКП(б) VIII съезінің партия құрамының санын ұлғайту туралы шешімі негізінде жүргізілген-ді. Ап-

талық Совет мемлекеті шетел соғыс интервенциясы мен ішкі контрреволюцияға қарсы қажырлы күрес жүргізіп жатқан кезеңде өтті. «Мұндай жағдайда біздің партияның мүшелік билеті,— деп жазды РКП(б) Орталық Комитеті өзінің есебінде,— белгілі дәрежеде Деникиннің дарына асылатын кандидатура деген сөз еді» («Известия ЦК РКП(б)» № 8, 2 декабрь, 1919 ж.). Бірінші рет партиялық апта РКП(б) Петроград ұйымында 10 августан 17 августқа дейін өткізілген болатын (екінші партиялық апта Петроградта 1919 жылғы октябрь — ноябрьде өткізілді); 20 сентябрьден 28 сентябрьге дейін партиялық апта Москва губерниялық ұйымында өткізілді. Партиялық апта өткізу жөніндегі алғашқы тәжірибені қорыта келіп, РКП(б) Орталық Комитетінің 26 сентябрьдегі пленумы таяудағы болашақта партиялық аптаны қалаларда, деревняларда және армияда өткізуге қаулы етті. Сентябрьдің аяғында Орталық Комитет барлық партия ұйымдарына нұсқау хат жолдап, онда былай деп көрсетті: қазір, қайта тіркеу мен тазалау партия ұйымдарының бәрінде дерлік аяқталған кезде, Орталық Комитет партияға жаңа мүшелер қабылдайтын мезгіл жетті деп есептейді. Партиялық апта кезінде, деп атап көрсетті Орталық Комитет, партияға тек қана жұмысшыларды, жұмысшы әйелдерді, қызыл әскерлерді, матростарды, шаруалар мен шаруа әйелдерді қабылдаған жөн. Бұл уақыттың ішінде барлық басқа адамдарды партияға қабылдамау керек. Партиялық аптаның нәтижесінде РСФСР-дің европалық бөлегінің 38 губерниясында ғана партияға 200 мыңнан астам адам қабылданды, олардың жартысынан көбірегі жұмысшылар еді, ал майдандарда армия мен флоттағы барлық адам құрамының 25 процентіне дейінгісі партияға алынды. Осындай ауыр кезеңде партияға келген жұмысшылар мен шаруалар, деп жазды Ленин, «революцияшыл пролетариат пен шаруалардың қанаушы емес бөлегінің ең жақсы және ең сенімді басшы кадрлары болып табылады» (Шығармалар, 30-том, 400-бет).— *244.*

89 *Партия мүшелерін қайта тіркеу* РКП(б) VIII съезінің шешімі бойынша 1919 жылғы май — сентябрьде өткізілді; съезд шешімінде партия қатарына Октябрь социалистік революциясынан кейін кірген партия мүшелері жөнінде ерекше бақылау шараларын қолдана отырып, жаппай тіркеу жүргізу қажеттігі көрсетілген болатын. Қайта тіркеуді жүргізу үшін РКП(б) Орталық Комитеті арнаулы нұсқау жазды. «Қайта тіркеудің мақсаты,— деп көрсетілді онда,— партияны коммунистік емес элементтен, әсіресе партияның үстемдік жағдайда болуы себепті оған арамзалықпен өтіп алып, партия мүшесі деген атақты өз басының мүдделері үшін пайдаланып жүрген адамдардан тазарту» («Правда» № 86, 24 апрель, 1919 ж.). Қайта тіркеу кезінде партия мүшелері мүшелік билеттерін қайтаруға, анкеталар толтыру-

ға, партияда кемінде 6 ай болған және сенімді коммунистер ретінде партия комитетіне белгілі партияның екі мүшесінің кепілдемесін тапсыруға міндетті болды. Қайта тіркеу кезінде партияға жаңа мүшелер қабылдау тоқтатылды. Коммуниске лайықсыз қылықтары әшкереленген, партияның қаулыларын бұзып жүрген, мүшелік жарна төлемеген адамдар, дезертирлер партиядан шығарылуға тиісті еді. Бұл қайта тіркеу іс жүзінде партия қатарын бірінші рет тазалау болатын. Осының нәтижесінде партиялық тәртіп едәуір күшейді, партияның бұқарамен байланысы нығайды, партия қатарының сапалық құрамы мен жауынгерлік қабілеті жақсарды.— *244.*

90 Мухаммед Вали-хан бастаған ауған төтенше елшілігі 1919 жылғы апрельдің аяғында Кабулдан Советтік Россияға жүріп кеткен болатын.

Июньде Ташкентке келген ауған елшілігі тек сентябрьдің аяғында ғана, Оңтүстік Уралда ақ гвардияшылардың талқандалуы нәтижесінде Советтік Түркістанның Москвамен темір жол қатынасы қалпына келтірілген кезде ғана Москваға жүріп кетуге мүмкіндік алды. 10 октябрьде елшілік Москваға келді. 12 октябрьде ауғанның төтенше елшісі Мухаммед Вали-хан ауған армиясының жоғары судьясы мовлеви Сейфуррахман-ханды және елшіліктің секретарын ертіп, сыртқы істер жөніндегі халық комиссарына келіп жолықты. Оны Халық комиссариатының толық құрамдағы коллегиясы қабылдады. 14 октябрьде Халық Комиссарлары Советінің Председателі Ленин Сыртқы істер халық комиссариаты өкілдерінің қатысуымен ауған елшілігін қабылдады. Елші мен Лениннің арасындағы әңгіме жарты сағаттан астам уақытқа созылды.— *247.*

91 Эмир Аманулла-ханның хатында қозғалған мәселелерге Халық Комиссарлары Советінің председателі Ленин қол қойған, 1919 жылғы 27 ноябрьдегі хатта жауап берілді.— *247.*

92 Бұл сөз Одақтар үйінде жолшыбай Москвада болған, майданға мобилизацияланған Иваново-Вознесенск коммунист-жұмысшыларының алдында 1919 жылғы 24 октябрьде сөйленген болатын. 3 октябрьде Иваново-Вознесенскіде жалпы қалалық партия жиналысы болып өтті, бұл жиналыс партияның әрбір мүшесінен өз күшін Деникин армиясын талқандау ісіне жұмсауды талап етіп, партия ұйымдарын коммунистерді майданға мобилизациялауға кірісуге міндеттеген-ді. 9 октябрьде Иваново-Вознесенск губерниялық комитетінің бюросы жаппай партиялық мобилизация жариялау туралы шешім қабылдады. Қысқа мерзім ішінде 350-дей адам мобилизацияланды. 22 октябрьде мобилизацияланғандардың алғашқы тобы майданға аттандырылды, мобилизацияланған коммунистер 24 октябрьде Москваға келді. Ленин

Оңтүстік майданның Революциялық-әскери советіне жолдаған хатында былай деп жазды: «Осыны тапсырушы, менің өзіме көптен белгілі большевик, Степан Назаров жолдасты қатты ұсынамын.

Басқа да иваново-вознесенскілік жолдастармен бірге бұлар тұтас армияны жан-жақты қамтып, сауықтыру үшін *ойластырыла ұйымдастырылған* топ құрған (300-ден 500-ге тарта адам).

Жолдастарды қызу ұсына отырып, бұлардың қалтарыста қалмай, дұрыс және қамқорлықпен орналастырылуы үшін барлық шараны қолдануды өте-мөте өтінемін» (Лениннің XXXIV жинағы, 237-бет).— *260.*

93 *ППС* — Поляк социалистік партиясы (Polska Partia Socjalistyczna) — 1892 жылы құрылған реформистік ұлтшылдық партия. Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойына қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар туып отырды. Кейінірек олардың кейбіреуі поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және оңшыл, шовинистік, Поляк социалистік партиясы-«оңшылдар» («революциялық фракция») делінетін екі жікке бөлінді. Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» большевиктер партиясының ықпалымен, сондай-ақ Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының (ПКмЛСД-ның) ықпал жасауымен біртіндеп дәйекті революциялық позицияға көше бастады.

Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» көпшілік бөлегі интернационалистік позицияда болды; ол 1918 жылғы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (Польша Коммунистік партиясы 1925 жылға дейін осылай аталды).

Оңшыл Поляк социалистік партиясы дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде национал-шовинизм саясатын жүргізе берді; ол Галиция территориясында поляк легиондарын ұйымдастырды, бұл легиондар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты. Поляк буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрынырақта Германия мен Австрия басып алған Польша территориясындағы Поляк социалистік партиясының бөліктерімен бірігіп, қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды. Үкімет басына келген соң, ол өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына көшуіне жәрдемдесті, ұдайы антикоммунистік насихат жүргізді және Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және қанау саясатын қолдады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясат-

пен келіспеген жекелеген топтары Польша Коммунистік партиясына қосылып отырды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (май, 1926) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік режимге қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, антикоммунистік және антисоветтік насихатты одан әрі жалғастыра берді. Бұл жылдары Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері бірқатар науқандарда біртұтас майдан тактикасын қолдап, поляк коммунистерімен ынтымақтасты.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да жікке бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталған реакциялық, шовинистік бөлегі Лондондағы реакциялық поляк эмиграттық «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған екінші, солшыл бөлегі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлершіл оккупанттарға қарсы күрестің халықтық майданына еніп, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күрес жүргізді, сөйтіп СССР-мен достық байланыс орнату позициясына көшті.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлегі неміс оккупациясынан азат етіліп, Поляк ұлт азаттығы комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды да, Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаны құруға қатысты. 1948 жылы декабрьде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын (ПОРП) құрды.— *264.*

94 Бұл арада депутаттар палатасын сайлау жөнінде 1919 жылғы октябрьде басталған сайлау науқаны айтылып отыр.— *272.*

95 Германия Коммунистік партиясы өзінің 1919 жылғы октябрьде Гейдельбергте болған съезінде жікке бөлінді. Съезге 16 мың партия мүшесінен 46 делегат қатысты. Съезд Құрылтай жиналысының сайлауына бойкот жариялау тактикасын қате деп танып, парламент сайлауына қатысу туралы шешім қабылдады. Съезде «солшылдар» тобы анархо-синдикалистік көзқарастарды — парламентке бойкот жариялауды, саяси күрестің теріске шығарылуын, реакциялық кәсіподақтарға қатысудан бас тартуды, т. с. жақтап, съездің шешімдеріне қарсы шықты. «Солшылдар» азшылық болып қалды. Партиядан шығарылған олар Германия Коммунистік жұмысшы партиясы (КРПГ) дейтінді құрды. Кейін Германия коммунистік жұмысшы партиясы жұмысшы табының ішінде тірегі болмаған мардымсыз сектанттық топқа айна-

лып, азғындап кетті. Германия Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне жолданған осы хатпен бірге Ленин бөлініп шыққан топқа да хат жіберді (қараңыз: осы том, 278—279-беттер).— *276.*

96 Бұл еңбек, сондай-ақ басқа үш конспект пен жоспар (қараңыз: осы том, 489—497-беттер), сірә, Лениннің пролетариат диктатурасы туралы жазбақшы болып ойға алған, бірақ жазып үлгірмеген кітапшасының дайындық материалдары болса керек.— *283.*

97 Ленин бұл арада К. Маркстің 1852 жылы 5 мартта И. Вейдемейерге жазған хатын айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 28-том, 426—427-беттер).— *285.*

98 Ленин бұл арада, сірә, Каутскийдің «Пролетариат диктатурасы» деген кітапшасын айтып отырған болса керек.— *286.*

99 Ленин бұл арада К. Маркстің 1870 жылы 13 декабрьде Л. Кугельманға жазған хатын айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 272-бет).— *287.*

100 Қараңыз: «РКП(б) сегізінші съезі. Март, 1919 жыл. Протоколдар», М., 1959, 393-бет; В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 38-том, 126-бет.— *287.*

101 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 434-бет.— *287.*

102 Ленин бұл арада Ф. Энгельстің 1875 жылы 18—28 мартта А. Бебельге жазған хатын айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 2-бет).— *287.*

103 Қараңыз: «РКП(б) сегізінші съезі. Март, 1919 жыл. Протоколдар», М., 1959, 399-бет.— *288.*

104 Ленин бұл арада Ф. Энгельстің 1875 жылы 18—28 мартта А. Бебельге жазған хатын айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 5-бет).— *288.*

105 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 108—109-беттер.— *288.*

106 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 172—173-беттер).— *289.*

107 Ленин бұл арада Маркс пен Энгельстің 1852—1892 жылдар дәуірінде жұмысшы табы жоғарғы тобының буржуазиялану процесі жөніндегі пікірлерін айтып отыр (28-ескертуді қараңыз).— *291.*

108 Ленин бұл арада Маркстің 1872 жылғы сентябрьде Гаагада I Интернационалдың конгресінде сөйлеген сөзін айтып отыр. Маркстің осы сөзі туралы Энгельс 1872 жылы 21 сентябрь мен 5 октябрьде Зоргеге жазған хаттарында хабарлаған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVI том, 1935, 288 және 292-беттер).— *291.*

109 *«Arbeiter-Zeitung»* («Жұмысшы Газеті») — күнделікті газет, Австрия социал-демократиясының орталық органы; 1889 жылы Венада В. Адлер негізін қалаған. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында социал-шовинистік позицияда болды. Ленин оны «социализмнің веналық сатқындарының» газеті деп атады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 38-том, 433-бет). 1934 жылы газет жабылды; 1945 жылы Австрия социалистік партиясының орталық органы ретінде қайтадан шыға бастады.— *291.*

110 1918 жылы 10 июльде Советтердің Бүкіл россиялық V съезінде қабылданған РСФСР Конституциясының 23-параграфында былай делінген: «Бүкіл жұмысшы табының мүдделерін басшылыққа ала отырып, РСФСР өз праволарын социалистік революцияның мүдделеріне нұқсан келтіруге пайдаланатын жеке адамдар мен жеке топтарды праволарынан айырады». Бұл ереже 1936 жылы СССР-дің жаңа Конституциясы қабылданған ССР Одағы Советтерінің Төтенше VIII съезіне дейін өз күшін сақтап келді; СССР-дің жаңа Конституциясы бойынша барлық азаматтар Советтерге сайлауға және сайлануға тең право алды.— *292.*

111 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 108—109-беттер.— *306.*

112 Мақала аяқталмаған.— *306.*

113 Ленин бұл арада теміржолшылар кәсіптік одағының Бүкіл россиялық атқару комитетін (Викжель) айтып отыр. Теміржолшылар кәсіптік одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті теміржолшылардың 1917 жылы июль — августа Москвада болған Бүкіл россиялық I құрылтай съезінде құрылды. Теміржолшылар кәсіптік одағының Бүкіл россиялық атқару комитетіне меньшевиктер мен эсерлер басшылық етті. Петроградта Октябрь қарулы көтерілісі жеңгеннен кейін теміржолшылар кәсіптік одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті контрреволюция тіректерінің бірі болды. Өзінің бейтараптығы жайындағы мәлімдемелерін және аза-

мат соғысын тоқтатуға шақырған үндеулерін бетке ұстап, теміржолшылар кәсіптік одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті Петроградтан Совет өкіметін орнату жолында қарулы көтеріліс жүріп жатқан Москваға революциялық отрядтар жіберуге кедергі жасап отырды және темір жол қозғалысын тоқтатып тастау қаупін төндірді. 1917 жылы 29 октябрьде (11 ноябрьде) теміржолшылар кәсіптік одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті «большевиктерден бастап халықтық социалистерге дейінгі» барлық партиялардың өкілдері кіретін «біртектес социалистік үкімет» дейтін жаңа үкімет құруға шақырған қарар қабылдады. Теміржолшылар кәсіптік одағының Бүкіл россиялық атқару комитетінің контрреволюциялық саясаты мен іс-әрекеті темір жол жұмысшылары тарапынан қатты наразылық туғызды. 1918 жылғы январьда теміржолшылардың Бүкіл россиялық Төтенше съезінде теміржолшылар кәсіптік одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті таратылып жіберілді. Съезд темір жол одағының орталық органын (Викжедор) сайлады, мұның құрамына кіргендердің басым көпшілігі большевиктер болды.— *320.*

114 *«Түркістандағы коммунист жолдастарға»* деген хатты Ленин Түркістанға Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің комиссиясы жіберілуіне байланысты жазған болатын. Комиссия Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 8 октябрьдегі қаулысы бойынша мына құрамда құрылды: Г. И. Бокий, Ф. И. Голощекин, В. В. Куйбышев, Я. Э. Рудзутак, М. В. Фрунзе, Ш. З. Элиава. Комиссияға мемлекеттік және партиялық органның уәкілеттігі берілді. Оның басты міндеттері Түркістан халықтарының Советтік Россия еңбекшілерімен одағын нығайту, Совет өкіметін баянды ету, Түркістанда ұлт саясатын жүргізуде жіберілген қателерді түзету; партиялық жұмысты жолға қою болды. Комиссия мүшелеріне өз жұмысында Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 8 октябрьдегі қаулысын басшылыққа алу міндеті жүктелді, ал қаулыда былай деп көрсетілген-ді: «Түркістан халықтарының өзін өзі билеуі және ұлт теңсіздігі атаулы мен бір ұлттық топтың екінші ұлттық топ есебінен пұрсатты жағдайда болуын жою Россия Совет үкіметінің бүкіл саясатының негізі және оның органдарының барлық жұмысындағы басшылық қағида болып табылады, Түркістанның байырғы еңбекшілер бұқарасының Россия жұмысшылары мен шаруалары жөніндегі орыс патша өкіметінің көп жылдық үстемдігі туғызған сенбестігін тек осындай жұмыс арқылы ғана біржолата жоюға болады» («СССР-дегі азамат соғысы тарихынан». Документтер жинағы. 2-том, 1961, 739-бет). Түркістан еңбекшілері Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Ко-

миссарлары Советінің қаулысын зор ынтамен қарсы алды. Түркістан Компартиясы өлкелік комитетінің, Түркістан Компартиясы өлкелік мұсылман бюросының және Түркістан Орталық Атқару Комитеті президиумының біріккен мәжілісі Лениннің хатымен танысып, комиссияның председателі Элиаваның баяндамасын тыңдағаннан кейін қарар қабылдады, онда былай делінген: «Партиямыздың Орталық Комитеті мен III Интернационалдың нұсқауларына бағыну жөнінен тарихтың өзімізге жүктеген міндеттерінің бәрін орындауға ант етеміз». 1920 жылы январьда Лениннің хаты Түркістан Коммунистік партиясының өлкелік Жалпы партиялық V конференциясында талқыланды. Конференция Ленинге хат жолдап, онда Түркістан коммунистері жіберілген қателерді түзетуге және Түркістан комиссиясын бірауыздан қолдауға уәде берді.— *329.*

115 1919 жылы 8 ноябрьде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде отын мәселесі талқыланды. Саяси бюро губерниялық комитеттерге бар күшті отын дайындауға жұмсау қажеттігі туралы нұсқау хат жіберуге қаулы етті. Хатты жазу В. И. Ленинге тапсырылды. РКП(б) Орталық Комитетінің Ленин жазған «Отын дағдарысына қарсы күресейік» деген хаты 13 ноябрьде «Правдада» жарияланды. Партияның Орталық Комитетінің шақыруы елде кең қолдау тапты. 14 ноябрьде Красная Пресня коммунистері коммунистік еңбектің «отын апталығын» ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдап, барлық партия мүшелерін сенбіліктерге қатысуға міндеттеді. РКП(б) Москва комитеті 18 ноябрьде 200 коммунисті отын майданына мобилизациялады. Владимир губерниялық партия конференциясы халықты отын-көлік-арба мобилизациясына әзірлеу үшін деревняға жүздеген коммунист-жұмысшыларды жіберуге қаулы етті. Отын дайындау жөніндегі қаланы қамтыған еңбек өрлеуі ұзамай деревняға да тарады. 24 ноябрьден 1 декабрьге дейін Қызыл Армияның отын дайындау апталығы жарияланды. Партия қолданған шаралар отын тапшылығының өршуін жоюға жеткізді. Егер октябрьде ағаш отын тиеу орташа есеппен тәулігіне 1941 вагон болса, декабрьде 2895 вагонға жетті. Отын өнеркәсіптің, транспорттың және коммуналдық шаруашылықтың жұмысын кідіртпей жүргізуде шешуші роль атқарды.— *331.*

116 *Деревнядағы партиялық жұмыс жөніндегі Бүкіл россиялық бірінші кеңес* 1919 жылы 16—19 ноябрьде Москвада болып өтті. Оған Оренбург, Урал, Дон облыстары мен Орел, Воронеж, Астрахань, Архангельск губернияларынан басқа барлық губерниялық, көптеген уездік және кейбір болыстық партия комитеттерінің өкілдері қатысты. Кеңес деревнядағы партиялық жұмыс жөнінде тәжірибе алмасу және оны күшейту үшін практикалық шаралар белгілеу мақса-

тымен шақырылған болатын. Кеңестің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: жергілікті жерлердің баяндамалары, ұйымдық мәселе жөніндегі баяндама, шаруа әйелдер, шаруа жастар арасындағы жұмыс туралы, деревнядағы мәдени-ағарту жұмысы туралы, шаруалар газеті және деревняны әдебиетпен жабдықтау туралы, деревнядағы партия апталығы және басқалар.

Кеңес шаруалар арасында жұмыс істейтін партия кадрларын құру қажеттігі туралы РКП(б) Орталық Комитеті жанындағы деревнядағы жұмыс жөніндегі бөлім ұсынған ережемен келісті, сондай-ақ кішi-гірім түзетулер енгізіп, деревнядағы жұмыс жөніндегі нұсқаудың жобасын қабылдады. Кеңес әйелдерді мемлекеттік құрылыстың барлық салаларына тарту, шаруа жастардың қалың бұқарасын РКСМ-ге тарту қажеттігін атап көрсетті. Кеңесте деревняда партия апталығын өткізу туралы шешім қабылданды, партиялық емес конференциялар өткізу практикасы мақұлданды.

Кеңестің бірінші күні оған қатысушылар кеңестің жұмысына Лениннің қатысуын өтіну жөнінде шешім қабылдады. Ленин кеңесте 18 ноябрьде сөз сөйледі. Сөзінің бас жағында ол Қызыл Армия әскерлерінің Курск қаласын азат етуіне байланысты делегаттарды құттықтады.— *336.*

117 *РКП(б) VIII съезі* 1919 жылы 18—23 мартта Москвада өтті. Съезд жұмысына партияның 313 766 мүшесінен өкіл болып, шешуші дауыспен 301 делегат және кеңесші дауыспен 102 делегат қатысты. Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) Орталық Комитеттің есебі; 2) РКП(б) Программасы; 3) Коммунистік Интернационалдың құрылуы; 4) Соғыс жағдайы мен соғыс саясаты; 5) Деревнядағы жұмыс; 6) Ұйымдық мәселелер; 7) Орталық Комитетті сайлау. Бірінші мәжілісте съезд президиумының ұсынысы бойынша үш секция: аграрлық, әскери және ұйымдық секциялар құрылды.

В. И. Ленин съезді ашарда және жабарда сөз сөйледі, РКП(б) Орталық Комитетінің есебін жасады, партия программасы туралы және деревнядағы жұмыс туралы баяндамалар жасады, әскери мәселе жөнінде сөз сөйледі.

В. И. Лениннің басшылығымен және тікелей қатысуымен әзірленген партияның жаңа программасын талқылап, қабылдау съездегі өзекті мәселе болды. Партия программасын талқылау кезінде Бухарин программадан капитализм туралы, ұсақ товар өндірісі туралы пункттерді алып тастап, таза империализмге сипаттама берумен шектелуді ұсынды, Бухарин империализмді айрықша қоғамдық-экономикалық формация деп есептеді. Бұл ұсыныстарға қарсы шыға отырып, Ленин олардың теориялық қисынсыздығын және саяси зияндылығын көрсетіп берді. Ұсақ товар өндірісін елемеу пролетариаттың одақтасы болып табылатын орта

шаруалардың ролін, олардың социалистік құрылыстағы ролін бекерге шығаруға әкеліп соқтырады. Сонымен қатар мұны елемеу ұсақ товар шаруашылығынан капиталистік элементтердің пайда болып, өсу фактісін бүркемелейді, мұның өзі кейінірек Бухаринді «кулактың» социализмге «ұласуы» дейтін оппортунистік теорияға ұрындырды. Съезд Бухариннің антибольшевиктік ұсыныстарын қабылдамай тастады және лениндік қағидаларды мақұлдады.

Ленин программадан ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы пунктті алып тастауды ұсынған Пятаков пен Бухариннің ұлт мәселесі жөніндегі қате көзқарастарын да талқандады. Ленин бұл ұсыныстың Совет мемлекетіне және халықаралық пролетариаттың ынтымақтастығына орасан зор зиян келтіретінін дәлелдеп берді. Съезд ұлт мәселесі жөнінде лениндік программаны қабылдады.

Партия программасы туралы баяндама бойынша Ленин қорытынды сөз сөйлегеннен кейін съезд «программаның жобасын жалпы және тұтас алғанда қабылдауға» және оны түпкілікті редакциялау үшін программалық комиссияға беруге қаулы алды. Программалық комиссияның ұсынысы бойынша Ленин «Программаның жалпы саяси бөлімінің үшінші пунктінің жобасын (партияның VIII съезінің программалық комиссиясына арнап)» жазды, бұл жобаны комиссия қабылдады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 38-том, 205-бет). 22 мартта съезд Программаның түпкілікті текстін бекітті.

Съездегі аса маңызды мәселелердің бірі орта шаруаларға көзқарас туралы мәселе болды. Ленин сөйлеген сөздерінің бәрінде және әсіресе деревнядағы жұмыс туралы баяндамасында партияның орта шаруаларға көзқарас жөніндегі жаңа саясатын: орта шаруаларды бейтарап қалдыру саясатынан жұмысшы табының олармен берік одағын орнатуға көшу саясатын, көшкенде кедейлерге сүйене отырып, кулактарға қарсы күрес жүргізе отырып, пролетариаттың орта шаруалармен одағында пролетариаттың басшылық ролін сақтай отырып көшу саясатын негіздеп берді. Бұл ұранды Ленин 1918 жылы ноябрьдің аяғында-ақ ұсынған болатын. Съезд Ленин жазған «Орта шаруаларға көзқарас туралы қарарды» қабылдады. Лениндік саясат жұмысшы табы мен шаруалардың әскери-саяси одағын нығайтуға көмектесті, интервенттер мен ақ гвардияшыларды жеңіп шығуда шешуші роль атқарды. Бұл саясат бұдан былайғы жерде жұмысшылар мен шаруалардың бірлесе күш-жігер жұмсап, социализмді орнатуын қамтамасыз етті.

Съездің жұмысында соғыс жағдайы туралы, партияның соғыс саясаты туралы, Қызыл Армияның құрылуы туралы мәселе елеулі орын алды. Партия съезінде Орталық Комитеттің тезистеріне «әскери оппозиция» дейтін қарсы шықты, оның ішінде бұрынғы «солшыл коммунистер» (В. М. Смирнов, Г. И. Сафаров, Г. Л. Пятаков және басқа-

лар) болды; мұнда оппозициялық топтарға қатысы жоқ адамдар да болды. «Әскери оппозиция» партизаншылдықтың сарқыншақтарын қорғады, байырғы әскери мамандарды тарту қажеттігін теріске шығарды, армияда темірдей берік тәртіп енгізуге қарсы шықты. 1919 жылы 21 мартта съездің жабық пленум мәжілісінде Орталық Комитеттің тезистерін қорғап сөйлеген Ленин тұрақты, қатаң тәртіптегі армия құрудың, буржуазиялық әскери ғылымның жетістіктерін пайдаланудың, комиссарлардың, партия ұяларының бақылауымен әскери мамандарды тартудың қажеттігін негіздеп берді. Сөз сөйлеген делегаттардың көпшілігі «әскери оппозицияны» айыптады. Сонымен бірге Республика Революциялық-әскери советінің жұмысындағы қателіктер мен кемшіліктер, атап айтқанда оның председателі Троцкийдің іс-әрекеті қатты сынға алынды. Лениннің нұсқаулары әскери мәселе жөніндегі партия программасына енгізіліп, әскери құрылыста басшылыққа алынатын болды.

Әскери мәселені ұзақ талқылағаннан кейін съезд көпшілік дауыспен (95 дауысқа қарсы 174 дауыспен) Орталық Комитеттің тезистерін негіз етіп қабылдады. Келістіру комиссиясы әзірлеген, лениндік қағидаларға негізделген әскери мәселе жөніндегі қарарды партия съезі бірауыздан бекітті (бір адам қалыс қалды).

Ұйымдық мәселе жөніндегі қарарда съезд Сапронов — Осинскийдің оппортунистік тобына тойтарыс берді; бұл топ партияның пролетариат диктатурасы системасындағы басшылық ролін теріске шығарған болатын.

Партия құрылысы жөніндегі шешімде партияға жұмысшы емес, шаруа емес элементтерді қабылдауға қойылатын талапты күшейту қажеттігі, партияның әлеуметтік құрамын нашарлатын алуға жол бермеу қажеттігі атап көрсетілді. 1919 жылдың 1 майына дейін партияның барлық мүшелері жаңадан тіркеуге алынатын болып ұйғарылды.

Съезд партия құрылысының федерациялық принципін қабылдамай тастады және партияның бүкіл жұмысына басшылық ететін бірыңғай Орталық Комитеті бар бірыңғай орталықтандырылған Коммунистік партия болуын қажет деп тапты. Съезд Орталық Комитеттің ішкі құрылымын белгіледі: Орталық Комитет Саяси бюроны, Ұйымдастыру бюросын және Секретариат құрады.

Съезд В. И. Ленин бастаған Орталық Комитетті сайлады.

Съезд III, Коммунистік Интернационалдың құрылуын құттықтады және оның платформасына түгелдей қосылды.— *337*.

118 *Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Бүкіл россиялық II съезін* РКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Орталық бюросы шақырды, съезд 1919 жылы 22 ноябрьден 3 декабрьге дейін Москвада болып өтті. Съездің қарсаңында, 21 ноябрь-

де, Лениннің председательдік етуімен РКП(б) Орталық Комитеті мүшелерінің съездің бір топ делегатымен алдын ала кеңесі болды. Съезге шешуші дауыспен 71 делегат және кеңесші дауыспен 11 делегат қатысты. Съездің бірінші күні Ленин ағымдағы кезең туралы баяндама жасады. Лениннің баяндамасы бойынша қабылданған қарар «нақтылау үшін және Шығыстағы жұмыстың негізі болуға тиісті басты тезистерді белгілеу үшін» президиумға берілді. Съезд Шығыс халықтары коммунистік ұйымдары Орталық бюросының жұмысы туралы есепті, жергілікті жерлердің баяндамаларын, Орталық мұсылман әскери коллегиясының, Ұлттар халық комиссариаты жанындағы Орталық мұсылман комиссариатының баяндамасын, татар-башқұрт мәселесін және секциялардың: мемлекеттік-ұйымдық және партиялық мәселелер жөніндегі, Шығыс әйелдері арасындағы, жастар арасындағы жұмыс туралы және басқа баяндамаларды тыңдады. Съезд Шығыстағы партия және совет жұмысы саласындағы міндеттерді белгіледі, РКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Шығыс халықтары коммунистік ұйымдары Орталық бюросының жаңа құрамын сайлады.— *345.*

119 Г. В. Чичериннің халықаралық жағдай туралы баяндамасы РКП(б) Бүкіл россиялық VIII конференциясында тыңдалды. Конференция халықаралық жағдай туралы В. И. Ленин жазған қарар жобасын қабылдады. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндамасында бұл жобаны Советтердің Бүкіл россиялық VII съезіне ұсынды (қараңыз: осы том, 445—446-беттер). Съезд бұл жобаны Антанта елдеріне бітім жөнінде жасалған ұсыныс ретінде біраузыдан қабылдады.— *359.*

120 Бұл документ 1919 жылы 29 ноябрьде РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы Советтердің Бүкіл россиялық VII съезінде сайланатын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамы туралы мәселе жөнінде қабылдаған қаулысының негізіне алынды.— *360.*

121 В. И. Ленин бұл арада РКП(б) VIII съезінің ұйымдық мәселе жөніндегі шешімін айтып отыр. Шешімнің совет құрылысы туралы бөлімінде: Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамын өзгерту керек және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшелері көбінесе шаруалар мен жұмысшылар арасында ұдайы жұмыс жүргізетін жергілікті қызметкерлер болуға тиіс деп жазылған (қараңыз: «РКП(б) сегізінші съезі. Март, 1919 жыл. Протоколдар», М., 1959, 427-бет).— *360.*

122 Бұл қарардың негізіне Ленин жазған тезистер алынған болатын. РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1919

жылғы 21 ноябрьдегі мәжілісінде Лениннің тезистерін талқылап, бұларды түпкілікті редакциялау үшін комиссияға берген-ді. Тезистер негізінде комиссия қарардың жобасын жасады, Ленин енгізген 2-пунктті қоса бұл жобаны 1919 жылғы 29 ноябрьде РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы қабылдады, ал одан соң Бүкіл россиялық VIII партия конференциясы бекітті.— *361.*

123 Украин ССР Орталық Атқару Комитеті жұмысшы депутаттарының Киев Советімен, кәсіподақтармен, фабрика-завод комитеттерімен және шаруа депутаттарының Киев уездік съезімен бас қосқан мәжілісте 1919 жылғы 18 майда қарар қабылдап, мұнда Совет өкіметінің жауларына қарсы қарулы күрес жүргізу және материалдық қаржыларды біртұтас орталықтың қолына жинақтау үшін Советтік республикалардың барлық күшін біріктіру қажеттігін көрсетті. УССР Орталық Атқару Комитеті «революциялық күрестің біртұтас майданын ұйымдастырудың нақты формаларын белгілеу» жөнінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне ұсыныс жасауды өзінің Президиумына тапсырды. Латвияның, Литваның және Белоруссияның советтік үкіметтері де осындай ұсыныстар енгізді.

Советтік республикалардың жоғарғы органдары білдірген тілектерге сәйкес Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 1919 жылы 1 июньде «Дүние жүзілік империализмге қарсы күресу үшін Россия, Украина, Латвия, Литва, Белоруссия Советтік республикаларын біріктіру туралы» декрет қабылдады. Декретте былай делінген: «Украина, Латвия, Литва, Белоруссия және Қырым еңбекшілер бұқарасының тәуелсіздігін, бостандығы мен өзін өзі билеуін тану негізіне толық сүйене отырып... Советтердің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Россия, Украина, Латвия, Литва, Белоруссия және Қырым Советтік социалистік республикаларының 1) әскери ұйымы мен әскери қолбасшылығының, 2) халық шаруашылығы советтерінің, 3) темір жол басқармасы мен шаруашылығының, 4) финансының және 5) еңбек комиссариаттарының тығыз бірігуін қамтамасыз ету, сөйтіп халық өмірінің көрсетілген салаларына басшылық етуді біртұтас коллегиялардың қолында жинақтау қажет деп біледі» («Жұмысшы және шаруа үкіметінің заңдары мен жарлықтарының жинағы», 1919, 264-бет). Советтік социалистік республикалардың әскери-саяси одағы, интервенттер мен ішкі контрреволюцияны жеңіп шығуда аса зор роль атқарған одағы, міне, осылай қалыптасты.— *361.*

124 *Ревкомдар* (революциялық комитеттер) — азамат соғысы мен шетел соғыс интервенциясы жылдарында құрылған төтенше өкімет органдары. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1919 жылғы 24 октябрьдегі ережесі бойынша ревкомдар 3 түрге бөлінді: 1) жаудан азат етілген жерлер-

де ревкомдарды Совет өкіметінің жергілікті органдарын қатыстыра отырып, 3 адамнан 5 адамға дейінгі мөлшерде армияның Революциялық әскери советі құрды; 2) майдан өңіріндегі ревкомдарды жергілікті губерниялық атқару комитетін қатыстыра отырып, армияның Революциялық-әскери советі құрды, мұның құрамында Революциялық-әскери совет пен атқару комитетінің өкілдері болды. Бұл ретте атқару комитеттері уақытша таратылып, ревкомдармен ауыстырылатын, олардың барлық бөлімдері ревкомдар қарауына өтетін еді; 3) тылдағы ревкомдар Қорғаныс Советінің қаулысымен губерниялар мен уездерде мынадай құрамда құрылды: атқару комитетінің председателі, атқару комитеті мүшелерінің бірі және жергілікті әскери комиссар.

Совет өкіметі орнатылып, нығаюына байланысты ревкомдар таратыла отырды. Қорғаныс Советінің 1920 жылғы 2 январьдағы қаулысы бойынша ревкомдардың жаудан жаңа ғана азат етілген жерлерде жұмыс істейтіндерінен басқалары таратылды. Қажет болған жағдайда майдандар мен армиялардың Революциялық-әскери советтеріне ревкомдарды сақтау туралы мәселе қоюына право берілді.— *362.*

125 Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 2 декабрьдегі мәжілісінде «Әскери тасымалдарға байланысты темір жол транспортын жақсарту туралы» декреттің жобасы талқыланды. Талқылау кезінде В. И. Ленин декреттің 10-параграфына енген осы документті ұсынған болатын. Бұл қосымша мен басқа да түзетулер енгізілген күйінде декретті Халық Комиссарлары Советі қабылдады және ол ішінара «Известия ВЦИК» газетінің 1919 жылғы 14 декабрьдегі 281-номерінде жарияланды.— *365.*

126 *РКП(б) Бүкіл россиялық VIII конференциясы* 1919 жылғы 2—4 декабрьде Москвада болып өтті. Партияның VIII съезінің шешіміне сәйкес партия конференциялары 3 айдан кейін шақырылуға тиісті еді. Алайда елдегі соғыс жағдайының ауырлығынан VIII конференцияның шақырылу мерзімі сақталмаған-ды. Конференцияны шақыруға әзірлік 1919 жылғы сентябрьде басталды, партияда кеңінен талқылау үшін жаңа уставтың жобасы жарияланды. 20 октябрьде РКП(б) Орталық Комитеті барлық губерниялық партия комитеттеріне хат жіберіп, онда конференцияны ноябрьдің аяғында, Советтердің Бүкіл россиялық VII съезінің дәл алдында шақыруды ұсынды. РКП(б) Орталық Комитетінің 29 ноябрьдегі пленумы конференцияның ашылар күнін 2 декабрьге белгіледі, конференцияның күн тәртібін біржолата бекітіп, РКП(б) Орталық Комитетінің саяси және ұйымдық есебі бойынша баяндамашылар белгіледі. Конференцияға шешуші дауыспен 45 делегат: губерниялық комитеттерден 40 өкіл, облыстық, өлкелік және басқа ұйымдардан 5 өкіл қатысты; кеңесші дауыспен 73 делегат болды. Конференция-

да Тобольск, Омск, Челябинск, Самара, Курск, Оренбург, Астрахань губерниялық партия комитеттерінің, сондай-ақ Түркістанның өкілдері болған жоқ.

Конференцияның күн тәртібі: 1. Орталық Комитеттің баяндамасы; 2. Халықаралық жағдай туралы баяндама; 3. Советтердің Бүкіл россиялық VII съезі күн тәртібінің мәселелері (совет құрылысы туралы мәселелер); 4. Украинадағы Совет өкіметі туралы; 5. Партияның уставы; 6. Партияның жаңа мүшелері арасындағы жұмыс туралы; 7. Отын мәселесі.

Конференцияның жұмысына В. И. Ленин басшылық етті. Ленин конференцияны ашарда сөз сөйледі, партияның Орталық Комитетінің саяси баяндамасын жасады, Украинадағы Совет өкіметі туралы сөз сөйледі, баяндама бойынша және Украинадағы Совет өкіметі туралы мәселе жөнінде қорытынды сөз сөйледі. Конференция делегаттары партияның Орталық Комитетінің саяси бағыты мен ұйымдастыру жұмысын бірауыздан мақұлдады. Халықаралық жағдай туралы мәселе жөнінде конференцияда сыртқы істер жөніндегі халық комиссары Г. В. Чичериннің баяндамасы тыңдалды, ол Совет мемлекетінің сыртқы саясатының мәнін ашып көрсетуге және оның бітімді тезірек жасау үшін күш салып отырғанына зор көңіл бөлді. Чичериннің баяндамасы бойынша конференция Ленин жазған қарар жобасын қабылдады. Конференцияда талқыланатын аса маңызды мәселелердің бірі совет құрылысы туралы мәселе еді. Бұл мәселе жөнінде РКП(б) Орталық Комитетінің атынан М. Ф. Владимирский баяндама, Т. В. Сапронов қосымша баяндама жасады. Владимирскийдің баяндамасында совет құрылысының қорытындылары шығарылды, РСФСР Конституциясына біраз қосымша енгізу туралы нақты ұсыныстар жасалды. Орталық Комитеттің совет құрылысы мәселелері жөніндегі нұсқауларына Сапроновтың, Осипскийдің және басқалардың тобы қарсы шықты, бұлар дара басшылықты теріске сайып, «шексіз коллегиялылықтың» сақталуын талап етті. Бұл оппортунистік топ конференцияға өздерінің көзқарастарын, централизмді және партияның Советтердегі басшылық ролін әлсіретуге бағытталған көзқарастарын таңуға әрекеттенді. Конференция Сапронов пен оның тобының антипартиялық көзқарастарына тойтарыс берді, өкімет органдарын құрудағы, сондай-ақ олардың өзара қатынасындағы демократиялық централизмнің лениндік принципін баянды етті.

Конференция мемлекеттік аппаратты, пролетариат диктатурасын нығайтуға, Совет мемлекетін құру ісіне еңбекшілердің қалың бұқарасын қатыстыруға бағытталған бірқатар шешімдер қабылдады. «Украинадағы Совет өкіметі туралы» мәселенің талқылануының және бұл мәселе жөнінде қарар қабылдануының зор маңызы болды.

Конференцияда РКП(б)-нің жаңа уставы қабылданды, мұнда партия ұйымдарының құрылымы нақты белгіленді.

Устав «Партия мүшелігіне кандидаттар туралы» жаңа бөліммен толықтырылды. Партияға кірушілердің бәрі кандидаттық мерзімнен өтуге тиісті болды, мұның өзі әзірлік пен сынақ сатысы деп саналды. Кандидаттық мерзім әлеуметтік категорияларға қарай: жұмысшылар мен шаруалар үшін — 2 ай, барлық басқа адамдар үшін кемінде 6 ай болып белгіленді. Партиядан тысқары ортада партияның ықпалын күшейту, партия саясатын жүргізу және барлық мекемелер мен ұйымдардың жұмысына партиялық бақылау орнату мақсатымен уставқа «Партиядан тысқары мекемелер мен ұйымдардағы фракциялар туралы» бөлім енгізілді. Сонымен қатар уставқа «Партиялық тәртіп туралы» арнаулы бөлім қосылды, мұнда партиялық тәртіпті мейлінше қатаң сақтау барлық партия мүшелері мен барлық партия ұйымдарының ең бірінші борышы деп көрсетілді.

Конференция «Партияның жаңа мүшелерін пайдалану туралы тезистерді» бекітті, бұл тезистерде коммунистердің жалпы білімі мен идеялық-саяси дәрежесін арттыруға, олардың әскери білім алуына, партиялық тәртіпті нығайтуға бағытталған нақты шаралар белгіленді. Бүкіл россиялық VIII партия конференциясының зор маңызы болды. Конференция партияның пролетариат диктатурасын нығайту және РКП(б) VIII съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолындағы екі жылдық күресінің нәтижесін шығарып, тәжірибесін қорытты. Конференцияның совет, шаруашылық, әскери құрылыс, сондай-ақ сыртқы саясат мәселелері жөніндегі шешімдері Советтердің Бүкіл россиялық VII съезі қаулыларының негізіне алынды.— *367.*

127 Ленин бұл арада Советтердің Бүкіл россиялық VII съезін айтып отыр (141-ескертуді қараңыз).— *369.*

128 Ленин бұл арада «Folkets Dagblad Politiken» газетін айтып отыр.

«Folkets Dagblad Politiken» («Күнделікті Халықтық Саяси Газет») — швед солшыл социал-демократтарының газеті, бұлар 1917 жылы Швеция солшыл социал-демократиялық партиясын құрды; газет 1916 жылғы апрельден бастап Стокгольмде әуелі күнара, одан соң күн сайын (1917 жылғы ноябрьге дейін «Politiken» деп аталды) шығарылып тұрды. 1918—1919 жылдары газеттің редакторы Ф. Стрём болды. 1921 жылы Швеция солшыл социал-демократиялық партиясы Коминтернге кіріп, Коммунистік партия деп аталды; газет осы партияның органы болды. 1929 жылы октябрьде Швеция Коммунистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін газет оның оң қанатының қолына көшті. 1945 жылы майда газетті шығару тоқтатылды.— *375.*

129 Ленин бұл арада 1919 жылы 24 октябрьде «The Times» газетінің 42239-номерінде басылған «Finland and the Bolshe-

vists» («Финляндия және большевиктер») деген мақаланы айтып отыр.— *375.*

130 *«Речь»* («Тіл») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) бастап Петербургте іс жүзінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциялауымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің және басқалардың жиі қатысуымен шығып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметтің ішкі және сыртқы саясатын белсене қолдады, Ленин мен большевиктер партиясына қарсы ойрандық қуғындау жүргізді. Газетті 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. Кейіннен (1918 жылғы августқа дейін) «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен шығып келді.— *375.*

131 Әңгіме эсерлер партиясы IX кеңесінің «Қызыл Армияға көзқарас» деген қарары жайында болып отыр, ол мына басылымда жарияланған: «Приложение к Листку Дела Народа, № 2».— *379.*

132 В. И. Ленин бұл арада Н. П. Растопчиннің 1919 жылы 20 ноябрьде «Правда» газетінің 260-номерінде басылған «Шаруалардың партиялық емес конференциялары» деген мақаласын айтып отыр.— *390.*

133 «Деревнядағы жұмыс туралы РКП губерниялық, уездік және болыстық комитеттеріне нұсқаудың» жобасы РКП(б) Орталық Комитетінің деревнядағы жұмыс жөніндегі бөлімінде әзірленіп, талқылау мақсатымен 1919 жылы 20 сентябрьде «Известия ЦК РКП(б)» бюллетенінде жарияланған болатын. Жобада болыстық, уездік, губерниялық, аудандық ұйымдастырушылардың міндеттері белгіленді. Нұсқау ұйымдастырушыларды совет шаруашылықтары мен коммуналардың маңайдағы шаруаларға көмек көрсетуін көздеуге міндеттеді. Жоба деревнядағы партиялық жұмыс жөніндегі Бүкіл россиялық I кеңесте азын-аулақ түзетулермен қабылданып, РКП(б) Бүкіл россиялық VIII конференциясында біржолата бекітілді.— *392.*

134 *Халықаралық саясат туралы мәселе жөніндегі қарардың жобасын* Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық VIII конференциясының мәжілісінде 1919 жылғы 2 декабрьде жазған болатын. Конференция қарар жобасын болмашы түзетулер енгізіп қабылдады, бұдан соң Ленин мұны Советтердің Бүкіл россиялық VII съезіндегі баяндамасында оқып берді (қараңыз: осы том, 445—446-беттер) және Антанта елдеріне бітім жөнінде жасалған ұсыныс ретінде съезд бірауыздан

қабылдады. Съездің қарары баспасөзде 6 декабрьде жарияланды.

Съездің бітім жөніндегі ұсынысы Антанта державаларының өкілдеріне 10 декабрьде жіберілді. Англия, Франция, Америка Құрама Штаттары және Италия үкіметтері бұл ұсынысты қараудан бас тартты.— *394.*

135 *Жұмысшы, шаруа, казак және қызыл әскер депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Төтенше VI съезі* 1918 жылы 6—9 ноябрьде Москвада өтті. Съезге 1296 делегат (шешуші дауыспен 963 делегат және кеңесші дауыспен 333 делегат), оның ішінде 1260 коммунист қатысты. Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: Октябрь революциясының бір жылдығы туралы, халықаралық жағдай туралы, соғыс жағдайы туралы, Совет өкіметінің орталықтағы құрылысы туралы, кедейлер комитеттері мен жергілікті Советтер туралы. В. И. Ленин съездің құрметті председателі болып сайланды. 6 ноябрьдегі бірінші мәжілісте Ленин революцияның бір жылдығы туралы сөз сөйлегеннен кейін, съезд барлық ұлттардың бейбітшілік пен социализм жолында күресіп жатқан жұмысшыларын, шаруалары мен солдаттарын және олардың көсемдерін құттықтады және социалистік революцияның жеңістерін қаһармандықпен қорғап жатқан Қызыл Армияға құттықтау жолдады. Съезд Советтік Россияға қарсы соғыс жүргізіп жатқан үкіметтерге бітім келіс сөздерін бастауды ұсынып, үндеу қабылдады.

Съездің 8 ноябрьдегі екінші мәжілісінде Ленин халықаралық жағдай туралы сөз сөйледі. Съезд Ленин жазған және 1918 жылы 22 октябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, фабрика-завод комитеттерінің және кәсіптік одақтардың біріккен мәжілісінде қабылданған қарарды бекітті (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 136—138, 139—140-беттер). Соңғы мәжілісте, 9 ноябрьде, съезд соғыс жағдайы туралы, совет құрылысы туралы мәселелерді қарады. Съезд делегаттары Германияда басталған революция туралы хабарды үлкен қуанышпен қарсы алып, көтерілісті бастаған герман жұмысшыларымен, солдаттарымен және матростарымен өздерінің ынтымақтас екендігін білдірді.

Съезд Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 207 мүшеден және 39 кандидаттан тұратын жаңа құрамын сайлады. Советтер съезі Совет өкіметінің өмір сүруінің бірінші жылының негізгі қорытындыларын шығарып, Совет үкіметінің таяу кезеңдегі қызметінің программасын белгіледі.— *394.*

136 *Боротьбистер* — Украин социалист-революционерлер партиясы жікке бөлінгеннен кейін 1918 жылғы майда пайда болған ұсақ буржуазиялық, ұлтшылдық партияның мүшелері. Партияның орталық органы — «Боротьба» газетінің атымен

аталған. 1919 жылы мартта Украин социалист-революционерлер боротьбист коммунистер партиясы, ал августа Украин боротьбистер коммунистік партиясы деп аталды. Боротьбистер партиясын В. Блакитный, Г. Гринько, А. Шумский және басқалар басқарды. Боротьбистер партиясының қатарында контрреволюцияшыл петлюрашыл элементтер аз емес-ті, бұлар революциялық жел сөзді, коммунистік платформаны танитындығы жайындағы мәлімдемелерді бетке ұстап, іс жүзінде пролетариат диктатурасына қарсы шықты, Украина мен Россия еңбекшілерінің біртұтас революциялық майданын жікке болу бағытын жүргізді.

Боротьбистер туралы қарар жобасында В. И. Ленин былай деп жазды: «Боротьбистер әскерн күштерді бөліп тастауды насихаттауы және бандитизмді қолдауы арқылы коммунизмнің негізгі принциптерін бұзып отырған, сөйтіп ақтар мен халықаралық империализмге тікелей көмектесіп отырған партия деп танылсын.

Олардың РСФСР-мен тығыз және өте тығыз одақ жасасу ұранына қарсы күресуі де пролетариаттың мүдделеріне қайшы келеді.

Бүкіл саясатты таяудағы болашақта боротьбистерді жоюды көздеп, ұдайы және үздіксіз жүргізу керек» (Лениннің XXXV жинағы, 93—94-беттер).

Боротьбистер Коммунистік Интернационалдың Атқару комитетіне өздерін Коминтернге қабылдауды және Украинадағы негізгі коммунистік партия деп тануды екі рет өтінді. 1920 жылы 26 февральда Коминтерн бұл жөнінде арнаулы шешім қабылдады, мұнда боротьбистердің өз партиясын таратып, Украина Коммунистік (большевиктер) партиясына қосылуы жөнінде ұсыныс жасалды. Украинада қосарлас екінші партия құру жөніндегі тілекті, делінген қарарда, Коммунистік Интернационалдың Атқару комитеті тек қана еңбекшілер қатарын жікке бөлу әрекеті деп санайды.

Большевиктердің шаруалар арасында ықпалының өсуіне және Украинадағы Совет өкіметінің табыстарына байланысты боротьбистер лажсыздан өздерін өздері тарату туралы шешім қабылдады.

1920 жылы 17 марттан 23 мартқа дейін болып өткен Украина Коммунистік (большевиктер) партиясы IV конференциясы боротьбистерді Украина Коммунистік партиясының қатарына алуды жақтап пікір айтты, оның бер жағында жаңадан қабылданғандардың бәрі қайта тіркеуден өткізілді. Алайда, кейін көптеген боротьбистер Украинадағы контрреволюцияшыл, буржуазияшыл-ұлтшыл элементтердің күресіне басшылық етіп, антисоветтік іс-әрекетін тоқтатпады.— *393.*

137 *Егіншілік коммуналары мен ауыл шаруашылық артельдерінің I съезін* Егіншілік халық комиссариаты шақырып, 1919 жылғы 3—10 декабрьде Москвада болып өтті. Съезге

140 делегат, оның ішінде 93 коммунист қатысты. Ленин съезд жұмысының екінші күні сөз сөйледі. Съезд өндіруші ауыл шаруашылық еңбек коллективтерінің (коммуналар мен артельдердің) Бүкіл россиялық одағының уставын қабылдады, мұны кейін Егіншілік халық комиссариаты бекітті. Устав одақтың негізгі міндеті барлық ауыл шаруашылық коллективтерін біртұтас өндірістік одаққа біріктіру, жерді қоғамдасып өңдеу идеясын насихаттау және төңіректегі шаруаларға, ең алдымен қызыл әскерлер семьялары мен деревня кедейлеріне практикалық көмек көрсету деп білді.— *400.*

138 *Миллиардтық қор* Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 2 ноябрьдегі декретіне сәйкес «ауыл шаруашылығын жақсартып, өркендету және оны социалистік негізде тезірек қайта құру мақсатымен» жасалған болатын. Бұл қордан ауыл шаруашылық коммуналарына, еңбек серіктіктеріне және жерді жеке-дара өңдеуден коллектив болып өңдеуге көшу шартымен шаруалар шаруашылықтарының селолық қоғамдарына немесе топтарына жәрдем ақша мен қарыз беріліп отырды. Егіншілік халық комиссариаты мен финанс халық комиссариаты ауыл шаруашылығын өркендету шараларына қарыз бен жәрдем ақша берудің егжей-тегжейлі ережелерін жасап шығарды (қараңыз: «Известия ВЦИК» № 42, 23 февраль, 1919 ж.) — *400.*

139 *«Социалистік жолмен жерге орналастыру туралы және социалистік егіншілікке көшу шаралары туралы ережені»* 1919 жылы февральда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қабылдаған болатын. Жер бөлімдерінің, кедейлер комитеттері мен коммуналардың 1918 жылы декабрьде болған Бүкіл россиялық I съезінің шешімдері бұл ереженің негізіне алынды. «Ережені» әзірлеуге, оны редакциялауға В. И. Ленин тікелей ат салысты. «Ережеде» ауыл шаруашылығының өнімділігін көтеру, егіс көлемін ұлғайту, ауыл шаруашылығын социалистік негіздерде қайта құру жөнінде бірқатар практикалық шаралар белгіленді. «Адамды адамның қанауы атаулыны біржолата жою үшін, ғылым мен техниканың барлық жетістіктерін қолдана отырып, ауыл шаруашылығын социализм негіздерінде ұйымдастыру үшін, еңбекшілер бұқарасын социализм рухында тәрбиелеу, сондай-ақ пролетариат пен деревня кедейлерін олардың капиталға қарсы күресінде біріктіру үшін,— делінген «Ережеде»,— жерді жеке-дара пайдалану формаларынан серіктесіп пайдалану формаларына көшу қажет. Ірі совет шаруашылықтары, коммуналар, жерді қоғамдасып өңдеу және жерді серіктесіп пайдаланудың басқа да түрлері осы мақсатқа жетудің ең жақсы әдістері болып табылады, сондықтан жерді жеке-дара пайдаланудың барлық түрлеріне өткінші

және күні өте бастаған нәрселер деп қараған жөн» («Известия ВЦИК» № 34, 14 февраль, 1919 ж.).— *400.*

140 Әңгіме С. П. Середаның «Известия ВЦИК» газетінің 1919 жылғы 3 декабрьдегі 271-номерінде жарияланған «Егіншілік коммуналары мен артельдерінің одағы» деген мақаласы жайында болып отыр.— *406.*

141 *Советтердің Бүкіл россиялық VII съезі* 1919 жылы 5—9 декабрьде Москвада болып өтті. Съезге 1366 делегат (шешуші дауыспен — 1002, кеңесші дауыспен — 364) қатысты, оның ішінде 1278 коммунист болды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының 1919 жылғы 27 ноябрьдегі шешіміне сәйкес азамат соғысының майдандарына өз мүшелерін мобилизациялау туралы шешім қабылдаған оппозициялық партиялар өкілдерінің съезд жұмысына кеңесші дауыспен қатысуына рұқсат етілді. Съезд туралы мәселе 1919 жылғы 21 ноябрьде РКП(б) Орталық Комитетінің пленумында талқыланды. Пленум Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы съезде баяндама жасауды В. И. Ленинге тапсырды, сонымен қатар съездің мынадай күн тәртібін бекітті: 1. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің баяндамасы; 2. Соғыс жағдайы; 3. Коммунистік Интернационал туралы; 4. Азық-түлік жағдайы; 5. Отын мәселесі; 6. Орталықтағы және жергілікті жерлердегі совет құрылысы; 7. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетін сайлау.

Съезд ашылған күні Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы баяндама жасады, келесі күні баяндама бойынша қорытынды сөз сөйледі; 8 декабрьде ұйымдастыру секциясының мәжілісінде совет құрылысы туралы баяндама бойынша жарыс сөзде сөйлеп, съезді жабарда қорытынды сөз сөйледі. Ленин совет құрылысы туралы қаулының жобасына түзетулер енгізді.

Советтер съезі Совет үкіметінің сыртқы және ішкі саясатын мақұлдады. Совет құрылысы, азық-түлік жағдайы туралы және отын туралы мәселелердің айрықша практикалық маңызы болуы себепті бұлар жөніндегі баяндамаларды егжей-тегжейлі талқылау тиісті секцияларға тапсырылды. Бұл баяндамалар бойынша секцияларда әзірленген қаулылардың жобалары кейін съездің 9 декабрьдегі қорытынды пленум мәжілісінде бекітілді. «Совет құрылысы туралы» съезд қабылдаған қаулыда совет мемлекеттік аппаратын онан әрі нығайту көзделді, Совет өкіметінің орталықтағы және жергілікті жерлердегі органдарының атқаратын қызметі анықталды.

Лениннің ұсынысы бойынша съезд бітім туралы қарар қабылдап, бітім келіс сөздерін бастау жөнінде Англия,

Франция, Америка Құрама Штаттары, Италия, Жапония үкіметтеріне тағы да ұсыныс жасады (қараңыз: осы том, 445—446-беттер). Советтер съезі «Езілген ұлттар туралы» қарар қабылдап, онда Совет үкіметінің ұлт саясаты принциптерін тағы да растады. Айрықша қарарда съезд Венгрияда ақ террордың асқынып кетуіне байланысты өзінің ашу-ызасын білдірді. Съезд III Интернационалдың құрылуын құттықтап, оның құрылуының орасан зор халықаралық маңызы бар екенін атап көрсетті.— *415.*

142 Герман үкіметі 1918 жылы 5 ноябрьде РСФСР-мен арадағы дипломатиялық қатынастарды үзіп, Берлиннен совет елшілігін кетірді. Бұған сылтау ретінде ресми совет өкілдері Германияда революциялық үгіт жүргізіпті деген лақап пайдаланылды. Германия мен РСФСР арасындағы дипломатиялық қатынастар тек 1922 жылы ғана қайта орнатылды.— *421.*

143 Бұл жерде және 435-бетте Ленин Олардың 1919 жылғы 26 октябрьде «L'Humanité» газетінің 5669-номерінде жарияланған хатының мазмұнын баяндап отыр.— *430.*

144 *Дрейфус ісі* — 1894 жылы француз соғыс құмарларының реакциялық-монархистік топтары француз бас штабының офицері — еврей Дрейфусқа қарсы ұйымдастырған арандатушылық процесс; Дрейфусқа шпиондық және мемлекетке опасыздық жасады деген жалған айып тағылды. Реакцияшыл соғыс құмарлардың әдейі ұйымдастыруымен өмір бойы тұтқында болуға үкім шығарылған Дрейфустың сотталуын Францияның реакциялық топтары антисемитизмді өршіту және республикалық режим мен демократиялық бостандықтарға қарсы шабуылға шығу үшін пайдаланды. 1898 жылы социалистер және буржуазиялық демократияның алдыңғы қатарлы өкілдері (олардың ішінде Э. Золя, Ж. Жорес, А. Франс және басқалар бар) Дрейфустың ісін қайта қарау үшін науқан ашқан кезде, бұл іс бірден анық саяси сипат алды және елді екі лагерьге: бір жағынан, республикашылдар мен демократтар лагеріне, екінші жағынан, монархистердің, клерикалдардың, антисемиттер мен ұлтшылдардың блогы лагеріне бөлді. 1899 жылы жұртшылық пікірінің қысымымен Дрейфусқа кешірім жасалды; 1906 жылы кассациялық соттың шешімі бойынша ол кінәсіз деп табылып, армияға қайта алынды.— *431.*

145 Ленин бұл арада 1919 жылы 26 октябрьде «L'Humanité» газетінің 5669-номерінде жарияланған «Texte intégral des propositions acceptées par Lénine» («Ленин қабылдаған ұсыныстардың толық тексті») жайында айтып отыр.— *434.*

146 В. И. Ленин бұл арада, сірә, 1919 жылдың аяғында Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советі белгілеген мы-

на шараларды айтып отырса керек: «Ағаш отынды және отынның басқа да түрлерін тасып жеткізуді күшейту шаралары туралы» 29 октябрьдегі қаулы, мұнда Қорғаныс Советі отынды дайындалған жерлерінен және қоймалардан темір жолдардағы тиеу пункттеріне тасып жеткізу, оны вагондарға тиеу, т. т. әскери-оперативтік тапсырмалармен бірдей деп көрсетті, Қорғаныс Советінің темір жолдарда соғыс жағдайын жүзеге асыру жөніндегі арнаулы уәкілдеріне ағаш отынды дайындап, тасуға жергілікті халық пен тасымал құралдарын қатыстыруға право берілді; Қорғаныс Советінің 8 ноябрьдегі қаулысы, бұған сәйкес ағаш отын дайындау ісін басқаратын мекемелердің барлық жұмысшылары мен қызметшілері әскери қызметке шақырылғандар деп жарияланды; темір жолдарда соғыс жағдайын жүзеге асыру жөніндегі Айрықша комитет құру туралы 12 ноябрьдегі қаулы; мемлекеттік міндеткерлік енгізу туралы 19 ноябрьдегі қаулы: 1) заттай ағаш отын беру міндеткерлігі, 2) отынның барлық түрлерін дайындау, тиеу және түсіру жөніндегі еңбек міндеткерлігі, 3) отын, әскери, азық-түлік және басқа мемлекеттік жүктерді тасу үшін көлік-арба беру міндеткерлігі; Халық Комиссарлары Советінің «Орман ведомствосының барлық қызметкерлерін, Егіншілік халық комиссариатының барлық орман органдарын ағаш отын дайындауға қатыстыру туралы және орман ісін басқаратын органдардың құрамындағы кейбір өзгерістер туралы» 21 ноябрьдегі декреті; отын таситын темір жол тармақтарын салу жөніндегі жоғары коллегия құру туралы ереже және басқалар.— *441.*

147 *ЧК* — ВЧК (Бүкіл россиялық төтенше комиссия) 1917 жылы 7(20) декабрьде Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша «контрреволюцияға, саботажға және жалдаптыққа қарсы аяусыз күрес жүргізу» үшін құрылды. Пролетариат диктатурасының аса маңызды органдарының бірі болған Бүкіл россиялық төтенше комиссия контрреволюцияның бүлдіру әрекетіне қарсы күрес жүргізуде және Совет республикасының мемлекеттік қауіпсіздігін қорғауда орасан зор роль атқарды. Бұл комиссияның қызметіне баға бере келіп, В. И. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық IX съезіндегі баяндамасында 1921 жылы декабрьде былай деп атап көрсетті: «Есепсіз көп заговорларға, Совет өкіметіне есепсіз көп оқталуларға қарсы бұл мекеме біздің жауды жайратушы құралымыз болды» (Шығармалар, 33-том, 169-бет). Советтердің IX съезі «Бүкіл россиялық төтенше комиссия туралы қарарда» Бүкіл россиялық төтенше комиссия органдарының Октябрь революциясының жеңістерін қорғау жөнінде атқарған қаһармандық жұмысын атап көрсете келіп, Совет өкіметінің нығайғандығын ескере отырып, комиссия қызметінің шеңберін тарылта түсуді ұсынды. Бұл қарарда Лениннің ұсыныстары айқын бейнеленді,

бұл ұсыныстар РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Бүкіл россиялық төтенше комиссия туралы қаулысының 1921 жылы 1 декабрьде Ленин жазған жобасында бар (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 369-бет). 1922 жылы 6 февральда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Бүкіл россиялық төтенше комиссияны тарату туралы декрет қабылдады.— *448.*

148 *«Бунд»* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнода еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде ұйымдасты; Россияның батыс облыстарындағы көбінесе еврей қолөнершілерінің жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді.

Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918) бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады, Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюция күштерімен қосылып кетті. Сонымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды жақтаған бетбұрыс байқалды. 1921 жылы мартта Бунд өзін өзі жойды, оның мүшелерінің бір бөлегі жалпы негізде РКП(б) қатарына қабылданды.— *449.*

149 В. И. Ленин бұл арада 1919 жылы ноябрьде Петроградта әйгіленген контрреволюциялық заговорды айтып отыр. Заговорды Юденичпен байланысты болған және Антантадан қаржы алып отырған ақ гвардиялық ұйым басқарды. Оған патша ұлықтары, патша армиясының генералдары мен адмиралдары, кадет партиясының мүшелері, сондай-ақ эсерлер мен меньшевиктер партияларына жақындығы бар адамдар кірді. Бұл контрреволюциялық ұйым Юденич Петроградқа жақындап келген кезде Петроградта көтеріліс әзірлеу және ақ гвардиялық үкімет құру мақсатын көздеді.— *450.*

150 Ленин бұл арада М. Ф. Владимирскийдің 1919 жылы октябрьде «Власть Советов» журналының 11-номерінде жарияланған «Совет құрылысының екі жылы» деген мақаласын айтып отыр.— *452.*

151 *Ұйымдастыру секциясы* немесе совет құрылысы жөніндегі секция 1918 жылы июньде Советтердің V съезінде РСФСР Конституциясы қабылданған кезден бері совет құрылысы практикасында болған өзгерістерді қарау үшін Советтердің Бүкіл россиялық VII съезінде құрылды. Секция 1919 жылы 8 декабрьде екі мәжіліс өткізді. Екінші мәжілісте совет құрылысы туралы баяндама бойынша жарыс сөзде В. И. Ленин сөз сөйледі. Ленин сөз сөйлегеннен кейін секция

РКП(б) Бүкіл россиялық VIII конференциясының совет құрылысы туралы қарарын негізге алып, оны түбегейлі өңдеп шығу үшін комиссияға берді. Секцияның совет құрылысы жөніндегі қаулысы 9 декабрьде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде екі рет талқыланды. Екінші мәжілісте Саяси бюро Ленин ұсынған және бұдан бұрынғы мәжілісте қабылданған түзетулермен бірге қаулының текстін бекітуге қаулы етті. Советтердің VII съезі қаулыны өзінің қорытынды пленум мәжілісінде қабылдады.— *460.*

152 В. И. Ленин бұл арада Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 5 августағы мәжілісін айтып отыр, мұнда губерниялық совхоздар басқармалары мен губерниялық жер бөлімдерінің өзара қатынасы туралы егіншілік халық комиссары С. П. Середаның баяндамасы тыңдалған болатын. Бұл мәселе жөнінде Середа ұсынған нұсқауды талқылаған кезде Халық Комиссарлары Советі Егіншілік халық комиссариатының нұсқауын өзгертуді ұсынған, Ленин жазған директиваларды қабылдады (қараңыз: осы том, 483—484-беттер). Бұл директивалар Халық Комиссарлары Советінің протоколдық қаулысының текстіне түгелімен енді.— *460.*

153 В. И. Ленин бұл арада меньшевиктер орталық комитетінің «Не істеу керек» деген үндеу хатын айтып отыр. Осы үндеу хаттың Ленин: «26. VII. 1919 алдым» деп белгі соққан бір данасы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.— *478.*

154 *Кедейлер комитеттері* (комбедтер) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 11 июньдегі «Деревня кедейлерін ұйымдастыру және жабдықтау туралы» декреті бойынша құрылды. Декрет бойынша, кедейлер комитеттеріне шаруа шаруашылықтарындағы азық-түлік запасының есебін алу, кулактардың запастары мен артық азық-түліктерін анықтау және осы артық азық-түліктерді алу ісінде совет азық-түлік органдарына көмек көрсету, кулак шаруашылықтарының есебінен кедейлерді азық-түлікпен жабдықтау, ауыл шаруашылық құрал-саймандары мен өнеркәсіп товарларын бөлу және т. б. міндеттер жүктелді. Алайда кедейлер комитеттерінің практикалық жұмысы деревнядағы жұмыстың барлық жағын қамтыды; іс жүзінде олар пролетариат диктатурасының деревнядағы тірек пункттері, органдары болды; кедейлер комитеттерінің ұйымдастырылуы деревнядағы социалистік революцияның одан әрі өрістетілуінің айғағы болды. 1918 жылдың аяғында кедейлер комитеттері, өздеріне жүктелген міндеттерді орындағаннан кейін, болыстық және селолық Советтермен біріктірілді.— *486.*

155 В. И. Лениннің ескертпелері 1919 жылғы 27 декабрьдегі мәжілісінде «ВЦСПС жанындағы РКП(б) фракциясының бюросы туралы ереженің» жобасын талқылаған РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының қаулысының негізіне алынды.— *449*.

156 «Ереже» жобасының бірінші параграфында ВЦСПС жанындағы РКП(б) фракциясы бүкіл россиялық кәсіптік қозғалыстың басшылық етуші партия ұйымы болып табылады делінген.— *499*.

157 «Ереже» жобасында үшінші параграф мынадай редакциямен берілді: «Барлық Бүкіл россиялық өндіріс бірлестіктерінің іс-әрекетін үйлестіру және кәсіптік қозғалыста Коммунистік партияның біртұтас бағытын барынша ойдағыдай, ұйымдасқан түрде жүзеге асыру мақсатымен Бүкіл россиялық өндірістік бірлестіктердің қазіргі және жаңадан құрылатын барлық фракциялары ВЦСПС жанындағы фракцияға тікелей бағынады».— *499*.

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

* *Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии.* Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904]. 397, II стр. (РСДРП).— *201—202.*

Григорович, Д. В. Акробаты благотворительности.— 26.

«Грядущий День», Одесса.— *152.*

Декрет [СНК] об образовании специального фонда на мероприятия по развитию сельского хозяйства. [2 ноября 1918 г.]— «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Казачьих и Красноармейских Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 243 (507) 6 ноября, стр. 12, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *400, 402—403.*

Декрет Совета Народных Комиссаров о потребительских коммунах. [16 марта 1919 г.].— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 60 (612), 20 марта, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *28, 230.*

Дьяченко, А. Заметки субботника.— «Правда», М., 1919, № 122, 7 июня, стр. 1.— *10—14.*

Единственный выход.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 191 (743), 30 августа, стр. 2, в отд.: За границей. Под общ. загл.: Союзники и Россия.— *424—425.*

Зиновьев, Г. Е. О численном составе нашей партии.— «Правда», М., 1919, № 210, 21 сентября, стр. 2—3.— *214.*

— *Петроград.*— «Петроградская Правда», 1919, № 255, 7 ноября, стр. 1.— *444.*

«Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов», Пг., 1917, № 88, 19 августа, стр. 3—4.— *454—455.*

«Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 208, 27 октября, стр. 1.— *193.*

— 1917, № 209, 28 октября, стр. 1.— *297, 454—455.*

---

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді: бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

«Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов».— 230.

— 1918, № 183 (447), 25 августа, стр. 1.— *135.*

— 1918, № 233 (497), 25 октября, стр. 3.— *394—395, 445—446.*

«Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Казачьих и Красноармейских Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 243 (507), 6 ноября, стр. 12.— *400, 402—405.*

— 1918, № 244 (508), 9 ноября, стр. 3.— *394—395, 445—446.*

«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 8 (560), 14 января, стр. 3.— *394—395, 445—446.*

— 1919, № 26 (578), 5 февраля, стр. 1.— *394—395, 445—446.*

— 1919, № 34 (586), 14 февраля, стр. 5.— *400, 401—402, 405, 406—407, 483.*

— 1919, № 60 (612), 20 марта, стр. 3.— *28, 230.*

— 1919, № 106 (658), 18 мая, стр. 2.— *125, 394—395, 445—446.*

— 1919, № 110 (662), 23 мая, стр. 1.— *125, 228, 229, 394—395, 434—435, 445—446.*

— 1919, № 124 (676), 11 июня, стр. 1.— *137—138.*

— 1919, № 143 (695), 3 июля, стр. 3.— *28.*

— 1919, № 144 (696), 4 июля, стр. 3.— *41—42.*

— 1919, № 165 (717), 29 июля, стр. 2.— *135.*

— 1919, № 190 (742), 28 августа, стр. 2.— *181.*

— 1919, № 191 (743), 30 августа, стр. 2.— *424—425.*

— 1919, № 203 (755), 13 сентября, стр. 1.— *264.*

— 1919, № 222 (774), 5 октября, стр. 3.— *264.*

— 1919, № 262 (814), 22 ноября, стр. 1.— *351.*

— 1919, № 271 (823), 3 декабря, стр. 1.— *406—407.*

— 1919, № 273 (825), 5 декабря, стр. 2.— *441—442.*

«Известия ЦК РКП(б)», М., 1919, № 5, 20 сентября, стр. 4.— *392, 393.*

— 1919, № 6, 30 сентября, стр. 1.— *321—322.*

— 1919, № 8, 2 декабря, стр. 4.— *399.*

— *Война и российская социал-демократия.*— «Социал-Демократ», Женева, 1914, № 33, 1 ноября, стр. 1. Подпись: Центральный Комитет Российской с.-д. рабочей партии.— *112, 157, 209.*

*— *Государство и революция.* Учение марксизма о государстве и задачи пролетариата в революции. Вып. 1. Пг., «Жизнь и Знание», 1918. 115 стр. (Б-ка обществоведения. Кн. 40-я). Перед загл. авт.: В. Ильин (Н. Ленин).— *118, 176, 286.*

— *Декрет о земле съезда Советов рабочих и с. д.* (Принят на зас. 26 окт. в 2 ч. н.).— «Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 209, 28 октября, стр. 1.— *297, 454—455.*

— *Декрет о мире, принятый единогласно на заседании Всероссийского съезда Советов рабочих, солдатских и крестьянских депутатов 26 октября 1917 г.*— «Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 208, 27 октября, стр. 1.— *193.*

— *Доклад ВЦИК и Совнаркома 5 декабря [1919 г. на VII Всероссийском съезде Советов]*— *қараңыз:* Ленин, В. И. Речь тов. Ленина 5 декабря.

— *Доклад на собрании большевиков — участников Всероссийского совещания Советов рабочих и солдатских депутатов 4(17) апреля 1917 г.—101.*

— *Доклад о внешней и внутренней политике Совета Народных Комиссаров на заседании Петроградского Совета 12 марта 1919 г.*— *қараңыз:* Ленин, В. И. Речь тов. Ленина в заседании Петроградского Совета 12 марта.

— *Заключительное слово по докладу ВЦИК и Совнаркома 6 декабря* — *қараңыз:* Ленин, В. И. Заключительное слово тов. Ленина.

— *Заключительное слово тов. Ленина.*—«Правда», М., 1919, № 275, 7 декабря, стр. 1—2. Под общ. загл.: 7-ой Всероссийский съезд Советов.— *500, 502—503.*

— *Империализм, как высшая стадия капитализма* — *қараңыз:* Ленин, В. И. Империализм, как новейший этап капитализма.

*— *Империализм, как новейший этап капитализма.* (Популярный очерк). Пг., «Жизнь и Знание», 1917. [3], 130 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин (Вл. Ильин).— *290, 494.*

— *На борьбу с топливным кризисом.* (Циркулярное письмо к партийным организациям).— «Правда», М., 1919, № 254, 13 ноября, стр. 1. Подпись: ЦК РКП.— *441.*

[*Ленин, В. И.*] *О диктатуре пролетариата.* Сентябрь — октябрь 1919 г.— *489—497.*

— *О задачах пролетариата в данной революции.*— «Правда», Пг., 1917, № 26, 7 апреля, стр. 1—2. Подпись: Н. Ленин.— *101.*

— *О задачах пролетариата в данной революции.* 4 и 5 (17 и 18) апреля 1917 г.— *101.*

— *О задачах III-го Интернационала.* (Рамсей Макдональд о III-ем Интернационале).— «Коммунистический Интернационал», Пг., 1919, № 4, август, стлб. 447—462. Подпись: Н. Ленин.— *475—477.*

— *О свободной торговле хлебом.* Август 1919 г.— *485—487.*

— *Об отношении к среднему крестьянству.* [Резолюция, принятая на VIII съезде РКП(б)].— В кн.: VIII съезд Российской Коммунистической партии (большевиков). Москва, 18—23 марта 1919 года. Стеногр. отчет. М., «Коммунист», 1919, стр. 370—372. (РКП(б)).— *339—340.*

— *Ответ на записки [на заседании Петроградского Совета 12 марта 1919 г.]*.— *14.*

— *Письмо к американским рабочим.*— «Правда», М., 1918, № 178, 22 августа, стр. 2—3. Подпись: Н. Ленин.— *215.*

— *Политический доклад Центрального Комитета 2 декабря 1919 г. на VIII Всероссийской конференции РКП(б)— қараңыз:* Ленин, В. И. Речь тов. Ленина.

— *Привет итальянским, французским и немецким коммунистам.*— «Коммунистический Интернационал», Пг., 1919, № 6, октябрь, стлб. 907—914, в отд.: Документы интернационального коммунистического движения.— *276, 277, 278.*

— *Пример петроградских рабочих.*— «Правда», М., 1919, № 221, 4 октября, стр. 1. Подпись: Н. Ленин.— *488.*

— *Проект резолюции по вопросу о международной политике,* [*внесенный на VIII Всероссийской конференции РКП(б).* 1919 г.].— *388, 435.*

*— *Пролетарская революция и ренегат Каутский.* М.—Пг., «Коммунист», 1918. 135 стр. (РКП(б)). Перед загл. авт.: Н. Ленин (Вл. Ульянов).— *118, 201, 203.*

— *Резолюция ЦК РКП(б) о Советской власти на Украине.*— «Известия ЦК РКП(б)», М., 1919, № 8, 2 декабря, стр. 4.— *399.*

— *Речь на I Всероссийском съезде работников просвещения и социалистической культуры 31 июля 1919 г.— қараңыз:* Ленин, В. И. Речь тов. Ленина на Всероссийском съезде работников просвещения и социалист. культуры.

— *Речь тов. Ленина.*— «Известия ЦК РКП(б)», М., 1919, № 9, 20 декабря, стр. 1—2. Под общ. загл.: Всероссийская партийная конференция.— *392—393.*

— *Речь тов. Ленина.* 5 декабря.— «Правда», М., 1919, № 275, 7 декабря, стр. 2; № 276, 9 декабря, стр. 3; № 277, 10 декабря, стр. 3.— *447, 500—502.*

— *Речь тов. Ленина на заседании Петроградского Совета 12 марта.*— «Северная Коммуна», Пг., 1919, № 58 (251), 14 марта, стр. 1.— *14.*

— *Речь тов. Ленина на Всероссийском съезде работников просвещения и социалист. культуры.*— «Правда», М., 1919, № 170, 3 августа, стр. 2.— *478—479.*

— *Тезисы ЦК РКП(б) в связи с положением Восточного фронта.*— «Правда», М., 1919, № 79, 12 апреля, стр. 2. Подпись: Центральн. Комитет РКП(больш.).— *30, 408—409.*

— *Товарищам коммунистам, входившим в общую «Коммунистическую партию Германии» и составившим теперь новую партию.* 28 октября 1919 г.— *277.*

Лига наций и мирный договор.— «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 262 (814), 22 ноября, стр. 1, в отд.: За границей. Под общ. загл.: Антанта.— *351.*

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Манифест Коммунистической партии. Декабрь 1847 — январь 1848 г.— *287, 492, 493.*

Маркс, К. Запись выступления К. Маркса о мандате Барри. Из протокола заседания Гаагского конгресса Международного Товарищества Рабочих 3 сентября 1872 года.— *105, 209, 475, 490, 491.*

— *Капитал.* Критика политической экономии, т. I. 1867 г.— *23—24, 144—145, 149.*

— *Письмо И. Вейдемейеру.* 5 марта 1852 г.— *285.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 4 августа 1874 г.— *291.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 13 декабря 1870 г.— *287, 494.*

Мартов, Л. Мировой большевизм.— «Мысль», Харьков, 1919, № 10, апрель, стр. 333—343.— *155—158, 480, 481.*

Мирные переговоры. Радиотелеграмма трех балтийских правительств.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 222 (774), 5 октября, стр. 3, в отд.: Последние известия.— *264.*

«Мысль», Харьков.— *152.*

— 1919, № 10, апрель, стр. 333—343.— *155—158, 480, 481.*

Н. Р. Первый коммунистический субботник на Александровской жел. дор.— «Правда», М., 1919, № 110, 23 мая, стр. 1.— *10, 13—14.*

— *Пример, достойный подражания.*— «Правда», М., 1919, № 107, 20 мая, стр. 2.— *8—9, 13—14.*

Накануне остановки железнодорожного движения.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 273 (825), 5 декабря, стр. 2, в отд.: Последние известия.— *441—442.*

Норов, Н. Деникинский тыл.— «Вечерние Известия Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1919, № 376, 24 октября, стр. 1.— *267.*

Нота Советского правительства Вильсону.— «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 233 (497), 25 октября, стр. 3.— *394—395, 445—446.*

Нота союзников Колчаку.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 124 (676), 11 июня, стр. 1. Под общ. загл.: «Колчаковщина».— *138.*

О партийной неделе. Ко всем партийным организациям. Циркулярное письмо ЦК РКП(б).— «Известия ЦК РКП(б)», М., 1919, № 6, 30 сентября, стр. 1. Подпись: Центральный Комитет РКП.— *322.*

Об объединении Советских республик: России, Украины, Латвии, Литвы, Белоруссии для борьбы с мировым империализмом. [Декрет ВЦИК от 1 июня 1919 г.].— «Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1919, № 21, 6 июня, стр. 280—281. Под общ. загл.: Декреты Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета.— *361.*

Обращение 12 января — қараңыз: Русско-американские отношения.

«Объединение», Одесса.— *152, 154, 155.*

— 1919, № 1—2, стр. 162—183.— *154—155.*

Обязательное постановление о провозе продуктов.— «Северная Коммуна», Пг., 1918, № 98, 6 сентября, стр. 1.— *135.*

Орлов, Н. А. Продовольственная работа Советской власти. К годовщине Октябрьской революции. Изд. Нар. ком. продовольствия. М., 1918. 398 стр.— *413.*

От Народного комиссариата по иностранным делам.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 106 (658), 18 мая, стр. 2.— *125, 394—395, 445—446.*

От Петроградского Совета к рабочим Эстляндии.— «Петроградская Правда», 1919, № 200, 6 сентября, стр. 1. Под общ. загл.: К прибытию эстонских товарищей.— *197.*

Отношение к Красной Армии. [Резолюция, принятая на IX совете партии социалистов-революционеров].— «Приложение к Листку Дела Народа № 2», б. м., [1919], стр. 2. Под общ. загл.: Резолюции, принятые на IX совете партии с.-р. 18—20 июня 1919 г.— *379.*

Отношение к социалистическим партиям. [Резолюция, принятая на IX совете партии социалистов-революционеров].— Там же, стр. 2.— *448—449.*

П. Л. Воззвание меньшевиков.— «Вечерние Известия Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1919, № 301, 26 июля, стр. 1—2.— *146, 148, 170—172, 478.*

[*Панкхерст, С. Письмо В. И. Ленину.* 16 июля 1919 г.].— «Коммунистический Интернационал», Пг., 1919, № 5, сентябрь, стлб. 681—684, в отд.: Документы интернационального коммунистического движения. Под общ. загл.: Социализм в Англии.— *175—182.*

Партийная жизнь.— «Правда», М., 1919, № 153, 15 июля, стр. 2.— *92.*

«Петроградская Правда», 1919, № 198, 4 сентября, стр. 1.— *197.*

— 1919, № 200, 6 сентября, стр. 1.— *197.*

— 1919, № 255, 7 ноября, стр. 1.— *444.*

Письмо к Нансену — қараңыз: От Народного комиссариата по иностранным делам.

По организационному вопросу. [Резолюция, принятая на VIII съезде РКП(б)].— В кн.: VIII съезд Российской Комму-

нистической партии (большевиков). Москва, 18—23 марта 1919 года. Стеногр. отчет. М., «Коммунист», 1919, стр. 365—370. (РКП(б)).— *360, 369*.

Подробности взятия Перми.— «Правда», М., 1919, № 144, 4 июля, стр. 1, в отд.: Оборона Советской России.— *42*.

Положение о социалистическом землеустройстве и о мерах перехода к социалистическому земледелию.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 34 (586), 14 февраля, стр. 5, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *400, 401—402, 405—406, 483—484*.

Постановление Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета о рабоче-крестьянских потребительских обществах. [30 июня 1919 г.].— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 143 (695), 3 июля, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *28*.

Постановление президиума Московского Совета рабочих и красноармейских депутатов о льготном провозе продовольственных продуктов в Москву.— «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 183 (447), 25 августа, стр. 1.— *135*.

«Правда», Пг.— М.— *230*.

— Пг., 1917, № 26, 7 апреля, стр. 1—2.— *101*.

— М., 1918, № 178, 22 августа, стр. 2—3.— *215*.

— 1919, № 79, 12 апреля, стр. 2.— *30, 408*.

— 1919, № 105, 17 мая, стр. 1—2.— *6—8, 13—14*.

— 1919, № 107, 20 мая, стр. 2.— *8—10, 13—14*.

— 1919, № 110, 23 мая, стр. 1.— *10, 13—14*.

— 1919, № 121, 6 июня, стр. 2.— *13—14*.

— 1919, № 122, 7 июня, стр. 1.— *10—14*.

— 1919, № 123, 8 июня, стр. 3.— *13—14*.

— 1919, № 144, 4 июля, стр. 1.— *42*.

— 1919, № 153, 15 июля, стр. 2.— *92*.

— 1919, № 170, 3 августа, стр. 2.— *478—479*.

— 1919, № 210, 21 сентября, стр. 2.— *214.*

— 1919, № 221, 4 октября, стр. 1.— *488.*

— 1919, № 254, 13 ноября, стр. 1.— *441.*

— 1919, № 260, 20 ноября, стр. 1.— *390.*

— 1919, № 274, 6 декабря, стр. 2.— *457—458, 469.*

— 1919, № 275, 7 декабря, стр. 1—2.— *447—459, 502—503.*

— 1919, № 275, 7 декабря, стр. 2; № 276, 9 декабря, стр. 3; № 277, 10 декабря, стр. 3.— *447, 499—501.*

— 1919, № 277, 10 декабря, стр. 1—2.— *460, 463—464, 465—466.*

Предложение мирных переговоров [правительствам прибалтийских государств и Финляндии].— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 203 (755), 13 сентября, стр. 1. Под общ. загл.: От Народного комиссариата иностранных дел.— *265.*

Предложение перемирия союзникам.— «Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Казачьих и Красноармейских Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 244 (508), 9 ноября, стр. 3. Под общ. загл.: VI Чрезвычайный Всероссийский съезд Советов.— *394—395, 445—446.*

Предполагавшееся мирное предложение Антанты всем фактическим правительствам России.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 110 (662), 23 мая, стр. 1.— *125, 228, 394—395, 434—435, 445—446.*

Председателю Совета министров Эстонской республики г. Штрандману.— «Петроградская Правда», 1919, № 198, 4 сентября, стр. 1.— *197.*

Прения по докладам Всероссийской конференции Комм. партии.— «Известия ЦК РКП(б)», М., 1919, № 9, 20 декабря, стр. 2.— *392, 393.*

Прения по докладу т. Ленина.— «Правда», М., 1919, № 275, 7 декабря, стр. 1. Под общ. загл.: 7-ой Всероссийский съезд Советов.— *447—459, 502—503.*

«Приложение к Листку Дела Народа № 2», б. м., [1919], стр. 2.— *379, 448—449, 478, 481—482.*

Примерный наказ. Составленный на основании 242 наказов, доставленных с мест депутатами на I-й Всероссийский съезд Советов крестьянских депутатов в Петрограде в 1917 году.— «Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов», Пг., 1917, № 88, 19 августа, стр. 3—4.— *454—455.*

Провоз багажа рабочими. [Телеграмма народного комиссара по продовольствию всем губпродкомам и начальникам заградительных отрядов].— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 165 (717), 29 июля, стр. 2, в отд.: Продовольственное дело.— *135.*

Программа английских большевиков.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 190 (742), 28 августа, стр. 2, в отд.: За границей. Под общ. загл.: В Англии.— *181.*

* *Программа Российской Коммунистической партии (большевиков).* Принята 8-м съездом партии 18—23 марта 1919 г. М.— Пг., «Коммунист», 1919. 24 стр. (РКП(б)).— *23, 62—63, 85, 91, 256—257, 288, 291, 297, 355, 384.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП).— *201—202.*

«Рабочий», Пг., 1917, № 2, 8 сентября (26 августа), стр. 1—2.— *201—202.*

Радиотелеграмма народного комиссара по иностранным делам. Правительствам Великобритании, Франции, Италии, Японии и Северо-Американских Соединенных Штатов. [4 февраля 1919 г.].— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 26 (578), 5 февраля, стр. 1. Под общ. загл.: Россия и союзники.— *394—395, 445—446.*

Растопчин, Н. П. Беспартийные крестьянские конференции.— «Правда», М., 1919, № 260, 20 ноября, стр. 1.— *390.*

Резолюции Всероссийской конференции Российской социал-демократической рабочей партии, состоявшейся 24—29 апреля 1917 года.— «Солдатская Правда», Пг., 1917, № 13, 16(3) мая. Приложение к газ. «Солдатская Правда», стр. 1—4.— *101—102.*

Резолюции, принятые на IX совете партии с.-р. 18—20 июня 1919 г.— «Приложение к Листку Дела Народа № 2», б. м., [1919], стр. 1—2.— *379, 448—449, 478, 481—482.*

Резолюция Болонского съезда Итальянской социалистической партии.— «Коммунистический Интернационал», Пг., 1919, № 6, октябрь, стлб. 915—916.— *231—232.*

Резолюция об отношении к «социалистическим» течениям и к Бернской конференции. Принята по докладам Г. Зиновьева и Ф. Платтена.— «Коммунистический Интернационал», Пг., 1919, № 1, 1 мая, стлб. 105—110. Под общ. загл.: Постановления Первого съезда Коммунистического Интернационала.— *97.*

Резолюция 7-го Всероссийского съезда Советов рабоч., крестьян., красноарм. и казач. депутатов, принятая единогласно на заседании 5 декабря.— «Правда», М., 1919, № 274, 6 декабря, стр. 2. Под общ. загл.: 7-ой Всероссийский съезд Советов.— *469, 500, 501, 502.*

Резолюция [ЦИК Украинской ССР об объединении военных сил советских республик. 18 мая 1919 г.].— «Коммунист», Киев, 1919, № 62 (90), 20 мая, стр. 2.— *361.*

«Речь» («Наш Век»), Пг.— *375.*

Русско-американские отношения.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 8 (560), 14 января, стр. 3.— *394—395, 445—446.*

Сборник секретных документов из архива бывшего министерства иностранных дел. №№ 1—7. Изд. Нар. ком. по иностр. делам. Пг., тип. Ком. по иностр. делам, декабрь 1917 — февраль 1918. 7 кн.— *193.*

«Северная Коммуна», Пг., 1918, № 98, 6 сентября, стр. 1.— *135.*

— 1919, № 58 (251), 14 марта, стр. 1.—*14.*

7-ой Всероссийский съезд Советов.— «Правда», М., 1919, № 274, 6 декабря, стр. 2.— *457—458.*

Середа, С. П. Союз земледельческих коммун и артелей. (К Всероссийскому съезду с.-х. коммун и артелей).— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 271 (823), 3 декабря, стр. 1.— *406.*

«Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1919, № 21, 6 июня, стр. 280— *361.*

«Солдатская Правда», Пг., 1917, № 13, 16(3) мая. Приложение к газ. «Солдатская Правда», стр. 1—4.— *101—102.*

«Социал-Демократ», Женева, 1914, № 33, 1 ноября, стр. 1.— *112, 157, 206.*

Струве, П. Б. Критические заметки к вопросу об экономическом развитии России. Вып. I. Спб., 1894. X, 293 стр.— *292.*

Устав Российской Коммунистической партии (большевиков). (Принят на [VIII] Всероссийской партийной конференции).— «Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 12, 14 января, стр. 1.— *369.*

Энгельс, Ф. Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом. Сентябрь 1876 — июнь 1878 г.— *288, 306.*

— *Крестьянский вопрос во Франции и Германии.* 15—22 ноября 1894 г.— *287.*

— *Письмо А. Бебелю.* 18—28 марта 1875 г.— *254, 287, 288, 480, 494.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 21 сентября 1872 г.— *106, 209, 291, 475, 490, 493—494.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 5 октября 1872 г.— *106, 209, 291, 475, 490, 493—494.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 4 августа 1874 г.— *106, 209, 291, 475, 490, 493—494.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 7 декабря 1889 г.— *106, 107, 209, 291, 475, 490, 493—494.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 18 января 1893 г.— *106.*

— *Письмо К. Каутскому.* 12 сентября 1882 г.— *106, 209, 291, 475, 490, 493—494.*

— *Письмо К. Марксу.* 24 сентября 1852 г.— *105, 209, 291, 475, 490, 493—494.*

— *Письмо К. Марксу.* 7 октября 1858 г.— *105, 209, 291, 475, 490, 493—494.*

— *Письмо К. Марксу.* 11 августа 1881 г.— *105, 209, 291, 475, 490, 493—494.*

— *Предисловие к английскому изданию «Положения рабочего класса в Англии» 1892 года.* 11 января 1892 г.— *105, 209, 291, 475, 490, 493—494.*

— *Предисловие ко второму немецкому изданию «Положения рабочего класса в Англии» 1892 года.* 21 июля 1892 г.— *105, 209, 291, 475, 490, 493—494.*

— *Происхождение семьи, частной собственности и государства.* Конец марта — 26 мая 1884 г.— *73, 88, 289.*

«Южное Дело», Киев — Харьков.— *152.*

Юшкевич, П. С. Революция и гражданская война.— «Объединение», Одесса, 1919, № 1—2, стр. 162—183.— *154—155.*

Adler, F. Die Aufgaben der Arbeiterräte und die politische Lage.— «Arbeiter-Zeitung». Morgenblatt, Wien, 1919, Nr. 180, 2. Juli, S. 3—4.— *291.*

«Arbeiter-Zeitung». Morgenblatt, Wien, 1919, Nr. 180, 2. Juli, S. 3—4.— *291.*

Aulard, A. Une lettre de l'historien de la révolution.—«L'Humanité», Paris, 1919, N 5669, 26 octobre, p. 1.— *430—431, 435, 501.*

Bericht über den Gründungsparteitag der Kommunistischen Partei Deutschlands (Spartakusbund) vom 30. Dezember 1918 bis 1. Januar 1919. Hrsg. von der Kommunistischen Partei Deutschlands (Spartakusbund). Berlin, [1919]. 56 S.— *177, 241.*

Bernstein, E. Die Voraussetzungen des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899, X, 188 S.— *292.*

Chase, S. Mannerheim and Kolchak.—«The New Republic», New York, 1919, No. 242, June 25, p. 251—252.— *203—206.*

«The Chicago Daily News».— *228.*

Elezioni politiche e tattica elettorale. [Резолюция, принятая на XVI съезде Итальянской социалистической партии 8 октября 1919 г.].— In.: Resoconto stenografico del XVI Congresso Nationale del Partito Socialista Italiano. (Bologna 5—6—7—8 ottobre 1919). Roma, 1920, p. 307. (Direzione del Partito Socialista Italiano).— *280.*

Feuerbach, L. Vorlesungen über das Wesen der Religion. Nebst Zusätzen und Anmerkungen. Leipzig, Wigand, 1851. VIII, 463 S.— *153.*

«La Feuille», Genève.— *211.*

Finland and the Bolshevists.—«The Times», London, 1919, No. 42, 239, October 24, p. 4.— *375—424.*

Fjorton staters arméer och resurser mot Sovjet-Ryssland. Härnadstaget skall börja i dagarne.—«Folkets Dagblad Politiken», Stockholm, 1919, N:r. 195, 25 august, s. 1. Поб общ. загл.: Imperialismens drapslag mot den ryska revolutionen.— *197—198, 353, 375, 424—425, 500.*

«Folkets Dagblad Politiken», Stockholm.— *424—425.*

— 1919, N:r. 195, 25 august, s. 1.— *197—198, 353, 375, 424—425, 500.*

«Die Freiheit», Berlin.— *233.*

— Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 114, 9. März. Beilage zur «Freiheit», S. 1—3.— *111.*

Hobson, J. A. Imperialism. A Study. London, Nisbet, 1902. VII, 400, (4) p.— *494.*

«L'Humanité», Paris.— *97, 372—373, 429—430, 435.*

— 1919, N 5475, 14 avril, p. 1.— *97—118, 475—476.*

— 1919, N 5669, 26 octobre, p. 1.— *429—431, 434, 435, 501.*

Hyndman, H. The Record of an Adventurous Life. London, Macmillan, 1911. X, 460 p.— *107.*

«L'Internationale», Paris.— *197, 211, 232.*

Internationale Sozialistenkonferenz in Luzern.—«Vorwärts», Berlin, 1919, Nr. 404, 9. August, S. 3; Nr. 405, 10. August, S. 3.— *211.*

Internationaler Sozialistenkongreß zu Stuttgart. 18. bis 24. August 1907. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907. 132 S.— *115.*

Jacoby, J. Das Ziel der Arbeiterbewegung. Rede des Abgeordneten J. Jacoby vor seinen Berliner Wählern am 20. Januar 1870. Berlin, Cohn, 1870. 24 S.— *19.*

* *Kautsky, K. Die Agrarfrage.* Eine Übersicht über die Tendenzen der modernen Landwirtschaft und die Agrarpolitik der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. VIII, 451 S.— *287.*

*— *Die Diktatur des Proletariats.* Wien, Brand, 1918. 63 S.— *101, 116—117, 203, 213, 286, 288, 292, 300, 496.*

— *Die soziale Revolution.* I. Sozialreform und soziale Revolution. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1902. 56 S.— *157, 286.*

— *Die soziale Revolution.* II. Am Tage nach der sozialen Revolution. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1902. 48 S.— *157, 286.*

— *Terrorismus und Kommunismus.* Ein Beitrag zur Naturgeschichte der Revolution. Berlin, Berger, 1919. 154 S.— *200—213.*

Laufenberg, H. Zwischen der ersten und zweiten Revolution. Hamburg, Willaschek, 1919. 48 S.— *233.*

MacDonald, J. R. La troisième Internationale.—«L'Humanité», Paris, 1919, N 5475, 14 avril, p. 1.— *97—118, 475—476.*

Manifest der Internationale zur gegenwärtigen Lage, [angenommen auf dem Außerordentlichen Internationalen Sozialistenkongreß zu Basel].— In.: Außerordentlicher Internationaler Sozialistenkongreß zu Basel am 24. und 25. November 1912. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1912, S. 23—27.— *103, 157, 233, 475, 476, 481.*

«The New Republic», New York.— *203—204.*

— 1919, No. 242, June 25, p. 251—252.— *203—206.*

Der Revolutions-Parteitag.—«Die Freiheit». Morgen-Ausgabe, Berlin, 1919, Nr. 114, 9. März. Beilage zur «Freiheit», S. 1—3.— *111—112.*

«Die Rote Fahne», Berlin — Praha — Brüssel.— *232, 276, 278.*

Schiff, W. Die Radikalisierung der englischen Arbeiter.—«Vorwärts», Berlin, 1919, Nr. 477, 18. September, S. 1.— *291.*

Stampfer, F. Kautsky gegen Spartakus.—«Vorwärts», Berlin, 1919, Nr. 457, 7. September, S. 1—2.— *200—201, 203, 207, 210, 213.*

Texte intégral des propositions acceptées par Lénine.—«L'Humanité», Paris, 1919, N 5669, 26 octobre, p. 1. Под общ. загл.: La Russie veut la paix.— *434.*

«The Times», London.— *181—182, 375, 424.*

— 1919, No. 42,239, October 24, p. 4.— *375, 424.*

«Le Titre Censuré!!!», Paris.— *197, 211, 232.*

To Mr. Poole, American Consul General. 5-th August, 1918.— In.: Correspondance diplomatique se rapportant aux relations entre la République Russe et les Puissances de L'Entente. 1918.

Publié par le Commissariat du peuple pour les affaires étrangères. Moscou, 1919, p. 29—30.— *394—395, 445—446.*

Un grand crime se commet. Nous protestons.—«L'Humanité», Paris, 1919, N 5669, 26 octobre, p. 1. Подпись: Anatole France и др.— *430.*

Die Verfassung des Deutschen Reichs vom 11. August 1919. Textausgabe. Berlin, Hehmann, 1919. 48 S.— *196, 236—237, 292.*

«Vorwärts», Berlin.— *200, 201, 233, 240.*

— 1919, Nr. 404, 9. August, S. 3; Nr. 405, 10. August, S. 3.— *211.*

— 1919, Nr. 457, 7. September, S. 1—2.— *200—201, 203, 206—207, 209—210, 213.*

— 1919, Nr. 477, 18. September, S. 1.— *291.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

елге қашып кетті. Эмиграцияда барып тұрған реакция лагеріне қосылды.— *482.*

Аманулла-хан (1892 ж. туған) — 1919—1926 жылдарда ауған эмирі және 1926—1929 жылдарда падишахы.— *247.*

Анкетиль (Anquetil), *Жорж* — француз журналисі. 1919 жылы «Le Titre Censuré!!!» («Тыйым салынған Атау!!!») газетінің редакторы болды.— *211, 232.*

Б

Бабушкин, И. В. (1873—1906) — жұмысшы, профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1893 жылы бастады; В. И. Ленин басшылық еткен жұмысшы үйірмесіне қатысты. Лениннің «Семянников заводының жұмысшыларына» деген бірінші социал-демократиялық үгіт листогын жазуына және оны заводта таратуға белсене ат салысты. Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» ұйымдастырылған кезден бастап Бабушкин оның ең белсенді мүшесі және Лениннің ең жақын көмекшісі болды. Лениндік «Искраны» ұйымдастыруға қызу ат салысты, оның бірінші агенттерінің бірі және белсенді тілшісі болды. Талай рет қамауға алынды, айдауда болды, түрмелерде отырды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, РСДРП Иркутск және Чита комитеттерінің мүшесі. Қару-жарақ апара жатқан кезінде Бабушкин жазалау отрядының қолына түсіп, ешбір сотсыз және тергеусіз атылды. Ленин Бабушкин туралы некролог жазды — қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 20-том, 86—90-беттер.— *108.*

Базаров, В. (Руднев, В. А.)* (1874—1939) — социал-демократиялық қозғалысқа 1896 жылдан бастап қатысты. 1905—1907 жылдары бірқатар большевиктік басылымдарға жазып тұрды. Реакция дәуірінде большевизмнен қол үзіп, «құдай жасампаздықты» және эмпириокритицизмді насихаттады, марксизмге махистік ревизия жасаушылардың басты өкілдерінің бірі болды. 1917 жылы — интернационалист-меньшевик, жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газеті редакторларының бірі; Октябрь социалистік революциясына қарсы шықты; 1919 жылы меньшевиктік «Мысль» журналына белсене қатысты.

1921 жылдан бастап Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында істеді; өмірінің соңғы жылдарында көркем және философиялық әдебиетті аударумен шұғылданды.— *152.*

Балабанов, М. С. (1873 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Бірқатар меньшевиктік органдарға: «Началоға», «Дело-

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

ға» жазып тұрды, 1909 жылдан — либералдық-буржуазиялық «Киевская Мысль» газетінің қызметкері. 1917 жылы — Киев қалалық думасының мүшесі. 1918 жылы — контрреволюциялық Украин орталық радасының мүшесі. 1919 жылы Киев меньшевиктер ұйымы комитетінің мүшесі болды.— *152.*

Барбюс (Barbusse), *Анри* (1873—1935) — француздың белгілі жазушысы және қоғам қайраткері. 1923 жылдан Француз коммунистік партиясының мүшесі. Барбюстің революциялық, антимилитаристік көзқарастары оның өзі қатысқан дүние жүзілік империалистік соғыстың және Октябрь социалистік революциясының ықпалымен қалыптасты. Совет мемлекеті алғаш өмір сүре бастаған күндерден оның досы; 1918—1920 жылдардағы антисоветтік интервенцияға қарсы қозғалысқа белсене қатысты.

20—30-жылдары Франция мен бүкіл дүние жүзі мәдениетінің прогресшіл қайраткерлерінің соғыс пен фашизмге қарсы қозғалысында зор роль атқарды.— *114, 127, 476.*

Бауэр (Bauer), *Отто* (1882—1938) — Австрия социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, «австромарксизм» дейтіннің идеологы. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1918—1919 жылдары Австрия буржуазиялық республикасының сыртқы істер министрі болды. 1919, 1927 және 1934 жылдары Австрия жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін басуға белсене қатысты. Ол өзінің антикоммунистік сөздері арқылы фашизммен үндесті, пангермандық насихатты қолдап отырды.— *234.*

Бентам (Bentham), *Иеремия* (1748—1832) — ағылшын юрисі және философы, буржуазиялық либерализмнің идеологы, утилитаризм теоретигі. Оның ілімі бойынша, қоғам жеке бастың пайдасына ұмтылушылықпен ғана байланысқан индивидуумдардың жиынтығы болып саналады. Маркс Бентамды «буржуазиялық топастықтың данышпаны» деп атап, оның іліміне өлтіре баға берді (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 624-бет).— *144—145, 149.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының орталық органы — «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдары «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген атпен сериялы мақалалар жариялады, кейін бұл мақалаларды «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып басылып шықты, бұл кітабында ол революциялық

марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн жұмысшы қозғалысының негізгі міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Бұдан кейінгі жылдарда империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы шықты.— *292*.

Блан (Blanc), *Луи* (1811—1882) — француздың ұсақ буржуазияшыл социалисі, тарихшы. Капитализм тұсында таптық қайшылықтардың ымырасыздығын теріске шығарды, пролетарлық революцияның дұшпаны болды, буржуазиямен келісімге келу позициясын ұстады. 1848 жылғы революция кезеңінде уақытша үкіметке еніп және «жұмысшы мәселесін зерттеу» жөніндегі комиссияны басқара отырып, өзінің келісімпаздық тактикасымен буржуазияның жұмысшыларды революциялық күрестен алаңдатуына жәрдемдесті. 1871 жылғы февральда Ұлттық жиналысқа сайланған Блан Париж Коммунасы дұшпандарының қатарында болды.— *234, 235—236, 239*.

Бонч-Бруевич В. Д. (1873—1955) — советтің мемлекет және қоғам қайраткері; профессионал революционер. Революциялық қозғалысқа 80-жылдардың аяғынан бастап қатысты. 1896 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетті. Шетелде «Еңбекті азат ету» тобының қызметіне қатысты, «Искраға» қатысып тұрды, большевиктік газет, журналдар мен партиялық баспаларды ұйымдастыруға белсене қатысты. Патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — «Известия Петроградского Совета» редакциясының мүшесі (1917 жылғы майға дейін), кейін большевиктік «Рабочий и Солдат» газетін редакциялады. Петроградтағы Октябрь қарулы көтерілісіне белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы (1920 жылдың декабріне дейін), «Жизнь и знание» баспасының бас редакторы. 1930 жылдан Москвада өзі ұйымдастырған Әдебиет музейін басқарды, 1946 жылдан — СССР Ғылым академиясының Ленинградтағы Дін және атеизм тарихы музейінің директоры. В. И. Ленин туралы бірқатар естеліктердің авторы.— *413*.

Брантинг (Branting), *Карл Яльмар* (1860—1925) — Швеция социал-демократиялық партиясының лидері, II Интернационал басшыларының бірі. Оппортунистік позицияда болды. 1887—1917 жылдары (үзілістермен) — партияның орталық органы — «So-

Буллит (Bullitt), *Уильям Кристиан* (1891 ж. туған) — американ реакцияшыл журналисі және дипломаты, Америка Құрама Штаттары империалистерінің антисоветтік саясатын белсене жүргізушілердің бірі. 1917 жылы Америка Құрама Штаттары мемлекеттік департаментінің Орталық-Европа информациясы бюросын басқарды. 1918—1919 жылдары — Париж бейбітшілік конференциясындағы американ делегациясының атташесі. 1919 жылы Вильсон мен Ллойд Джордж арнаулы миссиямен Советтік Россияға жіберді. Бұдан кейін отставкаға шықты. 1933 жылы дипломатиялық қызметке қайта оралды. 1933—1936 жылдары — СССР-дегі тұңғыш американ елшісі. 1936—1941 жылдары — Франциядағы елші. СССР-де және Францияда болған кезінде СССР-ге дұшпандық бағыт жүргізді. 1942—1943 жылдары Америка Құрама Штаттары теңіз министрінің арнаулы көмекшісі болды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін — «қырғи-қабақ соғыс» саясатының белсенді жақтаушысы.— *125, 228—229, 394, 434, 446.*

Бунаков, И. (Фундаминский, И. И.) (1879—1942) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист, Париж социал-шовинистік «Призыв» газетіне белсене қатысты. 1918 жылы контрреволюциялық «Россияны қайта жаңғырту одағына» кірді. Францияға эмиграцияға кетіп, онда «Современные Записки» журналын шығаруға қатысты.— *152.*

Бюиссон (Buisson), *Фердинанд Эдуард* (1841—1932) — француз саяси қайраткері, радикал-социалистер партиясының көрнекті мүшесі; Сорбоннада педагогика профессоры. 1902—1914 және 1919—1924 жылдары француз парламенті депутаттар палатасының мүшесі, бірқатар заң жобаларының, көбінесе халыққа білім беру мәселелері жөніндегі жобалардың авторы болды.— *430.*

В

Вандервельде (Vandervelde), *Эмиль* (1866—1938) — Бельгия жұмысшы партиясының лидері, II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының председателі, барын тұрған оппортунистік позицияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, буржуазиялық үкіметке кірді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияға белсене жәрдемдесті. 1925—1927 жылдары — Бельгияның сыртқы істер министрі, СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерін (1925) жасауға қатысты, коммунистер мен социалистердің біртұтас антифашистік майданын құруға қарсы белсене күресті.— *101, 107—108, 114, 117, 210.*

Вильсон (Wilson), *Вудро* (1856—1924) — американ мемлекет қайраткері. 1913 жылы Демократиялық партиядан Америка Құрама Штаттарының президенті болып сайланды және бұл орында 1921 жылға дейін болып келді. Ел ішіндегі жұмысшы қозғалысын аяусыз басып-жаныштау саясатын жүргізді. Вильсон үкіметінің сыртқы саясаты тонаушылық, экспансионистік сипатта болды, әсіресе Латын Америкасы елдері жөнінде осылай еді, ол осы елдердің істеріне талай рет қарудың күшімен қол сұғып келді. Американ миллиардерлерінің мүдделерін қорғай отырып, Вильсон Америка Құрама Штаттарын Антантаның жағында дүние жүзілік империалистік соғысқа киліктіруге себепші болды.

Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Вильсон Россияны бөлшектеуді көздеді, Советтік Россияға қарсы Америка Құрама Штаттарының соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1918 жылы Америка Құрама Штаттарының дүние жүзілік үстемдігін орнатуға бағытталған империалистік «бітім программасын» («он төрт пунктті») ұсынды. Париж бейбітшілік конференциясында (1919—1920) американ делегациясын басқарды. 1920 жылғы президент сайлауында жеңіліске ұшырап, саяси қызметтен шеттеп кетті.— *138, 140, 394, 431, 445, 455.*

Вишняк, М. В. (1883 ж. туған) — оңшыл эсер, юрист және журналист. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — шаруа депутаттары Советі Атқару комитетінің мүшесі, Москва қалалық думасының мүшесі, Москва мемлекеттік кеңесінің мүшесі, «Россия республикасы Уақытша совтінің» (Предпарламенттің) секретары. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1918 жылы контрреволюциялық «Россияны қайта жаңғырту одағына» кірді және эсерлердің «Возрождение» журналын редакциялады. 1918 жылғы жазда Украинаға кетті. 1919 жылы Францияға эмиграцияға кетіп, онда эсерлердің «Современные Записки» журналын құрушылардың және оның редакторларының бірі болды. 1940 жылдан Америка Құрама Штаттарында.— *152.*

Владимирский, М. Ф. (1874—1951) — советтің мемлекет және партия қайраткері. 1895 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Москвада, Арзамаста, Нижний Новгородта және шетелде партиялық жұмыс жүргізді. Патша үкіметінің қуғындауына ұшырады. 1905 жылы Москвада Декабрь қарулы көтерілісіне белсене қатысты. 1908 жылы Францияға эмиграцияға кетті, онда большевиктік ұйымдарда жұмыс істеді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва комитеті бюросының мүшесі. Москвадағы Октябрь қарулы көтерілісі басшыларының бірі. Октябрь со-

циалистік революциясынан кейін — Москвада қалалық комиссар, аудандық думалар Советінің председателі, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, РСФСР ішкі істер халық комиссарының орынбасары, Украин ССР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, Украина КП(б) Орталық Комитетінің секретары, СССР Жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары. 1930—1934 жылдары — РСФСР денсаулық сақтау халық комиссары. РКП(б) VII съезінде партияның Орталық Комитетінің мүшесі, XIV съезде — ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланды. 1927 жылдан 1951 жылға дейін — ВКП(б) Орталық тексеру комиссиясының председателі.— *451—452, 484.*

Вольский, В. К. (1877 ж. туған) — эсер, Құрылтай жиналысының мүшесі, Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің контрреволюциялық комитетінің (Комучтің) председателі, бұл комитет 1918 жылы жазда шетел интервенттерінің көмегімен Поволжье мен Приуральеде өкімет орнатты. Колчак төңкеріс жасап, Құрылтай жиналысының көптеген мүшелері қамауға алынғаннан кейін және Қызыл Армияның шабуылы Комучті территориядан түгелдей дерлік айырғаннан кейін Вольский эсерлердің шағын тобымен бірге Совет өкіметіне қарсы күресуді тоқтатты, эсерлер партиясы азшылығының Орталық ұйымдастыру бюросына кірді, бұл бюро «Народ» журналын шығарып тұрды.— *66, 448—449, 502.*

Г

Гаазе (Haase), *Гуго* (1863—1919) — герман социал-демократиясы лидерлерінің бірі, оппортунист. 1911 жылы Герман социал-демократиялық партиясы басқармасының председателі болып сайланды. 1897—1907 және 1912—1918 жылдары рейхстаг депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік позицияда болды. 1917 жылы апрельде — Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясын құрушылардың бірі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Гаазе революциялық қозғалысты басып-жаншу саясатын жүргізген Халық уәкілдерінің советі дейтіннің құрамына кірді.— *177, 234, 240.*

Гайндман (Hyndman), *Генри Майерс* (1842—1921) — ағылшын социалисі, реформист. 1881 жылы Демократиялық федерацияны құрды, ол 1884 жылы Социал-демократиялық федерация болып қайта құрылды. 1900—1910 жылдары — Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Британ социалистік партиясы лидерлерінің бірі болды, алайда Солфордта болған партия конференциясы оның империалистік соғыс жөніндегі социал-шовинистік позициясын айыптағаннан кейін, ол 1916 жылы Британ социалистік партиясынан шығып кетті. Октябрь социалистік

революциясына дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы интервенцияны жақтады.— *107.*

Галифе (Galliffet), *Гастон Александр Огюст* (1830—1909) — француз генералы, Францияның бірқатар соғыстарына қатысқан, 1871 жылғы Париж Коммунасын жаныштаған жендет. Версальдықтар армиясының атты әскер бригадасының командирі болған ол коммунарларды жазалауда қаталдығымен ерекше көзге түсті. 1872 жылы Алжирде арабтардың көтерілісін басты. Кейінгі жылдары бірқатар көрнекті әскери қызметтер атқарды, 1899 жылдың июнінен 1900 жылдың майына дейін Вальдек-Руссоның кабинетінде әскери министр болды.— *208.*

Гильфердинг (Hilferding), *Рудольф* (1877—1941) — герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың оппортунистік лидерлерінің бірі; «австромарксизм» дейтіннің теоретигі. 1907 жылдан 1915 жылға дейін — Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы — «Vorwärts» («Алға») газетінің редакторы. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, социал-империалистермен бірлікті жақтады. Соғыстан кейін «ұйымдасқан капитализм» теориясының авторы ретінде көрінді, мемлекеттік-монополистік капитализмнің апологеті. 1917 жылдан — Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының лидері, Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасының ашық жауы. Веймар республикасы буржуазиялық үкіметінің құрамына бірнеше рет кірді. Өкімет басына фашизм келгеннен кейін Францияға эмиграцияға кетті.— *210, 235.*

Гинденбург (Hindenburg), *Пауль* (1847—1934) — герман әскери және мемлекет қайраткері, генерал-фельдмаршал, герман империализмінің реакциялық және шовинистік элементтерінің өкілі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — Шығыс майдандағы герман армиясының қолбасшысы, одан соң — бас штабтың бастығы. Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясын басып-жаншуға қатысты. 1925—1934 жылдары — Веймар республикасының президенті. 1933 жылы Гитлерге үкімет құруды тапсырды, сөйтіп ресми түрде бүкіл өкімет билігін түгелдей фашистердің қолына берді.— *19.*

Гобсон (Hobson), *Джон Аткинсон* (1858—1940) — ағылшын экономисі, буржуазиялық реформизмнің және пацифизмнің нағыз өкілі, бірқатар кітаптардың авторы, олардың ішінен ең белгілілері: «Жарлылық проблемалары» (1891), «Қазіргі капитализмнің дамуы» (1894), «Империализм» (1902). Өмірінің аяқ кезінде Гобсон империализмді ашықтан-ашық қорғаштауға көшті, «әлемдік мемлекет теориясын» уағыздады.— *494.*

Голосов — қараңыз: Николаевский, Б. И.

Голубев, И. М. (1875—1938)— 1900 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Петербургте, Тверьде, Бакуде, Москвада революциялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық демократиялық революциясынан кейін бірінші сайланған Москва советінің және Атқару комитетінің құрамына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москваның Басманный ауданы Әскери-революциялық комитетінің комиссары. 1918 жылғы августан — Азық-түлік халық комиссариатының Орел губерниясындағы астық дайындау жөніндегі уәкілі; бұдан соң Егіншілік халық комиссариатында, Главэлектрода, РСФСР Жоғарғы сотында жұмыс істеді.— *484.*

Гольдман, М. И.— қараңыз: Либер, М. И.

Гольц (Goltz), *Рюдигер* (1865—1930) — герман генералы. 1918 жылғы апрельде неміс әскерлерінің экспедициялық тобын бастап, ақ финн отрядтарымен бірге Финляндияда жұмысшы революциясын басып-жаныштады. 1919 жылғы январьда Прибалтикада герман оккупациялық әскерлерінің бас қолбасшысы болды. Америка Құрама Штаттары және Англия империалистерінің көмегімен герман әскер бөлімдері мен ақ гвардияшылардан антисоветтік армия құрды. Бұдан кейінгі жерде — Германияда фашистік бандаларды ұйымдастырушылардың бірі.— *240.*

Гомперс (Gompers), *Самюэл* (1850—1924) — американ кәсіподақ қозғалысының қайраткері. Американ еңбек федерациясының (АФТ) негізін салушылардың бірі; 1895 жылдан бастап үзбестен осы федерацияның председателі болды. Капиталистермен таптық ынтымақ саясатын жүргізді, жұмысшы табының революциялық күресіне қарсы шықты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне дұшпандық ниетте болды.— *209—210.*

Григорьев, Н. А. (1878—1919) — патша армиясының офицері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Орталық раданы жақтады, одан соң гетман Скоропадскийді қолдады, ал 1918 жылдың аяғында Петлюраның жағына шықты. 1919 жылдың бас кезінде Қызыл Армияның Украинадағы табыстарына байланысты Совет өкіметі жағына өтетінін мәлімдеп, айла-шарғы жасап бақты. 1919 жылғы майда Украинаның оңтүстігінде совет әскер бөлімдерінің тылында контрреволюциялық бүлік ұйымдастырды. 1919 жылғы майдың аяғында бүлік талқандалғаннан кейін Махноның штабына қашып кетті, бірақ көп ұзамай сол жерде өлтірілді.— *37.*

Гроссман, Г. А. (1863 ж. туған) — журналист, меньшевик, «Русское Богатство», «Образование», «Жизнь» журналдарына жазып тұрды, Эд. Давидтің «Социализм және ауыл шаруашы-

лығы» деген кітабын орыс тіліне аударды. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, 1919 жылы Одессада антисоветтік меньшевиктік «Грядущий День» журналын шығаруға қатысты, одан кейін шетелге эмиграцияға кетті.— *152.*

Гюисманс (Huysmans), *Камиль* (1871—1968) — Бельгия жұмысшы қозғалысының ең байырғы қайраткерлерінің бірі; филология профессоры, журналист. 1904—1919 жылдары — II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының секретары; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позицияда болды, іс жүзінде Халықаралық социалистік бюроны басқарды. Талай рет Бельгия үкіметіне кірді, 1946—1947 жылдары — премьер-министр. 1910 жылдан — парламент депутаты; 1936—1939, 1954—1959 жылдары — депутаттар палатасының председателі. Соңғы жылдары социалистік партиялардың КПСС-пен байланыс орнатуын, халықаралық жұмысшы қозғалысының бірлігін қалпына келтіруді жақтады.— *210.*

Д

Деймиг (Däumig), *Эрнст* (1866—1922) — герман социал-демократы; журналист. Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың бірі, ал 1919 жылдың августынан оның председателі. 1920 жылы декабрьде «тәуелсіздердің» сол қанатымен бірге Германия Коммунистік партиясына кірді, бірақ 1922 жылы социал-демократиялық партияға қайтып оралды.— *177.*

Деникин, А. И. (1872—1947) — патша генералы; азамат соғысы кезінде — ақ гвардиялық қозғалыс басшыларының бірі. Генерал Корнилов өлгеннен кейін — Россияның Оңтүстігіндегі антисоветтік қарулы күштердің бас қолбасшысы. Совет әскерлері оның армиясын талқандағаннан кейін шетелге эмиграцияға кетті.— ***36—37, 38, 40, 47, 48—69, 95, 120, 124, 125, 131—132, 136, 137, 149—150, 155, 161, 167, 168, 169, 170—172, 173, 183, 185, 195—196, 206, 216, 219, 225—226, 227, 244, 248, 252, 254—255, 265, 266, 267, 272—273, 313, 317, 322, 326, 332, 337—338, 342, 346, 349, 354, 364, 376—377, 380, 381—382, 386—387, 389, 391, 425, 432, 435, 440, 450—451, 452, 464, 470, 485, 500.***

Джугашвили, И. В.— қараңыз: Сталин, И. В.

Дрейфус (Dreyfus), *Альфред* (1859—1935) — француз бас штабының офицері, еврей, мемлекетке опасыздық жасады деген жалған айыппен 1894 жылы жазықсыз сотталып, өмір-бақи каторгаға кесілді. Жұмысшы табы мен прогрестік пиғылдағы интеллигенцияның Дрейфусты қорғауы арқасында, ол 1899 жылы кешірім алды, ал 1906 жылы біржола ақталды.— *431.*

Дробнис, Я. Н. (1891—1937) — большевиктік партияда 1906 жылдан бастап болған. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Украина КП(б) Орталық Комитетінің мүшесі. 1922 жылы — РСФСР Кіші Халық Комиссарлары Советінің мүшесі, 1923 жылы — оның председателі. 1924—1927 жылдары — РСФСР Кіші Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары. 1920—1921 жылдары — «демократиялық централизм» антипартиялық тобының белсенді қайраткері. 1926 жылдан — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блоктың қатысушысы. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1930 жылы қайта алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан кейін ВКП(б) қатарынан қайтадан шығарылды.— *398—399.*

Дьяченко, А. П. (1875—1952) — 1917 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1919 жылы — Москва-Қазан темір жолында фельдшер. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Алтай өлкесінде денсаулық сақтау саласында жұмыс істеді.— *10—13.*

З

Зиновьев (Радомысльский), Г. Е. (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияда болды. 1908 жылдан 1917 жылғы апрельге дейін эмиграцияда болды, «Пролетарий» газетінің және партияның Орталық Органы — «Социал-Демократтың» редакцияларына кірді. РСДРП V съезінен бастап — партияның Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде қарулы көтеріліске қарсы шықты. Каменевтің өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялауы партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроград Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару Комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракциялық қызметі үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзінің қателіктерін мойындағандығы туралы мәлімдеме жасады, сөйтіп партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *197, 214, 265—266, 444.*

Зорге (Sorge), *Фридрих Адольф* (1828—1906) — неміс социалисі, халықаралық жұмысшы және социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, К. Маркс пен Ф. Энгельстің досы және серігі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты. Революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға, одан соң Америкаға эмиграцияға кетті. Америкада I Интернационалдың секцияларын ұйымдастырушы, I Интернационалдың Бас Советінің секретары (1872—1874). Америка Құрама Штаттары Социалистік жұмысшы партиясының және Интернационалдық жұмысшы одағының негізін қалауға белсене қатысты. Зорге өзінің К. Маркспен, Ф. Энгельспен және басқа адамдармен жазысқан хаттарын баспаға әзірледі. Ленин Зоргенің қызметін жоғары бағалады, оны I Интернационалдың ардагері деп атады.— *106.*

Зубатов, С. В. (1864—1917) — жандарм полковнигі, «полициялық социализмнің» («зубатовшылдықтың») дем берушісі және ұйымдастырушысы. 90-жылдары Москваның охранка бөлімшесінің бастығы болып тағайындалды, онда саяси тыңшылық жүйесін кеңінен ұйымдастырды, революциялық ұйымдарға қарсы күресу үшін «жедел тыңшы отряд» дейтінді құрды; 1902 жылы полиция департаментінің ерекше бөлімінің бастығы болды. Жұмысшыларды революциялық күрестен бұрып әкету мақсатымен 1901—1903 жылдары полициялық жұмысшы одақтар — Москвада «Механикалық өндірістегі жұмысшылардың өзара жәрдемдесу қоғамын», «Санкт-Петербург қаласының орыс фабрика-завод жұмысшыларының жиналысын» және басқаларды ұйымдастырды. Өзінің арандатушылық саясаты күйрегеннен кейін қызметтен босатылды да, саяси қызметтен шеттеп кетті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясының алғашқы күндерінде ол өзін өзі өлтірді.— *108.*

И

Иванович, Ст.— қараңыз: Португейс, С. И.

К

Кавеньяк (Cavaignac), *Луи Эжен* (1802—1857) — француз генералы, реакцияшыл саяси қайраткер. Алжирді жаулап алуға қатысты (1831—1848), соғыс жүргізудің варварлық әдістерімен көзге түсті. 1848 жылғы Февраль революциясынан кейін — Алжирдің губернаторы; Францияның Құрылтай жиналысына сайланғаннан кейін 1848 жылдың май айынан бастап — әскери министр; 1848 жылдың июнь айынан әскери диктатураны басқарды, Париж жұмысшыларының июль көтерілісін ерекше қаталдықпен жаныштап басты. 1848 жылдың июнь айынан декабрьге дейін — атқарушы өкіметтің бастығы. К. Маркстің айт-

қанындай, Кавеньяк «қылыштың күшімен жүргізілген буржуазия диктатурасының» айқын бейнесі болды (Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 39-бет).— *208*.

Каледин, А. М. (1861—1918) — патша армиясының генералы, Дон казактарының атаманы. 1917 жылы августа Москва мемлекеттік кеңесінде революцияны басып-жаншудың кең программасын баяндап сөз сөйледі; Корнилов бүлігіне белсене қатысушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Дондағы казак контрреволюциясы басшыларының бірі, ақ гвардиялық «ерікті армияны» құруға қатысты, казактардың бүлігін басқарды. 1918 жылы январьда майдандағы жеңілістерге байланысты өзін өзі атып өлтірді.— *191*.

Калинин, М. И. (1875—1946) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1898 жылдан партия мүшесі. Алғашқы астыртын маркстік жұмысшы үйірмелерінде және В. И. Ленин құрған Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» жұмыс істеді. Бірінші орыс революциясына белсенді қатысушы. Петербургте, Тифлисте, Ревельде, Москвада және Россияның басқа да қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1912 жылы партияның VI (Прага) конференциясында РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды, одан соң РСДРП Орталық Комитеті Орыс бюросының құрамына енгізілді. «Правда» газетін ұйымдастырушылардың бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде Петроград жұмысшылары мен солдаттарының айбынды бой көрсетулері басшыларының бірі, Петербург партия комитеті Атқару комиссиясының мүшесі болды. Петроградтағы 1917 жылғы Октябрь қарулы көтерілісіне белсенді қатысушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроградтың қала басы, одан соң қала шаруашылығы комиссары. 1919 жылғы марттан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Председателі, 1922 жылғы декабрьден — СССР Орталық Атқару Комитетінің Председателі, 1938 жылдан — СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі. 1919 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі.— *340, 463—464*.

Каменев (Розенфельд), Л. Б. (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияның қатарында болды. «Пролетарий» және «Правда» газеттерінің редакцияларына кірді. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметке және соғысқа көзқарас жөнінде жартылай меньшевиктік позиция ұстады, партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты. 1917 жылы ок-

тябрьде өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады; бұл партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *412*.

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Markспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқушылық көрсеткен еді. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, 1910—1911 жылдары, оппортунизм позициясына көшті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Каутский центризм позициясында болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Реакциялық әсіре империализм теориясының авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революцияға және жұмысшы табының диктатурасына, большевиктер партиясына және Совет мемлекетіне ашықтан-ашық қарсы шықты.— *17, 24, 101, 102, 113, 114, 116, 117, 118, 155, 156—158, 177, 200—213, 231, 232, 233, 234, 236—237, 238, 240, 286, 287, 288, 292, 296, 300, 301, 303, 494, 496.*

Квелч (Quelch), *Гарри* (1858—1913) — ағылшын және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. Квелч ағылшын Социал-демократиялық федерациясының революцияшыл элементтерін басқарды, марксизм идеясын насихаттады, 1886 жылдан бастап ағылшын социал-демократтарының орталық органы «Justice» («Әділет») газетін және әрайлық «Социал-Демократты» редакциялады. II Интернационалдың бірқатар халықаралық конгрестерінің делегаты және Халықаралық социалистік бюроның мүшесі болды. Ағылшын кәсіптік одақтарының жұмысына белсене қатысты. Лондонда лениндік «Искра» шығып тұрған дәуірде (1902—1903) газетті бастыру жұмысын ұйымдастыруға белсене көмек көрсетті.

В. И. Ленин былай деп көрсетті: сектанттық сипаттағы жеке қателеріне қарамастан, «Квелч ағылшын жұмысшы қозғалысындағы оппортунизм мен либералдық жұмысшы саясатына қарсы табанды, сенімді түрде күресскендердің алдыңғы сапында болды» (Шығармалар толық жинағы, 23-том, 483—485-беттер).— *115.*

Керенский, А. Ф. (1881—1970) — эсер. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — барып тұрған социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің юстиция министрі, әскери және теңіз министрі, одан кейін министр-председателі және жоғарғы бас қолбасшы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді, 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда антисоветтік насихат жүргізді.— *41, 94, 101, 123, 129, 163, 191—194, 206, 324, 450, 451.*

Клемансо (Clemenceau), *Жорж Бенжамен* (1841—1929) — Францияның саяси және мемлекет қайраткері, көп жыл бойы радикалдар партиясының лидері. 1876 жылдан — депутаттар палатасының мүшесі. 1906—1909 жылдары француз үкіметін басқарды. Ірі капиталдың мүддесін қорғай отырып, жұмысшы табы жөнінде қатал жазалау саясатын жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — барып тұрған шовинист. 1917 жылғы ноябрьден бастап Клемансо тағы да француз үкіметін басқарды, елде әскери диктатура режимін орнатты. Советтік Россияға қарсы блокада мен қарулы интервенцияны ұйымдастырушылардың және оған дем берушілердің бірі болды. 1920 жылы президент сайлауында жеңіліске ұшырады да, саяси қызметтен шеттеп кетті.— *107, 138, 140, 431, 455.*

Колчак, А. В. (1873—1920) — патша флотының адмиралы, монархист, 1918—1919 жылдарда Россия контрреволюциясының басты басшыларының бірі, Антантаның итаршысы, Октябрь социалистік революциясынан кейін Америка Құрама Штаттары, Англия және Франция империалистерінің қолдауымен өзін Россияның жоғарғы әміршісі деп жариялап, Уралда, Сибирь

мен Қиыр Шығыста әскери буржуазиялық-помещиктік диктатураны басқарды. Қызыл Армияның соққысы және революциялық-партизандық қозғалыстың өсуі колчакшылдықтың күйреуіне әкеліп соқты; Колчак тұтқынға алынып, Иркутск ревкомының қаулысы бойынша 1920 жылы 7 февральда атылды.— *37, 41, 44, 45, 47, 48, 51, 52—53, 54, 55—56, 58, 59—60, 65, 66, 67, 68, 69, 93—94, 120, 125, 136, 137, 138, 140, 141, 149, 160, 161, 165—174, 183, 185, 191, 194, 195—196, 206, 215, 219, 225—226, 227, 240, 252, 263—264, 266—267, 272, 313, 317, 324—325, 332, 338, 341, 342, 346, 347, 348—349, 352, 374, 376, 378—379, 381—382, 386, 390—391, 393, 428, 432—433, 435, 440, 450, 451, 452, 464, 485, 500, 501.*

Корнилов, Л. Г. (1870—1918) — патша армиясының генералы, монархист. 1917 жылғы июльден — орыс армиясының жоғарғы бас қолбасшысы; августа контрреволюциялық бүлікті басқарды. Бүлік басып-жаншылғаннан кейін қамауға алынып, түрмеге отырғызылды, одан Донға қашты, ақ гвардиялық «ерікті армияны» ұйымдастырушылардың бірі, ал кейін оның қолбасшысы болды. Екатеринодар түбінде болған ұрыстарда оққа ұшты.— *41, 192, 450.*

Краснов, П. Н. (1869—1947) — патша армиясының генералы, 1917 жылғы августағы Корнилов бүлігіне белсене қатысушы. 1917 жылы октябрьдің аяғында антисоветтік бүлік кезінде Керенский Петроградқа аттандырған казак отрядтарының командирі болды. 1918—1919 жылдары Дондағы ақ казак армиясын басқарды. 1919 жылы шетелге қашып барып, онда антисоветтік қызметін тоқтатпады; кейініректе гитлершілдерге қызмет етті. Тұтқынға алынып, СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының үкімі бойынша өлім жазасына кесілді.— *123—124, 155, 382.*

Ксандров, В. Н. (1877—1942) — 1904 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Отын бас комитетінің председателі, Қатынас жолдары халық комиссариаты коллегиясының мүшесі болды. 1920 жылдан — Украина Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, одан соң СССР Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының, СССР Жоспарлау комиссиясының мүшесі. 1934 жылдан бастап Батыс темір жолдары басқармасында жол қызметінің бастығы болып жұмыс істеді.— *441.*

Кун (Kun), *Бела* (1886—1939) — венгр және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Венгрия Коммунистік партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Томскіде соғыс тұтқыны болып, соғыс тұтқындары арасында

революциялық насихат жүргізді. 1916 жылы РСДРП(б) жергілікті ұйымымен байланыс жасады, большевиктер партиясына кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Томск губерниялық комитетінің мүшесі. 1918 жылы — РКП(б) шетелдік топтар федерациясының председателі. 1918 жылы күзде Венгрияға қайтып оралды. 1919 жылы февральда қамауға алынып, мартта босатылды. Венгр Совет республикасы құрылғанда Кун іс жүзінде венгр совет үкіметінің басшысы болып, онда сыртқы істер халық комиссарының және Әскери істер жөніндегі халық комиссариаты коллегия мүшесінің ресми қызметтерін атқарды. Венгрияда совет өкіметі жаныштalғаннан кейін Австрияға, сонан соң Россияға кетті. 1920 жылы — Оңтүстік майдан Революциялық-әскери советінің мүшесі, кейіннен Қырым Революциялық комитетінің председателі. 1921 жылдан Уралда басшы партиялық жұмыс атқарды, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі. РКП(б) Орталық Комитетінің РКСМ Орталық Комитетіндегі уәкілі, Коминтерн Атқару Комитеті Президиумының мүшесі.— *160.*

Л

Лауфенберг (Laufenberg), *Генрих* (1872—1932) — немістің солшыл социал-демократы, публицист. Социал-демократиялық «Düsseldorfer Volkszeitung» («Дюссельдорф Халық Газеті») редакторы болды (1904—1907). Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позиция ұстады. 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясына кірді, онда көп ұзамай «ұлттық большевизм» дейтіннің анархо-синдикалистік көзқарастары мен ұсақ буржуазиялық-ұлтшылдық программасын уағыздаған солшыл оппозицияны басқарды. 1919 жылдың аяғында Германия Коммунистік партиясында жіктеліс туғызғандардың, 1920 жылы апрельде Германия Коммунистік жұмысшы партиясы дейтінді құрғандардың бірі болды. 1920 жылдың аяғында Германия Коммунистік жұмысшы партиясынан шығарылды.— *233.*

Лаццари (Lazzari), *Константино* (1857—1927) — Италия жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Итальян социалистік партиясының негізін салушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1912—1919 жылдары — Итальян социалистік партиясының бас секретары. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — партиядағы максималистік (центристік) ағым басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияны қолдады, Коминтерннің II және III конгрестерінің жұмысына қатысты. 1922 жылы ұйымдық жағынан реформистерден қол үзді, бірақ олардан біржолата іргені аулақ сала алмады. 1926 жылы тұтқынға алынды, түрмеден босатылғаннан кейін көп ұзамай қайтыс болды.— *164.*

Лашевич, М. М. (1884—1928) — 1901 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Одессада, Николаевта, Екатеринбургте және басқа қалаларда партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің большевиктік фракциясының секретары, одан соң председателі. Октябрь қарулы көтерілісін әзірлеуге және өткізуге қатысты, Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — совет және әскери жұмыста болды: Сибирь әскери округы әскерлерінің қолбасшысы және Сибирь революциялық комитетінің председателі, әскери-теңіз халық комиссарының орынбасары, СССР Революциялық-әскери советінің мүшесі, Центрожилсоюз председателі, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі болды. Партияның VII, XII—XIV съездерінде РКП(б) Орталық Комитетінің құрамына сайланды. 1925—1926 жылдары «жаңа оппозицияның» белсенді қайраткері; ВКП(б) XV съезі троцкистік оппозицияға қатысқаны үшін партиядан шығарды, кейін қайта алынды.— *188, 189.*

Леви (Levi), *Пауль* (1883—1930) — неміс социал-демократы, кәсібі жөнінен адвокат. Циммервальд конференциясына (1915) қатысушы, Циммервальд солшылдарының швейцариялық тобының мүшесі, «Спартак одағына» кірді. Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезінде Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің құрамына сайланды. Коминтерннің II конгресінің делегаты. 1920 жылы Германия Коммунистік партиясынан рейхстагқа сайланды.

1921 жылы февральда Германия Коммунистік партиясының Орталық Комитетінен шықты, ал апрельде партиялық тәртіпті өрескел бұзып, антипартиялық кітапша шығарғаны үшін компартиядан шығарылды. Одан әрі социал-демократиялық партияға қайтып барды. В. И. Лениннің П. Левидің позициясына берген бағасын қараңыз: Шығармалар, 32-том, 551—555-беттер және 33-том, 201—206-беттер.— *276—277.*

Ледрю-Роллен (Ledru-Rollin), *Александр Огюст* (1807—1874) — француз публицисі және саяси қайраткері, ұсақ буржуазияшыл демократтар көсемдерінің бірі; кәсібі жөнінен адвокат. «La Réforme» газетінің редакторы. 1848 жылғы революция дәуірінде — Уақытша үкіметтің ішкі істер министрі, Құрылтай және Заң шығарушы жиналыстардың депутаты, онда Гора партиясын басқарды. Париж жұмысшыларының июнь көтерілісі кезінде оны басып-жаныштауға белсене қатысты. Гора депутаттары ұйымдастырған 1849 жылғы 13 июньдегі демонстрация қуып таратылғаннан кейін Англияға эмиграцияға кетіп, одан 1870 жылы қайтып оралды. Ұлттық жиналыстың мүшесі болып сайланды, бірақ 1871 жылғы Франкфурт бітім шартының ауыр талаптарына қарсы наразылық белгісі ретін-

де, депутаттық уәкілдіктен бас тартты. 1871 жылғы Париж Коммунасына дұшпандықпен қарады.— *234.*

Ленин, В. И. (*Ульянов, В. И.,* Ленин, Н., Н. Л.) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер.— *14, 36, 40, 42, 70, 101, 108, 118, 122, 123, 126, 128, 141, 143, 164, 175, 176, 181, 190, 191, 197, 200, 201—202, 203, 214, 215, 216, 217, 227, 228—229, 247, 248, 251, 252—253, 261, 268, 269—270, 271, 272, 329—330, 336, 345, 350, 369, 370, 375, 392, 400, 405—406, 417, 423—424, 429—430, 431—432, 433—434, 441, 442—443, 445—446, 447—448, 451—452, 456, 460, 463, 494.*

Либер (Гольдман), М. И. (1880—1937) — Бунд лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі; меньшевиктік позицияда болды, коалициялық үкіметті жақтады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды. Кейін шаруашылық жұмыста болды.— *482.*

Либкнехт (Liebknecht), *Карл* (1871—1919) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері; неміс социал-демократиясының сол қанаты басшыларының бірі; Вильгельм Либкнехттің ұлы. Оппортунизм мен милитаризмге қарсы белсене күресті. 1912 жылы рейхстагтың депутаты болып сайланды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында революциялық-интернационалистік позицияда болды, «Интернационал» тобын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды, бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1916 жылы антимилитаристік насихат жүргізгені үшін каторгаға кесілді. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Р. Люксембургпен бірге неміс жұмысшыларының революциялық авангардын басқарды. «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетін редакциялады. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың және Берлин жұмысшыларының 1919 жылғы январьдағы көтерілісі басшыларының бірі болды. Көтерілісті басып-жанышқаннан кейін контрреволюционерлер оны айуандықпен өлтірді. К. Либкнехттің қызметін бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «бұл есім — көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы... Бұл есім — империализмге қарсы сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің... символы» (Шығармалар толық жинағы, 37-том, 495-бет).— *115, 141, 159, 177, 179—180, 200, 203, 241, 475, 476.*

Литвинов, М. М. (1876—1951) — партия және мемлекет қайраткері, көрнекті совет дипломаты. 1898 жылдан РСДРП мү-

шөсі, большевик. «Искраның» агенті болды, 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясына қатысты. 1914 жылғы июньнен бастап — Халықаралық социалистік бюрода РСДРП Орталық Комитетінің өкілі; РСДРП-ның Лондондағы большевиктік секциясының мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін дипломатиялық жұмыста болды. 1921 жылдан — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. 1930 жылдан 1939 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссары. 1941—1943 жылдарда — Сыртқы істер халық комиссарының орынбасары және СССР-дің Америка Құрама Штаттарындағы елшісі; Америка Құрама Штаттарынан қайтып оралғаннан кейін 1946 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. Партияның XVII съезінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі және СССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды.— *394, 446.*

Ллойд Джордж (Lloyd George), *Дэвид* (1863—1945) — ағылшынның мемлекет қайраткері және дипломаты, либералдар партиясының лидері. 1890 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1908 жылдары — сауда министрі; 1908—1915 жылдары — финанс министрі. Жұмысшыларға жағыну, алдап-арбау және уәде беру арқылы Англияда жұмысшы табының революциялық партиясын құрғызбауға тырысты. Ленин былай деп жазды: «Ллойд Джордж буржуазияға ғажап қызмет көрсетіп отыр және оған нақ жұмысшылардың *арасында* қызмет көрсетіп, *нақ* пролетариаттың ішінде, бұқараны моральдық жағынан өзіне бағындыру бәрінен гөрі керек, бәрінен гөрі қиынырақ жерде буржуазияның ықпалын жүргізіп отыр» (Шығармалар толық жинағы, 30-том, 198-бет). 1916—1922 жылдары — премьер-министр, ағылшын империализмінің Таяу және Орта Шығыстағы, Балқандағы позицияларын нығайтуды көздеді, отарлар мен тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын аяусыз басып-жаныштап отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы соғыс интервенциясы мен блокаданы ұйымдастырушылардың, оған дем берушілердің бірі.— *138, 140, 431, 455.*

Лонге (Longuet), *Жан* (1876—1938) — Француз социалистік партиясының және II Интернационалдың лидерлерінің бірі, публицист. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Француз социалистік партиясының центристік-пацифистік азшылығын басқарды; француз центристерінің органы — «Le Populaire» («Халық Газеті») газетінің негізін салушылардың және редакторларының бірі болды. Француз социалистік партиясының Коминтернге қосылуына және Франция Коммунистік партиясын құруға қарсы шықты. 1921 жылдан — Вена (II½) Интернационалы Атқару комитетінің мүшесі. 1923 жылдан — «Социалистік жұмысшы Интернационалы» дейтіннің басшыларының бірі.

30-жылдары Лонге социалистер мен коммунистердің фашизмге қарсы бірлесіп қимыл жасауын жақтады, фашизмге және соғысқа қарсы күресу жөніндегі халықаралық ұйымдарға қатысты.— *203, 206, 274—275, 296.*

Лорио (Loriot), *Фердинанд* (1870—1930) — француз социалисі; дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист, Кинталь конференциясында (1916) Циммервальд солшылдарына қосылды. 1920—1927 жылдары Франция Коммунистік партиясында болды. Коминтерннің III конгресінің делегаты.

1927 жылы оңшыл оппортунист ретінде компартиядан шығарылды.— *108, 274—275.*

Львов, Г. Е. (1861—1925) — князь, ірі помещик, кадет. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде — Бүкіл россиялық земство одағының председателі, ал одан кейін империалистік буржуазия мен помещиктердің ұйымдары — земстволар мен қалалардың біріккен одағы председательдерінің бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — марттан июльге дейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің председателі және ішкі істер министрі. 1917 жылғы июль күндерінде Петроград жұмысшылары мен солдаттарын қанға бояп жазалаудың инициаторларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант; Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты.— *119—120.*

Людендорф (Ludendorff), *Эрих* (1865—1937) — герман генералы, герман империализмінің әскери идеологы. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде — штаб бастығы, 1916 жылдан бастап Гинденбургпен бірге герман армияларының барлық операцияларына іс жүзінде басшылық етті. Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты. 1919—1923 жылдары Германияда монархияны қайта орнатуға ұмтылған контрреволюциялық күштерді басқарды. Гитлерлік бүліншілікті ұйымдастырушы; Фашистік тотальдық соғыс теориясының авторы.— *240.*

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Р. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты.

Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Ол Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл

топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде неміс жұмысшыларының революциялық авангарды басшыларының бірі болды. Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етіп қатысты. 1919 жылдың январында контрреволюционерлер оны тұтқынға алып, айуандықпен өлтірді.— *115, 141, 159, 177, 200—201, 203, 241, 475.*

Лябурб (Labourbe), *Жанна Мари* (1879—1919) — Париж Коммунасы қайраткерінің қызы. 1896 жылы Россияға кетіп, Томашов қаласына барды, мұнда мұғалім болып жұмыс істеді. 1917 жылдан бастап РСДРП(б) Москва ұйымында партиялық жұмыс жүргізді. Советтік Россиядағы азамат соғысына қатысты, интервенттер мен ақ гвардияшыларға қарсы белсене күресті. 1918 жылы Москвада «Француз коммунистік тобын» ұйымдастырды. 1919 жылғы февральдан — Одессада, интервенттер әскерлерінің арасында астыртын жұмыс жүргізді, француз солдаттары мен матростары үшін шығарылып тұрған «Le Communiste» («Коммунист») газетін редакциялады. 1919 жылғы мартта француз контрразведкасы қамауға алып, атып өлтірді.— *372—373, 421, 500.*

М

Майский, И. М. (1884 ж. туған) — 1903 жылдан РСДРП мүшесі, 1918 жылға дейін — меньшевик. 1908 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында центристік позиция ұстады. 1918 жылы — Самарада Құрылтай жиналысы мүшелері комитетінің (Комучтың) еңбек ведомствосының басқарушысы. Меньшевизмнен қол үзіп, 1921 жылғы февральда КПСС қатарына кірді. 1922 жылдан дипломатиялық жұмыста болды; 1943—1946 жылдары — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. Бірқатар тарихи еңбектер мен мемуарлардың авторы, 1946 жылдан — академик.— *44, 59—60, 139, 194.*

Макдональд (MacDonald), *Джеймс Рамсей* (1866—1937) — ағылшынның саяси қайраткері, Тәуелсіз жұмысшы партиясы мен лейбористік партияның негізін салушылардың және лидерлерінің бірі. Барып тұрған оппортунистік саясат жүргізді, таптық ынтымақ және капитализмнің біртіндеп социализмге ұласуы жөніндегі теорияны уағыздады. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде пацифистік позиция ұстады, содан соң империалистік буржуазияны ашық қолдау жолына түсті. 1918—1920 жылдары антисоветтік интервенцияға қарсы шыққан ағылшын жұмысшыларының күресіне бөгет жасауға тырысты. 1924 және 1929—1931 жылдары премьер-министр қызметін атқарды. Макдональдтың лейбористік үкіметі жұмысшыларға қарсы саясат жүргізді, ағылшын отарларында ұлт-азаттық қозғалысты

басып отырды. 1931—1935 жылдары Макдональд «ұлттық үкімет» дейтінді басқарды, оның саясатын консерваторлар белгілеп отырды.— *97—118, 203, 209—210, 296, 475, 476.*

Маклаков, В. А. (1870—1957) — кадет, помещик, кәсібі жөнінен адвокат, көптеген саяси процестерде сөз сөйледі. Москвадан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Париждегі елшісі, одан соң — ақ эмигрант.— *137, 148.*

Мамонтов, К. К. (1869—1920) — патша армиясының полковнигі, ақ гвардиялық генерал, Краснов пен Деникин армияларында атты әскер корпусының командирі. 1919 жылғы августа Деникин Мамонтовтың корпусын Оңтүстік майдандағы совет әскерлерінің тылында соққы беру үшін жіберген болатын. Мамонтов корпусының шабуылдары тонаушылықпен және айуандықпен қабат жүргізіліп отырды. 1919 жылғы октябрь — ноябрьде Мамонтовтың корпусы талқандалды.— *188—189, 385.*

Маннергейм (Mannerheim), *Карл Густав Эмиль* (1867—1951) — Финляндияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, маршал. 1917 жылға дейін — орыс армиясының генерал-лейтенанты. 1918 жылы контрреволюциялық ақ финн армиясына қолбасшылық етті, бұл армия герман интервенттерімен бірлесе отырып, Финляндиядағы жұмысшы революциясын басып жаныштады. Маннергейм Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасау саясатын барынша белсене жақтаушылардың бірі болды. 1939—1940 жылдарда және 1941—1944 жылдарда Финляндияның СССР-ге қарсы соғыстарында Финляндия армиясының бас қолбасшысы болды. 1944—1946 жылдары — Финляндия президенті.— *124, 125, 205—206.*

Мануильский, Д. З. (1883—1959) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1903 жылдан партия мүшесі. Петербургте, Двинскіде, Кронштадтта, Москвада партиялық жұмыс жүргізді. 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысты. 1906 жылы Кронштадт көтерілісіне қатысқаны үшін қамауға алынып, Якутияға жер аударылды. Айдауға бара жатқан жолда қашып кетті. 1907 жылдың аяғында шетелге эмиграцияға кетті. Реакция жылдарында антипартиялық «Вперед» тобына кірді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позицияда болды. 1917 жылғы майда Россияға қайтып оралды, августқа дейін «ауданаралықшылар» тобына қосылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — жауапты партия, совет және дипломатиялық жұмыста: 1920—1922 жылдары — УССР егіншілік халық комиссары, Украина КП(б) Орталық Комитетінің секретары және «Коммунист» газетінің редакторы; 1924 жылдан — Коминтерн Атқару Комитеті Прези-

диумының мүшесі, ал 1928—1943 жылдары — Коминтерн Атқару Комитетінің секретары; 1944—1953 жылдары — УССР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары, сонымен қатар 1944—1952 жылдары — УССР сыртқы істер министрі. Партияның XI съезінде — партияның Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, ал XII—XVIII съездерінде мүшесі болып сайланды.— *398—399.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 43—96-беттер).— *22—23, 70—71, 105—106, 144—145, 176, 209, 234, 285, 287, 291, 385—386, 480, 494.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды. 1917 жылы интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды.— *17, 65—66, 108, 152, 155—159, 205—206, 208, 301, 303, 447, 449, 455, 480, 481, 482, 502.*

Мергейм (Merrheim), *Альфонс* (1881—1925) — француздың кәсіподақ қайраткері, синдикалист; 1905 жылдан бастап Францияның металлистер федерациясы мен Жалпы еңбек конфедерациясы лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде Франциядағы синдикалистік қозғалыстың сол қанаты басшыларының бірі болды, бұл қозғалыс социал-шовинизмге және империалистік соғысқа қарсы шықты; Циммервальд конференциясына қатысты, Циммервальд оңшылдарына қосылды. Сол кездің өзінде-ақ Мергеймге тән болған солқылдақтық пен социал-шовинистерден қол үзуден қорқу оны 1916 жылдың аяғында центристік-пацифистік позицияға, ал 1918 жылдың басында — ашық социал-шовинизм және реформизм позициясына әкеп соқтырды. СССР-ге дұшпандық көзқараста болды.— *107, 274.*

Милютин, В. П. (1884—1938) — социал-демократиялық қозғалысқа 1903 жылдан бастап қатысты, әуелі меньшевиктерге қосылды, 1910 жылдан — большевик. Курскіде, Москвада, Орелде, Петербургте және Тулада партиялық жұмыс жүргізді, талай рет жазалауға ұшырады. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде егіншілік халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне

енді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады және партияның саясатымен келіспейтіндігі туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты. 1918—1921 жылдары — Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары, одан соң басқа да жауапты совет және шаруашылық жұмыста болды; партияның Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат және Орталық бақылау комиссиясына мүше болып сайланды.— *484.*

Муравьев, М. А. (1880—1918) — патша армиясының офицері. Октябрь социалистік революциясынан кейін солшыл эсерлерге қосылды. 1918 жылы июльде, Шығыс майдан әскерлерінің қолбасшысы болып жүріп, Совет өкіметіне опасыздық жасады, әскерлер арасында бүлік шығаруға тырысты. Оның бұл арандатуы әшкереленді және жойылды. Қамауға алар кезде Муравьев қарулы қарсылық көрсеткендіктен атып өлтірілді.— *33, 66, 93.*

Мухаммед Вали-хан — 1919 жылы Ауғанстанның Совет республикасындағы төтенше елшісі.— *247.*

Мякотин, В. А. (1867—1937) — ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы лидерлерінің бірі, тарихшы және публицист. 1905—1906 жылдары — пролетариаттың назарын революциялық күрестен басқа жаққа аударуға тырысқан буржуазиялық-интеллигенттік «Одақтар одағы» ұйымы басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті, контрреволюциялық «Россияны қайта жаңғырту одағын» құрушылардың бірі болды; ақ эмигрант.— *152.*

Н

Н. Л.— қараңыз: Ленин, В. И. (Ульянов, В. И.)

Н. Р.— 8—10.

Нансен (Nansen), *Фритьоф* (1861—1930) — норвегтің аса көрнекті ғалымы, Арктиканы зерттеуші, белгілі қоғам қайраткері. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Нансен түрлі елдерде соғыс тұтқындарының жағдайын жақсарту жөнінде жұмыс істеді. Соғыс аяқталғаннан кейін Ұлттар лигасының соғыс тұтқындары істері жөніндегі жоғарғы комиссары болды. Совет Одағына жақсы ықыласпен қарады. 1921 жылы Советтік Россиядағы ашаршылық кезінде ашаршылыққа ұшыраған халыққа көмек көрсету жөніндегі халықаралық комиссияны ұйымдастырды. Москва Советінің құрметті мүшесі болып сайланды. 1922 жылы бейбітшілік жөніндегі Нобель сыйлығын алды. 1927 жылы Норвегияның өкілі ретінде Ұлттар лигасы жанындағы қарусыздану жөніндегі комиссияға енді.— *125, 394, 445—446.*

Николаевский, Б. И. (Голосов) (1887—1967) — меньшевик, 1905 жылдан Самарада, одан соң Уфада және Сибирьде істеді, меньшевиктік газеттерге жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграттық меньшевиктік баспасөз бетінде Совет өкіметіне қарсы шықты. Кейіннен Америка Құрама Штаттарында тұрды, марксизм-ленинизмді және КПСС тарихын бұрмалаумен шұғылданды.— *41.*

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды.— *191, 193, 201—202.*

Носке (Noske), *Густав* (1868—1946) — Герман социал-демократиялық партиясының оппортунист лидерлерінің бірі. 1918 жылы, Германиядағы Ноябрь революциясы кезінде, Кильдегі матростардың революциялық қозғалысын басып-жаныштауға басшылық еткендердің бірі болды. 1919—1920 жылдары әскери министр болды; Берлин жұмысшыларын жазалауды және К. Либкнехт пен Р. Люксембургті өлтіруді ұйымдастырды, сол үшін «қанды ауыз ит» деп атанды. Кейіннен Пруссияның Ганновер провинциясының президенті болды. Фашистік диктатура жылдарында Гитлер үкіметінен мемлекеттік пенсия алып тұрды.

В. И. Ленин Носкені «социал-сатқын» деп, «монархия мен контрреволюциялық буржуазияға қызмет ететін, жұмысшылардан шыққан ең жексұрын жендеттердің» бірі деп атады (Шығармалар толық жинағы, 38-том, 337-бет).— *158—159, 201, 232, 233.*

Нуланс (Noulens), *Жозеф* (1864—1939) — француздың саяси қайраткері және дипломаты. 1913—1914 жылдары — әскери министр, 1914—1915 жылдары — финанс министрі. 1917—1918 жылдары — Россиядағы елші. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Антанта елдерінің интервенциясын және ел ішіндегі контрреволюциялық қимылдарды: 1918 жылы чехословак корпусының бүлігін, Ярославльдегі эсерлер бүлігін, Москвада Локкарт заговорын және басқаларды тікелей ұйымдастырушылардың бірі. Советтік Россиядан кеткеннен кейін шетелдегі әр түрлі антисоветтік ұйымдарға белсене қатысты.— *33.*

О

Олар (Aulard), *Франсуа Виктор Альфонс* (1849—1928) — француздың буржуазиялық тарихшысы, XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы, радикалдар партиясының мүшесі. 1886—1922 жылдары — Сорбонна университетінің

француз революциясы тарихы кафедрасының профессоры. «Француз революциясы тарихын зерттеу жөніндегі қоғамның» бірінші секретары және «Révolution française» («Француз Революциясы») журналының бас редакторы болды. Өзінің аса бай архив материалдарына негізделген еңбектерінде француз революциясының тарихын реакциялық тарихшылардың бұрмалауына либералдық-буржуазиялық позицияда қарсы шықты. Олардың негізгі еңбегі — «Histoire politique de la Révolution française» (1901) («Француз революциясының саяси тарихы»).— *430, 435—436, 501.*

Орлов, Н. А.— 1918—1919 жылдары — «Известия Наркомпрода» журналының секретары, 1920—1921 жылдары — журнал редакторының көмекшісі және баспа бөлімінің редакторы.— *412—413.*

П

Панкхерст (Pankhurst), *Сильвия Эстелла* (1882—1960) ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде пацифистік позицияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін империалистік мемлекеттердің Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын тоқтатуды жақтады. Әсіре солшыл «Жұмысшы социалистік федерациясын» ұйымдастыруға қатысты және оның лидері болды, оның органы — «The Workers' Dreadnought» («Жұмысшылар Дредноуты») газетін редакциялады. Коминтерннің II конгресіне қатысты. 1921 жылы Англия Коммунистік партиясына кірді, бірақ партиялық тәртіпке бағынудан бас тартқаны үшін көп ұзамай партиядан шығарылды. Англия Коммунистік партиясына қарсы, сондай-ақ Совет Одағына қарсы кінә тағумен болды.— *175—176.*

Перика (Péricat), *Реймонд* — Францияның құрылысшы жұмысшылар федерациясының секретары. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде интернационалистік позицияда болды. Октябрь социалистік революциясына, Совет өкіметіне тілектестікпен қарады. 1919 жылы «L'Internationale» («Интернационал») газетінің негізін салып, оған редактор болды, III Интернационал комитетінің Франциядағы мүшесі болды.— *211, 232.*

Петерсон, К. А. (1877—1926) — 1898 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Либавада, Ригада, Петербургте және басқа қалаларда революциялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің қуғындауына ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің большевиктік фракциясына кірді. Октябрь социалистік революциясының кезеңінде — Әскери-революциялық комитеттің мүшесі; одан соң — Бүкіл россиялық

Орталық Атқару Комитеті Президиумының және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің жанындағы революциялық трибуналдың мүшесі, латыш атқыштар дивизиясының әскери революциялық комиссары болды. 1918 жылғы декабрьден — Советтік Латвияның әскери істер жөніндегі халық комиссары, одан соң Енисей губерниясының әскери комиссары, Сыртқы істер халық комиссариатының Новороссийскідегі уәкілі болды.— *271.*

Петровский, Г. И. (1878—1958) — революциялық жұмысшы қозғалысына ертеден қатысушылардың бірі, большевик, советтің көрнекті партия және мемлекет қайраткері. 1897 жылдан РСДРП мүшесі. Бірінші орыс революциясы кезінде Екатеринославта (қазір Днепропетровск) жұмысшы қозғалысы басшыларының бірі болды. Екатеринослав губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін басқа да большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. 1917—1919 жылдары — РСФСР ішкі істер халық комиссары, 1919 жылдан 1938 жылға дейін — Бүкіл украиндық Орталық Атқару Комитетінің председателі, СССР құрылғаннан кейін — СССР Орталық Атқару Комитеті председательдерінің бірі, 1938—1940 жылдары — СССР Жоғарғы Советі Президиумы председателінің орынбасары. РКП(б) IX съезінде партияның Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, ал X—XVIII съездерде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. 1926—1939 жылдары — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат. 1940 жылдан — СССР Мемлекеттік Революция музейі директорының орынбасары.— *456.*

Пешехонов, А. В. (1867—1933) — 90-жылдары — либерал халықшыл; «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап осы журнал редакциясының мүшесі; либералдық-монархиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне жазып тұрды. 1906 жылдан бастап ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі, 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан бастап ақ эмигрант.— *152.*

Португейс, С. И. (Иванович, Ст.) (1880—1944) — меньшевик, публицист. РСДРП V (Лондон) съезіне Одесса ұйымынан делегат болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Голос Социал-Демократа» газетіне, «Наша Заря» журналына және жойымпаз-меньшевиктердің басқа да органдарына жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік

соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті, елдің оңтүстігіндегі ақ гвардиялық баспасөзге жазып тұрды, кейіннен шетелге эмиграцияға кетті; өзінің мақалалары мен кітаптарында Совет Одағына, Коммунистік партияға жала жапты.— *152.*

Потресов, А. Н. (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықтың идеологы. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылы «День» газетін редакциялады, бұл газет большевиктерге қарсы қаскөйлік науқан жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті, шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына жазып тұрды, Советтік Россияға жала жапты.— *152, 480.*

Пуль (Poole), *Дьюит Клинтон* (1885—1952) — американ дипломаты. 1911—1914 жылдары — Берлинде, 1914—1916 жылдары — Парижде вице-консул. 1917 жылғы июльден — Москвада консул, 1918 жылғы ноябрьден 1919 жылғы июньге дейін — ақ гвардиялық «Солтүстік облысы Уақытша үкіметі» жанындағы американ сенім білдірілген өкілі. Советтік Россияға қарсы Антанта елдерінің интервенциясын және ел ішіндегі контрреволюциялық қимылдарды ұйымдастырушылардың бірі.— *394, 445.*

Р

Радек, К. Б. (1885—1939) — 900-жылдардың басынан бастап Галицияда, Польшада және Германияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационалистік позицияда болды, алайда центризмге қарай ауытқып отырды; ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде қате позиция ұстады. 1917 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Сыртқы істер халық комиссариатында істеді, Коминтерн Атқару Комитетінің секретары болды. РКП(б) VIII—XII съездерінде партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1918 жылы — «солшыл коммунист», 1923 жылдан — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінде фракцияшылдық әрекеті үшін партиядан шығарылды. 1929 жылы өз қателіктерін мойындап мәлімдеме жасады, партияға қайта алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, 1936 жылы ВКП(б) қатарынан қайта шығарылды.— *374, 421.*

Раковский, Х. Г. (1873—1941) — 90-жылдардың басынан Болгарияда, Румынияда, Швейцарияда, Францияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. Дүние жүзілік империалистік

соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылдан большевиктік партияда болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және совет жұмысында болды. 1918 жылдан — Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі, 1923 жылдан бастап Англияда және Францияда дипломаттық жұмыста істеді. Партияның VIII—XIV съездерінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Троцкистік оппозицияның белсенді қайраткерлерінің бірі, сол үшін 1927 жылы ВКП(б) XV съезі партиядан шығарды. 1935 жылы партияға қайта қабылданды, 1938 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан қайта шығарылды.— *398.*

Растопчин, Н. П. (1884—1969) — 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Нижний Новгородта, Москвада, Петербургте, Саратовта партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің қуғындауына ұшырады. 1917—1918 жылдары — жұмысшы депутаттары Кострома губерниялық Советі Атқару комитетінің мүшесі, қалалық партия комитетінің председателі және губерниялық партия органы — «Северный Рабочий» газетінің редакторы, 1919—1920 жылдары — РКП(б) Ярославль губерниялық комитетінің председателі. Одан кейінгі жылдары басшы партия, совет және әскери жұмыста істеді.— *390.*

Ренненкампф, П. К. (1854—1918) — патша генералы, революциялық қозғалысты тұншықтырған жендеттердің бірі. 1900—1901 жылдары Қытайда «боксерлер» көтерілісін басып-жаныштауда барып тұрған қатыгездік көрсетті. 1906 жылы генерал Меллер-Закомельскиймен бірге Сибирьде революциялық қозғалысты басып-жаныштау жөніндегі жазалау экспедициясын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Шығыс Пруссияда шабуыл жасаған 1-орыс армиясына қолбасшылық етті. Батылсыз да инициативасыз қимылдап, армияны герман әскерлерінің қарсы соққысына ұшыратты; 1915 жылы қызметінен босатылды. 1918 жылы контрреволюциялық қызметі үшін атылды.— *108.*

Реннер (Renner), *Карл* (1870—1950) — Австрияның саяси қайраткері, Австрияның оңшыл социал-демократтарының лидері және теоретигі. «Австромарксизм» дейтіннің идеологтарының және «мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі буржуазиялық-ұлтшылдық теория авторларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде — социал-шовинист. 1919—1920 жылдары — Австрия канцлері, 1945—1950 жылдары — Австрия президенті.— *232—233.*

Ренодель (Renaudel), *Пьер* (1871—1935) — Француз социалистік партиясының реформист лидерлерінің бірі. 1902—1914 жылдарда — «Le Peuple» («Халық») газетінің, 1914—1920 жылдарда — «L'Humanité» («Адамзат») газетінің редакторы; 1914—1919 және 1924 жылдарда депутаттар палатасының мүшесі болды.

Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1927 жылы социалистік партияның басшылығынан шеттеп кетті, ал 1933 жылы партиядан шығарылды; кейіннен шағын неосоциалистік топ құрды.— *209—210.*

Розанов, В. Н. (1876—1939) — социал-демократ, меньшевик. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы депутаттары Петроград Советі меньшевиктік фракциясының мүшесі, социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, бірқатар контрреволюциялық ұйымдардың қызметіне белсене қатысты; «Тактикалық орталықтың» процесі бойынша сотталды. Амнистиядан кейін саяси қызметтен шеттеп, медицина мекемелерінде жұмыс істеді.— *449.*

Руднев, В. А.— қараңыз: Базаров, В.

С

Савинков, Б. В. (1879—1925) — эсерлер партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — әскери министрдің орынбасары, ал кейін Петроградтың әскери генерал-губернаторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — бірқатар контрреволюциялық бүліктерді ұйымдастырушы, Совет республикасына қарсы соғыс интервенциясына жәрдемдесті, ақ эмигрант. 1924 жылы СССР-ге жасырынып келді, тұтқынға алынды. СССР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы Савинковты атуға үкім шығарды, СССР Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша бұл ең жоғары жаза 10 жыл мерзімге түрмеде отырумен ауыстырылды. Түрмеде отырғанда өзін өзі өлтірді.— *33, 137.*

Сазонов, С. Д. (1861—1927) — патшалық Россияның көрнекті дипломаты, ірі помещиктер мен капиталистердің мүдделерін білдірді. 1904 жылдан Европада бірқатар дипломатиялық қызметтерде болды; 1909 жылы сыртқы істер министрінің орынбасары болып тағайындалды. 1910—1916 жылдары — сыртқы істер министрі. 1916 жылы Лондондағы елші болып тағайындалды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Колчактың, бұдан соң Деникиннің Париждегі өкілі болды, сонда эмиграцияда қалды.— *148.*

Сапронов, Т. В. (1887—1939) — 1912 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва губерниялық атқару комитетінің председателі (1918—1919), Харьков губерниялық революциялық комитетінің председателі (1919—1920). Бұдан кейін Орталық Комитеттің Урал

бюросының секретары, Кіші Халық Комиссарлары Советінің председателі, құрылысшылар одағы орталық комитетінің председателі, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті президиумының мүшесі, Главконцесскомның мүшесі болды. Партияның XI съезінде РКП(б) Орталық Комитетінің құрамына сайланды. Талай рет партияның саясатына қарсы шықты. 1918 жылы — «солшыл коммунист». 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде антипартиялық «демократиялық централизм» тобын басқарды. 1923 жылы 46-ның троцкистік мәлімдемесіне қол қойды. 1925—1927 жылдары —«жаңа оппозицияға» және троцкистік-зиновьевшілдік блокқа белсене қатысушылардың бірі, антипартиялық «15» (децистер) тобының лидері. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарды.— *392—393, 464, 484.*

Свидерский, А. И. (1878—1933) — советтің көрнекті мемлекет қайраткері. 1899 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Петербургте, Самарада, Уфада партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет қамауға алынып, жер аударылды. 1917 жылы — Уфада шығып тұрған большевиктік «Вперед» газетінің редакторы, одан соң — жұмысшы және солдат депутаттары Уфа Советінің председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Азықтүлік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, Жұмысшышаруа инспекциясы коллегиясының мүшесі. 1923 жылдан 1928 жылға дейін — РСФСР егіншілік халық комиссарының орынбасары. 1929 жылдан — СССР-дің Латвиядағы уәкілетті өкілі.— *92, 217.*

Семашко, Н. А. (1874—1949) — советтің көрнекті мемлекет қайраткері және ғалым. 1893 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. 1905 жылы Нижний Новгородта қарулы көтеріліске қатысты, тұтқынға алынды, тұтқыннан босатылғаннан кейін шетелге эмиграцияға кетті. РСДРП Орталық Комитеті Шетелдік бюросының секретары және казначейі болды. 1917 жылғы сентябрьде Россияға қайтып келді. 1917 жылы октябрьде Москвадағы қарулы көтеріліске белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва Советінің медицинасанитарлық бөлімінің меңгерушісі. 1918—1930 жылдары — РСФСР денсаулық сақтау халық комиссары. 1931 жылы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне жұмысқа ауысады, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болды. СССР Медицина ғылымдары академиясының және РСФСР Педагогика ғылымдары академиясының толық мүшесі. 1947—1949 жылдары — СССР Медицина ғылымдары академиясының денсаулық сақтауды ұйымдастыру және медицина тарихы институтының директоры. Әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру саласындағы көптеген ғылыми еңбектердің авторы.— *442—443.*

Середа, С. П. (1871—1933) — совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Смоленскіде, Киевте, Калугада партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Рязань Советі атқару комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — жауапты жұмыстарда: 1918—1921 жылдары — РСФСР егіншілік халық комиссары, 1921 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советі президиумы мен Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының мүшесі, РСФСР Орталық статистика басқармасы басқарушысының орынбасары және басқарушысы, 1930 жылдан — Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары.— *406, 484.*

Серрати (Serrati), *Джачинто Менотти* (1872—1926) — итальян жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Итальян социалистік партиясы басшыларының бірі. 1915—1923 жылдары — социалистік партияның орталық органы «Avanti!» («Алға!») газетінің директоры. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — интернационалист. Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысушы. Коминтерн құрылғаннан кейін Итальян социалистік партиясының Коминтернге кіруіне күш салды. Коминтерннің II конгресінде итальян делегациясын басқарды, реформистерден сөзсіз қол үзуге қарсы шықты. Кейіннен өзінің центристік қателерінен арылды, сөйтіп 1924 жылы «үшінші интернационалистер» фракциясына бас болып, Итальян коммунистік партиясына кірді, онда өмірінің ақырына дейін белсене жұмыс істеді.— *164, 280—281.*

Сольц, А. А. (1872—1945) — 1898 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Вильнода, Петербургте және басқа қалаларда революциялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің қуғындауына ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москваның «Социал-Демократ» газеті редакциясының, одан соң «Правда» редакциясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — жауапты совет және партия жұмысында. 1920 жылдан — Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі, 1921 жылдан — партияның Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының мүшесі, одан соң СССР Жоғарғы сотының мүшесі болды, СССР Прокуратурасында жауапты қызметтер атқарды.— *230.*

Сосновский, Л. С. (1886—1937) — 1904 жылдан большевиктік партияда болды. 1918—1924 жылдары (үзілістермен) — «Беднота» газетінің редакторы. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) Троцкийдің платформасын қолдады. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінде троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарылды. 1935 жылы партияға қайта қабылданды, ал 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін тағы да партиядан шығарылды.— *412—413, 447.*

Спартак (Spartacus) (біздің заманымыздан бұрын 71 ж. қайтыс болған) — Ежелгі Римде біздің заманымыздан бұрын 74 (немесе 73) — 71 жылдары болған құлдардың ең ірі көтерілістерінің бірінің көсемі; Рим құл иеленушілерінің әскерлерімен соғыста бірқатар тамаша жеңістерге жетті. Спартак есімі ерліктің, ізгіліктің, халық ісіне қалтқысыз берілгендіктің, езілгендердің өз езушілеріне қарсы аяусыз күресінің үздік үлгілерінің бірі ретінде ғасырлар тарихына енген.— *83.*

Сталин (Джугашвили), И. В. (1879—1953) — Россия және халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді; партияның II съезінен кейін — большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитеттің құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакциялауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде көтерілісті әзірлеу жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде Республика Революциялық-әскери советінің мүшелігіне еніп, бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің Бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және зор ұйымдастырушы ретінде, Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі, Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия өмірі нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалануға ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын марксизм-ленинизмге жат деп тауып, батыл айып-

тады, оған біржола тыйым салды, Орталық Комитеттің партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қалпына келтіру және оларды дамыту жөніндегі жұмысын мақұлдады, болашақта мұндай қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу шараларын қолданды.— *271.*

Струве, П. Б. (1870—1944)— буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдары — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтыруға» және «сынауға» әрекеттенді, марксизм мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бейімдеуге тырысты. Струве либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» (1903—1905) теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден — оның Орталық Комитетінің мүшесі, Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант.— *292.*

Т

Тибо, Жак Анатоль — қараңыз: Франц, Анатоль.

Томский, М. П. (1880—1936) — 1904 жылдан большевиктік партияда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға, шақырымпаздарға, троцкистерге ымырашылдықпен қарады. 1917 жылы — РСДРП(б) Петербург комитеті Атқару комиссиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — кәсіподақтардың Москва советінің председателі; 1919 жылдан — ВЦСПС президиумының председателі. Партияның VIII съезінен бастап РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, партияның XI съезінен бастап РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына бірнеше рет қарсы шықты. 1928 жылы Бухаринмен және Рыковпен бірге ВКП(б)-дағы оңшыл оппортунистік уклонды басқарды.— *499.*

Троцкий (Бронштейн), *Л. Д.* (1879—1940) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, ауданаралықшылар тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б)

VI съезінде большевиктік партияға қабылданды, алайда Троцкий большевизм позициясына көшпеген еді, сөйтіп ленинизмге қарсы, партияның саясатына қарсы жасырын және ашық күрес жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республика Революциялық-әскери советінің председателі, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі және Коминтерн Атқару комитетінің мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітімін жасасу туралы мәселе жөнінде лениндік бағытқа қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деген капитулянттық теорияны қорғады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп те ленинизмнің қас жауы болған Троцкий Совет мемлекеті мен Коммунистік партияга қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.— *36, 37, 38—40, 188; 189, 217, 265—266, 317, 452, 458, 460, 463, 466.*

Трульстра (Troelstra), *Питер Йеллес* (1860—1930) — голланд жұмысшы қозғалысының қайраткері; оңшыл социалист. Голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрушылардың (1894) және оның лидерлерінің бірі болды. 900-жылдардың басында барып тұрған оппортунизм позициясына көшті. Голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясының 1907 жылдан бастап «De Tribune» («Трибуна») газетінің төңірегіне топтасқан және 1909 жылы Голландия социал-демократиялық партиясы болып қалыптасқан сол қанатына қарсы күресті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — германофильдік бағдардағы социал-шовинист. 1918 жылдың күзінде Нидерландыда қалыптасқан революциялық ситуация жағдайында Трульстра мен ол басқаратын партия парламентте декларация жасаумен шектеліп, өкімет үшін күрестен бас тартты. В. И. Ленин Трульстраның оппортунистік саясатын талай рет қатты сынады.— *211—213.*

Турати (Turati), *Филиппо* (1857—1932) — итальян жұмысшы қозғалысының қайраткері, Итальян социалистік партиясын ұйымдастырушылардың бірі, оның оңшыл, реформистік қанатының лидері. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. Итальян социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін (1922) реформистік Унитарлық социалистік партияны басқарды. 1926 жылы фашистік Италиядан Францияға эмиграцияға кетті.— *114, 203.*

Ф

Ц

дың III конгресінде Коминтерн Атқару комитетіне сайланды. Оның халықаралық әйелдер секретариатын басқарды. 1924 жылдан бастап Революция күрескерлеріне көмек берудің халықаралық ұйымы (МОПР) Атқару Комитетінің председателі қызметін үзбестен атқарды.— *276—277.*

Цюрупа, А. Д. (1870—1928) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. Революциялық қозғалысқа 1891 жылы кірісті; 1898 жылдан РСДРП мүшесі. Уфада, Харьковта, Тулада және басқа қалаларда партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің қуғындауына ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП Уфа біріккен комитетінің, кейін большевиктік комитетінің, жұмысшы және солдат депутаттары Советінің мүшесі, Уфа губерниялық азық-түлік комитетінің және қалалық думаның председателі. Октябрь қарулы көтерілісі күндерінде — Уфа Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1917 жылғы ноябрьден бастап — азық-түлік халық комиссарының орынбасары; 1918 жылдың басынан — РСФСР азық-түлік халық комиссары. 1921 жылдың аяқ кезінен — Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары. 1922—1923 жылдары — Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссары, 1923—1925 жылдары — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі, 1925 жылы — ішкі және сыртқы сауда халық комиссары. Партияның XII—XV съездерінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болды.— *440, 484.*

Ч

Чейз (Chase), *Стюарт* (1888 ж. туған) — Американың белгілі буржуазиялық публицисі және экономисі: социология мен экономика саласындағы бірқатар еңбектердің авторы.— *204—205.*

Черненков, Б. Н. (1883 ж. туған) — 1903 жылдан эсерлер партиясының мүшесі; кәсібі жөнінен — статистик. Құрылтай жиналысының мүшесі, 1918 жылы Уфадағы Мемлекеттік кеңеске қатысты, контрреволюциялық Уфа директориясының егіншілік министрі. 1919 жылы эсерлік «Халық» тобына кірді.— *30.*

Чернов, В. М. (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі. 1917 жылғы май — августа — буржуазиялық Уақытша үкіметтің егіншілік министрі; помещиктердің жерін тартып алған шаруаларға қарсы қатал жазалау саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1920 жылы эмиграцияға кетті; шетелде жүріп антисоветтік әрекетін тоқтатқан жоқ.— *44, 59—60, 65—66, 93, 139, 205—206, 208, 301, 303, 482.*

Черчилль (Churchill), *Уинстон* (1874—1965) — ағылшын саяси қайраткері, консерватор. 1906 жылдан — отарлар министрінің орынбасары, 1908 жылдан 1917 жылға дейін сауда, ішкі істер министрі, теңіз министрі, әскери жабдықтау министрі болды. 1918—1921 жылдары әскери министр болып тұрған кезінде Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауға дем берушілердің бірі болды. В. И. Лениннің сөздерімен айтқанда, Черчилль —«Советтік Россияны өлердей жек көруші адам».

1924—1929 жылдары — финанс министрі. 1940—1945 жылдары — коалициялық үкіметтің премьер-министрі, консервативтік партияның лидері. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында екінші майдан ашуды кешеуілдету саясатының басты инициаторы болды, бұл саясаттың мақсаты Совет Одағын әлсірету болатын. 1945 жылы сайлауда жеңілгеннен кейін Черчилльдің үкіметі отставкаға кетті. 1946 жылы Черчилль Фултонда (Америка Құрама Штаттары) сөз сөйледі, бұл сөз СССР мен халықтық демократия елдеріне қарсы «қырғи-қабақ соғыс» программасы болды. 1945—1950 жылдары «парламенттік оппозицияны» басқарған және 1951—1955 жылдары тағы да премьер-министр болған Черчилль герман милитаризмін қайта туғызуға және СССР мен халықтық демократия елдеріне қарсы әскери-саяси блоктар құруға бағытталған саясат жүргізді. 1955 жылы премьер-министрлік қызметінен және консервативтік партияның лидерлігінен отставкаға кетіп, Великобританияның билеуші топтарының саясатын мадақтауға арналған мемуарлар мен тарихи еңбектер жазумен шұғылданды.— *264, 353, 375, 424, 500.*

Чичерин, Г. В. (1872—1936) — советтің мемлекет қайраткері, аса көрнекті дипломат, 1904 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды, сонда жүріп 1905 жылы РСДРП-ға кірді. Реакция кезеңінде — меньшевизмді жақтаушы, дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист; 1917 жылдың аяқ кезінде большевизм позициясына көшіп, 1918 жылы РКП(б)-ға кірді. 1918 жылдан 1930 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссары, Генуя мен Лозаннадағы халықаралық конференцияларда совет делегациясын басқарды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. Партияның XIV және XV съездерінде Орталық Комитеттің құрамына сайланды.— *359, 388, 434.*

Ш

Шейдеман (Scheidemann), *Филипп* (1865—1939) — герман социал-демократиясының барып тұрған оңшыл, оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Халық уәкілдерінің советі дейтіннің құрамына кірді, оның қызметі буржуазияның мүдделеріне сай белгіленіп отырды. 1919 жылғы февраль — июньде Веймар республикасының коалициялық үкіметін басқарды, 1918—1921 жылдардағы

неміс жұмысшы қозғалысын қанға бояп басуды ұйымдастырушылардың бірі болды. Одан кейінгі жерде белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *101, 115, 159, 177, 201, 207, 209—210, 231, 232, 233, 236—237, 240.*

Шер, В. В. (1884—1940) — социал-демократ, меньшевик. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москвада солдат депутаттары Советінің секретары; июль оқиғаларынан кейін — Москва әскери округы әскерлері қолбасшысының көмекшісі, ал одан соң — әскери министрліктің саяси басқармасының бастығы. Совет өкіметі орнағаннан кейін Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағында, Халық шаруашылығы жоғары советінде және Мемлекеттік банкте істеді. 1931 жылы тұтқынға алынды және Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекеті үшін СССР Жоғарғы соты соттады.— *30.*

Шкуро, А. Г. (1886—1947) — Кубань казак әскерінің әскери старшинасы, кейін ақ армия генералы. 1918 жылғы майда Совет өкіметіне қарсы шыққан Кубань казактарының кулактық отрядын басқарды. Деникиннің «ерікті армиясында» генерал шенін алғаннан кейін, Кубань бригадасына, одан соң 3-ші атты әскер корпусына қолбасшылық етті; өзінің мейірімсіздігімен және тонаушылығымен әйгілі. 1919 жылы шетелге эмиграцияға кетті, онда контрреволюциялық антисоветтік қызметін жалғастыра берді. 1941—1945 жылдары гитлершілдермен ауыз жаласты. Тұтқынға алынып, СССР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясының үкімі бойынша өлім жазасына кесілді.— *267.*

Шмидт, В. В. (1886—1940) — 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Петербургте және Екатеринославта партиялық жұмыс жүргізді. 1914—1917 жылдары Петроград металлистер одағының және РСДРП(б) Петербург комитетінің секретары болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — кәсіподақтардың Петроград советінің секретары. 1918—1928 жылдары — ВЦСПС секретары, одан кейін еңбек халық комиссары. 1928 жылдан — СССР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары. ВКП(б)-да оңшыл оппозицияға қосылды, бірақ кешікпей одан шеттеді. Партияның VII, XIV және XV съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды.— *412—413.*

Штампфер (Stampfer), *Фридрих* (1874—1957) — герман социал-демократиясы оң қанаты лидерлерінің бірі, публицист. 1900—1902 жылдары социал-демократиялық «Leipziger Volkszeitung» («Лейпциг Халық Газеті») газетінің редакторы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинист. 1916—1933 жылдары социал-демократиялық партияның орталық органы «Vorwärts» («Алға») газетінің бас редакторы және Партия басқармасының мүшесі болды. 1920—1933 жылдары — рейхстаг мүшесі. Германияда фашистер өкімет басына

Э

Ю

Я

Якоби (Jacoby), *Иоганн* (1805—1877) — неміс публицисі, саяси қайраткер, буржуазияшыл демократ; кәсібі жөнінен дәрігер. 1848 жылы — Пруссия Ұлттық жиналысының сол қанаты басшыларының бірі. 60-жылдары «прогрессистер» партиясына қосылды, Бисмарктің саясатына теріс көзқараста болды. 1872 жылы социал-демократиялық партияға кірді, бұдан 1874 жылы рейхстагқа сайланды. Якоби марксист емес еді, бірақ К. Маркс пен Ф. Энгельс оны пролетарлық қозғалыс жағына шыққан демократ ретінде бағалады, дегенмен көптеген мәселелер жөнінде оған қосылмайтын еді.— *19.*

Яковлев (Эпштейн), Я. А. (1896—1939) — 1913 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Петербургтің Нева ауданында партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін РСДРП(б) Петроград ұйымында жұмыс істеді, ал 1917 жылғы майдан бастап Екатеринослав партия комитетінің секретары болды. Октябрь социалистік революциясына және Украинадағы азамат соғысына белсене қатысты: Харьковта Революциялық комитеттің председателі, Екатеринослав және Киев губерниялық партия комитеттерінің председателі, 14-армия Саяси бөлімінің бастығы болды. Одан соң Украина КП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары, СССР егіншілік халық комиссары, ВКП(б) Орталық Комитетінің ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі. Партияның XVII съезінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды.— *398.*

Яковлева, В. Н. (1885—1941) — 1904 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Москвада партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылы — РСДРП(б) Орталық Комитеті Москва облыстық бюросының секретары. Октябрь социалистік революциясынан кейін — совет және партия жұмыстарында болды: Ішкі істер халық комиссариаты мен Азық-түлік халық комиссариаты коллегияларының мүшесі, Халық шаруашылығы жоғары советінің іс басқарушысы, РКП(б) Москва комитетінің секретары, РКП(б) Орталық Комитеті Сибирь облыстық бюросының секретары, РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары, РСФСР финанс халық комиссары. 1918 жылы «солшыл коммунистердің» антипартиялық тобына қатысты; 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде кейін Троцкиймен біріккен «буферлік» топқа кірді; 1923 жылы 46-ның троцкистік мәлімдемесіне қол қойды. 1924—1926 жылдары троцкистік орталықта ұйымдастыру жұмысын жүргізді, содан кейін троцкизмнен қол үзді.— *217, 412—413.*

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(28 июнь — 15 декабрь, 1919)

28 июнь. Ленин «Ұлы бастама (Тылдағы жұмысшылардың ерлігі туралы. «Коммунистік сенбіліктер» жөнінде)» деген кітапшасын жазып бітіреді.

1 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда ауыл шаруашылығын егіншілік құралдарымен және машиналарымен жабдықтау тәртібі туралы, Москва мен Петроградта пәтер ақыны кеміту туралы, Республика Революциялық-әскери советіне сметадан тысқары кредит босату туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Шығыс майдан Революциялық-әскери советінің мүшелері М. М. Лашевич пен К. К. Юреневке телеграмма жазады, мұнда Пермь мен Кунгурдың алынуына байланысты совет әскерлерін құттықтайды.

Ленин өзінің ұсынысы бойынша Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті атындағы мектепте өткізілген партия жиналысына қатысады, мұнда РКП(б) ұясы құрылады.

2 июль. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда баспаханаларды милитарландыру туралы, соғыс жабдықтарын шығаратын барлық заводтарды Халық шаруашылығы жоғары советінің қарамағына көшіру туралы, темір жолдарды отынмен жабдықтау жөніндегі практикалық шаралар туралы, Украинадан азық-түлік әкелу туралы мәселелер, мал дәрігерлері мен фельдшерлерін әскери қызметке шақыру жөніндегі

қаулының жобасы, әскери қоймаларды күзету жөніндегі шаралар туралы қаулының жобасы, Саратовтағы окоп жұмыстарына темір жол жұмысшыларын шақыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Бүкіл россиялық төтенше комиссия әскерлерінің Вятка батальонынан және 8-ші Вятка азық-түлік армиясы полкінен екі атқыштар полкін жасақтау туралы Қорғаныс Советінің қаулысына белгі соғып, қол қояды.

3 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің Россия республикасының телефон қатынастарын национализациялау туралы декретіне қол қояды.

3—4 июль. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының жұмысына қатысады, онда империалистердің жаңа жорығының басталуына байланысты елдің алдына қойылған аса маңызды мәселелер талқыланады.

4 июль. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, жұмысшы және қызыл әскер депутаттары Москва Советінің, кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық советінің және Москва фабрика-завод комитеттері өкілдерінің біріккен мәжілісінде Совет өкіметінің қазіргі жағдайы және таяудағы міндеттері туралы баяндама жасайды.

4 және 8 июль аралығында. Ленин «Бар күшті Деникинге қарсы күреске жұмсайық! (РКП (большевиктер) Орталық Комитетінің партия ұйымдарына хаты)» деген мақала жазады.

8 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Москва халқына нан паегін беру туралы, С. С. Каменевті РСФСР-дің барлық қарулы күштерінің бас қолбасшысы етіп тағайындау туралы, Республика Революциялық-әскери советінің құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Саратов губерниялық атқару комитетінің председателі В. А. Радус-Зеньковичке майдан өңірінде кулактарға, дезертирлерге,

«жасылдар» бандаларына қарсы күресу жөніндегі шаралар туралы телеграмма жазады.

9 июль. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте шымтезекшілердің азық-түлік жағдайы туралы және оларға астық жіберу жөнінде шұғыл шаралар қолдану туралы, кәсіподақ мобилизациясының барысы туралы мәселелер, темір жолдардағы соғыс жағдайы туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

10 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте полк соттары туралы ереже, Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет туралы уақытша ереженің жобасы, қалмақтардың жалпыға бірдей съезі туралы, оларға арналған үндеу хат туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин өзінің өтініші бойынша Петроградтан келген А. М. Горькиймен ғалымдарға көмектесетін Орталық комиссия құру және оның жұмысы туралы мәселе жөнінде әңгімеледеді, оған өз тарапынан көмек көрсетіп, қолдауға уәде етеді; Петроград Советіне және Азық-түлік халық комиссариатына Горькийдің әдебиетшілер мен ғалымдарға жәрдем беру жөніндегі жұмысына жан-жақты көмектесу қажеттігі туралы хабарлау жайында В. Д. Бонч-Бруевичке жарлық береді.

11 июль. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; армиядағы контрреволюцияшыл элементтерге қарсы күресу шаралары туралы қаулының жобасын енгізеді. Мәжілісте сонымен қатар мобилизацияның барысы туралы, темір жолдарды отынмен жабдықтау туралы, артиллерия қоймаларын күзету жөніндегі шұғыл шаралар туралы, шекара әскерлерін әскери ведомствоның қарамағына беру туралы мәселелер, велосипедтер мен мотоциклдерді мобилизациялау туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университетте мемлекет туралы лекция оқи-

ды және тыңдаушылардың сұрақтарына жауап береді.

12 июль. Ленин РКП(б) Москва жалпы қалалық конференциясында Республиканың ішкі және сыртқы жағдайы туралы баяндама жасайды.

14 июль. Ленин «III Интернационалдың міндеттері туралы (Рамсей Макдональд III Интернационал туралы)» деген мақала жазады.

Ленин Москвадағы пулемет курстарына барады.

15 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте көлік-арба шаруашылығы туралы, Москвадағы азық-түлік ісінің жағдайы туралы мәселелер талқыланады, Халықтық банк басқармасының коллегиясы бекітіледі.

Ленин Ходынка гарнизоны қызыл әскерлерінің конференциясына бірге бару үшін келген Москва партия комитетінің секретары В. М. Загорскиймен және А. Ф. Мясниковпен жұмысшылардың көңіл-күйі туралы, Москва партия ұйымы туралы әңгімелеседі.

Ленин Ходынка гарнизоны қызыл әскерлерінің партиялық емес конференциясында Республиканың ішкі және сыртқы жағдайы туралы сөз сөйлейді.

16 июль. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Центротекстиль туралы, майдан өңірінде егін жинау жөніндегі шаралар туралы, Астраханьнан аса маңызды әскери және азық-түлік жүктеріп тасып жеткізу үшін Қатынас жолдары халық комиссариатына мұнай беру туралы мәселелер талқыланады, демалыстан қайтқан жұмысшылардың екі пұт нормалы және нормасыз азық алып жүруіне рұқсат ету туралы декреттің жобасы бекітіледі.

17 июль. Ленин Шығыс майдан Революциялық-әскери советінің мүшелері М. М. Лашевич пен К. К. Юреневке телеграмма жазып, Златоуст пен Екатеринбург қалаларының алынуына байланысты құттықтайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда босқындарға көмек көрсету үшін тұтқындар мен босқындар жөніндегі орталық коллегияға қаржы босату туралы, тұтыну қоғамдарын қаржыландыру туралы, Москвадағы азық-түлік ісінің жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

18 июль. Ленин Петроградтағы А. М. Горькийге хат жазып, Москваға келуге шақырады.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте совет мекемелерінде істейтін еркектерді әйелдермен ауыстыру туралы, жабылатын заводтар мен фабрикалардың жұмысшыларын дала жұмыстарына пайдалану туралы, Ижевск заводының жұмысшыларын мобилизациялау туралы, майдан өңірінде егін жинау жөніндегі шаралар туралы, Оңтүстік майданның аудандарында және Пензада бекіністер жасаумен айналысатын еркін жалдама жұмысшыларға қызыл әскер паегін беру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

19 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің секретариатына армиядан жіберілетін азық-түлік посылкалары туралы нұсқаудың бекітілуі кешеуілдеп жатқандығы жөнінде жарлық жазады.

20 июль. Ленин «Американ журналисінің сұрақтарына жауап» жазады.

22 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда қызыл әскерлердің жалақысын арттыру туралы, диірмендерді жөндеуге байланысты Петроградтағы азық-түлік тапшылығының қаупі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің қалмақ халқына арнаған үндеу хатына қол қояды.

23 июль. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; азық-түлік армиясы туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды. Мәжілісте сонымен қатар армиядан жіберілетін азық-түлік посылкалары туралы нұсқаудың

жобасы, жабылатын фабрикалар мен заводтардың жұмысшыларын дала жұмыстарына жеткізу туралы, демалысқа бара жатқан жұмысшыларды тасу туралы, қорғаныс үшін жұмыс істейтін заводтардың жұмысшыларына берілетін азық-түлік жеңілдіктері туралы, кәсіби мобилизация жүргізу шаралары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Қорғаныс Советінің Орал қаласында екі ай бойы қоршауға төтеп берген 4-ші армияның қызыл әскерлері мен командирлер құрамына алғыс жариялау, қоршаудың әрбір айы үшін үш айлық жалақы мөлшерінде ақшалай сыйлық беру жөніндегі қаулысына қол қояды.

24 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитеттің құрамы туралы, Уралдың металлургиялық өнеркәсібі туралы мәселелер, шаруа және совет шаруашылықтарында егіс көлемдерінің, малдың, құрал-сайманның және халықтың санағын жүргізу туралы қаулы, қалмақтардың жерге орналасуын жаңадан ұйымдастыру туралы декрет және басқа мәселелер талқыланады.

25 июль. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Вильноны жауға беру себептерін тексеру жөніндегі комиссияның баяндамасы, пайдаланылған гильзалардан патрондар өндіру туралы, Оңтүстік майданға әскер бөлімдерін жіберу туралы, азық-түлік армиясын толықтыру шаралары туралы, темір жолдарға отын жеткізу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

29 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте автомобиль жүрісін қысқарту туралы, Москва мен Москва губерниясының экономикалық және саяси жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте егін жинау туралы мәселе, темір жолдар үшін отын жеткізу туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

30 июль. Ленин Фабзавкомдардың, кәсіподақтар басқармалары өкілдерінің, Москваның орталық жұмысшы кооперативі мен «Кооперация» қоғамының советі уәкілдерінің Москва конференциясында азық-түлік және соғыс жағдайы туралы сөз сөйлейді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте шымтезек кәсіпшіліктеріндегі жұмыстың барысы туралы, темір жолдар үшін отын жеткізу туралы, Петроград торабының теміржолшыларын астықпен жабдықтау туралы, санитарлық автомобильдерді мобилизациялау туралы, Москвада қуатты радиостанция орнату туралы, азық-түлік армиясы туралы мәселелер, әскер бөлімдерінде шаруашылық қызмет атқаратын адамдар құрамын толықтыру туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

31 июль. Ленин ағарту ісі мен социалистік мәдениет қызметкерлерінің Бүкіл россиялық I съезінде сөз сөйлейді.

Ленин А. М. Горькийдің Петроградтағы жағдай туралы хатына жауап беріп хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте бірыңғай Мемлекеттік музей қорын жасау туралы, орталық және жергілікті әскери даярдау бөлімдеріне берілетін кредиттерді ұзарту туралы, Сибирьдегі жұмысты талқылайтын комиссия туралы, тұрақты бағалар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Июльдің аяғы. Ленин Советтік Россияның Венгрияға көзқарасы туралы Бела Кунге хат жазады.

Июль. Ленин коммунистік жастар қозғалысының міндеттері және Коммунистік Жастар Интернационалының программасы туралы Мюнхендегі коммунистік жастар ұйымдарының басшысы, неміс коммунисі А. Курелламен және венгр жастар одағының өкілдерімен әңгімелеседі.

Ленин «Малайлар бөлмесінде» деген мақала жазады.

1 август. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; патрон заводтарын жұмысшылармен қамтамасыз ету туралы баяндама жасайды. Мәжілісте сонымен қатар Царицынды эвакуациялау туралы, Оңтүстік майданға әскер бөлімдерін жіберу туралы, әскери мекемелердегі армияға ауыстыруға болатын офицерлер туралы, Саратов теміржолшыларын окоп жұмыстарына мобилизациялау туралы, Уралдан металл тасу туралы, егін жинау үшін керекті жұмысшыларды ең көп мөлшерде дереу алу шаралары туралы мәселелер, велосипедтерді мобилизациялау туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин 7-ші армияның Революциялық-әскери советіне: қайткен күнде де Петроградты сақтап қалу керек деген телеграммаға қол қояды.

5 август. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Егіншілік халық комиссариатының «Совет шаруашылықтарының губерниялық және аудандық басқармаларын ұйымдастырып, жұмысын жолға қою туралы» нұсқауының жобасына өзгерістер мен қосымшалар енгізеді. Сонымен қатар мәжілісте Сибирьдің жұмысшыларына, шаруаларына, бөгде халқы мен еңбекші казактарына үндеу хаттың жобасы, міндетті өнім айырбасы туралы декреттің жобасы, Қызыл Армияны жабдықтау ісін біріктіру туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Коминтерн Атқару Комитеті Бюросының мәжілісіне қатысады. Мәжілісте парламентаризмге көзқарас туралы және басқа мәселелер талқыланады.

6 август. Ленин Москваның Пресня, Сущево-Марьино, Хамовники және Бутырск аудандарындағы жұмысшы-қызыл әскерлердің партиялық емес конференциясында сөз сөйлейді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте ағаш ағызудың жай-күйі туралы, Симбирскінің, Ковровтың және Подольскінің патрон заводтарына жұ-

мысшылар жіберу туралы, жұмысшыларды егін жинауға пайдалану туралы және басқа мәселелер талқыланады.

7 август. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Халықтық банктің Орталық басқармасы жанынан ақша знактарын бөлу жөніндегі комиссия ұйымдастыру туралы, Центротекстильде жұмыс істейтін мамандарға бақылау орнату туралы мәселелер, өмірді қауіпсіздендіру туралы декреттің жобасы талқыланады, міндетті өнім айырбасы туралы декрет және басқалар бекітіледі.

8 август. Ленин 5-ші армияның құрылғанына жыл толуына байланысты оның Революциялық-әскери советіне жолданатын телеграммаға қол қояды, қызыл әскерлер мен командирлер құрамын құттықтап, социалистік революцияны қорғау кезінде сіңірген барлық еңбектері мен бастан кешірген қиыншылықтары үшін алғыс айтады.

Ленин коллегиялардың мүшелері мен олардың семьяларын материалдық жағынан қамтамасыз ету туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросына хат жазады.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Петроград торабының теміржолшыларын астықпен жабдықтау туралы, мобилизациялау ісін тәртіпке салу туралы, Жоғары әскери инспекцияны таратуды кідірту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

9 август. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының атынан Республика Революциялық-әскери советіне және Украина Халық Комиссарлары Советіне Одесса мен Киевті ақтық мүмкіндік қалғанша қорғау туралы директивалар береді.

10 август. Ленин Республика Революциялық-әскери советі председателінің орынбасары Э. М. Склянскийге Воронеж бағытында шабуылдың кешеуілдеп жатқаны туралы хат жазып, кешеуілдеу себебін және шабуылдың басталатын мерзімін хабарлауды талап етеді.

13 август.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте армиядан жіберілетін азық-түлік посылкалары туралы декретті жүзеге асыру туралы, Нижний Новгород портында жүк түсіретін қызыл әскерлерге қосымша беру үшін 1000 пұт астық босату туралы, Кронштадт пен Петроградтың өкпе тұстарын және кіре берістерін бөгеу жоспары туралы, отын тиеп жүрген барлық жұмысшыларды окоп жұмыстарынан босату туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Козловқа Оңтүстік майданның Революциялық-әскери советіне Деникинге қарсы шабуылга әзірлену туралы жіберілетін телеграммаға қол қояды.

Ленин әскери, қатынас жолдары және азық-түлік комиссариаттарынан өзге барлық комиссариаттарды жабу туралы, әскери жұмысқа мобилизациялау туралы, Украина Халық Комиссарлары Советін, Қорғаныс Советін, Орталық Атқару Комитеті мен КП(б) Орталық Комитетін бір мекеме етіп біріктіру қажеттігі туралы телеграммаға РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының атынан қол қояды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы мен Ұйымдастыру бюросының біріккен мәжілісіне қатысып, казактарға арналған үндеу хат туралы хабарлама жасайды.

14 август.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Сибирьдің жұмысшыларына, шаруаларына, бөгде халқы мен еңбекші казактарына арналған үндеу хат, Дон, Кубань, Терек, Астрахань, Урал, Оренбург, Сибирь, Жетісу, Забайкалье, Амур, Иркутск және Уссури казак әскерлеріндегі казактарға арналған үндеу, Москвадағы отын жағдайы туралы, мемлекетке картоп дайындау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

15 август.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Қызыл Армияны азық-түлікпен жабдықтайтын органдар мен Революциялық-әскери советтер арасында байланыс орнату туралы, дезертирлерге қарсы күресу туралы, Москва маңындағы көмір-

лі аудан басқармасын ұйымдастыру туралы мәселелер, Саратовта және Волга бойындағы басқа да порттарда жүк түсіру, астықты және басқа жүкті тезірек тасып әкету жөніндегі практикалық шаралар туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

16 август. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы мен Ұйымдастыру бюросының біріккен мәжілісіне қатысады.

19 август. Ленин итальян социалистері Д. Серрати мен К. Лаццариге хат жазады.

20 август. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте қызыл әскерлер семьяларын азық-түлікпен қосымша жабдықтау туралы декреттің жобасы, Москва қаласындағы диірмендер жұмысшыларын милитарландыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин ағылшын профессоры В. Гудке Буллиттің Париж конференциясына жасаған ұсыныстары туралы, Совет республикасының өз тәуелсіздігін жариялаған шағын ұлттарға көзқарасы туралы интервью береді. Қоштасарда Ленин Гудке өзінің фотографиясын сыйға тартып, оның сыртына ағылшын және орыс тілдерінде сөз арнайды.

21 август. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда казармалар салу туралы, Қорғаныс Советінің Қызыл Армия мен Флотты жабдықтау жөніндегі уәкіліне төтенше шығындарға қаржы бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

22 август. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Тамбовты жауға беріп кеткендік жөнінде тергеу жүргізу туралы, әскери мекемелердегі офицерлерді майданға жіберу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Советтердің Москва губерниялық съезінің делегациясын қабылдайды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросына Түркістан Советтік социалистік рес-

публикасының конституциясын бекіту туралы мәселе енгізу керек екені жөнінде Л. Б. Каменевке записка жазады.

24 август. Ленин «Колчакты жеңгендігіміз жөнінде жұмысшылар мен шаруаларға хат» жазады.

26 август. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда дайындау отрядтарына сыйлық ақы беру туралы, совет қызметшілерінің есебін алу туралы мәселелер, театр ісін біріктіру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

27 август. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Белебейдегі башқұрт дивизиясы туралы және Петроградты эвакуациялау туралы мәселелер жөнінде баяндамалар жасайды. Мәжілісте сонымен қатар Көмір бас комитетін қайта құру туралы, пайдаланылған гильзалардан патрондар жасап шығару туралы, Ижевск заводының жұмысшыларын қызыл әскерлер паегіне көшіру туралы, бос вагонның жеткіліксіздігі туралы мәселелер, Рязань, Тула, Орел, Воронеж, Тамбов және Пенза губернияларын соғыс жағдайында деп жариялау туралы қаулының жобасы, әскери міндеттілердің есебін алу туралы қаулының жобасы, мобилизацияланған машиналарда жұмыс істеуге шоферлерді мобилизациялау туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

28 август. Ленин Сильвия Панкхерстке хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің совет шаруашылықтарын басқару туралы нұсқауына қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Москва мен Петроградта балаларды тегін тамақтандыру жөніндегі декретті іс жүзіне асыру туралы, Москва үшін ағаш отын дайындау туралы, астық салымын жүзеге асыру жөнінде ойдағыдай жұмыс істегені үшін дайындау отрядтарының жұмысшыларына сыйлық беру туралы мәселелер, совхоздар мен губерниялық жер бөлімдерінің қарым-қатынасы туралы мәселе жөніндегі комис-

сияның баяндамасы, әскери ұйымдарды азық-түлік дайындау үшін пайдалапу туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

29 август. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте бұрынғы офицерлерді майданға жіберу туралы, Қорғаныс Советінің таскөмір өнеркәсібінің жұмысшылары мен қызметшілерін милитарландыру туралы қаулыларын Урал, Сибирь таскөмір өнеркәсібінің және басқа таскөмір бассейндерінің жұмысшылары мен қызметшілеріне қолдану туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университетте мемлекет туралы екінші лекциясын оқиды.

30 август. Ленин Гурьевтегі мұнайды басып алу және казактардың мұнайды өртеп кетуіне жол бермеу үшін барлық шараны қолдану қажеттігі туралы Түркістан майданының қолбасшысы М. В. Фрунзеге телеграмма жазады.

Августың аяғы. Ленин Мамонтовқа қарсы күресу шаралары туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының шешімдерінің жобаларын жазады.

Август. Ленин Америкадағы коммунистік және жұмысшы қозғалысы туралы Ш. Агурскиймен әңгімелеседі.

Ленин «Астықпен еркін сауда жасау туралы» деген мақала жазады.

Жаз. Ленин Республика Революциялық-әскери советіне Э. М. Склянский мен И. Т. Смилгаға записка жазып, белгілі революционер Камо (С. А. Тер-Петросян) жөнінде ұнамды мінездеме береді.

Кеш дегенде 1 сентябрь. Ленин Н. Н. Крестинский мен Я. С. Ганецкийге записка жазып, Лениннің қалып кеткен кітапханасын аман сақтау және оны Советтік Россияға жеткізу жөнінде шара қолдану үшін Галицияда тұратын Д. Б. Вигилевпен байланыс жасауды өтінеді.

2 сентябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда қызыл әскерлер шаруашылықтарына көмек беру үшін Егіншілік халық комиссариатына қаржы босату туралы, қызыл әскерлер паегін көбейту туралы, дайындау отрядтарының жұмысшыларына сыйлық беру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

3 сентябрь. Ленин Москва қаласының Басманный, Лефортово, Алексеев және Сокольники аудандарындағы жұмысшы-қызыл әскерлердің партиялық емес конференциясында ағымдағы кезең туралы сөз сөйлейді.

4 сентябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Центротекстильде коллегиялық басқару орнына дара басқаруды енгізу туралы Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасын жазады. Мәжілісте сонымен қатар ғылыми кітапханаларды ревизиялаудың нәтижелері туралы, Москваны астықпен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин аэропландардың атты әскерге қарсы күрестегі маңызы туралы Э. М. Склянскийге записка жазады.

Ленин Эстониямен бітім туралы келіс сөз жүргізе бастау жөнінде Сыртқы істер халық комиссариатына нұсқау береді.

Ленин бұрынғы жеке меншік кітапханалардың кітаптарын Румянцев музейіне беру туралы Халық Комиссарлары Советінің декретіне қол қояды.

Ленин Э. М. Склянскийге записка жазып, ағылшындардың таяуда Кавказдан кететіні және олардың өз мүлкін Деникин армиясына беретіні жөніндегі мәліметтерді пайдалану және баспасөзде жариялау жөнінде директива береді.

5 сентябрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Петроградты эвакуациялау туралы мәселе жөніндегі қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сонымен қатар Тамбов маңында шептің бұзылуын жою туралы, Волгада кеме қатынасын тәртіпке салу шаралары туралы, Москваны жеммен жабдықтау

туралы, Камадан ағаш отын мен тұзды тасып әкелу туралы, Тула заводтарының өнімділігі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин башқұрт әскер бөлімдерін Петроградты қорғауға тез жөнелту қажеттігі туралы Башқұрт ревкомына телеграмма жібереді, қызыл әскер башқұрттарға сәлем жолдайды.

6 сентябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Ленинге бір-екі аптаға демалыс беру туралы мәселе шешіледі.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының тапсыруы бойынша Оңтүстік майдандағы күштерді қайта топтау мәселесі жөнінде Л. Д. Троцкийге және Оңтүстік майдан Революциялық-әскери советінің мүшелері Л. П. Серебряков пен М. М. Лашевичке жіберілетін телеграммаға қол қояды.

Ленин «Барлық комиссариаттардың барлық коллегия мүшелері мен халық комиссарларына» хат жазып, қоса жіберіліп отырған А. Г. Гойхбаргтің «Совет республикасының заңдарын орындаңдар!» деген кітапшасында Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше VI съезінің заңдарды орындау туралы мәселе жөніндегі 1918 жылғы 8 ноябрьдегі қаулысының көшіріліп басылғанына назар аударады.

11 сентябрь Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, Финляндия, Литва және Латвия үкіметтеріне бітім жөнінде дереу ұсыныс жасауды жақтап дауыс береді; бітім жөнінде ұсыныс жасау уақыты туралы мәселе бойынша сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда мектеп оқушыларының тамағына кредит беру туралы, село шаруашылықтарына салынатын заттай салықты жеңілдету туралы, мамандардың жалақысын арттыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

12 сентябрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Москва маңындағы

таскөмір бассейні жұмысының қорытындылары туралы, қорғаныс жөніндегі аса маңызды жұмысты атқарып жүрген Петроград пен Кронштадт жұмысшылары үшін азық-түлік босату туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Петроград Советінің аппаратын жат ниетті адамдардың жайлап алғаны туралы Смольный жұмысшылары мен қызметшілері комитетінің арызын И. В. Сталинге жіберіп, арызда көрсетілген фактілерді тексеруді өтінеді.

15 сентябрь. Ленин А. М. Горькийге хат жазады, онда буржуазиялық интеллигенттердің қамауға алынғанын тексеру үшін РКП(б) Орталық Комитеті қолданған шаралар туралы хабарлайды.

16 сентябрь. Ленин Республика Революциялық-әскери советінің мүшесі С. И. Гусевке хат жазады, онда Республика Революциялық-әскери советінің соғыс операциялары жөніндегі басшылығын қатты сынайды.

18—20 сентябрь. Ленин «Буржуазия ренегаттарды қалай пайдаланады» деген мақала жазады.

21 сентябрь. Лениннің Г. Е. Зиновьевтің «Біздің партияның сан құрамы туралы» деген мақаласына жазған алғы сөзі «Правданың» 210-номерінде жарияланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, Латыш дивизиясы мен қызыл казактардың атты әскер бригадасын Батыс майданнан Оңтүстік майданға жіберу туралы ұсыныс енгізеді.

22 сентябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің дене еңбегі жұмысшыларын өндірістік киіммен жабдықтау туралы қаулысына қол қояды.

23 сентябрь. Ленин «Американ жұмысшыларына» хат жазады.

Ленин жұмысшы әйелдердің Москва жалпы қалалық партиялық емес IV конференциясында Совет республикасындағы жұмысшы әйелдер қозғалысының міндеттері туралы сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советі мәжілісінің күн тәртібіне В. А. Аванесовты Мемлекеттік бақылау халық комиссарының орынбасары етіп бекіту туралы мәселе енгізеді және осы мәселе жөнінде өзі жазған шешім жобасын тапсырады. Мәжілісте сонымен қатар Түркістан істері жөніндегі комиссияның құрылымы мен жұмысының барысы туралы, сұйық отын туралы мәселелер, қызыл әскерлер мен олардың семьялары үшін белгіленген праволар мен жеңілдіктерді Қызыл Армияның командирлер құрамына да қолдану туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

23 және 30 сентябрь аралығында.

Ленин А. С. Соловьевтің Ухта мұнайы туралы баяндама запискасымен танысып, оған белгі соғады.

24 сентябрь.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Белебейден жіберілетін башқұрт дивизиясының келуін тездету жөніндегі шаралар туралы және Н. В. Крыленконы Башқұрт ревкомына жіберу туралы, жалпыға бірдей әскери оқу ұйымдастыру туралы, «Русская машина» заводын милитарландыру туралы, Подольск патрон және оптика заводтарының жұмысшыларын қызыл әскерлер пасгіне көшіру туралы мәселелер, Мемлекеттік ғимараттар комитетінің жұмысшылары мен қызметшілерін әскери қызметке шақыру туралы қаулының жобасы, халықтан шинельдерді жинап алу туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Қорғаныс Советінің еңбекшілердің жалпыға бірдей әскери оқуын ұйымдастыру туралы, Москва — Витебск — Чернигов — Воронеж — Тамбов — Шацк — Москва шеңберіндегі ауданды қорғанысқа әзірлеу және оны соғыс жағдайында деп жариялау туралы қаулысына қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің балалар тамағын ұйымдастыру туралы декретіне қол қояды.

25 сентябрьден кешірек.	Ленин М. С. Ольминскиймен әңгімелескен кезінде совет аппаратындағы қағазбастылық пен бюрократизмге қарсы күресу қажеттігін көрсетеді.
26 сентябрь.	Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда террор туралы, Бас қолбасшының стратегиялық жоспары туралы, Оңтүстік майданды күшейту шаралары туралы, Москва қаласының Қорғаныс комитетін құру туралы, III Интернационал туралы, партия апталығы туралы, Советтердің VII съезі туралы, Бүкіл россиялық VIII партия конференциясы туралы және басқа мәселелер талқыланады.
27—28 сентябрь.	Ленин екі күнді Москва губерниялық атқару комитетінің демалыс үйінде, Руза уезіндегі бұрынғы «Васильевское» имениссінде өткізеді.
30 сентябрь	Ленин Халық шаруашылығы жоғары советіне записка жазып, тиісті бөлімге Ухта мұнайы туралы баяндама записка жіберуді және осы мәселе жөнінде нақты не істелгені жөнінде оған жауап беруді өтінеді.
	Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; отын мен транспорт жөніндегі қысылшаң жағдайды талқылайтын комиссияны бекіту туралы мәселені қарап шешуді ұсынады. Халық Комиссарлары Советі Халық шаруашылығы жоғары советінің юридикалық бөлімдерін тарату туралы қаулының Ленин жазған жобасын қабылдайды.
Сентябрьдің аяғы.	Ленин «Christian Science Monitor» деген американ газетінің тілшісі Мак Брайдты қабылдап, оның сұрақтарына жауап береді.
Кеш дегенде сентябрь.	Ленин француз тұтқындарына жәрдем беру туралы және француз социалисі, журналист А. Гильбоның осы мәселе жөніндегі шағымы туралы Э. М. Склянскийге записка жазады.
Сентябрь — октябрь.	Ленин пролетариат диктатурасы туралы кітапшаның жоспары мен конспектілерін жасау жөнінде жұмыс істейді.

Сентябрь — декабрь.	Ленин Г. В. Чичериннің Прибалтика мемлекеттерімен бітім шартын жасасу жөніндегі хатына белгі соғып, ескертпелер жасайды.
Сентябрьден кешірек.	Ленин Главтекстиль басқармасының мүшесі А. А. Беляковпен әңгімелесе отырып, Главтекстиль жұмысы жөнінде жазбалар жасайды.
1 октябрь.	Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Орскіні, Ақтөбені, Темірді азат еткені үшін 1-ші армияға награда беру туралы қаулының жобасы, Совет мекемелерінің, қоғамдық және жеке меншік кәсіпорындардың қарамағындағы аттарды мобилизациялау туралы нұсқаудың жобасы, Сормово жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.
	Ленин 12-ші армия бөлімдеріне қосылу үшін қаһармандық жорық жасаған 45-ші, 58-ші дивизияларды революцияның құрметті туларымен наградтау туралы және осы жорығы үшін И. Э. Якирдің бүкіл тобына бір айлық ақы мөлшерінде ақшалай награда беру туралы Қорғаныс Советінің қаулысына қол қояды.
2 октябрь.	Ленин Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы мен Азық-түлік халық комиссариатының коммунистік фракцияларының кеңесінде председательдік етеді; азық дайындау қорытындылары туралы кеңес қаулысының жобасын жазады.
	Ленин Петроград жұмысшыларына телеграмма жібереді, онда өздерінің таңдаулы қызметкерлерін мобилизациялап, Оңтүстік майданға жіберу жөніндегі қажырлы жұмысы үшін оларды құттықтайды.
3 октябрь.	Ленин «Петроград жұмысшыларының үлгісі» деген мақала жазады.
4 октябрь.	Ленин Оңтүстік-Шығыс майдан Революциялық-әскери советінің мүшесі И. Т. Смилгаға Оңтүстік майданға көмек көрсету жөнінде жедел шаралар қолдану қажеттігі туралы хабарлайды.

5 октябрь. Ленин «The Chicago Daily News» деген американ газетінің тілшісі И. Левиннің сұрақтарына жауап жазады.

6 октябрь. Ленин РКСМ Бүкіл россиялық II съезіне құттықтау жібереді.

7 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Эстониямен бітім келіс сөздерін жүргізетін делегацияның құрамын толықтыру қажеттігі туралы М. М. Литвиновтың баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; онда екі рет соз сөйлейді. Мәжілісте сонымен қатар темір жол тасымалдары жөнінде комитет құру туралы, жалдаптыққа қарсы күресу туралы, Москва үшін ағаш отын дайындау туралы мәселелер, қалмақтың мал шаруашылығын аман сақтап, қалпына келтіру туралы декреттің жобасы, шаруаларға салынатын заттай салық жөніндегі жеңілдіктер туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

8 октябрь. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Түркістан істері жөнінде комиссия құру туралы қаулысына қол қояды.

Ленин Түркістан істері жөнінде комиссия құру мәселесі туралы В. В. Куйбышевпен әңгімелеседі.

Ленин Қорғаныс Советінің атынан РКП(б) Оренбург губерниялық комитеті мен губерниялық атқару комитетіне жіберілетін телеграммаға қол қояды, мұнда Оңтүстік майданға адамдар мен әскери жабдықтар жағынан көмектесу жөнінде директива беріледі.

9 октябрь. Ленин Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы мен Азық-түлік халық комиссариатының коммунистік фракцияларының өнім дайындау туралы мәселе жөніндегі екінші кеңесінің жұмысына басшылық етеді; мәселені талқылау кезінде жазбалар жасайды; «Кооперация туралы мәселе жөніндегі тілектерін» жазады.

10 октябрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; «Қорғаныс үшін жұмыс істейтін кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттыру туралы» қаулыға қосымшалар мен түзетулер жазады. Мәжілісте сонымен қатар артиллериялық қоймаларды күзету жөніндегі шаралар туралы, Республика Революциялық-әскери советінің жанындағы далалық байланыстар туралы, дезертирлерге қарсы күресу туралы мәселелер, майданның қарамағына беру үшін барлық азаматтардың және тылдағы әскери ведомство мекемелерінің барлық далалық телефон жабдықтарын жинап алу туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин «Итальян, француз және неміс коммунистеріне сәлем» деген мақала жазады.

11 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда әскери жабдықтауды ұйымдастыру туралы, Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының құрамы туралы, боротьбистер партиясын III Интернационалға қабылдау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин «Жұмысшылар мемлекеті және партия апталығы» деген мақала жазады.

13 октябрьден ертерек. Ленин Тула бекіністі ауданынан қайтып оралған А. В. Луначарскиймен осы аудандағы қысылтаяң жағдай туралы, гарнизон бөлімдерінің жай-күйі туралы әңгімелеседі; әскер бөлімдерінде және халық арасында онан әрі жұмыс жүргізу үшін Луначарскийге Тулаға қайтып баруға кеңес береді.

13 октябрь. Ленин 5-ші армияның Революциялық-әскери советіне И. Н. Смирновқа және Түркістан майданының қолбасшысы М. В. Фрунзеге Оңтүстік майданға жіберуге болатын 5-ші армия бөлімдерінің орнына пайдалану үшін жергілікті жұмысшылар мен шаруаларды мобилизациялау туралы РКП(б) Орталық Комитетінің директивасы жөнінде телеграмма береді.

14 октябрь. Ленин ауғанның төтенше елшілігін қабылдайды, елші Мухаммед Вали-ханмен әңгімеледі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте ішкі күзет отрядтарының казармаларындағы санитарлық жағдайды жақсарту шараларын жүргізу туралы Н. А. Семашконың баяндамасы, жалдаптыққа қарсы күресу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Петроград Советі Атқару комитетіне жіберген телеграммасында Юденичтің шабуылын тойтару, Оңтүстік майданға одан әрі көмек көрсету, майданға жіберу үшін совет мекемелерінің қызметкерлерін мобилизациялау жөнінде директива береді.

Ленин Советтік Россияның қиын жағдайы туралы, коммунистік қозғалыстың өсуі және халықаралық революцияның сөзсіз жеңіп шығатындығы туралы бір топ шетел коммунистеріне неміс тілінде хат жазады.

15 октябрь. Ленин Оңтүстік майданға радио станцияларын дереу жөнелту туралы Э. М. Склянскийге записка жазады.

РКП(б) Орталық Комитеті әскери мақсаттарға жарамды әр түрлі мүліктерді іздестіру туралы декреттің жобасын әзірлеу үшін Ленин бастаған комиссия құрады.

Ленин Э. М. Склянскийге, Н. А. Семашкоға және Л. Б. Каменевке жазған хатында Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті жанынан жаралыларға көмек беретін комитет құру туралы декреттің жобасын әзірлеу жөнінде нұсқау береді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының жұмысына қатысады, онда майдандардағы жағдай туралы мәселе талқыланады. Ленин әскери жұмысқа жарамды адамдарды босату мақсатымен азаматтық басқаруды оңайлату туралы декретті әзірлеу жөніндегі комиссияға сайланады.

16 октябрь. Ленин Ярославль және Владимир губернияларының мобилизацияланған коммунист-жұмысшылары алдында Москва Советі үйінің балконынан сөз сөйлейді.

17 октябрь. Ленин «Петроградтың жұмысшылары мен қызыл әскерлеріне» үндеу хат жазады.

Ленин Троцкий мен Зиновьевтің Петроградты ақ гвардияшыларға беру туралы шешіміне жауап ретінде РКП(б) Петроград комитетіне тікелей провод арқылы Петроградты қайткен күнде де сақтап қалу және қаланы қасық қаны қалғанша қорғау жөнінде жарлық береді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Республиканың қорғанысы үшін жұмыс істейтін кәсіпорындардағы мерзімнен тыс жұмыс туралы ереженің жобасына қосымшалар жазады. Мәжілісте сонымен қатар дала құрылысындағы мобилизация жөніндегі жеңілдіктер туралы, Солтүстік аудан балықшыларын мобилизациялау туралы, әскери мақсаттар мен әскери жабдықтау үшін жарамды әр түрлі мүліктерді іздестіру туралы, теміржолшыларды өндірістік киіммен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Колчакқа қарсы күресуші әскерлер үшін киім-кешек босату туралы Сибирь ревкомының телеграммасына бұрыштама жазады және Оңтүстік майданға 5-ші армияны дереу жіберуді ұсынады.

17—18 октябрь. Ленин Петроградқа жіберілген азық-түлік туралы Азық-түлік халық комиссариатынан мәліметтер сұратады және бұл мәліметтерді телеграмма арқылы Петроград Советіне хабарлайды.

18 октябрь. Ленин РКП(б) Петроград комитетіне телеграмма жібереді, Юденич әскерлеріне қарсы тез шабуыл жасап, қоршап алуды ұсынады.

Ленин Түркістан майданының қолбасшысы М. В. Фрунзеге жіберген телеграммасында, РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының шешіміне сәйкес, Оралдағы ақ казактарды талқандауға баса назар аударуды және Оңтүстік майданға көрсетілетін көмекті барынша тездетуді ұсынады.

19 октябрь. Ленин «Қызыл әскер жолдастарға» үндеу хат жазады.

Ленин запас армияның қолбасшысы Б. И. Гольдбергтен телеграф арқылы жасақ-

тар үшін адамдардың қаншалықты жеткілікті екенін, жұмыстың қаншалықты нәтижелі жүргізіліп жатқанын, жергілікті қызметкерлердің қалай көмектесіп отырғанын сұратады; телеграмманың мазмұнымен жергілікті қызметкерлерді таныстыруды және оған жауап қайыруды сұрайды.

20 октябрь. Ленин Саратов пен Тамбовтың губерниялық орман комитеттеріне, уездік орман комитеттеріне, темір жол комитеттеріне, губерниялық атқару комитеттеріне және басқаларға ағаш отын дайындау жөнінде жедел шаралар қолдану туралы телеграммаға қол қояды.

Ленин Тула ревкомының мүшелері Г. Н. Каминскийге, В. И. Межлаукке, Д. П. Оськинге әскери және әскери-жабдықтау жұмысына барынша баса назар аудару жөнінде директива береді.

Ерте дегенде 20 октябрь. Ленин Советтік Россияның 26 губерниясында 1918—1919 жылы өндіріліп, тұтынылған астық пен ет туралы Орталық статистика басқармасының статистикалық кестелерімен таныса келіп, бұларға белгілер соғып, жолдардың астын сызады; ішінара бұл материалдарды өзінің «Пролетариат диктатурасы заманындағы экономика мен саясат» деген еңбегінде пайдаланады.

21 октябрь. Ленин «Москвадағы партиялық аптаның қорытындылары және біздің міндеттеріміз» деген мақала жазады.

Ленин 5-ші армияның Революциялық-әскери советіне И. Н. Смирновқа жіберген телеграммасында Шығыс майданды сақтау туралы оның өз пікірін, сонымен қатар олардың Оңтүстік майданға жібере алатын әскерлерінің санын хабарлауын өтінеді.

Ленин Батыс майданның Революциялық-әскери советіне В. М. Гиттис пен А. И. Потяевке телеграмма жіберіп, поляк солдаттарының қызыл әскерлермен бауырласуы туралы, сондай-ақ поляк солдаттарының пиғылы туралы хабарды тексеруді өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етіп, бірнеше рет сөз

сөйлейді; Совет өкіметінің азаматтық аппаратын оңайлату туралы декреттің жобасын талқылау барысында мүдделі комиссариаттардың өкілдерімен жобаны келісу жөніндегі комиссияның құрамын белгілейді. Мәжілісте сонымен қатар жалдаптыққа, талан-таражға, подлогқа және басқа да жолсыздықтарға қарсы күресу туралы декреттің жобасы, жаңа үлгідегі ақша знактары мен кредит билеттерін шығару туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

22 октябрь. Ленин Л. Д. Троцкийдің Эстония территориясына совет әскерлерін енгізу жөніндегі ұсынысына жауап ретінде оған записка жазып, бұл жоспарды жүзеге асыруға қарсы болады.

Ленин Л. Д. Троцкийге жазған запискасында Юденичті талқандаудың маңыздылығын көрсетеді, бұл мақсат үшін 20 мың Питер жұмысшысын қосымша мобилизациялаған жөн деп санайды, Оңтүстік майданнан әскерлер алудың қауіптілігін атап көрсетеді.

Ленин бас қолбасшы С. С. Каменевтің алдын ала қорытынды жасау үшін оған үкіметтің оперативтік директиваларының жобаларын беру туралы өтініш жасаған баяндамасымен таныса келіп, бұған келісетіні туралы бұрыштама жазады.

23 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының жұмысына қатысады, онда Санитария бас басқармасын ұйымдастыру туралы, Москва бекіністі ауданының комендантын тағайындау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

24 октябрь. Ленин Свердлов университетінің майданға бара жатқан тыңдаушылары алдында сөз сөйлейді.

Ленин Иваново-Вознесенскінің мобилизацияланған коммунист-жұмысшылары алдында сөз сөйлейді.

Ленин әскери халық комиссарының орынбасары Э. М. Склянскийге Оңтүстік майданға әскер бөлімдерін жөнелту жөнінде жедел шаралар қолдануға және белгіленген шараларды жүзеге асыратын жауапты адамдар тағайындауға жарлық береді.

Ленин Мемлекеттік баспаның меңгерушісі В. В. Воровскийге жазған хатында «III Интернационал. 6—7 март, 1919» деген кітапшаны басып шығаруға салақ қарағаны үшін қатаң сөгіс жариялайды.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда армиядағы бөртпе сүзекке қарсы күресу жөніндегі санитарлық шаралар туралы, Москва маңындағы көмір бассейніндегі жұмыс қорытындылары туралы, Қызыл Армияны, транспортты және бірқатар кәсіпорындарды отынмен жабдықтауды күшейту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

25 октябрь. Ленин Москвадан майдан өңіріндегі ауданға үгіт поезымен жүріп кеткелі жатқан М. И. Калининмен әңгімелеседі.

Ленин Оңтүстік майданның Революциялық-әскери советіне хат жазып, «...бүкіл армияға жан-жақты қызмет етіп, оны сауықтыруға арналған *ойластырыла ұйымдасқан топ*» болып табылатын мобилизацияланған Иваново-Вознесенск жұмысшыларын дұрыс және қамқорлықпен орналастыруды өтінеді.

25 октябрьден кешірек. Ленин Г. И. Зиновьевке жазған хатында сланец өндіруге бар күштің жұмсалуын ұсынып, бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін нақты шаралар қолдануды сұрайды.

26 октябрь. Ленин Пугачев уездік азық-түлік кеңесіне жіберілетін телеграммаға қол қояды, мұнда салымды қандай селолардың немесе болыстардың толық орындағанын дереу хабарлауды талап етеді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады.

28 октябрь. Ленин шетелдік коммунистерге: «Лорио жолдасқа және III Интернационалға қосылған барлық француз достарға», «Германия Коммунистік партиясының Орталық комитетіне жіктеліс жөнінде», «Біртұтас «Германия Коммунистік партиясында» болған және қазір жаңа партия құрған коммунист жолдастарға», «Серрати жолдасқа және жалпы итальян коммунистеріне» хаттар жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; осы мәжілісте он екі рет сөз сойлейді. Мәжілісте сонымен қатар жалдаптыққа қарсы күресу шаралары туралы қаулының жобасы, Оңтүстік-Шығыс майданның Революциялық-әскери советінің Саратов губерниялық азық-түлік комитетіне жем мен азық-түліктің бір бөлегін ағаш отынды тасып жеткізу жөніндегі шұғыл тапсырмаларды орындау үшін шаруаларға қалдыруға рұқсат беру туралы өтініші және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин мектептен тыс білім беру жөніндегі курстардың майданға аттанып бара жатқан тыңдаушыларының алдында сөз сөйлейді.

29 октябрь. Ленин Кремль комендантына мынадай записка жазады: «Бүгін қызыл әскер (осында Кремльдегі курстарда оқиды), Рязань губерниясынан Григорий Иванович Никольскийден қағаз келіп түсуге тиіс. Соны қабылдап, дәл бүгін менің өзіме жеткізу керек. Халық Комиссарлары Советінің председателі В. Ульянов (Ленин)».

30 октябрь. Ленин «Пролетариат диктатурасы заманындағы экономика мен саясат» деген мақала жазады.

31 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Украина өкілдерінің болғалы отырған Советтердің Бүкіл россиялық съезіне қатысуы туралы, картоп дайындау туралы, халық комиссариаттары және басқа совет мекемелері көтеретін принципті мәселелерді талқылау тәртібі туралы, Еңбек халық комиссариаты мен Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатын қосу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда студенттерді мобилизациялау туралы, Қорғаныс Советінің Қостанай және Троицк аудандарынан астық тасып әкелу жөніндегі қаулысының орындалуы туралы, Уралда таскөмір ондірісін өркендету үшін қолданылған шаралар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Октябрь. Ленин М. В. Фрунземен оны Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі комиссиясының құрамында Түркістанға жіберу туралы әңгімеледеді.

Ленин профессор В. Н. Тонковты қабылдап, онымен ғалымдардың тұрмыс жағдайы туралы әңгімелеседі.

1 ноябрь. Ленин Петроградқа Юденичті талқандау үшін көп күш жинақтау жөнінде телеграмма жібереді.

Ленин 5-ші армияның Революциялық-әскери Советінен 5-ші армиядан Оңтүстік майданға қанша және қандай дивизияларды қай кезде жіберуге болатынын телеграмма арқылы сұратады.

4 ноябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда амнистия туралы декреттің жобасы, Совет өкіметінің азаматтық аппаратын оңайлату туралы декреттің жобасы, Еңбек халық комиссариатын Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатымен қосу формалары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

5 ноябрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда фельдшерлерді әскери қызметке шақыру туралы, Түркістан майданында бөртпе сүзекке қарсы күресу шаралары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Қорғаныс Советінің Шығыс және Түркістан майдандарында бөртпе сүзекке қарсы күресу шаралары туралы қаулысына қол қояды.

Ленин Совет өкіметінің екі жылдық мерекесіне байланысты «Петроград жұмысшыларына сәлем» деген мақала жазады.

6 ноябрь. Лениннің «Совет өкіметі және әйелдің жағдайы» деген мақаласы «Правданың» 249-номерінде жарияланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, Лорио арқылы жасалған бітім жөніндегі ұсыныс туралы баяндама жасайды. Мәжілісте сонымен қатар

Бүкіл россиялық VIII партия конференциясын және Советтердің Бүкіл россиялық VII съезін шақыру туралы мәселе талқыланады.

7 ноябрь. Лениннің «Совет өкіметінің екі жылы» деген мақаласы «Беднота» газетінің 478-номерінде жарияланады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, жұмысшы және шаруа депутаттары Москва советінің, ВЦСПС-тің және фабрика-завод комитеттерінің Октябрь революциясының екі жылдық мерекесіне арналған біріккен мәжілісінде сөз сөйлейді.

7—10 ноябрь. Лениннің «Түркістандағы коммунист жолдастарға» деген хаты «Туркестанский Коммунист», «Известия ЦИК Туркестанской Республики» және «Красный Фронт» газеттерінің мерекелік біріккен номерінде жарияланады.

8 ноябрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Москва үшін қажетті отын минимумын жеткізу туралы, бес түрлі жастағы ересек адамдарды ағаш отын дайындауға мобилизациялау туралы, Республиканың санитарлық жағдайын жақсарту жөнінде Бүкіл россиялық комиссия құру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Қорғаныс Советінің Шатура және Кашира құрылыстарында жұмыс істеушілердің бәрін әскери қызметтегілер деп тану туралы қаулысына қол қояды.

10 ноябрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Петроградтың «Нефтегаз» заводын милитарландыру туралы қаулының жобасы, тар табанды темір жолдар салу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

11 ноябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда бірыңғай орман органын құру туралы, совет қызметшілерін ағаш отын дайындауға мобилизациялау туралы, Третьяков галереясын, кітапханаларды және басқа мәдени-ағарту мекеме-

лерін отынмен қамтамасыз ету туралы, тәртіпке шақыратын жолдастық соттар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Шымтезек бас комитетіне хат жазып, өзіне 1919 жылғы шымтезек науқаны туралы есеп жіберуді өтінеді.

12 ноябрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте армияда бөртпе сүзекке қарсы күресу шаралары туралы, Москваны қала маңындағы шымтезекпен жабдықтау туралы, картоп дайындау туралы мәселелер, отын органдарының жұмысын милитарландыру және Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорт, экономика бөлімдерін осы органдардың жұмысын бақылауға тарту туралы ереженің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

13 ноябрь. РКП(б) Орталық Комитетінің партия ұйымдарына арнап В. И. Ленин жазған «Отын дағдарысына қарсы күресейік» деген нұсқау хаты «Правданың» 254-номерінде жарияланады.

15 ноябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте совет мекемелерінде электр энергиясын пайдалануға шек қою туралы декреттің жобасы, картоп дайындау туралы, жұмысшыларды азық-түлікпен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Сызрань-Вязьма темір жолы саяси бөлімінің председателі, темір жолдарды отынмен жабдықтау жөніндегі төтенше шараларды жүзеге асыру үшін РКП(б) Орталық Комитеті тағайындаған В. Ю. Кадзюлисті қабылдап, онымен әңгімелеседі.

17 ноябрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Москва отын басқармасын рельстермен жабдықтаудағы саботаж жөніндегі істі тексеру туралы мәселе, тіс дәрігерлерін нағыз әскери қызметке шақыру туралы қаулының жобасы, Халық шаруашылығы жоғары советі мен Азық-түлік халық комиссариатының әскери мүлік жөніндегі нарядтарды қайта қарау жұмыстарының нәтижелері туралы баяндамасы, Орман бас

комитетінің отын дайындау туралы баяндамасы, Отын бас комитетінің отын тиеу туралы баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

18 ноябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; картоп дайындау туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сонымен қатар зығырға товар айырбастау үшін арнаулы товар қорын ұйымдастыру туралы, транспорттың жұмысын жақсарту шаралары туралы, баспахана өндірісінің қиын-қыстау жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин деревнядағы партиялық жұмыс жөніндегі Бүкіл россиялық I кеңесте сөз сөйлейді; сөз сөйлегеннен кейін ол кеңеске қатысушылармен бірге суретке түсіп, олармен әңгімелеседі.

19 ноябрь. Ленин Қытай социалистік жұмысшы партиясының мүшесі және Россиядағы қытай жұмысшылары одағының Орталық атқару комитетінің председателі Лю Цзэ-жунды (Лау Сиу-джауды) қабылдап, онымен қытай революциясы туралы, Одақтың жұмысы туралы әңгімелеседі.

20 ноябрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда қар басқынына қарсы күресу жөніндегі еңбек міндеткерлігі туралы, телеграф-телефон мекемелерін отынмен жабдықтау туралы, ағаш отын таситын вагондардың санын көбейту жөніндегі шұғыл шаралар туралы, Рязань-Урал темір жолында еңбек қабілетінің төмендеп кетуі туралы мәселелер, бүкіл Республикада ағаш таситын тар табанды темір жолдар салуды басқаратын біріккен орган құру туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

21 ноябрь. Ленин А. С. Енукидзеге записка жазып, Совет республикасына көмектесу үшін шетелден келген адамдарға біраз қосымша азық-түлік жеткізуді өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Совет өкіметінің азаматтық аппаратын оңайлату туралы декреттің жобасы, орман ма-

мандарын пайдалану туралы қаулының жобасы, бүкіл Республикада ағаш таситын тар табанды және кең табанды темір жолдар салуды басқаратын Жоғарғы коллегия құру туралы ереженің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті мүшелерінің Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Бүкіл россиялық II съезіне келген бір топ делегаттармен алдын ала кеңесін өткізеді; кеңес кезінде жазбалар жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Украинадағы Совет өкіметі туралы Ленин жазған тезистер талқыланып, қабылданады.

22 ноябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда картоп дайындау туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Бүкіл россиялық II съезінде баяндама жасайды.

25 ноябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Москва мен Петроградты астықпен жабдықтау туралы мәселе, Совет өкіметінің азаматтық аппаратын оңайлату туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Шығыс майданда бөртпе сүзекке қарсы күресу шаралары туралы доктор Б. С. Вейсбродқа тікелей провод арқылы записка береді.

26 ноябрьден ертерек. Ленин Смоленск губерниясындағы Каспля болысының шаруасы И. Заламаевтың хатына оның заңсыз алынған сиырын дереу қайтару туралы бұрыштама жазады.

26 ноябрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте темір жолдарда әскери тәртіпті енгізу жөніндегі Ерекше комитеттің қызметі туралы, Москва маңындағы бассейннің көмірін тиеуді барынша тездету шаралары туралы, Бірінші электр станциясының жұмысшылары мен қызметші-

лерін азық-түлікпен жабдықтау туралы, қызыл әскерлердің семьяларына қосымша паек беру туралы мәселелер, 5-ші курстың студент-медиктерін даярлап шығаруды тездетіп, әскери қызметке шақыру туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

27 ноябрь. Ленин «Экономическая Жизнь» газетінде халық шаруашылығының негізгі салаларын өркендету жөніндегі жұмыстың қорытындылары туралы ауық-ауық есептер басып тұру мәселесін талқылау жөнінде Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумына директива береді.

28 ноябрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте қар басқынына қарсы күресу жөніндегі еңбек міндеткерлігі туралы декреттің жобасы, шығысқа қарай жолаушылар жүрісінің тоқтатылуына байланысты қапшықшылдыққа қарсы күресу туралы ережелер жобасы, телеграф және телефон құрылысына жарамды сымның қолда бар запасын есепке алу туралы және оны көп өндіру шаралары туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

29 ноябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының жұмысына басшылық етеді; Советтердің VII съезінде бітім туралы және бітім келіс сөздері туралы жасалатын қысқаша баяндаманың тезистерін жасауды Г. В. Чичеринге тапсыру туралы пленум қаулысының жобасын жазады. Пленум Ленин енгізген 2-пунктті қоса Украинадағы Совет өкіметі туралы қарардың жобасын қабылдайды; РКП(б) Орталық Комитетінің Бүкіл россиялық VIII партия конференциясындағы саяси есебі бойынша Ленинді баяндамашы етіп ұсынады және оны Советтердің съезінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндама жасауға уәкіл етеді.

Күз. Ленин өзінің 1918 жылы 20 августа жазған «Американ жұмысшыларына хатын» Америка Құрама Штаттарына жеткізген П. И. Травинді қабылдайды.

Ленин Н. К. Крупскаямен және Н. А. Семашкомен бірге 151-ші әскери госпитальға барады, жаралы қызыл әскерлермен олардың денсаулығы, тамақтануы, емделуі туралы әңгімелеседі; майдандардағы істің жайы туралы, Юденичтің талқандалуы туралы, Деникинге қарсы күрестегі табыстар туралы хабарлама жасайды.

Ленин Халық ағарту комиссариаты Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқармасының тәжірибе-үлгі мектебіне барады, мектептің басшыларымен және оқушыларымен әңгімеледі, олардың тұрмысын, оқу жағдайын сұрастырады; көркемөнерпаздар кешіне қатысады.

1 декабрь. Ленин егіншілік халық комиссары С. П. Середаны және егіншілік коммуналары мен ауыл шаруашылық артельдерінің I съезіне Калуга губерниясынан Москваға келген делегат Д. П. Карпунковты қабылдап, олармен әңгімелеседі.

Ленин Астраханьдағы соғыс жағдайы туралы, Астраханьды сақтап қалу және ондағы балықтың, матаның, металдың, май мен тұздың запастарын тасып әкету жөнінде барлық шаралар қолдану қажеттігі туралы А. И. Рыковпен тікелей провод арқылы сөйлеседі.

2 декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, «Әскери тасымалдарға байланысты темір жол транспортын жақсарту туралы» декреттің жобасына қосымша енгізеді.

Ленин кіріспе сөз сөйлеп РКП(б) Бүкіл россиялық VIII конференциясын ашады, президиумның құрамына сайланады және конференцияның бірінші (таңертеңгі) мәжілісінде председательдік етеді. Екінші (кешкі) мәжілісте Орталық Комитеттің саяси баяндамасын жасайды және баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді; халықаралық саясат туралы мәселе жөніндегі қарардың жобасын жазады.

3 декабрь. Ленин конференцияның үшінші (таңертеңгі) мәжілісінде Украинадағы Совет өкіметі туралы сөз сөйлейді және төртінші (кешкі) мә-

жілісінде осы мәселе жөнінде қорытынды сөз сөйлейді.

Ленин РКП(б) Уставының жобасын басып шығару жөнінде РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросына хат жазады.

4 декабрь. Ленин егіншілік коммуналары мен ауыл шаруашылық артельдерінің I съезінде сөз сөйлейді.

Ерте дегенде 4 декабрь. Ленин «ВЦСПС жанындағы РКП фракциясының бюросы туралы ереженің» жобасына ескертпелер жазады.

5 декабрь. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VII съезінің бірінші мәжілісінде президиумның құрамына сайланады, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндама жасайды және халықаралық саясат туралы қарардың жобасын оқып береді, мұны съезд біраузыдан қабылдайды.

6 декабрь. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VII съезінің екінші мәжілісінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің баяндамасы бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советінің Москваны азық-түлікпен жабдықтау туралы қаулысының жобасын жазады.

7 декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің ақ гвардияшылар командованиесі түкпірдегі қазақ даласына эвакуациялаған Орал казактары семьяларын туған станицаларына қайтару және оларға көмек көрсету туралы қаулысына қол қояды.

8 декабрь. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VII съезінің ұйымдастыру секциясының екінші мәжілісінде совет құрылысы туралы баяндама бойынша жарыс сөзде сөйлейді.

9 декабрь. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VII съезінің бесінші мәжілісінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып

сайланады; съезді жабарда қорытынды сөз сөйлейді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Уралдың кен-завод жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтау туралы мәселе талқыланады.

9 декабрьден кешірек. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VII съезінің делегаттарымен ұлт мәселесі жөнінде кеңес өткізеді.

10 декабрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Батыс майданның Революциялық-әскери советінің жанынан ағаш отын дайындау жұмысын күшейту үшін ерекше кеңес ұйымдастыру туралы, 3-ші және 5-ші армияларға награда түрінде бір айлық жалақы беру туралы мәселелер, Сибирь мен Уралдан азық-түлік тасу туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Түркістан майданына жауапты саяси қызметкерлер жіберу туралы М. В. Фрунзенің өтінішіне байланысты Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросына записка жазып, былай деп көрсетеді: «Әуелі Украинаны біржолата алу керек, ал Түркістан жоқшылық көрсе де, күте тұрады».

11 декабрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте дезертирлерге қарсы күрес жүргізу жөніндегі губерниялық комиссияларға қаскүнем дезертирлер жөнінде сот істерін қарауға право беру туралы, ағаш дайындап жүрген жұмысшыларды азық-түлікпен жабдықтау туралы, Москва жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтау туралы, армияны жабдықтауды жақсарту шаралары туралы, азық-түлік армиясын киім-кешекпен және қару-жарақпен қамтамасыз ету үшін Чусоснабарм қолданған шаралар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Эстониямен бітім жөнінде келіс сөз жүргізетін делегацияның міндеттері туралы кеңес өткізеді.

12 декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда театрлар-

дың репертуарын өзгерту туралы мәселе талқыланады, әскери тасымалдарға байланысты темір жол транспортын жақсарту туралы декрет және басқалар бекітіледі.

15 декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжілісте Москва жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтау туралы, Денсаулық сақтау халық комиссариатының коллегиясы туралы, Уралдың заводтарын, рудниктерін, ағаш дайындайтын және шымтезек өндіретін ұйымдарын азық-түлікпен және көпшілік қолды заттармен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Омскідегі И. Н. Смирновқа телеграмма жібереді, Шығыс майдан әскерлерінің Ново-Николаевск қаласын азат етуіне байланысты құттықтайды және Кузнецк ауданын алу туралы нұсқау береді.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.

Л 40 Шығармалар толық жинағы: орысша 5-бас. аударылды./ Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты.— КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.— Алматы: «Қазақстап», 1980.

Т. 39. Июнь — декабрь 1919.— 708 бет.

ББК 11.5

3К2

Томды баспаға дайындаған
И. М. Бутулова

Әзірлеушінің көмекшісі
А. И. Горбачева

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Я. С. Цырульников

Есімдер көрсеткішін дайындаған
В. Н. Косенко

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдерін,
В. И. Лениннің табылмаған еңбектерінің тізімдерін
және В. И. Ленин редакциялаған документтердің
тізімдерін дайындағандар
Т. М. Зеленов және *С. Е. Тарнопольская*

Редактор *Ю. П. Шарапов*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

ИБ № 1263

Сдано в набор 20.10.79. Подписано к печати 15.05.80. Формат 84×108 1/32. Бумага тип. № 1. Обыкновенная новая гарнитура, печать высокая. Физ. печ. л. 22,5. Усл. печ. л. 37,38. Уч.-изд. л. 34,32. Тираж 15 000 экз. Заказ № 304. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.